

1 2023  
4303

**Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі**



**Біз Тақуалық мектебіндеміз,  
бірақ, жақсы оқушы емеспіз**

**Төртінші кітап**



**Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі**



**Біз Тақуалық мектебіндеміз,  
бірақ, жақсы оқушы емеспіз**

Төртінші кітап

Алматы – 2023

ӘОЖ 28  
КБЖ 86.2  
Қ 56

**Қ 56 «Біз Тақуалық мектебіндеміз, бірақ жақсы оқушы емеспіз», – Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі, Алматы, 2023 ж.– 592 бет.**

ISBN 978-601-211-631-1

***Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігі Дін комитеті мақұлдаған***

Зейнеткер журналист Нарбай Тағайұлы «Жылдар салған іздер», «Жеңіс жауынгерлері», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Кенимех және менің кейіпкерлерім», «Біз өскен елде», «Ақ жолмен жүрген асылдар», «Тақуалыққа бастар жол...», «Исламдағы Рухани жаңғыру...», «Құрандағы Қиямет пен қиялдағы Қиямет» атты кітаптарымен белгілі.

Қолдарыңыздағы «Біз Тақуалық мектебіндеміз, бірақ жақсы оқушы емеспіз» атты кітап Алланың Жолында болып, Тақуалыққа ниеттенген Имандылар мен талапты жастар үшін жақсы үлгі, өнеге, өсиет. Кітапта, өз атауынан көрініп тұрғандай-ақ, өмірдегі оқиғалар мен мақал-мәтелдер бізге Аяттарды оқытып келе жатқаны дәлелденген. Сол сияқты бірнеше Аяттар Абайдың өлеңдері арқылы түсіндірілген. Оқырман мақалдар мен өлеңдер арқылы Құран Аяттарының мағынасын терең түсінумен бірге оларды жатқа білу мүмкіндігіне ие болады.

Кітап қалың оқырманға арналған.

Кітаптың жарыққа шығуына Аллаға шын жүректен Иман келтірген, Алла Сөзінің үстемдігін нәпсі қалауынан, барлық тіршіліктен жоғары қойған: Талғат Смайылұлы Төребеков, ұлым Бақыт Нарбайұлы, дәрігер Акерке Сауытбекқызы Шораевадай Азаматтар демеушілік етті. Бұлардың барлығына Алланың ризашылығын тілеп, үлкен-үлкен алғыстар айтамыз!

ISBN 978-601-211-631-1

© Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі

## Мазмұны

Кіріспе .....	10
---------------	----

### Бірінші бөлім

«Бұлақ басынан тұнса, аяғы мөлдір болады».....	25
Құран және Абай поэзиясы .....	29

### Екінші бөлім

#### Құран және бабалар байламы

«Сәлеміне қарай алымы, тағылымына қарай танымы» .....	74
«Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны аласың» .....	77
«Қызым, саған айтамын; келін, сен тыңда» .....	79
«Бала – отбасының айнасы» .....	80
«Құранмен жүргенді Құдай қорғайды, білімсіз қаралай сорлайды» .....	83
«Атана не қылсаң, алдыңа сол келеді» .....	85
«Көкте Алла жалғыз, жерде патша жалғыз» .....	86
«Құдай сақтасын!» .....	87
«Әуелден Бисмилла сөздің басы...» .....	93
«Алланың Өзі – Куә, Өзі – Ескертуші, Өзі – Үйретуші». .....	97
«Әр нәрсе өз уақытында» .....	103
«Алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба содан жүреді» .....	104
«Үлгісіне қарай үгіті, біліміне қарай сүбіті» .....	105
«Мұсылмандық әсте-әсте, кәпір болу бір пәсте» .....	107
«Тақуа – уәдесімен Тақуа» .....	109
«Тұтылғанда Құдай дейді, құтылғанда былай, дейді» .....	113
«Ешкіде қасам болмайды» .....	116
«Тілдегі дін – сағыз, ділдегі дін – нағыз» .....	118
«Аспан асты, жер үсті – құлшылық үйі» .....	119
«Алдағыны Алла біледі» .....	120
«Діні саудың – дені сау» .....	121
«Күріш атынан күрмек су ішеді» .....	122
«Соқырға таң атпайды» .....	122
«Көрмес, түйені де көрмес» .....	125

«Соқыр көргенінен жазбайды» .....	129
«Байлық – қолдың кірі» .....	131
«Алтынды көріп Періште жолдан тайған» .....	140
«Молда білгенін оқиды» .....	141
«Жүзімін же де, бағын сұрама» .....	142
«Ақылдың отын ақымақ өшіре алмайды» .....	143
«Кетпеннің басын бассан, сабы маңдайыңа тиеді» .....	151
«Зордан зор шықса, екі көзі сонда шығар» .....	152
«Ой жүйесін тапса, сөз иесін табады» .....	158
«Бұл – көне дүние» .....	159
«Заман бір қалыпта тұрмайды» .....	160
«Есітпеген – елде көп» .....	163
«Қорыққанға қос көрінеді» .....	164
«Жалғыздық бір Аллаға жарасқан» .....	165
«Әйеліңе ақыл айт балаң жоқ жерде, балаңа ақыл айт адам жоқ жерде» .....	166
«Ерің – Пірің», -деген...» .....	167
«Ерді Ер қылатын да әйел, жер қылатын да әйел» .....	168
«Жеті жасар бала тұрғанда, жетпістегі кемпір бата бермейді» .....	170
«Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан туады?» .....	171
«Тең-теңмен, тезек қабымен» .....	173
«Жақсылармен жанастыр, жамандардан адастыр» .....	174
«Құдайға сенсең, аян аласың; су таппасаң, тәйәм аласың» ....	175
«Сөздің саны – есепсіз, кені – түпсіз» .....	180
«Ұлт – ана тілімен ұлт» .....	181
«Сабыр түбі – сары алтын» .....	182
«Кең болсаң, кем болмайсың» .....	189
«Басы қатты болса, ақыры тәтті болады» .....	191
«Асыққан – шайтанның ісі» .....	197
«Аңдыған жау алмай қоймас» .....	200
«Ашуды жеңу – Ақылдың ісі, ашуға еру – ғапылдың ісі» .....	202
«Ақымақ ашу айтқанда, Ақылды басу айтады» .....	204
«Алдына келсе, әкеңнің құнын кеш» .....	207
«Иілген басты қылыш кеспейді» .....	208
«Сұлуды асыл көрме, жүрегі пасық болар, соқырды кәріп деме жүрегі ашық болар» .....	210
«Жақсыда кек болмайды, жаманда бет болмайды» .....	211

«Алтын жүзік қолда кезде Сүлеймен де – Сүлеймен, алтын жүзік қолдан кетсе, Сүлеймен де сүмірейген» .....	212
«Тура биде туған жоқ, туғанды биде Иман жоқ» .....	214
«Аққа Құдай жақ» .....	216
«Өтірік өрге баспайды» .....	220
«Суайтқа ерген, суға кетеді» .....	224
«Сұмырай келсе су құриды» .....	226
«Әр таудың көгін аңсаған өгіз аштан өледі» .....	227
«Бей намаздан, кей намаз жаман» .....	229
«Немкетіден ел кетті, ұшықталып жер кетті» .....	230
«Жеті атасын білген Ер, жеті жұрттың қамын жер...» .....	232
«Жүзге бөлгеннің жүзі күйсін, руға бөлгеннің Рухы күйсін» .....	240
«Бірің басшы болсаң, бірің қосшы бол» .....	244
«Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады» .....	246
«Кенесіп пішкен тон, келте болмас» .....	247
«Есепті дос айрылмас» .....	249
«Жетім көрсең, жебей жүр» .....	250
«Құдай қаласа, түйе иненің көзінен өтеді» .....	251
«Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі ғаламға» .....	255
«Нар тәуекел – Ердің ісі» .....	269
«Ықылас – қалас», -деген .....	272
«Жақсы ниет – жарым ырыс». .....	284
«Аллаға жағамын десең, азанды бол; халыққа жағамын десең, қазанды бол».....	285
«Ораза, намаз – тоқтықта» .....	286
«Сақтықта қорлық жоқ» .....	290
«Садақаны сауда бер» .....	292
«Құдай да сақ болсаң сақтайды...» .....	303
«Құдай қаласа өрт ішінде мақтаны сақтайды» .....	313
«Бидай наның болмаса да, бидай сөзің болсын» .....	321
«Қамыр ұшынан пәтір» .....	324
«Алла үшін берсең, алдыңнан шығады!» .....	324
«Береген қолым, алаған» .....	330
«Құр аяққа бата жүрмейді» .....	331
«Байдың асын байғұс қызғанады» .....	331
«Бойыңдай бой табылса да, ойыңдай ой табылмайды» .....	333
«Құдай әркімді әр түрлі күйге салған» .....	335

«Жығылған үстіне жұдырық» .....	337
«Жақсыға бір сөз – кіпия, жаманға мың сөз – зая» .....	338
«Әркімдікі – өзіне, ай көрінер көзіне» .....	340
«Қанына тартпағанның қары сынсын» .....	341
«Арқа тамыр айтысып, артығын алады, сүйек тамыр сүйесіп күн көреді» .....	342
«Кел!»-демек бар да «Кет!»-демек жоқ» .....	343
«Ауру астан, дау қарындастан» .....	344
«Жұтқаным – өзімдікі, шайнағаным – күмән» .....	346
«Жау жоқ, деме, жар астында» .....	347
«Қайта шапқан жау жаман» .....	348
«Ақ анттасып, арын ақтайды» .....	350
«Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарар» .....	353
«Пейіліңді кеңге сал да, егініңді дөңге сал» .....	354
«Торғайдан қорыққан тары екпейді» .....	354
«Ашта жеген құйқанды тоқта ұмытпа» .....	356
«Өгізге туған күн, бұзауға да туады» .....	362
«Асым ауса – асыма; тасым ауса – тасыма» .....	364
«Қайғысыз кара суға семіреді» .....	365
«Нәсіп бола...» .....	366
«Болмасын деген оңбасын», -дейді қазақ .....	374
«Әркім барымен базар» .....	387
«Бас кеспек бар да тіл кеспек жоқ» .....	390
«Судың да сұрауы бар» .....	391
«Тарта жесең, тай қалады» .....	395
«Әуелден Ақырымды бер» .....	397
«Өзін түзегенді Алла түземейді» .....	399
«Тағдырың өз қолыңда», -дейді...» .....	405
«Ештен кеш жақсы» .....	414
«Өзің білме, білгеннің тілін алма» .....	419
«Жарылқаушы да, жазалаушы да – жалғыз Өзі» .....	420
«Алла – бәрін Білуші» .....	422
«Жазмыштан озмыш жоқ» .....	423
«Біреуді көріп шүкір ет, біреуді көріп пікір ет» .....	425
«Өзгенің көз әйнегін кесең, өз көзіңді бұзасың» .....	430
«Жақсыны айт та, жаманды таяп қой» .....	434
«Артыңда «Дат!» қалмасын, ат қалсын» .....	437
«Адамнан жасырғаныңды Алладан жасыра алмайсың» .....	440

«Күлдан құтылсаң да, Құдайдан құтыла алмайсың» .....	441
«Құдайдың құрығы ұзын, пенденің өрісі тар» .....	444
«Өзіл басқа, Шын басқа; шайтан басқа, жың басқа» .....	447
«Дәніккеннен, құныққан жаман» .....	448
«Отыз тіс берген Құдай, ризық-несібесін де берген» .....	449
«Семіздікті қой көтереді» .....	450
«Күмән Иманнан айырады» .....	452
«Бүлінгеннен бүлдіргі алма» .....	453
«Ініне сыймай жүріп, құйрығына қалбыр байлапты» .....	455
«Аурулы өле ме, ажалды өле ме?» .....	456
«Тумақ барда, өлмек бар» .....	457
«Қамырдан қыл суырғандай» .....	458
«Талапты Ерге Нұр жауар» .....	460
«Еңбегіне қарай өнбегі» .....	462
«Жан қинамай жар қайда?» .....	464
«Қара орысты көргенде, сары орысты әкем, дерсің» .....	466
«Өзіңді Ер білсең, өзгені Шер біл» .....	466
«Өзгені өзіндей көр» .....	468
«Таспен ұрғанды аспен ұр» .....	469
«Келбеті келгеннен кеңес сұра» .....	471
«Көңіл көңілден су ішеді» .....	472
«Білекті бірді жығады, білімді мыңды» .....	473
«Құдай беремін десе, желдеткіштен де береді» .....	475
«Патшаның бағы – халықтың бағы» .....	476
«Ақымақтың Ақылы түстен кейін кіреді» .....	477
«Жалғыздың жары – Құдай» .....	479
«Атадан алтау тусаң да бір басыңда жалғыздық» .....	479
«Құдай деген қор болмайды, Құдайсыз ешкім зор болмайды» .....	480
«Еңкейгенге еңкей, басың жерге тигенше, қайқайғанға қайқай төбең көкке жеткенше» .....	482
«Ешкіні «апа», деп, текені «жезде», деп...» .....	483
«Көп асқанға бір тосқан» .....	487
«Үмітсіз – шайтан» .....	489
«Көңіл – дұшпан», -деген...» .....	490
«Асылық сөйлеме, Алла деп сөйле» .....	491
«Тәкаппарлық бір Аллаға жарасқан» .....	493
«Қолдағысын алса да, маңдайдағысын алмасын» .....	495



«Түрін жаман сіңір едің, түйілтеріңді біліп едім» .....	497
«Сыртын сөзінен білесің, ішін көзінен көресің» .....	498
«Құдай тілеуінді берсін!» .....	499
«Жын да бейімін ұрады» .....	502
«Айтылған сөз – атылған оқ» .....	506
«Уа, Алла! Дос-дұшпанға таба қылма!» .....	507
«Тынбасаң – тынасың!» .....	507
«Қанағат – қарын тойғызады...» .....	514
«Алла қаламай ай тумас» .....	518
«Құдайдан бұйрықсыз қурай сынбайды» .....	523
«Байлық опа қылмағанға опа бермейді» .....	524
«Пейілі жаманның – кейіні жаман» .....	526
«Кемшіліксіз жалғыз Алла» .....	530
«Алдаушы әркім өзін алдайды» .....	534
«Дүмше молда – дін бұзар» .....	537
«Аңқау елге арамза молда» .....	537
«Ойдың түбі – шыңырау, түсіп кетпе, абайла!» .....	541
«Өле жегенше бөле же» .....	542
«Жаяудың несібесін аттылы жей алмайды» .....	544
«Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» .....	545
«Жер қатты болса, өгіз өгізден көреді» .....	546
«Жаманын жасырып, жақсысын асырып» .....	547
«Жалатайды жақтап, жаман атты болма» .....	548
«Көшке көш жетер-ау, қарамай кеткен шешейдің жүзіне қара!» .....	549
«Туған ай – туралған еттей...» .....	551
«Ауылдастың аузы сасық» .....	553
«Қауын тұқым – бір тұқым» .....	556
«Ойына сенген опық жейді» .....	557
«Ит үреді, керуен көшеді» .....	558
«Көптің бір атасы – ит», деген...» .....	559
«Пенде туылғанда Ақыреттік мекенінің топырағы бұрқ етеді екен» .....	561
«Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» .....	562
«Соқыр тауыққа бәрі бидай» .....	563
«Қызғанғаның қызыл итке жем болсын» .....	566
«Әркімді Құдай есіркесін» .....	567
«Ойыннан от шығады» .....	568

«Бейнеттіге қара жер ойылады» .....	569
«Райынан бұрын қайтқанға, Алланың Нұры жауады» .....	570
«Құдай, деген құр қалмайды» .....	572
«Жаманның да, бір жақсысы бар» .....	573
«Ауру қалса да, әдет қалмайды» .....	573
«Шығасыға егесі себепші» .....	575
«Әкенің малы, балаға мал болмайды» .....	579
«Алма! Піс, аузыма түс!» .....	579
«Жұт – жеті ағайынды» .....	580
«Әркім қылса – өзіне» .....	582
Сөз соңы .....	589

## Кіріспе

Алланың құдыреті күшті. «Әли Ғымран» сүресінің 101-аятында: **«Сендерге Алланың Аяттары оқылуда әрі іштеріңде Алланың Елшісі бола тұра қалайша қарсы келесіңдер. Кім Аллаға жабысса, әрине, ол Тура Жолға түсірілді»**,- дейді. Аяттағы: **«Сендерге Алланың Аяттары оқылуда...»**,- деген сөйлем, Елшіден бұрын айтылып тұр. Мұның мағынасы Құранда, әсіресе, «Уақиға» сүресінің 57-73-ші, «Ғашия» сүресінің 17-20-аяттарында ескерткендей, күллі жаратылыстар Оның бар екенін, құдыретінің күшті екенін көрсетіп тұрғанының хабары. Оның құдыретімен төбемізде аспан тіреусіз тұр; Ол адамды бір тамшы судан жаратты; Ол өлтіріп, тірілтеді; Ол егіндерді өсіреді; Ол ішіп отырған суымызды жеткеріп беріп тұр; Ол от жағатын ағашымызды жаратқан; сондай-ақ, күн мен ай айнымай өз өрісінде айналып жүр; жұлдыздар жамырап тұр; алып мұхиттар мен таулардың домалақ, шар тәрізді жерде тұрғаны есіңнен тандырарлық; Адамның өзінің жаралуы, дене құрылысы, тілі мен түрінің, дінінің, тіршілігінің әртүрлілігі; саналуан өсімдіктер мен ормандар; төрт сотық жердегі жеміс ағаштарының өз жолынан қателеспейтіні: өрік ағашының тек өрік беретіні, алма ағашының тек алма түйетіні, шие ағашында тек шие өсетіні, алмұрттың – алмұрт, беһенің – беһе, анардың – анар, жүзімнің – жүзім өндіретіні Алланың Аяттарының оқылып тұрғанының дәлелі емес пе?

Неше түрлі әйдік жануарлар мен көзге көрінер-көрінбес жәндіктер, әрқайсысының өзіндік құпиясы мен тіршілігі; біз көріп, бірақ, аса мән бермей жүрген бұлардың барлығы – Алланың бар екендігінің және Оның әр нәрсеге Күші Жетуші екенінің, сондай-ақ, құдыретінің күштілігін баяндап тұрған Аяттар – Белгілер. Бұлардың өзі – ой бөлген кісіге, Алланы танытып және Құранды оқытып отырған үлкен мектеп.

Бұлармен бірге Алла Құранды адамзат өмірінде күнделікті тіршілігі үстінде және тарихта болған оқиғалар арқылы да оқытып келеді. Мұны мынандай тармақтарға бөліп айтайық:

1. Күнделікті тіршілікте көрсетіп келе жатқаны: деніміздің саулығы мен өзара сыйластығымыз, заманымыздың тыныштығы, ризық несібемізді жеткеріп беріп отырғаны; табиғаттың

құбылыстары, күн мен айдың жолынан жаңылмай шығып-батып тұратыны. Бұл – Өзінің барлығының, Рахым, Мейірім екенінің дәлелі;

2. Тарихтан айтайық: ашаршылықта, соғыс кезінде және адасқан адам шаршайды – аяғы-аяғына оралып, мас адам сияқты эзер жүреді, сонда оған жер созылып кеткендей түйіледі; сондай жүрістегі адам күннің қайдан шығып, қайда бататынын есіне ала алмай, күннің батып бара жатқанын көргенде, оған күн батыстан шығып, дереу батысқа батып бара жатқандай болады. Бұл – Қияметтің болғанын және болып жатқанын оқытуы;

3. Ауруға шалдығып төсекке құлаған адам не істі болып тергеуге түскен адам өткенін есіне алып, жол қойған қателіктеріне өкінеді, бұл – сол Күні әркімнің есеп дәптерінің – кітабының алдына ашық әкелінетіні;

4. Басына Қиямет келгенде үгіт алғанының оған пайдасы жоғын ескерткен Аяттарды бала қылмыс жасап тергеуге-түрмеге түскенде оған әкесінің, туыстарының жәрдем бере алмайтыны; егер олардың біріне ажалды ауру келсе, олардың оны құтқаруға шарасыздығы...

Бұлардың барлығы жеке басқа ауыр Күн – есеп Күні келген шақтағы жағдай, яғни, Құрандағы Қияметке байланысты Аяттардың нақты дәлелі – Құранда жазылған Қияметтің көз көрер, жүрек таныр айғағы. Құран мен тарихымыздың, өміріміздің біртұтас екендігінің көрінісі.

5. Құранды Алланың өмір бойы Өзі оқытып келе жатқанына және бір дәлел – жер бетіндегі түрлі тарихи оқиғалар, адамгершілікті жырлаған ақындардың өлеңдері мен ақылмандардың даналықтарының мазмұны Аяттарға бірге-бір тура келетіні. Екіншіден, бұл жырлар мен даналықтар – Алланың әрбір адамның жүрегіндегісін білетініне және әрбір адаммен әрқашан бірге екендігінің және сөз басында айтылған 101-аяттың оқытылып келе жатқанының дәлелі.

Дәлел айтайық. Құранда «Әли Ғымран» сүресінің 7-аятында және бірнеше Аятта: **«...Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады»**,-десе, «Бақара» (44-а), «Мүминүн» (68-а) сүрелерінде Құранды оқығанда Нұрлы ақылды іске қосып отырып оқуды меңзейді. Расында Аяттардан не оқып отырғанымызға көңіл қойсақ, оқығанымыздан да, естігенімізден де, сезгеніміз бен көргенімізден де Аяттардың мағынасын оқып отырамыз.



Алла Тағала «Бақара» сүресінің 228-аятында, әйелдерден, ерлердің дәрежесін жоғары көтергенін, ал, «Ниса» сүресінің 34-аятында әйелдерге ерлері басшы екенін айтса, «Тағабұн» сүресінің 14-аятында: **«Әй, Момындар! Сөзсіз әйелдеріңнен, балаларыңнан өздеріне дұшпан болатындар да бар. Олардан сақтаныңдар.** Егер оларды кешірім етсеңдер, ортақ тіл табысқандар, жарылқасандар, шәксіз Алла өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», -деп, сақтануды ескертеді. Атақты Кенен Әзірбаев атамыздың «Қайран жастық» өлеңі, дәл осы Аяттың тәпсірі іспетті. Өлеңде:

Балаң сөзді тыңдамас, беттен алып,

Келін сөзді тыңдамас, кердең қағып.

Кемпірің де соларға қосылып ап,

Отырарсың, амалсыз жалғыз қалып, -дейді. Бұл – бірсыпыра аталардың басында болған және бүгінгі күнде де бар Шындық.

«Мәида» сүресінің 48-аятында Алла қаласа, барлық адамды бір үмбет қыла алатынын, бірақ, сынау үшін оларды бірнеше қауымдар қылып әр қауымға бөлек-бөлек жол-жоба қойғанын айтқан. Мұны Алла өмір Шындығында неше мыңдаған дәлелдермен оқытып келді. Солардан бірі, «Тақуалыққа бастар жол...» атты әдістеменің 215-бетінде жазылған – көз алдымыздағы қауымдар арасында болған мына оқиға.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, Нұржауовтар отбасына бір славиян ұл бала пайда болады. Жасы бестерде. Арадан он шақты жыл өтеді. Бала осы үйдің өз перзентіндей болып, қазақ тілін толық үйреніп, қазақы салт-дәстүрдің бәрін меңгеріп қазақша әрі Мұсылманша өмір сүреді. Бірақ, Кәлима келтірмеген, сүндеттендірілмеген.

Ажалы жетіп бір күні бала өледі. Үй иелері өз туыстары өлгендей қайғырып, Мұсылман салтымен жаназасын шығарып жерлейді. Садақа беріп, Рухына Құран бағыштайды. Бірақ, бала бірінші күннің түнінен-ақ, отағасының түсіне мұңайып кіреді. Бірнеше күн осылай болады. Қайта-қайта иіснен пісіріп, арнайы тамақ асып Құран оқып бағыштағанмен түсінен шықпайды.

Сосын ол аудандағы бір христиан дініндегі славиянға жолығып, болған оқиғаны баяндап, кеңес сұрайды. Ол бір шөлмек арақ пен нан алдырып мазаратқа бірге барады. Арақты

үш стақанға бөліп құйып, бірінші стақанды марқұмның құлпытасының түбіне қояды, екінші-үшінші стақанды екеуі айттарын айтып ішеді...

Сол күннен бастап марқұм тынышталып, отағасының түсіне кірмейтін болыпты.

Бұл – «Мәида» сүресінің 48-аятының және Құран Сөзі Шындыққа шыққанға дейін кереметтерін көрсете беретінін айтқан «Фуссилат» сүресінің 53-аятының амалдағы көрінісімен оқылуы. Бұл – амалдағы төрт діннің Алладан екендігінің және: **«Олардың Алладан өзге сыйынғандарын боқтамаңдар...»**,- деген, «Әнғам» сүресінің 108-аятының Шындығы.

Тұңғыш Президентіміз – Нұрсұлтан Әбішұлы: «Біз тегіміз – түрік, дініміз – Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін Қасиетті Кітап – Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек»,-десе, «Бақара» сүресінің 27-аятында: **«Олар серт бергеннен кейін Алланың уәдесін бұзады да Алланың жалғастырылуын бұйырған нәрсесін бөледі. Сондай-ақ жер жүзінде бұзақылық істейді. Міне солар зиянға ұшыраушылар»**,-деген. Аяттағы **«...жалғастырылатын...»** амал – Құранды насихаттау. Алла Нұрсұлтан Әбішұлының жүрегіне осы өсиетті салып айтқызып, 27-аятты оқытып отыр.

Нұрсұлтан Әбішұлы және бірде барлық адам Құранмен жүрсе, ешкімнің басында қасірет болмайтынын айтқан еді. Бұл – Алланың «Бақара» сүресінің және «Хаж» сүресінің 38-аяттарындағы: **«...кім сонда Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ әрі олар қайғырмайды...»**, **«Күдіксіз Алла Иман келтіргендерді қорғайды...»**,-деген уәделерінің хабары.

Келесісі атақты Ескендір Зұлқарнайынның өлер алдынан, өзінің жерлеу рәсімін қалай өткеруін өсиет еткені. Жаһанды жаулап алған ол, табыттан сол қолын шығарып қоюын сұранған. Аманат иелері рәсімді айтылғандай орындады. Бізге тиесілі, оң қолындағы алтын алма емес, сол қолының бос бара жатқаны. Бұл – «Әли Ғымран» сүресінің 14-ші және осы Аятты қолдаған бірнеше Аяттардың\* өмірдегі түсіндірмесі және Құранның мәңгілікке түскендігінің әрі Шындығының дәлелі.

14-аятта: «Адам баласы үшін қатындар, балалар, алтын-күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және

---

\* Аяттар «Байлық – қолдың кірі» атты мақалада толық берілген.

егіндерді қызыға сүю әдемі көрсетілді. **Бірақ, олар – дүние тіршілігінің сәні.** Негізінен орынның жақсысы Алланың қасында», - деген.

Міне, Алла Тағала Ескендір Зұлқарнайын арқылы осы және осылармен мағыналас Аяттарын оқытып отыр.

Осы сияқты Алла Тағала Нил Армстронгқа айда жүріп азанды есіттіріп, «Ісра» сүресінің 44-ші, «Нұр» сүресінің 41-аяттарын оқытса, окенолог ғалым Кустоға су астындағы пердені көрсетіп, «Фурқан» сүресінің 53-ші, «Рахман» сүресінің 19-20-аяттарын оқытып, Құран Шындығын мойындатты. Екеуі де Ислам дінін қабылдап, Мұсылман болды.

Адамзат тарихындағы екінші ұстаз атанған Әбу Нәсір әл-Фараби бабамыздың: «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу, деген ұғым», - дегені, бізге «Бақара» сүресінің 269-аятын оқытып отыр. Аятта: **«Алла Тағала Хикметті қалаған Құлына береді. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Мұны ақыл иелері ғана түсіне алады»**, - деген. Білім – сандаған қабілеттердің өлшемі. Бұл жеке бастың таза Имандылы мен денелік және Рухани тазалығынан бастап, зеректігі мен қырағылығын, ұлттық салт-дәстүр мен сыйласа білу мәдениеттерін білуді және ғылым-білімді жетік игеруін, өнер мен спортты меңгеруін, терең пікірлілікті, экономикалық біліктілікті, тағы осылар сынды адам құндылықтардың барлығын қамтиды.

Бұларды біліп, игерген адам – Алланың сүйген Құлы, адамзаттың сыйлысы болады. Аяттағы: **«...кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Мұны ақыл иелері ғана түсіне алады»**, - дегендегі көптеген игіліктің мәнісі осы. Ал, Әл-Фараби бабамыз мұны білімді болу, деп түсіндірген.

Ғарыш әлемін зерттеген ұлы ғалым Галилео Галилей, поляк ғалымы Николай Коперниктің «жер күнді айналады», деген ғылыми тұжырымын жаңғыртқаны үшін, дін басылары айыптап 1616 жылы сотталады. Ғарыш ғылымынан түк хабары жоқ діндарларға Шындықты түсіндіру қиын екенін түсінген ғалым, райынан қайтып, олардан кешірім сұрайды... Бірақ, ол сот залынан шығып бара жатып: «Ол бәрібір күнді айналады», - деп күбірлепті, Шындықты жасырмай.

Галилейдің сотта өз тұжырынан бастарту – «Тәубе» сүресінің 7-аятында ескертілгендей сақтану. Әйтпесе, ғалым Бруноны

тірілей өртеген тобыр оны да солай етуі мүмкін еді. Ал, залдан шығып бара жатып, жердің күнді айналатынын күбірлеп қайталауы – біріншіден, Алланың бәрін көріп, есітіп, біліп отырғанына титтей де күмәні жоқтығынан; екіншіден, кімнің зиянына болса да Шындықты жасырмау хақындағы («Ниса» с. 135-а) Аятқа және бұл Шындықтың Алладан екендігіне, оның түбінде мойындалатынына сенгендігі.

Құранда әр нәрсеге бір өлшеу қойғанын, әр нәрсенің мезгілі жазулы екенін ескертіп, «Сад» сүресінің 87-88-аяттарында: **«Бұл Құран – бүкіл әлем үшін бір насихат».** **«Әлбетте, Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер»**,-деген. Расында біз ғылым дамыған ғасырлардан беріде көп Аяттардың құпиясын білдік. Француз жазушысы О. Бальзак: «Күте білгендерге бәрі өз уақытында келеді»,-деген.

«Бақара» сүресінің: **«Өзін білмейтін ақылсыздан басқа кім Ібраһимнің дінінен бас тартады**,-деген 130-аятын, Ұлы Абай бабамыздың: «Ақылды адамға Иман парыз, Иманды адамға құлшылық парыз»,-деген; даңқты жазушы Лев Толстойдың: «Кез келген Ақыл иесінің соңғы аяқ тірейтін жері – Ислам діні болады»,-деген тұжырымдарынан оқимыз.

Расында тек ақылды адам ғана өзіне өмір берген Ұлы Алланы іздейді және Оны мойындап, Оған құлшылық қылады.

Және де Құранда: **«(Әй, Момындар!) Сендерге сүйкімсіз болса да соғыс парыз қылынды. Бір жек көрген нәрселеріңнің сендер үшін қайыры болуы мүмкін...»**, («Бақара» с. 216-а)-деген Аят бар. Мұны Лев Толстой: «Өмірінде кездескен бір бақытсыздық, алдағы бақытты өміріңе себепші болуы ықтимал», деп жеткерген. Ал, Мұқағали ағамыз: «Сүрініп кетсең, қарғып тұр, қайта даярлан, Кедергілерден екінші рет қарғуға»,-деп, қайраттандырады. Және бірнеше жазушылар мен ақындардың кітаптарынан да осындай дәлелдер келтіруіміз мүмкін.

Орыс ғалымы М. В. Ломоносов: «Бардан жоқ болмайды, жоқтан бар болмайды; бір күйден екінші күйге айналады»,-деген. Бұл – жаңбыр суының буға айналып, одан бұлт болып, жерге қайта жауатыны секілді, бар нәрсе жоқ болмайды, ол бір күйден екінші күйге айналып, жаратылыстағы айналыста жасай береді, деген сөз. Құранның «Зүмәр» сүресінің 21-аятында: **«Көрмейсің бе? Алла көктен жаңбыр жаудырып,**



оны жер жүзіндегі қайнарларға салды. Сосын ол арқылы түрлі-түсті егіндер шығарды. Кейін құқыл тартып олардың сарғайғанын көресің. Соңында оларды қоқымға айналдырады. Бұнда Ақыл иелеріне үгіт бар», -десе, «...қоқым...» – жердің құнары, өсімдіктердің азығы. Осы сияқты Құранда «Ағраф» (57-а), «Рұм» (24; 48-49-а), «Фатыр» (9-а), «Зұхрұф» (11-), «Лұқман» (34-а) және бірнеше сүрелерде жаңбыр жаудырып, өлі жерге жан бітіретінін ескерте келе өліктерді де солай тірілтетінін айтады. Ал, «Таһа» сүресінің 53-55-аяттарында: «Ол сондай Алла, сендер үшін жерді бесік қылып, онда сендерге жолдар ашқан және көктен жаңбыр жаудырған. Ол су арқылы түрлі өсімдіктерден пар-парымен шығардық». **«Жендер де, малдарыңды жайыңдар, Рас, бұнда ақыл иелері үшін өнеге бар».** **«Одан (жерден) сендерді жараттық. Оған қайтарамыз да екінші рет содан шығарамыз»**,-десе, бұл да адамның жаңбыр мен өсімдіктер арқылы қайта туылатынын, өліп қайта топыраққа айналатынын және содан қайта шығатынын – жоқ болмайтынын ұғындырады.

Адамның жаңбыр мен өсімдіктер арқылы қайта туылатынын «Құрандағы Қиямет пен қиялдағы Қиямет...» атты кітабымызда бірнеше дәлелдермен жазғанбыз. Сонда да бір ауыз айта кетейік. Жаңа келтірілген «Таһа» сүресінің: **«Жендер де, малдарыңды жайыңдар...»** ,-деген Аятынан келетін түсінік, мәнидің жеміс-жидектер мен малдың етінен, сүтінен пайда болатыны. Ал, «Тарых» сүресінде адамзаттың бел сүйек пен кеуде сүйектің арасынанан атылып шыққан бір тамшы судан жаралғанын айтады (5-7-а).

«Хаж» сүресінің 5-аяты мұны ашық түсіндіреді. Онда: **«Әй, адам баласы! Егер өлгеннен кейін тірілуден күдіктенсендер, әрине, Біз сендерді топырақтан, сонан соң жыныстық тамшыдан, кейін ұйыған қаннан тағы бейнеленген, бейнеленбеген кесек еттен өздеріңе тектеріңді білдіру үшін жараттық. Сондай-ақ, жатырларда қалағанымызды сақтаймыз. Соңында бөбек түрінде шығарамыз. Одан кейін ержетесіңдер. Кейбіреулерің қайтыс болып, кейбіреулерің әр нәрсені білгеннен кейін түк білмейтін өмірдің ең нашарына қайтарыласыңдар. Қураған жерді көресің. Оған жаңбыр жаудырсақ, құлшырып, көпсіді де әр түрлі көркем өсімдік**

**өндірді**», - дейді. Бұған тереңірек үңілсек, Ломоносовтың бардан жоқ болмайды, деген тұжырымының Аяттардан тастығын тапқан өмір және ғылым Шындығы екеніне көз жеткереміз.

Тарихта КСРО-ны 29 жыл басқарған И. В. Сталиннің «Жегістіктерден бас айналу», - деген сөзі қалған. Бұл – Шындық. Адамдар жегістіктерден басы айналып, Құдайын ұмытып, тәкаппарлыққа салынады, күнәлар арттырады. Мұны Құранның «Һұд» сүресінің 116-аятында: **«...Зұлымдық істегендер, берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп күнәкар болды»**, - деп айтқан.

Осы сияқты Ұлыбританияның мемлекет қайраткері Уинстон Черчилль күзеге салынған екі бақаның бірінің күзеден шығудан үмітін үзіп өлетіні мен екіншісінің үлкен үміттермен талпынып, күзеден шығатынын айтады. Бұл Құранның «Зүмәр» сүресінің: **«Әй, өздеріне зиян келтірген Құлдарым! Алланың Рахметінен күдер үзбендер. Алла бір тұтас күнәларды жарылқайды. Өйткені, Ол – тым Жарылқаушы, төтенше Мейірімді»**, - деген 53-аятының және «Әнғам» сүресінің әркімнің еңбегіне қарай дәрежесі барын айтқан 132-аятының және осы Аятпен үндес бірнеше Аяттардың оқытылуы.

Ал, Исаак Ньютонның біз ғылымда не жаңалық ашсақ, біз Алланың ілімін ғана қайталаймыз, деген мағынадағы пәлсапасы, Құранның ғылым екенін тастықтаумен бірге, «Інсан» сүресінің 30-31-аяттарында ескерткендей, Алланың қалауынсыз ештеңе болмайтынының, яғни, ешбір ғылыми жаңалық ашылмайтынының нақты дәлелі.

Және Ньютон: «Күннің, планеталар мен кометалардың осындай нәзік сұлулықпен үйлесім табуы, әлде бір құдыретті де данышпанның ойы мен билігінсіз пайда болуы мүмкін емес...», - десе, бұл – Құранның Алла аспанды меңгеріп іс бастағаны, күн мен ай, жер өз өрісінде айналатынын айтқан Аяттарының Шындығы.

Немістің даңғайыр ақыны Иоганн Гёте: «Құран үйреткен негіздерде ешбір кемшілік жоқ. Адамгершіліктің бүкіл қағидаларын Құраннан артық дамытуға, ілгерілетіп жетілдіруге болмайды», - десе, осыған көзі жеткен император Наполеон Бонапарт 1805 жылы Құран фикһынан алып, «Францияның Азаматтық кодесін» жазды. Ол әлемге жайылды. Мемлекеттік

қызметкерлер мен әскерилердің ант қабылдауы; біреудің үйіне рұхсат сұрап кіру, есік қағу; саудада келісім хат түзу; некеге тұру; ерлі-зайыптылар ажырасып, бала болса аэлемент төлеу; сәлемдесу мен қызметі үлкендерге бағыну және сыйлау; лауазымдылардың заңды сыйлауы... барлығы-барлығы Құранның.

Кітаптарын Мұсадан (ғ.с.) бастап жәйлап-жәйлап түсірген Алла, жетінші ғасырда 23 жылда толық түгелдеп тәмамдаған болса, замандар ғылымының шарапатымен Өзін де жақыннан таныта бастады. Суретке түсіру, патифон, магнитофон, рентген аппараттарының сырларымен Өзінің жазып сақтау, сөйлеу, адамның жүрегіндегісін білу сипаттарын танытса, бүгінгі айти технология себебімен бұлардан да айқын таныта түсті. Мәселен, дүкендерге, кеңселерге, жолдарға орнатылған бейне бақылау тетігі мен жануарларды, дала тағыларын бақылау үшін мойындарына тағатын «чип» Алланың барлық нәрсені Көруші, жазып сақтаушы екеніне нақты дәлел;

– екіншіден, «Нұр» сүресінің 35-аятында: **«Алла – көктер мен жердің Нұры. Оның Нұрының мысалы: ішінде жарық бар қуыс сияқты. Жарық әйнектің ішінде. Ал, әйнек бейне, інжудей бір жұлдыз...»**,-десе, «Жын» сүресінің 8-аятында жындар: **«Әрине, көкке қарманғанымызда, оны қатал күзетші және атылған жалындарға толтырылған түрде таптық»**,-дейді. Неміс ғалымдары жерден алты миллиард жарық жыл қашықтықтағы, өзінен жарық және радио толқындар шығаратын белгісіз нысанды тапқанын хабарлады. Жарық әйнектің ішіндегі інжудей бір жұлдыз (35-а) бен атылған жалын (8-а) – осы нысанды танытады. Яғни, айти технологияның құдыретімен Алла бізге осы екі Аятты оқытып отыр.

«Нахыл» сүресінің 78-аятында Алла пендеге көз, құлақ және ойлау, пікірлеу қабілеттерін бергенін айтса, біздің әрбір жетістігіміз осы мүшелеріміздің белсенділігіне байланысты. Жазушы Дени Дидро: «Егер адамдар кітап оқуды тоқтатса, ойлауды да тоқтатады»,-депті. Алла Тағала «Бақара» сүресінің 44-ші, «Моминұн» сүресінің 68-аятында, Кітапты – Құранды оқуды, ойлауды, Сөзді зерттеуді нақтылап тапсырған.

Осылардай Аяттармен мағыналас сандаған философтардың пікірлерін келтіру мүмкін.

Мақал-мәтелдер де осындай. Бірнеше халық мақал-мәтелдерінен айтайық.Халықта: «Жігітке 40 жыл байлық жоқ,

40 жыл жарлылық жоқ»,-деген мақал бар. Мұны Алла «Бақара» сүресінің 155-аятында: **«...сендерді қауіп-қатер, ашаршылық, және малдардан, жандардан, ...өнімдерден кеміту арқылы сынайды»**,-десе, «Шарх» сүресінің 5-6-аяттарында: **«...Негізінде ауырлықпен бірге бір жеңілдік бар»**. **«Шын мәнінде қиындықпен бірге бір оңайлық бар»**,-деп үміттендіреді.

Және халық: «Хислатсыз адам болмайды», «Әр зиялыда бір хислат бар»,-десе, Алла Тағала «Жүсіп» сүресінің 76-ші, «Тарқ» сүресінің 4-аяттарында: **«...әр білім иесінің үстінде бір Білуші бар»**, **«Әркімнің үстінде бір бақылаушы бар»**,-деген.

Орыстарда: «Мәтел – гүл, мақал – Нұр»,-деген мақал бар. Алла Тағала «Ниса» сүресінің 174-аятында: **«Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ, сендер үшін бір ашық Нұр түсірдік»**,-деген. Расында мақалдардың дені Құран сияқты, адамзатты тек адамгершілікке, жалғаншыда ізгіліктер жасап өтуге шақырады. Құран тілімен айтқанда Тура Жолға – Имандылыққа үндейді.

Тағы бірі: «Ақылдың Нұры – Шындық, Жүректің жыры – махаббат»,-дейді. Шындық – Алла, Алланың барлығы мен Құран. Жүректің жыры – махаббат болатыны, ақылы түгел кез келген пенде Шындыққа ғашық, өмірінде Әділдіктің Жолымен жүреді, Шындық үшін күреседі. Құранның «Шура» сүресінде (23-а) Пайғамбарлардың қауымына уағыз айтып, ізінен, бұл уағызы үшін ақы сұрамайтынын, тек Аллаға махаббатын сұрайтыны айтылған.

Және: «Жауынгердің қайраты – қару-жарақ»,-деген, бұл – «Әли Ғыман» сүресінің 200-аятында: **«Әй, Момындар! Әр нәрсеге сабырлы, жауға шыдамды және қорғанысқа дайын болыңдар...»**,-деген Аятының түсіндірмесі.

«Білім мен Ақыл – адам көркі»,-деген мақал, Тақуалықтың сипаты. Ал, «Өзің білмегенді өзгелерге үйретпе»,-деген мақал, «Нахыл» сүресінің: **«...олар Қиямет Күні өз күнәларын тұтас және надандықпен адастырғандарының күнәларының кейбірін көтереді. Байқандар! Үстеріне алған нәрселері нендей жаман»**,-деген 25-аятының оқытылуы.

«Алғанды ұнатсаң, бергеннен де қашпа»,-дейді. Бұл садақаға байланысты Аяттар мен «Қасас» сүресінің: **«Алланың саған берген дәулетімен ... Алла саған жақсылық еткендей, сен де жақсылық істе»**,-деген 77-аятының түсіндірмесі.



Тағы бір астарлы мақалында: «Әркім өзінше сыпырады», - дейді. Бұл – «Ісра» сүресінің 84-аяты. Аятта: «(Мұхаммед с.ғ.с.) әркім өз жөн көргенін істейді. Сонда Раббың кімнің Тура Жолда екенін жақсы біледі»-де», - дейді.

Неміс халқында: «Жүрек иесін алдамайды», - десе, «Шура» сүресінің 51-аятында: «Алла Тағала бір адам баласымен көкейіне салу түрінде немесе перде артынан ғана сөйлеседі...», - дейді. Аяттағы «...көкей...» – жүрек.

Және: «Қатал әміршінің үстемдігі ұзаққа бармас», «Кұтырған әкім құдайсынар», - деген мақалдары «Әнғам» сүресінің: «Ол ...сендерді жердің Халифалары етті. Сендерге берген нәрселерде сынау үшін дәрежелерде бірінді-біріннен жоғары көтерді. Күдіксіз Раббың жедел жаза беруші...», - деген 165-аятының нақты түсіндірмесі.

Осылар сияқты «Ажалдан қалыс қалар адам жоқ», - деген мақалы «Әли Ғыман» сүресінің: «Әркім өлімді татады...», - деген 185-аятының хабары.

Тәжік халқында: «Сіңген қызметің қандай, Көрер құрметің сондай», - деген мақал бар.

Ал, Құранның «Әнғам» сүресінің 132-аятында: «Әркімнің істегеніне қарай дәрежелер бар. Раббың олардың істеген істерінен хабарсыз емес», - дейді.

Әрмян халқы: «Түзу жүрген титықтамайды», - дейді. Алла бірнеше сүреде Құранның Тура Жол екенін ескертсе, «Хаж» сүресінің 38-аятында Өзінің Тура Жолымен жүргенді қорғайтынын ескерткен.

Корей халқының: «Ары бардың бетінде алау жанып тұрады», - деген мақалы: «...Олардың жүздерінде сәжделердің ізінің дерегі бар...», - деген «Фатх» сүресінің 29-аятының; «Аузың қисық болса да, түзу сөйле», - деген мақалы, «Әй, Момындар! Алладан қорқындар да дұрыс сөз сөйлендер», - деген «Ахзап» сүресінің 70-аятының жалпақ тілдегі түсіндірмесі.

Осылар тектес сандаған дәлелдер айтуымыз мүмкін. Бұлардың барлығы «Рұм» сүресінің 30-аятының сипаты. Аятта: «(Мұхаммед с.ғ.с.) бәрінен бет бұрып, жүзінді Ислам дініне жөнелт. Алла жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан. Алланың жаратуында өзгеріс болмайды. Осы – Түп-Тура дін. Бірақ, адамдардың көбі түсінбейді», - деген. Аяттағы: «...Алла

жаратылыста **адам баласын соған арнап жаратқан...»,**-деген екінші сөйлемге мән берсек, барлық адам Мұсылман жүректі, деген сөз. Сондықтан барлық ақылмандардың даналықтарында және халық мақал-мәтелдерінде тек жалғыз Алланың Тура Жолы ғана айтылады...

Біз Құранның қазақшасын жақсы білмегендігімізден тіршілігімізде көріп жүргендеріміз бен айтып жүрген мақал-мәтелдеріміздің, оқып отырған пәлсапаларымыз бен жырларымыздың өзімізге оқылып жатқан Аяттар екенін ескермейміз. Ескерсек, осы біз дәлелге келтірген дүниелер тәрізді, Құранды өмірімізде оқып келе жатқанымызды және оқи беретінімізді білер едік. Бұған қосымша, Құранның жер бетіндегі бүгінгі және алда келе беретін барлық адамға арналған Тура Жол екеніне әрі Оның мәңгілікке түскеніне сенер ек.

Археология, сәулет саласынан да бір дәлел айтайық. «Жүсіп» сүресінің 105-аятында: **«Көктер мен жерде қаншалаған дәлелдер бар, адамдар көңіл бөлмей өтеді»,**-деген. Бұл – Шындық. Заманы тыныш, қарны тоқ, әлсіз жаралған, нашүкір адамзат көріп, есітіп, оқып біліп жүргендерін зерттей бермейді. Егер зерттесе, сақтар дәуірінен қалған обалардан табылған «Алтын адамдар» мен алтын бұйымдар, адамзаттың көне тарихын және Құрандағы қаншалаған қарсы болған қауымдарды жойғандығы хақындағы Аяттарды танытумен бірге, «Әли Ғыман» сүресінің 14-аятының және «Фуссилат» сүресінің 53-аятының хабарын береді. Барлығы қолға ұстатқандай анық. Сол «Алтын адамдар» өлгенде, жинаған алтынын, отбасынан әкетіп, қайтадан жер қойнына тастап кетіпті...

«Қиямет» сүресінің 16-17-аяттарында, Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Құран түскенде Оған асығып тілінді қозғалтпа» «...Оны жинау Бізге міндет»,**-десе, «Нахыл» сүресінің 9-аятында: **«Тура Жолды түсіндіру Бізге тән»,**-дейді. Осыны білген бабаларымыз: **«Мұсылманшылық әсте-әсте, ...»,**-деген. Себебі, асығыстыққа жаралған, жанжалшыл адам баласы, есіткенін көргенше асығып, ұмтылады; көре алмай жатса, күмәнға жығылып – өсек бықсытып, дау түтетіп, жанжал шығарады.

Құранның өзі 23 жылда түгел түсіп болған. Неге бұлай? Дұшпандары айтқандай, бірден түсе қойса болмас па еді? Ия, аспан мен жерді алты күнде жаратқан Алланың, Құранды бірден

түп-түгел түсіре салуға құдырет күші жететін еді. Алайда, пенделерінің қабілетін жақсы білгендіктен өйте алмады. Әрбір Аят түсінікті болуы үшін, Аяттарды өмір дәлелдерімен бірге түсіріп отырды. Қазір де солай – Аяттар әлі оқытылып келеді.

Ал, Құранның бірден түгел түспей, пенделерінің қабілетінің дамуын күткеніне келсек, бұл – физиканың бір нәрсенің әсерінсіз, екінші нәрсенің қозғалысқа түспейтіні хақындағы заңын; Алланың жалғыздығы мен Тура Жолына шақырған Құранның бір мағынадағы Аяттарының әр сүреде орналасуынан жердің тартылыс заңының ишарасын оқимыз.

Алланың курсі – білімі судың үстінде. Бұл су – мұхиттар мен теңіздер, көлдер. Бұлардың суы тұзды. Тұзды суда электролит, анод, катод бар. Талай елді мекенді жайпап кетіп жатқан алапат дауылдар мен экологияны тазалап тұратын, бұлттарды айдап келетін: баяу, екпінді желдер осы мұхиттардан көтеріледі. Бұлар арқылы Алланың көктер мен жердегілердің Иесі екенін танимыз.

Міне, бұлар да – жанағы айтқан, «Фуссилат» сүресінің 53-аятының дәлелі. Біз бұл айтқандарымыздың барлығын өмірде көріп келе жатырмыз. Зерделей келе Аяттардың өзі адамзат тіршілігінде ауа мен судай араласып жүретінін байқадық. Яғни, біз Құранның ішінде жасап келе жатырмыз.

Мақал-мәтелдер жайына көшейік. Қазақ халқы көшпелі халық еді. Медресе, мешіт жоқтың қасында болатын. Бірақ, олар өмірде көргенінен түйіп, Құран Аяттарының мағынасын ашып тұратын небір мақал-мәтелдерді айтып кетті.

Халық: «Би айтқанды, құл да айтады. Бірақ, құлдың аузының дуасы жоқ», - дейді. Мұны Алла «Бақара» сүресінің 269-аятында, Алла Хикметті қалаған Құлына беретінін, ал, кімге Хикмет – терең білім берілсе, оған көптеген игілік берілгенін айтып, аузы дуалылықты да Өзі сыйлайтынын ұқтырады. Олай болса, Алла Аяттарын Құдыретімен мақал қылып, Өзі қасиет сыйлаған Құлдарының жүрегіне салып айтқызады. Сондықтан ол мақал елге тез тарап, Құран сияқты ғасырлармен қатар жасап келеді.

Мақал-мәтелдердің жалғандағы ерекше маңызды жағы – Пайғамбарымызға(с.ғ.с.)уахидыңкелгендігініңбұлтартпасдәлелі екендігі. Таратып айтсақ, Алла Пайғамбарымыз Мұхаммедке(с.ғ.с.) Рухул-Құдус, Рухул-Әмин, Рухул-Жәбрейлмен Өзінің Аяттарын жеткеріп және жүрегіне Аяттармен мағыналас хадистерін салған болса, Пайғамбардан кейінгі өмірде, Өзі ауы-

зына дуалылық Құлы арқылы Аяттардың мағынасын дәл жеткерген мақалдарды салып, Өзінің Тура Жолын насихаттауда. Мұны осы кітапта оқимыз. Кітапты жазғандағы мақсат та сол мақалдар арқылы Аяттарды оқытпақ. «Бақара» сүресінің 3-аятында: «Сондай көмеске Иман келтіреді, намазды толық орындайды, **өздеріне берген несібемізден пайдаландырады**», -десе, мұны қазақ: «Бастан құлақ садақа», -деп жеткерген. Бұл – бес парыздың бірі, зекеттің де түсіндірмесі және берілетін садақа мөлшеріне нұсқаулық.

Халқымыз: «Иманды елді жау алмас», -дейді. Бұл 10-бетте айтқан «Бақара», «Хаж» сүрелерінің 38-аяттарын және Алланың Тақуаларға көктен Періштелер түсіріп көмектесетінін хабарлаған «Әли Ғымран» сүресінің 125-аятын оқытады.

Және «Екі дүниең абат болсын, екі тойың қабат болсын», -деген, мақал «Бақара» сүресінің 201-аятымен; үкімі жүріп тұрған біреуді дәріптегенде айтатын: «Ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында», -деген мәтел, «Зүмәр» сүресінің 67-аятымен мағыналас.

Кейбір әңгімешіл қарттар өз басынан өткен тарихи жеңістерін айтып отырып, соңында: «Бүгінгілерге мұны айтқаныңмен сене қоя ма? Бәлду-бәлду – бәрі өтірік», -деп, тоқталады. Бұл дүние тіршілігінің өзі осындай. Сондықтан мұны «жалғаншы дүние», «өтпелі дүние», дейді. Құранда осы, «Бәлду-бәлду – бәрі өтірікті»: «**(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға дүние тіршілігінен мысал бер. (Бұл дүние тіршілігі,) көктен Біз жаудырған жаңбыр арқылы; (жаңбырдан соң,) жердің өсімдіктері бір-біріне араласып, құлпырып (көздің жауын алып, көңілді марқайтып тұрады да уақыты жеткенде) ...күрғақ үгіндіге айналып, оны желдер ұшырып әкеткен тәрізді.** Сондай-ақ Алла – әр нәрседен үстем Күш Иесі», -деп, «Кеһф» сүресінің 45-аятымен айтып қойған. Яғни, біз Құранды білмесек те, осы «Бәлду-бәлду – бәрі өтірік» атты мәтел арқылы, 45-аятты оқып жүрміз.

Және бір қызығы, біз Аяттар мен мақалдардан физиканы оқимыз. Аяттар мен мақалдарды зерттей келе, бұлардың барлығы физиканың тепе-теңдік, кері тебу текті заңдарынан туғанын ұғынамыз. Халық мақалында: «Әркім қылса – өзіне», «Сәлеміне қарай әлігі», «Шығасыға егесі себепші», -десе, Құранда: «**...Азатқа азат, құлға құл, әйелге әйел...**» («Бақара» с. 178-а), «**Кім жақсылықты қолдаса, одан, оған несібе бар**»



(«Ниса» с. 85-а), «**Бір жамандықтың жазасы, өзіндей ғана жамандық**» («Шура» с. 40-а), тақылетті Аяттар мен мақалдар біздің түсінігімізді тастықтайды. Өмір Шындығынан алсақ, кім өзінің денсаулығын күтіп, дұрыс жүрсе, пайдасын өзі көреді; кім абыройы мен ар-ұжданы үшін талаптанса, отбасына, ағайын-туыстары мен құда-анда, көршілеріне сыйлы болады. Бұлар Алла қалайтын амалдар. Ал, кім бұларға қайшы тірлікке ниеттенсе, Алла оны шайтанға тастап, ол бүгін ұтқанымен Ақырында ұтылып («Бақара» с. 126-а), масқарашылыққа түседі, беті күйіп, ішінен тынып жүреді...

Иә, сөйтіп біз осы еңбекті жаздық. Мақалда мағынасы бар Аятты бір мәрте айттық та қосымша қолданылған Аяттарды бірнеше рет қайталадық. Және «Ораза, намаз тоқтықта» – «Сақтықта қорлық жоқ», «Құдай да сақ болсаң сақтайды», деген; «Көрмес, түйені де көрмес», «Соқырға таң атпайды», деген; «Судың да сұрауы бар», «Тарта жесең, тай қалады», деген; «Алла қаламай ай тумас», «Құдайдан бұйрықсыз курай да сынбайды», деген; «Ауылдастың аузы сасық», «Қауын тұқым – бір тұқым», деген сияқты бір-бірімен мазмұндас мақалдарды да жаздық. Барлық Аяттар мен мақалдарды топтап бір тұжырымға келгенде «Әркім қылса – өзіне» дегенге саяды. Мысалы: «Көп асқанға бір тосқан», «Біреуге ор қазсаң, өзің түсесің», «Құдай да сақ болсаң сақтайды» – сақтанбаған сорлайды дегендей, «Тынбасаң тынасың», «Қанағат – қарын тойғызады, қанағатсыз жалғыз атын сойғызады», деген сияқты мақалдарды бөлек-бөлек жаздық. Бұлар ұқсас болғанымен, әр қайсысының өз орны бар. Мақсат Аяттарды оқыту мен Олардың жадта сақталуына көмектесу болғасын, бұлардың зияны жоқ, деп ойлаймыз. Біреулер мұнымызды кемшілікке ұйғарар, бірақ, «Қалам» сүресінің 10-11-аяттарында айтқандай, ондайларды Аллаға қалдырып, «Бақара» сүресінің 27-аятына амал жасап, Алланың Тура Жолын насихаттауды жалғастырдық.

Енді Алланың Аяттарын өмір бойы оқытып келе жатқанына дәлел боларлық Аяттармен мағыналас халық даналығына кезек берейік. Аллаға, Елшісіне, Құранға келтірген Иманымызға жауапкершілік жүктеп, қырағылықпен Тақуалық мектебінде өте үлгілі, озат оқушы болып, Жәннаттан мәңгілікке орын алатын дәрежеге жетейік!

## Бірінші бөлім

### «Бұлақ басынан тұнса, аяғы мөлдір болады»

«Міне, осы Кітапқа күдік жоқ, бұл – Тақуалар үшін Тура Жолға бастаушы». «Елді игілікке бұйырып, өздерінді ұмытасындар ма? Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма?»

(«Бақара» с. 2; 44-а);

«Олар Сөзді (Құранды) зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?»

(«Мүминүн» с. 68-а).

Балалардың Құранды оқып бірден түсіне қалуы мүмкін емес. Оны ғылым меңгерген ғалымдар, өмірден көргені мен түйгені көп зиялылар және ата-аналар оқып, өздерін түзетеді, өзгелерге тағылымды кеңестер айтып, Алланың Тура Жолына бағыттайды.

Бала тәрбиесі отбасынан басталары даусыз. «Ұяда нені көрсе...» бала өмірінше сол жолмен, үлгі-өнегемен жүреді. Әр қандай саналы ата-ана ұлының да, қызының да Алланың назарында бақытты өмір сүргенін армандайды. Ал, бұл үшін сол ата-анаға Құранды және Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Аяттармен мазмұндас сахиx хадистерін жақсы білгені пайдалы. Сонда олар өздері әдепті болып, перзенттеріне Аллаға ұнайтын үлгі, әдеп Нұрын егеді.

Соны білген Дана халқымыз: «Бұлақ басынан тұнса, аяғы мөлдір болады», «Алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба содан жүреді», «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер»-деген сияқты сан алуан мақал, мәтелдер қалдырған.

Әрине, әкелерге де, аналарға да Құранның Тақуалыққа байланысты Аяттары мен әйел жұрты Тақуалық Аяттарына қоса «Бақара» сүресінің 228-аятын дұрыс түсініп, «Ниса», «Нұр», «Ах-зап» сүрелеріндегі әйелдерге арналған Аяттарды және «Зұхрұф» сүресінің 10-13-аяттарын жақсы меңгеріп, Аяттар үкіміне сай сауатты амалдар жасау керек. Сонда әке де, ана да өз бойында Мұсылман ата-анаға тән тұлғаны қалыптастырады. Перзенттерін Тура Жолға бастай алады.

«Нахыл» сүресінің 21-25-аяттарында: «Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Сондай! Ақыретке нанбаушылардың жүректері

(Аллаға, Пайғамбарға, Құранға) қарсы. Сондықтан олар менменсушілер». «Дау жоқ! Алла олардың жасырғандарын, жария істегендерін біледі. Расында, Алла (Аяттардан) өзін жоғары санағандарды жақсы көрмейді». «Қашан оларға Раббыларың не түсірді?»-делінсе, олар: «Бұрынғылардың ертегілері»-дейді. «Өстіп олар Қиямет күні өз күнәларын тұтас және надандықпен адастырғандарының күнәларының кейбіреулерін көтереді. Байқандар! Үстеріне алған нәрселері нендей жаман!»-дейді.

Мұндағы: «...Бұрынғылардың ертегілері...»,-дегені, осы күнгі өз ортамыздағы жеңіл ойлы еуропашыл ата-аналардың түсінігі. Құран – ертегі емес, жоғары парасатпен өмір сүру пәлсапасы! Екіншіден, Аятта: «Өстіп олар Қиямет күні өз күнәларын тұтас және надандықпен адастырғандарының күнәларының кейбіреулерін көтереді. Байқандар! Үстеріне алған нәрселері нендей жаман!»-деп, сол еуропашыл жеңіл ойлылар мен өзіне сенімі жоқ жалтақтардың Аяттардан өздерін жоғары ұстайтынын, сол себепті келешекте үлкен жазаға жығылатынын ескерткен («Ағраф» с. 40-а).

Расында, Құранды «...бұрынғылардың ертегілері...»,-деп, Алладан келген Шындыққа кім қарсы болады? Аяттардан іздеп көрейік. «Әнғам» сүресінің 125-аятында: «...Алла кімді Тура Жолға салуды қаласа, Ислам үшін оның көңілін кенітеді. Ал, біреуді адастырғысы келсе, оның көңілін көкке шығып бара жатқандай өте тарайтады. Өстіп Алла, Иман келтірмегендерді қорлайды»,-депті. Демек, Құранға қарсылар – «...Иман келтірмегендер...».

Неге Алла оларды Тура Жолына салмай, «...адастырғысы келді...»? Мұның жауабын «Ағраф» сүресінің 30-аятынан оқимыз. Онда: «(Алла адам баласының) бір тобын Тура Жолға салды және бір тобы адасуға тиіс болды. Өйткені, олар Алладан өзге шайтандарды дос тұтты да олар өздерін Тура Жолдамыз, деп есептеді»,-дейді. Ой бөліп зерттесек, Алла шайтандарды дос тұтып, соларға ергендерді адастырады екен...

Енді біз шайтанға ергендерді қайдан білеміз? Оны «Зұхрұф» сүресінің 36-аяты айтады. Аятта: «Әлдекім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол, оның жолдасы болады»,-деген. Олай болса, жоғарыда айтылған: «...Ақыретке нанбаушылар... менменсушілер...», «...өзін жоғары

санаушылар...», Құранды «Бұрынғылардың ертегілері...» деушілер, адамдарды «...надандықпен адастырушылар...», «...Алла ... қорлайтындар», осылар шайтанға ергендер екен. Демек, бұлардан сақтану керек.

«Фатыр» сүресінің 31-32-аяттарда: «(Мұхаммед с.ғ.с.) сондай! Біз саған уахи еткен Құран, Ол – Хақ! Алдыңғыны растаушы. Әрине, Алла – Құлдарынан хабар Алушы, тым Қырағы». «Сосын ол Кітапты Құлдарымыздан тандағанымызға мұра қылдық. ...олардан әлдекім өзіне кесір тигізеді; кейбіреулері ортада болады. Ал, тағы біреулері Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ілгерілеуші болады. Міне, осы – Ұлы Мәрхамат!»-деген. 32-аяттағы: «...олардан әлдекім өзіне кесір тигізеді; кейбіреулері ортада болады», - деген, екі топтың біріншісі – тек дозақтықтар болса, екіншісі – мұнафиқтар. Бұлардың екеуінен де үлгі алуға болмайды. Әрбір Саналы адам үлгі алатын топ: «...Ал, тағы біреулері Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ілгерілеуші болады...», - деген үшінші топ.

Міне, осы Аяттардан сабақ алып, шайтанның алдағанына көнбей – ерінбей, жалықпай Құранды оқыған ата мен ана алдымен, өздерін Тура Жолға салады, сосын перзенттерін. Сонда перзенттерінің сауабына қалып Ұлы Мәрхаматқа жетеді.

Алланың Тура Жолымен жүру намаз оқып, ораза тұту, зекет, пітір, садақа беру ғана емес, ол – әр тараптама сауаттылық; ол – жан-жақты мәдениеттілік; ол – қайырымдылық; ол – Отансүйгіштік, ол – Отанның, ұлттың қамқоршысы болу; ол – Азаматтық; ол – өзгелерді өзіндей сыйлау; ол – ынтымақтың, татулық, бірліктің кепілі...

Бір отбасындағы ата мен ана Алла күткендей Иманды болса, олардан өрбіген ұрпақ та сондай Имандылықты меңгеріп ұлттың, мемлекеттің ең Сенімді – Иманды перзенті болады. Олардың үлгісі кең жайылып, келешекте күллі мемлекет Иманды мемлекетке айналады.

Ал, бір мектептің, институттың, аурухананың, фирманың не компанияның, акционерлік қоғамның жетекшілері, министрлер, мемлекеттің басындағылар сондай Иманды болса, олардан үлгі көрген басқа қызметкерлер де Тура Жолға түсіп, оларға халықтың сенімі артып, бүкіл елде Имандылық орнап, Мұхаммедтің

өмірінің соңғы жылдарындағы, Әзіреті Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) пен Әзіреті Омардың (р.а.) Халифалық құрған кезіндегі алтын заман салтанат құрар еді.

«Әли Ғымран» сүресінің 104-аятында: **«Сендерді жақсылыққа шақыратын, сондай-ақ, дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан қайтаратын бір топ болсын. Міне, солар құтылушылар»**,-деген. Егер біз айтып отырған осы әрбір отбасы, әрбір мектеп, институт, университет, ғылыми зерттеу орталықтары, аурухана, әрбір фирма, әрбір компания, әрбір комитет, әрбір министрліктер, мемлекет басындағылар түзелсе, олар алдымен, Алланың алдындағы өз міндеттерінен («Әнғам» с. 165-а) құтылар еді әрі күнәларынан тазарып, еліміздегі бүгінгі Нұрдың үстіне бұдан да шуақты, бұдан да қуатты жарқын Нұрлар қосылар еді...

Міне, бұлақтың басынан тұнық болуының нәтижесі осындай! Бұл дәрістің дәнінің татымынан ләззат алып, Тақуалық мектебінің озат оқушысы болайық!

## Құран және Абай поэзиясы

Тақырып үлкен болғанмен біз бабамыздың барлық өлеңдерін зерттеп жазбақ емеспіз. Өзімізге жад болған және астарлы Аяттар сырын ашқан бірнеше өлеңдерін талдадық.

Абай бабамызды кезінде ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынов Хәкім, қазақтың бас ақыны, деп атаған болса, академик жазушы Сәбит Мұқанов: «Абай бір ғасырдың ғана ғалымдарының зерттейтін ақыны емес, ол талай ғасырлар бойы зерттеле беретін ұлы ақын...» екенін айтқан еді. Бұлардың екеуі де Құранды жақсы білген. Бабамыздың өлеңдерінің үлкен пайызы және қара сөздерінің дені Аяттармен мағыналас болғасын осылай деген. Бір қызығы, Ахмет атамыздың да, Сәбит атамыздың да еліміздің қашанда бір Тәуелсіз елге айналатынына көздері жеткені. Сондықтан ұрпаққа Абай бабамызды ғасырлар бойы зерттеу хақында аманаттай міндет тастап кетті.

Қазір Құранның қазақшасын оқып отырсақ, он бес ғасыр бойы тәпсіршілер не теолог ғалымдар түсіндіре алмаған Аяттардың сырын Абай бабамыздың өлеңдерінен табамыз.

Кезекті Абай бабама беріп: **«Өлсе, өлер табиғат адам өлмес»**, -деген өлеңінен сөз бастайық. Осы төрт шумақтан тұратын өлеңі Құранның бірнеше Аятының мазмұнын қамтыған.

**«Өлсе, өлер табиғат адам өлмес»**, -дегеніндегі **«табиғат»** – адамның денесі. «Хаж» сүресінің 5-аятында айтылғандай, дене топырақтан. Аятта: «Әй, адам баласы! Егер өлгеннен кейін тірілуден күдіктенсеңдер, әрине, **Біз сендерді топырақтан**, сонан соң жыныстық тамшыдан, кейін ұйыған қаннан, бейнеленген, бейнеленбеген кесек еттен ... жараттық...», -деген. Ғылым денеде топырақтағы элементтердің барлығы барын дәлелдеген. Демек, дене топырақтан, дене – табиғат.

Аяттың: «сонан соң **жыныстық тамшыдан**», -дегендегі: **«жыныстық тамшы»** – топырақта өніп шыққан түрлі жемістерден, бау-бақша өнімдерінен, сондай-ақ, ет пен сүттен денеде пайда болған мәни (ұрық, нәсіл). Мұны Мәриям анамызға Исаның Рухын үрлегеннен кейін, Рух мекендейтін денені жарату үшін Мәриямды тиесілі қоректерімен қамтып отырғанын («Әли Ғымран» с. 37-а) хабарлаған Аяттардан және «Таһа» сүресіндегі **«...су арқылы түрлі өсімдіктерден пар-парымен шығардық. Жендер де малдарынды жайыңдар»** (53-54-а), -дегені мен «На-



хыл» сүресінің 66-69-аяттарындағы қан мен жынның арасынан шыққан сүтті, жемістерді, жүзімді, балды айтқанынан және «Иасин» сүресінің 72-73-аяттарында етті, сусындарды атағанынан да жақсы түсінеміз. Бұл түсініктің нәтижесінде біз, аталықтан аналыққа түсетін, денені құрайтын мәни (ұрық, нәсіл) ішкен-жеген тамағымыздан пайда болатынына көз жеткіземіз.

Демек, табиғат өнімінен пайда болған дене – өлеңдегі табиғат.

«...адам өлмес», - дегені, адам – Рух. Адамды адам қылып тұрған Рух. Ол еш уақытта өлмейді. Сондықтан әруақтарымыз түсімізге кіреді, біз оларға Құран сауабын бағыштаймыз. Содан олар тынышталады. Бұл – «...адам өлместің» дәлелі.

Бірнеше Аятта Аллаға, Елшісіне Иман келтіргендердің аспан есіктерінен өтіп, Жәннаттан орын алатыны айтылған. Ал, Аяттарға қарсы келгендер аспан есіктерінен өте алмайды. Алла белгілеген тағдырмен қайта жер басады. Яғни, адамды адам ететін Рух өлмейді, Ол Тақуалық етсе, Жәннатқа барады; күнәсі көп болса, қайтадан жер басады.

Құранды, жаратылыс ғылымын білмейтіндер адамды «өлді», деп мүлде жоққа айналдырады. Ол «білместердің» көз алдынан кеткенмен бар: денесі – табиғат, топырақта жатса, Рухы мен Жаны, нәпсісі көк әлемінде, тағдырын шешуші Алланың алдында.

2-қатарда: «**Бірақ, ол қайтып келіп ойнап-күлмес**», - деген. «Ісра» сүресінің 80-аятында Шындықпен кіріп, Шындықпен шығуды тілеуді ескертсе, «Мәида» сүресінің 60-аятында Алла қарғағандардың маймыл, доңыз, бұтқа табынушы болатынынан хабар беріп, 61-аятында: «**...Расында олар қарсылықпен кіріп және онымен шыққан болатын...**», - дейді. Өлген адам, Тақуа болса, ол аспан есіктерінен өтіп Бейішке барады – «...қайтып келіп ойнап-күлмейді»; ал, Аяттардан өзін жоғары ұстап, Оларды жалғанға шығарғандардан болса, оған «**...көктің есіктері ашылмайды**» («Ағраф» с. 40-а). Ол басқа түрмен, бет-әлпетпен, басқа тағдырмен қайта туылады. Сол өлген адам, адам болып туылуы керек болса, сол күйі туылмайды – өзгеріп туылады; күнәсіне қарай Алланың қарғысына ұшыраған болса, «Мәида» сүресінің 60-аятында айтылғандай мақлұқ болып туылады. Қайтып келіп ойнап-күлмейтіні сол.

3-қатардағы «Мен» – Рух, «менікі» – дене. 4-қатардағы «білместер», жоғарыда айтқанымыздай ғылымнан хабарсыздар. Шумақты қорытып айтсақ, әрқашан да өлетін дене ғана болады, адам – Рух, Жан, нәпсі өлмейді.

2-шумақтағы көп адамның дүниеге бой алдырғаны – адамдардың Алланың: «...**Сендерді малдарын, балаларын Алланы еске алудан тоспасын...**» («Мұнафиқун» с. 9-а), деген ескертуіне мән бермей, Алланы ұмытып, Ақыретін ойламай, Алланың сынау үшін шығарған («Кеһф» с. 7-а) осы дүниенің байлығына көзін сүзіп құныққаны («Таһа» с. 131-а). Құныққаны соншалық, олар өлім төсегіне құлағанша («Тақасур» с. 1-2-а), баюды және оны қорғауды ғана ойлайды. Сол арманның ізінде жүріп көп күнәларға батады.

«Әли Ғымран» сүресінің 14; 185-аяттарында және он бес-тен артық сүреде әйелдер мен балалар, алтын ер-тұрманды ат пен байлық, мал – барлығы-барлығы бұл дүниенің алданышы, ермегі екені айтылған. Ал, адамзат осыны ескермейді де баянсыз дүниеге есін алдырып, «...аяғын көп шалдырады», яғни, байлық дертіне шалдығады, Иманнан алыстайды, тәкаппарлық етіп, мақтаншақтыққа салынып ысырап жасап немесе сараңдық етіп күнә санын көбейтеді, соңында көбірек табыс табу үшін өліне салынып денсаулығын жоғалтады...

Ал, 3-4-қатардағы: «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?»-дегені, тіке мағынасында шешендер, ақындар, жазушылар сияқты түйілгенімен, негізінде бұлар, Алла екі дүниенің нығметін сыйлаған, Аллаға жүрегі таза, Алла хикмет, білім берген адамдар. Алла «Бақара» сүресінің 269-аятында: **«Алла хикметті қалаған Құлына береді. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны Ақыл иелері ғана түсіне алады»**,-деген. Аяттағы хикмет, білім – тәрбиелі білім. Білім деген сауат қана емес, ол – алдымен таза Иманды болу; ол – адамдар мен халықпен сыйласа білу; көпшілікпен бірге жұмыс істесе білу; қоғамның бағытын түсіну; ол – диқаншылықтың тілін білу; ол – сауданың әдісін иелену; ол – мал шаруашылығын дамыту жолын тану; ол – техника мен бүгінгі электронды технологияны меңгеру; ол – есеп-кітапты дұрыс игеру; ол – неше түрлі өнер білу...

Міне, мұндай адамдар артында аса Имандылықтың, биік Парасаттылықтың, елі үшін, ұлты үшін өлмес Ерліктің және жазып-сызып білмесе де өнеге-өсиетке толы ғақлиялар мен жемісті еңбектердің үлгісін қалдыратын адамдар. Мұндай біртуар игілердің аты Алланың алдында өлмейді. Алла олардың бір сыпырасын фәни дүние ғылымымен өлтірмесе, бір тобын әулиелік жолдармен мәңгі тірі сақтайды. Сондықтан оларды өлді деуге сыймайды.

3-төрттіктегі бақи – мәңгілік, фәни – өткінші – осы өзіміз уақытынша жасап жатқан дүние. **«Кім жүрер тіршілікте көңіл бермей»**, -дегені, өмірі барлардың қарттықтан, жалпы адамның өлімнен қашып құтыла алмайтыны. Бақидың фәнидің мінін көретіні – ешкім мәңгілік жасамайтыны; екіншіден, қоғамның бір қалыпта тұрмайтыны; үшіншіден, «Иншиқак» сүресінің 19-аятында ескертілгендей, адамның **«...бір жағдайдан екінші жағдайға өтетіні»** – бақи дүние кімнің де болса көңілін – тәкаппарлығын тартып алатыны; төртіншіден, ешкімнің бақи дүниеге ештеңе әкетпейтіні. Бұл – өмір көрсетіп отырған Шындық («Фуссилат» с. 53-а).

Бірақ, жас адам мұны бірден түсіне қоймайды, егер түсінуге талаптанған жас табылса, ол, біріншіден, Абай бабамыздың: «Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,

Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа...»,-дегенінен пікір түйіп, өмірдегі қарттарды көріп ойланып түсінеді; екіншіден, «Бақара» сүресінің 44-ші, «Мүминұн» сүресінің 68-аяттарына сауатты амал жасап, Аяттар мен өмір Шындығын салыстырып, терең ой бөліп, зерттеп, талдап түсінеді. Шумақтағы:

«Міні қайда екенін біле алмассың,

Терең ойдың телміріп соңына ермей»,-дегені осы.

Соңғы шумақтың 1-2-қатарында:

«Дүниеге дос, Ақыретке бірдей болмас,

Екеуі тап бірдей орныға алмас»,-дейді. Дүниеге, байлыққа құныққан пенде Алланың Мейірім-Рахымына, Ақыреттің рахатына дүниеге құныққандай құнықпайды. Олар Алланы, Ақыретті тілінде ғана айтқанымен жүректерінде байлық бірінші орында тұрады. Егер Иман бірінші кезекте тұрса, Ақылды адам байлық жинамайды, олар «Бақара» (3-а), «Қасас» (77-а) сүрелерінде айтылғандай, Алла берген байлық арқылы сауап жинайды.

Қысқасын айтқанда, бір жүрекке Аллаға және дүние-байлыққа деген екі махаббат **«...бірдей орныға алмайды»**, дүниеге достың Ақыретке бірдей болмайтыны осы. Алла «Ах-заб» сүресінің 4-аятында: **«Алла ешбір адамның кеудесіне екі жүрек жасаған емес...»**, -деген. Бір кеуде де екі жүрек жоқ болса, онда дүниеге деген махаббат пен Аллаға деген махаббат та бір жүрекке сыймайды. Ал, бұл Аятты ескермей, екеуіне махаббат-

ты бірдей алып барамын, деу – әурешілік, Алланың құзырында қабыл болмайтын амал. Діндарларға адамдардың сеніммен емес, сын көзімен қарайтыны да осыдан.

Біз осы Аят пен Абай бабамыздың осы өлеңі арқылы ортамыздағы діндарлардың Тақуалық деңгейін де байқап отырамыз. Көп діндарлардың дінді оңай табыс көзі ретінде ұстанып жүргені де жалған емес.

Алла Тағала «Бақара» сүресінің 8-аятында: **«Адамдардың кейбіреулері екі жүзді: «Аллаға, Ақыретке күніне сендік», - дейді. Бірақ, олар сенбейді»**,- деген. Аллаға, Елшісіне, Құранға Иман келтірген шынайы Тақуа діндарлар еш уақытта байлық, атақ үшін Иманын сатпайды, керісінше, «Әли Ғымран» сүресінің 14-аятынан және басқа сүрелердегі байлықтың қайырсыздығы жөніндегі Аяттардан тағлым алып, Ақыретте ара түсетін сауапты амалдармен жасайды; Пайғамбардың қалтасында жеті динары қалғанда, оны таратқанша қиналғанын есіне алып, артық бір теңге үшін жайсызданады. Әрқашан барға қанағат етіп, жоқтың орнын сабырмен қаптап, Алланың жанында бақытты өмір сүреді.

«Жұма» сүресінің 11-аятында: **«Олар сауданы, ойынды көрген сәтте, сол жаққа тарайды да сені тік тұрған бойда тастайды. Оларға: «Алланың қасындағы нәрселер, ойыннан да, саудадан да жақсы. Алла – ризық берушілердің Жақсырағы»-де»**,- дейді.

Мұның мағынасы, адамдар байлықты армандағанда, ойлағанда Алланы да, Пайғамбардың сахих хадистерін де, Құранды да ұмытып, нәпсісінің құмарын қандыру үшін имансыздыққа барады, деген сөз.

Халифа Алтай ағамыздың аударма түсінігінде келтірген рубаятта, бір жұма күні Мұхаммед (с.ғ.с.) құтпа оқып тұрғанда астық артқан керуен келіп қалып, адамдар Пайғамбарды тастап, керуенге жүгіріп кетеді. Аят соған байланысты түскен, деген.

Бізге бұл оқиғадан гөрі, Алла мен Ақыреттік пайдасы жоқ дүние-байлықтың бір жүрекке сыймайтынын ұғу өте маңызды. Ондай адамның Иманы түгел болмайтыны рас. Себебі, байлық – Ақыреттің емес, осы жалғаншының ғана мүлкі. Оған берілген адамда тәкаппарлық, мақтаншақтық, өтірік айту, адам алалау, кісі ақысына қиянат жасау, тіпті, зинақорлық пен құмарпаздық сияқты арамдықтар қатар жүреді. Сондықтан бабамыз өлеңін:

«Дүниеге ынтық, машһәрға амалсыздың Иманын түгел деуге аузым бармас», -деп аяқтаған. Бұл – рас! «Фуссилат» сүресінің 53-аятында: **«Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін, әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында, Раббының әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»** -десе, бізге дүниеге ынтық адамдардың Иманының түгел болмайтынын, **«...әр нәрсеге куә...»** Алла өмір Шындығы арқылы дәлелдеп беріп отыр.

Бұдан келіп шығатын қорытынды, дінді табыс көзі ретінде ұстанушылар, бұл дүниеде мұнафиқтар болса, Ақыретінде дозаққа салынады. «Әли Ғымран» сүресінің 4-аятында: **«...Расында, Алланың Аяттарына қарсы келгендер үшін қатты азап бар. Алла – өте Үстем, өш алу Күшіне Ие»**, -деген. Аллаға деген махаббат пен байлыққа құмарлық бір жүрекке сыймайды.

Және бір ескерер үлкен Хикмет – осы өлеңінің өзінен-ақ, біз Абралыға және замандастарының надандығына сын айтқан Абай бабамыздың Құранды жетік білгенін түсінеміз.

\* \* \* \* \*

**«Алланың Өзі де рас, Сөзі де рас»**, -деген өлеңінде де бабамыз Алланы сүюді насихаттаған. Бірінші қатарда «Бақара» сүресінің 2-ші және 163-аяттарында айтылған: Алланың бар екендігін, Аяттарының дұрыс өмір сүрудің, Бейішке апаратын Тура Жолдың бағдар шамы екенін меңзесе, екінші қатарда: **«Рас Сөз ешқашанда жалған болмас»**, -дейді. Бұл – Алланың Сөзінің Шындығы. Алла «Фуссилат» сүресінің 53-аятында, «Шура» сүресінің 24-аятында және бірнеше Аяттарда Өз Сөзінің Шындығын Құран арқылы, өмір Шындығы арқылы дәлелдеп отыратынына кепілдік берген. Мысалы, «Рахман» (19-20-а), «Фурқан» (53-а) сүрелерінде айтылған, бір арнадағы, құрамы екі түрлі судың бір-біріне араласпайтыны. Құранда хабарланған осы Шындық ғалымдар тарапынан дәлелденді. Алланың Сөзін растап тұрған дәл осы сияқты бірнеше дәлелдер бар. Сондықтан **«Рас Сөз ешқашан да жалған болмас»**.

3-4-қатарларда Алладан көп Кітап келгендігі. Бұлар: алғашқы түскен парақтар, кейінгі Мұсаға түскен – Таурат, Дәуітке келген – Зәбур, Исаға берілген – Інжіл және Пайғамбарымыз Мұхаммедке түскен – қолымыздағы Құран және бұл Кітаптарының барлығы тек Алланың Шындығын насихаттағаны айтылған.

2-шумақтың 1-қатарындағы: «**Аманту оқымаған кісі бар ма?**» дегені – Кәлимасын білмейтін кісі жоғы болса, «**Уәктүбиһи дегенмен ісі бар ма?**» дегені – олардың Құранды оқымайтыны, Аяттарды зерттемейтіні. «Уәктүбиһи» – деген Құранды мойындаймын, деген сөз. Яғни, «Уәктүбиһи», деп Кәлима қайтара тұра, «**...Кітапты оқысындар ойламайсындар ма?...**», -деген «Бақара» сүресінің 44-ші, «**Олар Сөзді зерттемей ме?...**»- деген «Мүминүн» сүресінің 68-аяттарына сауатты амалдар жасамайтыны.

Бұлардың ізіндегі шумақтарда, көктер мен жердің және екі арасындағылардың белгілі мерзіммен жаратылғаны (1), күллі барлық өзгертіні, оларға Пайғамбарлардың келгені айтылып, Алланың және Алланы танытушы дәлелдердің (тағриф) өзгермегені тағы ескертіледі.

4-шумақтың 1-2-қатарында Алланың өзгермейтінін, Құранды жақсы білетіндердің бұл сөзді қостайтынын айтып, 3-4-қатарында:

«Адам – нәпсі өзімшіл мінезбенен,

Бос сөзбенен қастаспай тұзу келмес», -дейді. Бұл – қарсы келетіндер атеистер, кәпірлер т.б. Мұндағы өзімшілдік те, бос сөз де, қастасу да – нәпсінің талабы. Нәпсі таза болса, қастаспайды, бос сөз сөйлемейді, өзімшілдік қылмайды. «Назиғат» сүресінің 40-41-аяттарында: «**...кім Раббының алдында тұрудан қорқып, нәпсісін соққан нәрседен тежеген болса, негізінде оның барар жері – Жәннат**», -деген. Өкінішке, орай пенделер, жүрегінің емес, нәпсісінің айтқанымен өзімшілдік мінезбен жүріп, лақуаланып бос сөз сөйлеп не өтірік айтып, өсек таратып, мұнысын ұнатпағанмен қастасып күнә арттырады.

Осы нәпсіге ергендердің мінезін «Бақара» сүресінің 6-14-аяттарынан көреміз (2). Аяттарда: қарсыларды үгіттеудің пайдасы жоқтығын; себебі, Алла олардың жүректерін, құлақтарын бітеп, көздеріне перде қойғандығын; олардың: «Аллаға сендік», -деп тілдері айтқанымен жүректен сенбейтіндігін; жүректерінде дерті болғандықтан, өздерін өздері алдап жүргендігін; олар өздерінің бұзақы екенін өздері білмей: «Біз түзеушіміз», -деп өздерін ақтайтын ақымақ екенін; Момындарды көргенде Мұсылман болдық, деп, онашасында өз ақымақтығын істейтінін; түбінде оларға қатты қинау, азаптар барын айтқан. Бізде де көптің алдын-



да өзін Иманды, Тақуа діндар сияқты көрсететін адамдар бар. Ал, бұлардың істеп жүрген ісіне қарасаң Құранға сәйкеспейді – дүние қоңыз. Бұларға кемшілігін айтсаң, бос сөзбен қарсыласып, кек сақтап теріс қарайды.

«Қиямет» сүресінің 2-аятында нәпсіні, **«...сөгіс беруші нәпсі...»**,-деген. Неге ол сөгіс беруші? Өйткені, ол Алланың Жолында емес. Міне, осы нәпсі, 6-14-аяттарда сипатталған қарсылар. Өз бастарына, асқындай бере елге Қияметті әкелетін және Момындардың арасында арсыздық жайылуын қалайтындар («Нұр» с. 19-а), осы – нәпсісі кірлегендер.

Бабамыздың өзі: **«Махаббатсыз дүние бос»**,-деген. Расында, дүниені ұстап тұрған Алланың күллі жаратылыс пен Құлдарына және Құлдарының Аллаға, сондай-ақ, адамдардың бір-біріне және қоршаған орта мен табиғатқа махаббаты. Әйтпесе, мейірім, қайырымсыз дүние қарап болар еді.

Бабамыз осы өлеңінің 5-шумағында өте үлкен мәселені түсіндірген: **«Махаббатпен жаратты адамзатты»**,-дейді. Бұл махаббат екі мағына береді: біріншісі, Алланың Өзінің адамзатқа Мейірімі, Рахымы болса, екіншісі, сол адамзаттың бойына махаббатты дарытқаны. Сондықтан Ол адамзатты «Бақара» сүресінің 30-аятында Өзі айтқандай, Өзінің жердегі орынбасары етіп жаратты.

2-қатарда: **«Сен де сүй, Ол Алланы жаннан тәтті»**,-деген. Бұл – өзінді сүйіп Мейірім-Рахыммен жаратқан Алланы сен де жаныңнан артық сүйіп, Онымен бірге бол, деген сөз. Құранда Алла: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Құлдарым Мен туралы сенен сұраса: **«Мен оларға өте жақынмын. Қашан Менен тілесе, тілеушінің тілеген қабыл етемін. Ендеше, олар да Әмірімді қабыл етсін және Маған сенсін...»** («Бақара» с. 186-а),-дейді. Сүю – осы Аяттағы сену, Әмірін орындау.

3-4-қатар: түбі бір Адамнан таралған адамзаттың барлығы өзіндей адам. Сондықтан олардың барлығын сүй және Әділдікті жақта, Әділ бол, деген. Бұл екі қатар: Ақиқат пен бұзықтықты шатастырмауды айтқан «Бақара» сүресінің 42-ші, кімнің зиянына болса да Әділ куәлік беру хақындағы «Ниса» сүресінің 135-ші және сақтанған Құлын жақсы көретінін ескерткен «Тәубе» сүресінің 7-ші сондай-ақ, «Хұжрат» сүресінің 11-аяттарының қысқа нұсқа тәпсірі.

Алланы, адамзатты, Әділдікті сүю – талассыз Тақуалық, ұранды ұлылық, дарабоз даналық, тегеурінді тектілік. Келесі шумақта осы үшеуін сүю – Иманның гүлі екенін, бұл үшеуі Иманның асылы екеніне күмәнсіз болуды айтып: **«Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ, Басты байла жолына малың түгіл»**,- дейді.

Алла Құранның «Хұжрат» сүресінің 15-аятында: «Шын мәнінде Аллаға, Елшісіне Иман келтірген Момындар еш күдіктенбей, Алла Жолында малдары әрі жандарымен соғысты. Міне, солар – Шыншылдар»,-десе, «Ниса» сүресінің 95-аятында: «...(басқалар) Алла Жолында малдарымен, жандарымен соғысушылармен тең емес. Алла малдарымен, жандарымен соғысушыларды дәрежеде арттырды. ...игілік уәде етті. Және ...кеңшілікке бөлеп, ірі сыйлық берді»,-дейді.

Ал, «Саф» сүресінің 10-11-аяттарында: **«Әй, Момындар! Сендерге жан түршігерлік азаптан құтқаратын бір сауда (бір Жол) көрсетейін бе?»** «(Алдымен) Аллаға, Елшісіне Иман келтіресіңдер; (сосын) малдарыңмен, жандарыңмен Алла Жолында (өз нәпсілеріңмен, Алланың дұшпанымен) күресесіңдер. Егер білетін болсаңдар, осы амалдарың сендер үшін қайырлы»,-деген.

Демек, бұл үш сүю – Алланы, адамзатты, Әділдікті сүю, Алла Жолында малымен, жанымен күресу арқылы жүзеге асса, ол күрес пендені армандаған, Алланың құзырындағы үлкен сыйлықтарына жеткереді, деген сөз.

Келесі шумақта дінің де, құлшылығың да осы үш сүюмен қабыл болатыны және бұларды бұзатын үш надандық барын көрсетеді. Олар: пайда, мақтан, әуесқой. «Бақара» сүресінің 177-аятында: **«Жүздеріңді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес...»**,-деп, ізінен Тақуалықтың белгілерін нақтылап санап атайды. Осы үш сүю – осы Аяттағы амалдармен жасау. Яғни, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға қаржылай, заттай көмектесу; құнын төлеп құл азат ету; намазды толық орындау, зекет беру, өзара байласқан уәдені орындау; таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр ету. Пайдаға берілу, мақтаншақтық, әуесқойлық Алла бұйырған бұл амалдарға қайшы амал. Алла «Хадид» сүресінің 23-аятында: **«...Алла бүкіл тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді»**,-

деген. Бұлар Имандылықты бұзатын, пенде мен Алланың арасын алшақтататын шайтани амал. Абай бабам, бұлардан сақ болмайынша, оразаң да, намазың да, зекетің де, қажылық да пайда бермейді, осылардан шошына қаш, дейді.

**«Бас жоғары жаралған, мойын төмен»** және **«Имадар ғибадаттан сөз қозғаған»**, -деп, басталатын шумақтарда Иман – Иман орныққан жүрек таза болмай, қайта-қайта жуа берген дененің тазалығының пайдасы кемін ескертіп, Иманның маңыздылығы мен Оның ауқымының өте үлкен екендігін аңғартады.

Жалпы бұл өлеңі де жаңағы айтқан «Бақара» сүресінің 177-ші және Тақуалықты сипаттаған қырықтан артық Аяттың түсінігі.

Өлеңін: Алла ішімді айтқызбай біледі ойла,

Бендесіне қастықпен кінә қойма.

Распенен таласпа Момын болсаң,

Ойла, айттым, адамдық атын жойма,-деп аяқтаған.

1-2-қатар, Алланың жүректегілерді жақсы білетінін ескерткен: «Әнфал» сүресінің 24-ші, «Һұд» сүресінің 5-ші, «Қаф» сүресінің 16-шы, «Шура» сүресінің 24-ші, «Хадид» сүресінің 4-6-аяттарының хабары. Пенде Алладан ештеңе жасыра алмайды. Халықта: «Адамнан жасырсаң да Алладан жасыра алмайсың»,- деген мақал бар. Алла – бәрін Білуші. Ол Құлдарына күре тамырынан да жақын – ішіндегісін айтқызбай біледі.

Алла жүректегіні біліп отырса, қалайша Одан қорықпай, ұялмай басқаға жазықсыз кінә қоямыз? «Бақара» сүресінің 42-аятында: **«Ақиқатты бұзықтықпен араластырмандар да ...білетұра Шындықты жасырмандар»**,-десе, «Хаж» сүресінің 38-аятында: **«...Әрине, Алла бүкіл қиянатшыл, қасарысқанды жақсы көрмейді»**,-деген. Мұндағы қиянатшыл, қасарысқандар: осы 42-аятты мойындамай, Ақиқат пен бұзықтықты араластырушылар, қастықпен пендеге кінә қоюшылар, жала жабушылар...

3-4-қатарларда, Шындыққа – Аллаға, Құранға қарсы келме, Аяттарды түсінбей тұрып, өзіңше пікір айтып таласпа, **«Ойлан, айттым, адамдық атын жойма»**, яғни, Алла сені о баста Адам қылып – Өзінің жердегі Халифасы етіп жаратты («Бақара» с. 30-а) осыны жойып алма, дегені – Халифа атына лайықты болып жаса дегені; жойсаң, жан төзгісіз азаптарға қаласың, дегені. Яғни, Алла қарғағандар тобынан қосыласың («Мәйда» с. 61-а) дегеннің ишарасы.

-----

1. «Рұм» сүресінің 8-аяты: «Алла Тағала көктер мен жерді әрі екі арасындағыларды Шындықпен белгілі бір мерзім үшін жаратты. Өздері жайында ойламай ма? Шынында адамдардың көбі Раббыларына жолығуға қарсы келеді».

Бұл Аят «Ахқаф» сүресінің 3-аятында да қайта ескертілген.

2. «Бақара» сүресінің 6-14-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) расында, қарсы болғандарды, үгітесең де, үгіттемесең де бәрі бірдей. Олар Иман келтірмейді (*себебі,*)» «Алла олардың жүректерін, құлақтарын бітеген әрі көздерінде перде (88-а) бар. Сондай-ақ, олар үшін зор қинау бар». «Адамдардың кейбіреулері екіжүзді: «Аллаға, Ақырет күніне сендік»-дейді. Бірақ, олар сенбейді». «Олар өздерінше Алланы және Иман келтіргендерді алдайды. Бірақ, олар өздерін ғана алдағандарын сезбейді». «Олардың жүректерінде дерт бар. Алла олардың дертін арттыра түсті. Сондай-ақ, оларға өтірікшіліктерінің салдарынан күйзелтуші азап бар». «Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмаңдар!» - делінсе, олар: «Біздер түзеуші ғанамыз»-дейді». «Сақ болыңдар! Шын мәнінде олардың өздері бұзақы, алайда, олар түсінбейді». «Егер оларға: «Адамдар Иман келтіргендей Иман келтіріңдер!» – делінсе, олар: «Ақылсыздарша Иман келтірейік пе?» - дер. Байқандар! Шын мәнінде олардың өздері ақымақ. Бірақ, олар білмейді». «Ал және олар Момындарға кездесе: «Біз де Иман келтірдік» - дер. Әрқашан олар шайтандарымен (бастықтарымен) оңашалана қалса: «Расында, біз сендермен біргеміз, біз оларды тәлкек қылып қана жүрміз» - дер».

\* \* \* \* \*

Келесі өлеңі – «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ». Мағынасы ашық – өте түсінікті. Алайда, бұл жолдағы адасу не сөзден жаңылу я мамандық тандау мен жар тандаудағы адасу емес. Бұлай адасқан адамдар да онысынан опық жейді. Ал, өлеңдегі адасу – бұл Жәннатқа бастаған Имандылық жолынан адасу. Нәпсісін жүрегіне бағындырмай, соның айтқанымен жүретін адамның адасуы.

Адасқан адам теріс бағытта кетіп бара жатқанын білмейді де, дұрыс бара жатырмын, деп барып-барып адасқанын білген кезде өкінеді. Өлең:

Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ,  
Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ.  
Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп,

Әсте жоқ, кеселді істен биттей қорықпақ-дейді.  
Мұндағы арамның сөзі, деген не? Ол Имандылықтан қайтарып,  
ұятсыздыққа апаратын шайтанның сөзі.

Біз өркениет дегенді тауып алдық та Құранның Жолынан  
ауытқып адасып бара жатқанымызды ескермей, заманды сылта-  
уратып, көзді тастай жұмып, дозаққа апаратын жолда сайрандап  
жүрміз.

Құрандағы «адасқан» – «Бақара» сүресінің шайтанның  
дұшпан екенін ескерткен: 168-169 және 208-аяттарын білмей,  
шайтанға ерген адасу; осы сүренің 116-аятын білмей Аллаға  
серік қосу және осы сүренің 21-22; 163-аяттарын, «Әли Ғымран»  
сүресінің 4-ші, 132; 179-аяттарын (1) білмей, Оның Аяттары-  
на құрметпен иілмейтін, Пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.),  
Құранды мойындамай адасу.

Біз көбіне жолдағы адасуды тез түсінеміз де өмірдегі адасу-  
ды зерттей бермейміз. Ойымызға сеніп бірдеңе істейміз, оны-  
мыздан зиян көрсек, тағдыр, деп, қоя саламыз. Немесе, біреуді  
айыптаймыз. Аят-хадиске қарсы әрекетімізден тағдырға тап  
болғанымызды ескермейміз.

Алла Өзін есіне алып, Өзіне тәуекел еткен (2) Құлдарымен  
бірге. Ал, ойына сенген пендені жек көреді. Сондықтан  
Елшілеріне ойына сенгендерден аулақ болуды тапсырады.  
Себебі, Алланы ескермей, ойға сену – тәкаппарлық!

Кезінде Дәуітке (ғ.с.): «Әй, Дәуіт! Сені жер жүзіне меңгеруші  
қылдық. ...адамдардың арасына Ақиқатпен үкім ет, ойға  
ерме. Онда сені Алланың Жолынан адастырады...» («Сад»  
с. 26-а),-деп ескерткен Алла, «Бақара» сүресінің 145-аятын-  
да Мұхаммедке (с.ғ.с.): «...Өзіңе осынша мәлімет келген-  
нен кейін, олардың ойларына еліктесең, әлбетте, анық за-  
лымдардан боласың»,-деп сақтандырып, «Мәида» сүресінің  
48-49-аяттарында: «...Өзіңе келген Шындықтан айыры-  
лып, олардың ойларына еліктеме. Сендердің әрбіреулерің  
үшін жол-жоба қойдық...», «Олардың араларына Алланың  
түсіргенімен үкім ет. Олардың ойларына ілеспе және саған  
Алла түсірген кей үкімдерден сені бұзуларынан сақтан!...»,-

деген. Мұны құп алған Мұхаммед дұшпандарына: «...**Мен сендердің ойларыңа қосылмаймын. Қосылсам, адасқан ...Тура Жолды таппаған боламын»...**», «**Шынында Мен Раббым тарапынан ашық бір дәлел үстіндемін...**» («Әнғам» с. 56-57-а),-деді. Ал, осы «Әнғам» сүресінің 116-аятында және де Мұхаммедке: «Егер сен жер жүзіндегі адамдардың көбіне көнсең сені Алланың Жолынан адастырады. **Олар ойларына ғана ілеседі де мүлде жорамалдайды**», -деп, «Фурқан» сүресінің 43-аятында: «...**Ойын тәңір жасап алғанды көрдің бе? Сен оларға кепіл боласың ба?**»-дейді де «Шура» сүресінің 15-аятында: «...Ақиқатқа шақыр да бұйырылғанындай мықты тұр. **Олардың ойларына ілеспе...**», ...«...**Олар ойларына, көңілдері қалағанына ереді...**», «...**адамзатқа көкसेгені бола бере ме?!**» («Нәжім» с. 23-24-а)-деп, ойға сенуден, ойына сенгендерден сақтандырады да, «Зәрият» сүресінің 9-11-аяттарында: «Шындықтан бұрылғандар бұрылады», «**ой жорушылар құрысын**», «**міне, солар білімсіздік ішінде жаңылуда**», -деп, оларды қарғайды. Аяттардың мағынасынан байқалып тұрғандай-ақ, Құраннан, сахих хадистерден пайдаланбай, ойына сенгендер көп адасады. Себебі, бұл ойды салатын «Ниса» сүресінің 116-121-ші, «Ағраф» сүресінің 16-17-аяттарында (3) Аллаға серт берген шайтан. Оның мақсаты – Алланың: жалғыз Аллаға құлшылық ету, Алла мен Елшісіне, Періштелері мен Кітаптарына, тағдырға, өліп-тірілу мен Бейіштің барына, дозаққа, Қияметтің сөзсіз болатынына сену хақындағы Сөздерін бекер, дегізбек; Алланың: «Егер Шындық олардың көңілдері тартқан жаққа кетсе, әрине, көктер мен жер және онда болған әркім бұзылып кетер еді...» («Мүминұн» с. 71-а),-деген Аяттарын өтірікке шығармақ.

Міне, осы шайтанға ергендер шартты түрде адасады. «Нахыл» (63-а), «Зұхрұф» (37-а) сүрелерінде ескерткендей, шайтан оларға өз қылықтарын әдемі көрсетіп, «**Олар өздерін тура жолға түсірілдік**», -деп ойлайды. Соңында олар Алланың қаһарына ұшырайды («Ағраф» с. 17-а). Бабамыздың: «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ», -дегендегі **жөн** мен **соқпақтың** мәнісі осы.

2-қатардағы арамның сөзін ұғатындар – «Мәида» сүресінің 42-аятындағы: «... **өтірікке құлақ салушы, арам жеушілер...**», Құранды оқып Тура Жол іздемейтіндер. Олар «Ағраф» сүресінің 30-аятындағы, шайтанның айтқанына құмдай құлап, адасуға тиісті болғандар – «Фатыр» сүресінің 32-аятындағы: «...**өзіне**



**кесір тигізетін...**» пенделер тобынан. Яғни, «Бақара» сүресінің 168-169-аяттарында айтылғандай, өтірік уағызға сеніп, ертегі Қияметті желеулетіп: «Қияметке дейін кім бар, кім жоқ!» «Сол жаққа барып көріп келген кім бар екен?!» «Діндар да болма, дінсіз де болма», «Дінде орта жолда бол»,-деген...», «Өмір бір-ақ рет беріледі, жасап қалу керек»,-деген, «Алпысқа дейінгі күнәлар кешіріледі»,-дейді ғой»,-дейтіндер мен Алла: «Өлер кезінде Мені есіңе алсаң, барлық күнәнді кешіремін»,-деген»,-дейтін өтірік хадистерге сеніп, шайтанның ізінде жүргендер.

«Ағраф» сүресінің 32-аятында: «...Раббым ашық, жасырын арсыздықтарды, күнәні, орынсыз озбырлықты, ешбір дәлелі болмаған нәрсені Аллаға серік қосуларыңды **және білмеген нәрселерінді Аллаға қарсы сөйлеулерінді арам етті**»-де»,-дейді. Арамның сөзін ұғатындар, осы Аяттарды білмейтіндер. Білсе Қиямет жөнінде Шындықтан шатасып: «Қияметте дәжжәл шығады...», «...өлгендер қабырларынан шығып мәшһар майданына жиналады»-деген сияқты сенімсіз оқиғаларды айтпас еді.

4-қатар – «Әнфал» сүресінің 25-аяты. Онда: «**...сендерден жеке залым болғандарға ғана кесірі тиіп қалмайтын пітнәдан сақтанғындар**. Сондай-ақ, Алланың қатты азап Иесі екенін біліңдер»,-дейді. Бабамыздың бірнеше өлеңінде суреттелгендей, елге кесірі тиетін пітнәдан сақтанбайтындар болды (бұндайлар қазір де арамызда жүр). Бұлар – малға бөккен қас маңғаз кісімсінгендер, өтірік пен өсек іздеп гулетіп, ел арасына араздық салатын дау шығарып, біреуді біреуге айдап салатындар, бұл қылықтары күллі елге зиян әкелетініне пәмі жетпейтіндер. Осындайлардың кесірінен қазақтың басы бірікпей, өзара дауласып, аяғы отаршылдыққа ұласып, ел көп азап көрді.

Елімізде ескерілмей келе жатқан тағдырдан бұрын «Нахыл» сүресінің 106-аятын оқиық. Онда: «**Жүрегі Иманмен орныққаннан кейін зорлық көрген біреуден басқа...**»,-деп Құран мен Елшісіне (с.ғ.с.) қарсы келгендердің Қаһарына ұшырайтынын айтқан. Құранды түсіндіруші ғалымдар «**...зорлық көрген біреуді**» – кешірілуші деген.

Себебі ол, мәжбүр етілген. Сол сияқты біздер де кеңестіктердің зорлығымен көп тірлігімізде Аяттарды, хадис, сүндеттерді ескермедік.

Алла осындағы күнәларымызды кешіру үшін сынағысы келген болар – 1991 жылдан еркіндікке жеткерді. Ендігі сылтау – білімсіздік не дәйексіздік болар.

Елімізде кең етек алған тағдырға кідірейік. Соның ең ба-  
стысы – тіл. Ана тіліміз. Құранның «Рұм» сүресінің 22-ая-  
тында тілдер мен түрлердің әр басқалығы Алланың белгілері  
екенін ескертсе (4), «Нахыл» сүресінің 92-аятында: «**Бір топ-  
ты басқа топтан үстем деген сылтаумен...**» айнып кетпеуді  
тапсырған; ал, «Хұжрат» сүресінің 13-аятында: «**...танып, білу  
үшін ұлттарға бөлдік...**», -деп әрбір ұлттың Алла маңдайына  
жазған тілі барын түсіндірген. Ал, мұны елемегендер, ұлттығын  
жоғалтып тынады. Оның арты не болары жалғыз Аллаға ғана аян.  
Бізге түсініктісі – Алланың Аяттарымен бекітілген белгілерін  
мойындамағандардың жазаланатыны, қарғаланатыны. «Фати-  
ха» сүресінің 6-7-аяттарында: «**...Бізді Тура Жолға сала гөр».**  
«**...Қарғысқа ұшырағандардың, адасқандардың жолына  
емес**», -деген. Осындағы қарғысқа ұшырағандар мен адасқандар  
кімдер? Әлбетте, Аллаға серік қосып, жалғыз Алланы мойында-  
майтын, Құран мен Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өсиеттерін, сүндеттерін  
танымайтындар. Сонда олардың тілінде сөйлеп, сәнімен  
киінетіндер – қарғысқа ұшырағандар мен адасқандардың ізіне  
ерген болмай ма? Бұл амалдарының соңында олар да қарғалып,  
адасып тынбай ма?!

Әлбетте, адасады; әлбетте, қарғалады. Бірақ, олар Алланың  
тілді белгі үшін жаратқанын тән алмай, әр ұлттың өз тілі барын  
біле тұра өз ұлтынан шеттеп, бүгінгі жүрісін өздерінше «**жөн**»  
деп жүр. Бұл жүрістерінің соңында **соқпаққа** жығарын ойлай ал-  
май келеді. Ойлауға білімі мен Ақылы жетпейді.

Бабамыз «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», деген  
өлеңінде:

...Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,  
**Еріншек ездігінен көпке көнбек...;**

...Рас Сөздің кім білген қасиетін,  
**Ақылсыз Шынға сенбей, жоққа сенбек...;**

...Қазы да, таразы да өз жанында,

**Наданның сүйенгені көп пен дүрмек**, -деген.

Бұл жолдардағы надандар – Шыға ойламайтын, рас Сөздің –  
Құранның қасиетін білмейтін осы адасқандар мен дін бұзар фа-  
наттар, дүмшелер.

Біз кеңестіктердің зорлығымен Құранды оқымағандықтан  
тағдырымызға жазылған ана тілімізден жеріп, ұяттан қағылып,

бетімізге кеттік – адастық. Құранда айтқандай адамды адастыратын шайтан. Ол тегіміз Адам (ғ.с.) жаралғаннан Аллаға қасарысқан (5), жаратылыстағы ең бірінші қателесуші, ал, оған ерген – адасушы; дандайсуда шектен шыққаны – кәпір. Құранның «Әли Ғымран» сүресінде: **«Ей, Иман келтіргендер! Егер сендер кәпірлерге бағынар болсаңдар, олар сендерді діннен шығарады, сөйтіп, сендер зиян шегіп қаласындар»** (149-а), -дейді. **«...сендер»** кімдер? Әлбетте, Алла тандап, жүрегін Өзіне ашып қойған, жаны ізгілікке жақын, иба-ұяты барлар. Ал, **бағыну** соғыстағы бағыну ғана емес, кәпірлерге еліктеу де, еру де **бағынудың** еркіндіктегі түрі. Айналып келгенде бағыну да, еру де, еліктеу де Рухы әлсіз адамды Иманнан, иба-ұяттан алыстатады, адастырады. Алланың Өзіне жақын болуға ашқан жүрегін бұрып, қарғыс алатын өздерінің (6) жолына салады. Бұл да Аллаға серік қосқанмен тең. Себебі, Тура Жол – Құран мен Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) көрсеткен үлгі-өнегелер ғана (7); шайтандікі және оған ерген осы дүниенің жалтырағандарына ғана құштар, адасқандар мен мұнафиқтардікі емес.

Алла Тағала «Лұқман» сүресінде: «Егер екеуі білмеген нәрсенді Маған ортақ қосуға зорласа, оларға бағынба! **Олармен дүниеде дұрыс жолдас бол да Маған құштар адамдардың жолына түс.** Сосын барар орындарың Мен жақ; сонда істеген істерінді баян етемін» (15-а), -дейді. Сондай-ақ, біз де еліміздің геосаяси орналасуын және көп ұлттығын ескере отырып, адасқандармен сыйласып тірлік етіп, Аят, хадис-сүндеттермен ғана өмір сүріп, **Аллаға құштар адамдармен** бірге болуға тиіспіз.

Осы жерде «Ібраһим» сүресінің 21-22-аяттарына тоқтала кетейік. Көктер мен жерді оңай жаратқан Аллаға, егер біз шайтанға еріп, Өзін тілімізде ғана айтып, Жолын бұрмаласак бізді құртып, орнымызға жаңа халық әкелу (8) түк те емес. Міне, сол бізді құрту кезінде, тергеу болып, Шындық ашылады. Тергеу күндерінде ақылы кемдігінен адасқандарға ергендер мен шайтанның әңгімесі былай болады екен. Қиямет күні «Барлығы Алланың құзырына шығып, сонда нашарлары, үлкенсігендерге: **«Біз сендерге еріп едік. Ал, сендер, бізден Алланың азабынан еш нәрсе кетіре аласындар ма?»**»-дейді. Олар: **«Егер Алла бізді оңғарар болса еді, әрине, біз де сендерді оңғарар едік. Енді**

біз бай-байласақ та, шыдасақ та бәрі бір. Құтылар жеріміз жоқ», - дейді. (Бұлар енді шайтанға қарайды, сонда ол. Н.Қ.): «...Расында, Алла сендерге Шындықты уәде етті. Сондай-ақ, мен де сендерге уәде етіп, опасыздық еттім. Негізінде, сендерді шақырғаннан басқа өктемшілігім жоқ еді. Сонда да шақыруымды қабыл алдыңдар.

Ендеше мені сөкпендер де өздерінді сөгіндер. Мен сендерді құтқара алмаймын. Сондай-ақ, сендер де мені құтқара алмайсындар. Расында, бұрыннан да мені Аллаға серік қосуларыңа қарсы едім», - дейді...». Және де лағнеттелген ол: «...Раббым! Оны мен аздырмадым. Дегенмен өзі де ұзақ адасуда еді...» («Қаф» с. 27-а), - деп, Аллаға да өзін ақтап өтірік тіл катады. Сонда оған ергеннің өзі ғана күнәлі болып қалады. Яғни, нәпсісінің айтқанымен жүрген, адасқандардың жетегінде жасаған, надан дозақтықтың өзі ғана қалады.

Біздің замандастарымыздың да бірсыпырасы, өздеріне сынау үшін кездестірген, осы дүниесі ғана берілген құдайсыздар мен ғайридіндерге (9) еріп, тағдырындағы ұлтын менсінбей тілін бұзып, дәстүр-салтынан бас тартып, тіпті, «фигурам бұзылады», деп, біреуден артық бала тумай; Ислам Жолын ескілік, деп, жалаңаштанып – «жаңа жолмен» жүріп; Ислам арам еткен араққа құштар болып, темекі шегіп және басқа ақымақтықтарға барды... Бүгінде солардың бірі жалғыз басты; бірі қарттар үйінде; бірі айықпас дерттің құшағында; бірі ауыр тағдырлы соқпақта. Ал, біреулер жалғыз өліп, жаназасыз кетіп жатыр. (Қабырдағысын білмейміз). Бір жеңіл ойлылар әлі осы дүниеліктерге еліктеген – адасқан сүрлеуінде, Алланың Кеңшілігінің аясында (10) келе жатыр.

Алланың кеңшілігінің де шегі бар...

Бұдан да өкінішті жері, балаларын, немерелерін, тіпті шөберелерін солай тәрбиелеп жатқандар бар. Бұлар нағыз Мұсылмандардың арасына арсыздық жайылуын қалаушылар.

Бәрін Білуші Алла: «Расында сондай, Момындардың ішінде арсыздық жайылуын жақсы көргендерге, дүние, Ақыретте күйзелтуші азап бар...» («Нұр» с. 19-а), - деген. Олар бұл дүниесінде азапты көрер, көрмегені, Ақыретінде шартты түрде көреді. Себебі, Алла Аяттарына қарсы келгендерді жазасыз жібермейді («Әли Ғыман» с. 4-а).

Олар ертеңін ойлай алмайды десек, қателесерміз. Ойлайды дейік. Бірақ, ойлағанмен жанында жүрген адасқандар мен ғайридіндерден ұят болады, деп, солардың көңілі үшін Алланың Сөзінен бет бұрып, өздерін алдап келе жатыр. Яғни, Алладан ұялмай, Оның қаһарынан қорықпай, адасқандардан ұялады, олардың мысқылынан ығады...

Ауруға шалдығып не басқалай азапта қалғанда, сол ұялған – адасқаны келіп қасіреттен құтқармайтынын да біледі. Сонда да өзінің «...өзімшіл мінезімен...» қастасып, адасқан бағытынан қайта алмайды. Абай бабамыздың тілімен айтқанда: «Оларға жөн, арамның сөзін ұқпақ».

Адасқандарға еріп, Құран Аяттарына қарсы өмір сүріп және Ақырет пен Қиямет хақындағы хабарларды бекерге шығарып, өмірін бүлдіріп алғандар мен қарттыққа жеткен шағында бармағын шайнап қалғандар туралы деректер елде жеткілікті. Оларды әңгімелесек, табалағандай болармыз. Біз айтпай-ақ, ел жақсы біледі. Алайда, кепілдігі бар, адаспайтын Жол – Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) үлгісін көрсетіп қалдырған, Алланың Жолы ғана. Оған түсемін деген жан, Алланың атын естіген күнінен Иман келтіріп, шайтан мен оған ергендерден алыс жүреді. Бұл, адастырмайтын, соқпаққа соқтырмайтын Жол. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Кімде кім, үмбетімнің бұзылған заманында, менің сүндетімді ұстанса, оған жүз шейіттің сауабы бар», - деген. Біз қай уақытта да, қайда жүрсек те Алланы ұмытпай, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) осы хадисін жол-басшы етіп жасауымыз керек.

- - - - -

1. «Бақара» сүресінің 168-169-аяттары: «Әй, адам баласы! Жер жүзінде болған адал, таза нәрселерден жеңдер. Және шайтанның ізіне ермеңдер. Өйткені, ол сендерге ашық дұшпан», «Шынайы түрде ол сендерге жамандықты, арсыздықты және Аллаға қарсы білмейтіндеріңді айтуды нұсқайды».

208-аяты: «Әй, Момындар! Исламға бүтіндей кіріңдер, шайтанның ізіне ермеңдер. Өйткені, ол сендерге ашық дұшпан».

116-аяты: «Олар: «Ол бала иемденді», - деді. Ол баладан пәк. Дегенмен көктер мен жердегі нәрселер Оныкі. Олар түгел Оған мойынсынады».

21-22-аяттары: «Әй, адам баласы! Сендерді де, сендерден

бұрынғыларды да жаратқан Раббыларына құлшылық қылыңдар. **Әрине, сақтанған боласыңдар**». «Ол сондай Алла сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты. **Әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әр түрлі өсімдіктен ризық шығарды. Сондықтан біле тұра Аллаға серік қатпандар**».

163-аяты: **«Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ**. Ол – аса қамқор, ерекше Мейірімді».

«Әли Ғымран» сүресінің 4-аяты: «Бұрын адамдарға Тура Жол еді. Және парық қылатын мұғжизаны түсірді. Расында, Алланың Аяттарына қарсы келгендер үшін қатты азап бар. Алла – өте Үстем, өш алу Күшіне Ие».

132-аяты: **«... Аллаға және Елшісіне бой ұсыныңдар, әлбетте мәрхаматқа бөленесіңдер**».

179-аяты: «Алла Момындарды осы сендер болған күйде, жақсыдан жаманды айырмай қоюшы емес. Әрі сендерге құпияны да білдірмейді. Бірақ, Елшілерінен қалағанын таңдап, соған білдіреді. **Ендеше Аллаға және Елшілеріне Иман келтіріңдер. Егер Иман келтіріп Тақуа болсаңдар, сендер үшін зор сыйлық бар**».

2. «Әли Ғымран» сүресінің 122-аяты: «Сол уақытта сендерден екі топ уайымдап үрейленді. Сондай-ақ, **Алла Тағала ол екеуінің жәрдемшісі еді. Момындар Аллаға тәуекел етсін**». (159-160-а).

3. «Ниса» сүресінің 116-121-аяттары: «Негізінен Алла, өзіне ортақ қосуды жарылқамайды. Одан басқа кімді қаласа жарылқайды. Ал және кім Аллаға ортақ қосса, расында өте ұзаққа адасты». «Олар Алладан өзге ұрғашыларға ғана жалбарынды. Негізінен олар қасарысқан шайтанға жалбарынды». «Алла оларды қарғады. Сонда шайтан: «Әрине, Құлдарыңнан белгілі бір үлес аламын»,-деді». **«Әлбетте, оларды адастырамын және босқа үміттендіремін. Әрі оларға міндетті түрде әмір етемін, олар (табынғандарына арнап) малдардың құлағын тіледі**». **Сондай-ақ, оларға әрине, Алланың жаратқанын өзгертуді бұйырамын**»(-деді). Кім Алладан өзге шайтанды дос тұтса, сонда, рас ашық зиянға ұшыраған болды». «шайтан оларға уәде беріп, оларды босқа үміттендіреді, оның оларға уәдесі – алдау ғана». **«Міне, соған ергендердің орны дозақ. Сондай-ақ, олар одан қашар жер таба алмайды**».



4. «Рұм» сүресінің 22-аяты: «Көктер мен жерді жаратуы, тілдеріңнің, түстеріңнің қарама-қарсылығы да Оның белгілерінен. Шәксіз бұларда білгендер үшін белгілер бар».

5. «Хыжыр» сүресінің 35-42-аяттары: (Алла): -Шынында саған Қиямет күніне дейін лағнет бар... (ібіліс): -Ендеше, Раббым, маған қайта тірілетін күнге дейін кеңшілік бер,-деді. (Алла): -Расында, саған кеңшілік берілді,-... (Бірақ) Белгілі мерзімге дейін. (ол): -Раббым, мені қаңғыртқандығың үшін, әлбетте, адам баласына жер жүзіндегі (жаман) нәрселерді жақсы көрсетіп, олардың барлығын адастырамын... Бірақ, олардың ішіндегі нағыз Құлдарыңды адастыра алмаймын,-деді. (Алла): -Маған келетін Тура Жол осы,-... Менің шынайы Құлдарыма ықпалың жүрмейді. Бірақ, саған кім ерсе, адасқандардан болады,-деді.

6. «Жүсіп» сүресінің 96-аяты: «Расында өздеріне Раббыңның қарғысы лайық болғандар Иман келтірмейді».

7. «Әнғам» сүресінің 106-аяты: «Раббың тарапынан саған уахи етілгенге мойынұсын. Алладан басқа Тәңір жоқ. Ортақ қосушылардан жүз бұр».

8. «Әнбия» сүресінің 11-аяты: «Қаншалаған халқы залым кентті талқандадық та одан кейін, басқа ел жараттық».

9. «Әнғам» сүресінің 107-аяты: «Егер Алла қаласа еді, олар да ортақ қоспас еді. Сені оларға күзетші қылмадық. Сондай-ақ, сен оларға кепіл де емессің».

10. «Әли Ғымран» сүресінің 178-аяты: «Ал және сондай қарсы болғандар, өздеріне мұрса беруімізді, өздері үшін қайырлы деп есте ойламасын. Шын мәнінде күнәларын арттырсын, деп қана орай береміз. Сондай-ақ, олар үшін қорлаушы қинау бар».

\* \* \* \* \*

«Бақара» сүресінің 225-аятында: «Алла анттарындағы бос сөзді тергемейді. Алайда жүректерің істегенді есепке алады...», -десе, Абай бабамыз «Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма?» -деп басталатын өлеңінде: «Ет жүрексіз еріннің айтпа сөзін», -депті. Демек, «...нәпсінің қу мінезіне...» үйренген тілдің сөзін айта беру – Имандылықтан емес екен. Құранда Жәннаттағылардың бос сөз сөйлемейтінін, бос сөз естімейтінін айтқан. Данышпандар хақындағы естеліктерде де, олардың бос сөз айтпайтынын тілге алады.

Біреу қолына Құран ұстап, намаз оқып, жылда ораза тұтатын. Оңашадағысын Алла ғана біледі, ал, көрер көзге бұл елге өзін Тақуа көрсететін. Өзі дәулеттілеу. Жаңадан қатарға қосылған намазхандардың арасынан біреу көзге түсе бастаса, «Мұсылман – Мұсылманға бауыр», -дей отырып, оны шеткерілетіп, сыртынан сөз қылып, басқаларды одан қашыратын.

Ол Алланың: **«Әй, Момындар! Істемейтін істеріңді неге айтасындар? Істемейтін істеріңді сөйлеулерің, Алланың қасында зор ашуға себеп болады»**, -деген, «Саф» сүресінің 2-3-аяттарын ескермей, уағыз айтқанда: «Өтірік айтпаңдар. Алла шыншылдарды жақсы көреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед саллаллаһу ғайлейһи уә сәлламның бір хадисінде...», -деп, ойынан хадис тоқи салатын, «Хаққа» сүресінің **«Егер Елші кей сөзді Өзі айтып, онысын Бізге таңса...»** (44-а), -деген Аятын ескермей (кітап оқымайтын, бұл Аятты білмейді), «Құранда айтылған», деп, өзіне мақұл келген өтіріктерді ұялмай Алланың атынан айта беретін;

– Алла Тағала екі сөзді мұнафиқтарды жаман көреді, әділ болындар, екі сөзді болмандар, -дейтін, бірақ өзі өте уәдепаз еді;

– Әркімнің ризығын Алла береді. Қызғану дұрыс емес...», -дейтін, бірақ, өзі қызғаншақ еді. Елде біреу бұған жолықпай, өз іс-әрекетімен көзге көрініп қалса, жақтырмайтын – ұжымның ортасына шақырып тергейтін;

– Тәкаппар болмандар, мақтаншақтық – ысырапкершілікке апарады. Алла ысырапкерлерді жек көреді, -дейтін, өзі адамнан адам алалайтын, мәшінен мәшін таңдап мініп, асыра той жасайтын; мал сойып садақа берсе де тек шенеуніктер мен қалталыларды іріктеп шақырып, дастарханын тойдың дастарханындай жасандыратын...

Кітап оқымайтын сорлы, Құранның «Әли Ғымран» сүресінің 176-178-аяттарын сірә есіне алмайтын. Бұл Аяттарда: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) олардың қарсылыққа жарысулары сені кейітпесін. Өйткені, олар Аллаға әсте зиян келтіре алмайды. Алла оларға Ақыретте бір несібе бермеуді қалайды. Сондай-ақ, олар үшін зор қинау бар»**. **«Негізінен сондай, Иманның орнына қарсылықты айырбастағандар, олар да Аллаға ешбір зиян бере алмайды және олар үшін күйзелтуші азап бар»**. **«Ал және сондай қарсы болғандар, өздеріне мұрса беруімізді,**

өздері үшін қайырлы деп әсте ойламасын. Шын мәнінде күнәларын арттырсын деп қана орай береміз. Сондай-ақ, олар үшін қорлаушы қинау бар», - деген. Бір күндері Алла белгілеген кеңшілік мерзімі бітіп, бұл намазхан да айықпас ауруға шалдықты...

Міне, бұл – ет жүрексіз еріннің сөзін айтқан, Аллаға жүректен сенбейтін, тек тілімен Кәлима келтіретін пенденің жазасыз қалмайтынының бір дәлелі.

«Әркім қылса – өзіне», - деген. Кімнің несі кетті?! Алланы, халықты алдаймын дегендер өстіп, өздері ғана алданады.

\* \* \* \* \*

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», - деген өлеңінде жігіттерге кеңесін айта келіп:

...Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,  
**Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.**  
Ер жігіт таңдап тауып еппен жүрсін,  
**Төбетке өлекшіннің бәрі бір бас.**

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
**Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме.**  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
**Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме.**

Көп жүрмес, жеңісқойлық тез-ақ тозар,  
**Жаңғырар жеңсік құмар, жатқа қозар.**  
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар,  
Қылт еткізбес қылықты тамыршы озар.

...Шу дегенде көрінер сұлу артық,  
**Көбі көпшіл келеді ондай қаншық.**  
**Бетім барда бетіме кім шыдар деп,**  
**Кімі пандау келеді, кімі тантық.**

Ақыл керек, іс керек, мінез керек,  
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.  
Салақ, олақ, ойнасшыл, керім-кербез,

Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек, - десе, келесі шумақтарда әйелдің жақсысы қалай болатынын сипаттайды. Өлеңнің жалпы мағынасы отбасын құру үшін қандай жар таңдау керектігіне жөн сілтеумен бірге «Нұр» сүресінің 26-аятын айтқан. Аятта: «Сұм әйелдер сұм ерлерге; сұм ерлер сұм әйелдерге; сондай-ақ, игі әйелдер игі ерлерге; игі ерлер игі

**әйелдерге лайық. Бұлар олардың айтқандарынан ақ. Олар үшін жарылқау әрі көркем несібе бар»**,-деген. Аяттың соңғы жағындағы игілер өлеңнің:

Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,  
Қоржаң суық келеді, кей сасық ми.  
Ері Ақылды, қатыны мінезді боп,  
Тату болса, райыс үстіндегі үй

Жоқ болса, қатыныңның жат өсегі,  
Болмаса мінезінің еш кесегі,  
Майысқан, бейне гүлдей толықсыған,  
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,  
Кедей қызы арзан деп құмарланба.  
Ары бар, Ақылы бар, ұяты бар,

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма,-деген жолдарында суреттелген. Ары бар, Ақылы бар, ұяты бар адам, әрине, Иманды адам.

Кейінгі жағында өмірде кездесетін неше түрлі адамдарды ескертіп:

Жаман тату қазады өзіне ор,

Оған сенсең, бір күні боласың қор,-деп, мұнафиқ – екі жүзді татуды таныстырса, келесі жолдарда кімге сену керектігін айтқан:

Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,

Өзі зордың болады ығы да зор,-деп, Алла несібесін ұлық еткен Имандымен татуласуға-достасуға кеңес береді.

\* \* \* \* \*

**«Лай суға май бітпес қой өткенге»**,-деген өлеңінде де жалғыз Алласыз өмір, тіршілік жоғын, бабамның өзінің жатсатұрса Алланы ойлайтыны мен таба алмайтыны және Оның Тура Жолынан басқа жолда **тиянақ, тегістік** жоғын айтады.

Өзгені Ақыл ойға қондырады,

Біле алмай бір Тәңіріні болдырады,-дегені, «Әнғам» сүресінің 76-78-аяттарындағы Ибраһимнің (ғ.с.) Алланы іздегенінің көрінісі. Ибраһим (ғ.с.) жұлдызды, айды, күнді көріп өзіне тәңір етпек болады да, олар батқанда: **«Мен шынайы түрде жүзімді көктерді, жерді жаратқанға мүлде жөнелттім. Ортақ қосушылардан емеспін»**,-дейді. Бабамыздың: «Өзгені

Ақыл ойға қондырады», -дегеніндегі – өзге осы: жұлдыз, ай, күн және осылар рәуішті әлде нелер. Бірақ, Алланың барына сеніп, «Көңілге шүбәлі ой алмайтын» бабамыз:

Талып ұйықтап көзімді ашсымен,

Талпынып тағы да ойлап зор қыламын,-дейді.

Мұнысы Алладан үмітін үзбейтіні мен Оны ұлықтайтыны, Оған қайтатынын ойлап, «Түп Иесін көксейтіні».

Соңғы шумақта: Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,

Иілтіп екі басын ұстаған Хақ.

Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,

Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ,-дейді. 1-2-қатар

«Нахыл» сүресінің 9-аятында айтылған. Онда: «**Тура Жолды түсіндіру Аллаға тән. Ол жолдың қисығы да бар...**», -деген.

Бабамыздың: «**Иілтіп екі басын ұстаған Хақ**», -дегендегі екі жол осы – Аллаға тән Тура Жол мен ол жолдың қисығы. 3-қатар жоғарыда таныстырылған шайтанның жолы.

\* \* \* \* \*

Заманынан озып туылған бабамыз, елінен әбден көңілі қалғанда:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,

Алдамаған кім қалды тірі жанда?

Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,

**Жалғыз-жарым болмаса, анда-санда**, -дейді. Ан-

да-санда кездесетін жалғыз-жарым жақсы, ел ішіндегі елу не жүз адамның бірі. Бұлар – бір қазан етке салынған бір қасық тұз сияқты, елдің берекесі. Мұндай жақсыларды «Әли Ғымран» сүресінің 110-аятында: «**Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тиятын, ...Аллаға сенетін қайырлы бір үммет етіп шығарылдыңдар**», -деп, Өзіне дос тұтқандар мен «Бәййіна» сүресінің 7-аятында: «**...Иман келтіріп, түзу іс істегендер – жаратылғандардың жақсысы**», -деп мақтағандар.

Анда-санда кездесетін жалғыз-жарым адамдар тек емес – олар жаратылғандардың жақсысы. Мұндай жақсылар Құранды оқымаса да есіткені мен көргенінен Алланың Рахымы арқылы пікір түйіп, Аяттарды өмір Шындығынан түйсініп жүректерімен қабылдап, соған адал амал жасайтындар.

Құранда Алла Тағала Тура Жолды түсірді. Онда: «**Ақиқатты бұзықтыққа араластырмандар да сондай-ақ, біле тұра**

**Шындықты жасырмаңдар»; «...Иман келтіріп түзу амал істегендер, Жәннат халқы болып, олар онда мәңгі қалады» («Бақара» с. 42; 82-а);**

**«Аллаға құлшылық қылыңдар. Оған еш нәрсені ортақ қоспаңдар. Және әке-шешеге, жақындарға, жетімдерге, кедейлерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қол астындағыларға жақсылық қылыңдар. Негізінде Алла тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді»;**

**«Әй, Момындар! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әке-шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да Алла үшін айғақ болыңдар; бай немесе кедей болса да. Өйткені, Алла екеуіне де тым жақын. Ендеше Әділдік істеуде нәпсіге ермендер. Егер тілдеріңді бұрып, Шындықты бұрмаласандар, шәксіз Алла – не істегендеріңді толық Білуші» («Ниса» с. 36; 135-а);**

**«Әй, Момындар! Алла үшін куәлікте Туралық үстінде мықты тұрыңдар. Бір елдің өшпенділігі, сендерді әділетсіздікке тартпасын. Әділдік істендер. Сол Тақуалыққа жақынырақ. Және Алладан қорқыңдар. Күдіксіз Алла – не істегендеріңнен толық хабар Алушы» («Мәида» с. 8-а) және осылар мазмұндас Тақуалықты сипаттаған бірнеше Аяттар бар. Абай бабам айтып отырған өлендегі: «...Жалғыз-жарым болмаса анда-санда», -дегендегі жалғыз-жарым осындай адал – Толық адамдар.**

Бұл – көне дүние. Алла Тағала «Бақара» сүресінің 83; 88-ші, «Ниса» сүресінің 46; 155-ші, «Ағраф» сүресінің 165-ші, «Һұд» сүресінің 116-шы, «Сад» сүресінің 24-аяттарында, Мұхаммедтен (с.ғ.с.) бұрынғы Пайғамбарлардың қауымының құйтырқылықтарын, надандықтарын айтып, олардан азы ғана Иман келтіріп, Алланың Рахымына жетіп азаптан құтқарылғанын ескерткен. Бұл жер бетінде әр қандай заманда да, жақсылардан жамандардың саны көп болып тұрады.

Себебі, түп-тегіміз Адам (ғ.с.) Бейіштен шығарылып, жерге түсірілгенде, «Бақара» сүресінің 38-аятына кепілдікке түсірілді. Ал, Оның ұрпағының барлығы жер бетінде туылды. Ол жерге түскесін бала тілеп, балалы болғанда, оны Аллаға серікке қосып еді...

Оның баласы Қабыл қызғанышынан інісі Әбілді өлтіріп еді. Міне, түп бастауы осылай өрген адамзат «Бақара» сүресінің 38-аятын ескермей, күнәлардан күнәларға батып келеді. Тек, жалғыз-жарым Ақылдылар ғана 38-аятты дұрыс түсініп, Құранмен өмір сүреді. Бұлар – жанағы «Бақара» сүресінің 82-аятында айтылғандай Жәннат халқы.

«Ғасыр» сүресінде: **«Заманаға ант етемін. Бүкіл адам баласы зиянда. Бірақ, Иман келтіріп, ізгі іс істегендер мен бір-біріне Ақиқат пен сабырды үгітескендер басқа»**, -дейді. Басқа, дегені – Аллаға ессіз берілген жақсылар, Абай бабам айтқан әр жерде кездесетін жалғыз-жарым Имандылар.

\* \* \* \* \*

Абай бабам: **«Ондай болмақ қайда, деп айтпа ғылым сүйсеніз»**, -десе, халық: «Талапты Ерге Нұр жауар», «Қарманған қарап қалмас», «Ұмтылған – ұтады»-дейді.

Біздегі жалқау, кертартпа, кеше адамдар: «Әй, қойшы! Ғалым болу қайда? Оларға Құдай берген. Сені мен мені осылай жаратқан...», -деп, әр қандай жақсылыққа талаптанған жанның жолын кесіп жатады.

Бұл дұрыс емес. Құранда Алла: **«Әй, Иман келтіргендер! Алладан қорқындар. Оған жақындасуды іздендер және екі дүниеде де құтылып, мұратқа жетулерің үшін, Оның Жолында күресіндер»** («Мәида» с. 35-а), **«...Алла қажырлыларды жақсы көреді»** («Әли Ғымран» с. 146-а), **«...бәрінен бет бұрып, жүзінді Ислам дініне жөнелт. Алла жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан. ...Осы Түп-Тура дін...»** («Рұм» с. 30-а), **«... Раббыңа қарай өте тырыссаң, Оған жолығасың»** («Иншиқак» с. 6-а), **«Кім өзін Аллаға тапсырып, игілік істесе, ...сонда ол берік Тұтқаны ұстаған болады...»** («Лұқман» с. 22-а), **«...Шынында жақсылықтар жамандықтарды жояды...»**, **«Сабыр ет, расында Алла жақсылық істеушілердің енбегін жоймайды»** («Һұд» с. 114-115-а), **«Өйткені, Біздің қасымызда әр нәрсенің қорлары бар. ...белгілі мөлшерде түсіреміз»** («Хыжыр» с. 21-а), -деген. Жасынан Тақуа-Имандылыққа, Даналыққа, Ағалыққа, уақытымен Ақсақалдыққа талаптанбаған адам – кемел адам бола алмайды. Адам әр қашанда жақсылыққа ұмтылуы ләзім. Сонда мұратына жетеді. Осы Аяттағы Аллаға жолығасың дегені – ұмтылған мақсатыңа жететінің. Құранның «Мәида» сүресінің



105-аятында: **«Әй, Момындар! Сендер өздеріңді түзетулерің керек. Өздерің Тура Жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесірін тигізе алмайды. Барлықтарыңның барар жерлерің Алла жақ. Сонда Алла сендерге не істегендеріңнің хабарын береді»**,-дейді. **«...не істегендеріңнің хабарын береді»**,-дегені – неге талаптанған болсаң, соған жетесің, Алла соны саған көрсетеді, дегені.

Аяттың басында, өздеріңді түзетулерің керек, дейді, бұл – жақсылыққа, Имандылыққа ниеттеніп тілену, озық мәдениетті, Тақуа ғалым адам болуға, Ақыретінде Жәннаттан мәңгілікке орын алуға күш салу, деген сөз.

**«Алладан бұйрықсыз ешбір қайғы-қасірет болмайды...»** («Табағұн» с. 11-а). «Мәида» сүресінің екінші сөйлеміндегі **адасқан біреу** – ұлтына, руына қарамай, Алланы, Құранды мойындамайтын Құдайға қарсы адам. Егер әркім нәпсісімен Алла Жолында күресіп, өзін түзесе, өзін Тақуалыққа бейімдесе («Шура» с. 13-а), Алла оны Тура Жолына салып («Ғанкубуд» с. 69-а), ол Алланың қамқорлығында болады – Алла оған **адасқан біреуді** қарсы келтірмейді, одан қорғайды («Хаж» с. 38-а).

Демек, **«Ондай болмақ, қайда!...»**-деп, қол қусырып жатпау керек, керісінше: **«Ондай болу қолда!»**-деп, ізгі ниетпен талаптану ләзім. Бар Хикмет жүректің көзін ашқанда:

...Жүректің көзі ашылса,

Хақтықтың түсер сәулесі.

Іштегі кірді қашырса,

Адамның Хикмет кеудесі,-деп, өзі айтпақшы, жүректі кірден – күмәннан тазалау – Ақылдың ісі. Жүректегі бұл кір – күмән – қараңғылық. Ал, қараңғылық Ақылдың жолын байлайды:

Наданның көңілін басып тұр,

Қараңғылық пердесі.

Ақылдан бойы қашық тұр,

Ойында бір-ақ шаруасы,-дегендей, жүректің көзі күмән-кірмен жабылып қалғасың, пенде нәпсінің айтқанын қылып байлық жинау мен қарнын тойғызғанына мәз болып жүре береді.

**«Жүректе қайрат болмаса»**,-деп басталатын өлеңі де жігерсіздікті сынаған. **«Жүректе қайрат болмаса, Ақылға сәуле қонбаса»**, ұйқыдағы ойы оянбай, **«...Ақыл, сезім...»** жоқ

«...жаны мен тәні...» бар мал сияқты, «Тереңге бет қоймай» жасай береді. Өзінің Аллаға тән екенін, Алладан келгенін және Аллаға қайтатынын ойламайды («Бақара» с. 156-а).

Қандастарымыздың кертарпа қылығына өмір Шындығынан бір дәлел айта кетейік.

Менің «Ақ жолмен жүрген асылдар» атты кітабымның бас кейіпкері Айбасұлы Қанарбай туралы бір кісі ғылыми еңбек жазыпты. Ол қазақ, өзбек, орыс тілдерінде жұқа кітапша болып шығып елге тараған. Бір Тақуа айтады: «Өзім жасайтын қаладағы бір қазаққа қазақшасын, бір өзбекке өзбекшесін, бір орысқа орысшасын бердім. Өзбек сол заматта-ақ, менің уағызымнан түйгеніне қарап, басын шайқап: «Уа, ғаламат! Бұл Кісінің құрметін орнына қою керек екен!»-деді; орыс: «Негізі зерттеп үйренетін ұлы тұлға екен. Оқып шығамын. ... Бұдан басқа кітаптар болса тауып, тереңірек үйрену жолын қарастырамын...»,-деді. Ал, қазақ: «А-а-а! Қанарбай атама Құдай берген ғой! Ол адамдар өмірге бір келіп кетті. Енді қайтып ондай адам келмейді»,-деп күдерін үзді. Мен: «Өзіңіз ше? Талаптансаңыз...»,-деп сөз бастап едім, сөзімді аяқтатпай-ақ: «Уа-а! Біздерге ондай болу қайда?»-деді...»,-деп бір естелік айтты.

Қазақтағы кертартпалық деген осы. Жақсылыққа талаптану жоқ!

\* \* \* \* \*

Адам төрт негізден: Рух, Жан, нәпсі, денеден тұрады. Абай бабам «**Алла деген сөз жеңіл**»,-деп басталатын өлеңінде, дене нәпсі үшін бар күшін өнерге – табыс тауып баюға салатынын, ал, Рух, Өзінің қуат көзі – Алланы тануға, Онымен бірге болуға ынтықтығын; Оған жету үшін пендеге **шын көңіл, ынта, ықылас, махаббат** қана керектігін; Алла деген жеңіл сөз, оны әркімде айта беретінін және Алланың бар екендігіне шүбә жоғын, Оның Ақылға симайтынын, Оның барлығын тек қана жүрек сезетінін түсіндіріп, тәпсіршілер мен молдалардың бос сөзбен езіп, өздерін де, елді де алдап жүргенін айтады.

Алла «Бақара» сүресінің 45-аятында: «...Расында намаз **ынталылардан** басқаларға ауыр келеді»,-деген. Иә, Аллаға жетуге ынта керек! «Сен де сүй, Ол Алланы жаннан тәтті»,-дегендей, әрбір пенде өзін жаратқан Алланы, жанынан артық сүйі ләзім. Оны сүйетіндер, жоғарыда айтқанымыздай, Оның Сөзінің үстемдігі үшін жанымен, малмен күреседі.

«Шура» сүресінің 23-аятында: «...(Мұхаммед с.ғ.с. оларға:) **«Сендерден Аллаға жақындық махаббаттан басқа ешбір ақы тілемеймін»-де»**,-деген. Алла іздегеніне махаббаты бар адамды ғана мақсатына жеткереді. Махаббаты болмаған адам жеткен нәрсесінің қадірін білмейді. Абай бабамның: «Махаббатсыз дүние бос, Хайуанға оны қосындар»,-дейтіні содан.

Осы, «Махаббатсыз дүние бостың», тағы бір мағынасы – Аллаға махаббат. Себебі, дүниені ұстап тұрған Ол – көктердегі мен жердегілердің Иесі («Бақара» с. 107-а), **«...көктер мен жердің Нұры...»** («Нұр» с. 35-а). Сондықтан Алланы сүймей, Оған тұрақты, мөлдір махаббатын арнамай ешкім Тақуа бола алмайды.

Өлеңнің соңғы шумағындағы:

Ақыл мен хауас барлығын,  
Білмейдүр, жүрек сезедүр.  
Мүтәкәллимін, мантикин\*,

Бекер босқа ездүр,-дегені, «Бақара» сүресінің 78-аятында айтылатын – Құранды жақсы білмейтіндер. Аят: **«Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. Олар тек қана үйретіндіні және бос ойларды ғана ойлайды»**,-деген. Құран түскелі бері бір әрібі де өзгермеген таза Кітап күйінде сақталғанымен, Оны түсіндіру, Мұхаммед (с.ғ.с.) ұқтырған танымнан алшақтау. Бұған біз Аяттар мен осы уақытқа дейін Ислам әлемі әлдеқандай етіп ұстап келген тәпсірлердің үйлеспейтінін дәлелге тарта аламыз. Мәселен, имамдардан бірдеңе сұрасаңыз, Аятпен не ғылым я өмір Шындығымен дәлелдеп нақты әрі қысқа жауап айта алмайды. Хадис тергіштеп, әлденелерді айтып езіп, жалықтырады. «Мүтәкәллимін, мантикин, Бекер босқа ездүр»,-дегені осы езу. Сұрақтарына нақты жауап ала алмаған, құр езуден жиренген атеистер мен ғайридіндер кезінде Исламды демагогияға құрылған, деп қаралаған.

Бұл – білімсіздіктің Исламға әкелген қара күйесі еді. Мұны Абай бабам да айтып, түңілген. Бүгінгі теологтар мен имамдар осы езбеліктен қашу керек. Әрбір сұраққа Аяттармен, өмір

---

\* **Мүтәкәллимін** (арабша) – сөйлеушілер, бұл жерде дінді дәлелдеушілер. **Мантикин** (арабша) – бұл жерде терең ой, қисынды сөз (логика) ғылымына жетік адамдар. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. 1961 жыл. 266-бет.

Шындығымен, ғылыммен өте қанағатты жауап беру шарт. Сонда Ислам Мұхаммедтің (с.ғ.с.) дәуіріндегідей өз күшіне мінеді.

\* \* \* \* \*

Халық: «**Күзе күнде сынбайды, күндердің күнінде сынады**», - дейді. Мұндағы күндердің күні қайсы күн?

Абай бабамыз:

Жамандар қыла алмай жүр, адал еңбек,  
Ұрлық, қулық қылдым, деп қағар көлбек.  
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,  
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек, - дейді.

Бұл **бір күн** қайсы күн?

Бұл – «Әли Ғымран» сүресі хабарлаған – Алла күнәсінің санынын толтырсын (1) деп **мұрса берген күн**; бұл – кешірімі кең Алланың белгілеген мерзімі жеткен күн (2), яғни, «Мәриям» сүресінің 84-аятында (3) ескерткендей, Алланың санап отырған күні толған күн; бұл азапты тағдыр есігін ашқан күн (4), өкініш жанды жейтін күн, сыр жайылып, дос пен дұшпанға таба болатын күн....

Әр нәрсенің шегі барын жақсы білген бабаларымыз, тағдырдан, Алланың қаһарына ұшыраудан сақтандырып, ұрпаққа түсінікті мағынада осы мақалды қалдырған. Алла: «Сондай, **Алланың Аяттарына әрі Өзіне қауышуға қарсы келгендер; міне, солар Рахметімнен күдер үзді. Сондай-ақ, олар үшін күйзелтуші азап бар**» («Ғанкабұт» с. 23-а), - деген. Яғни: «Ұрлық, қулық қылдым, деп...» көлбек қағып жүргендер Алладан үміті жоқтар, Оның Рахметінен күдер үзгендер. Түбінде бұларға, әлбетте, күйзелтуші азап бар.

-----

1. «Әли Ғымран» сүресінің 178-аяты: «Ал және сондай қарсы болғандар, *(құтылдық демесін,)* негізінде, оларға *(Біздің)* мұрса беруімізді, өздері үшін қайырлы, деп әсте ойламасын. **Шын мәнінде күнәларын арттырсын, деп қана мұрса береміз.** Сондай-ақ, олар үшін қорлаушы азап бар».

2. «Фатыр» сүресінің 45-аяты: «Егер Алла адам баласын қылықтары себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жандық қалдырмас еді. Бірақ, оларды **белгілі бір мерзімге дейін кешіктірді. Қашан олардың мезгілі жетсе, сонда Алла Құлдарын толық көреді**».

3. «Мәриям» сүресінің 84-аяты: **Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз.** (Уақыт, мұрса берілетіні: «Рағыд» (32; 38); «Таһа» (129); «Фуссилат» (45); «Шура» (14); «Нұх» (4) сүрелерінде де айтылған).

4. «Сәжде» сүресінің 21-аяты: **«Әрине, оларға зор азаптан бері дүниенің азабын тарттырамыз. Мүмкін райынан қайтар».**

\* \* \* \* \*

Абай бабам жастықтың, қызықты дәуреннің бір қалыпта тұрмайтынын бірнеше өлеңінде айтқан. Солардан бірі **«Тайға міндік»**, -деген өлеңінде атаға, молдаға құлақ аспай, әдемі киім киіп, үкі тағып, ұрланып қашып тойға барып; күлкі бағып, молдадан шала сауат ашып – соған мәз боп, ат жаратып, сән таратып, қадірсіз өткен жастықты айтып, соңында:

Қайын бардық,  
Қатын алдық,  
Енші тиді аз ғана.  
Шаруа атандық,  
Енді ойландық,  
Қала берді бозбала.  
**Бұрынғы қайда?!  
Ойбайла –**

**Не пайда?!**-десе: «Балалық өтті білдің бе?» «Сұм дүние тонап жатыр», «Есіңде бар ма жас күнің...» тағы басқа өлеңдерінде адамның кезеңдерден кезеңдерге өтетінін, әр кезеңнің өз сарынымен аққан судай өте шығатынын айтады. Бұл өлеңдердің хабарын Құранның «Хаж», «Рұм», «Ғафыр» сүрелерінен нақты көреміз.

«Хаж» сүресінің 5-аятында: «Әй, адам баласы! Егер өлгеннен кейін тірілуден күдіктенсеңдер, әрине, **Біз сендерді топырақтан, сосын жыныстық тамшыдан, кейін ұйыған қаннан, ... тағы кесек еттен, ...сосын бөбек түрінде шығарамыз. Одан кейін ер жетесіңдер...»**,-десе, «Рұм» сүресінің 34-аяты: **«...Алла сендерді әлсіз жаратып, ...сосын күш беріп, ...күштен кейін нашарлатып, қартайтты»**, -дейді; ал, «Ғафыр» сүресінің 67-аятында: **«...Алла сендерді топырақтан, сосын мәниден, ...ұйыған қаннан жаратып, бөбек қылып шығарды. Соңыра ержеткізіп,**

қартайтады. Кейбіреуің бұрын өліп, кейбіреуің белгілі мерзімге дейін жетесіңдер. Әрине, ойланарсыңдар», -деп, жастықтың, ағалық дәуірлердің қадірін білуге және қартайып, ауру жағалап, дәрмен кетіп, шекке жеткенде Аллаға жалынбай, сол жастықта, күш тасып тұрғанда Алланың Жолында болуды меңзейді.

Және «Есінде бар ма, жас күнің», -деген өлеңінде:

Есінде бар ма, жас күнің,  
Кімді көрсең – бәрі дос.  
Махаббат, қызық, мал мен бақ,  
Көрінуші еді, досқа ортақ.  
Үміт жақын, көңіл ақ,  
Болар ма сондай қызық шақ.

Құдай-ау, қайда сол жылдар,  
Махаббат, қызық мол жылдар?!  
Ақырын, ақырын шегініп,  
Алыстап кетті-ау құрғырлар.  
Жалынасың, боқтайсың,  
Сағынасың, жоқтайсың.  
Махаббат кетті, дос кетті –  
Жете алмайсың, тоқтайсың.

Көзіме жас бер, жылайын,  
Шыдам бер, сабыр қылайын.  
Жаралы болған жүрекке,

Дауа бер, жамап сынайын,-десе, «Сұм дүние...»,-  
деп басталатын өлеңінде:

Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма?  
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?  
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,  
Желікпен жерге тықпас кісің бар ма?...-деп, өлімді

еске салса, «Адам бір...», -деген өлеңінің қорытындысында:

...Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа –  
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.

Адамды сүй, Алланың Хикметін сез,

Не қызық бар, өмірде онан басқа, -деп, Имандылыққа шақырады.

Өлеңдегі Алланың Хикметін сезу деген – Алла берген ақыл мен сананы дұрыс пайдалан дегені.

Құранның «Бақара» сүресінің 130-аятында: **«Өзін білмеген ақылсыздан басқа кім Ібраһимнің Жолынан бастартады...»**,- десе, «Жүніс» сүресінің 100-аятында: **«Алла азапты ақылын жұмсамай-тындарға береді»**,-деген. Демек, азап көрмей, бақытты өмір сүру үшін ақылды дұрыс жұмсап, Ібраһим жүріп өткен, Мұхаммед үлгісін көрсеткен Жолмен жүру керек.

Ібраһимнің Жолынан бастартатын да, ақылын жұмсамайтын да Аллаға ұнамайды. Алла оларды «Зұхрұф» сүресінің 36-аятында Өзі ескерткендей шайтанға тастайды. Сосын ол, олардың жақын досы болып, «Бақара» сүресінде (257-а) айтқандай, оларды жарықтан қараңғылыққа тартып және ашық дұшпандық жасап, Аллаға қарсы білмейтінін айтуға (168-169-а) үгіттейді. Әбден есін алдырған ақымақ достар: «Қияметке дейін кім бар, кім жоқ», «Сол жаққа барып көріп келген кім бар екен?!» «Алпысқа дейінгі барлық күнәң кешіріледі»,-деген», «Дінде орта жолды ұстан»,-деген», «Діндар да болма, дінсіз де болма»,-деген сияқты азғындықтың үгіті мен тақалын айтып жүре береді.

\* \* \* \* \*

Жаңағы төрт өлеңімен: «Хаж», «Рұм», «Ғафыр» сүрелеріндегі Аяттарды жеткерсе, Құранды терең білген Хакім бабам, **«Балалық өтті білдің бе?»**-деген, он қатар өлеңімен «Ісра» сүресінің 80-аяты мен «Мәида» сүресінің 60-61-аяттарының және «Иасин» сүресінің 68-аятының кұпиясын, сондай-ақ, «Хаж» сүресінің 5-аятының соңғы сөйлемдеріндегі сырларды ашып беріп отыр.

Өлең:

Балалық өтті, білдің бе?  
Жігіттікке келдің бе?  
Жігіттік өтті, көрдің бе?  
Кәрілікке көндің бе?  
Кім біледі байғұстар,  
**Баяндыдан сөндің бе?**  
**Баянсызға төндің бе?**  
Әлде айналып кім білер,  
**Боталы түйе секілді,**



**Қорадан шықпай өлдің бе?**-дейді. 5-6-қатардағы: «...Баяндыдан сөндің бе?»-дегені – Бейіштен қуылып па едің?-дегені; сөйтіп баянсызға – осы жалғанға адам болып келдің бе, әлде хайуан – түйе болып келдің бе?-деген мағынаны беріп тұр. Ал енді бұны Аяттармен талдасақ, «Ісра» сүресінің 80-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **Мені Шындықпен кіргіз де Шындықпен шығар. Әрі Өз қасыңнан жеңіс көмек ет**»-де», -деген. Мұндағы Шындық – Кәлима яғни: «Мен жалғыз Өзіңе Иман келтіріп туылып, сол Иманмен өлейін», -деген сөз. Жеңіс – осы майданда нәпсі мен шайтанды жеңу. Соған көмектес, дегені. «Мәида» сүресінің 60-аятында Алла қарғаған адамның хабарын берсе, 61-аятта: «...Расында олар (қарғалғандар) қарсылықпен кіріп, қарсылықпен шыққан болатын. Алла – олардың не жасырғанын жақсы біледі», -десе, «Иасин» сүресінің 68-аятында, Алла қалаған Құлын жер бастыратынын ал, «Сәжде» сүресінің 5-аятында: «...кейбіреулерің білгеннен кейін, өмірдің түк білмейтін қорына қайтарыласыңдар», -дейді. Бұл қарғалғандардың маймылдар, доңыздар, бұтқа табынушылар болатыны. Абай бабам мұны, боталы түйе, деп сыпайылап жеткерген.

\* \* \* \* \*

**«Абралыға»** атты өлеңі – дін бұзар дүмшелердің көрінісі.

Мен жасымнан көп көрдім,  
Мұсылманды, кәпірді.  
Абралыдай көрмедім,  
Намаз білмес пақырды.  
Қирааәтін оқытып,  
Көріп едім шатылды.  
Ниет қыла білмейді,  
Не қылады нәпілді?  
Намазшамның артынан,  
Құржаң-құржаң етеді;  
Жер ұшық берген кісідей,  
Тоңқандай ма, не етеді?!  
Нәпіл түгіл намазы,  
Бәрі желге кетеді.  
«Еннатыйына кәлкаусар»  
Пошал дереу күнәкар.

Аяғын ойлап айтқаны:  
«Әні – шаны күләптар»  
Осы оқумен намаздың  
Қай жерінде сауап бар?  
Тегін ойлап байқасаң,

Мұнда ми жоқ, құлақ бар,-дейді. Мұндағы бабамның Абралыны кінәлап отырғаны, оның Аяттарды бұзып оқитыны – әйтеуір жаттасам болды, деп өзіне оңайластырып алғаны.

Мұндай пенделер қашанда ел арасында болып келді. Бүгінгі адамзаттың санасы дамыған заманда да ел ішінде бар.

«Мүзәммил» сүресінің 4-аятында: **«...Құранды өте анықтап оқы»**,-деген. Абралы және оның әр замандардағы әріптестері осы Аятты білмегендіктен әрі Исламды дәстүр-салт сияқты түсінгендіктен, дінді нәпсісі үшін қолданып, әйтеуір амал жасайды. Елдің Исламға сенімі осындайлардың кесірінен селдіреді. Мұндайлар бүгінгі заманда да ортамызда жүр...

\* \* \* \* \*

Құранның «Мүрсәлат» сүресінің 23-аятында: **«Оның тағдырын мөлшерледік. Нендей толық күшке иеміз»**,-десе, «Хадид» сүресінің 22-23-аяттарында: **«Жер жүзіне, сондай-ақ, сендерге мүбәда бір бейнет келсе, ол жаратуымыздан бұрын Кітапта жазулы. Шәксіз Аллаға осы жеңіл»**. **«Бұл өткенге өкінбеулерің, өздеріңе берілгенге сүйінбеулерің үшін. Алла бүкіл мақтаншақ, тәкаппарды жақсы көрмейді»**,-деген.

Абай бабамыз:

Жасымда ғылым бар деп, ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң, түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.  
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,  
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?-дейді.

Құран мен хадистер жинағынан бөлек, шығыс даналарының кітаптарын, орыс ақын-жазушыларының кітаптарын, орыс тілі арқылы Гетені, Байронды оқыған бабамыз, бұл біліміне қанағат қылмай «қолымды кеш сермедім»,-деп өкінеді. Бірақ, мұның барлығы жоғарыдағы Аяттарда ескертілгендей, бұрыннан мөлшерлеп қойылған тағдыр.

**«Жаратуымыздан бұрын...»**,-дегенінің бір мағынасы – жасынанғылым бермегені, оны игеріп алып сүйініп, Алланы ұмытып мақтаншақ болудан; ел-жұрттың марапатына ісіп тәкаппар болып, күнәлар арттырудан сақтағаны – Бейішке лайық болып жасасын дегені. Сол үшін жаратудан бұрын, сананы ғылымды кешірек түсінуге бейімдеп жаратқаны. **«...өткенге өкінбеуді...»** айтып отырғаны, бұл – Құлдарының өткенін және алдағысын («Бақара» с. 255-а) жақсы білетін Алланың Өзінің істеп отырған жақсылығы екені. Сосын:

Адамның бір қызығы – бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім.

**Баламды медресеге біл, деп бердім,**

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,-дейді.

Бұл – «Бақара» (27-а), «Мәида» (67-а) сүрелеріндегі Алланың Тура Жолын насихаттауды жалғастыруды тапсырған үкіміне және «Таһа» сүресінің: **«...үй ішінді намазға бұйыр...»**, деген 132-аятына сауатты амал.

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,

Қазақта қара сөзге дес бермедім.

Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,

Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім,-деп, соңын шүкірлікпен аяқтаған. Бабамыздың өлеңін шүкір етумен аяқтағаны да тағдыр Алладан екенін мойындағаны. Демек, біз де әлде қандай жіберген кемшілігімізге өкінбеуіміз керек. Абай бабамызшылап шүкірлік етуіміз дұрыс.

\* \* \* \* \*

Абай бабам: **«Тамағы тоқтық,**

**Жұмысы жоқтық,**

**Аздырар адам баласын...»**,-деген. Бұл жерде: «Қарын тоқ. Азық-түлік жеткілікті – жегенің алдында, жемегенің артында, заман тыныш, денсаулық жақсы, сонда нені қайғыру керек?»-деген сұрақ туады. Ал, қайғыратын нәрсе: «Сол тоқшылық пен бейбітшілікке кім жеткеріп отырғанын түсініп («Ағраф» с. 194-а), соларды сақтап қалудың амалына бас қатыру («Бақара» с. 186-а) – Алла бұйырған садақа, зекет, пітірлерді беріп, Аллаға құлшылық ету («Бақара» с. 214-а); әр нәрсенің шегі барын ойлап («Әли Ғымран» с. 178-а), ертеңім қалай болады?-деп, Алладан байлығы мен өмірінің қайырын сұрау; істеп жүрген

тірлігім дұрыс па, Аллаға ұнай ма?-деп, Аллаға жағатын амалдарды іздеу – істеу...

1929 жылы тәркілеу болды. Талай бай жинаған малынан да, алтындарынан да айырылды. Неге? Себебі олар «Қарыны тоқтықтан...», Ақырет жәйлі, «Нәбә» сүресінің 27-аятында ескертілгендей: «...есепке тартылуды ойламаған еді». «Қарыны тоқтықтан...» аяқ астынан Қиямет келе қалады («Нахыл» с. 77; «Нәміл» с. 71-а), деп қайғырып, Алланы ойлап Оң Жолға қайырылмайтын. Байлығына сенетін. Соның әуесімен жүретін.

\* \* \* \* \*

«Мәида» сүресінің 79-аятында: **«Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тыймайтын болған. Расында олардың істегендері нендей жаман»**,-деген. Бабамыз Құранды насихаттаумен бірге, елдің жамандықтарының барлығын бірнеше өлеңдерінде сынап жазады. Мұнысы – елдің берекесін қашырып отырғандарға әрі жаңа толқынға ескертуі. Яғни, осы Аятқа жасаған амалы.

**«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа»**,-деп басталатын өлеңі жастарға елдің сиқын танытып, оларды еңбекшілдікке шақырады. Өлеңнің кіріспе қатарынан көрініп тұрғандай-ақ, малға дос болған адам Ақырет, елдің-ұрпақтың болашағы, жетімдер мен жесірлердің хәлі сияқты Құран ескерткен, өзіне Ақыреттік пайдасы бар маңызды амалдарды ойламайды. Тіпті, өзінің өмірінің соңғы бөлігі қалай болады? Жинаған малы бұйыра ма, өзіне опа бере ме? Оларды ойламайды, сол малды қалай көбейту жолының қамында қартаяды. Баю үшін өзгелерді алдайды, тапқанына мақтанады...

Өлеңінің соңында: Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,

Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, жылы жүрек,-деп, қайрат пен ақылды іске қосып еңбек етуге үгіттейді. Қазақ: «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы»,-дейді. Мал жинау үшін арды сатпау керек, керісінше, жанды қинап, тер төгіп еңбектеніп, арды қорғау ләзім.

Құран – Нұр. «Әли Ғымран» сүресінің 174-аятында: **«Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. ...сендер үшін бір ашық Нұр түсірдік»**,-деген. Мұны бірнеше сүреде қайталаған Алла, «Нұр» сүресінің 35-аятында: **«Алла – көктер**

**мен жердің Нұры...»**,-дейді. Бұл – не іс бітсе, Алланың Нұрымен бітеді, Алласыз ештеңе болмайды, Алласыз біткен істің Ақыреттік қайыры жоқ, деген сөз.

Өлеңдегі: «...Нұрлы ақыл...»,-дегені – Құранда көрсетілген ақылмен, Жолмен жасауды айтқаны. «Ыстық қайрат...», Құдай берген қайрат-күшті маңдайды терлетіп, белді ауыртып, аяқты талдырып адал еңбек етуге жұмсау керектігі болса, «...жылы жүрек» – отбасына, бала-шағаға, ата-анаға, бауырлар мен көршілерге, жетімдер мен жесірлерге Мейірім көрсету, қайырымдылық жасау, адамгершілік ету. Еңбегін сатып, осы үшеуімен жасаған адам, «Бақара» сүресінің 177-аятына сауатты амал жасаған адам болып, Алланың сүйген Құлына айналады.

Егер бұл үшеуін күллі ел пайдаланатын болса, Алла оларға: **«...көктер мен жердің берекеттерін ашып жіберер...»** еді («Ағраф» с. 96-а). Мемлекет бай әрі берекелі мемлекет болар еді!

\* \* \* \* \*

Алла Құранның «Бақара» сүресінің 255-аятында, пенденің өткен және алдағы өмірін білетіні және «Нұх» сүресінің 4-аятында, әр нәрсенің белгіленген мерзімі бары; «Инсан» сүресінің 30-аятында, адамның қалағаны емес, Алланың қалағаны ғана болатыны, «Мүрсәлат» сүресінің 23-аятында әркімнің тағдырын мөлшерлеп жазғаны айтылған. Бабамыздың: **«Асқа, тойға баратұғын»**,-деген өлеңінде, осы Аяттардың мағынасы баяндалған.

...Асықсаң да шырағым,

**Саған деген Құданың  
Жазылған қандай жарлығы,**

Есіткен жоқ қой құлағың,-десе, бұл – тағдыр жәйін айтқан «Мүрсәлат» сүресінің 23-аятының хабары. Келесі бір шумағында:

**Сен асыққан екен деп,  
Алла әмірін өзгертпес.  
Айтқаның болар ма екен деп,**

**Мен қорқамын көз жетпес**,-дейді. Бұл шумақ «Нұх» сүресінің 4-аяты мен «Инсан» сүресінің 30-аяты.

Ең соңғы шумақтағы: Шыны ғашық жар болса,

Неге өлдім деп налымас.

Онда екеуі кез келсе,

Бірін бірі танымас,-дейді. Иә, Иман келтірген

ерлердің де, әйелдердің де амалдарын ескеретін Алла «Рағыд» сүресінің 23-аятында, «Тұр» сүресінің 21-аятында, Иман келтіргендерді Бейіште бір-біріне қосатынын айтқан. Бұлар қосылып, отбасын құрған жоқ. Сондықтан бірін бірі танымайды.

\* \* \* \* \*

«Һұд» сүресінің 116-аятында, бұрынғы өткен Ақылдылар да жер бетіндегі бұзықтықты тия алмағанын ескерткен. «Сегіз аяқ» өлеңінде біраз жайды толғаған Абай бабам да **«Менсінбеуші ем наданды»**, -деп басталатын өлеңінде:

Менсінбеуші ем наданды,  
Ақылсыз деп, қор тұтып,  
Түзетпек едім заманды,  
Өзімді тым-ақ, зор тұтып.

Таппадым көмек өзіме,  
Көп наданмен алысып.  
Көнбеді ешкім сөзіме,

Әдетіне қарысып, -дейді. Бұл тек Абай бабамның басынан өткен өкініш емес, бүкіл Пайғамбарлардың басында болған. Адамзатта Аллаға – Тура Жолға,

Туралыққа қасарысу әзел-әзелден бар. Қасарысқандар талай Пайғамбарларды өлтіріп те жіберді. Себебі, олар әсілінде «Ағраф» сүресінің 179-аятында ескертілгендей дозақ үшін жаралғандар. Сондықтан ондай тобырды тәртіпке түсіру Алла ерекше ықпал берген, дара біреулер болмаса, кезкелген патшаға да, Данаға да, Көсемге де қиын. Бірақ, «Мәида» сүресінің 79-аятына амал жасап ескерту парыз хәм сүндет.

Кезінде Мұхаммед (с.ғ.с.) те надандардың қылығына қынжылған. Сонда Субхан Алла Тағала: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) ...олар... Иман келтірмесе, артынан кейіп, Өзіңді жоя жаздайсың»** («Кеһф» с. 6; «Шұғара» с. 3-а). **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. ...Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...»**. («Бақара» с. 272-а) **«Біз дозақ үшін де көптеген жындар мен адамдар жаратқанбыз»** («Ағраф» с. 179-а). (*Сен уағызыңды тыңдамағандар үшін күйінбе Н.Қ.*) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.** («Фурқан» с. 56-а) **«...насихат ет. ... Сен бір насихатшысың»**, **«Сен оларды зорлаушы емессің»** («Ғашия» с. 21-22-а) , -деген. Сондай-ақ, түрінен жан шошырлық, елірме, мақтаншақ, дүниепараз, барым-

ташыл, жікшіл, сұрқия, пияншік жұртты өздері ұғынбай, Алла тобық бермей түзеу қиын.

Абай бабам осыны тәжірибе жүзінде басынан өткеріп, кейінгі толқынға да:

Мұндай елден бойың тарт,  
Мен қажыдым, сен қажы!  
Айтып-айтып өтті қарт,  
Көнбеді жұрт не лажы?-деп, сақтануды, надан елден аулақ жүруді ескертеді. Қажу – түңілу ғой.

Осы сияқты мыңмен жалғыз алысқанын сөз еткен **«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?»**-деп басталатын өлеңінде де:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,  
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.  
**Өзі ермей, ерік бермей жұрт қор етті,**  
Сен есірке, тыныш ұйықтат бақ сөзіме,-деп, мұнда да кейінгі толқыннан – заманы, ғылымы дамыған біздерден үміт күтеді.

Бірақ, жоғарғы Аятта айтқанымыздай ескерту шарт. Оны істемесе, Пайғамбарға Иман келтіргені сипатталмайды. «Әли Ғымран» сүресінің 67-аятында: **«Әй, Пайғамбар! Раббың тарапынан түсірілгенді жалғастыр. Егер оны істемесең, Елшілік міндетінді жалғастырмаған боласың»**,-деген. Сондықтан Пайғамбардың үмбеті болғаны үшін бабамыз да ескерткен, сондай-ақ бізге де және әрбір Тақуа Мұсылманға еліне, отбасына Алланың Тура Жолы мен тыйымдарын ескерту сүнет.

\* \* \* \* \*

Келесі, **«Жапырағы қуарған ескі үмітпен»**,-деп басталатын өлеңі де Аяттармен мағыналас.

Жапырағы қуарған ескі үмітпен,  
Қиял қып өмір сүріп бос жүріппін.  
**Жыбыр қағып, көңілді тыншылдайды,**  
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн,-десе, алдыңғы екі қатар, жоғарыда айтқан, ойға сенген Аяттардың түсінігі. Ал, кейінгі екі қатар, **«...Барлықтарыңның барар жерлерің Алла жақ. Сонда Алла сендерге не істегендеріңнің хабарын береді»** («Мәида» с. 105-а),-дегендегі қарттың Алланың алдына келіп тұрған шағының көрінісі және «Ісра» сүресінің: **«Әр адамның қылығын мойнына қоямыз. Сондай-ақ Қиямет күні оның кітабын шығарамыз. Оған ашылған түрде**



кездеседі». «Кітабыңды оқы. Бүгін есеп көру тұрғысынан өзіңе жетесің», - деген 13-14-аяттарына түсінігі.

Ой, дәурен өмір емес, бір көрген түс,

Ойға тойма, қызықты қиялдан күс.

Қарашы өз бойыңа түгел ме екен,

Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш, - десе, бұл шумақтың әуелгі екі қатары бұл дүниенің қызығынан Ақыреттің қызығы артық екенін астарлап аңлатса, ізіндегі екі қатар Құранның: **«Расында жердің олардан нені кеміткенін жақсы білеміз. Жанымызда әр нәрсені сақтаушы бір Кітап бар»** («Қаф» с. 4-а), - деген Аятын еске салады.

Соңғы шумағында:

Төңкеріліп құбылған, жұрт – бір сағым,

Шынға шыңдап қоса алмас ынтымағын.

Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің,

Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым! - дейді. 1-қатар

Алланың адамды әбігерге жараттық, дегеніндей, адамзат әбігерде жүрген, бүгін бар, ертең жоқ, бір сағым екенін ұқтырса, 2-қатардағы **«Шынға...»**, - дегендегі **«Шын»** – Алла, Құран; **«... шыңдап...»**, - дегені пенденің нәпсісін пәктеп, - дегені. Яғни, дүниенің қызығына малтып, әбігермен жүрген сағым жұрт, нәпсісін пәктеп, Алланың Тура Жолына түсе алмай келеді, Тақуалыққа жете алмай жүр, дегені; **«Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің»**, - дегені, **«Қалам»** сүресіндегі (10-11-) мін таққыш, сын таққыш, өсекші ынжықтарға алаңдама, дегені; ал, соңғы қатары **«Мәида»** сүресінің 105-аяты. Яғни: **«Әй, Момындар! Сендер өздеріңді түзетулерің керек. Өздерің Тура Жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесірін тигізе алмайды. Барлықтарыңның барар жерлерің Алла жақ. Сонда Алла сендерге не істегендеріңнің хабарын береді»**, - деген Аятқа шақыруы.

\* \* \* \* \*

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді, ішіне айла сақтап.

Өзіңе сен өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап, - деген өлеңінің 1-2-қатары, **«Бақара»** сүресінің: **«...олар Момындарға кездесе: «Біз де Иман келтірдік»**, - дер. **Әрқашан олар шайтандарымен оңаша қалғанда: «Расында біз сендермен біргеміз, біз оларды тәлкеке қылып қана жүрміз»**- дер», - деген, 14-аятын еске сала-

ды. «Әнғам» сүресінің: «...**әркімнің еңбегіне қарай дәрежелері бар...**», - деген 132-аятының және осы Аятпен мазмұндас бірнеше Аяттардың түсіндірмесі. Яғни, ақылға ерген оқырманын, құр мақтауға ерудей надандықтан сақтандырады.

\* \* \* \* \*

Әсілінде адам жаны Әділдікті, Шындықты ұнатады. Құран сол үшін түсірілген. Құран – Тура Жол әрі жүректегілерге шипа. «Жүніс» сүресінің 57-аятында: «**Әй, адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге шипа, сенушілер үшін Тура Жол және Рахмет келді**», - дейді. Аяттың мағынасы өте түсінікті: «...**үгіт...**», дегені – Алланың Тура Жолына шақыру; «...**жүректегілерге шипа...**», дегені – жүректегі күдік, күмәннан, қорқыныштан құтқарушы екені; «...**Тура Жол...**», дегені – Ібраһим Халиулла жүріп өткен, Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) насихаттап, үлгісі көрсеткен Бейішке алып баратын Хикметті Тура Жол; ал, «...**Рахмет...**», дегені – кімде кім өзінің бет алысынан айнып, Алланың барына және жалғыздығына, Қиямет күнінің Иесі екендігіне сеніп, Тура Жолға түссе, бұрынғы күнәларының кешірілетіні.

Абай бабамыздың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болды да партия», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» «Жүрегім менің қырық жамау» сияқты өлеңдері, әділетсіз ортадағы өмірді және өзінің «Өткір тілді найза етіп», сол ортамен күресін көрсетеді.

Сөйтіп келіп, «**Қуатты оттай бұрқырап**», - деп басталатын өлеңінде, ортасының сөзді, үгіт-насихатты қабылдамайтынына ашынады.

Әр шумақтың қорытындысы осыны түсіндіреді. Атап айтсақ: «Қайран тіл, қайран сөз – наданға қадірсіз», - дегенінде, жүрекке Иләһи дем беретін, Рухани нәр беретін өсиет сөздерді құлағына ілмейтіндерді айтса; «Ойбай, қайран жұрт, ұялмай қал жымжырт», - дегені, елдің ел атымен қимайтын – қайран жұрт екенін, бірақ, Тура сөзді ұқпағандықтан надандықтан шыға алмай келе жатқанына күйінгені; ал, «Ән салар, жадқа алар, түбінде құр қалар», - дегені – ойнап-күлер, менің де әндерімді айтар, мені де жаттарына алар, алайда, Құран сөзін сыйламағасын, менің айтқанымнан тағлым алмағасын, ән салғанынан да, мені жадқа алғанынан да түк пайда жоқ, баяғы жартас – надандығында қалады дегені.

Бабамыздың «Патша Құдай сыйындым», -деп басталатын өлеңінде туралықты, дұрыс ақылды қабылдамайтын тобықты руын айтып, соңында: «О да – Құдай пендесі, Түспей кетер деймісің Тәңірінің құрған тезіне?»-дейді. Рас, Тура сөзге, Әділдікке құлақ аспаған пенде – шайтанның досы («Бақара» с. 168: 257-а). Ондайларға Алла Рахым қылмайды. Олар шартты түрде Алланың тұзағына – дозағына түседі. Бірақ, олардың соған Ақылы, білімі жете ме?

«Ғылым таппай мақтанба», -деген өлеңі түгел Иmandылық Жолына шақыру. Себебі, ғылым, еңбекшілдік, жақсылыққа талаптану, дұрыс ойлай білу – пікірлілік, қанағатшылдық – сабыр, Рахымдылық – қайырым, мейірім қылу; жақсылықтан үлгі алу, шын сөзді тани білу – Мұсылмандықтың басты қағидасы. Ілім-білімсіз, тек намаз, оразамен шектелген Мұсылман – жарты Мұсылман. Ілім мен білім адамды мықты Иmandылыққа, Аллаға, Бейішке алып барады. Құранның түскендегі мақсаты да адамзатты Бейішке лайықтап тәрбиелеу.

Ал, «Сабырсыз, арыс, еріншек», «(Көжекбайға) Бөтен елде бар болса», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «(Күлембайға)», «Сегіз аяқ», «Қажымас дос халықта жоқ», «Бай сейілді», «Антпенен тарқайды», «Қайғы шығар ілімнен», «Қарашада өмір тұр», «Жас өспірім замандас қапа қылды», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қайран елім, қазағым, қалың жұртым» тағы осылар мазмұндас бірнеше өлеңдеріндегі, теріс мінездер сол замандағы надан қазақтың мінезі дегенімізбен, Құранға жүз пайыз қарсы мінездер – ел басына Қияметтің келуіне басты себепші болған надандықтар.

«Ағраф» сүресінің 96-аятында: «Егер ол өлкелердің елі Иман келтіріп, сақтанса еді, әрине, оларға көк пен жердің берекеттерін ашып жіберер едік. Бірақ, олар жасынға – жалғанға шығарды. Сол қылмыстары себепті оларды қолға алдық», -дейді. Иә, елдің, жалпы еліміздің қалмаққа қан майдан болғанына, Ресейге отар болуына Абай бабам өлеңдері мен қара сөздерінде келтірген: алауыздық, мақтаншақтық, тәкаппарлық, барымта, ұрлық, паракорлық, жалқаулықпен үй тентіреп қазан

анду, өсек тарату мен өтірік айту, алдау, арзымасқа арын сату, «Түңлікбайдың қатыны...» Шәріпке айтқандай, зинақорлық...

Егер елде қарсылық болмай – ауызбіршілік салтанат құрғанда, ел «Ниса» сүресінің 59-аятына амал қылып, басшыға бағынғанда; басшы: «Алланың маған берген бұл лауазымы – дәрежемді көтеруі «Әнғам» сүресінің 165-аятында Өзі ескерткендей сынақ қой. Адал болайын!»-деп, Имандылықтың Жолын ұстанғанда; имамдар мен молдалар, билер мен байлар бәрін Көріп, Есітіп, Біліп отырған Алладан қорқып дұрыс жүргенде, ел Ресейге барып қосылмас еді, Құдай Мұсылман қылып жаратқан Ұлы қазақ, Алланың қамқорлығында («Тәубе» с. 116-а) Тәуелсіз өмір сүрер еді.

**«...Елшісін Туралық және Хақ дінменен, бүкіл діндерге басым болсын деп жіберген...»** Алла, бұл дінге бағынбаған **«...бұзық елден разы болмайды»** («Тәубе» с. 33; 96-а). Құранның «Әли Ғымран» сүресінің 4-ші, 177-ші және бірнеше сүрелердің Аяттарында, Аяттарын тыңдамағандарға күйзелтуші азап, ауыр жаза барын ескерткен.

Солардан бірі – «Мәида» сүресінің 54-аятында: **«Әй, Момындар! Сендерден кім дінінен шықса, Алла жедел бір қауым әкеледі.** Алла оларды жақсы көреді және олар да Алланы жақсы көреді. Момындарға қарсы жұмсақ, кәпірлерге қарсы қатал, Алла Жолында соғысады. Сөгіс берушілердің сөгісінен олар қорықпайды. Осы – Алланың қалағанына беретін ілтипаты. Өйткені, Алла – өте Кең, аса Білуші», -десе, «Әнғам» сүресінің 89-аяты: **«Міне, бұлар өздеріне Кітап, даналық және Пайғамбарлық бергендеріміз. Егер енді бұлар қарсы келсе, қарсы келмейтін бір елді оларға уәкіл етеміз»**,-дейді. Екі Аятта тіп-тіке біздің елге тиесілі. Аталарымыздың қолында Құран болды, олар сахих хадистерді білетін еді, олар қайта-қайта шапқыншылыққа ұшырап, өмір Шындығынан, Алладан басқа қамқоршы жоғын білді, сонда да Ислам Жолын сауатты ұстай алмады; сосын Алла Өзінің белгілеген Жолында («Мәида» с. 48-а) жақсы жүрген, қазақтың сөгісінен қорықпайтын Ресейге отар қылып қойды.

Алла «Тәубе» сүресінің 7-аятында сақтанған Құлын жақсы көретінін, «Хаж» сүресінің 38-аятында Кәлима келтірген Құлын қорғайтынын ескерткен. Ал, сақтық қылмайтын пәмсізді, Кәлимасына адалдық етпейтін мұнафиқты Өзінің салған ереже-тәртібімен жүргендер арқылы жазалайды. Мұны өз еліміздің 1731-1991 жылдардағы тарихынан жақсы білеміз.

«Әнфал» сүресінің 17-ші, «Тәубе» сүресінің 14-аяттарында Өзінің айтқанымен жүрмегендерді Өзінің айтқанымен жүргендер арқылы жазалайтынын ишаралаған.

Бұған бірінші дәлел – «Әли Ғыман» сүресінің 138-аяты. Онда: **«Бұл Құран – адам баласы үшін ашық түсінік, Тура Жол және Тақуалар үшін насихат»**, -деген. Демек, Құран барлық адам баласына ортақ Тура Жол.

Екінші дәлел – «Мәида» сүресінің 48-аяты. Христиан дініндегілер Аллаға серік қосқан, олардың діні Алланың құзырында қабыл болмайтын дін болғанымен («Әли Ғыман» с. 85-а), олар, Алланың өздеріне бекіткен **«...жол-жобамен ... жақсылыққа жарысып»** амал жасап келе жатыр. Яғни, олар да Алла тапсырған: ауызбіршілік («Әли Ғыман» с. 103-а) пен Әділдік («Ниса» с. 135-а), ғылымшылдық («Мүминұн» с. 68-а) бар! Сондықтан олар әрқашан және тұрмыс-тіршіліктің әр саласында жеңіскер.

Өстіп: **«Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ»**, -деген, Абай бабам: **«Ит маржанды не қылсын»**, -деген, **сөз бар, Сәулесі бар жігіттер бір ойланар»**, -деп, өлеңдері арқылы да, қара сөздерімен де Құранды, Имандылықты, бірлік пен Әділдікті насихаттаған. Ішпеген уы қалмаған – іші у мен дертке толы бабамыздың кеңестерін өз замандастары түсінбеді. Біз түсінуге міндеттіміз.

Сонымен біз Абай бабамыздың өлеңдерін зерттеу арқылы Құранның бірнеше Аяттарының мағынасын аштық, бабамыздың ілім-білім деңгейін таныдық және бабамыздың замандастарының мінез-құлқы мен таным-түсінігін үйрендік, сондай-ақ, еліміздің не себепті Аллаға жаман көрініп, Ресейге отар болғанының мәнін түсіндік. Бұл бүгінгі бізге сабақ болуға тиіс. Анықтап айтсақ, енді біз Алланың берген нығметтеріне шүкірлік етіп, тыйғандарынан тыйылып, әмірлерін орындап, ғылым ізденіп Тақуалығымызды байытып, Абай бабам тізіп көрсеткен надандықтардан жиіркеніп, жалғыз Алламен бірге жасауымыз керек. Сонда Тәуелсіздігіміз баянды болып, тірлігімізде өзіміз армансыз жасаймыз, келешекте ұрпағымыз бақытты өмір сүреді.

Бабамыздың өлеңдері мен қарасөздерінен, Аяттар мен мақал-мәтелдерден және көргендеріміз бен оқыған, есіткендерімізден жақсы сабақ алып, Алланы толық танып, Тақуалық мектебінің озат оқушысы болайық!

## Екінші бөлім

### Құран және бабалар байламы

#### «Сәлеміне қарай алымы, тағылымына қарай танымы»

Бұл – «Ниса» сүресінің 86-аятының Алла Тағала қалаған аузы дуалы бір жүректерге салған түсіндірмесі.

Мақалды: «Сәлем – Бейіштің сөзі», «Сәлем – Алланың бір есімі», -деп те жастарға ата-анаға, үлкендерге сәлем берудің жөнін түсіндіріп жатса, «Сәлеміне қарай әлігі, көргеніне қарай тәлімі», -деп те, «Сәлеміне қарай әлігі, аяғына қарай кәлібі»\*, -деп те дұрыс сәлем бергенге жақсы жауап қайтарылатынын айтады.

«Сәлеміне қарай алымы...» болатыны, бірде Мұхаммедке (с.ғ.с.) бір мүшрік жаман мағыналы сөзбен сәлем береді. Расулалла да солай қайтарады. Сөздердің мағынасын байқап қалған Айша анамыз Расулалладан неге басқаша әлік алғанын сұрайды. Сонда Ол сәлем берушінің сөзінің астарында Мұхаммедке өлім тілеуі болғанын айтады.

Сондай-ақ, әркім өзінің көрген үлгісіне қарай сәлем берсе, біреулер өзінің өскен ортасының әдетімен сәлемдеседі. Біз көз ашқалы: «Ассалаумағәлейкүм», «Уәғалайкүмүссәләм» деген сәлемдесуді есітіп өскенбіз. Кейде бұзылып: «Салаумағәлейкүм», «Уәликісәлам» немесе: «Ассалаумағәлейкүм», «Уәликісәлам ассалаумағәлейкүм» және: «Саумайкүм», «Әліксәлам» болып айтылады.

Атеистік уағыздың әсерімен сәлемдесудің бұл мәдениеті тіпті бұзылып: «Сәлем», «Саламатсың ба?»-деумен шектелетін болды.

Исламда біреу: «Әссәламуғәлейкүм», десе, «Уа ғәлейкүмүсәлам уә Рахматуллаһ», деп; егер ол: «Әссәламуғәлейкүм уә Рахматуллаһі уә бәракатүһі», десе, сен: «Уа ғәлейкүмүсәлам уә Рахматуллаһі, уә бәракатүһү», деп жауап қайтар», -дейді (Халифа Алтай). Бұл Құраннан алынған сәлемдесу. «Ниса» сүресінің 86-ая-

---

\* «Сәлем» – сәлем, «кәліп» – қалып, аяқ киім тігетіндердің «өлшеуіш» құралы.

тында: **«Қашан сендерге сәлем берілсе, одан жақсырақ немесе соның өзін қайтарындар. Шәксіз Алла – әр нәрседен Есеп Алушы»**,-деген. Сәлемде сәлемдескен екі адамның арасындағы түсіністікке, көзқарасқа, сыйластыққа қатысты терең мән бар. «... **Шәксіз Алла әр нәрседен Есеп Алушы»**,-деген хабардың мәнісі осы. Сәлем жүрекке жағымды, құлаққа тәтті болса, Имандылық күшке мініп, шайтан төменшіктейді, тіпті, қарасын көрсетпей кетеді. Сәлемдескен екі адам сыйласады (1). Ал, сәлем керісінше болса, екі ортаға салқындық килігіп, «Зұхрұф» сүресінің 36-аятында ескертілгендей (2), шайтанға орын беріледі. Мұның ізі құрметсіздікке, алауыздыққа, дұшпандыққа алып барады. Екеуінің де мойнына құрық салған шайтан, оларды іштей кіжіндіріп, біріне бірін айдап салады. Сондықтан Алла «Ісра» сүресінің 53-аятында: **«Құлдарыма айт! Ең сыпайы түрде сөйлесін. Өйткені, шайтан араларына бұзақылық салар. Расында шайтан – адамдар үшін ашық дұшпан»**,-деген. Ал, сыпайы сөйлеудің де басы – сәлемдесу мәдениеті.

Міне, Алладан кеңес осылай. Кімде кім әдемі сәлем беріп («Ниса» с. 86-а), сыпайы сөйлемесе («Ісра» с. 53-а), оған шайтанды ерікті қылып («Зұхрұф» с. 36-а), ол оны күнәларға батырады. Бұл – Алланың есеп алуының басы («Ниса» с. 86-а).

Құранның «Тәубе» сүресінің 7-аятында (3) Алла сақтанған Құлдарын жақсы көретінін; ал, «Ахзап» сүресінің 70-аятында (4) Өзінен қорқып дұрыс сөз сөйлеуді ескерткен. Дұрыс, шын ықыласпен сәлемдесу де – сақтықтың, дұрыстықтың кепілі. Алла Аяттарына қарсы келгендерден өш алады (5), сондықтан сауатты сәлемдесу керек.

Халқымыз: «Сәлем – сөздің анасы»,-деген, мұның бірінші мағынасы сөйлесуден бұрын сәлем беріледі болса, екіншісі, сәлем берушінің парасатының өлшемі. «Сәлемі жараспағанның, сөзі де жанаспайды»,-дейді. Сіз-біздік пен елдікте сәлемнің орны үлкен.

Себебі, сәлем – Алланың бір есімі және Бейіштің сөзі әрі Періштелердің сөзі (6). «Жүніс» сүресінің 9-10-аяттарында: **«Расында сондай Иман келтіріп, ізгі іс істегендердің Имандары себепті**, Раббылары оларды астарынан өзендер ағатын Нағым Жәннатының Жолына салады». «Олардың Ондағы дұғалары: «Әй, Алла, пәксің!» **Әрі олардың Ондағы аманда-**



сулары: «Сәлем!» және олардың дұғаларының соңы: «**Барлық мақтау әлемдердің Раббы, Аллаға тән!**»-деу болады»,-десе және бірнеше сүреде: «**Олар Жәннатта сәлемнен басқа бос сөз естімейді...**» («Мәриям» с. 62-а), «Олар Жәннатта бос не күнәлі сөз естімейді», «**Еститіндері: «Сәлем», «Сәлем»-деген сөздер ғана**» («Уақиға» с. 25-26-а), «**Олар Аллаға жолыққан Күні амандары: «Сәлем» болады...**» («Ахзап» с. 44-а), «Раббыларына қарсы келуден сақтанғандар, топ-топ болып Жәннатқа жолданады. ... Оның сақшылары: **Сендерге сәлем! Қош келдіңдер! Жәннатта мәңгі қалатын түрде кіріңдер**», -дейді», -деп сәлемнің Алланың құзырындағы салмағын аңдатады.

Аяттар мен мақалдарға көңіл бөлейік, Алла беріп отырған мүмкіндіктен өте тиімді пайдаланып, сәлем – Жәннаттың Сөзі екенін мойындап, дұрыс амалдар жасап, өзіміз өмір сүріп жатқан Тақуалық мектебінің озат оқушысы болайық!

- - - - -

1. «Фурқан» сүресінің 63-аяты: «**Рахманның Құлдары жерде сыпайы түрде жүріп, оларға білместер тіл тигізсе де: «Сәлеметшілік», деп дұрыс жауап береді**».

2. «Зұхрұф» сүресінің 36-37-аяттары: «**Әлде кім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да ол оның жолдасы болады**». «**Күдіксіз шайтандар оларды Тура Жолдан тосады. Олар өздерін тура жолға түсірілдік, деп ойлайды**».

3. «Тәубе» сүресінің 7-аяты: «Ол мүшріктердің Алланың қасында, Елшісінің қасында қалай келісімі болады? Бірақ, Месжід Харамда бітім жасасқандардікі болады. Олар сендерге түзу сыңай байқатса, сендер де оларға түзу ыңғай көрсетіңдер. **Алла сақтанушыларды жақсы көреді**».

4. «Ахзап» сүресінің 70-71-аяттары: «**Әй, Момындар! Алладан қорқындар да дұрыс сөз сөйлендер**». «**Алла істерінді оналтып, күнәларыңды жарылқайды**. Сондай-ақ, кім Аллаға, Елшісіне бойұсынса, (дұрыс сәлемдесіп, сыпайы сөйлесе) әрине, ол ұлы табысқа ие болады».

5. «Әли Ғыман» сүресінің 4-аяты: «**Бұрын адамдарға Тура Жол еді. Және парық қылатын мұғжизаны түсірді. Расында Алланың Аяттарына қарсы келгендер үшін қатты азап бар. Алла – өте Үстем, өш алу Күшіне Ие**».

6. «Һүд» сүресінің 69-аяты: «Расында Елшілеріміз Ібраһимге (ғ.с.) хош хабармен сәлем берді. Ібраһим олардың сәлемін алып, сосын дереу пісірілген бұзау әкелді».

«Хыжыр» сүресінің 52-аяты: «Сол уақытта Періштелер Ібраһимнің (ғ.с.) жанына кіріп: «Сәлем» дегенде, Ібраһим (ғ.с.): «Біз сендерден қорқамыз», - деді».

«Зәрият» сүресінің 25-аяты: «Олар Ібраһимге (с.ғ.) кіргенде: «Сәлем», - десті. Ібраһим (ғ.с.) де оларға: «Сәлем, бөгде қауым», - деді».

\* \* \* \* \*

*Алла Тағала «Таһа» сүресінің 132-аятын  
«Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны аласың», - деген  
мақал арқылы оқытып отыр*

Мақал тіке мағынасында құсқа байланысты көрінгенімен, бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Бәлкім, Құдай аузына салған кісі, бір отбасын жақсы білген шығар, сол үйден шыққан баланың пәм-парасатына қарап осы мақалды айтқан болар.

Бұл мақалдың: «Шыбықты қалай исең солай өседі», - деген егіздей сыңары бар. Екеуі де бала тәрбиесіне байланысты.

Құранда Алла бала тәрбиесіне белгілеп сүре арнамаған. Бірақ, «Таһа» сүресінің 132-аятында: **«Үй ішінді намазға бұйыр және өзін де оған көңіл бөл. Біз сенен ризық тілемейміз. Біз сені ризықтандырамыз. Соңғы табыс Тақуаға тән»**, - деген. Біздің тақырыбымызға тиесілісі бірінші сөйлем болса, мұндағы **«Үй іші...»**, - дегені: сол үйдегі әйел мен балалар, әлбетте. Алайда, оларға ауызекі айтқанмен үлгі көрсеткеннің аспан мен жердей айырмашылығы бар. Алла Тағала «Саф» сүресінің 2-4-аяттарында: **«Әй, Момындар! Істемейтін істеріңді неге айтасындар?» «Істемейтін істеріңді сөйлеулерің, Алланың қасында зор ашуға себеп болады». «Күдіксіз Алла Өзінің Жолында мықты қаланған дуалдай сап болып соғысқандарды жақсы көреді»**, - дейді. Баршаға белгілі Құрандағы әрбір Аят бірнеше мағына береді. Бұл Аяттар бір қарағанда соғысқа тиесілідей көрінгенімен, жеке бастағы және отбасындағы шайтандармен күресуді де айтып отыр. «...Өзінің Жолында мықты қаланған дуалдай...», - дегені, отбасымен түгел Имандылықта болудың үкімі.

Енді «Таһа» сүресінің 132-аятының үкімі мен осы соңғы Аяттарды топшыласақ, отбасын намазға бұйыру үшін алдымен бұйырушының өзі намаз оқуы керек екен. Сонда бұл бұйыру – Тақуалықтың бұйыруы болады екен.

Бақырам есімді ферма менгерушісі бар еді. Өзінің әуелден бабалары бай болған. Кеңес үкіметі келгенде, малын үкіметке беріп, көптің қатарына қосылды. Бірақ, әзелден Алла несібесін ұлық еткен адамдар емес пе? Әлгі кісі ферма менгерушісі болды да байыды және осы қызметте өмірінің ақырына дейін жүрді.

Бұл Әсияға үйленіп, екеуі он шақты перзент сүйді. Балалары ферма орталығындағы балалардың кимегенін киді, ішпегенін ішті. Айналасындағы балалар бұларға қызығатын, жалтақтап жүретін. Осылай өскен балалардың үлкен екеуі есейе келе тәкаппарлықты шығарды.

Міне, осы екеуінің ақыры оңбады. Біріншісі екі мәрте үйленді, екіншісі үш рет. Ажырасқан әйелдері балаларымен кетті. Өздері ортақ тіл табысып елмен де араласа алмады. Ата мен анаға осы екі баланың тағдыры ой салып жүретін, бұларға ең кенже қызының тәкаппарлықтан тапқан тағдыры қосымша болды.

Ол бір қыз туды. Арадан ай өтпей құдасы мен құдағайы және күйеудің өзі бірге келіп, қызының қылығын айтып, тастап кетті. Бақырам мен Әсияға ұлдарының күйігінен, бұл күйік ауыр келді.

Елге ақыл айтып, біреулердің кемшілігіне кейіп, артық сөздер айтып, елді жиып-тиып жүрген Бақырам екі ұлы мен кенже қызының тағдырына қиналды. Әсия да іштей азып-тозды. Жұбанарға шара таппай, ақылдарына Алла келді. Алланың Жолдарын бұрын да естеріне алғанмен шайтан алдын кесіп, кері қайтаратын. Бұл ретті, Алланың тағдыры шайтанның азғыруынан басым түсіп, екеуі де намазға ұйыды. Бұларға қызығып немерелері де намаз оқыды. Немерелерінің мұнысына сүйінгенімен ана тәкаппар үшеуінің жүрісі, тіршілігі ұждандарын тырнайды. Оңаша да зарлап отырып, солары үшін кешірім сұрайды. Бірақ, кеш болған еді. Алла Құранда Қиямет келгеннен кейінгі үгіт пайда бермейтінін ескерткен.

Екеуі де емсіз ауруға ұшырады...

Қайғысы ішіне сыймай жүрген отағасы, бірде бір жақын досына: «Өттең! Балаларымды райком болат, директор болат, деп теріс армандаппын. Бұларды бастан-ақ, намазға жығып, лауазым-несібесін Алладан сұрауым керек екен ғой!...»-деп өкініпті. Бұл

өкінішті досы бұлар дүниеден өткеннен кейін, немерелерінің ел сыйлаған жақсылар болып, өсіп келе жатқанын көріп, сүйсініп оларға өсиет ретінде айтып беріпті. Содан жәйлап-жәйлап елге жайылып, бізге жеткен еді.

Сөйтіп, әке-шешесінен тәкаппарлық көріп өскен екі ұл мен бір қыз оларға күйік болған еді, Имандылыққа қайтқан ата мен әжеден дұрыс үлгі көріп, олардың үгітіне иілген – жас шыбықтар Тура Жолда бақытты өмірге жол тартты.

Міне, бір ұядағы екі ұрпақтың көрінісі осылай.

«Екі дүниенің абат болсын, екі тойың қабат болсын», - деген, мақал «Бақара» сүресінің 201-аятының оқытылуы. Аятта бұл дүниенің және Ақыреттің жақсылығын тілеуді ескерткен. Пенде Құранның қазақшасын жақсы меңгеріп, Алламен бірге жүрсе, перзенттері ізінен ерсе, ол жастығында да, Ақыретінде де бақытты өмір кешеді.

\* \* \* \* \*

*«Мәида» сүресінің 79-аятының түсіндірмесі –*  
**«Қызым, саған айтамын; келін, сен тыңда»**, - деген мақал

Келінің кемшілігін қалай айтудың есебін таппаған қайын атасы, осылай деп, қызына кемшілігін айтқан болып, келініне кемшіліктерін ескертіп, Ақыл айтыпты. Қазақта: «Құдаң сыйла-маса, қызыңнан көр», - деген мәтел де бар. Себебі, әрбір ата-ана келінінің тәрбиелі болғанын жақсы көреді. Бұрынғылардың ел аралап жүріп баласына қыз іздейтіні де содан. Ал, келіні көргенсіз, тәрбиесіз болса, ұрпақ бүлінеді. Сондықтан, аталарымыз бұл мәселеге қатаң қараған. Алған келіні көңілінен шықпаса: «Саған сеніп қызыңды келін қылып едім, тәрбиелей алмапсың ғой!» - дегендей, оның ата-анасына салқын қараған.

Тақырыпқа сайсақ бұл мақал, алдымен Құранның «Мәида» сүресінің 79-аятының үкімі болса, екіншіден, «Бақара» сүресінің 251-ші, «Хаж» сүресінің 40-аятының түсіндірмесі.

Аяттарды оқиық. Бірінші сүреде: **«Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тыймайтын болған. Расында, олардың істегендері нендей жаман»** («Мәида» с. 79-а), - деген. Мағынасы – кемнің де болса Имандылыққа қайшы кемшілігін, жамандығын айтып, Тура Жолға үгіттеу керектігі. Себебі, Тура Жолға шақыру – Алланың: **«... жалғастыруын бұйырған...»** («Бақара» с. 27-а)

нәрсесі. Мұны орындамағандар зиянға ұшырайды (осы 27-а). Сондықтан Алла адам баласын біріне-бірін ескертуші, біріне-бірін қорғаушы етіп қойған.

Келесі сүрелерді оқиық. «Сонда олар, оларды Алланың бұйрығымен жеңіліске ұшыратты. Дәуіт Жалұтты өлтірді. Алла Тағала Дәуітке патшалық, даналық берді. Әрі оған қалағанын үйретті. **Алла Тағала адам баласының бірін-бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді. Алла – бүкіл әлемге Кеңшілік Иесі**», «Олар сондай – «Раббымыз – Алла», -дегендіктерінен ғана жұрттарынан шығарылғандар. **Егер, Алла адамдарды бірін-бірі арқылы қорғамаса**, Монастрлар, Шіркеулер, Яһудилердің құлшылық орындары және ішінде Алланың аты көбірек зікір етілетін мешіттер құлатылар еді. **Кім Алла Жолында жәрдем етсе, Алла оған жәрдем етеді. Шәксіз Алла – аса Көруші, тым Үстем**», -деген.

Бұл Аяттардың үкімі, әлбетте, тәрбиенің бесігі – отбасында орындалуы үлкен Иmandылықтың белгісі, орасан сауаптың кепілі.

### **«Бала – отбасының айнасы»**

Мақалдың мағынасы өте ашық. Жоғарыда айтылған – «Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны аласыңның» баламасы. Екі мақал да бала арқылы сол отбасының қандай жандардан құралғанын көрсетеді. Ал, енді осыны дін тұрғысынан алсақ, кімнің ұстанып жүрген діні адамгершілікке қай дәрежеде жақын не алыс екенін дәлелдейді. Егер Мұсылман отбасын құраған ата мен ана таза Иmandы болса, балаларын да сол Иmandылықта тәрбиелейді. Өзге жұрт сол балалардың жүріс-тұрысы мен адамдарға мәмілесінен, ортасына құрметінен қандай жанұяда тәрбиеленгенін көрсетумен бірге, ата-анасының Иmandылығының, парасат пайымының қаншалықты дәрежеде екенін де біледі.

Сондықтан Алла «Мәида» сүресінің 48-аятын: «...Сендердің әрбіреуің үшін бір жол-жоба қойды. ...қаласа барлығыңды бірақ үмбет қылар еді. Алайда, сендерге берген жол-жобаларыңда сынамақшы. **Ендеше жақсылыққа жарысыңдар**. Біртұтас барар жерлерің Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселеріңді білдіреді», -деп аяқтаған. «...жақсылыққа жарысыңдар», -дегені жақсылықтар жасаудан жарысыңдар, дегені.

«Менің дінім дұрыс», «Менің мәһабым дұрыс», дейтіндер уағызбен емес, амалмен өзінің дінінің не мәһабының адамгершілікпен қаншалықты тұтас екенін дәлелдеуі ләзім.

Өтірік айту мен өсек тыңдаудан; арақ ішіп, темекі шегуден; ұрлық жасау мен барымташылдықтан; бұзықтықтар істеу мен адамдардың, ұлттардың, діндердің арасына іріткі салудан жарысатындардың; үйінен алып шыққан қоқысын көшеге лақтырып кететіндер мен қоғамдық тәртіпті, заңдарды мойындамайтындардың нашар отбасынан шыққанын бірден түсінеміз. Ал, осындай түсініктегі дін ұстаушылардың діні адамгершілікпен бір мақсаттағы дін деп айта аламыз ба?!...

Поляк жорналшысы Янушкевичтің, жер бетінде тек қазақтар жасайтын болса, дүниені тегін айналып шығар едім, дегені, біздің бабаларымыздың «Бақара» сүресінің 177-аятына сауатты амал жасағаны болып, ол амалдар ұлтымыздың және ұстанған Мұсылман дініміздің беделін жаһанға жариялады. Міне, әлгі Аяттағы жақсылыққа жарысындар, дегендегі жарысу осы.

Бір танысым: «1970 жылы, Қарауылтөбеде мал бағып отырғам. Бір күні сәскеде, қойымды ауылға беттетіп, есекпен келе жатсам, жол үстінде бөтен жеңіл мәшін тұр.

Қасына келдім. Орыстар екен. Екі әйел, бір еркек. Темірлерін шашып тастапты.

Мен тіл білмеймін. Білген «іздірәстіні» айтып, сәлем бердім. Олар үндеген жоқ. Түсінбеген шығар,-деп, бір жағынан қате айттым ба? Сәлем беріп нем бар еді!-деп іштей қысылып та қоямын.

Үйге келдім. Мен шайымды ішіп болғанша қойларым да ақпанаға жетті. Оларды суға қандырып, жатаққа тастап, төбеге шықсам, әлгі мәшін әлі тұр екен.

Күн түстікке көтеріліп, топырақ аяқ күйдіретіндей ысып келеді. Содан бұларға жаным ашыды. Үйден су, ет пен нан алып, есегіммен әлгілерге бардым. Сасқанымнан және «іздірәсті», -деппін. Сосын суды көрсеттім. Егделеу әйел, ернін жыбырлатып, жымыып, қасыма келді. Байқадым көзіне жас келді. Бірдеңелер айтып жатыр.

Суды алды. Мен нан мен етті де ұсындым. Бірдеңелер дейді, түсінбеймін, әйтеуір «іспәспәсі» бар. Ішімнен маған риза болғанын білдім. Мәшінінде стақаны бар екен.

Қайдан келе жатыр, қайда бара жатыр? Оны сұрай алмаймын.

Еркек те жұмысын қойып, қолын сүртіп, менің қолымнан алып, «іспәспә», - деді. Үндемей қайттым», - деді.

Бұл – Құранның «Бақара» сүресінің 177-аятында айтылған, жолда қалғандарға көмектесу – Тақуалықтың белгісі. Жаңағы 48-аяттағы: «...**Ендеше жақсылыққа жарысындар...**», - дегені осы. Шопанды шопан дегенімізбен оның жүрегінде жалғыз Аллаға шүбәсіз мықты сенім бар. Сондықтан ол Алла үшін жақсылықтар жасауда жарысып, жолда қалғандарға көмектесті. Ол мұнысымен өз ұлты мен дінінің ұлы дін, ұлы ұлт екенін көрсететінін ойлаған жоқ. Алланы ойлап істеді. Жолаушылар өте риза болды. Алла осынысы үшін оның өзінің де, ұлты мен дінінің де дәрежесін көтерді.

Қайсы бір жылы «Ислам және өркениетте» Мұсылмандардың фирмасына келіп істеген орыс тілді славян қызының Мұсылмандардың әдептілігі мен тазалығына, мәдениеттілігі мен Әділдігіне риза болып, Мұсылман дінін қабылдағанын оқып едім. Жақсылық жасаудан жарысудың дінге әкелетін пайдасы осындай – әріптестеріңнің, ниеттестеріңнің санын көбейтіп, сапасын арттырады.

Менің атырабымда бір-екі орыстанып кеткен қазақ бар. Қалғаны түгелдей басқа діндегі орыс тілділер. Біз олардың барлығымен ортақ тіл табысып сыйласамыз.

Таңғы серуенге шығып, бір айналып келіп, есік алдындағы орындыққа отырдым.

Жолдар жөнделіп жатқан. Бір әйел, бала арбасын жүргізе алмай, баласын қолына алып, арбасын қинала итеріп келе жатты. Орнымнан тұрып барып, сәлемдесіп, арбасын көтеріп, үйіне апарып бердім. Ол алғысын ақтарып, ризашылығын білдіріп жатыр.

Орныма келіп отырдым. Он-он бес минуттер өте бере әлгі әйел қасымнан қайта өтті.

«Дереу қайттыңыз ғой?» - деп едім: «Енді жұмысқа», - деді. Мен: «Жолыңыз болсын!» - дедім. Ол артына қарап, жымып, алғысын айтты.

Көршілеріммен жақсы сыйласамын. Үйдің айналасының тазалығына да мұқият қараймын. Балалар түнімен жүреді. Көше тазалығына қарамайды. Мен тас па, қағаз ба ерінбей жинап қоқысқа апарып тастаймын. Көршілеріме жылы мәмілелілігімен бірге бұл қырыммен де сыйлымын.

Мақсатым өзімді ғана емес, Ислам дінінің қандай дін екенін көрсету.



Әр түрлі адам бар. Алғашқы кездері көрші әйелдер, қысылмай, жолымды кесіп өте беретін. Жылдар өте бере білді. Бір күні бір әйел алдыма кесе көлденең келді де, өтуіне бір қадам қалғанда қалт тұрды. «Өтіңіз, өтіңіз», - дедім. Ол: «Жо-оқ! Бізде әйел адам ер кісінің алдын кеспейді...», - деді. Бұрын сірә, өзге дін адамынан есітпеген әдебім еді. Мен алғысымды айтып, Мұсылман дінінде де осылай екенін, бұл негізі Ібраһим Халиулланың Жолы екенін айттым...

Арадан жылдар өтіп, 2020 жылы қала ішінде жүретін автобусқа міндім. Орын жоқ екен. Тік тұрдым. Бір славян әйел орын ұсынды. Мен ризашылығымды білдіріп, тартынып билетші әйелдің бос орнына отырдым. Ол келгесін орнымнан тұрдым. Әлгі әйел: «Ер Азамат! Сіз бұлай түрегеп тұрғанда мен жәйлі отыра алмаймын. Отырыңыз», - деп, орнынан тұрды. Қарсылығымды тыңдамады. Мен өзіне және осылай әдептілікке тәрбиелеген ата-анасын қоса алғыс айттым.

Басқа діндегілер Аллаға серік қосқанымен, олар өз діндерінің беделін халық арасында қоғамдық тәртіпті сақтау мен ғылымшылдығы арқылы көтеріп келеді. Сондықтан да көптеген құдайсыздар мен кейбір әлсіз қазақтар олардың үлгісімен өмір сүруде. Біреулері солардың дінін қабылдаған.

Өкінішті жері, Алла Тағала және Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Мұсылмандарға ілім-білім іздеуді тапсырғанымен, Мұсылмандар, соның ішінде қазақтар кітап оқуға жалқау. Бұл дініміздің беделіне және ұлтымызға нұқсан келтіреді.

## **«Құранмен жүргенді Құдай қорғайды, білімсіз қаралай сорлайды»**

Бұл – «Рұм» сүресінің 30-шы, «Хаж» сүресінің 38-аятының түсіндірмесі.

Құранмен жүретін қандай адам? Бұлар үш түрлі. Біріншісі, Алланың барын, Мұхаммед (с.ғ.с.) Оның Елшісі екенін, Құранның Алладан түскенін, Періштені біледі; елден алғыс алған жақсылардың Бейішке, қарғыс алғандарсың дозаққа баратынын есіткен; өсек айтпайды, өсек тыңдамайды, ұрлық – кісі ақысына қиянат жасамайды, қуанса: «Құдайға шүкір!» – дейді, қорықса: «Құдай, өзің жар бол!» дейді; Құлшылығын кенде қылмайды; жүрегінде Алладан басқа ештеңе жоқ адам Екіншісі, әрине,

ол жалғыз Аллаға ессіз берілген, бұл дүниенің байлығынан Иман байлығын жоғары ұстап, Ақыреті үшін өмір сүрген адам. Үшінші адам да тап осы екеуіндей. Бірақ, онда бұлардан бір ғана айырмашылық бар. Ол айырмашылығы, оның – ғылымшылдығы! Осынысымен алдыңғы екі имандыдан артық. Ол адам «Бақара» сүресінің 21; 38-аяттарынан дұрыс нәтиже шығарып, 42-43; 45-аяттарынан бастап Тақуалықты сипаттаған барлық Аяттарды жақсы біліп, оларға сауатты амал жасайтын адам. «Рұм» сүресінің 30-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) бәрінен бет бұрып, жүзінді Ислам дініне жөнелт. Алла жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан...» (1),-десе, «Хаж» сүресінің 38-аятында: «Күдіксіз Алла Иман келтіргендерді қорғайды...», -деген. Уәдесіне берік Алла, шынымен Иман келтірген Құлын қорғайды. Иман келтіргендер кімдер? Бұлар – Аллаға, Елшісіне, Құранға бой ұсынып, Құранда айтылған әмірлерді орындап («Бақара» с. 186-а), Тақуалық Жолда жүретіндер.

Ал, сорлайтындар кәпірлер мен мұнафиқтар, «Дінде орта жолды ұстан», -деген», -деп өзін-өзі алдайтындар және бүгінгі көріп отырған шаттықты дәуреніне риза болмай, өсек таратып жүретіндер. Осы айтылған «Хаж» сүресінің 38-аятының екінші сөйлемінде: «Әрине, Алла бүкіл қиянатшылдарды, қасарысқандарды жақсы көрмейді», -дейді. Бұлардың қиянаты қайсы? Қиянаты – бейбітшілікте, тоқшылықта, еркіндікте жасап жатқанын бағаламау. Шүкір етпеу. Қасарысқаны ше? Ол – Аяттарды менсінбеу, Аяттардан өзін жоғары ұстау, ескермеу, елемеу. «Ағраф» сүресінің 40-аятында: «Күдіксіз Аяттарымызды өтірікке шығарып, Одан өздерін жоғары көргендерге, көктің есіктері ашылмайды... Және олар, түйе иненің көзінен өткенге дейін Жұмаққа кірмейді. Күнәкарларды өстіп жазалаймыз», -дейді. Аяттарды Шындық деп мойындап, Құранмен жүрсе, Әмірлерді ескерсе, Аяттарда Аллаға құлшылық жасаумен бірге, көріп жатқан нығиметі мен ғанибетіне шүкірлер ету айтылған. Әрбір жақсылық Ақыретте екенін есткерткен. Қасарысқандар бұларды тән алмайды. Сондықтан олар Ақыретінде сорлайды.

- - - - -

1. «Рұм» сүресінің 30-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) бәрінен бет бұрып, жүзінді Ислам дініне жөнелт. Алла жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан. Алланың жаратуында өзгеріс болмайды. Осы – Түп-Тура дін. Бірақ, адамдардың көбі түсінбейді»

\* \* \* \* \*

*Алланың Құлдарының күнәсін білу мен көруде Өзінің жетіп асатынын және өш алуға Күші Жетуші екенін жеткерген мақал –*

**«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді»,-деген мақал**

Алла Тағала бірнеше Аяттарында Өзінің өш алу күшіне Ие екенін, Аяттарына қарсы амал істегендерге күйзелтуші азап беретінін ескерткен. Әлбетте, мұны ешкім бекерге шығара алмайды. Кімде-кім: «Жалған», -десе, ол пенде Аяттарға қарсы сөз айтқан болып, шартты түрде жазаланады.

Құранның «Ісра» сүресінің 23-24-аяттарында: **«Раббың Өзіне ғана ғибадат етулерінді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал, егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе, «Түһ!»-деме, зекіме, ол екеуіне сыпайы сөйле». «Ол екеуіне кішірейіп, мәрхамат құшағыңды жай да: «Раббым! Ол екеуі кішкентайымда мені тәрбиелегендей Сен де оларды мәрхаматыңа бөлей көр!»-де». «Раббыларың іштеріндегі нәрсені жақсы біледі. Егер игілерден болсаңдар, негізінен Алла бойұсынушыларды жарылқайды»,-дейді.** Яғни, Алла ата мен анаға үлкен құрмет көрсетуді бұйырып отыр.

Бұл өсиетті «Ахқаф» сүресінің 15-аятында мұны және бір қайталап, ізінен жәннаттық перзенттің үлгісін ұсынады.

Алдымен Құран жәйлі және Оған қарсылар хақында айта келіп, 13-14-аяттарда: «Күдіксіз сондай: «Раббымыз Алла»,-деп, сосын Түп-Тура кеткендер, оларға қауіп-қатер жоқ. Әрі олар күйінбейді». «Міне, солар жәннаттық. Амалдарының бодауы түрінде Онда мәңгі қалады»,-деп, 15-аятта: «Адам баласына, әке-шешеге жақсылық істеуді нұсқадық. Өйткені, шешесі оны зорға көтеріп, әрең босанды. Сондай-ақ, оған (балаға) жүкті болу, (сүттен) айыру отыз ай. Ақыр ол, ержетіп, қырық жасқа ұласқан кезде: **«Раббым! Өзіме, әке-шешеме берген нығметтеріңе шүкірлік етуімді, Өзің риза болатын түзу амал істеуімді, маған нәсіп ете гөр! Менің ұрпақтарымды да түзелт. Шын мәнінде мен тәубе қылдым. Әрине, мен бойұсынушыларданмын»-деді»,-деген.** Бұл жаңағы 13-14-аяттарда айтылған жәннаттықтардың сөзі. Осы сөздері үшін және Аллаға толық сеніммен бойұсынғандары үшін олар жәннаттық болып, Онда мәңгі қалды.

Бұдан біздің әрбіріміз дұрыс тағылым алып, өз әке-шешемізді және Алланың: **«...кім ынтығып, артық қайыр қылса, өзіне жақсы...»** («Бақара» с. 184-а),-деген өсиетіне сауатты амал жасап, барлық ата-аналарды құрметтесек, оларға әліміз келгенше қызмет қылып батасын алсақ, әлбетте, Алланың үлкен сыйлықтарына жетеміз, Иншалла!

Құран салауатты өмір сүру философиясы және физикалық заңдылық. Біз 13-15-аяттардан жәннаттықтарды оқыдық. 16-аятта берілген уәдесінің орындалатынын айтып, 17-18-аяттарда әке-шешесіне сөз қайтаратын жаманды айтады. Аяттарда: **«Ал, енді кім, әке-шешесіне: «Түһ! Екеуің де мені қайта тірілтіп, шығумен қорқытасындар ма? Расында менен бұрын қаншалаған нәсіл өтіп кетті (олар да тіріле ме?)-деді. Әке-шешесі: «Саған нендей өкініш! Иман келтір! Күдіксіз Алланың уәдесі – Хақ»-дегенде, ол: «Бұл – бұрынғылардың ертегісі ғана»-деді. «Міне, осылар, бұрынғы өтіп кеткен – өздеріне делінген Сөз бойынша азапқа душар болған жындар мен адамдар тобынан болады»,**-дейді. Яғни, ата-анаға «Ісра» сүресінің 23-24-аяттары бойынша жақсы құрмет көрсетпесе, «Ахқаф» сүресінің 15-аятындағыдай дұғалар етпесе, ол – осы Аяттарға қарсы келген есептеліп, 18-аятта ескертілгендей азаптарға душар болады. Аяттағы: **«...жындар мен адамдар...»** тобы – «Ағраф» сүресінің 179-аятында айтылған дозақтықтар.

Енді осы Аяттарды қорытсақ, Алланың әке мен шешені құрметтеу хақындағы ескертулеріне жүректен амал жасап, оларға Аятта көрсетілгендей, тіпті одан да артық сый-сиапат көрсетуіміз ләзім; егер, мұны істемесек, Алла айтқанын қылмағанымыз үшін, бізден өш алады.

Міне, «Атаңа не қылсаң алдына сол келеді,-дегеннің Құрандағы сипаты осылай. Ата-анаңа жақсылық жасап ризашылығын алсаң, Алланың Аяттарына сауатты амал істеген Тауа ретінде, Алланың сыйлығын аласың, керісінше, болса, жазаға тартыласың.

### **«Көкте Алла жалғыз, жерде Патша жалғыз»**

Бұл – Патшаны Аллаға теңегендік емес, керісінше, адамзаттың Алланың да, Патшаның да айтқанымен жүрмейтінін ескерткен тұжырымнан шыққан мақал.

Ақылды адамдарға Алланың да, Патшалардың да адамзатқа зұлымдық етпейтіні белгілі. Бірақ, адамдардың өзі Құранмен жүременгендіктен, мемлекеттік заңдарды білмегендіктен және білгенімен сыйламайтындықтан өз-өзіне зиян қылады. Мұны Мұсылман халқы: «Әлінің қылышы ешкімді іздеп бармайды. Олар өздері барып ұрынады», -деп те түсіндіреді. Біз мұны «Жүніс» сүресінің 44-аятынан оқи аламыз.

«Бақара» сүресі 163-аятында: **«Тәңірлерің – бір-ақ Тәңір. Одан басқа Тәңір жоқ. Ол аса Қамқор, ерекше Мейірімді»**, -десе, Алла бізге азап көрмеуіміз үшін Елшісі Мұхаммедті (с.ғ.с.) жіберді және Құранды түсірді. Бірақ, адамзат Елшінің сахих хадистері мен Құранды жақсы меңгеріп, Алламен бірге болу жолын ұстанбайды.

Сондай-ақ, Патша да Алланың жердегі орынбасары әрі қалап Патшалық берген («Бақара» с. 30; 247-а) Құлы және арнаулы Аятпен өзгелерге: **«...бойұсыныңдар...»**, -деп бекіткен әмір иесі («Ниса» с. 59-а). Ол да өз еліндегі адамдар жақсы жасауы үшін дүйім халыққа ортақ заң шығарып, сол арқылы қамқорлық көрсетеді, жұмыс жүргізеді. Нашүкір адамдар заңдарды мойындамай, өзіне және көбіне елге зиянын тигізеді. Содан шығарып, Әділдікті біліп отырған, Аллаға тәубесі тұрақты Ақылдылар осы мақалды айтқан.

### **«Құдай сақтасын!»**

**«Қашан Құран оқысаң, қуылған шайтаннан Аллаға сыйын»**. Бұлай деп айту- жалғыз Алланы мойындау, Алланың Сөзінің үстемдігі үшін күресу – Алланы шайтаннан артық көру. Осы Аят айтылса, **«Шын мәнінде Иман келтіріп, Раббыларына тәуекел еткендерге шайтанның бір үстемдігі болмайды»**. **«Шынында оның үстемдігі, оны дос тұтып Аллаға серік қатушыларға ғана жүреді»** («Нахыл» с. 98-100-аяттары).

Әлдеқандай күнәға батыратын я зиян келтіретін, ұят болатын, қорқыныш-үрей туғызатын тосын бір жағдайларға кездескенде я есіткенде **«Астағфиралла!»** -деп, кейде **«Құдай сақтасын!»** -деп жатамыз. Екеуі де Алладан кешірім сұрау, екеуі де Алланың ыстық құшағында болып, өзімізді Имандылық Жолынан адастырушылардан қорғану.

Әр таңда төсегімізден тұрғанда және дәрет алғанда, одан

кейін Құран оқысақ та, намазға тұрсақ та, жұмысқа кіріссек те: «Ағуузубиллаһи минә-ә-эш-ш-шойтонир-р-раджиим» айтылады. Әрине, бұл Ағуузу биллаһи – мені сақта, минә-ә-эш-ш-шойтонир-р-роджиим – шайтанның азғыруынан, деген мағына береді екен. Кеңірек айтсақ, бұл – «Уа, Алла, Өзіңнің ризашылығың үшін саған құлшылық жасамақпын немесе осы бір істі осылай етпекпін, менің бұл істі Өзің риза болатындай дәрежеде тиянақты аяқтауыма лағнеттелген шайтан (1) кедергі келтірмесін, күнәға кіріп қалмайын, оның жамандығынан Өзің сақта!»-деген тілек. Игі бір істі Алла риза болатындай дәрежеде орындауға арналған жақсы ниеттің басы.

Осы жерде бәріне Күші жетуші, серігі жоқ Құдыретті Алла, Өзі жаратқан, Құлдарына ашық дұшпан болған шайтанды неге дандайсытып қойды?-деген, заңды сұрақтың да жауабына тоқтала кетейік. Бұл, біріншіден, Әл-Ғадилу Алланың жаратқандарына Әділеттілігінен, екіншіден: **«Негізінде Ібілістің оларға ешбір ықпалы жоқ еді. Бірақ, Ақыретке сенген кісі мен одан күдікте болғанды ажырату үшін...»** (2),-оған (шайтанға) өзі сұраған мұрсатты (3) берді. Енді кім Өзін **«...еске алудан** (Ағуузубиллаһи... мен Бисмиллаһты айтудан, Алланың әмірлеріне, аяттарына амал етуден Н.Қ.) **көз жұмса,...»** (4), оны шайтанмен қалдырады. Біздің асыл тегіміз – Адам (ғ.с.) ата мен Ауа (р.а.) анамызды азғырып Бейіштен шығартқан (5) шайтан бар жерде бір шикілік болады. Ол шикілік бүгін көрінбегенімен, ертең, ертең болмаса, саны толған алдағы бір күндері («Мәриям» с. 84-а) алдыңыздан шығарына дау жоқ. Себебі, бәрін жамандықтардан сақтаушы да, көркейтуші де, ғұмырлы, берекелі етуші де теңдесі жоқ Ұлы Алла ғана.

Неге енді, ғайридіндер істеген немесе осы Кәләм айтылмай-ақ істелген істер қоғамда бар? Мәселен: ғайридіндердің өздеріне құрған үйі, солардың басшылығымен төселген жол, ескерткіштер, құрылыстар мен зауыт-фабрикалар... (Жауап:) Біріншіден, бұл – біздің Имандылығымызды анықтау үшін жаралған сынақ дүниесі, адасқандардың дүниесі. Екіншіден, Құранның «Ағраф» сүресінің 159-аятында: **«Мұсаның (ғ.с.) қауымында да Тура Жолға салатын және онымен Әділдік істейтін бір топ бар»**,- деген. Тағы бір аятта мұндай топты **«...Біз Хрестиянбыз...»**,- дегендерден де табатынымызды айтқан. Демек, ғайридіндердің

арасында да Аллаға жақындары бар. Сол құрылыстардың бірінші қазығын қағарда қазық қағушы не қағуды бұйырушы не айтты, не ниетте тұрды, оны әр істің, амалдың берекесін беруші, «... жүректегілерді толық ...» (6) Білуші «... және де .... кісі мен жүрегiнiң арасына дейiн килiгетiн...» (7) жалғыз Алла ғана біледі. Әйтсе де, шүбәсіз бір шарт-кез келген сенімдегі, талағында биті бар, тәрбиесі орнықты жанның жақсы ниетте болатыны. **«Кім құрмет көкесесе, негізінде бүкіл қадыр-құрмет Аллаға тән. Көркем сөз Алла жаққа шығады. Сондай-ақ, жақсы амал оны көтереді...»** («Фатыр» с. 10-аят),-дейді.

Бұған өзiм нақты бiлетiн мына оқиғаны мысалға келтiре кеткенiмдi жөн көрдiм. Науайыда, (Өзбек елiнде) алпысыншы жылдардың басында химия зауыты салынатында, барлық құжаттар реттелiп, құрылысшылар iргетасын құярда, әл-Раззақ несибесiн қосып, сол зауытқа директор етiп бекiтiлген ғайридiн Зарапетиян деген кiсi, қолындағы алтын сағатын (8) iргетастың арасына салып жiберген. Бұл – халықтың игiлiгiне пайдаланылатын осы зауыт, ең өнiмдi, тұғырлы зауыт болсын деген адал ниет. Ол өз заманында тiлегенiндей болды да...

Зарапетиянның дiнiнде Ағуузу..., Бисмилла жоқ. Бiрақ, өзiне үйретiлген бiр Құдыреттi ол есiне алды, (ол бер жақта – Зарапетиянның тiлiнде өзiне үйретiлгендей айтылғанмен, арғы түпте әл-Мисақта уәде алған, бәрiн Бiлушi, тағдырлардың Исесi, несибелер Үлестiрушi, туылмаған, тумаған, жалғыз Алла тұр. Мұны Алланың Өзi ғана бiледi) құдайсыз коммунистердiң көзiнше өз дiлiндегi табынушысынан тiлегiн дауыстап сұрай алмағанмен, алтын сағатын жақсы ниетпен табынушысының ризашылығы үшiн құрбан қылды. Осындай бақыт берген Аллаға шүкiрлiгiн бiлдiрiп садақа еттi. Сондықтан, Алла бұл Құлының тiлегiн берiп, ол осы зауыт арқылы көп құрметтерге ие болды.

Барлық Пайғамбарлар тек Исламмен келгенiн бiз Момындар және өздерiне түскен Кiтапты ден қойып оқыған Тақуалар ғана жақсы бiлемiз және бұған сенiмдiмiз. Қалған әңгiме тек тәрбиеде. Демек, Зарапетиянның тәрбиесiнде де Әл-Мисақтан (9) келе жатқан Ислами ылғал бар. Субханалла Тағала Қасиеттi Құранда христиандардың бiзге дос екенiн, олардың арасында да iзгiлiктер iстеушi жақсылар барын «Мәида» сүресiнiң 82-аятында: **«...Және Момындарға сүйiспеншiлiк тұрғысынан**



олардың жақынырағын «Біз Християнбыз» дегендерден табасың. Бұл олардың даналықтары, Тақуалықтары және кішіпейілділіктері себепті», -деп досымызды таныстырса, «Ғанкабуд» сүресінің 6-аятында: **«Біреу игілік үшін күрессе, сөзсіз өзі үшін күреседі. Әрине, Алла әлемнен бай»**», -деп, ізгілік пен игілік істеудің мәнінен хабар береді. Иә, әлемнен бай Алла Тағала Зарапетиянның сағатына мұқтаж емес. Ол оны Алланың ризашылығынан үміттеніп, өзі игілігін көру үшін тастады...

Бұл мысалдар – үшінші абзацта келтірілген сұрақтарға дәлел. Расында, кез келген тәрбиесі дұрыс адам, өзінің білімі мен күшінен тыс, тіршілікте үлкен абыройға жету үшін өзіне көмек беруші Ұлы Құдіреттің барына сенеді және Одан ғана үміттенеді, жәрдем сұрайды.

Байқаған кісі біледі, көптеген үлкен және кіші көлемдегі жұмыстар өте сәтті, жақсы аяқталып, ел игілігін көріп жатыр. Бұл осы жалғыз Алладан ғана үміттенген адал ниеттіліктен. Себебі, Алланың аты айтылып, жақсы ниетпен басталған кез келген игі іс, бір Алланың бұйрығымен, жақсы көруімен, разылығымен, ілімімен, қалауымен, қазасымен және тағдырымен (10) ғана сәтті әрі қайырлы болып бітеді. Бітірушісіне уақытымен Алладан сыйлық тиеді (11)... (Арам ниеттегі істер Алланың бұйрығымен, ілімімен, қазасымен, тағдырымен болады. Жақсы көруі мен разылығы, қалауы болмайды. Сол себепті кейінінен уақытымен жаза беріледі). Алла жақсы көріп біткен істің өмірлі, баянды, берекелі болуы да осы ниеттерге Нұр берген Алладан. Алланың құзырында ештеңе ескерусіз қалмайды. Ол бәрін Көруші, Есітуші, Сезуші, Білуші. Ол Өзінің 99 есімі мен Өз сипаттарына әбден әрі шүбәсіз және мінсіз лайықты.

Алла Тағала Өзі жаратқан, тағдырын Өзі жазған Құлдарын Өзі өте **«...жақсы біледі. Қаласа, мәрхамат етеді...»** (12). Олардың кейбірі алаңғасар, бірақ, жүрегінде қулық, арамдық жоқ; келесі бір тобы жай ойлап, кеш қимылдайды, бірақ, Алладан ғана үміттенеді, қорқады; біреулері мүлде теріс кеткен... Бұларды жақсы білетін, ештеңеге мұқтаж емес Рахым-Алла, олардың барлығына кешіріммен қарайды, ақырын күтеді. **«Алла адам баласын олардың кесірлері себепті қолға алатын болса, жер жүзінде тірі жан қалмас еді. Бірақ, оларды белгілі бір мерзімге дейін кешіктіреді...»** («Нахыл» с. 61-аят). Осы сияқты, «Фурқан»

сүресінің 70-аятында жамандықтарды жақсылықтармен алмастырылатыны да айтылған. Бәлкім, Кәләмсіз іс бастаған бір Құлы кемшілігін істі бастап қойғасын ескеріп, кешірім сұрар; я оны бітірген қуанышы үстінде шүкірлер айтар; болмаса, бұдан кейінгі бір – бұданда қайырлы ісін бастап жатқанда Өзін ескеріп жәрдем тілер; болмаса, жетім-жесір, мұқтаж біреулерді қуантар, бәлкім, бұдан бұрын істеген көп ізгіліктері болар, болмаса, оның кіршіксіз пәк жүрегінің құрметіне кешірімдер болар, болмаса, оның несібесін не тағдырын Өзі Өз қалауымен осылай – екінші біреулерге үлгі ету үшін бөлек жаратқан болар... Қысқасы, біз, оның ешбірімен (13) «анауда жүр ғой...», -деп санаспай, әркім өз амалдары үшін өзі жауап беретінін ескеріп, дозақ үшін де адамдар мен жындар жаратылғанын («Ағраф» с. 179-а) ойлап, Ағуузубилләһи... мен Бисмилланы... айтуымыз керек. Осылай басталған әрбір іс қайырлы.

Әйтпесе: **«Аллаға серт! (Мұхаммед с.ғ.с.) расында, сенен бұрын да үмбеттерге Елшілер жіберген едік. Сонда да шайтан оларға өз қылықтарын әдемі етіп көрсетті. Сондықтан бүгінде ол олардың досы. Оларға (шайтанның достарына) күйзелтуші азап бар»** («Нахыл» с. 63-аят), -деп, құлақтандырылғандай шайтан бізге де ерікті болып, өз ісін әдемі көрсетіп, соңында күйзелтуші азапта қалуымыз ықтимал. Одан аман болу үшін, әруақытта Қияметке дейін дозақты күнәлілермен толтыруға Аллаға қасарысып шарттасқан («Ағраф» с.16-17-аяттар) шайтаннан қашып, Алладан ғана пана тілеп, Оның ғана Сөзінің үстемдігі үшін күресуіміз керек. Содан біз Алланың сүйікті Құлы, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүйікті үмбеті дәрежесіне жетіп, барлық дүниемізде бақытты өмір сүреміз.

- - - - -

1. «Ағраф» сүресінің 16-17-аяттары: **«(шайтан:) Ендеше мені қаңғыртқаның себепті, әлбетте, мен де оларға қарсы, Сенің Тура Жолыңда отырып аламын», -деді». «Сонан соң, оларға алды-артынан, оң-солынан келемін де олардың көбін шүкір етушілерден таппайсың», -деді».**

2. «Сәбә» сүресінің 21-аяты: **«Негізінде ібілістің оларға ешбір ықпалы жоқ еді. Бірақ, Ақыретке сенген кісі мен одан күдікте болғанды ажырату үшін ғана. Раббың – әр нәрсені Қорғаушы».**

3. «Ағраф» сүресінің 14-15 аяттары: **«(Ібіліс): «Қайта**

тірілетін күнге дейін мұрса бер»,-деді». «(Алла): **«Шынында мұрса берілгендерденсің»,-деді».**

4.«Зұхрұф» сүресінің 36-аяты: **«Әлде кім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол, оның жолдасы болады».**

5. «Ағраф» сүресінің 24-аяты: **«(Алла: «(Жаннаттан) бір-біріңе дұшпан болып түсіндер. Сендерге жер жүзінде бір мерзімге дейін тұрақ және пайдалану бар»,-деді».**

6. «Шура» сүресінің 24-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с. олар сені) «Аллаға өтірік жала қойды»,-дей ме? Алла қаласа, сенің жүрегіңді де бітер еді. Алла өтірікті жойып, Өз Сөздерімен Шындықты шынға шығарады. Өйткені, Ол – жүректегілерді толық біледі».**

7. «Әнфал» сүресінің 24-аяты: **«Әй, Момындар! Сендерді өздеріңе тіршілік беретін нәрсеге (дінге) шақырған кезде, Алланың әрі Елшісінің тілін алыңдар. Және де Алланың кісі мен жүрегінің арасына дейін килігетіндігін біліңдер. Шәксіз Алла тарапына жиналасыңдар».**

8. «Әли-Ғымран» сүресінің 92-аяты: **«Сүйген нәрселерінді Алла Жолында жұсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар. Не берсеңдер де Алла оны толық біледі».**

9. «Ағраф» сүресінің 172-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп: «Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?» (-дегенде), олар: «Әрине, куәміз!»-деген. Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ»,-демендер». (Бұл Әл-Мисак уәдесі... Халифа Алтай)».**

10. «Әл-Фикһул-Әкбар». Имам Ағзам Әбу Ханифа кітабының қазақша мәтіні. «Ислам және Өркениет» 2011 жыл 20-сан.

11. Мұхитдин Исаұлы. «Мәңгі мұғжиза», 255-256-беттерін қараңыз.

12. «Ісра» сүресінің 54-аяты: **«Раббыларың сендерді жақсы біледі. Қаласа мәрхамат етеді де қаласа азап етеді. Сені оларға қорғаушы етіп жібермедік».**

13. «Тәубе» сүресінің 66-аяты: **«Желеуретпендер! Сендер Иман келтіргеннен кейін қарсы шықтыңдар. Сендерден бір топты кешірім етсек те бір бөлімін күнәкар болғандықтарының салдарынан азапқа ұшыратамыз».**

\* \* \* \* \*

«Фатиха» сүресінің 1-аятын

«Әуелден Бисмилла сөздің басы», - деген мақалдан оқимыз

«Құранның анасы», «Беташары», «Құранның кіріспесі», «Намаз сүресі», - деген қосымша атаулары бар – «Фатиха» сүресі: **«Бисмиллаһир-Рахманир-Рахиим»**, - деп басталады. Мұның мәнісі – Құран **«Бисмиллаһир-Рахманир-Рахиим»** Аятымен – дұғасымен басталғасын, адамзат барлық талабына, әрекетіне, тіршілігіне осы дұғамен кіріседі. Осы амалдың өзі Алланы мойындағанның бірінші белгісі. Содан шығарып Алла, Өзі аузын дуалы еткен бабаларымыздың бірі арқылы, осы мақалды халыққа жайған.

Құранда «Тәубе» сүресінен басқа сүрелердің барлығы осы: **«Бисмиллаһир-Рахманир-Рахиим»** Аятымен басталады. «Һұд» сүресінің 41-аятында: «Нұх (ғ.с. ізіне ергендерге): «Кемеге отырындар. **Оның жүруі де, тұруы да Алланың атымен. Расында, Раббым – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді**», - деді», - деген. Міне, «Әуелден сөздің басы Бисмилла» болатын себебі, осылай. Яғни, Адамнан (ғ.с.) бастап, күллі жаһанды топан су басқанға дейінгі азған ұрпақты жойып, Нұхтан жаңа өмір басталарда осы дұға айтылыпты.

Және бұл дұға Құранда бірнеше Аятта айтылады. «Нәміл» сүресінде Дәуіт (ғ.с.) пен Сүлейменге (ғ.с.) берген нығметтерін баяндай келе, 21-аятта Сүлейменнің құстарды түгелдегенін, бәбісекті іздегенде, ол «...көп кешікпей келіп...» қатын басқарған, күнге табынатын Сәба мемлекетінен хабар айтатынын баяндап, 27-30-аяттарда: «(Сүлеймен) Шын айттың ба? Немесе өтірікшісің бе? Көреміз» ...». «Мына хатты алып барып, оларға таста да бұрылып тұрып күт. Не жауап қайтарар екен?» «(Былқыс:) «Әй, бастықтар! Маған бір хат тасталды», - деді», - деп, ізінен: **«Ол Сүлейменнен: (Ол хатын:) «Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен (бастаймын)»**», - деп, уәзірлерімен кеңесіп, Сүлейменге жауап жазып, көп ұзамай өзі де Сүлейменнің еліне баратыны айтылады.

Мақал адамзатты Алланың атымен сөз басауға, тіршілік етуге шақырады. Бисмилла дұғасы, алдымен лағнеттелген шайтанды амалсыз қалдырса, екіншіден, Алланың Өзімен ғана бірге болу-

ды нәсіп етеді. Мұның құнын оқуы мен тыңдауы көп Имандылар мен Тақуалар ғана өте терең түсінеді.

Енді «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахиим» дұғасындағы жанымызды тыныштандырған Мейірімі қайсы, Рахымы қайсы соны әліміз келгенше зерттеп көрелік. Осыған біраз ой бөлейік.

Тереңнен келсек, қараңғылықтан жарыққа алып шыққан, зұлымдықтардан құтқарған Алланың бізге Өзін тануды нәсіп еткені (1) және сіз бен бізді осындай бақытты заманда жер бастырғаны; сондай-ақ, Өзінің иелігіндегі біз көріп-танып жүрген, ұстап-тұтынып жүрген, иіскеп-сезіп жүрген, жұтып-дем алып жүрген, есітіп-ой бөліп жүрген және білмейтін, бірақ, ақиқат бар дүниелердің барлығын бізге бағындыруы, бізге қызмет еттіруі (2) ештеңеге мұқтаж болмасын деген Мейірімі. Ал, осы жаратқандарының бәрінен бізді қабылетте артық етуі және Құранды түсіруі мен Пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) жіберуі, Құранды оқып түсіну мен Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) тындап құп алуымызға жетік сана, білім бергені (3); әлсіздігімізден, нашүкірлігімізден, ынсапсыздығымыздан жол қойылған күнәларымызды кешіруі және бес парыз бен садақаны бұйыруы – Рахымы. Сондықтан, осынша нығыметтерді нәсіп еткені үшін, ештеңеге мұқтаж емес, Аллаға шүкірлер айта отырып, игілігіміз үшін жаратқандарын тұтынғанымызда, Бисмиллаһир – Рахмәәниир - Рахиим деуіміз – кәміл Имандылығымыз, Тақуалығымыз.

Енжарлықпен керісінше амал еткеніміз, шайтанға алданғанымыз (4) - кәріптігіміз болады, әлбетте. Кәріптік қамсыздыққа апарады. Қамсыздық – екі дүниеде де ізімізден қалмайтын өкініштер мен қасіреттердің құжырасы... **«...Негізінен Алла шектен шығушыларды жақсы көрмейді»** («Бақара» 190-аят). Бірақ, Өзіне келгенге дейін (5) өзін түзегендерді кешіреді.

Құранда кемдік жоқ. Ол – Алланың бізді Өзімен бірге болуға бастайтын, сыйлықтарына кенелтетін, Бейіштің төрінен орын алуға жетелейтін тура Жолы (6). Оның аяттарының астарын ашық түсіндіретін Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадистері мен сүндеттері-біздің білмесімізді білдіруші, білгенімізді толықтырушы бұлақ.

Мұхаммед (с.ғ.с.) төсекке жатарда Ағуузубилләһиден бастап, Бисмиллаһирді жалғап, «Ықыласты» үш қайталап, сосын

«Фәлак» пен «Нәәс» сүрелерін оқып, алақанына дем салып, бүкіл денесін сипап, одан соң «Бақарадан» «Аятүл күрсін», 285-286 аяттарды оқып, Кәлимамен Әзиз басын (с.ғ.с.) жастығына қояды екен. Бұл, Пайғамбарымыздың өзін (с.ғ.с.) Аллаһқа толық тапсыруы деген сөз. Ертеңге тұра ала ма? Жоқ па? Оны бір Алла қана біледі. Бірақ, Алланың дидарына ынтық Құлы (с.ғ.с.) осылай етіп, алдағы тағдырының қамын жеп төсегіне жатады екен. Онда Кәлима келтіріп Алланың барлығын, Мұхаммед (с.ғ.с.) Оның Елшісі екенін мойындаған біздің де осылай етуіміз-өзіміз үшін қайырлы. Яғни, бұл – кәміл Имандылық. Тек Алладан ғана қорыққандық және тек Өзінен ғана үміттенгендік.

Ал, Алла бұйыртып таңға жетіп, оянсақ және сол – Ағуузубиллаһи минаш-ш-шойтонир-раджиим, Бисмиллаһир-Рахмәнир-Рахиим деп Аллаға осы таңға жеткергеніне шүкірлер айтып, игі тілектермен орнымыздан тұрамыз. Сол Бисмилламен жер басып төсегімізден көтеріліп, осыған да және өзіміздің киімімізді ешкімнің жәрдемінсіз өзіміз киюге саулық берген Мейірімді, күнәларымызды кешірген Рахымды Аллаға шүкірлер айтып, бұдан кейінгі тірліктерімізді бастай береміз. Әлбетте, барлығы тек Алланың атымен басталуы – шайтанды мұқалтып, ештеңеге мұқтаждығы жоқ, жалғыз, С-с-сомад Алланың ризашылығына бөлейді.

Жер бетіндегі біз білетін теңіздер сия, ормандар қалам болса да Алланың Сөзін жазып тауыса алмасымыз (7) белгілі. Осы сияқты Құрандағы әрбір аяттың растығына өмірден көптеген дәлелдер жазуға болады. Біз бұл екіауыз әңгімемізбен талдауына білім өреміз жетпейтін Ағуузу... мен Бисмилланы, Мейірім мен Рахымды түгелдедік дей алмаймыз. Олай артық кетуден Құдай сақтасын. Алайда, Мейірім мен Рахымды тереңірек сезінуге ой бөліп, шүкірлер етіп, Құранда ескертілгендей, Аллаға, Оның Кәләмы мен Елшісіне (с.ғ.с.) иман келтіріп, Иләһи игіліктерді пайымдауға себепші болсақ деген ой. «Әркім қылса, өзіне», -дейді дана бабаларымыз. Алланың Жолымен жүрсек, екі дүниенің де бақытына бөленеміз. Осыған кепілдік бар.

- - - - -

1. «Хадид» сүресінің 9-аяты: **«Ол сондай Алла, сендерді қараңғылықтан жарыққа шығару үшін Құлына (Мұхаммедке с.ғ.с.) ап-ашық Аяттар түсірді. Сөзсіз Алла – сендерге тым Жұмсақ, ерекше Мейірімді».**

«Жасия» сүресінің 11-аяты: **«Бұл Құран – бір жетекші. Сондай, Раббыларының Аяттарына қарсы болғандар үшін күйзелтуші азаптың ең қоры бар».**

2. «Бақара» сүресінің 29-аяты: **«Ол сондай Алла, жер жүзінде барлық нәрселерді сендер үшін жаратты. Сонан кейін аспанға көңіл бөліп, оны жеті қат көк етіп тәртіптеді. Ол – әр нәрсені толық Білуші».**

«Жасия» сүресінің 13-аяты: **«Және де Ол, Өз тарапынан сендер үшін көктердегі әрі жердегі барлық нәрсені іске қосты. Шын мәнінде осыларда түсінген ел үшін белгілер бар.**

3. «Ісра» сүресінің 70-аяты: **«Расында адам баласын Ардақтадық. Сондай-ақ, оларды құрлықта да, теңізде де көліктендірдік. Әрі оларды жақсы нәрселермен қоректендірдік. Һәм оларды жаратқандарымыздың көбінен неқұрлым артық жараттық».**

«Жасия» сүресінің 20-аяты: **«Бұл Құран – адамдар үшін көрнеу дәлелдер және нақ сенген елге Жетекші әрі Рахмет».**

«Жүніс» сүресінің 57-аяты: **«Әй, адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге бір шипа, сенушілер үшін Тура Жол және Рахмет (түрінде Құран) келді».**

4. «Ібраһим» сүресінің 22-аяты: **«Іс біткен заман шайтан: «Расында, Алла сендерге Шындықты уәде етті. Сондай-ақ, мен сендерге уәде етіп, опасыздық еттім. Негізінде сендерді шақырғаннан басқа өктемшілігім жоқ еді. Сонда да шақыруымды қабыл алдыңдар. Ендеше мені сөкпеңдер де өздерінді сөгіндер. Мен сендерді құтқара алмаймын. Сондай-ақ, сендер де мені құтқара алмайсыңдар. Расында, бұрыннан-ақ мені Аллаға ортақ қосуларыңа қарсы едім», - дейді. Сөз жоқ (шайтанға еріп өзіне-өзі опасыздық еткен Н.Қ.) залымдарға жан түршігерлік азап бар».**

5. «Таһа» сүресінің 74-76-аяттары: **«Күдіксіз кім Раббына күнәкар болып келсе, рас, оған дозақ бар. Онда ол өлмейді де, тіршілік-өмір де сүрмейді». «Ал, кім Оған Иман келтіріп, рас, ізгі іс істеп келсе, міне, соларға жоғары дәрежелер бар».** «Астынан өзендер ағатын Ғадын бақшалары. Олар онда мәңгі қалады. Пәк болған кісінің сыйлығы осы». Және 82-аяты: **«Өйткені, Мен, кім тәубе етіп, Иман келтіріп, Тура Жолда болса, әлбетте, жарылқаймын».**

6. «Фатыр» сүресінің 31-32-аяттары: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) сондай саған Біз уахи еткен Құран, ол – Хақ. Алдыңғыны**



**растаушы.** Әрине, Алла – Құлдарынан анық Хабар Алушы, тым Қырағы». «Сосын ол Кітапты Құлдарымыздан таңдағанымызға мұра қылдық. Және олардан әлде кім өзіне кесір тигізеді де кейі ортада болады. Ал, тағы біреулері, Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ілгерілеуші болады. Міне осы, ұлы мәрхамет».

7. «Кеһф» сүресінің 109-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.): «Егер Раббыңның Сөздері (жазылу) үшін теңіз сия болса, тағы бір сондайды көмекке әкелсек те әлбетте, Раббыңның Сөздері таусылудан бұрын теңіз таусылар еді»,-де».

\* \* \* \* \*

### **«Алланың Өзі – Куә, Өзі – Ескертуші, Өзі – Үйретуші»**

**«Алла Жолында не берсендер немесе бір нәзір атасандар, күдіксіз Алла оны біледі. Және залымдар үшін ешбір жәрдемші болмайды»** («Бақара» с. 270-а).

Адамдарға есіттіріп атаған немесе тек көңілден өткен және бұл екеуіндей болмай-ақ, бір үлкен сыннан кейін не алдын берілуі тиіс садақаны ұмытудың, ескермеудің кесірі бар.

Өзім куә болған және бірнешеуін айтайын.

Елдегі орта дәулетті Мұрат Ақсақалдың баласы әскерден мерзімінен бұрын, бірақ, аман-есен келді. Бұл ақшам кірерден жарты сағаттай бұрын еді. Құлағымыз естігеннен көрші-қолаң жиналып, көзайдын болсын айтып бардық. Үлкен қуаныш. Дастархан жайылды. Тамақ әкелінді. Ол заман – шұлық сатып алсаң да арақпен «жуатын» заман еді. Екі-үш шөлмек арақ та қойылды. Жиналған жұрт мәре-сәре. Тамақ алынып, тілектер айтылып, арақ ішіліп бәрі жақсы өтті. Бата жасалды. Бір артықшылығы, арағын ішіп жүрсе де ел батасыз дастархан басынан тұрмайтын. Ақсақал мен үй бикесіне ризашылығымызды айтып, бәріміз орнымыздан тұрып жатқанымызда бәйбіше: «Бұл өзімізге ғана асылған тамақ еді. Баланың аман келуіне атап кейін бір мал садақа береміз»,- деді. Біздің арамыздан біреу: «Ол өздеріңіздің шаруаларыңыз. Жағдайларыңызға қарап көре бересіздер де!»- деді.

Арадан үш ай уақыт өтті. Бұл аталған садақаны үй иелері де, есітіп тараған біз де ұмытқанбыз. Бір күні ақшамның кезінде суық хабар келді-ақсақалдың сол баласы жұмыстан келе жатып, мотоциклінен ұшып түсіпті. Бақытына сүйегі аман, тек оң жақ беті жырылған және оң шынтағының еті сырылып, ырсыып қалыпты. Аманына қуандық.

Енді баласының мұнысына намыстанған Ақсақалға ой түсті. «Арақ ішпеген. Құлаған жері де тегіс жол. Жарыспаған. Қарсысынан өзге көлік те ұшыраспаған. Неге құлайды?... Аман қалғанына шүкір! Ертең бір мал садақа!...»-деп атады да, кемпіріне қарап: «Біз осы бала әскерден келген күні көршілермен қуанышымызды бөлістік. Жұрт тарап жатқанда сен бір мал садақамыз бар дедің. Соны бердік пе?»-деді. Осы кезде барып бәйбіше де өзінің ағат сөйлегенін, сонысымен тұрмай оны қайтып ескермегенін есіне алды. Шалына жалтақтап: «Әй, соны ұмытып кетіппіз-ау!»-деді, күле сөйлеп.

Ол заманда Құран Жолына үкімет қарсы болғанымен, 1915-1920 жылдары туылған бұлар Алланың Жолын ұмытпаған еді.

Бәйбішенің ағаттығы, Құран ескертуі бойынша ол, ерінен рұхсатсыз, ерінен бұрын («Ниса» с. 34 а.) бұндай шараны айтпауы керек еді. Екінші кінәсі – ұмытқаны. Неге ұмытты? Ол арақ ішпегенімен, қуанышы үстінде Аллаға шүкірлік айтуды қаперіне алмады. Алла Өзін есіне алғанша күтті. Ол есіне алмады. Алла шайтанға тастады. Лағнет шайтан әсте ғана бәйбішенің мойнына мінді де оны тек ағат сөйлеуге, жаңылуға итермеледі. Оған сол садақаны да ататтырды және тез ұмыттырды...

Егер, бәрін Алланың атымен бастап, Құран көрсеткен әдепті сақтағанда, сол бала келген күнгі дастарханның өзі бір садақа еді-өздеріне ғана атап пісіріп отырған дәм үстіне әскердегі баласы мен жеті-сегіз көршісінің несібесі қосылыпты. Олар оны тарынбай дастархан басына жиналғандарға тегіс тартты. Жасырмады, қызғанбады. Сөйтіп отырып бәйбіше, бұдан басқа бір мал садақа беретін болып ағат сөйледі. Алла ешкімге артық салмақ салмайды, қинамайды. Ал, ол қорасындағы малына асқынды. Екіншіден, бұндайда барлық шешім отағасында болады. Әрбір іс оның ғана ұйғарымымен атқарылады. Міне, осы қателіктердің кесірінен бала бір бейнет тартып ескерту алды.

Алла қаласа ұмыттырмайды. Дана бабаларымыз: «Асыққан-шайтанның ісі», -деп кеткен. Сабыр сақтап әрбір істі байыппен

ғана Алланы ескере жүріп қолға алса, ештеңе ұмытылмайды және кемшіліксіз орындалады.

Дәл осыған ұқсас ұмытылған және бір садақа жайын бір үлкен кісіден естідім. Ол жігіттің де-отағасының да әйелі асығыс әрі ағат сөйлепті. Олар мәшінді болған. Олар да өздеріне бола асып отырған тамақ үстіне құтты болсын айта келгендерге барын беріп, келгендердің батасын алады. Бірақ, бұл үйдің бикесі де кісілеріне бір мал садақасы барын айтып қалады. Үй иесі емес, бикесі!

Осы жерден бұлар да әуелгілердің кейпінде лағнет шайтанның күрмегіне ілінеді. Бір жаманы, бұлардың жоғарыдағылардан астамшылығы көбейіп кетеді. Себебі, жүйрік мәшінге мініп жүріп желігу, жүрекке тәкаппарлықты жайлайды. Айналасына салқын қарап, қалталы мен беделдіні жағалап бүліне бастайды... Садақа атаған уәде сол күйі ескерусіз қалады. Соңында отбасы, балалар аман болғанмен жиған-тергені «желге» ұшып, мәшін алғанға дейінгі тірліктерінен де бетер жағдайға түсіп, тоза жаздайды. Қиналғаннан тәубелеріне келіп, Құдайға жалынып, ең соңғы малын Құдай Жолына атап, сойып, түгел асып, ауылын қалдырмай шақырып тамақтандырып, батасын алады. Содан кейін қырсық кетіп, тірліктері қалыпқа түсіпті.

«Фурқан» сүресінің 6-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Құранды көктер мен жердің сырын Білуші Алла түсінді. Рас Алла – өте Жарылқаушы, тым Мейірімді», - деген. Сөйтіп бұларды Алла жарылқады. Біз осыдан сабақ алайық, садақаны ұмытпайық!

\* \* \* \* \*

Осылар сарындас бір оқиғаны 1974 жылы, сәуірде, Телқожаев Оспан менің әскерден келуіме көзайдын болсын айтып келгенде әңгімелеп беріп еді. Түйесі көп Қожан деген бай, бошалап кеткен екі інгенін таппай бірнеше күн әлек болады. Соңында шаршап, қас қарая үйіне қайтып келе жатып: «Егер аман-есен тапсам, Мәді ишанға Алланың ризашылығы үшін бір тоқты беремін», - дейді, өзінен өзі.

Бірақ, ол Алланың Құранда Аллаға берген серттеріңді орындаңдар, деген Аяты барын білмейтін. Аллаға серт берген деген, осы бай сияқты қиналып жүргенде, жеңілдікке жету үшін – іздегенін табу үшін айтылған уәде – арналған садақа.

Таң бозара әйелі оятып, екі боталы інгеннің құдыққа суға келіп тұрғанын айтады.

Жүгіріп шықса, жоғалтып жүрген түйелері, боталарын ертіп келіп тұр...

Байекең дүниесі түгелденгеніне қуанып жүре береді (1). Бар ықыласы малға, байлыққа кеткен, дүниеқоңыз ол, «...Алла – әр нәрсені Есітуші, Білуші» (2) екенінен де, уәдені орындау Алланың әмірі екенін де (3) пәмдемейтін; Құрандағы: «Адам баласына бір зиян тигеннен кейін Рахметімізді таттырсақ, сол уақытта олардың Аяттарымызға байланысты айлакерліктері болады. (Мұхаммед с.ғ.с.): «Алла жазаландыруда өте жылдам», -де. Расында, Елшілеріміз (Періштелеріміз) істеген айлакерліктеріңді жазады» («Жүніс» с. 21-а.), -деп, ескерткен Аяттан да, «...уәде сұралатынынан» (4) да мүлде хабары жоқ.

Сол күні атаған тоқты ұмытылды ма, қимады ма, Мәді ишанмен ісі болмайды. Бір апталар өткесін Мәді ишан есегімен келеді. Бұл Алланың ұмытқан уәдесін есіне алуына салған бір себебі еді. Сараң бай ол жағын кері қойып, жалпылдап малын сойып, ет асып, сыбаға береді. Басқа ештеңе кәде жасамайды. Ол уәдесінен осы жолмен де құтылармын десе керек. Алладан басқадан үміттенбейтін ишан батасын беріп, қоштасып ауылына қайтады. Ишан бір қыр асқан кезде, «Әр хабардың нәтижеленетін уақыты бар. Жақында білесіндер» («Әнғам» с. 67-аят), -дегеніндей Алланың «...баурап алушы азабы...» (5) келіп, байдың іші бүріп, шыдатпай, «... ыңыранып, шынғырады» (6). Шыдар емес. Бұл кез, ол үшін нағыз Қиямет болды – бір тоқты емес, гелелеген түйесі мен үйірлеген жылқысы да, қоралы қойы да көзіне көрінбеді. Дереу қызметші жігіттерінің бірін жіберіп ишанды қайтартады. Ишан келіп дем салып, іші жазылады. Сол кезде жасырғанын айтып, кешірім сұрап, тоқты орнына қошқар беріп, оған қоса сарпай жауып батасын алып қайтарады.

Бәрін Білуші, бәріне Күші Жетуші Ұлы Алла адамзатқа және олар жасап жатқан қоғамға не қажет болса, барлығын Өзі қалаған Құлының жүрегіне салу арқылы Өзі үйретеді. Мәді ишан арқылы сараң байға уәденің және дұғаның бос сөз еместігін үйретті.

Осы сияқты адамзат жаратылғалы бергі ілім-білімнің барлығы Алладан. «Ниса» сүресінің 113-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) егер саған Алланың мәрхаматы, ілтипаты болмаса еді, әрине, олардың бір тобы сені адастыруды ойлаған еді. Олар өздерін ғана адастырады да саған ешбір зиян келтіре алмайды. Өйткені, Алла саған Құранды және Хикметті түсірді әрі саған білмегендеріңді

**үйретті.** Сондай-ақ, Алланың саған деген ілтипаты өте зор», - дейді. Мұхаммедке айтылған бұл Сөздердің барлығы, Оның үмбеті біздерге де тиесілі. Бұдан бастартуымыз – білімсіздігіміз. Егер Алла өзіне жүрегімізді аспағанда біздер де мұнафиқтардан не адасқандардан, не кәпірлерден болар едік.

Біз Құранның «Нахыл» сүресінің 102-ші, «Шұғара» сүресінің 193-аяттарынан Құранды Рух ул-Құдус, Рух ул-Әмін, Жәбрейіл әкелгенін және «Фатыр» сүресінің 1-аятынан екі, үш, төрт қанатты Періштелер арқылы намазды Өзі үйреткенін білеміз. «Бақара» сүресінің 251-аятынан Дәуітке (ғ.с.) патшалық, даналық бергенін әрі қалағанын үйреткенінен, ал, 253-аятынан Пайғамбарлардың бірсыпырасымен сөйлескенін, бір парасының дәрежесін көтергенінен хабардармыз. Енді солардан бірнешеуін жеке-жеке атайық.

1. «Бақара» сүресінің 32-аятында Адамды (ғ.с.) жаратып, Оған бірнеше атауларды айтып берді. Ол Періштелерге айтты.

2. «Рахман» сүресінің 1-5-аяттарында: «Аса қамқор Алла». «Құранды үйретті». «Адамзатты жаратты». «Оған сөйлеуді үйретті». «Күн мен ай есеппен жүреді».

3. «Әнғам» сүресінде (91-а): «Алланы лайықты түрде бағаламағандар: **«Алла адам баласына ешбір нәрсе түсірмеді»**, - деді. «Мұсаның адам баласына бір Нұр және Туралық түрінде әкелген Кітабын кім түсірді?... **Негізінде аталарыңның әрі сендердің білмегендерің үйретілген болатын...»**»-де. Сонан соң, оларды қойып қой, азғындықтарында ойнасын», - деген.

4. «Мәида» сүресінің 31-аятында Қабыл інісі Әбілді өлтіріп, оның мәйітін не қыларын білмей тұрғанда Алла, екі қарғаны жіберіп, олар бірін-бірі шұқып өлтіріп, тірісі жерді қазып жатқанын көргенде Қабыл: **«Өттең! Маған не болды? Туысының денесін көмген қарға құрлы болмадым ба?!»**-деп, бұл да інісін жерлеген. Міне, адам жерлеу осылай үйретілген.

5. «Мүминұн» сүресінің 27-ші, «Қамар» сүресінің 13-аяттары арқылы Нұхқа (ғ.с.) кеме жасауды үйреткенін білеміз.

6. Осы сияқты Ібраһим Халиуллаға (ғ.с.) Меккедегі алғаш үйді – Қағбаны құрғызды («Әли Ғыман» с. 96-а).

7. Жүсіпке (ғ.с.) түс жоруды (101-а), бауыры мен ата-анасымен табысу әдісін жүрегіне салу («Шура» с. 13-а) жолымен («Жүсіп» с. 62; 65; 70-76; 96-100-а) үйретті.

8. Мұсаны (ғ.с.) перғауынның зұлымдығынан сақтап қалды, кейін Оған сиқырлық құпиясын көрсетті («Таһа» с. 11-48; 65-

69-а) және Ол арқылы адамзаттың Алланы көре алмайтынын білдірді.

9. «Бақара» (251; 253-а) «Сәбә» (10-11-а) «Әнбия» (79-80-а) «Сад» (19-20-а) сүрелерінен Дәуітке (ғ.с.) тауларды, құстарды бағындырды, темірді игеруді, сауыт жасаудың жолын білдірді, сондай-ақ, патшалық, даналық, төрелік айту қабылеттерін сыйлағанын оқып отырмыз. Бұл деген сөз – қазіргі таулардан, жер қойнауынан байлық алуды; темірден пайдалануды, ориентология ғылымын және билік пен сот жүйесін үйрету деген сөз.

10. «Нәміл» сүресінің 16-19-шы, «Сад» сүресінің 36-39-шы, «Сәбә» сүресінің 12-13-ші, «Әнбия» сүресінің 81-82-аяттарында Сүлейменге (ғ.с.) құстардың, құмырсқаның тілін, құрылыстар салатын, мүсіндер сомдайтын, неше түрлі ыдыстар, қазандар жасауды және сұңгуші, басқа істерді істейтін шайтандар мен жын-дарды, пайдалы желдер мен дауылдарды бағындырды және мыстан бұлақ ағызып қойды, дуахандықты үйреткенін айтқан.

11. «Әй, Яхия! Кітапты мықтап ұста!»-деп, сәбилігінен-ақ, даналық берген едік» («Мәриям» с. 12-а),-деген Аяттан және оның алғашқы хабары хақындағы Аяттардан Яхияға ілім бергенін білеміз..

12. Исаға (ғ.с.) Елшілікпен бірге өлгенді тірілту, соқырдың көзін ашу, алапесті және басқа ауру атаулыны емдеу хислаттарын дарытты.

13. Пайғамбарымыз, сауаты жоқ – оқу білмейтін Мұхаммедке (с.ғ.с.), алдымен «Ғалақ» сүресінің алғашқы Аяттарын әкеп оқытты («Ғалақ» с. 3-5-), сосын 23 жыл бойы Құранды үйретті.

14. «Әли Ғымран» сүресінің 101-аятында: «**Сендерге Алланың Аяттары оқылуда...**», - дейді. Ол Өзі қалаған бір жүректерге білім, пікір салып әлі Өзі үйретіп келе жатыр.

Әйтпесе, ғылым бүгінгі биігіне жете алмас еді. Сондай-ақ, небір мақалдар мен шешендіктер, өлеңдер – барлығын жалғыз Алланың Өзі үйретіп келе жатқан білімі.

- - - - -

1. «Жүніс» сүресінің 7-аяты: «**Расында сондай бізге жолығуларын үміт етпегендер және дүние тіршілігіне мәз болып, сонымен көңілдері жай тапқандар, міне, солар Аяттарымыздан хабарсыз**».

2. «Шұғара» сүресінің 220-аяты: «**Рас, Ол Алла – әр нәрсені Есітуші, Білуші**».

3. «Мәида» сүресінің 1-аяты: **«Әй, Момындар! Уәделеріңді орындандар.** Сендерге ықырамда аңды адал санамау шартымен, сендерге түсіндірілетіндерден басқа хайуандар адал қылынды. Күдіксіз не тілесе, соны әмір етеді».

4. «Ісра» сүресінің 34- аяты: **«Сертті орындандар. Сөз жоқ уәде сұралады».**

5. «Жүсіп» сүресінің 107-аяты: **«Ал, олар Алланың баурап алушы азабынан немесе кенеттен сезбеген түрде Қияметтің келіп қалуынан қауіпсіз болды ма?»**

6. «Һұд» сүресінің 106-аяты: **«Ал, енді сорлылар дозақта ыңыранып, шыңғырады.**

\* \* \* \* \*

### **«Әр нәрсе өз уақытында»**

Әрине, «Әр нәрсе өз уақытында» деген мәтелдің ауқымы кең. Балалық та өз уақытындағы балаға жарасады. Жігіттік те, ағалық та, қарттық та солай...

Абай бабамыздың: «Жасымда ғылым бар, деп ескермедім», - деп басталатын өкініші де, ғылымның барын есейгесін ескергенмен орнына келмейтінін ұқтырады.

Диканшылықта дән себу де, оны бабын келтіріп күту де, жинап алу да Алла белгілеген уақытпен атқарылады. Көктем келіп, топырақ 14 градусқа дейін қызбай дән себілмейді. Өніп шыққанмен піспей жинау, мақсатқа жеткермейді. Ал, піскесін уақыты жинаса, ысырап болады...

Мал шаруашылығындағы тіршілік те осылай.

Бұл мәтел – «Темірді қызғанда соқ», бітімшілікті ескерген тұста, «Ашу тозғасын құнсыз», тіпті, өлімге байланысты жерде: «Күні толған – күнінде, демі біткен – демінде», - деген мәтелдердің баламасы.

Аталмыш мәтел арқылы біз «Әли Ғымран» сүресінің 17-аятын оқимыз. Аятта: **«Шын мәнінде Аллаға (сыйымды) тәубе, жамандықты білмей істеп, сонан соң дереу тәубе етсе, сонда олардың тәубесін Алла қабылдайды. Алла – әр нәрсені Білуші»**, - деген. Аяттағы мән беретін сөйлем: «...жамандықты білмей істеп...».

Ал, әдейі істесе я істеген жамандығы үшін жедел тәубеге келмесе, әр нәрсені Білуші Алла кешпейді. Мұны келесі Аятта:



«Ал, жамандықты өздеріне өлім келгенге дейін істеп: «Енді шынайы тәубе қылдым», - деген және қарсы болған бойда өлгендердің тәубесі қабыл емес. Міне, солар үшін күйзелтуші азап әзірледік», - деп ескерткен.

Демек, дана халқымыз айтқандай: «Әр нәрсе өз уақытында». Алла Тағала осы мәтел арқылы Өзінің аталған екі Аятын оқытып отыр.

\* \* \* \* \*

*«Нахыл» сүресінің 123-аятын*

**«Алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба содан жүреді» , - деген мақалдан оқимыз**

123-аяттың алдында: **«Шынында Ібраһим (ғ.с.) нағыз Аллаға бойұсынушы, Хаққа бейім бір басшы еді. Аллаға серік қосушылардан емес еді»** (120-а). **«Алланың нығметтеріне шүкір етуші еді. Алла Оны таңдап Тура Жолға салды»** (121-а). «Оған дүниеде жақсылық бердік. Сондай-ақ, Ол Ақыретте де әлбетте, игілерден болады» (122), - деп таныстырып барып: **«... саған Хаққа бейім Ібраһимнің Жолын қууынды уахи еттік. Ол серік қатушылардан болған емес»**, - дейді.

Бабаларымыз сегізінші ғасырда Исламның Тура дін, Хақ дін екенін Ақылмен түсініп, қарсылықсыз қабылдап, Имандылық Жолында жасап өтті. Ұрпаққа дұрыс үлгі қалдырды. Мақал содан шыққан. Яғни, әкесі баласына: «Мен саған Алланың сүйген Құлдары: Ібраһим мен Мұхаммед жалғастырған Алланың Тура Жолын үйреттім. Сен де балаларыңа мен үйреткенді үйрет. «Алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба содан жүреді», - деген. Олар да балаларына осы Жолды амалда көрсетсін, өсиеттеп үйретсін», - деп аманат еткен.

Бұған ең үлкен үлгі – Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Өзі. Ол – Ібраһим Халиулланың Жолын жалғастырушы. «Әнғам» сүресінің 161-аятында: **«Шынында Раббым мені Тура дінге, Ібраһимнің нағыз Жолына салды. Ол ортақ қосушылардан емес еді»**-...», - десе, мұны «Бақара» сүресінің 127-136-аяттарынан тағы да тереңірек оқимыз. 127-130-аяттарда: Сол уақта Ібраһим мен Ысмайыл (ғ.с.) үйдің (Қағбаның) ірге тасын көтере: «Бізден қабыл айла, күдіксіз, Сен – тілекті тым Естуші, толық Білушісің». «Раббымыз, екеумізді де Өзіңе бойұсынушы қыл, ұрпақтарымыздан

да Өзіңе бойұсынушы бір үммет қыла көр әрі бізге хаж амалдарымызды көрсетіп, тәубелерімізді қабыл айла, әлбетте, Сен – Өзің тәубені Қабыл Етуші, ерекше Мейрімдісің!» «**Раббымыз ұрпағымыздың ішіне өздерінен, оларға Аяттарыңды оқитын, Кітапты әрі үкімдерін үйретіп, оларды тазартатын бір Елші жібергейсің, күдіксіз, Сен Өзің ғана – аса Үстем, өте Данасың**». «Өзін білмеген ақылсыздан басқа кім Ібраһимнің (ғ.с.) Жолынан бет бұрады? Расында, Оны дүниеде таңдадық әрі күдіксіз Ол, Ақыретте де игілерден болады,-деген.

Ібраһим мен Ысмайылдың тілегі қабыл болып, Алла Қағбаны қажылық орны қылды, жалғыз Аллаға бойұсынушылар көбейді, Мұхаммедті Елші етіп жіберді.

Ал, 131-136-аяттарда Ібраһимге Өзінің «Бойұсын!»-деген алғашқы уахиы және Ібраһимнің: «Бүкіл әлемнің Раббына бойұсындым!»-дегені, осы Жолды ұлдарына өсиет еткен, Жақыптың (ғ.с.) осы Жолды жалғастырғаны және ұлдарына өсиеті мен сөз алғаны; Яһудилер мен Христиандардың Мұхаммедті (с.ғ.с.) Ібраһимнің Жолынан қайтармақ болғаны, Мұхаммедтің жауабы айтылған.

Иә, Ақылы бүтін әркім Ібраһим мен Мұхаммедтің Жолынан бас тартпайды. Алла «Жүніс» сүресінің 100-аятында: «**...Алла азапты Ақылын жұмсамайтындарға береді**», -деген. Алла берген Ақылымызды дұрыс жұмсап, Алланың Тура Жолында болайық.

\* \* \* \* \*

*Құранның «Әнғам», «Жүніс», «Кеъф», «Фуссилат», «Хаққа» сүрелеріндегі Аяттарын оқытып отырған келесі мақал –*  
**«Үлгісіне қарай үгіті, біліміне қарай сүбіті»**

Мақал – «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», -деген мақалдар тобына кіретін мақалдардың бірі. «Сүбіті» сөзі – араб тілінен: болмысы, танымы, тағылымы дегенге саяды.

Ал, Құранның «Бақара» сүресінің 25-аятында Иман келтіргендердің сыйлығын, 26-аятында шіркейді, оданда зорын мысалға алатынын айтып, 27-аятында: «**Олар серт бергеннен кейін, Алланың уәдесін бұзады да жалғастыруын**

**бұйырған нәрсесін бөледі. Сондай-ақ жер жүзінде бұзақылық істейді. Міне, солар зиянға ұшыраушылар»**,-деген. Барлық Пайғамбарлардың қауымының ізбасарлары, біздер де Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Жолын жалғастырып, Құранды, Имандылық Жолын уағызбен, еңбектерімізбен, отырыс-тұрыстағы қимылымызбен, мінезімізбен насихаттауымыз керек. Біздің жалғаншыдаға ең үлкен уәзипамыз осы болуға тиіс. Өйтпесек, келтірген Иманымызға қиянат жасаған есебі, яғни, **«...жалғастыруын бұйырған нәрсесін...»** бөлген – бұзған боламыз.

Ал, бізге насихатты жалғастыруда үлгі болатын Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Жолы. Оған ол Жолды Алла Тағала Жәбрейіл (ғ.с.) арқылы үйретті. Бірақ, «Пайғамбарымыз бен біздердің арамызда тұтас он бес ғасыр жатыр; Оның қалай уағыз жүргізгенін, тіршілігі, отырыс-тұрысы қалай болғанын тек хадистерден оқимыз; бірақ, хадистердің қайсысы шын, қайсысы қоспа, білмейміз ғой?»-деген сұрақ туады.

Бұл сұрақтардың жауабын «Әнғам» сүресінің 34-ші, 115-ші, «Жүніс» сүресінің 15-ші, «Кеһф» сүресінің 27-ші, «Фуссилат» сүресінің 42-ші, «Хаққа» сүресінің 40-48-аяттарын оқығанымызда түсінеміз.

Бірінші, 115-аятта: **«Раббыңның Сөзі Шындық әрі Туралықпен тәмамадалған. Оның Сөздерін өзгертуші жоқ.** Ол – толық Білуші, аса Есітуші»,-десе, «Жүніс» сүресінде қарсылардың қылығын айтып, 15-аятта: **«Сондай-ақ оларға Аяттарымыз ашық дәлел түрінде оқылған кезде, Бізге жолығуды үміт етпегендер: «Бұдан басқа бір Құран келтір немесе мұны ауыстыр!»-деді. (Мұхаммед с.ғ.с.): «Оны өз тарапымынан өзгертуіме болмайды. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін. Расында мен Раббыма қарсы келсем, Ұлы Күннің азабынан қорқамын»-...»**,-деген жауабынан Аяттарды Құранда жазылғанынан өзгертіп айтуға не өз жанымыздан сөз қосып бұрмалап уағыздауға – түсіндіруге болмайтынын ұғамыз. Мұны «Кеһф» сүресінің 27-аяты мен «Фуссилат» сүресінің 42-аятында және пысықтап: **«Оның алдынан да, артынан да бос сөз келмейді...»**,-десе, «Хаққа» сүресінің 40-48-аяттарында: **«Күдіксіз бұл Құран – Ардақты бір Елшінің сөзі». «Ол бір ақынның сөзі емес. Сендер аз сенесіндер». «Сондай-ақ Ол бақсының да сөзі емес. Аз түсінесіндер». «Ол әлемдердің Раббы тарапынан түсірілген». «Егер Елші кей сөзді өзі айтып,**

**Бізге танса», «әрине, оны оң жағынан қолға алар едік», «со-сын күре тамырын кесер едік».** «Сонда сендерден ешбіреу одан тоса алмайды». «Расында, бұл Құран – Тақуалар үшін бір насихат», - дейді. Демек, біздер мағынасы Аяттарға тура келетін, сахих хадистерді пайдаланумен бірге өзіміз де Аяттарға жанымыздан орынсыз сөз қоспай, Құранда қалай көрсек, солай оқуымыз керек; Құраннан қалай жаттасақ, солай айтуымыз керек. Білгішсініп, өзімізше сөз қосуға хақымыз жоқ. Өйтсек, біз «Ағраф» сүресінің 40-аятында ескерткендей, Аяттардан өзімізді жоғары ұстап, Алланың біз дәлелге тартып отырған Аяттарын менсінбеген боламыз. Алла бұл туралы «Хаж» сүресінің 51-аятында: **«...Аяттарымызды бұзуға тырыскандар, міне, солар дозақтық»**, - деген. 50 және 54-аяттарында Аяттарға сеніп игі істер істегендер мен ғалымдардың сыйлықтанатынын ескерткен.

Міне, бізге үлгі қалдырған сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Жолы осылай болған. Ол Аяттарды ғана емес, Аяттарға жанаспайтын хадис те айтпаған. Ал, өтірікшілер Пайғамбарымыз айтқан, деп, өз қиялдарынан мағынасы Аяттарға тура келмейтін хадистер тоқиды («Жұма» с. 5-а). Біз осыған алданудан сақтанайық. Ол үшін Құранның қазақшасын жатқа білуіміз керек. Сонда қателеспейміз. Мұхаммед өтірік айтпаған!

### **«Мұсылмандық әсте-әсте, кәпір болу бір пәсте»**

Бұл – «Қиямет» сүресінің 16-19-аяттарының және «Бақара» сүресінің 38-ші, «Әнғам» сүресінің 48-ші, «Мәида» сүресінің 105-ші, «Рағыз» және «Тағабұн» сүрелерінің 11-аяттарының және «Ішиқак» сүресінің 6-аятының түсіндірмесі.

Мақалдың айтуынша Мұсылман болуға көп уақыт жұмсалады, кәпір болу лезде. Неге бұлай? Себебі, түп тегіміз әу бастан шайтанмен бірге жерге түскен («Бақара» с. 37-а). Содан бері жер – күнәкарлардың мекені, сынақ майданы. Сол шайтан Адам ата (ғ.с.) жаралған кезде-ақ, Адамды да, Оның ұрпағын да Тура Жолдан азғыруға ант ішкен («Ағраф» с. 16-17-а). Сондықтан Мұсылман болу қиындау да, кәпір болу, адасқандардың жолын меңгеру, құдайсыз жасау оп-оңай. Бірақ, бұл жолдардың еш қайсысының ізінің қайыры жоқ («Әли Ғыман» с. 85-а).

«Қиямет» сүресінің 16-19-аяттарында: **«(Әй, Мұхаммед!) Құран түскенде асығып тіліңді қозғалтпа». «Шын мәнінде**

**Оны жинау Бізге міндет». «Ал, Оны Біз оқығанда, оның оқылуына ілес». «Сосын Оны түсіндіру Бізге міндет»,-деген. Бұдан түйетін тағылым, «Құранның арабшасын жаттауға тілім қайтпады...», «Құранның қазақшасын оқыдым, намаз, ораза, садақадан басқасын түсінбедім...»,-деп, үйренуден бастарпау керек, керісінше, сабырмен асықпай, ыждағатпен оқи беру керек. Сүйікті Құлы, адамзаттың Асылы – Мұхаммедтің Өзіне 23 жыл бойы түскен Құранды кез келген адам әп-сәтте меңгеріп ала алмайды.**

Бұл – Құранды оқып, меңгеру болса; әр түрлі мінездермен жаралғандар ортасында өскен адамға, дағдылы мінезін сындырып, таза Мұсылмандық мінезге жығылуы да оңай болмайды. Сондықтан Мұсылманшылық әсте-әсте.

Ал, «Мәида» сүресінің 105-аятында: **«Әй, Момындар! Сендер өздерінді түзетулерің керек. Өздерің Тура Жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесірін тигізе алмайды. Барлықтарыңның барар жерлерің Алла жақ. Сонда Алла сендерге не істегендеріңнің хабарын береді»,-деген. Аллаға баратын Күн – Алла айтқандай, өзіңді түзеп, үлкен қуанышқа жетіп Алла шүкірлер айту немесе Аяттарды мойындамай, қарсы келіп, бір күндері қайғыға шалдыққанда, тәубеге келіп, Алланы еске алу. Сондықтан сабырмен ізденіп оқып, жаттап, Алладан тілеп, Алланың Тура Жолына түсіп, Алламен қуаныш үстінде кездесу керек. Сабырмен!!!**

Осы Аятпен мағыналас «Рағыт» сүресінің 11-аятында: **«Әркімнің алды-артынан Алланың әмірі бойынша, өкшелеп қорғаушы (Періштелер) бар. Расында бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді.** Сондай-ақ, Алла бір қауымға бейнет тілесе, оны ешбір қайтарушы жоқ. Әрі олар үшін (бейнеттілер үшін) Алладан өзге бір жәрдемші де жоқ»,-деген. Расында Алла ешкімге, ештеңеге мұқтаж емес, сондықтан Ол Өзіне бас иіп, өзін түзеген пендені керексінбейді – түземейді. Оларды шайтанға тастап («Зұхрұф» с. 36-а), ондайлар үшін дозақ әзірлеп қойған.

Өзін түзетуді «Бақара» сүресінің 38-ші, «Әнғам» сүресінің 48-ші, «Шура» сүресінің 13-аятының соңында да айтқан. Ал, «Ғанкабут» сүресінің ең соңғы Аятында: **«Сондай! Жолымызда күрескендерді, әлбетте, Тура Жолымызға саламыз. Рас, Алла жақсылық жасаушылармен бірге»,-десе, Жолында күресу –**

сабырмен ізденіп Құранды, Имандылықты меңгеріп, нәпсі мен шайтанды жеңу. «Іншиқак» сүресінің 6-аятында: **«Әй, адам-зат! Негізінде сен Раббыңа қарай өте тырыссаң, сонда Оған жолығасың»**,-деп, Шындықты және амалды айтады.

Аятта: «...өте тырыссаң...»,-деген. Бұл – көп уақыт және табанды қайратпен, тер төккен мехнат. Мұсылманшылық әсте-әсте игерілетін себебі осылай.

## **«Тақуа – уәдесімен Тақуа»**

Алдымен Тақуа, деп кімді айтамыз? Осыны айшықтап алайық. Тақуа деп, Алла – бәрін Көруші, Алла – жүректегі пейіл-ниетті Білуші, Алла – барлық сөзді, дыбысты, сыбырды да Естуші екеніне жүректен сеніп, Алладан қорыққан, Одан ұялған адамды айтамыз\*.

«Тақуа – уәдесімен Тақуа», деген мақал – «Ағраф» сүресінің 172-аяты мен «Фатх» сүресінің 10-аятының түсіндірмесі. Онда: «(Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп: **«Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?»**»-деді. Олар: **«Әрине, куәміз»**,-деді. **«Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ еді»-демендер»**,-десе, «Фатх» сүресінде: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған биғат қылғандар (қол бергендер), әрине, Аллаға қол берген болады. Алланың құдырет Қолы олардың қолдарының үстінде. Сондықтан кім сертті бұзса, сонда өз зиянына ғана. Ал кім Аллаға берген сертін орындаса, оған зор сыйлық бар»,-деген. Аллаға, Мұхаммедке, Құранға Иман келтірген пенде: **«Бұлар Мұхаммедке қатысты»**,-деп айта алмайды. Олай десе, Құранның: **«Құран – барлық адам баласына насихат»**, деген Аяттарын бекерге шығарған болады.

Тақуалыққа байланысты мақалды бабаларымыз: «Айтқан сөзім – Пірім, айтпаған сөзім – құлым»,-деп те сипаттаған. Айтқан сөзі Пірі болатыны, оның Алланың құзырында жазылып сақталғанына ишара. Қашанда сұрауы болатынының хабары.

Ал, «Тақуа – уәдесімен Тақуа» болатыны, «Уәде – Алланың Сөзі»,-деген даналықтан, ал, бұл даналық, «Бақара» сүресінің

---

\* «Тақуалыққа бастар жол...» атты кітабымызда «Мұсылман адам елге не себепті, қалай жексұрын болады?»- деген тақырыбымызда да айтқанбыз.

177-ші, «Әли Ғымран» сүресінің 76-шы, «Ісра» сүресінің 34-аяттарынан және уәдеге байланысты «Бақара» (40-а), «Мәида» (1-а), «Әнғам» (152-а), «Рағыз» (20-28-а), «Нахыл» (91-95-а), «Ісра» (34-а), «Ахзап» (1; 15; 21-а), «Фатх» (10-а) сүрелеріндегі Тақуалыққа шақырған Аяттардан шығарып айтылған.

«Әнфал» сүресінің 56-аятында уәдені бұзықтар ғана бұзатынын ескерткен. Халықта: «Құдай безер адам», - деген мәтел бар. Бұл – Алладан қорықпайтын: жұртқа тыныштық бермейтін, тірлігі мәнсіз, уәдесі тұрақсыз адам. Ал, Тақуа бұған кереғар: уәдесіне берік, ең дана, ең опалы, ең сабырлы, аса білімді, Ақыретінен үміті үлкен ең қайырымды адам.

Бабаларымыз: «Мақал – сөздің атасы, Уәде – Ердің опасы», - деген. «Нағыз Ерді уәдесінен танысың», - деген.

Халық: «Бақыр басты еркектен, алтын басты әйел артық», - деген. Мұның мәнісі не? «Бақыр бас...», - деген – іші бос шелек бас, дегені. Неге алтын басты әйел артық? Ол – Алладан қорқады, уәдесіне берік – Иманды әйел. «Уәдепаз адам – жексұрын адам», - деп те уәдеге опа қылмаған адамды ең төменгі санатты адамға санайды.

«Уәде – Алланың Сөзі» дегенге көңіл бөлсек, алдымен ойымызды: Раббымыз тумаған, туылмаған – серігі жоқ жалғыз Алла екеніне серт берген – «Ағраф» сүресінің 172-аяты Өзіне бұрады; сосын Алланың – барлық дыбысты Есітуші екені, барлық қимыл-әрекетті Көруші, жүректегілерді Білуші екені және әрбір нәрсе жазылып сақталатыны, Алладан ешкім қашып құтыла алмайтыны өзіне тартады (сендіреді);

және «Уәде – Алланың Сөзі» екеніне «Нахыл» сүресінің: **«Қашан серттессендер Аллаға берген серттеріңді орындандар. Анттарыңды, Алланы өздеріңе кепіл етіп бекіткенен кейін бұзбандар»**, - деген 91-аяты, ізінен «Әнфал» сүресінің: **«Сонда оларды сендер өлтірмедіңдер, ... Алла өлтірді. Атқан кезде сен атпадың ... Алла атты...»**, - деген, 17-аяты шақырады. Бұлардан түсінетініміз: біріншіден, біздің тілімізбен уәде беріп тұрған Алла екені; екіншіден, бірінші Аяттағы: **«...Аллаға берген серттеріңді...»**, - деген сөз, әрбір пендеге берген сертіміз – 17-аяттың хабары бойынша Аллаға берген серт. Демек, «Уәде – Алланың Сөзі», яғни, уәдені берген де Алла, қабылдаған да Алла, оны бұзуға болмайды-деп, мұны жеткеріп отырған мақалға сенеміз және уәдені бұзбауға, орындауға күш саламыз.



«Бақара» сүресінің 177-аяты Тақуалардың сипатымен таныстырса, сол сипаттардың бірі – уәдеге опа. Ал, «Әли Ғымран» сүресінің 76-аятында: **«...Кім уәдесін орындаса, Алладан қорықса, расында Алла Тақуаларды жақсы көреді»**,-дейді. «Ісра» сүресінің 34-аятында сертті орындауды, уәде сұралатынын ескерткен. Сондықтан уәдеге жүрдім-бардым қарауға болмайды.

Біз өмір Шындығынан өтірікші, уәдепаз, қызғаншақ адамдардың қан қысымынан инсульт алғанына, қант және жүрек ауруларымен ауырғанына куәміз. Себебі, Алла «Әли Ғымран» сүресінің 4-аятында Өзі ескерткендей, Аяттарына қарсы болғандардан өш алады. «Ниса» сүресінің 88-ші, «Рағыз» сүресінің 31-ші, «Жасия» сүресінің 22-аяттарында Алла күнәкарды қылықтары себепті жазалайтынын ескерткен. Сол қылықтардың бірі – осы уәде! Ал, жазасы – ауру, масқаралық т.б..

Пайғамбарлардың барлығы – Тақуа. Олар – Аллаға сенген және Алланың сенімінен шыққан ақыл-санасы биік дара тұлғалар. Сөзімізге дәлел ретінде Пайғамбарлардың «Мәриям» сүресінің 41; 54; 56-аяттарында келтірілген сипаттарына тоқталайық.

41-аятта: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Кітаптағы Ібраһимді есіңе ал. Негізінен Ол – Турашыл Пайғамбар еді»**; 54-аятта: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Құрандағы Ысмайылды есіңе ал. Шынында Ол – уәдесіне берік, жіберілген бір Пайғамбар еді»**; 56-аятта: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Кітаптағы Ідірісті ескер. Өйткені, Ол – Шыншыл бір Пайғамбар еді»**,-деп, бұлар Адам мен Нұхтың, одан кейін **«Ібраһим және Исраилдың ұрпағынан (Өзіміз) Тура Жол көрсетіп таңдаған...»** Кісілерінен екенін айтқан.

Міне, осы Аяттарда көрініп тұрғандай-ақ, Пайғамбарлардың барлығы Шыншыл, уәдесіне опа қылатын адал жандар болған. Мұның Құран арқылы бізге жеткерілгендегі басты мақсаты – Алладан қорқып шынымен Иман келтіргендердің әрбірі уәдесіне берік болуы керектігі.

«Ахзап» сүресінің 1-3-аяттарында: **«Әй, Нәби! Аллаға Тақуалық істе де кәпірлер мен мұнафиқтарға бағынба. Рас, Алла – тым Білуші, аса Дана»**. **«Раббыңнан өзіңе уахи етілгенге ілес. Әрине, Алла – не істегендеріңді толық Білуші»**. **«Аллаға тәуекел ет. Ол уәкілдікте жеткілікті»**,-десе, 21-аятта: **«Расында сендер үшін, Алланы да, Ақырет күнін үміт еткендер және Алланы көп еске алған Кісілер үшін Алланың**

**Елшісінде көркем өнегелер бар»**,-деп, Пайғамбарымыздай болуымызды меңзейді. Ал, біздің Пайғамбарымыз Мұхаммед байлыққа қызықпаған Тақуа; кешірімді, сабырлы, көркем мінезді дана; уәдеге берік асыл; шыншыл, әділ, батыл, таза Иманды, бір Алладан басқадан қорықпайтын, ретті жерінде сақтана білетін шынайы Мұсылман болған.

Мұнафиқтар мен Исламның жаулары және шала сауат дүмше діндарлар, Пайғамбарлар да адам екендігі хақындағы Аяттардың мәніне бармай: «Олар – Пайғамбарлар» немесе: «Ол өсиеттер Пайғамбарға айтылған, бізге қатысы жоқ»,-деп, я болмаса: «Барлық адам діндар болуы шарт емес»,-деп, адамзатты Пайғамбарлардың үлгісінен қайтарады. Мұндайларға ермеу керек. Алладан қорыққан, Ақыретінде жақсылықтарға жетуге үміттенген әрбір адам, Пайғамбарлардың үлгісімен жасауы ләзім. Сонда ол Алланың ризашылығына жетеді.

Біз, «Бақара» сүресінің 30-аятының және бірнеше Аяттардың хабары бойынша, адамзат Алланың жердегі Халифасы екенін білеміз; ал, осы сүренің 251-аятында және «Хаж» сүресінде (40-а), бір Құлдарын бір Құлдары арқылы қорғайтынын айтса, 247-аятында: **«...Алла әкімшілікті қалағанына береді...»**,-деген. Осы Аяттардан қорытынды шығарған бабаларымыз: «Патша – Алланың жердегі көлеңкесі»,-деген. Бұған ешкім таласпасы анық. Өйткені, мұны адамзат тарихтан да біледі, өмір Шындығынан да көріп келе жатыр.

Патша – Алланың көлеңкесі болса, онда имамдар мен молдалар, ұстаздар Пайғамбардың көлеңкесі. Яғни, Мұхаммед (с.ғ.с.) Тақуалықтың үлгісін қалай көрсетіп, уағыздап өткен болса, олар да мал-дүниеге құнықпай, мақтаншақтық пен тәкаппарлықтан жиіркеніп Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) сияқты уәдеге адал, Тақуа имам болуы ләзім.

Алла уәдесіне берік, «Хаж» сүресінің 47-аятында Алланың уәдесінен айнымайтыны, уәде етілген азаптың келетіні және басқа сүрелерде Оның айтқанының барлығы орындалатыны айтылады. Онда «Рұм» сүресінің 30-аятын ескеріп, өзіміздің Ислам діні үшін жаралғанымызды мойындап, уәдеге байланысты Аяттарға сауатты амалдар жасап өтейік. Ізіміздегі ұрпаққа жақсы үлгі қалсын.

Біз ұлымыз бен қызымсыз өсіп біреумен құда боларда да, жаңадан танысқан адаммен жақын араласу жәйін ойлағанда да, ішімізден: «Бұл қандай адам екен?!...»-деп, ойланатынымыз

рас. Сіз құда-анда болатын адамды, жақын араласатын адамды уәдесіне қарап танысыз. Уәдесіне берік адам – нағыз Иманды адам.

Тұрмағанбет Ізтелеуов:

**«Адаммен ашына болам» десен,**

**Уағдасында жүргенін көр.**

«Байдың пейілін көрем» десен,

Қайыр, көмек бергенін көр.

Ат-жарағы сай болса,

Жетеді әркез, жай болса,

Әкім өзі бай болса,

Қонағының келгенін көр,-дейді. Сыйласатын, дос болатын, құда-анда болатын адам – уәдесіне берік адам болуы керек. Сонда есебіңізден жаңылмайсыз!

\* \* \* \* \*

*«Жүніс» сүресінің 12-ші, «Фуссилат» сүресінің 51-аяттарын оқытып отырған келесі мақал –*

**Тұтылғанда Құдай, дейді; құтылғанда былай, дейді...**

Бұл – екіжүзді адамдардың көрінісі. Бұлар хақында «Бақара» (6-20-а), «Әнғам» (63-64-а), «Зұхрұф» (50-а) және бірнеше сүрелерде айтылған.

«Хаж» сүресінің 55-аятында айтқандай, біреулер, **«...өздеріне кенеттен Қиямет келгенге немесе сәтсіз бір Күннің азабы келгенге дейін үнемі Құраннан ...»** күдіктеніп, жайрандап жүріп-жүріп басына тағдыр жеткенде, бірден Алланы есіне алып жалынады; Алла жарылқап, жақсылыққа қол жеткерсе және де баяғысына барады. Мақалдың мағынасы сол.

«Фуссилат» сүресінің 51-аятында: **«Қашан адам баласына бір нығмет берсек, бет бұрады да өз жағына қыңыраяды. Қашан оған бір сұмдық душар болса, сонда ол, көлемді түрде жалбарынады»,-**десе, олардың жақсылыққа жеткенде тағы айнитыны «Жүніс» сүресінде: **«Ал, қашан адам баласына бір зиян жетсе: жатса да, отырса да, түрегеп тұрса да Бізге жалбарынады; алайда, қашан олардан зиянды айықтырсақ, тіпті, оған тиген зиянды айықтыру үшін Бізге жалбарынбағандай-ақ кете береді. Солайша шектен шығушыларға істеген істері**

**көркем көрсетілді»** (12-а),-деп баяндалған. Бұл рас. Арамызда осындай екіжүзділер өте көп.

Баяғыда мал шаруашылығымен, диқаншылықпен айналысатын кеңшар деген болатын. Оны үкімет қаржыландыратын. Сонда сол кеңшарлардың директорлары, олардың бала-шағасы, жабайы ақшадан бастары айналып, елді менсінбейтін.

Бірде сондай кеңшардың директоры кенеттен ауырып, ауруханаға түсті. Партком хатшысы, бас есепшісінен бастап, лауазымдылар бірінен кейін бірі ауруханадан хабар алып, директордың жәйін жанұясына хабарлап тұрды.

Ол өліп қалса, ахуалдары мүшкіл болатынына көздері жетіп отырған балалары мен әйелі Аллаға жалынып, халықтың алдында мүсәпірсіді де қалды. Кеңшар жұмысшылары директордың хәлін білуге үйлеріне келіп жатты. Әншейінде сәлемін алмайтын, сөйлеспейтін олар, әр келген жұмысшыны төріне шығарып, ханды күткендей қызмет етті.

Аптадан өте бере директордың ауруына ем қонып, беті бері қарады. Бала-шағасы халықпен жақсы. Бір күні директор үйіне келді. Құдайдың өлімнен сақтағанына шүкірлер айтып, бір мал садақа берді.

Директор да, отбасы да бұл аурудың ескерту екенін, тәкаппарлықтан қайтаруға ишара екенін пәмдей қойған жоқ.

Бір жарым айда директор қызметіне оралды. Үш айлардан кейін әйелі де, балалары да баяғы тәкаппарлығына барды. Елдегі біреулер директор ауырған күнгі жағдай мен бүгінгі қылықтарын айтып, оларға ескерту жасап та жүрді. Бірақ, олар айылын жимады.

Арадан жыл өте бере директордың ауруы қайта шығып, кабинетінде отырған жерінде жан тапсырды. Жанұясындағылар тағы мүләйімсіді. Бірақ, ел оларды тәубесіне келді, деп аса сене қойған жоқ.

Бір танысым Ақтаудан Астанаға ұшақпен келгенін айтып:

– Сол жерден бір кісі серік болды. Ұшақта қатар отырдық. Ақтауға қатынап жұмыс істейді екен. «Үнемі пойызбен жүруші едім. Ұшаққа мінуге қорқамын. Осы жолы лажсыз мініп отырмын. Бір Құдай жар болсын!»-деп, Астанаға қонғанша Алланы ауызынан тастамады.

Аэропорттан «Сапаржайға» келдік. Мүгедек балаларға жәрдем «сұраған» кішкене жәшікшеге көзім түсті. Мен оған есіттіріп: «Иә, мынаған садақа салайық», -деп, жәшікше жанына тоқтадым. Ол үндемей кассаға кетті.

Билет алдық. Менің автобусымның жүруіне бір сағат уақыт бар екен. Оныкін білмедім.

Маған тамақтанайық деп ұсыныс жасады. Жолдың арғы бетіндегі асханаға кірдік. Ол сөмкелерін менің жаныма қойды да жоғалды. «Маған айтпай қайда кетті?»-деп таңырқап, кезекке тұрып тамағымды алдым. Орныма жайғаса бере ол да қайта келді.

Қолтығында бірдеңе барын байқадым. Онысын сөмкесіне салды да, өзіне тамақ сатып әкелді. Жайғасып алып, маған: «Мынаумен қалайсың», -деп кеңірдегін шертті. Мен жек көретінімді білдірдім. Ол: «Неге? Аман-есен жеткеніміз үшін...», -деп, өз білгенін істеді.

Мен: «Аман-есен жеткенің үшін арақ ішкеннен, араққа жұмсаған ақшанды садақаға бергенінде, алдағы сапарларың да жақсы болар еді. Ұшақтан түскенше Алланы айтып, жалынып келдің, асханаға келгеннен Алланы және ұшақта Оған жалынғаныңды ұмыттың. Мұның қалай болды?»-дедім. Ол: «Иә, дұрыс айтасыз! Қашанда бір Алла ғой. Алланың өзі жар болсын», -деді. Мен: «Алла Өзінің айтқанын қылғандарға жар болады. Айтқанын қылмай арақ ішкендерді жақсы көрмейді», -дедім. Ол дым үндемей, тез қимылдап, екінші стақанын да ішіп: «Ал, аға, сау болыңыз», -деп, тамағын да толық ішпей кетіп қалды.

Құранда жібін мықтап үйіріп, қайта тарқатқан қатын сияқты болмаңдар, деген. Бұл Аллаға жалынғанда жібін мықтап иіріп еді, асханаға келгесін, онысын тарқатты – Алланы ұмытты. Тап екінші қайтып ұшаққа мінбейтіндей...

«Ісра» сүресінде: «Раббыларың сондай Алла, Өзінің кеңшілігінен несібе іздеулерің үшін теңізде кеме жүргізеді. Өйткені, Ол, сендерге өте Мейрімді». «Сендер теңізде бір қиыншылыққа душар болған сәтте, Алладан басқа сиынғандарың жоқ болады. Ал, енді **сендерді құтқарып қырға шығарса, жалт бересіндер.** Негізінен адам баласы тым нашүкір». «Алла құрлықта да сендерді жерге жұттыруынан немесе сендерге тасты боран жіберуінен қауіпсізсіңдер ме? Сөйтсе, өздеріңе

**бір болысушы таба алмайсыңдар». «Не сендерді қайтадан теңізге қайтарып, қарсылықтарыңның салдарынан бір құйын жіберіп, суға батыруынан бейбітсіңдер ме? Сөйтсек, сендерге болысып, Бізді қуалаушы таба алмайсыңдар» (66-69-а),-дейді.**

Жаңағы кейіпкеріміз дәл осы Аяттардың бірінші сөйлеміндегі екіжүзді. Алла қаласа, оны бір күндері тағы ұшаққа қайта мінуге мәжбүр етеді. Бәлкім, ажалын да сонда кездестіретін, екі жүзді, ойы тайыз, ақымақ ол, оны біле ме?!

Мұндайларға қазақ: «Ешкіде қасам болмайды»,-деп, астарлап дәл бағасын берген.

Алла «Ғанкабүт» сүресінің 64-65-аяттарында: «Бұл дүние тіршілігі – бір ойыншық, ермек қана. Күдіксіз Ақырет жұрты анық тіршілік. **Әттең! Олар білсе!**» **«Қашан олар кемеге отырса, дінін Аллаға арнаған түрде жалбарынады да оларды құтқарып қырға шығарсақ, олар Аллаға серік қосады»,**- деген. «Ібраһим» сүресінің 34-аятында адамзаттың ынсапсыз екенін айтқан. Расында, адамзат сондай. Егер Алла Рахым қылмаса, жазық жер бетіндегі жүріс те ұшақтағы, кемедегі жүрістен кем емес. Санаулы күн толған болса («Мәриям» с. 84-а), жер үстінде Алла сәл жерден сүріндіріп, өлтіре салуы немесе жазылмайтын дертке шалдықтыруы әбден мүмкін. Бірақ, шүкірсіз, көкірек көзі жабық пенде оны ойлай ма?!

Қашан да, қайда да жалғыз Алла жар болсын!

Ең бастысы, Алла екі жүзді, екі сөзді жексұрын қылмасын! Қуылған шайтанға тастамасын, әрқашан да Өзімен бірге болуды нәсіп етсін!

### **«Ешкіде қасам болмайды»**

Есіткен құлаққа ерсілеу болса да, «Жұма» сүресінің: **«Өздеріне Таурат жүктеліп, Оны игере алмағандардың мысалы, Кітаптарды артқан есек тәрізді. Алланың Аяттарын жалғанға шығарғандардың мысалы нендей жаман...»**, - деген 5-аятын үлгі ұстанып, біз де осы мақалды жаздық. Себебі, адамның нағыз адам болуы үшін, жалғыз Аллаға Кәлима келтірген Мұсылман болуы үшін осы мақалдың атқаратын «қызметі» үлкен.

«Тақуа – уәдесімен Тақуа»,-деген тақырыбымызда, уәденің Алланың алдындағы мәртебесі хақында сөз еттік. Уәдесінде тұрмаған адам – мұнафиқ адам. Мына «Жұма» сүресінің 5-аятында есекті айтса, халық уәдесіне опа қылмаған адамды, есектен гөрі жұмсақтау, ешкіге балапты.

Айтпағымызға тірек қылған мақал – «Хашыр» сүресінің 11-14; 16-аяттарында айтылғандардың бірауыз сөзге түйген тәпсірі. Аяттарда: «(Мұхаммед с.ғ.с.) көрмейсің бе? Мұнафиқтар Кітап иелерінен иман келтірмеген туыстарына: «Егер жұрттарыңнан шығарылсаңдар, сендермен бірге шығамыз; сендерге қарсы әсте ешкімге бағынбаймыз. Егер соғыс болса, әлбетте, сендерге көмек етеміз»,-дейді...». «Егер олар жұрттарынан шығарылса да олармен бірге мұнафиқтар шықпайды. Ал, егер соғыс болса да олар соғыспайды. Егер көмек етсе де (көмекке барса да, жаумен беттескенде) әрине, олар арттарына бұрылып қашады...». «Әлбетте, олардың жүректерінде Алладан гөрі сендерден қатты қорқу бар...». «Олар сендермен топты түрде соғыса алмайды. Бірақ, бекіністегі ауылда не диуалдың далдасында соғысады. Әрине, өзара тартыстары қатты. Оларды бірлікте деп ойлайсың. Жүректері быт-шыт. Өйткені, олар ойланбайтын ел». ... «Олар шайтанның мысалы сияқты. Адамдарға: «Қарсы бол»-деп айтып, адамдар қарсы болған кезде: «Шынында сендерден бездім. Расында әлемдердің Раббы Алладан қорқамын»-деген еді»,-дейді.

Аят жетінші ғасырда түсірілгенмен, мұндай адамдар өз замандастарымыздың арасында да бары Шындық. Ғылым мен мәдениет Құран түскен замандағыдан жүздеген есе дамығанымен, ақ жүректі жандарды опындыратын осындай, ешкі мінезді суайттардан қоғам құтылған жоқ.

Рубаят бойынша ешкі әр уақытта лақтайтын кезінде: «Осы лағымды аман-есен тусам, қайтып текеге жоламасын!»-деп бақырады екен. Ал, лағын туып, екі-үш айда есін жиғасын, сол уәдесін ұмытып және текеге жақындайды, дейді.

Уәдешіл адам да дәл осындай. Қиыншылықтарға ұшырағанда Аяттарда ескертілгендей, Аллаға жалынады; бір адамдардан жәрдем сұрайды. Ал, қиыншылықтан құтылса, түк болмағандай Алланы да, көмектескен жақсыны да ұмытады.



## «Тілдегі дін – сағыз, ділдегі дін – нағыз»

Мақал – «Бақара» сүресінің 225-аятының халық тіліндегі түсіндірмесі. Аятта: **«Алла анттарындағы бос сөзді тергемейді. Алайда, жүректерің істегенде есепке алады. Алла – аса Жарылқаушы, ерекше Жұмсақ»**,-деген. Расында әзелден халық сеніміне нұқсан салып келген амал, діндардың уағызы мен амалының, уәдесі мен нәтижесінің екі басқа болып келгені. Негізінен діндардың Тақуалығы уағызынан, сөзінен, уәде бергіштігінен емес, уағызына сауатты амал жасауынан; Құрани, ғылыми, тарихи дәйектер мен халық даналықтарынан құралған әңгімелерінен; мәдениетті сөйлеуінен; уәдесін мүлтіксіз, міндетсіз орындауынан көрінеді. Халық оның тұлғасы мен киіміне, сөзіне емес, нақты амалына, жүріс-тұрысы мен парасатына қарап құрметтейді.

Мақалдағы: «Тілдегі дін – сағыз...»,-дегені – уағыздың айтыла беретіні. Оны әркім білімі мен көрген үлгі-өнегесіне қарай әр түрлі айтады. Бір айтқанын қайталап күйсейді. Әлде не сұралса, тарс еткізіп нақты жауап бере алмай хадисте былай деген, деп, ұзын сұрлеуге түседі. Осындайдан шығарып, кезінде ғайридіндер Ислам дінін – догма, деп те атаған.

Негізінде Ислам – әрбір сұраққа қысқа, нақты жауабы Құранда, өмір Шындығында, ғылымда көрініп тұрған үлкен ғылымның діні. Мұны әрбір Мұсылман адам білуі және игеруі ләзім. Сонда оның уағызы – нағыз уағыз болады. Ал, білімсіз мұнафиқтың уағызы сағыз болады.

Енді нағызға дәлел айтайық. «Мәида» сүресінің 48-аятында әркім өзіне салынған жол-жоба, ережеде жақсылықтарға жарыссын, деген. Біз Мұсылман жұрты жарысуда ғылымшыл ғайридіндердің көп оқитынынан, сыпайылығы мен қоғамдық тәртіпті, заңды сыйлайтын парасаттылығынан үлгі алуымыз керек. Сөйтіп Ислам дінінің – ғылымның діні екенін, мәдениет пен Ақыл-ойдың діні екенін дәлелдеуіміз ләзім.

«Әли Ғыман» сүресінің 110-аятында: **«Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тиятын, сондай-ақ, Аллаға сенетін қайырлы үмбет етіп шығарылдыңдар. ... Кітап иелерінен Иман келтіргендер де бар...»**,-десе, бұл біздің міндетіміздің түсіндірілуі және Иман келтірген Кітап иелерінің көп оқуы мен көрген-есіткенінен пікірлеу арқылы Тура Жолды тапқанын жеткеруі. Демек, ол Иман келтіргендер жарыста озып,

таза дін Жолына түскен. 113-114-аяттарда: **«Кітап иелерінің бәрі бірдей емес, олардың түн мезгілінде тік тұрып, Алланың Аяттарын оқып, сәжде ететін бір тобы бар».** «Олар Аллаға, Ақырет Күніне сенеді де дұрысқа қосып, бұрыстан тосады. Осындай қайырлы істерде жарысады. Міне, солар ізгілер», - деп, Кітап иелерінің – ғайридіндердің Алла Жолына түспеген, Мұсылман тектілерден артық екенін жеткерген.

«Мәида» сүресіндегі (48-а) жақсылыққа жарысу деген осы. Яғни, олардың **«...ізгілер»** атануы «Алла», «Алла», – деп, қақсай беретін тілдегі Тақуалықтан емес, ділдегі Тақуалықтан!

### **«Аспан асты, жер үсті – құлшылық үйі**

Мақалдың айтып отырғаны, біз осы жер үстінде Алланың әмірлерін орындап, ризашылығына жетпесек, «Ағраф» сүресінің 40-аятында айтқандай, бақилыққа көшкенде, аспан есіктерінен өте алмаймыз; жер үстіндегі бұл өмір – аспан есіктерінен өтіп, Бейішке орналасуға мүмкіндік.

40-аятта: «Күдіксіз Аяттарымызды жасынға айналдырып, Одан өздерін жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды. Және олар түйе иненің көзінен өткенге дейін Жұмаққа кірмейді...», - деген. Аяттардан өзін жоғары көру деген – Алладан өзін білгіш санау, деген сөз. Біз осы білгіштіктен қашып, жер үстіндегі өмірімізден өте сауатты пайдалануымыз ләзім.

«Бақара» сүресінің 21-22-аяттарында: «Әй, Адам баласы! Сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларыңа құлшылық қылыңдар. Әрине, сақтанған боларсыңдар». «Ол сондай Алла, сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты. Әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әр түрлі өсімдіктен ризық шығарды. Сондықтан біле тұра Аллаға серік қоспаңдар»- дейді.

Аяттағы: **«...сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты...»**, - дегені – осы кеңістікті, Алланың ризашылығына жетуіміз үшін тіршілік етуімізге, Өзіне құлшылық қылуымызға жасаған қолайлылығы, деген сөз.

Тіршілік ету деген, қысқаша айтқанда: Алланың нығметтері мен ғанибеттеріне шүкірлік етіп, еңбектеніп табыс табу, балашаға асырау; артылған табыстан садақа беру, уақыт тауып намаз оқып, ораза ұстау, реті келсе қажылыққа бару. Мұның барлығы – өз мәнінде құлшылық.

Алла «Жұма» сүресінің 9-10-аяттарында: «Әй, Момындар! Жұма күні намаз үшін азан айтылған кезде, дереу Алланы еске алуға (намазға) ұмтылындар, сауданы қойындар. Егер білген болсаңдар, сендер үшін осы жақсы». **«Намаз өтеліп болғасын, жер жүзіне таралындар да Алланың мәрхаматынан несібе іздендер.** Сондай-ақ, Алланы көбірек зікір етіңдер. Әрине, құтыласындар», - дейді.

Адамзаттың Жәннат үшін жаралғаны, жер бетіне не үшін түскені «Бақара» сүресінің 30-37-аяттарынан және «Ағраф» (11-24-а), «Ісра» (60-64-а), «Хыжыр» (28-41-а), «Таһа» (116-123-а), «Сад» (71-85-а) сүрелерінен белгілі. Біздің бәріміздің міндетіміз, осы «Бақара» сүресінің 38-ші, «Таһа» сүресінің 123-ші, «Ахқаф» сүресінің 13-14-ші және басқа Аяттардағы ескертуден дұрыс нәтиже шығарып, Құранмен жүріп, әуелдегі Құтты мекенімізге аман жету. 10-аяттың соңындағы: **«...Алланы көбірек зікір етіңдер. Әрине, құтыласындар»**, - дегені – Жәннаттағы қарғалған ағаштан жұққан қарғыстан тазарасындар, дегені. «Бақара» сүресінің сөздің басындағы 21-аятындағы: **«...Әрине, сақтанған боларсындар»**, - дегені – сол Адам ата мен Хауа анаға ұқсап, шайтанға алданбайсындар, дегені.

### **«Алдағыны Алла біледі»**

Бұл мәтел «Бақара» сүресінің 255-ші, «Таһа» сүресінің 110-шы, «Хаж» сүресінің 76-аяттарының түсіндірмесі. Бірінші Аятта: «Алла Тағаладан басқа Тәңір жоқ. Ол – тірі, толық меңгеріп Тұрушы. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Оның құзырында Өзінің рұхсатынсыз кім шапағат етеді? **Олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі.** Олар Оның қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның курсісі (білімі) көктер мен жерді сыйдырады. Оған ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Ол – өте Биік, аса Зор», - десе, екіншісінде: **«Олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі.** Сондай-ақ, барлық іс Аллаға қайтады», үшіншісінде де: **«Өйткені, Алла олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі»**, - дейді.

Бұл Аяттардан түйегініміз, алдағы тағдырымыздың, өткен өміріміздегі жақсы-жаман амалдарымызға байланысты екендігі. Өмір Шындығынан дәлел айтсақ, жастығынан темекі шегіп, арақ ішіп, аяздан, аптап ысыдан сақтанбай жүрген жанның, қартайған

шағында өкпесінен ауыратыны; паракордың, мақтаншақтың, тәкаппардың тағдыры да, Алла санап отырған күн толғанда таразыға түсетіні. Және пенденің өзі білмейтін, Алланың құзырында жазылып сақталған сауаптар мен күнәлар бар.

Кіріспеде «Бақара» сүресінің 216-аяты мен Л. Н. Толстойдың сөзін келтіріп өткеніміздей, соғысқа бару – қиын, бірақ, осы қиындыққа мойымай бару – бірнеше күнәнің кешірілуіне себепші болуы мүмкін. Сондықтан соғыс болсын, әскери қызметке болсын, Алла осы арқылы бір жақсылыққа жеткеретініне сеніп көну керек. Себебі сенің алдағыңды білетін Алла бір жақсылық барын білгендіктен сен қаламайтын қиындықты саған әкеліп тұр. Тағдыр Алла белгілеген мерзім келгенде, осыларға қарап шешіледі.

### «Діні саудың – дені сау»

Халық: «Діні саудың – дені сау», – дейді. Мұндағы діннің саулығы – бұрмаланбағандығы. Белгілі төрт діннің арасынан алғанда бұрмаланбаған сау дін – ұлы Ислам діні. «Хыжыр» сүресінің 9-аятында: **«Расында Құранды Біз түсірдік. Әрі шын мәнінде оны Біз қорғаушымыз»**, -деген. Исламның он бес ғасырлық тарихында бұрмалауға ұрынғандар кездесті. Бірақ, Құдыретті Алла жол бермеді.

Исламда адамгершілікке қайшы ештеңе жоқ. Ислам – тыныштықтың, бірліктің, достықтың, берекенің, Әділдіктің, тазалықтың, сабырлылықтың, қанағатшылдықтың, үнемшілдіктің, даналықтың, Ақылдылықтың діні. Ғылымға құрылған – ғылымның діні.

Ислам адамның ағзасына зиян келтіретін – ауру тудыратын әр қандай амалға қарсы;

Ислам адамгершілікке симайтын мәдениетсіздік пен надандықтың барлығына қарсы;

Демек, Ислам – бұрмаланбаған, Алладан келген қалпында сақталған күмән-күдіктен аман-сау дін. Ал, сау діннің мақалдағы мағынасы – Сенім. Бұрмаланбаған – Алладан келген әу бастағы таза Рухында сақталған Исламға шынайы Сенім, пендені әр қандай дерттен, қайғы-қасыреттен қорғайды.

Алла «Хаж» сүресінің 38-аятында: **«Күдіксіз Алла Иман келтіргендерді қорғайды. Әрине Алла, бүкіл қиянатшыл қасарысқандарды жақсы көрмейді»**, -деген. Ол уәдесіне берік –

қорғайды. Себебі, Иман келтірген адам Құранмен ғана, Аяттарға мағыналас сахих хадис-сүндеттермен ғана жүріп-тұрады. Сондықтан ол Құранды қорғауында ұстаған («Хыжыр» с. 9-а) Алланың қамқорлығында.

Ал, Құранға қасарысып, қырсыққандар, әлбетте, шайтанның достары, олар қашанда азапты өмірге тап болады. Оларға шайтанның уәдесі – алдау ғана.

### «Күріш атынан күрмек су ішеді»

Мақалды: «Күріш артынан күрмек су ішеді», - деп те айтады. «артынан» не «атынан» деп, екеуінің қайсысымен айтсақ та күрмек, күріштің шарапатымен су ішеді.

Бір қолдың бес саусағын бірдей ұзындықта жаратпаған Алла Тағала, әркімге әр түрлі қабілет берген. Сөйте тұра қабілеттілердің ықпалымен қабілетсіздерді қорғайды. Сол арқылы қабілет берілгендерді сынайды әрі еңбегіне қарай сыйлықтарға бөлейді.

Мұны «Бақара» сүресінің 251-аятында: «Сонда олар, оларды Алланың бұйрығымен жеңіліске ұшыратты. Дәуіт Жалұтты өлтірді. Алла Дәуітке Патшалық, даналық берді. Әрі Оған қалағанын үйретті. Алла адам баласының бірін бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді. Алла – бүкіл әлемге кеңшілік Иесі», - деп, «Хаж» сүресінің 40-аятында: «Олар сондай жазықсыз: «Раббымыз Алла», - дегендіктерінен ғана жұрттарынан шығарылғандар. Егер Алла адамдардың бірін-бірі арқылы қорғамаса, Монастрлар, Шіркеулер, Яһудилердің құлшылық орындары және ішінде Алланың аты көбірек зікір етілетін мешіттер құлатылар еді. Кім Алла Жолында жәрдем етсе, Алла оған жәрдем етеді. Шәксіз Алла – аса Көруші, тым Үстем», - дейді.

Иә, өмірімізде де бала әке-шешесінің, ата-ана мемлекеттік заң қызметкерлерінің, олар Патшаның қамқорлығында. «Күріш артынан күрмек су ішетіні» сияқты жалғаншыда да адамдар бірінің ықпалымен екіншісі өмір сүре береді.

### «Соқырға таң атпайды»

Бұл – «Хаж» сүресінің 46-аятының түсіндірмесі. Аятта: «Олар жер жүзін кезіп жүрмеді ме? Сонда олардың түсінер

**жүректері, естір құлақтары болса еді. Негізінен көздері соқыр емес, бірақ, көкіректеріндегі жүректері соқыр»,**-деген. Бұлар кезінде де болған, бүгінде бізбен бірге өмір сүруде. Өткен тарихтан қаншалаған сойқан болғанын біледі; бүгінде өз елімізде, әлем елдерінде болып жатқан келеңсіздіктерді көріп, біліп отыр. Сонда да Аллаға тәубе қылмайды.

«Әнғам» сүресінің 155-157-аяттарының хабары. Аяттарда: **«Осы Құран Біз түсірген мүбәрак Кітап. Енді соған еріндер әрі сақтаныңдар. Мәрхаматқа бөленерсіңдер». «Шынайы түрде бұрынғы екі топқа (Яһуди, Христиан) Кітап түсірілді де біз олардың оқығандарынан мүлде хабарсызбыз»,**-дерсіңдер» (-деп) **«немесе: «Бізге Кітап түсірілсе, олардан гөрі тағы Тура Жолда болар едік»,**-дерсіңдер»,**-деп». «Расында сендерге Раббыларыңнан бір ашық дәлел, Тура Жол және мәрхамат келді. Енді Алланың Аяттарын өтірік, деп, олардан жүз бұрғаннан кім залымырақ? Аяттарымыздан бас тартқандарды бас тартулары себепті жаман қинаумен жазалаймыз»,**-деген. Демек, Алла бізге, Тура Жол көрсететін Кітабымыз жоқ, деп ренжімесін, деп Кітап түсіріпті. Кітапта талай қауымдардың жойылғаны, Тақуалардың жәннаттармен сыйлықтанғаны айтылған. Бұдан соң да Алланың әмірлеріне қарсы болу, қамсыз жүру жараса ма?!

Бұлар 46-аятта айтылған жүрегі соқырлар. Мұндай адамның ешкімге көңілі толмайды, ол қоғамына риза болмайды, ешкімді мақтамайды, Президенттен бастап барлық адамдарға мін тағып, сын тағып, кінәлап отырады.

Біз Шындықты көрмейтін соқырлар жәйлі «Әнғам» сүресінің 91-ші және 50-аятынан, «Фатыр» сүресінің 19-22-аяттарының және осылар текті бірнеше Аяттардан оқи аламыз.

91-аятта: «Алланы лайықты түрде бағаламағандар, сол уақытта: **«Алла адам баласына ешбір нәрсе түсірмеді»**-деді. **«Мұсаның адам баласына бір Нұр және Туралық түрінде әкелген Кітабын кім түсірді? Сендер Оны бөлшек-бөлшек қағаздар етіп, кейбірін көрсетіп, көбін жасырасыңдар. Негізінен аталарыңның әрі сендердің білмегендерін үйретілген болатын. Оны Алла түсірді»**-де. Сонан соң, оларды қойып қой, азғындықтарында ойнасын»,**-деген.**

50-аятта: «(Әй, Мұхаммед, оларға) айт: **«Жанымда Алланың қазынасы бар, демеймін; көместі де білмеймін және сендерге Періштемін де демеймін. Мен өзіме уахи етілгенге ғана ілесемін. Көзді мен көзсіз тең бе? Ойламайсыңдар ма?»**-...»,**-десе,**

«Фатыр» сүресінің 19-22-аяттарында: **«Соқыр мен көруші тең бе?» «Қараңғылық пен жарық тең емес». «Көлеңке мен ыстық тең емес». «Тірілер мен өліктер тең емес...»**,-деп, бұдан әрі: «Рас, Алла кімді қаласа есіттіреді. (Мұхаммед) сен қабырдағы біреулерге естірте алмайсың»,-деген. **«...қабырдағы біреулерге...»**,-деп отырғаны да өлген адам деген түсінікке келгенімен, уағызды тыңдамаған, мойындамаған адамды жер бетінде жоқ адамға санап отыр. Расында сірә таңы атпайтын адам да жоқ адам. Себебі, ол еш уақытта адамзат қоғамы үшін қызмет қылмайды. Тек өзіне ғана. Ондай адам Абай бабамыздың тілімен айтқанда, өз алдына жайылған хайуанмен тең. Соқырға таң атпайтынның бір мағынасы осы. Хайуанға да таңның атқаны, күннің батқаны маңызды емес.

Негізінде бұл мақал шүкір етпейтін адамдарды меңзеп шығарылған. Олар бірнеше топқа бөлінеді. Бірпарасы өзінен несібесі мен дәрежесі жоғарыларды күндеумен өмірін өткереді. Екінші бір тобы несібесі, дәреже деңгейі өзімен қатар замандастарын күндейді. Және біреулері өзінен басқаның барлығын мінепсынап өсек қылып жүреді. Ешкімнің қуанышына да, қайғысына да жүрегімен ортақтаса алмайды. Мұндайлар көршілікке де, алысқа шыққанда жолдастыққа да жарамайды.

Тағдырды мөлшерлеп жазған Алла («Мүрсәлат» с. 23-а) бұларды осындай тағдырмен жаратқан. Олар тойып отырып және бірдеңе жегісі келіп отырады; олар байлыққа мелшесінен батып отырса да айналасын қарманып тағы байи бергісі келеді. Сірә шүкірлігі болмайды. Бұларды «Ағраф» сүресінің 30-аяты бойынша адасқандар, деп түсінсек, 179-аяттың хабары бойынша дозақтықтар деп, танимыз.

Біздің әрбіріміз әрқашан екі түрлі жағдайды ойлап шүкір етуіміз керек. Біріншісі, 1932-33 жылдардағы ашаршылықтағы, 1941-45 соғыс жылдарындағы балалардың, қарттарды, аналардың қандай азаптар кешкенін ескеріп, бүгінгі бейбіт заманымыз үшін Аллаға шүкірлер айтуымыз керек; екіншісі, алдағы өміріміздің қалай болатынын ойлау. «Әли Ғымран» сүресінің 140-аятында: **«...Осы күндерді адамдардың арасында айналдырамыз...»**,-десе, 165-аятында: **«Сендер оларды екі есесіне ұшыратқан бір қайғыға, өздерің ұшырағандықтан: «Бұл қайдан келді?!»-дедіңдер. ... «Өз пиғалдарыңнан»**,-деген. Аяттар бірнеше



мағына беретінін ескерейік, бұл Аяттар соғыс жағдайы үстінде айтылғандай болып тұрғанымен, біз іріктеп ұсынып отырған сөйлемдер барлық тағдырға ортақ. Шүкіршілігімізден нашүкіршілігіміз басым болып, Алланың қаһарын оятар болсақ, ауыр бір күн келер. Сонда: «Бұл қайдан келді?!»-деп шошынарымыз рас. Сондықтан барына тәубе, деп; шүкіршілік етейік.

### **«Көрмес, түйені де көрмес»**

Мектеп, медресесі аз, көшіп-қонып шаруасының жәйін жасап жүрген бабаларымыз, «Бақара» сүресінің 6-7-аяттарының қысқа мағынасын, «Көрмес, түйені де көрмес», -деген мақалмен жеткізген. Бүкіл барлықты Алла жаратқанына сенімі кәміл олар, Алланы мойындап, құлшылығын жасай жүріп, айналасындағы Аллаға ықыласы жоқ, Ақыретін ойламайтындарға ренжіп, осы кейіс-мақалды айтқан болар.

– Түйе – бізге жақсы таныс: бойы-биік, ірі, өркешті, мойны ирек үй жануары. Ал, мұны көрмейтін жанары бар, дені сау адам, қандай адам?

– Әлбетте, жақсы адам емес. Жаны мұздай, қайыр-қасиеті, сана-саңылауы кем адам.

– Ол көзі бола тұра, қарсы алдындағы түйені шынымен көрмей ме?

– Егер қарсы алдында түйе тұрса, оны көреді. Алайда, соның жаратылысына атпен, сиырмен тағы басқа жануарлармен салыстырып ой жібермейді. Бұл жерде түйе мысалға алынып отыр. Мысалдағы түйені көрмейтін адам, өзінің пайда болуы мен өзін қоршап тұрған ортаға қарап, солардың жаратылуы туралы ойламайтын адам, ойлай алмайтын адам. Егер ол өзінің көркем жаратылысына (1) көңіл бөліп, өзі туралы ойланса, өзінің ана жатырында бінә болуы (2), туылуы хақында, бітімі жайында (3) ойланса, білгісі келеді. Сосын ізденеді. Сұрайды. Оқиды. Сөйтіп Ұлы Жаратушыны табады.

«Уақиға» сүресінде: **«Сендерді Біз жараттық ...неге мойындамайсындар?» «Сендер тамызылған мәни суын көрдіңдер ме?» «Оны сендер жаратасындар ма немесе Біз жаратамыз ба?» (57-59-а), ... «...еккендерінді көрдіңдер ме?» «Оны сендер өсіресіндер ме не Біз өсіреміз бе?» (63-64-а), ...**

**«Ішкен суларыңды көрдіндер ме?» «Оны бұлттан сендер жаудырасыңдар ма немесе Біз жаудырамыз ба?» (68-69-а), ... «Жаққан оттарыңды көрдіндер ме?» «Оның ағашын сендер жараттыңдар ма немесе Біз жараттық па?» (71-72-а),-дейді. 75-76-аяттарда, жұлдыздардың атынан серт береді. Жұлдыздар – жастар («Жүсіп» с. 4-а). Олардың атынан серт беруі – солардан үмітінің бар және елдің болашағы екендігі. Сондықтан: «...ол – зор серт»,-деген. 77-79-аяттарда, Құран және Оны ұстау мәдениетін ескертіп алып, 80-87-аяттарда: Құран «Әлемдердің Раббы тарапынан түсірілген», «сендер Осы Сөзді құр сөз көресіңдер ме?» «...берген ризыққа шүкір етудің орнына, оны өтірікке шығарасыңдар ма?» «Ал, Жан жұтқыншаққа келген кезде», «...сендер қарап қаласыңдар (амалсыз қаласыңдар)». «Негізінде ол өліп бара жатқанға Біз жақынырақпыз. Сендер көрмейсіңдер». «...егер жазаланбайтын болсаңдар», «егер шын айтсаңдар, оның Жанын қайтарыңдаршы»,-дейді. Әлбетте, оны Алла қаламайынша, пенде қайтара алмайды. Міне, осы «Бақара» сүресінің 6-аятынан бергі Аяттарда айтылған хабарлар – өмір Шындығы. Көзінде пердесі болмаған («Бақара» с. 7-а), көкрек көзі ашық адам, өзінің жаратылысы мен өзін қоршаған орта хақында ойланып, кең түсініктерге ие бола келе, сынақ дүниесінде белгілі бір мерзімге жүргеніне көз жеткеріп, Ақыретіне қамданып, түбінде болатын Есеп күнінің Иесі – Алланың ризашылығын іздеп, құлшылыққа жығылады, Алла өзіне нәсіп еткен несібесінен зекетін, пітірін беріп, ретінде садақа үлестіреді, сауаптарға асығады...**

Құранның «Әнғам» сүресінің 104-аятында: **«Расында, сендерге Раббыларың тарапынан ашық дәлелдер келді. Кім оны көрсе өзі үшін. Және кім көрмесе, зияны өзіне...»**, -деп, ескерткен, Алла: **«Олар түйеге қарамай ма, қайтіп жаратылған?» «Олар аспанға қарамай ма, қайтіп көтерілген?» «Олар тауларға қарамай ма, қайтіп тігілген?» «Олар жерге қарамай ма, қайтіп төселген?»** («Ғашия» с. 17-20-а). **«Олар жер жүзіне қарамай ма? Онда әр түрлі көркем өсімдіктер өсірдік»** («Шұғара» с. 7-а),-деп Өзін сипаттай тұрып: «Жүсіп» сүресінің 105-аятында: **«Көктер және жерде қаншалаған дәлелдер бар. Адамдар оған көңіл бөлмей өтеді»**,-десе, «Зәрият» сүресінің 20-21-аяттарында: **«Жер жүзінде нақ сенушілерге дәлелдер**

**бар».** «Сондай-ақ, өздерінде де бар. Көрмейсіңдер ме?»-деп, Құлдарының салғырттығына ашынды. Расында, көктер мен жердің жаратылуында, күндіз бен түннің алмасуында (4), дәнді дақылдардың жарылуында, өліден тірінің, тіріден өлінің шығуында, ай мен күннің есеп үшін жаратылуында, қараңғылықтарда жол тауып жүру үшін жұлдыздар жаратуында, жаңбыр жаудыруы, сол арқылы жемістер мен өсімдіктер шығаруында (5), малдан – қан мен жынның арасынан сүттің сауылуында, гүлден балдың жиналуында, арасы жақын бірнеше жеміс ағаштарының әр қайсысы әр түрлі жеміс беретінінде және өзіміздің жаратылысымызда, түйенің құрылысында... саналы жан үшін үлкен ғибрат бар. Бұлар – Алланың бар екендігінің, Құдыретінің күштілігінің дәлелі. Бұлардан ой түйген пікірлінің таңдайтын жолы – Алланың Жолы ғана. Осы Жолды дәл тапқандар «...тіке тұрып, отырып, жамбасынан жатып (әр халде) Алланы еске алады. Сондай-ақ, олар көктер мен жердің жаратылуы жайында ойланады да: «Раббымыз! Сен мұны босқа жаратпадың, Сен пәксің, бізді от азабынан сақта!» «Раббымыз! Біз: «Раббыларыңа Иман келтіріңдер (деп) шақырған шақырушыны есітіп, Иман келтірдік. Раббымыз! Енді күнәларымызды жарылқап, жамандықтарымызды жасыр. Және жақсылармен бірге өлім бер!» «Раббымыз! Бізге Елшілеріңе уәде еткендеріңді бер. Сондай-ақ, бізді Қиямет күні қорлама. Күдіксіз Сен уәдеден айнымайсың»- ...», -деп, жалбарынады. («Әли Ғымран сүресінің 191,193,194-аяттары).

Шындығында, көз алдындағыны көріп, оны зерделеп, зерттейтіндердің жүрегі, көзге көрінбейтін, бәрін Көруші, Білуші, теңі жоқ, серіксіз – жалғыз Алланы табады. Алланы табудың бір сыры осындай – жалпы жаратылысты тану.

Алла Тағаланың біз өмірімізде пайдаланып, аса мән бермей жүрген көп нығметтері мен кереметтері, жаратқандары: «Рағыз» сүресінің 1-4 және 12-13-аяттарында; «Хыжыр» сүресінің 16-23-аяттарында; «Нахыл» сүресінің 10-18, сондай-ақ, 65-69 және 78-81-аяттарында; «Ісра» сүресінің 12-аятында; «Нұр» сүресінің 44-45-аяттарында; «Фурқан» сүресінің 45-50 және 53-54; 61-62-аяттарында; «Қасас» сүресінің 71-73 және «Рұм» сүресінің 19-24; 46; 48-50; 54-аяттарында; «Фұссилат» сүресінің 39-аятында; «Шура» сүресінің 11-аятында; «Қаф» сүресінің

6-11-аяттары; «Уақиға» сүресінің 57-73 және 85-87-аяттарында; «Ғабаса» сүресінің 19-32-ші тағы басқа сүрелердің аяттарында келтірілген.

«Рағыд» сүресінің 5-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) егер таң қалсаң, олардың: «Біз бір топырақ болған кезде, жаңадан жаратыламыз ба?»-деген, сөздеріне таңырқау керек...»**,-дейді. Иә, Құдыреті күшті, әу баста бәрін Өзі жаратқан Аллаға топырақ болғаннан кейін де, тіпті: «Тірілмеймін!»-деп, мәйітін өртеттіріп, күлге айналып кетсе де кезінде қайта тірілту ештеңе емес. Бұл жерде және бір таңырқарлық нәрсе, ғылымы ғарышты игеріп, әлемді ауызына қаратқан Американың Нил Армстронг сияқты ғалымы, Лев Толстой т.б. Ақылдылар қабылдаған Исламды мойындап тұрған кезде, түп бабасы сегізінші ғасырдан Мұсылман болған, менмін деп жүрген қазақ ғалымдарының, мәдениет қайраткерлері мен зиялыларының Исламды тілінде ғана айтып не мешіт салдырумен ғана шектеліп қалуы; ұрпағының болашағын ойлап, үлгі көрсетпеуі.

Бұл – Ислам талабымен құлшылыққа жығылу, адамзаттан жаңаруды сұрап тұрған үшінші мыңжылдықтағы ең маңызды мәселе...

- - - - -

1. «Тин» сүресінің 4-аяты: **«Расында, адамзатты көркем жараттық»** және «Сәжде» сүресінің 8-9-аяттары: **«Сосын оның нәсілін бір жайсыз судың негізінен жаратты»**, **«Сосын оны бейнелеп, ішіне Өз Рухын үрледі. Сондай-ақ, сендерге есіту, көру және түсіну қабылетін берді. Аз шүкір етесіңдер»**.

2. «Мүминұн» сүресінің 12-13-14-аяттары: **«Расында, адамды нағыз балшықтан жараттық»**. «Сонан кейін оны жатырда тұратын тамшы қылдық». **«Сосын тамшыны ұйыған қан жасадық. Ұйыған қанды кесек ет жасап, кесек етті сүйек жасадық та сүйектерге ет қаптадық. Сонан кейін оны басқа бір жаратылыс қылып, жан салдық. Жаратушылардың шебері – ұлы Алла»**.

«Тарық» сүресінің 5-7-аяттары: **«Ал енді адамзат неменеден жаратылғандығына бір қарасын»**. **«Бір атылып шыққан судан жаратылған»**. **«Ол бел сүйек пен кеуде сүйектің арасынан шығады»**.

«Нахыл» сүресінің 78-аяты: «Алла (Т) сендерді аналарыңның қарнынан еш нәрсе білмейтін түрде шығарды да сендерге есіту, көру және ойлау қабілетін берді. Әрине, шүкірлік етерсіңдер».

3. «Зэрат» сүресінің 20-21-аяттары: «Жер жүзінде нақ сенушілерге делелдер бар». «Сондай-ақ, өздерінде де бар. Көрмейсіңдер ме?»

4. «Әли Ғыман» 190-191-аяты: «Шәксіз көктердің және жердің жаратылуында, түннің және күндіздің өзгеруінде, әлбетте, Ақыл иелері үшін дәлелдер бар.

5. «Әнғам» сүресінің 95-97 және 99-аяттары: «Күдіксіз Алла түйірді және ұрықты жарушы. Және өліден тіріні, тіріден өліні шығарушы. Міне, Алла осы. Ал, сонда қайда бұрылып бара жатырсың?» «Таңды сөгуші, түнді тынығу және күн мен айды есеп үшін жаратқан. Осылар, аса Үстем, толық Білуші Алланың өлшеуі». «Ол құрлық және теңіздің қараңғылықтарында, сол арқылы жол табуларың үшін жұлдыздарды жаратқан. Расында, Аяттарымызды білетін елге ашық түсірдік». ... «Және Ол аспаннан жаңбыр жаудырдық. Ол арқылы әр түрлі өсімдікті шығардық та одан жасылдық (көк) шығарып, үсті-үстіне ұйысқан түйірді шығарамыз. Және құрма ағашының қауашағынан салбыраған шумақтар және жүзім бақтарын, бір-біріне ұқсаған, ұқсамаған зәйтүн, анар шығарамыз. Мәуеленгенде әрі піскенде жемістеріне бір қараңдар; міне, шәксіз осыларда сенген ел үшін, әрине, дәлелдер бар».

### «Соқыр көргенінен жазбайды»

Бұл – «Бақара» сүресінің: «Әрқашан оларға Алла түсірген Құранға Иман келтіріңдер делінсе, олар: «Өзімізге түсірілгенге Иман келтіреміз», -деп, оның тысындағы Құранға қарсы келеді...», -деген 91-аятының және қандай мұғжизалар келтірілсе де Шындықты мойындамайтындар («Әнғам» с. 111-а) мен Аллаға серік қосатындардың, Шындықты өмір тіршілігінен көріп жүріп түсіне алмайтындардың нақты түсіндірмесі.

Алла Тағала «Иасин» сүресінің 36-аятында әр нәрсені жұбынан жаратқанын ескерткен. Соқыр да екі түрлі болады. Бірі – екі көзі көрмейтін, бірақ, көкірек көзі ашық соқыр. Екіншісі, екі

көзі баттыып тұрғанмен, көкрегi тастай қараңғы соқыр. Мына мақал – нақ осы соқырға арнап айтылған мақал. Қоғам үшін ең жаман адам – осы адам. Өйткені, ол – шайтанның досы. Алланың Жолының үстіне отырып алған шайтан («Ағраф» с. 16-а) оған өзінің түсінік-түйсігін әдемі көрсетіп, оны Тура Жолдан тосуда.

«Әнғам» сүресі: «(Мұхаммед с.ғ.с.) олардан саған кейбіреулері құлақ салады. Бірақ, олардың жүректеріне ұқпайтын қалтқы қойдық әрі құлақтарында керендік бар. Олар әр түрлі мұғжизаны көрсе де сенбейді. Тіпті, саған келсе, олар сөз таластырады да....: **«Бұл Құран – бұрынғылардың ертегілерінен басқа еш нәрсе емес»** (25-а),-дейді»,-деген және «Бақара» сүресінің 170-ші, «Мәида» сүресінің 104-ші, «Ағраф» сүресінің 28-ші, «Мүминұн» сүресінің 24-25; 33-38; 47; 83-ші, «Лұқман» сүресінің 21-ші, «Шұғара» сүресінің 74-ші, «Сәбә» сүресінің 43-ші, «Зұхрұф» сүресінің 22-23-аяттарында аталарымызды осы жолда таптық, яғни, аталарымыздан келе жатқан жолмен жүреміз, деп қасарысатындарды айтқан. Көргенінен жазбайтындар осылар. «Бақара» сүресінің 93-аятында: «...қарсылықтарының салдарынан жүректеріне бұзау сіңіп, орнығып алған...»,-деп, оларды қанша уағыздағанмен Шындыққа мойын бұрмайды. Бұлар – Құранды оқып, Аяттарды зерттеп, өмір Шындығы мен ғылыммен салыстырып, Шындыққа көз жеткермейтіндер.

«Ахқаф» сүресінің 21-26-аяттарында Аллаға қарсы болған, Елшілері Һұдты (ғ.с.) тыңдамаған Ғад елінің жер бетінен жойылуын айтқан. Аяттарды оқиық: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Ғад елінің туысы (Һұдты ғ.с.) есіңе ал. Сол уақытта ол Ахқафтағы еліне... ..: «Алладан басқаға құлшылық қылмаңдар. Шын мәнінде мен сендерге келетін зор Күннің азабынан қорқамын» (деді)». «Олар: **«Сен бізді тәңірлерімізден айныту үшін келдің бе? Мүбәда шын айтушылардан болсаң, дереу бізге бопсалаған нәрсенді келтір»**-деді». «Шын мәнінде мәлімет Алланың қасында. Мен сендерге менімен жіберілген нәрсені жалғастырып отырмын. Дегенмен, сендерді надан ел көремін»-деді». «Сонда олар, апаттың, ойпаттарына қарай жайылып келе жатқан бұлт түрінде көргенде: **«Бұл бізге жаңбыр жаудыратын бұлт»**,-деді». «(Һұд ғ.с.): **«Жоқ! Ол сендердің асыға тілегендерің, ішінде жан түршігерлік азабы бар боран»** (деді)». «Раббыңның Әмірімен әр нәрсені тасталқан қылды. Сонда олардың жұрттарынан

**басқа еш нәрсе көрінбей қалды. Қылмысты елге осылай жаза береміз».** «Расында оларға да сендерге берген мүмкіншілікті берген едік; сондай-ақ, оларға, есту, көру және ойлау қабілеттерін берген болатынбыз. Бірақ, олардың құлақтары, көздері және жүректері ешбір пайда бермеді. Өйткені, олар Алланың Аяттарына қарсы келетін еді. Олардың мазақтаған нәрселері бастарына жетті», - дейді.

Міне, көргенінен жазбайтын – білгендерге құлақ салмайтын, ізденіп Шындыққа ұмтылмайтын сорлының соңы осылай болады.

Сөйтіп, «Мен не деймін, домбырам не дейді», - дегендей, Ұлы Алла Жәннатқа апарар Өзінің Тура Жолын айтса, мүшріктер Аллаға серік қосып, Аяттарға қарсы амал жасайды. Мақалдың мағынасы осы.

### **«Байлық – қолдың кірі»**

Бабаларымыз байлықтың сынақ екенін, оның Имандылықтың жауы әрі баянсыз әурешілік екеніне көз жеткергендіктен осы мақалды айтқан. Айтқанда да оның пендені күнәларға сүйрейтінінен шошып, оны қолдың кіріне – жиіркенішті настыққа балаған. Бірақ, шайтанға алданғыш адамзат оған – сол кірге өш!

Соны жақсы білетін Алла, Өзі қалаған бір Құлының жүрегіне пікір салып, осы мақалды тоқытты. Бұндағы астар арқылы «Нәжім» сүресінің: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) үгітімізден жалтарып, дүние тіршілігін ғана қалаған кісіден бет бұр»**, - деген 29-аятын және Құрандағы байлыққа қатысты барлық Аяттарды оқытты.

Байлықты Әл-Фараби бабамыз: «...Қиялдағы бақытқа келсек, бұл: байлық, дәреже, рахат – бұлардың бәрі де осы өмірдегі мақсат...» («Философиялық трактаттар» кітабы, 185-б), - деген. Бұл рас та!

Бізге керегі – Шындық. Кітабымыздың аты кейінгі толқынның қамы үшін, бүгінгі бас буынды Иманға шақыруға лайықталған. Яғни, «Мәида» сүресінің 79-аятына амал жасап, халыққа Тура Жолды таныстыру. Сол үшін біз, күллі адам баласына Тура Жолды көрсетіп отырған Құранның бірнеше сүрелеріндегі Тақуалық пен дүниеге байланысты Аяттарды тізіп көрсетпекпіз. Бұл Аяттар – ақ пен қараны ажыратушы Аяттар болып, бұлардың



халық құрметінде жүрген діндарға да, сол діндарға күмәні бар көпшілікке де пайдасы орасан.

Екіншіден, ел бұл Аяттарды жақсы білсе, адамзат Ақыретін ойлап, нәпсі қалауына шек қойып, Тура Жолға бет алады. Алдымененгі әңгімені Иманды бұзатын, елді, қала берді дүниенің бұзатын байлықты таныстырудан бастайық.

«Кеһф» сүресінің 7-аяты: **«Біз адам баласының қайсысы жақсы амал істейді, деп сынау үшін жер үстіндегі нәрселерді жердің көркі қылдық»**, -деген. (Және 28; 46-а). Мән берейік, байлығымыз біздің Алла Жолындағы, тіршілігіміздегі амалдарымыздың дұрыс-бұрыстығын сынау үшін екен.

Мұны кейінгі сүрелерде таратып айтады. «Әли Ғымран» сүресінің 14; 185-186-аяттарында: **«Адам баласы үшін қатындар, балалар, алтын, күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және егіндерді қызыға сүю әдемі көрсетілді. Бірақ, олар дүние тіршілігінің сәні. Негізінде орынның жақсысы Алланың қасында»**. «Әркім өлім татады. Шын мәнінде Қиямет күні ақыларың толық төленеді. Сонда кім оттан құтқарылып Жұмаққа кіргізілсе, рас құтылды. Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі». **«Малдарың және жандарың жайында әрине, сыналасыңдар; ...»**, -десе, «Әнғам» сүресінің 32-аятында: **«Дүние тіршілігі еш нәрсе емес. Ойынсауық қана. Әрине, Ақырет жұрты Тақуалар үшін жақсы. Сонда да түсінбейсіңдер ме?»**-дейді. Біздің ақ тер-қара тер болып жинап жүргеніміздің барлығы, Ақырет алдында түкке пайдасыз екен. Онда неге оған сонша құнығамыз?

«Жүсіп» сүресінің 109-аяты: **«...олар өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын жер жүзін кезіп көрмей ме? Әрине, Ақырет жұрты Тақуалар үшін қайырлы, түсінбейсіңдер ме?»**-деген бұл Аятта, біз сияқты Ақыретке сенбей, осы жалғанда байлық арттырғандардың байлығы еш опа бермегенін байқатып және Ақыреттің қайырын ескертеді. Расында, адамдар байлықты жинап-жинап, соңында кебінімен ғана кетіп жатқан жоқ па?

Алла «Рағйд» сүресінің 26-аятында: **«...Негізінде дүние тіршілігі Ақыреттің жанында тек қана бір күн көріс»**, -десе, «Таһа» сүресінің 131-аяты: **«Біз олардың кейбіреуіне сынау үшін берген дүние тіршілігінің ғана сәні түріндегі нәрселерге**

**көзінді сүзбе.** Раббыңның несібесі қайырлы да тұрақты» (Және «Хыжыр» с. 88-а),-деп тағы сақтандырады.

«Қасас» сүресінің 60-аяты: **«Сендерге берілген нәрсе, дүние тіршілігінің бұйымы, зейнеті ғана.** Ал, Алланың қасындағы нәрсе қайырлы да тұрақты. Енді де ойламайсыңдар ма?»-деген Алла, «Ганкабұд» сүресінің 64-аятында: **«Бұл дүние тіршілігі бір ойыншық, ермек қана.** Күдіксіз, Ақырет жұрты – анық тіршілік. Әттең, олар білсе еді!»-деп және қайталап, өкінішін де білдіріп, «Фатыр» сүресінің 5-аятында: «Әй, адам баласы! Сөз жоқ, Алланың уәдесі хақ. **Ендеше дүние тіршілігі сендерді әсте алдамасын. Сондай-ақ, аса алдағыш та сендерді Алла туралы алдамасын»,**-деп, мал мен байлыққа қызықтырып отырған шайтан екенін еске салып, «Ғафыр» сүресінің 39-аятында: «...**Шын мәнінде бұл дүние тіршілігі – уақытынша пайдалану.** Сөзсіз Ақырет, Ол – тұрақты жұрт»,)-деп, «Шура» сүресінің 36-аятында және де: «...**сендерге берілген нәрсе, дүние тіршілігінің ғана пайдасы. Алланың қасындағы нәрселер Иман келтіріп, Раббына тәуекел етушілер үшін қайырлы да тұрақты»,**-дейді.

Ал, «Зұхрұф» сүресінің 33-36-аяттарында біз айтпақ болғанды жеткерген. Оларда: «Егер бүкіл адам баласы бірыңғай түсініп, азбайтын болса, әрине, Аллаға қарсы болғандардың үйлерінің төбесін әрі жоғары шығатын баспалдақтарын **күмістен жасар едік.** «Үйлерінің есіктерін және сүйеніп отыратын төсектерін де **күмістен жасар едік.** «**Сондай-ақ алтынға бөлер едік.** Бұлардың барлығы дүние тіршілігінің ғана пайдасы. Раббыңның қасындағы Ақырет Тақуалар үшін қайырлы»,)-деп келеді де, 36-аятта: **«Әлде кім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол оның жолдасы болады»,**-дейді. Бұл жердегі Рахманды еске алу – осы Аяттардан дұрыс нәтиже шығарып, дүние байлығына қызығудан сақтану. Кім байлықты ойлағанда бұл Аяттарды ескеріп: «Бұл Аяттар Алланың Сөзі ғой. Мен Кәлимама адалдық етейін, шайтанға алданбайын»,)-деп, қорғанса, ол Алланың қасында қалып, Ақыретінде үлкен байлықтарға ие болады.

Бұдан кейінгі Аяттар осы Аяттарды қайталаған сияқты болғанмен бұларда бірнеше толықтыру бар. Сондықтан жаздық.

«Мұхаммед» сүресінің 36-аятында: **«Дүние тіршілігі бір ойын, ермек қана.** Егер Иман келтіріп сақтансаңдар, Алла

сыйлықтарынды береді. **Сендердің малдарынды сұрамайды**», - десе, «Хадид» сүресінің 20-аятында: **Біліңдер! Шын мәнінде дүние тіршілігі бір ойын, ермек, сән және өзара мақтанысу, сондай-ақ малдарды, балаларды көбейту ғана.** Бұның мысалы: Өсірген өсімдігі кәпірлерді таңырқатқан жаңбыр сияқты. Сосын курап, сап-сары болғанын көресің. Содан кейін үгінді болады. Ақыретте қатты азап әрі Алладан жарылқау, ризалық бар. **Негізінде дүние тіршілігі бір алданыштың ғана нәрсесі**», - деп дүние нәрсесі мақтану үшін екенін, жаңбыр сияқты бір көгертіп, сосын қурататынын ескертеді.

Ал, «Мұнафиқун» сүресінің 9-аятында: «Әй, Момындар! **Сендердің малдарың, балаларың Алланы еске алудан тоспаясын.** Әлдекім мұны істесе, міне солар, зиян тартушылар», - деп, байлықтың опасыздығын қаперге салып, «Табағұн» сүресінің 15-аятында: **«Шын мәнінде малдарың, балаларың бір сынақ. Үлкен сыйлық – Алланың қасындағы сыйлық»**», - деп және Ақыреттің қайырын ескертеді.

Осынша ескерту жасаған Алла, «Ағла» (16-17-а), «Дұха» (4-а) сүрелерінде де: «Бірақ, **сендер дүние тіршілігін артық көресіндер**», «**Ақырет қайырлы да тұрақты**», - деп, пенделердің пендешілігін ишаралап, Ақыреттің қайырын және қайталайды.

Міне, байлық деген – осы. Ал енді Алладан үміті бар адам, бұл Аяттарды жақсы біліп, байлыққа құнығудан сақтауға тиіс. Иманын байлыққа сатпауы керек. Сонда пенде шын мәніндегі Тақуалыққа жетеді.

Байлыққа қызығып, дінді табыс көзі ретінде түсінген пенде қатты қателеседі. «Мәида» сүресінің 48-аятында: «...Алайда, сендерге берген Жолында сынамақшы. **Ендеше жақсылыққа жарысындар...**», - деген. Мұндағы жақсылыққа жарысу – байлыққа құныққан нәпсіні тізгіндеу; ортамен байлық арттырудан емес, Тақуалықты дәлелдеуден жарысу, кімнің діні ең таза дін, Әділ дін екенін дәлелдеуден сайысу. Бұл – Аллаға ұнайтын амал. Ал, байлық арттырудан жарысу Абай бабамыздың: «Адамдардан ғылым, білімнен басқа нәрсемен оздым», деу – ақымақтық», - деген өсиетіне сай келеді.

Енді Тақуалықтың ең бірінші белгілерін атайық. Әрқашан бірінші ескерілетін Аят – Алланың барлығын, Одан басқа Тәңір

жоқтығын ескерткен Аят. Бұл – «Бақара» сүресінің 163-аяты. Онда: **«Тәңірлерің – бір-ақ Тәңір. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол – аса Қамқор, ерекше Мейірімді»**, -деген. Адамзат әр қашан өзіне қуатты қамқоршы, мейірімді дос іздейді. Осы Аяттан көрініп тұрғандай-ақ, адамзатқа ең сенімді және ең қуатты қамқоршы, мейірімді дос – жалғыз Алла ғана. Әйтпесе, бұл дүниенің тәшпінші адамзатты азаптардан азаптарға салады.

Екінші ескеретін Аяттар – Алланың барлық нәрсені Білуші, Көруші, Есітуші екенін жеткерген Аяттар. Бұлар: «Бақара» (110-а), «Әли Ғымран» (20; 29; 34; 119; 154; 156; 163-а), «Әнфал» (24-а), «Һұд» (5; 31-а), «Нұр» (21-а), «Таһа» (46-а), «Шура» (11; 24-а), «Зұхрұф» (80-а), «Қаф» (16-18-а), «Хадид» (4; 6-а) сүрелерінде анық айтылған. Бұлардың ішінен «Әли Ғымран» сүресінің бірнеше Аяттарын айтайық. Оларда: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) олар сенімен сөз таластыруға кіріссе (сен): «Өзімді Аллаға тапсырдым әрі маған ергендерді де»-де. Сондай-ақ, Кітап берілгендерге де, надандарға да: «Исламды қабыл етіндер ме?»-де. Егер олар Исламды қабыл етсе, Тура Жол табар еді. Ал, егер олар бет бұрса, саған жалғастыру ғана міндет. Алла – Құлдарын нақ Көруші»** (20-а), **«... «Көңілдеріндегі бір нәрсені жасырсандар да, жарияласандар да Алла оны біледі...»** (29-а), **«...Алла – әр нәрсені Есіту, Білуші»** (34-а), **«...Шәксіз Алла көкректегілерді толық біледі»** (119-а), **«...Алла – көкейдегілерді толық Білуші»** (154-а), **«...Алла – не істегендеріңді толық Көруші»** (156; 163-а),-деген. Бірінші кезекте ескерілуі тиіс бұл екі топ Аяттардан алатын Нұрлы Ақыл – Алла әр қашан Құлдарымен бірге екендігі. Ешкім Одан ештеңе жасыра алмайды және өзі де жасырына алмайды. Ол – бәрін Білуші. Онда біз дұрыс ой ойлайық, дұрыс сөз сөйлейік, дұрыс іс істейік.

Міне, осы жерде бізді **соқыр тауық** қылмайтын бір тетік қолымызда болады. Ол тетік – діндардың Алланың – толық Көруші, Есітуші, Білуші екенін білетін, білмейтіндігі. Егер ол жасырын бірдеңе істесе не өсек айтып-тыңдаса, өтірік сөйлесе, сыр тексерсе, демек, ол Тақуа емес. Ол Алланың Есітуші, Көруші, Білуші екенін білмейтін, нәпсісі үшін жүрген мұнафиқ.

Кезекті Тақуалықты сипаттаған Аяттарға берейік.

«Бақара» сүресі 3-5-аяттары: Тақуалар **«...ғайыпқа сенеді, намазды толық орындайды, өздеріне Алла берген несібеден,**

Алланың ризалығы үшін әрі өзіне сауап жинау үшін өзгелерге береді. Олар Құранға және Құраннан бұрын түскен Кітаптарға және Ақыреттің барына сенеді. **Солар – Раббы тарапынан Тура Жолда және солар құтылушылар**», -дейді. Осы сүренің 38-аятында: «Жәннаттан бәрің түсіндер. Менен сендерге бір Тура Жол келсе, кім сол Тура Жолға ерсе, оларға қорқу жоқ, олар қайғырмайды...», -деген еді. Осы Тура Жол – қолымыздағы Құран, ал, Құранды жақсы меңгеріп, Аяттардың үкіміне сауатты амал жасағандар – Тақуалар. 5-аяттағы «...құтылушылар», осы Тақуалар!

42-46-аяттарында Тақуаларға, жалпы Момын-Мұсылмандарға: «Ақиқатты бұзықтыққа араластырмандар да сондай-ақ, біле тұра Шындықты жасырмандар», «намазды толық орындандар, зекет беріндер, иілушілермен бірге иіліндер», «елді игілікке бұйырып өздерінді ұмытасындар ма? Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма?» «Сабыр және намазбен жәрдем тілендер. Расында намаз ынталылардан басқаларға ауыр келеді» «...ынталылар Раббыларына шын жолығатындықтарын ойлап әрі Оған анық қайтарылатындықтарын да біледі», -дейді. «...өздерінді ұмытасындар ма», -деп Кітапты оқып ойлануға шақырып отырғаны – мұнафиқтықтан, шала сауат дүмшеліктен сақтандырған. Және 48-аятта: «**Біреу үшін ешкім күймейтін, шапағат қабыл етілмейтін, ешкімнен төлеу алынбайтын және оларға жәрдемде етілмейтін бір Күннен сақтанындар**», -деп, Алланы ұмытпауды, бұйырған амалдарын орындауды еске салады. 110-аятында: «Намазды толық орындандар, зекет беріндер. Өздерін үшін алдын ала бір жақсылық жолдасандар, оны Алланың қасынан табасындар. Шынында Алла – не істегендерінді толық Көруші», -деп; 153-аятта: «**Әй, Момындар! Сабыр және намазбенен Алладан жәрдем тілендер. Күдіксіз Алла сабыр етушілермен бірге**», -деп, алдынан ескертіліп келе жатқан намазға сабырды теліп, Өзінің сабырлылармен бірге екенінен хабар берді.

177-аятта: «Жүздерінді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ, кім Аллаға, Ақырет күніне, Періштелерге, Кітаптарға, Пайғамбарларға Иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға және құл азат етуге жақсы көре отырып, мал сарып қылса әрі намазды толық орындап зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы бол-

са; таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне, **солар – Шыншылдар әрі солар – Тақуалар**». Біз басына сәлде байлап, намаз оқығанның барлығын Тақуа көреміз, ал, негізінде Тақуа шығыс, батысқа қарап намаз оқушы ғана емес, нағыз Тақуа – жоғарыда келтірілген Аяттар мен осы 177-аят сипаттаған Момындар.

Және олар 215; 254; 261-274-аяттарға амал жасап садақа берушілер, 275-276-аяттардың үкімінен және барлық тиымдардан сақтанушылар.

Жаңа 177-аяттағы сипатта Тақуа Момынның қасиеттерінің бірі, «...**өзара байласқан уәдесін орындаушы...**» екенін білдік. «Әли Ғымран» сүресінің 76-аятында: «**...кім өз уәдесін орындаса, Алладан қорықса, расында Алла Тақуаларды жақсы көреді**», -деп, Тақуалық артықшылығын ескертеді.

«Ниса» сүресінің 36-аятында: «Аллаға құлшылық қылыңдар. Оған еш нәрсені ортақ қоспаңдар. Және әке-шешеге, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қол астындағыларға жақсылық қылыңдар...», -деген Алла, 58-аятта: «**Негізінен Алла сендерге аманаттарынды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік қылсаңдар, Әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді**. Расында Алла сендерге нендей жақсы уағыз береді. Шәксіз Алла – толық Есітуші, тым Қырағы», -дейді де 135-аятта: «**Әй, Момындар! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әке-шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да Алла үшін айғақ болыңдар; бай немесе кедей болса да. Өйткені Алла, екеуіне де тым жақын. Ендеше Әділдік істеуде нәпсіге ермендер. Егер тілдеріңді бұрып, Шындықты бұрмаласаңдар, шәксіз Алла – не істегендеріңді толық Білуші**», -деп әрбір іс Өзінің бақылауында тұрғанын байқатады. Ал, «Мәида» сүресінің 8-аятында, Алла үшін куәлікте мықты тұруды айтып: «**Және бір елдің өшпенділігі сендерді әділетсіздікке тартпасын. Әділдік істеңдер. Сол Тақуалыққа жақынырақ**. Алладан қорқыңдар. Күдіксіз Алла – не істегендеріңнен толық Хабар Алушы», -деп, өзің жаман көрген адам үшін Әділдікті бұрмаламауды тапсырады.

«Әнғам» сүресінің 82-аятында: «**...Иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар; міне, соларда сенімділік**

**бар. Олар – Тура Жолға түсірілгендер»**,-деп, «Әнфал» сүресінің 2-4-аяттарында: «Сөзсіз Момындар, Алла еске алынса, жүректері қобалжиды да оларға Алланың Аяттары оқылса, сенімдері артылып, Раббыларына тәуекел қылады», «...олар намазды толық орындап, берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды». «Міне, солар – шынайы Момындар. Олар үшін Раббыларының қасында да дәрежелер және жарылқау әрі көркем несібе бар»,-деп, шынайы Иманды Тақуаларды болашағымен сүйіншілейді.

«Рағыз» сүресінің 20-22-аяттарында: «Олар, сондай Алланың уәдесін орындағандар әрі серттерін бұзбағандар». «Олар, Алланың жалғастырылуын әмір еткен нәрсесін жалғастырып, Раббыларынан қорқа отырып, есебінің жаман болуынан қауіптенгендер». «Раббыларының ризалығын іздеп, сабыр еткендер, намазды толық орындап, өздеріне берген несібемізден жария, жасырын пайдаландырғандар және жақсылық арқылы жамандықты кетіргендер, міне Ақырет жұртының табысы солардікі». 21-аятта айтылған жалғастырылатын амал – Құрандағы Тақуалық Аяттарына амал қылу және орнымен уағыздау.

«Сәжде» сүресінің 15-16-аяттарында, Тақуалардың құлшылық қылатыны, түнде таһажутқа тұратыны, «Мүминұн» сүресінің 2-5; 8-9-аяттарында: «Олар, сондай Момындар, намаздарында іштей жалбарынады», «олар, бос нәрселерден (сөздерден, құмардан, майшатпаздықтан...) аулақ болады», «олар, зекеттерін береді», «олар, ұятты жерлерін сақтайды», «олар аманаттарын, уәделерін қорғаушы», «олар, намаздарына ұқыпты»,-деп, «Нұр» сүресінің 52; 55-аяттарында, кімде кім Аллаға, Пайғамбарына бағынса, намаз оқып, зекет берсе Алланың ашуына ұшыраудан қорқып, сақтанса, мархаматқа бөленетінін ескертсе, «Фұрқан» сүресінің 63-64-аяттарында: «Рахманның Құлдары жерде сыпайы түрде жүріп, оларға білместер тіл тигізсе де: «Сәлеметшілік»,-деп дұрыс жауап береді». «Олар түнді, Раббыларына сәжде қылу, тіке тұрумен өткізеді»,-дейді.

«Зәрият» (17-19-а), «Мағарыж» (23-27; 29; 32-34), «Бәлад» (13-16-а) сүрелерінде, Тақуаларды: «олар түнде аз ғана ұйықтаушы ...», «олар таң сәрілерде жарылқану тілеуші ...»,



«олардың малдарында; сұрағанға да, сұрамағанға да тиесі бар»;

– «олар намазды ұдайы орындайды», сұрағанға да, сұрамағанға да садақа береді;

Алланың азабынан қорқу, ұятты жерлерді сақтау; аманатты, уәдені орындау, куәлікте бекем тұру, намазда ұқыптылық істеу;

– құл азат ету немесе жақындығы болған біреуді я шаңтопырақтағы сорлыны ашаршылық күнде тамақтандыру; жақсыны да, жаманды да сабырға шақыру және өзара мейірімділік, қайырымдылық жасау кеңесін бергендерден болу.

Негізінде Тақуалар, сопылар тәркі дүние адамдар болады. Олар Алла Жолындағы Патша бастаған күресте және Алла Сөзінің үстемдігі үшін күресте малын да, жанын да аямайды. Олар жоғары тізілген Аяттар арқылы, малы да, жаны да сынаққа берілгенін біледі. Төмендегі Аяттар осы сөзімізді тастықтайды.

Алла «Саф» сүресінің 10-11-аяттарында: **«Әй, Момындар! Сендерге жан түршігерлік азаптан құтқаратын бір сауда (бір Жол) көрсетейін бе?»** «(Алдымен) Аллаға, Елшісіне Иман келтіресіңдер; (сосын) малдарыңмен, жандарыңмен Алла Жолында (өз нәпсілеріңмен, Алланың дұшпанымен) күресесіңдер. Егер білетін болсаңдар, осы амалдарың сендер үшін қайырлы», - деген. Байлық жина, деп жатқан жоқ, керісінше, Алланың берген несібесінен Алланың ризашылығы үшін жұмсауды ескертуде.

Ал, «Хұжрат» сүресінің 15-аятында: «Шын мәнінде Аллаға, Елшісіне Иман келтірген Момындар еш күдіктенбей, Алла Жолында малдары әрі жандарымен соғысты. Міне, солар – Шыншылдар», - десе, «Ниса» сүресінің 95-аятында: «...(басқалар) Алла Жолында малдарымен, жандарымен соғысушылармен тең емес. Алла малдарымен, жандарымен соғысушыларды дәрежеде арттырды. Сондай-ақ барлығына да игілік уәде етті. Және соғысушыларды отырушылардан үстем кеңшілікке бөлеп, ірі сыйлық берді», - дейді.

Міне, Алла Жолында жүрген, Иманына адал Тақуа, деп осы топ Аяттарды білген және бұларға Алладан қорқып сауатты амал жасаған адамды айтамыз. Сәлде мен шапан, қырағат пен амалсыз уағыз – бос әурешілік әрі елді алдау деген сөз.

Тақуалықтың басы – Ақыретте алдына ашық келетін есеп дәптеріңді және сол дәптерге жазылғандардан азаптанбайтындай болуды ойлап:

«Мен не істесем де Алла көріп тұр. Бәрі есеп дәптеріме жазылады», -деп, күнә істеуге Алладан қорқу мен бұл дүниеге сатылғаны үшін ұялу;

«Мен не сөз айтсам, тіпті сыбырласам да Алла оны Есітіп отыр. Есеп дәптеріме жазып отыр», -деп өтірік айту мен өсектен, бос сөз сөйлеуден сақтану;

«Менің ойымды, пейілімді Алла біліп отыр», -деп, Алланы арнайы еске алып: «Уа, Раббым! Мен шайтанмен қалдырма!» -деп, іштен жалыну.

Сөзіміздің соңында айтарымыз, Алла осы «Байлық – қолдың кірі», деген мақал арқылы жоғарыдағы байлыққа байланысты Аяттарды оқытып отыр. Ізінен Тақуалықты үйреткен Аяттарды да қостық. Мұндағы мақсат – адамдарды шайтанға, ол қызықтырып отырған жолдардан сақтандырып, таза Иmandылыққа Тақуалыққа шақыру. Егер әрбір қазақстандық байлықтан Иmandылықты жоғары қойса, сонда дініміз де, діліміз де тазарады. Ауырмаймыз да, қылмыс та болмайды. Аурухана мен түрме де болмайды.

\* \* \* \* \*

*«Бақара» сүресінің 33-аятын оқытатын мақал –*  
**«Алтынды көріп Періште жолдан тайған», -деген мақал.**

Мақалдың негізгі мақсаты – адамзаттың байлыққа өте құштарлығын айту. Мұндағы «жол» – Алланың Тура Жолы. Біз Періштелерді көрмейміз. Бірақ, бар екеніне күмәнсіз сенімдіміз. Оларды күнәдан таза, нәпсіден ада деп түсінеміз. Оларға алтын керек емес. Мақалдағы Періште – пенде.

Сондықтан біз өзіміз Әділетті адам деп жүрген адамымыздан қауіптеніп: «Алтынды көріп Періште де жолдан тайған», -деген мақал бар, кім біледі, пенде ғой, қолқа салған бұзықтар азғырып, басын айналдырып, атағандарын беріп, айтқандарын істетер», -дейміз.

Бұл рас та. Өмірде жұрт Әділ адам, деп бағалағандардың да жолдан тайғанын көрдік.

Мақалдың біздің кітабымыз үшін құнды жері – осы мақал айтылғанда 33-аятты («Бақара» с.) еріксіз есімізге алатынымыз.

Біз Періштелердің бізді бақылаушы екенін, алдымызда оты-

рып, әрбір амалымызды жазып отыратынын Құраннан жақсы білеміз. Бірақ, Оның алтынды көріп жолдан тайғанын қалай түсінеміз? Мұны айтушы неге негіздеп айтты екен?-деп ойланамыз.

Сонда біздің ойымызға алдымен «Бақара» сүресіндегі Алланың Періштелерге: «**...Мен сендерге көктер мен жердің құпиясын, сендердің де ашық және жасырын істеген істеріңді білемін**», -деп айтпадым ба?»...», -деген 33-аяты түседі. Аятты талдай отырып, бұл мақал, бәлкім, Аяттар мен Періштелер туралы уағыздар айтқан Мұхаммедтің (с.ғ.с.) мүбәрак аузынан шыққан болар, деген тұжырымға келеміз.

Алайда, мақалдың мағынасы, Періштенің алтынға алдануы емес, Періштедей көріп жүрген адамыңның нәпсісі қызықтырған бір нәрсеге сатылып, сені өкіндіріп кетуі; екіншісі, өзіңнің нәпсің қызықтырған нәрседен сақтануың. Яғни, мақал сақтануға шақырады.

### **«Молда білгенін оқиды»**

Халқымыз Әділдік пен Тақуалық Жолын қастерлеуде қанша катал болғанымен шариятқа қарай: «Молда білгенін оқиды», депті. Расында, медресе, мешіті болмаған көшпелі елде Аяттарды ереже-емлесімен оқитын молдалар бола бермеген. Алайда, Алланың барына жүректен сенетін, Оның қаһарына ұшыраудан қорыққан ел, өз орталарынан, ары бар, ұяты мен Ақыл-білімі бар біреуін молда сайлаған. Соған құлақ салған. Ол да ел сенімін ақтауға тырысқан.

Осы молда сүрелерден оқығанда бір әріптен қателесіп, ұстаз көрген екінші біреу оған сын тағып жатса, Ақсақалдар: «Жоқтан бар жақсы», -деген бала, ауылда медреседе оқыған ешкім жоқ. Осы Кісі ар-ұятын білетін, Имандылыққа икемі бар болғасын, ортадан молда сайлағанбыз.

«Молда білгенін оқиды», -деген. Оқығанының Алланың құзырында қабыл болар, болмасын жалғыз Алланың Өзі ғана біледі. Қате оқыса, күнәсін өзі көтереді...», -деп, молданың білген Аяттарын оқуына және Ақылға сиымды Имандылыққа құрылған кеңестеріне, уағыздауына қарсы болмаған. Бұл мақал содан туған.

Мұны біз «Ісра» сүресінің 84-аятынан оқимыз. Онда Алла: «**Әркім өз жөн көргенін істейді. ...Раббың кімнің Тура Жолда екенін жақсы біледі**», -деген. Иә, бәріміздің де амалымыз бар

болғанмен, оның нақ Тура не бұрыс екеніне кепілдігіміз жоқ. Құранда намаз оқу мен ораза тұтуды мұқияттаған. Намаздың рукуғ, сәждесін және дәретті айтқан.

Басқа амалдары мен Аяттармен сипатталмаған дұғаларды Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүндеті, деп істеп жүрміз. Осы сүндеттің үстінде таласып, мәзһабтар пайда болған. Бірақ, кімдікі, қайсы мәзһабтағылардікі дұрысын ешкім анықтап айта алмай келеді.

Міне, осындай даудан осы біз тақырыпқа таңдаған мақал туған.

Біз Имам Ағзам Әбу Ханифаның мәзһабындамыз. Біз өзіміздің мәзһабымыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Бұған айшықтап айтар үлкен екі дәлел бар: біріншісі – басқа мәзһабты ашушылардың барлығы Имам Ағзам Әбу Ханифаның шәкірті болғандығы болса, екіншісі, Әбу Ханифа бірінші мәзһаб ашушы.

### «Жүзімін же де, бағын сұрама»

Мағынасы жеміс-жидекті меңзеп тұрғанымен, көтерген жүгі көлемді. Ел арасында біреуден біреу керегін сұрай қалса: «Мен де бар. «Жүзімін же де бағын сұрама»,-деген. Алла бұйыртқан дүние екен. Ал, игіліне пайдалан...»,-деп, сұрағанын береді.

Екінші мағынасы – Алланың айтқанын қыл да, Оның мекенін, затын сұрап күнәға батпа, дегені.

Бұл мақал Құранның «Әли Ғымран» сүресінің 7-аяты. Онда: «Ол Алла саған Құранды түсірді. Оның ашық мағыналы Аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі іргетасы. **Екінші ұқсас ұғымды Аяттар бар. Ала жүректерінде қыңырлығы болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы Аяттардың ұғымын іздестіреді, соңына түседі. Оның ұғымын Алла ғана біледі. ...ғылымда озат болғандар: «Бұған сендік. Барлығы Раббымыздың қасынан»,-дейді. Мұны Ақыл иелері ғана түсінеді»,-дейді. Сол ғалымдар сияқты әрбір Мұсылман да ұқсас мағыналы Аяттардың Алладан келгеніне күмәнданбайды. Керісінше, «Мәида» сүресінің: «**Әй, Момындар! Егер айқындалса, сендерге жаман болатын нәрсені сұрамаңдар. Құран түсірілгенде оны сұрасаңдар білдірілетін еді. Алла оны (сұрамағандарыңды) кешті...**»,-деген 101-аятын ескеріп, Құранның тыйымдарынан тиылып, әмірі мен өсиеттерін орындайды. Қиссалардан өзіне үлкен сабақтар алады.**

«Зүмәр» сүресінің 22-аятында: «Алла (Өзін іздеп талпынған) әлдекімнің көкірегін Ислам үшін ашса, сонда ол, Раббы тарапынан Нұр үстінде емес пе? Жүректері Алланы еске алу-дан қатайғандар құрысын! Міне, солар ашық адасуда»-десе, 23-аятында: «Алла Аяттары бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын, Сөздің ең көркемін Кітап түрінде түсірді. Одан Алладан қорыққандардың түктері үрпиеді. Сосын олардың терілері, жүректері Алланың зікіріне жұмсарады. Құран – Алланың Тура Жолы. Алла Онымен кімді қаласа Тура Жолға салады. Алла әлдекімді адастырса, Сонда оған Тура Жол көрсетуші болмайды», -деп, ізінен қорғанушылар мен жалғанға шығарушылардың жайын айтады. Сол айтпақшы, Аллаға, Елшілерге, Кітаптары мен Құранға Иман келтірген әрбір Мұсылман Құранның Алладан түскеніне күмәнданбай, Аяттардан ұтымды пайдаланып, өзін азаптардан қорғайды.

### **«Ақылдың отын ақымақ өшіре алмайды»**

Бұл мақал – Құранның бірнеше Аятында (1) ескертілгендей, Алла несібесі мен дәрежесін ұлық еткен, әрбір сөзі мен ісі бірдей ақылды, ілімді әрі білімді адамның абройын қорғап айтылған даналық. Екінші жағынан, кең ойлыларды сабырға шақырумен бірге, біреулерді адасқандарға, бақылдарға еріп (2), күнәға батудан сақтандырады.

Алдымен, оты өшпейтін ақылды кім екеніне тоқталайық. Бұл әлбетте, Иман келтіргендерді Алланың Өзі қорғайтынына (3) шүбәсіз сеніп, өзін Аллаға толық тапсырған, Ібраһим Халиулланың (ғ.с.) Жолына – Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Жолына түскен (4), пендешілік атаулыдан жоғары – Кәлимасына адал (5), «Бақара» сүресінің 177-аятын (6) және Тақуалыққа тиесілі Аяттарды терең түсініп, оған жағдайына қарай, әлінің келгенінше әділ амал қылған адам.

Ал, ақымақ кім? Бұл – Алланың өзіне берген бақытын, бақытты заманын бағалай алмайтын, оның қадіріне жетпейтін; шүкір ету дегенді мүлде білмейтін; өзін де, өзгені де сыйлай алмайтын; қоғаммен үйлесіп өмір сүруге құлқы жоқ; өзі бола алмайтын, болғандарды көре алмайтын, ішкі мәдениеті төмен – күйкі, міншіл, күншіл, өсекші; өзінікін ғана жөн санап, ісі мен сөзі жөн адамдардың мәртебесін қызғанатын, өзіндік пікірі мүлде тайыз –

сөзге ерме, әрқандай қоғамда тек бүліншілік болуын қалайтын, іші тар, пейілі бұзық, тәрбиесі нашар адам.

Бұл мақалды қолданғанда айтпақ болып отырғанымыз: Отандастарымыз бен замандастарымызды, Алла Тағала берген бүгінгідей бақытты заманға шүкір етуге шақыру; осы алтын дәуреннің тұғырын берік етіп, балаларымызға, немерелерімізге, жалпы ұрпаққа тапсырудың Құрандағы жолын айту; еліміздің абыройын, бақытын қызғанған ойраншылдарға алданудан сақтандыру.

Еліміздің басынан қандай тағдырлар өтсе, барлығы Алланың бұйрығымен, тағдырымен болды. Дәл бүгінгі бақытты заманды да, еліміздің Басқарушысын да Алла сыйлап отыр. Алдымен осыған шүкір етейік. Жамбастан қосылып, халифатты уағыздап, демократияны айтып жалмандағандарға елеңдемейік. Құранда Алла Тағала: **«Әлбетте, Мен және Елшілерім жеңіске иеміз»,-деп жазған...»** («Мүжәдала» с. 21 а.),-деген. Яғни, «Хаж» сүресінің 38-аятын ескерсек, Аллаға, Оның Елшісіне Иман келтірген Құлы да әрқашан Алланың қамқорлығындағы жеңіскер деген сөз. Себебі, ол – Алла несібесін ұлық еткен Алланың Құлы. Оның жағып отырғаны – Алланың оты. (Елбасымыз, дінбасымыз) Демек, кім болса да, қандай дінді ұстанса да бірде бір адам баласы Аллаға, Оның Елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с.) және осы екеуіне Иман келтірген Тақуаларға ештеңе қыла алмайды. Ал, мұның астарындағы, айтылмаған мағынасы – осы отты өшіруге ұмтылушылардың ақымақ екендігі...

«Хижра» сүресінің 9-аятында: **«Расында, Құранды Біз түсірдік. Әрі шын мәнінде, оны Біз қорғаушымыз»,-деп,** Құрандағы Аяттарды мойындамай, бұрмалағандар, Құраннан ештеңе өзгерте алмайтынын ұқтырса, қияс мағынасы, Иман келтіріп, Алланың белгілерін ұлықтағандар (7) мен Аят-хадиспен жүргендер Өзінің қамқорлығында екенін байқатады. Осы Аяттарды қорыта келіп біздің дана бабаларымыз: «Ақылдың отын ақымақ өшіре алмайды»,-деп, Алланың Жолымен ғана жүруге жөн сілтеген.

Бұл дәлелдерден кейін, қарсы келушілер Ұлы Исламға да, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) де, Алланы сүйген, Алланың Жолымен жүрген патшаға да, Момынға да ешқандай күйе жаға алмайтыны өз-өзінен түсінікті. Мұны ақылды оқымыстылар Исламның он төрт ғасырлық тарихынан да, бүгінгі өмірден

де көріп, оқып, біліп жүр. Сондықтан шыққан тегі ғайридің, қаншалаған императорлар мен қоғам қайраткерлері, ғалымдар Ұлы Ислам діні мен Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) өшпес бағаларын берді. Бірсыпыралары ата-бабалары ұстанып келген дінін тастап, өз еріктерімен саналы түрде Мұсылман болды...

Алайда, кейбір Мұсылман елдерінде, адасқандарға еліктеп отаншыл, халықшыл болып, тыныш елдің шырқын бұзушылар кездеседі. Мұны халық БАҚ-тар арқылы біліп, олардың саясатқа терең бара бермейтін тобы, Алланың Иман келтірген Құлын Өзі қорғайтынына уәде еткен – «Хаж» сүресінің 38-аятына күмәнда қалады. Шындығында, бұзықтардың бүлігінен олардың өздері және Иманы әлсіздер мен тағдырларында азап көру жазылғандар ғана зиян көреді. Аллаға, Елшісіне (с.ғ.с.) таза берілгендер Алланың қамқорлығында болады, бұзықтарға ермейді.

Енді өркениетті елдер кімдер?-деген сұраққа тоқталайық. Бұлар әрине, осы дүние де аз пайдаландырылған («Бақара» с. 126-а) – экономикалық, әлеуметтік дамыған, бірақ, Құран Аяттарын бекерге шығарушылар.

Олардың ең ықпалдысы Израил. Құранда Аллаға, Елшілеріне қасарысып, талай мәрте уәде беріп, талай мәрте сөзінен қайтқан, Алланың Сөзін бұрмалап: «Ұнзұрнаның» орнына «Рағина» деген, «Хиттаның» орнына, «Хинта» деп, оң істерді әдейі теріс істегендіктен Израил ұрпақтарының өте көпшілігі қарғысқа ұшырағанын жетік түсіндірген. Және біздің сақтануымыз үшін: **«Расында, Израил ұрпақтарын біле тұра әлемге ықпалды қылдық.** (Білім әлемдері үстіне оларды таңдадық)» («Дұхан» с. 32-аят),-дейді. Міне, осылар көптеген Иманы әлсіз дүмшелер мен өзіндік пікірлеуі тайыз ермелерді Исламның Жолдарына қарсы әрекеттерімен қызықтырып, Ұлы Жолдан тосады. Содан келіп, жалған отаншылдар мен халифатшылдар шығады.

Париж коммунасынан кейінгі, әлем келіскен үлкен бір саясат – діннің мемлекеттен бөлектігі. Бұл да бей-жай емес. Алла Тағала, қарғысқа ұшырағандардың бейбітшілікті, Бейішті жақсы көретін Құлдарының жетегіне жүрмейтінін білгендіктен, «Дұхан» сүресінің 32-аятын түсіріп, әлем жақсыларын сабырға және сақтыққа шақырған. Бұл Аятты түсіндірген Расулалланың (с.ғ.с.) Әлиден (р.а.) кейін патшалық салтанат құратынын айтқан хадисі де бар. Әлемдегі Мұсылман мемлекеттері осы Аят пен хадиске дұрыс амал істеп, Ислам мен өздерінің ұлттық салт-дәстүрлерін



сақтай отырып, Алла әлемге ықпалды етіп қойғандармен («Дұхан» с. 32-а) ортақ тіл табысады. Бұл қорыққандықтан емес, Алланың Сөзінің үстемдігін қорғау үшін. «Жоқ, олай емес, біз халифат орнатып, әлемге Исламды ықпалды етеміз»,-дегендер – осы және «Бақара» сүресінің: «**Дінде зорлық жоқ...**» (256-а),-деген, «Ағраф» сүресінің: «**Жер жүзі түзелгеннен кейін бүліншілік қылмандар...**» (56-а),-деген, сондай-ақ, «Һұд» сүресінің: «**Сендерден бұрынғы ғасырлардағы ақыл иелері, жер бетіндегі бұзықтықты тыйса еді?...**» (116-а),-деген ескертулеріне қарсы шыққан болып, өздеріне-өздері зұлымдық етеді («Жүніс» с. 44-а). Соңғы Аяттың мағынасы, сендерден бұрында ақыл иелері болды, бірақ, олар бұзықтарды тый алмады. Бұзықтарды Мен ғана тыймын, деген сөз.

Алла Құранда: «**Тура Жолды түсіндіру Аллаға тән. Ол жолдың қисығы да бар. Егер Алла қаласа, барлығыңды бір жолға салар еді**» («Нахыл» с. 9-а), «**...Адамдарды Иман келтіруге сен зорлайсың ба?**» «**Алладан бұйрықсыз ешкімнің Иман келтіруі мүмкін емес...**» («Жүніс» с. 99-100-аяттары)-деген. Бұл Аяттардан туындайтын тұжырым, халифат құрам деушілердікі – құр сандырақ, бос (8) қиял екендігі. Себебі, Алладан бұйрықсыз ештеңе өзгермейді, өздігінен пайда болмайды.

Өздерінен Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейін қанша Пайғамбарлар шықса да, олардың ізіне ермей, Кітаптарды бұрмалаған бұзықтарды Құраннан оқып отырмыз. Бүгінде соларға ұқсағандар Мұсылман мемлекеттеріндегі жеңіл ойлыларды ақшаға жығып, олар арқылы арандатушылық ұйымдастырып, түрлі бүліктер мен жарылыстар болдыруда. Мұнысы, әлемге Исламды жаманатты көрсетуге ұрынған әрекеттері. Білімсіз бір жүректерге күмән салуы. «Сақалдының бәрі иманды емес»,-дегендей, негізінен бұл таза Мұсылмандардан шыққан бұзықтық емес. Таза Мұсылмандар, «Бақара» сүресінің «**Дінде зорлау жоқ...**» (256-а),-деген Аятының және бұл бұзықтықты бұрынғылар да жоя алмай кеткенін айтқан «Һұд» сүресінің 116-аятының мағынасын өте жақсы түсінеді және оны құрметтейді. Алланың Аяттарына қарсы амал ету, Алланың қаһарына ұшырататынына сенетін олар, ешқашан бұзықтық жасамайды. Егер жасаса, Ақыретте аспан есігі ашылмай («Ағраф» с. 40-а) дозақта мәңгі қалатынынан («Бақара» с. 39-а) қорқады.

Алла «Кеһф» сүресінің 6-аятында Мұхаммедке (с.ғ.с.): «...олар бұл Құранға сенбесе, арттарынан кейіп, өзінді жоя жаздайсың», -десе, «Әнғам» сүресінің 35-аятында: «Егер олардың жүз бұрулары саған ауыр келсе, қане (қолыңнан не келеді?) қолыңнан келсе, жерде бір тесік (жарат) немесе көкте бір саты іздеп тауып мұғжиза келтір! Егер Алла қаласа еді, оларды Туралыққа жинар еді. Ендеше сен надандардан болма», -дейді. Алланың «...надандардан болма», -дегені: «Сен ешкімді Иманға келтіре алмайсың, Мен қаласам ғана келтіремін («Бақара» с. 272-а). Сен Маған жағаласпа, Мен дозақ үшін де адамдар мен жындар жаратқанмын («Ағраф» с. 179-а), олармен дозақты толтырамын, дегенмін!» -деген сөзі. Демек, жердің бетінде Халифа орнатамын, барлық адамды намазға жығамын, деу – надандық, деген сөз.

Жаңағы «Һұд» сүресінің 116-аятына кеңірек тоқталайық. Онда: «Сендерден бұрынғы ғасырлардағы ақыл иелері, жер жүзіндегі бұзықтықты тыйса еді. Бірақ, олардан азын ғана құтқардық. Зұлымдық істегендер берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп, күнәкар болды», -деген. Осындағы бірінші сөйлем, біздің ғасырымыздан бұрынғы ғасырларда да ақылды адамдар болғанын, олардың да жер бетіндегі (не өз еліндегі) бұзықтықты жоя алмағанын хабарлайды. Бұл Аят, Алла Хикмет берген ақылдыларға да, ой өрісі тар бүлікшілерге де тиесілі. Әлемдегі барлық тірлікті тек Алла ғана басқарады. Ол Өзінің Аяттарын, Елшісінің хадис-сүндеттерін сыйлап дұрыс жүргендерге жақсылық; бұзықтықты қалайтындарға жамандық береді. Демек, өзін ақылды санаған әрбір адам Иман пәктігін қорғап тыныш жүрсін, деген сөз.

Егер бұзықтықты тыю адамзаттың қолында болса, Мұхаммедтің сүйікті бауыры, ең бірінші сахабасы, туған күйеуі, әрбір Аятты өте жақсы меңгерген және бүкіл Аяттардың түсу тарихына куә болған, Ислам Жолын жақсы білген Әзіреті Әли (р.а.) түзеп кетер еді.

Алла қаламады, түзей алмады.

Сахабалар мен табағиндерден кейін өткен, Алла патша болу бақытын сыйлаған Арон Рашид сияқты талайлар өз елін әділ басқарғанмен бұзықтық мүлде жойып кете алмады.

XIII ғасырда әлемді жаулаған Шыңғысхан да, Қазақ даласына Исламның кең жайылуына үлкен ықпал еткен Өзбек хан да,

одан кейін Ислам Жолын ұстаған атақты Әмір Темір бабамыз да, Бабур да, XX ғасыр тарихында аты қалған И. В. Сталин де бұзықтықты ауыздықтай алмаған.

Бұлар – бұзықтықты Алладан басқа ешкім тыя алмайтынына Алланың өзі оқытып, тәжірибеде көрсетіп отырған нақты дәлелі.

Бұзықтықты жоятын Алла ғана. Ал, пенденің міндеті, өзін түзеп, Тақуалықты меңгеріп, өз тіршілігінде Алла Сөзінің үстемдігін сақтау, Нұрлы ақылмен Құранды насихаттауды жалғастыру, отбасына, өзгелерге дұрыс үлгі көрсету. Одан кейінгі міндеті, отбасын Имандылыққа үгіттеп, құлшылыққа жығу ғана.

Бұзықтарға алданған, жалған патриот – жалған Мұсылмандар мен халифатты аңсаушылар, 2007 жылға дейінгі аралықта бізден де шықты. Иманы тілінің ұшында ғана айтылатын, қоғам көрсінге жүрген азғын намазхандардың **Ислам – тыныштық, көну, бойұсыну екеніне; Мұсылманшылық – сабырлылық, қанағатшылдық пен шүкіршілік** екеніне ақылы, білімі жетпей, айтаққа еріп, өзінің атына, тегіне халықтан нәлет келтірді. Олардың шығарған бүлігінен Алланың да, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) да, Президенттің де, Үкіметтің де ештеңесі кеткен жоқ. Бәрінің де бақытының оты жанып, тіршілігін жалғап келеді. Өйткені, аталарымыз айтқандай: «Аққа Құдай жақ», «Ақылдың отын ақымақ өшіре алмайды».

Құранда Алла Тағала: **«...Расында, адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз», «... көп нәрседе жанжалшыл»** (9),-дейді. Жасыратыны жоқ, бұл Аятта айтылып отырғандар – Аяттарды және адамзаттың басынан өткен тарихты жаттап қана оқитын, бірақ, түсінбейтін сауатсыздар мен өзінің және жасап жатқан қоғамының қадіріне жетпейтін, өзінің туып-өскен елінде адамзат бақыты үшін адал еңбек етіп жатқан алғадай Азаматтардың, несібелі замандастарының абыройын қызғанатын («Ниса» с. 53-54-а), өзіне мол несібе берген Аллаға, Құран мен Пайғамбарға (с.ғ.с.) сенімі шүбәлі, тоқшылықтан масайрап жүрген, екіжүзді ойлауы кем адамдар. Олар Құранның: **«Алланың саған берген дәулетімен Ақырет жұртын ізде де дүниедегі несібенді де ұмытпа. Алла саған жақсылық еткендей сен де жақсылық істе, сондай-ақ, жер бетінде бүліншілік ізденбе. Алла бұзақыларды сүймейді»** («Қасас» с. 77-аят),-деген Аятынан ха-

барсыз, пендешілікпен жүрегін кірлеткен пақырлар. Бұлардың елге тигізетін кесірі көп.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ата-анаңды ұялтпа, ол жақта олар жауынгерлер сияқты топ-топ болып жүреді, деген мағынадағы хадисі бар. Бұл – әлгіндей бүлікшілерге және арам жолмен үкіметтен, халықтан ақша ұрлап елді қиыншылыққа тосылдырып жүргендер мен дүниеге бола өзіне-өзі қол салушыларға, мұнафиқтарға тиесілі.

Аяттар мен сахих хадис-сүндеттерге қарсыларды Құдайдың Өзі оңғарсын...

Жалпы бүліншілік іздеу – Исламға жат нәрсе. Бұл Құранға да, өзі жасап жатқан Отанын сүю мен қорғау міндеттерін мойнына алып өмір сүріп келе жатқан адамзаттың Азаматтық қағидатына да, Ел Конституциясына да туры келмейді. Шектен шығушыларды сүймейтін Алла, Өзі берген тыныш заман мен ақылды, қайырымды патшаның қадірін білмеген елге, шегіне жеткенде қаһарланады. Біз осы шекке жетудің алдын алып, елімізге ежелден үлгі болған, барлық мазһабтардың ұстазы Әбу Ханифа мазһабында жүріп, бір тілек-ниетте амал жасап, бүгінгі бақытымыздың баяндылығын сақтап қалуға барымызды салғанымыз абзал. Бұл, Алланың өзімізге жасаған жақсылығындай, ізімізден жетіліп келе жатқан буынға, балаларымызға жасаған жақсылығымыз болады.

**«Алладан қорқындар! Күдіксіз Алланың азабы қатты»**,-деп, «Мәида» сүресінің екінші Аятында Өзі ескерткен Алланың қаһарынан Кешірімді, Мейірімді Алланың Өзі сақтасын. Біз көрсеткен Жолымен жүріп, сақтанайық. «Ақ табан шұбырынды, алқакөл сұламаны» айтпағанда, 1929 бен 1948 жылдар аралығында бабаларымыз бен мамаларымыз көрген, аталарымыз бен әжелеріміз кешкен азапты өмірді Құдай қайтып басымызға салмасын, балаларымыз көрмесін (10). Балаларымыз бен немерелеріміздің, жалпы ұрпақтың сауабы үшін Алла Құранда айтқан, Мұхаммед (с.ғ.с.) көрсетіп кеткен Хикметті Жолмен дұрыс жүріп, жасап өтейік. Осы амалдар ғана Алланың хұзырында қабыл болады. Алланың Жолы – ақылдың оты. Оны ешкім өшіре алмайды. Ал, Оған, сүйікті Елшісіне (с.ғ.с.) қарсы ниетте, әрекетте болғандар өз амалының азабын екі дүниесінде де өзі тартады. **«...Алла азапты ақылын жұмсамайтындарға береді (11).**

- - - - -

1. «Бақара» сүресінің 247-аяты: «Оларға Пайғамбарлары: «Дау жоқ, Алла сендерге Талұтты патша сайлады»-деді. Олар: «Оның бізге патшалығы қалайша болады? Одан көрі патшалыққа біздер лайықпыз. Сондай-ақ, оған малдан да кеңшілік берілмеген еді»-деді. Пайғамбар: «Негізінен сендерге оны Алла сайлады да өзін білімде әрі тұлғада артық қылды. Алла әкімшілікті қалағанына береді. Алла – әр нәрсені кеңінен Білуші»-деді».

«Ниса» сүресінің 53-54-аяттары: «Олардың әкімшіліктен бір үлесі бар ма? Ондай болса, олар адамдарға түк бермес еді». «Немесе олар, Алланың **Өз кеңшілігімен адамдарға бергенін қызғана ма?** Расында, Ибраһимнің (ғ.с.) жұрағатына Кітап, Хикмет және зор Патшалық берген едік». («Нахыл» с. 71; «Зұхрұф» с. 32-а)

2. «Хұжрат» сүресінің 6-аяты: «Әй, Момындар! Бұзық **біреу хабар келтірсе, оны анықтаңдар. Әйтпесе, білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріне өкінесіңдер**»

3. «Хаж» сүресінің 38-аяты: «Күдіксіз, Алла Иман келтіргендерді **қорғайды**. Әрине, Алла бүкіл қиянатшыл қасарысқандарды жақсы көрмейді».

4. «Бақара» сүресінің 130 және 269-аяттары: «**Өзін білмеген ақылсыздан басқа кім Ибраһимнің (ғ.с.) жолынан бет бұрады?** Расында, оны дүниеде таңдадық әрі күдіксіз ол, Ақыретте де игілерден болады». «Алла (Т) Хикметті қалаған **Құлына береді**. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. **Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады**».

5. «Бәйинә» сүресінің 7-аяты: «**Күдіксіз, сондай Иман келтіріп, түзу іс істегендер, міне, солар жаратылғандардың жақсысы**».

6. «Бақара» сүресінің 177-аяты: «**Жүздерінді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ, кім Аллаға, ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға және құл азат етуге жақсы көре отырып, мал сарып қылса әрі намазды толық орындап, зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне, солар шыншылдар әрі олар Тақуа**».

7. «Хаж» сүресінің 32-аяты: **«Міне, осы. Кім Алланың белгілерін ұлықтаса, күдіксіз ол, жүректің Тақуалығынан».**

8. «Кеһф» сүресінің 56-аяты: «Негізінде елшілерді қуандыру, қорқыту үшін ғана жібердік. **Кәпірлер бос нәрселер арқылы Шындықты төмендетуге жағаласады. Әрі апаттарымыз және ескерткен нәрселерімізді тәлкекке алады».**

9. «Ібраһим» сүресінің 34-аяты: «Әрі сендерге Өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрін берді. Егер Алланың нығыметін санасандар, санына жете алмайсындар. **Расында адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз».**

«Кеһф» сүресінің 54-аяты: «Расында, осы Құранда адам баласы үшін әр нәрсені ашақ-ашық баян еттік. Ал, адам баласы көп нәрседе жанжалшыл».

10. «Ісра» сүресінің 8-аяты: **«... Раббыларың мәрхамәт етер. Егер қайталасандар, Біз де қайта жазалаймыз. Сондай-ақ, жаһаннамды кәпірлерге зындап қылдық».**

11. «Жүніс» сүресінің 99-100-аяттары: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) егер Раббың қаласа еді, әрине, жер жүзіндегілердің барлығы түгелдей Иман келтірер еді. Адамдарды Иман келтіруге сен зорлай алмайсың».** «Аллдан бұйрықсыз ешкімнің иман келтіруі мүмкін емес. Алла азапты ақылдарын жұмсамайтындарға береді».

\* \* \* \* \*

*«Әли Ғымран» сүресінің 4-аятының мағынасынан  
туған мақал –*

**«Кетпеннің басын бассан, сабы маңдайыңа тиеді»**

Мұның: «Тек жүрсен, тоқ жүресің», «Жатқан жыланның құйрығын баспа», «Сен тимесең, мен тимен бадырақ көзім», - деген де баламалары бар.

4-аятта: **«...Расында Алланың Аяттарына қарсы келгендер үшін қатты азап бар. Алла – өте Үстем, өш алу Күшіне Ие»**, - деген. Мақалдан да, Аяттан да өмірде Әділдікті, тепе-теңдікті ұстау талап етіледі. Кетпеннің сабының маңдайға тигені – Алланың өш алғаны.

Мақалдың тіке мағынасы – өмір Шындығы. Мұны басқалардан гөрі диқандар жақсы біледі және авторы да сол кетпенді көп пайдаланатын диқан жұрты.

Құранда «Жүніс» сүресінің 100-аятында: «**Алладан бұйрықсыз ешкімнің Иман келтіруі мүмкін емес. Алла азапты Ақылын жұмсамайтындарға береді**», - деген.

Бірінші сөйлем – Ақылды адамның Алланы іздеп, Иман келтіруге бұйрығын алатынына ишара. Ал, екінші сөйлем – Алланы іздемейтіндердің ертелі-кеш бір азап шегетіні.

Алланы іздеп, Иман келтіруге бұйрығын алу деген – қоршаған ортаға, әркімнің өзінің жаратылысына ой жіберіп, бір Құдыреттің барына Сену, сосын Соның Жолын іздеу деген сөз. Осы Жолды іздеп жүрген адамға Алла Рахым қылады. Ол азап шекпейді.

Өмір Шындығынан алатын болсақ, мемлекеттік заң. Кімде-кім заңға қарсы амал істесе, қылмысты атанып, бас бостандығынан айырылады.

### **«Зордан зор шықса, екі көзі сонда шығар»**

Бұл – «Әнғам» сүресінің 129-аятының түсіндірмесі. Аятта: «**Осылайша, залымдардың істегендері себепті, бірін-біріне үстем қыламыз**», - деген. Яғни, екі залым топтың біріне бірін басшы етеді.

Мақал да, Аят та бізге – біздің елімізге тиесілі. Аяттағы: «**...бірін-біріне үстем...**» еткен екі топты біліп алайық. Біріншісі, «Ағраф» сүресінің 30-аятының хабары бойынша адасқан; бірақ, «Мәида» сүресінің 48-аятына амал жасап өздеріне белгіленген ережемен **жақсылыққа** жарысып келе жатқан Христиандар. Екінші топ – бабаларымыз. Олар Құранды жетік білмегендіктен, білем дегендерге сеніп қателесті. Алланың санап отырған күні («Мәрям» с. 84-а) толған Күні, Алланың қалауымен Ресейге барып қосылды...

Алла «Бақара» сүресінің 247-аятында: «Оларға Пайғамбарлары: «Дау жоқ. Алла сендерге Талұтты патша сайлады», - деді. Олар: «Оның бізге патшалығы қалай болады? Одан гөрі патшалыққа біздер лайықпыз. Сондай-ақ оған малдан да кеңшілік берілмеген еді»-десті. Пайғамбар: «Негізінен оны сендерге Алла сайлады да өзін білімде әрі тұлғада артық қылды. **Алла әкімшілікті қалағанына береді**. Алла – әр нәрсені кеңінен Білуші»-деді», - дейді. Міне, осы лауазымдыны менсінбейтін,



қызғанатын пендешілік біздің қазақта да ежелден келеді. Елдіктен айырылуға да, билігіне жансыздардың араласып, жүзге бөлінуіне де осы Алла бекіткен басшыны сыйламайтын тәкаппарлық себеп болған.

Таратып айтсақ, біріншіден, Алла Аяттарына қарсы келген елден өш алады («Әли Ғыман» с. 4-а), Ол бабаларымыздан өшін алды. Неге? Себебі, Алла «Ниса» сүресінің 59-аятында басшыларға бағынуды тапсырса, бізде ол керісінше болды. Яғни, басшыны сыйламау, тыңдамау, оған бағынбау деген – осы 59-аятқа қарсы болу, деген сөз. Қазақ осы білімсіздігінен басшыға бағынбай, «бас-басына би болып...» соңында, Ресейге құл болды.

Халықта: «Алланың назары түспесе, есек базарға делдәл бола алмайсың», -деген тамаша пәлсапа бар. Рас, Алласыз ештеңе болмайды. «Нахыл» сүресінің 71-аятында: **«Алла несібеде біріннен бірінді артық қылды.** Сондай несібесі артық етілгендер қоластындағыларға бермейді. Несібеде олар тең. Олар Алланың нығметіне қарсы келе ме?»-десе, «Зұхрұф» сүресінің 32-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Раббыңның мәрхаматын олар бөліп бере ме? Олардың дүние тіршілігіндегі несібесін араларына Біз үлестірдік. Сондай-ақ, бір-біріне бағынсын деп, бірінен-бірін дәрежеде көтердік.** Раббыңның мәрхаматы олардың жиған-тергенінен артық», -дейді. Бабаларымыз осы Аяттарды терең түсінбеді. Бұл Аяттар бізге қатысты емес, деп «Жүсіп» сүресінің: **«...Құран бір жасама сөз емес...»** (111-а), -деген ескертуін бекерге шығарды. Содан биліктегілерді күндеу, олар хақында өсек тарату, жалпы елдің ауызбіршілікті жасауына тосқауыл болды. Соныңда Алланың ашуына ұшырап, орыстың боданына айналып тынды («Әнғам» с. 129-а).

Осы 111-аятты толық келтірейік: **«Әрине, Пайғамбарлардың қиссаларында ақыл иелері үшін өнеге бар. Құран бір жасама сөз емес. Өзінен бұрынғы Кітаптарды растайды. Сондай-ақ Иман келтірген ел үшін әр нәрсені ашықтайтын Тура Жол және Игілік»**, -деген. **«...Құран жасама сөз емес...»**, деп отырғаны – ойдан шығарылып айтыла салған сөз емес, өздеріңнен бұрынғы Алланың Аяттарына қарсы келгендердің басында болып өткен тарих деген сөз. **«...Өзінен бұрынғы Кітаптарды растайды...»**, -дегені – «Таурат», «Зәбур», «Інжілде» де Аяттарға қарсы келгендердің жазаланғаны ескертілген еді,

бабаларымызға да Құранда біздерге айтылған айтылып еді, олар да елемеді, бізге Құран сол елемегендер мен қарсы келгендердің тартқан жазасын алып келді. «...**Иман келтірген ел үшін әр нәрсені ашықтайтын Тура Жол және Игілік**», -дегені – бізге жасаған ескертуі. Сол қателікті қайталамауымыз керек, сол үшін осы Құран бізге түсіріліп отыр. Яғни, біз 1731 жылы Ресейге қосылғанға дейінгі алауыздықты, надандықты қайталамауымыз керек. Керісінше, «Ниса» сүресінің: «**Әй, Момындар! Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар. Егер бір нәрсеге талассандар оны Аллаға, Пайғамбарға ұсыныңдар. Егер сендер Аллаға, Ақырет күніне Иман келтірген болсаңдар, міне, осы қайырлы да нәтижеде жақсы**», -деген 59-аятына сауатты амал жасап, тыныш жүруіміз керек. Аллаға, Пайғамбарға бой ұсыну – Құранмен, сахих хадис-сүндеттермен жүру; таласты нәрсені Алла мен Пайғамбарға тапсыру – намазбен, сабырмен төрелік сұрау. Діні басқа («Мәида» с. 48-а) біреулерге еліктеп, дау көтеріп көшеге шығу емес...

Енді сол бабалар тарихынан деректер айтайық. Бани Исраилдың пайғамбарларының бірі, Вавилонның кәпір патшасы Бухтунсурдың өздеріне қарсы шабуылына қарап: «**Ия, Алла! Бұл біздің өз қолымызбен жасаған нәрселеріміздің жазасы ғой. Сол үшін бізге Өзінді танымайтын (бізге Христиандар мен атеистер келді Н.Қ.), бізге рахым етпейтін біреуді үстем еттің**», -деген. Сол Бухтунсур Даниал Пайғамбарға: «Мені сенің қауымыңа үстем еткен не нәрсе?» -деп сұрағанда, ол: «Ол – сенің қатеңнің зорлығы мен **менің қауымымның өздеріне жасаған кесірлері**», -деген.

Ибн Әбу Дуния Фудайл ибн Айядтан мына риуаятты жеткізді: «Алла Тағала бағзы Пайғамбарларына былай уахи еткен: «**Мені танып-білген пенде Маған қарсы шықса, оған Мені танымайтын біреуді үстем етемін**».

Имам Ахмад былай дейді: «Уәлид ибн Муслим Сафуан ибн Амрден, ол Абдуррахман ибн Жубейр ибн Нуфайрдан, ал, ол өзінің әкесінен былай дейді: «Мұсылмандар Кипр елін алды. Шайқас аяқталғанын, жеңілген елдің тұтқынға түскен халқы у-шу болып, бір-бірлерімен жылап көрісіп жатты. Осы сәтте бір шетте Әбу Дарданың (а.р.) оңаша отырғанын байқап қалдым. Ол жылап отыр екен. Мен оның қасына барып таңданғанымды жа-

сыра алмай: «Уа, Әбу Дарда! Саған не болған? Осынау, Алланың Мұсылмандарға жеңіс сыйлап, дінінің абыройын асырған айтулы күні қайғырып отырғаның қалай?»-деп сұрадым. Сонда ол маған: «Әй, Жубейр-ау! Олай емес. Алла Тағаланың бұйрығына мойынсынбаудың қандай сорлылыққа апаратынын көрмейсің бе? Тіпті, олар мынадай жеңімпаз әрі қуатты ел болса да, Алланың әмірін тәрк етулерімен осындай жағдайға душар болмады ма?»-деді басын шайқап. (деректер С. Абдуллаев құрастырған «Күнәнің зардаптары» кітабынан алынды).

Міне, «Зордан зор шықса, екі көзі сонда шығар»,-дегеннің мағынасы осы. Біздегі зорлар кімдер еді? «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа»,-демекші, малы көп – байлығына сенген байлар еді. «Дүниеге ынтық, машхарға амалсыз...» (Абай), олар шайтанның айдап салғанымен жаңағы «Ниса» сүресінің 59-аятына амал жасамай, елді ірітті. Нәтижеде ел Ресейге барып қосылды. Уақыт өте бере қара шекпенділер келіп, елді аяқ асты етті (Бекен Қайрат, «Қазақия қалай отарланды?» кітабын оқыңыз).

Кейін құдайсыздар иеленді. Сонда өз ішінен шыққан ақылдылар мен Ақсақалдарға бой бермей тайталасып жүрген ақымақ зорлар, халқын қорғап, Азаматы мен Ақсақалын арашалап, қара шекпенділерге қарсы шыға алды ма? Жоқ, шыға алмады. Керісінше, біреулері іннен інге кіріп бұғып өмір сүрсе, біреулері сол отарлаушыларға жағынып, елін сатып күн көрді. Өз ағасының ақылына көнбей қасарысатын олар, өздерінен зор шыққан да солардың табанын жалап өмір сүрді. Яғни, осылай көзі шықты.

Құранмен төрелік айтар болсақ, аман-аман күнінде өз ағасына көнбеген («Ниса» с. 59-а), өзінен басым шыққан зордың б..ғын илеген олар, «Бақара» сүресінің 161-аятының үкімі бойынша қарғысқа ұшырады...

Алла уәдесіне берік.

Бұл бізге сабақ болуға тиіс. Халықта: «Болмасынды білгесін, болатын Ердің қосын жек», «Бірің басшы болсаң, бірің қосшы бол»,-деген даналық бар. Ұрпақ келешегін ойласақ, Құранға қайтайық. Алла несібесін ұлық еткен басшыларға сын тақпай, олармен бір ниетте болайық. Не болса, соны сылтау етпей, таза Мұсылманшылық Жолында жүрейік. Сонда Аллаға жағып, елдің, ұрпақтың сауабына кенелеміз.

Абай бабам: «Біріңді қазақ, бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос», - дейді. Біз Құдай несібесін ұлық етіп, арамыздан шыққан басшыларды, ғалымдарды сыйламасақ; жүзге, руға бөлініп, басымыз бірікпесе, Тәуелсіздікке жеттік дегеніміз де; біздің бабаларымыз батыр болған, дана болған, деген мәртебе-мерейіміз де әлем халқы мен тарихтың алдында көк тиын. Шығыс даналығында, бабаларыңның кім болып өткенін айтып мақтанба, өзің сол бабалардың даңқына лайықсың ба, соны дәлелде, деген мағынада даналық бар. Біз бір-бірімізді дос көріп, бізге үлкен жер мен батыр халық деген атты аманаттаған бабаларымыздың даңқына лайық болып жасайық.

Құранның «Мәида» сүресінің 54-аятында: «Әй, Момындар! **Сендерден кім дінінен шықса, Алла жедел бір қауым әкеледі.** Алла оларды жақсы көреді және олар да Алланы жақсы көреді. Момындарға қарсы жұмсақ, кәпірлерге қарсы қатал, Алла Жолында соғысады. Сөгіс берушілердің сөгісінен олар қорықпайды. Осы – Алланың қалағанына беретін ілтипаты. Өйткені, Алла – өте Кең, аса Білуші», - десе, «Ағраф» сүресінің 167-аятында: «(Мұхаммед (с.ғ.с.) Раббың оларды Қиямет күніне дейін **жаман қинаумен ұстайтын біреулерді әлбетте жіберетіндігін білдірді.** Расында, Раббың – тез Жазалаушы әрі аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», - деген. Бірінші Аяттағы: «**...дінінен шықса...**», - дегені – Құранға, сахиx-сүндеттерге қарсы келсе, үкім етілген амалдарды әлі келгенше орындамаса дегені; ал, екінші Аяттағы: «**...жіберетіндігін білдірді...**», - дегені, маймылдар қарғалмастан бұрын оларға ескерткені еді. Бірақ, олар сол ескертуден нәтиже шығармады, қарғалды. Міне, солар сияқты болмаудың қамына кірісейік – Алланың Тура Жолына түсейік.

«Ағраф» сүресінің 96-аяты: «**Егер ол өлкелердің елі Иман келтіріп, сақтанса еді, әрине, оларға көк пен жердің берекетін ашып жіберер едік...**», - деген. Бізге сол көк пен жердің берекетін ашып жіберсін. Үлкен байлық иеленіп, Мәңгілік Ел болып қалайық. Және «Әнғам» сүресінің 89-аятында: «**Міне, бұлар өздеріне Кітап, Даналық және Пайғамбарлық бергендеріміз. Егер енді бұлар қарсы келсе, қарсы келмейтін бір елді оларға уәкіл етеміз**», - деген. Бұл айтып отырғаны тап біздер. 1992 жылдан дініміз еркімізге тиді. «**...өздеріне Кітап, Даналық, Пайғамбарлық бергендеріміз...**», - дегені, – қолымызда Құран-

ның қазақшасы бар; Даналық дегені – халқымыз толық сауатты – УІІ-ХІХ ғасыр адамдарымен салыстырған көп саналы; Пайғамбарлық бергені – Мұхаммедтің (с.ғ.с.) күллі сахих хадистері кітап болып шығып отыр. Енді Аяттарға қарсы келмейік. Және қайталайық, халқымыз сауатты, сауаттылардың үлкен пайызы жоғары білімді, қомақты пайызы ғалымдар; және араб тілі мамандарына иеміз; қолымызда Құранның қазақшасы бар. Күні-түні оқиық. Он мәртепелеп, жүз мәртепелеп оқиық. Еліміздегі суфизм мен фанатизмнің арасын ашайық. «Шариғат ақылдан үстем, шариғатымызда олай деген, былай деген», -деп, өзіміз сияқты адамдардың қолымен жазылған шариғатқа сеніп, тағы да баяғы надандық жолына түсіп, Тәуелсіздігімізден айырылып қалмайық. Ұрпағымыз зордың қолында азап көрмесін!

Біз жаңағы 111-аяттан дұрыс тағылым алып, «Өнғам» сүресінің 6-7-аяттарын өзімізге бұрып, түсінсек: «Сендерден бұрын қаншалаған нәсілді жоқ еткенімізді, Құран мен тарих пәнінен оқып, археология ғылымы арқылы біліп отырған жоқсыңдар ма? Сол жоқ еткен нәсілдерімізге, сендерге бермеген мүмкіншілікті берген едік. Оларға аспаннан жаңбыр жіберіп, астарынан өзендер ағыздық. Бірақ, олар «Әли Ғымран» сүресінің 14-аятынан ақыл түймей, Біздің кеңшілігімізді (178-а): «... өз күшіміз бен біліміз, осылай өркендеп кете береміз...», деп түсініп, күнәлар арттырды. Сол себепті, оларды жоқ қылдық та сендерді әкелдік. Енді сендер олардай надандық етпендер. Мені ұмытпаңдар, шүкіршіліктерің мен құлшылықтарың көп болсын.

Қолдарыңда «...қағазға жазулы бір Кітап...» – Құран бар. Бұрынғы қателескендер сияқты сендер де, Құран Аяттарын: «**Бұл – ап-ашық сиқырдан басқа ештеңе емес**» (7-а), -деп немесе «**Бұл, бұрынғылардың ертегілерінен басқа еш нәрсе емес**» (25-а),-деп, я болмаса, «**Бұл – бұрынғылардың басынан өткен тарихы**», деп, көрер көзге жаңылыспандар. Бұл – сендердің өткеніңді де, алдағыңды да өздеріңнен жақсы Білуші, жалғыз Алланың Кітабы. Кімде кім осы **Тура Жолыма ерсе, оған қорқу жоқ әрі ол қайғырмайды...**» («Бақара» с. 38-а)), -деп, арнайы бүгінгі біздерге айтып отырған ескерткі.

Аллдан басқа зор жоқ. Сондықтан Оның айтқанын қылып, Оған ғана паналайық!

## «Ой жүйесін тапса, сөз иесін табады»

Иә, Алла Тағала әркімге әр түрлі қабілет берген. Ойсыз, пікірсіз адамға айтылған сөз далаға айтылғанмен бірдей. Ал, ойлы адам, есіткенінен де, оқығанынан да, көргенінен де өзіне, отбасына, қоғамға пайдалы сабақ алады.

Алла осы мақалмен де «Бұлақ басынан тұнса, аяғы мөлдір болады», деген тақырыбымызда келтірген: «Бақара» (44-а) және «Мүминұн» (68-а) сүрелерінің ойлау, зерттеу хақындағы Аяттарынан бастап, «Ағраф» сүресінің 30-шы, 179-шы, «Фатыр» сүресінің 32-ші, «Уақиға» сүресінің 7-38-ші, 39-56-аяттарын және «Әли Ғымран» сүресінің 85-ші, «Рұм» сүресінің 30-аяттарын үйретеді. Ойлауы бар жан осы Аяттардан пікір түйіп, алдымен, өзінің қайсы Жол үшін жаралғанын («Ағраф» с. 30-а), тіршілігінде өзінің қандай жолда жүргендігін («Фатыр» с. 32-а) – күн көру үшін ұстанып жүрген жолы, амалдары Алланың құзырында қабыл бола ма? Жоқ па? Соны біледі. Кімдермен дос, сырлас, кімдермен құда-анда болуы керектігіне дейін түсінеді.

Таратып айтсақ, «Ағраф» сүресінің 30-аятында, адамдардың бір тобы Тура Жолға салынып, бір тобы адасуға тиісті болғаны айтылса, ойлы адам, бұл Аяттан өзінің қайсы топтан екенін біледі; «Фатыр» сүресінің 32-аятында Құран берілгендердің өзін үшке бөледі. Бір топ, кәсірлердің: «Өмір бір-ақ рет беріледі, жасап қалу керек!»-дегеніне елтіп, осы дүниенің рахаты мен жалтыраған-жылтырағанына есін беріп, Аллаға қарсы келіп, өзін-өзі күнәға батырады; бір топ күмән-күдікте арпалысып: садақа беріп, араарада Жұма намазға, Айт намаздарына қатысып, ораза ұстап, орта жолды ұстанады; бір топ ойын тура жүйелеп, Ақылын дұрыс жұмсап, Құранмен жүреді. «Уақиға» сүресінің 7-38-аяттарында осы **соңғы топтың** сыйлығы қалай болатынын баяндайды; ал, 39-56-аяттарында Аллаға, Елшісіне, Құранға қарсы келгендердің көретін азабын айтады.

Ойын жүйелей алған адам, **соңғы топта** болуды мақсат тұтып, бұл дүниенің атақ-даңқы мен мал-дүниесінен Ақырет пайдасының артық екенін Саналы түрде зерделеп, Алланың Жолына түседі.

Осы сияқты «Әли Ғымран» сүресінің 85-аятында Өзінің құзырында Ислам дінінен басқа дін қабыл болмайтынын ескерт-

се, «Рұм» сүресінің 30-аятында, Алла жаратылыста адам баласын Ислам дініне арнап жаратқанын айтқан. Ойлы адам: «Адамдар неге Алла деп көзге көрінбейтін, тумаған, туылмаған, жаратылыстардың ешбіріне ұқсамайтын жалғыз Аллаға жалынады? Жұма күні мешітке жиналып құлшылық жасайды, қанша миллиондаған адам жылына бір Меккеге жиналады, бұл не деген дін? Осыны білейінші»-деп Лев Толстой сияқты ізденсе, Құранды оқуға ниеттенеді. Құранды оқып отырып, осы 85-аят пен 30-аятқа тура келеді. Бұлар арқылы Ислам дінінің Алланың алдындағы Ардақты дін екенін және өзінің осы Ислам діні үшін жаралғанын түсінеді; «Бақара» сүресінен Адам ата мен Хауа анамыздың жаратылуы, Бейішке орналастырылуы және шайтанға алданған қателігінен тағылым алып, өзінің негізгі мәңгілік мекені Жәннат екеніне көз жеткеріп, соған жетудің Жолында күреседі.

Ал, ойсыз адам, қамсыз адам – негізі «Ағраф» сүресінің 179-аятында айтылған дозақ үшін жаратылған адам. Ол қарнының тоқтығына мәз. Алла жөнінде, Ақырет хақында ойламақ түге, онда тамақ пен ұйқыдан, жанаярлықтан, қулық-сұмдықтан басқа адал ой деген нәрсенің өзі жоқ. Оның аңдығаны қазан-ошақ, іздегені өсек-аяң ғана.

### **«Бұл – көне дүние...»**

Бабаларымыздан қалған бұл дуалы сөз көп айтылып жүргенімен тереңіне үңіле бермейтініміз рас. Егер тереңіне ой жүгіртіп талдасақ, онда барлық адам Алланың қаһарына ұшыраудан қорқып, тек Құранмен жүрген болар еді.

Аталмыш мәтелді естігенде, әлбетте, Адам (ғ.с.) ата мен Хауа (р.а.) ананы есімізге алып, солардан тіке Мұхаммедтің (с.ғ.с.) заманына, одан жеті атамызға тоқталып, ізінен өзімізге түсеміз. Негізінде бұл дүние әлденеше миллиардтаған әлде триллиондаған замандардан келе жатыр. Оған жылдары анық көрсетілмегенмен Құран дәлел.

Адам мен Нұхтың (ғ.с.) арасы өз алдына сандаған ғасырлардан тұратын уақыт болар.

Археология, полеонтология ғылымдары жер қойнауынан өте ежелгі замандардың жәдігерлерін тауып, тас дәуірі, қола дәуірі, көмір дәуірі, темір дәуірі..., деп, дәуірлерге бөліп, дүниенің



қашаннан келе жатқанымен таныстыруда. Бұлардың барлығы Нұхтан бергі дәуірлер. Нұх пен Ибраһимнің арасы, Ибраһим мен Мұсаның (ғ.с.) арасы ұзақ бір дәуірлер.

Құранның дерегі бойынша темірді игеру Дәуіттің (ғ.с.) заманынан, мысты игеру Сүлейменнің дәуірінен басталды. Өстіп Пайғамбарлардың заманын талдап отырсақ, әр заман нешеме жүздеген, мыңдаған жылдарды ішіне алады.

Бұл дәуірлерде қаншалаған мәдениеттер салтанат құрып, адамдардың надандығының салдарынан жойылып кеткен. Мұны Алла Тағала бірнеше Аятта қайта-қайта ескерткен. Олардың біздерден де күшті болғанын, жер асты байлықтарын алып, біздерден де бай жасағанын ескертеді. Ондағы айтпағы – біздердің де солар сияқты Аяттарға жүрдім-бардым қарап, күнәларға малтығып, жойылып кетуімізден сақтандыру.

Иса (ғ.с.) мен Мұхаммедтің (с.ғ.с.) арасы 571 жыл. Жыл санау Исадан бері қарай басталған. Ал, біздің жыл санауымыздан бес ғасыр бұрын, әлем ұстазы атанған Аристотель, Сократ, Платон сияқты ғалымдар, бүкіл дүниені жаулаған Ескендір Зұлқарнайын өткен («Кеһф» с. 83-98-а). Бүгінгі ғаламтор – Құранда айтылатын яжуж-мәжуж («Кеһф» с. 93-97-а) осы Ескендірдің заманында болған. Ол оны жойған...

Құран Аяттарымен тарихты салыстырып, дүр Оңғардың:

Адам – керуен, өмір – жол,

Ешкімге жат із емес.

Бұл жолмен көшкен керуеннің,

Алды-арты біз емес,-дегеніндей, бұл – талай замандар, сандаған пенделер келіп өмір сүріп кеткен дүние екенін білейік.

### **«Заман бір қалыпта тұрмайды»**

Кейде: «Дөңгелеген дүние», деп те айтылады.

Мәтелдің мағынасын «Ғафыр» сүресінің 82-83-ші және қарсыларды жойып, орнына Алланы сүйетіндерді әкелетіні хақындағы Аяттардан оқи аламыз.

82-83-аяттарда: **«Олар жер жүзін кезбеді ме? Сонда өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрер еді. Олар бұлардан көп және күшті әрі жер жүзінде қалдырған**

**деректері мықты еді. Сонда да табыстары (мықты деректері) олардың істеріне жарамады». «Өйткені, оларға Елшілері мұғжизалармен келгенде, өз қастарындағы білімге мардымсыды да әжуалаған нәрселері бастарына жетті»,-дейді.**

Аяттағы оқиға бұрынғының хабары болғанымен, Құранның барлық адам баласына түскені хақындағы, Мұхаммедтің соңғы Пайғамбар екендігі жөніндегі Аяттарға Иман келтіре отырып айтсақ, бұл Аят – барлық адам баласына ескерту. Бүгінгі біздерге де. Ғалымдарымыз жер жүзін кезіп, қойнауын қазып, өзімізден бұрынғылардың хабарын айтып отыр; біздер де кітап жазып, ескерткіштер жасап, мықты деректер қалдырмақтамыз; біздер де амалдағы ғылымымызға, білімімізге «...мардымсып...», Алланы тілімізде ғана айтып, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажылыққа бару, садақа тарату тақылетті бірнеше әмірлерді саясат үшін ғана орындап, Аяттарға атүсті амал жасап келеміз...

Құранда айтылған: бұл дүниенің көнелігі, заманның бір қалыпта тұрмайтыны туралы бірнеше Аяттардың Шындығын ғылым дамыған ХІХ-ХХІ ғасырларда анық көріп-біліп отырмыз.

«Сад» сүресінің 87-88-аяттарында: **«Құран бүкіл әлем үшін бір насихат». «Әлбетте Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіндер»,-**деген. Абай бабамыздың: «Кеше бала ең, Келдің ғой, талай жасқа»,-дегеніндей, адамдар Құранның Шындығын өз өмірлерінде көріп келді.

1929 жылғы тәркілеуге дейін, ешбір пенде заман өзгереді, зорлар шығып, мал-дүниемізді тартып алады, деп ойламаған еді. Олардың осы қамсыздығына қаһарланған Алла қызылдар үкіметі дегенді дүниеге әкеліп, олар бай мен кедейді теңестіреміз, деп байлардың малын, жерін, басқа құрал-жабдықтарын ортақ қазынаға жинады. Дымы жоқ, көрген үлгісі де болмаған кедей, жетім адамдарды артелге, ұйымға басшы сайлады. Бұл байларға ауыр тиді. Қарсылық көрсетті. Сосын оларды қамады.

Осындай зобалаң бір заман туды. Сонда Қанатбай деген бай: «Негізінде жалшымаған, қу кедей, Басымызға буыршын боп шөкті ғой!»-деп өлеңдеткен екен.

Бұл тартып алудың ізі ашаршылыққа алып келді. Оның артынан нәубет деген шықты. 1941 жылдан соғыс басталды. 1948

жылдан тоқшылық келді, «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» бейбіт өмір орнады. Міне, осы тарихқа куә болған, әкесі баласына: «Балам, заман бір қалыпта тұрмайды...», -деп, алдарындағы сыры беймәлім күндерге, замандарға Имандылықпен дайын жүруді насихаттаған.

Біз екі ғасырдың куәсіміз. Көзімізбен көргенімізді айтсақ, соғыстан кейінгі қайта тіктеу жылдарындағы Имандылықты көрдік. Соғыстан, ашаршылықтан қорқып қалған халық тәубешіл, Әділ, сабырлы еді; ересектерге арақ ішу, темекі шегу мәртебе болғанымен, жастар кітап оқуға қызығатын; ал, 1970 жылдардан кейін, халық тойынып, ысырапшылық көбейді, бәсеке салтқа айналды, жүзшілдік, рушылдық бықси бастады; 1980 жылдардан кейін адамдар бай, кедейге бөлінді, ағайын-туыстар да дәулеттісіне жағынатынды шығарды; 1990 жылдардан кейін (1991 ж) КСРО тарқады, халық ашаршылыққа ұшырады, 1993-2000 жылдар аралығында тар тұрмыс көрді; 2003 жылдардан халық қайта тойынды, 500 адам шақырып той өткеретін мақтанға көшті, бүгінгі технология кең дамып, тіпті басқаша өмір орнады...

Осы кезеңдерде Құранның Қияметке байланысты: жер созылатыны; күннің батыстан шығып, батысқа бататыны; ағайын-туыс, дос-жаран бір-біріне көмектесе алмайтыны сияқты Аяттарының Шындығын көзімізбен көрдік.

Иә, бабаларымыз айтқандай, заман бір қалыпта тұрмайды. Қазір ғаламтор (яжуж-мәжуж) күшіне мініп тұр. Бұл Ескендір Зұлқарнайынға дейін болып, халықтың талап етуімен, Ол мұны жойған еді. **«Алла ешкімге зұлымдық қылмайды. Адамдар өздеріне өздері істейді»**, -деп, «Жүніс» сүресінің 44-аятында ескертілгендей, Құранды білмейтін адамзат, Құранды толық насихаттамай тұрып, оны қайта «тірілтті». Бұл – адамзатқа пайдалы болумен бірге, жер бетінде бұзықтық орнауын қалайтын, дозақтықтар үшін жақсы құрал. Олар мұны теріс жолға ұтымды пайдаланып, халықты үкіметке қарсы үгіттеумен әлек... Сондықтан бүгінгі күнімізге сансыз шүкір айтып, алдағы күндеріміздің бұдан да жақсы болуын тілейік.

Тақуалық мектебінің сабақтарынан жақсы білім алып, озат оқушы болып, Ақыретімізде Жәннатпен сыйлықтанайық!

## «Есітпеген – елде көп»

Бұл – Құранның «Фуссилат» сүресінің: «Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»-деген 53-аятының және жаңағы «Сад» сүресінің: «Құран бүкіл әлем үшін бір насихат». «Әлбетте Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер», -деген 87-88-аяттарының хабары.

53-аяттың: «...Расында Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»-деген ескертуін, келесі сүренің 88-аяты: «Әлбетте Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер», -деп, ғылымның дами беретінін, адамзатқа жұмбақ нәрселердің сыры ашыла беретінін ишаралап отыр.

Жоғарыда айтқанымздай, бізден бұрын да дүние осылай өркендеген («Ғафир» с. 82-а). Қайта құлдырап, біз тарихтан оқып жүрген замандар орнаған. Нашүкір, ынсапсыз адамзат Құраннан дұрыс сабақ алмағандықтан, сол өткен өмірлер қайта келеді – адамдар таршылықта өмір сүреді және де бүгінгідей ғылыми даму, мәдениет пен өркениет салтанат құрады. Сондықтан Алла бәріне куә.

«Есітпеген – елде көп» болатыны, замандар осылай айналып – дөңгеленіп келе береді де жаңалықтар ашылады. Бұрынғы замандардағы өркениет ұтыстары өмірге келіп, адамдарды таңдандырады әрі өмірге құлшындырады.

Қарапайым шаруа халық алғаш радио дегеннің шыққанын, электр жарығын есіткенде: «Солай ма?! Ой, тоба-ай! «Есітпеген – елде көп», деген, мұны да есіттік, -десе, хабар әкелуші оқымысты: «Құлақ есіткенді – көз көреді», -деген де бар. Бір күні радио мен электр жарығын да көрерміз», -деп жақсылықтан үміттендірген.

1980 жылдары қазіргі айти технологияны сөз ету мүмкін емес еді. Айта қойсаңыз, сізді: «Миы ашып, алжасайын, деген», деп жынды атандырап еді.

Құраннан сауатты пайдалансақ, алдымызда жарқын өмір тұр; ал, қазіргі түсінігімізбен кете берсек, бір қалыпта тұрмайтын заман, жан шошырлық болып келуі ықтимал...

Тақуалық мектебінің әрбір көрінісінен, хабарынан дұрыс сабақ алып, адаспай абыройлы өмір сүрейік!

## «Қорыққанға қос көрінеді»

Бұл – «Әли Ғымран» сүресі 13-аятының қысқаша, нақты түсіндірмесі. Аятта: «Екі топтың қарсыласуында сендерге ғибрат бар. Бір топ Алла Жолында соғысады. Екінші жақ қарсы еді. **Олар Мұсылмандарды көздерімен, өздеріндей екі есе көруде еді.** Алла кімді қаласа, Өз жәрдемімен қолдайды. Расында бұнда қырағылар үшін ғибрат бар», - дейді.

Қорыққан адамға жалғыз жау да екеу болып көренеді. «...қос көрінеді», - дегеннің бір мағынасы осы. Екінші мағынасы, қорқушыға кездескен әрқандай үрей, оған жаналардай түйіледі.

«Бақара» сүресінің 19-20-аяттарында Ислам дінінің құдыретін қараңғыдағы, найзағайлы нәсерге теңеп баяндайды. Ал, ғайридіндер мен кәпірлер Алладан сол нәсерден қорыққандай құлақтарына саусақтарын тығып, Исламның атын да, Құранның уағызын да есітуден қашатынын айтады. Аяттарда: «**Немесе қараңғылықта күркіреп, жарқылдап көктен нәсерлете құйған жаңбырға ұшырап, найзағайдан «өлем!» - деп қорқып, саусақтарын құлақтарына тыққан біреулер тәрізді.** Алла – кәпірлерді толық Баураушы». «Олардың көздерін найзағай жұлып әкете жаздайды. Оларға жарық берген сәтте, жарықта жүреді де қараңғы болған заманда, тұра қалады...», - деп қорыққан пенденің кейпін суреттейді.

Бұл – Ислам дінінің атын, даңқын есітіп қорыққандардың баяны. Ал, келесі Аяттарда жалғыздың қос болып көрінетінін жеткерген. «Әнфал» сүресінің 63-66-аяттарында адам сенгісіз кереметті баяндайды. «...**Ол Момындардың жүректерін қосты. Егер сен жер жүзіндегі нәрселерді тұтас сарып қылсаң да олардың жүректерін қоса алмас едің. Бірақ, Алла олардың араларын біріктірді.** Расында Ол – өте Үстем, аса Дана». «Әй, Пайғамбар! Алла саған және Момындардан саған ергендерге жетіп асады». «Әй, Пайғамбар! Момындарды соғысқа қызықтыр. Егер сендерден сабырлы жиырма кісі болса, екі жүзді жеңеді. Ал, егер сендерден жүз кісі болса, мың кәпірді жеңеді. Өйткені, олар түсінбейтін халық». «Әзір Алла сендерден (жүкті) жеңілдетті. Расында сендерде осалдық барын білетін еді. Сондықтан егер сендерден сабырлы жүз кісі болса, екі жүзді жеңеді. Ал егер, сендерден мың кісі болса, Алланың

рұхсатымен екі мыңды жеңеді. Өйткені, Алла сабырлылармен бірге», - дейді. Міне, Аллаға шын сенген әрбір Мұсылман, Мұсылман жауынгер жауын жеңеді. Бұған күмәнданған пенде жеңіледі.

### **«Жалғыздық – бір Аллаға жарасқан»**

Астарлы мақалдың айтпағы – Алланың нығметтерінен пайдаланып, үйлену, отбасын құру. «Рұм» сүресінің 21-аятында: **«Сендерге оған тұрақтауларың үшін, өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен. Сөз жоқ, ойланған елге, осыларда белгілер бар»**, - деп, Өзінің Құдыретін ескертсе, бұл – Алланың адамзатқа берген үлкен нығметі. Мұны бағаламау – шүкірсіздік.

Бұған шүкірлік ету үшін, үйленуге тиіс Құлдарына сабақ болуы үшін, үйлену мүмкіндігі жоқтарды да жаратқан. Үйленуді тапсырып отырғанының тағы бір себебі, католик дінін ұстаушылардың арасында үйленбейтіндер бар.

Сондықтан Алла «Нәжім» сүресінің 45-аятында: **«Шүбәсіз Алла ер, әйелді жұп жаратқан»**, - деп және мұқияттап, «Ниса» сүресінің 1 және 3-аяттарында кеңірек кеңес береді. 1-аятында Адам атамыз (ғ.с.) бен Хауа анамыз (р.а.) жәйлі айтса, оның мағынасы солар сияқты некелесіп, отбасын құрып, ұрпақ тарату; ал, 3-аятта: «Егер (үйленгенде) жетім әйелдер жайында әділетсіздік істеуден қорықсаңдар, өздеріңе жаққан басқа әйелдерден екі, үш және төртке дейін үйленіңдер. Сонда егер тең ұстай алмаудан қорықсаңдар, онда біреу алыңдар немесе қолдарыңдағы күн де болады. Әділетсіздік болмауға осы жақын», - дейді. Аяттар қалайда үйленуді тапсыруда.

Бұл Аяттарды және Алланың сипаттарын жақсы білген бабаларымыз, осы мақалды сөз бастауға тұздық етіп, ер жеткен жігітке де, бой жеткен қызға да жол ашқан.

Мақалдың екінші бір маңызды мағынасы әйелі өлген адамның болашағына байланысты. Ұлтымыздың ұлылары жалғыз қалған отағасын қайта үйлендіруді жоспарластырғанда да, оның балаларына: «Қарақтарым, «Өлген артынан өлмек жоқ», - деген. Мына

әкелерің жалғыз қалды. Жалғыздық – жалғыз Аллаға жарасқан. Әкелеріңе рұхсат беріңдер», -деп кеңес берген. Бұған келіскен балалары ет асып, ауылдың үлкендерін шақырып, тамақтанып болғасын, марқұм аналарына Құран бағыштап бата жасаған. Со-сын көптің алдында әкелеріңе рұхсат берген.

Қысқаша айтқанда, бұл мақалды да Алла, өмір Шындығынан өзімізге дәлелдерін көрсетіп тұрып, осы аталмыш Аяттарын оқытуда.

### **«Әйеліңе ақыл айт балаң жоқ жерде, балаңа ақыл айт адам жоқ жерде»**

Бұл сақтануды, кемсітпеуді, ренжітпеуді көздеген мақал бо-лып, Құранның «Тәубе» сүресінің 7-ші, «Тағабұн» сүресінің 14-аяттарының түсіндірмесі. Ең маңыздысы әкенің отбасындағы, ел алдындағы беделі мен абройын қорғаған үлкен саясат.

Алла Тағала «Тәубе» сүресінің 7-аятында: **«...Алла сақтанушыларды жақсы көреді»**, -деген (1). Құранның Аятта-ры бірнеше сөйлемнен құралып, әрбір сөйлем және Аттың Өзі бірнеше мағына береді. Сол мағыналардың бірі – отағасының өз отбасынан сақтануы. Мұны «Табағұн» сүресінің 14-ая-тынан жақсы түсінеміз. Аятта: **«Әй, Момындар! Сөзсіз әйелдеріңнен, балаларыңнан өздеріңе дұшпан болатындар да бар. Олардан сақтаныңдар. Егер оларды кешірім етсеңдер, ортақ тіл табыссаңдар, жарылқасаңдар шәксіз Алла – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді»**, -деген. Ал, мұның амалы мақалда ескертілгендей әйелге баласы жоқ жерде, балаға ешбір адам жоқ – оңашада Ақыл айту, кеңес беру.

- - - - -

1. «Тәубе» сүресінің 7-аяты: «Ол мүшріктердің Алланың қасында, Елшісінің қасында қалай келісімі бола алады? Бірақ, Месжід Харамда бітім жасасқандардікі болады. Олар сендерге түзу сынай байқатса, сендер де оларға түзу ыңғай көрсетіндер. Алла сақтанушыларды жақсы көреді».



## «Ерің – Пірің», -деген...»

Бұл мәтел әйел затына тиесілі. Пір – ұстаз, үйретуші, бастаушы деген сөз. «Бақара» сүресінің 228-аятында: «...Әйелдерден гөрі ерлердің дәрежесі артық...», -десе (1), «Ниса» сүресінің 34-аятында: «Еркектер әйелдерді билеуші. Өйткені, Алла бірін-бірінен артық қылды. Сондай-ақ олар малдарынан да пайдаландырады. Ал енді жақсы әйелдер – бойұсынушылар, Алла қоруга бұйырған көмес нәрселерді қорғаушылар...», -деген (2). Демек, әйелдің Еріне бойұсынуы шарт. Әйтпесе, осы Аяттарды менсінбеген, бұларды мойындамаған есептеліп, «Әли Ғыман» сүресінің 4-аятында ескертілгендей, Алла олардан өш алады.

Кезіндегі Ақылды аналарымыз ерін қатты сыйлады. Олар ерінің есімін де атамайтын және сөзін бөлмейтін. Ері үйде кезде балаларын жылатпайтын және оларға дауыс көтеріп сөйлемейтін.

Енді Ер – ұстаз, үйретуші, дегенге келейік. Қазақтың саңылаулы келіндерінен бірі: «Кісі есігі – тоң есік, ерітерге ер керек», -депті. Тоңды ерітетін ер – сол келіннің енесі, абысыны және күйеуі.

Ерасылға тұрмысқа шыққан Сұлу ана, өз өмірінен айтқан естеліктерінен бірінде: «Анам өлгенде мен екі жаста болғанмын. Ол кісіні көзіме де елестете алмайтын.

Соғыс жылдарының кезінде аштықтың азабын көп көрдік. Киімге де жалшымадық. Өгей анамыздың қолында, күндей болып күн кештік.

1949 жылы осы күйеуіме тұрмысқа берді. Он бестерде екенмін. Әуелгі кездерде жол қойған қателіктерім үшін отағасы кейитін. Тіпті, ұрған да уақыттары болды. Бірақ, кейін менің жас екенімді әрі өгей шешенің қолында жетім өскенімді ескеріп, маған ерекше құрметпен қарап, тек айтумен, тапсырмалар берумен тіршілікті, отбасын таза ұстау мен тұтынатын заттарды күтуді үйретті. Мен оның тәрбиесіне көндім. Нәтижеде жаман болмадық.

Маған жақсы әйелдерді үлгі қып айтып, өз көңілінің қандай мінезді әйелді ұнататынын байқататын. Қобланды батырдың әйелі Құртқаны көп мысал ететін. Оның Қобландыға құрметін, Қобландыны «жолбарысым», «сұңқарым», «сұлтаным», деп

мақтағандарын айтатын...»,-деп, күйеуінің тәрбиесімен тамаша жанұя болғандарын әңгімелейді.

34-аятта: «**...жақсы әйелдер – бойұсынушылар...**»,-деген. Бұл бойұсыну – Алланы, Құранды мойындау; Аллаға, Құранға бағыну десек, Құран Ерлер – әйелдерін басқарушы, әйелдерге карағанда ерлердің дәрежесі жоғары, деп отыр. Онда әйелдерге ерлерін сыйлау, бір сөзін екі етпей тыңдау парыз болады.

- - - - -

1. «Бақара» сүресінің 228-аяты: «Талақ болған әйелдер, үш етеккір мерзімі күтеді. Оларға жатырларындағы Алланың жаратқанын жасырулары дұрыс емес. Егер олар Аллаға, Ақырет күніне сенетін болса, бұл жерде егер жарасуды қаласа, әйелдерін қайта алуға өз ерлері лайығырақ. Ерлердің әйелдердегі хақтары сияқты, әйелдердің де ерлерде белгілі хақтары бар. **Әйелдерден гөрі ерлердің дәрежесі артық.** Алла (Т.) – өте Үстем, Хикмет Иесі».

2. «Ниса» сүресінің 34-аяты: «**Еркектер әйелдерді билеуші.** Өйткені, Алла бірін-бірінен артық қылды. Сондай-ақ олар малдарынан да пайдаландырады. Ал, енді **жақсы әйелдер – бойұсынушылар, Алла қоруға бұйырған көмес нәрселерді қорғаушылар.** Ал, әйелдердің бастартуларынан сезіктенсендер, оларды насихаттандар және оларды төсектерінде тастап қойыңдар. (Онда да болмаса) оларды сабаңдар. **Егер сендерге бойұсынса, онда олардың зиянына бір жол іздемендер. Ра-сында Алла – өте Жоғары, тым Ірі».**

### **«Ерді Ер қылатын да әйел, жер қылатын да әйел»**

Бұл әйелдер – Алланы, Пайғамбарды жүрегімен танып, мойындағандар. Олар – Құранды оқымаса да жүрегінде Аллаға деген махаббат сәулесі бар әйелдер. Ал, Құраннан хабары барлары болса, олар – «Бақара» сүресінің 228-ші, «Ниса» сүресінің 34-аяттарын мойындап, Олардың үкіміне қарсы келуден қорыққандар және «Ахзап» сүресінде Пайғамбардың әйелдеріне айтылған кеңестерден тағлым алғандар.

«Ахзап» сүресінің 28-аятында, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың үйретуімен әйелдеріне: «Дүние тіршілігін, оның

сәнін көкесендер, дереу келіндер, сендерге бір нәрселер беріп, көркем түрде ажыратайын»...»,-деп, кейінгі Аяттарда: «Егер Алланы, Елшісін және Ақырет жұртын қаласандар, әрине, Алла сендерден жақсылық істегендерге зор сыйлық дайындады». «Әй, Пайғамбардың әйелдері! Сендерден біреулерің ашық бір ұятсыздық істесе, оның азабы екі есе арттырылады. Бұл Аллаға оңай». «Сендерден кім Аллаға, Пайғамбарына бойұсынып, ізгі іс істесе, оған да екі есе сыйлық береміз. Сондай-ақ, оған мол несібе береміз». «Әй, Пайғамбардың әйелдері! Сендер әйелдерден әлде біреу сияқты емессіңдер. Егер Тақуалық қылсаңдар, қылымсып сөйлемендер. Онда жүрегінде дерті бар әлдекім дәмеленеді. Әдеттегі сөзді сөйлендер». «Үйлерінде отырындар, кәдімгі надандық дәуіріндегідей ашылмандар. Сондай-ақ, намазды орындап, зекет беріп, Аллаға, Пайғамбарына бағыныңдар». «Әй, Пайғамбардың үй-іші! Шын мәнінде Алла сендерден арамдықты аулақ қылып өздеріңді тап-таза қылуды қалайды». «Үйлерінде оқылған Алланың Аяттары мен хикметтерін еске алындар». «Шәксіз Алла – өте Жұмсақ, толық Білуші». «Сөз жоқ. Мұсылман ерлер мен Мұсылман әйелдер; Момын ерлер және Момын әйелдер; бойұсынушы ерлер мен бойұсынушы әйелдер; шыншыл ерлер мен шыншыл әйелдер; сабырлы ерлер мен сабырлы әйелдер; ықыласты ерлер мен ықыласты әйелдер; садақа беруші ерлер мен садақа беруші әйелдер; ораза ұстаушы ерлер мен ораза ұстаушы әйелдер; ұятты жерлерін қорғаушы ерлер мен әйелдер; Алланы көп зікір етуші ерлер мен әйелдер, Алла бұлар үшін жарылқау және ірі сыйлық әзірледі»,-деген 29-35-ші және: «Алла және Елшісі қашан бір іске үкім берсе, Момын ер және Момын әйел үшін олардың істерінде ерікті болуларына болмайды...»,-деген 36-аяты мен: «...Үстеріне бүркеншіктерін орансын. Бұл олардың танылуларына, сондай-ақ, кейітілмеулеріне жақынырақ...»,-деген 59-аяттарын өзіне айтылған кеңес деп қабылдап, үкімдерін орындаушылар.

Ерін Ер қылатын әйелдер – Исаның (ғ. с.) анасы Мәриямды дүниеге әкелген Ақылды ана – Ғымранның әйелі, Фақузақызы Ханнаның үлгісін ұстаушылар («Әли Ғымран» с. 35-36-а). Ол құрсақты болғаннан жатырындағысын Аллаға арнады.

Босанғасын оны тек жалғыз Аллаға ғана сенетін етіп тәрбиеледі. Сондықтан Мәриям, Алланың Рахымына жетіп, Оған Исадай ұлы тұлғаға ана болу бақыты бұйырды.

Ақылды Ханнаның амалымен Ғымранның аты тарихта қалды, Алланың назарына ілініп, Исадай немере сүйді.

\* \* \* \* \*

*Ғауа анамыздың жаратылысын және әйелдерге  
байланысты Аяттарды ескертетін мақал –  
«Жеті жасар бала тұрғанда жетпістегі кемпір бата  
бермейді»,- деген мақал*

«Ниса» сүресінің 1-аятында: **«Әй, адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адамнан) жаратқан және одан (Адамнан) оның жұбайын (Ғауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқындар...»**,-деген. «Ағраф» сүресінің 189-аятында, бұдан да нақтырақ етіп: **«Ол сондай Алла, сендерді бір-ақ кісіден (Адамнан) жаратқан және оған тиянақ болуы үшін жұбайын (Ғауа ананы) жаратқан. Ол жұбайына жақындасқанда, жұбайы жеңіл түрде жүкті болды. Онымен жүріп, ауырлаған кезде, Аллаға: «Егер бізге игі бала берсең, әрине, шүкір етушілерден болар едік»**,-деп, **жалбарынды»**,-деген. Аяттарға мән берсек, **«...Сендерді бір кісіден жаратқан...»**,-дегендегі айтпағы – барлық пенденің еркектен жаралатыны; яғни, Адамнан, расында Адам (ғ.с.) бірінші жаратылды; екінші сөйлемде: **«...одан оның жұбайын жаратып...»**,-дегендегі ескертпегі – Ғауа ананың Адамның қабырғасынан жаралғаны. Бұлардан келетін түсінік, әрқашанда ер кісінің әйелден де, балалардан да дәрежелі екендігі. Мұны «Бақара» сүресінің 228-аяты: **«...Әйелдерден гөрі ерлердің дәрежесі артық...»**,-деп тастықтайды.

Ал, батаға келсек, әңгімені «Зүмәр» сүресінің: **«...Егер Алла маған бір зиян беруді қаласа, Алладан өзге шоқынғандарың, Оның апатын қайтара ала ма? Немесе Алла маған бір игілік қаласа, олар Оның игілігін тоса ала ма?...»**,-деген 38-аятынан бастаймыз. Бұл Аятты келтіргендегі айтпағымыз, барлық игілік Алланың қалауында екенін жеткере отырып, 228-аятқа – Алланың Сөзіне құрметті ескерту.

Алла Өзінің Аяттарына сауатты амал жасағандарды жақсы көреді. Қарсы келгендер мен елемендерді жек көреді. Олармен Қияметте сөйлеспейді.

Мақалдағы жетпістегі маманың жасын, өмірлік тәжірибесін есепке алғанда, бұл мақал айтыла салған бос сөз секілді. Бірақ, олай емес. Бұл – Құран мен Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) шын жүректен түсініп, қабылдаған аналарымыз бен жасы 70-80-ге келген мамаларымыздың, жаңағы 228-ші және «Ниса» сүресінің 34-аяттарына құрметі; сондай-ақ, Пайғамбарымыздың соңғы деміндегі, анамыз Софияға: «...Сендердің барлықтарың Жүсіпті зынданға тастаттырғандардансыңдар...», - деген хадисінің мазмұнын жете түсінгендігінің жемісі.

Әйел заты, кім болса да, Адам сияқты топырақтан емес, қан-жынға – нәпсіге жақын қабырғадан жаралған Һауаның жынысынан. Мамаларымыз осыны жақсы білгендіктен өз баталарының ер кісінің батасындай қабыл болмайтынын түсінген. Сондықтан осы мақалды өсиет еткен.

### **«Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?»**

Бұл – «Тахрим» сүресінің 1-аяты. Онда: «Әй, Пайғамбар! Жұбайларыңның ризалығын қалап, Алланың өзіне адал еткен нәрсесін, неге арам етесің?...» – деген. Біреуге жақсаң, біреуге жақпайсың. Сол үшін бұл Аяттың талдауын оқырманның өзіне қалдырдық.

Құранда әйелдерге байланысты «Ниса», «Нұр», «Ахзап» және «Тахрим» сүрелерінде басымдау айтылған. Неге? Себебі, олардың түп тегі – Һауа ана (р.а.) Адам атаның (ғ.с.) оң жақ қабырғасынан – қан-жынға жақын жерден жаралған. Яғни, әйел жұртына нәпсі жақын. Сондықтан оларға арнаулы сүре түскен және оларға нақты нұсқаулар, ескертулер берілген.

«Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?» - дегенге келсек, бұл – қыздың ата-анасынан дұрыс үлгі, татымды тәрбие көрмегенінің астарлы айғағы. Шынын айтқанда, тәрбиесіз қыздар, ерсіз қалмау үшін жігіттерге жағу жолында сыпайысып жүргенімен, тұрмыс тұрғаннан кейінгі өмірінде, әке-шешесінен

көргенін істеп, бойындағы нәпсінің үкіміне қарсы бола алмай, күйеуіне де, басқаларға да жағымсыз мінездер көрсете бастайды. Мақал содан туған. Бұлар – Құранның «Ағраф» сүресінің 30-шы, «Фатыр» сүресінің 32-аяттарында айтылған орта жолды ұстаушылар мен өзіне зиян келтірушілер.

Бұл мақаланы біз оқырманымызға Құрандағы Мәриям анамызды үлгі ету және «Нұр» сүресінің 31-аяты мен «Ахзап» сүресінің 28-35-аяттарынан тағлым алуын айту үшін жаздық.

Әңгімені, тектілік Алланың есебінде, адал ниетті Ақылды әйелдің төсегінде, деп нақалдатып, Мәриям анамыздың туылуынан бастайық. «Әли Ғымран» сүресінің 35-аятында: «Ғымранның жұбайы (Фақузақызы Ханна): **«Раббым! Ішімдегіні азат қылған түрде Саған арнадым, менен қабыл айла! Расында Сен Өзің – аса Есітуші, Білушісің»,-деді**. (Күні жетіп) Ол қыз тапқан сәтте: **«Раббым! Шынында мен қыз таптым!»-деді**. Алла оның не тапқанын біледі. Ұл қыздай емес. **«Мен Оның атын Мәриям қойдым. Оны да, ұрпағын да шайтаннан (сақтандырып) Саған сыйындырамын»-деді**. **«Сонда Оны Раббы жақсы қабылдап, көркем өсірумен өсірді...»,-деген**. Мұны әрбір Иманды әйел білуі тиіс. Төсегіне Кәлимасын айтып, адал ниетпен жатса, құрсақты болғанда Ханна сияқты Аллаға арнаса, перзенті туылғасын тағы сөз берсе және сөзінің үддесінен шықса, Иншалла, ол перзент те, оны туған ана да Алланың Рахымында болады.

Ол үшін әрине, таза Иманды қыз болып өсіп, таза Иманды жар болу керек. «Әнбия» сүресінің 91-аятында: **«Сондай! Абыройын қорғағанға (– Мәриямға) Рухымыздан үрледік. Сондай-ақ, Өзін де, Ұлын да бүкіл әлемге ғибрат қылдық»,-деген**. Бұл Аяттан түйетін пікір, Рухтың әр түрлі болатыны, тек Алланың айтқанымен жүрген әйелдерге жақсы Рухтан нәсіп етілетіні.

«Нұр» сүресінің 31-аяты: **«Момын әйелдерге айт: (бөтен ерлерден) көздерін сақтасын әрі ұятты жерлерін қорғасын. Сондай-ақ зинеттерін көрсетпесін. Бірақ, олардың өздігінен көрінгендері басқа. Және бүркеншіктерін омырауларына түсірсін. Зинеттерін көрсетпесін. Бірақ: ерлеріне, әкелеріне, қайын аталарына, өз ұлдарына, өгей ұлдарына, аға-бауырларына, олардың ұлдарына, апа-сіңілілерінің ұлдарына, Мұсылман әйелдерге, қолдарындағы күндеріне, әйел керек қылмайтын қызметшілерге немесе**

әйелдердің ұятты жерлерін білмейтін балаларға көрсетулеріне болады. **Және де көмескі зинеттерін басқаларға білдіру үшін аяқтарын ұрып жүрмесін. Әй, Момындар! Түгел Аллаға тәубе қылындар! Әрине, құтыларсындар**», - деген. Ислам дұшпандары осы Аят түскеннен кейін, жалаңбас жүру мен көкірегін ашып жүретін көйлек тігіп, тықылдап дыбыс шығаратын туфли ойлап тапты. Бұлай киінуді – замана әйел-қыздарының сәні, деп әлемге жар салды. Әрине, бұл кімнің пайдасы, кімнің зияны? Ақылдылар бұны біледі. Алайда, Аяттағы ең соңғы: **«...Әй, Момындар! Түгел Аллаға тәубе қылындар! Әрине, құтыларсындар**», - деген ескертуге құлақ салған жақсы бұлай сәнденбейді...

Ал, «Ахзап» сүресінің 28-35-аяттарында Пайғамбардың әйелдеріне әдейі өсиет түскен. Пайғамбардың әйелдері – Жәннаттық әйелдер. Ол Пайғамбарға тұрмысқа шыққандығы үшін емес, Пайғамбардың уағызын дұрыс түсініп, Құранмен өз Жолын біліп жүргендігі үшін. Сондықтан Жәннаттан орын алуға ниеттенген дұрыс әйел бұл өсиеттерді (28-35-а) өзіне айтылған өсиет деп қабылдаса, өз пайдасы, ұрпағының және елінің сауабы.

### **«Тең-теңімен, тезек қабымен»**

Елде жаңа шаңырақ көтерген жастар жайы талқыланған жағдайда төрелік айтқан бірі: «Тең-теңімен, тезек қабымен», деген, өздері бірін-бірі қалаған, дұрыс болған. Расына келгенде олардың мінездері де өте үйлесімді...», - деп жатады. Ал, кейде: «Апама жездем сай», - деген емес пе? Екеуі бір-біріне лайық», - деп те мақұлдасып, оларға игі тілектер тілейді.

Мақал құлаққа шалынысымен ойға «Ниса» сүресінің 25-аятының алғашқы үш сөйлемі мен «Нұр» сүресінің 26-аяты түседі. 25-аяттың үш сөйлемінде: **«Сендерден біреудің Момын азат әйел алуға шамасы келмесе, онда қолдарындағы Момын күндерден алсын. Алла Имандарыңды жақсы біледі. Сендер бір-бірлеріңненсіңдер...»**, - деген. Кедей отбасынан шыққан қыз, кедейліктің салмағына сабыр етеді. Сондықтан олар бір-бірінен, яғни, бірін-бірі жақсы түсінеді. Мұны «Нұр» сүресінің 26-аятында және кеңірек жеткерген. Онда: **«Сұм әйелдер, сұм ерлерге; сұм ерлер, сұм әйелдерге; сондай-ақ, игі әйелдер, игі ерлер-**



ге; игі ерлер, игі әйелдерге лайық», - делінген. Расында, сұм әйел мен ақ жүректі адал еркек тату жасай алмайды. Сұм әйел – адамның адам атына жат сұмдықтардың адамы. Оның қулығына, аярлығына өзі тектес намысы жоқ, ұяты кем еркек төтеп береді. Ақын Мұзаффар Әлімбаев: «Қу мен жылпос, Дәйім бір қос», - дейді. Өмір туралы түсінігі мүлде тайыз бұлар бір-бірімен оңай тіл табысады.

Ал, «Ахзап» сүресінің 35-аяты бойынша отасқандар, нағыз Тақуалар болумен бірге адамзат қоғамы үшін аса қымбат перзенттерді де өмір әкеледі...

Қазақта: **«Аяғын көріп, асын іш; шешесін көріп, қызын ал»**, - деген де көрегендік бар. Бұл осы «Ниса», «Нұр», «Ахзап» сүрелерінің аталмыш Аяттарының үкімін орындауда қателеспеуге үндеген мақал.

Құранда некелесетін ер мен қыздың жасын сөз етпеген. Бірақ, ол туралы хадис бар. Мұхаммед (с.ғ.с.) бір жорықтан келе жатқанда Жұбайырдан үйленген, үйленбегенін сұрайды. Сонда өзінен үлкен, жеңгесіне үйленгенін айтады. Мұхаммед оған: «Өзіңмен жастысына үйленгеніңде ойнап-күлуге жақсы еді», - дейді де қояды.

Ал, өмір тәжірибесінен жақсы сөз қалдырған Сағди Шерази, Абай бабаларымыз өзінен екі мүшел жас қызға үйленудің дұрыс еместігін ескерткен.

## **«Жақсылармен жанастыр, жамандардан адастыр»**

Бұл мақал «Бақара» сүресінің: **«...Алла адам баласының бірін-бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді...»**, - деген 251-аятын, «Хаж» сүресінің 40-аяты мен «Шура» сүресінің: **«...не бір Елші жіберіп...»**, - деген 51-аятын және **«Бізді Тура Жолға сала гөр! Нығметіңе бөленгендердің Жолына, ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес»**, - деген, «Фатиха» сүресінің 6-7-аяттарын еске салады.

Өмір тәжірибесінен жақсы білетініміздей, Алладан қорыққан әр қандай пенде Алламен бірге болуды армандайды, Алланың Тура Жолымен жүргісі келеді. Соған дәнекер іздеп: «Алла бізді жақсылармен жанастыр!» - деп, өмірінде тек Иман-ұяты бар пенделермен ғана көрші, кәсіптес, құда-анда қылуын тілейді.

«Әли Ғымран» сүресінде: «(Мұхаммед с.ғ.с.) олар сенімен сөз таластыруға кіріссе:

**«Өзімді Аллаға тапсырдым әрі маған ергендерді де...»**,-деген (20-а). Бабаларымыз осы Аяттардың барлығын қорыта келе осы мақалды айтқан.

### **«Құдайға сенсең, аян аласың; су таппасаң, тәйем аласың»**

Мақал «Жүсіп» сүресінің 4-ші, 36-шы, 43-аяттарының және «Шура» сүресінің 51-аятының, сол сияқты «Ниса» сүресінің 43-ші, «Мәида» сүресінің 6-аятының қысқа ғана хабары.

Расында пендеге Алладан басқа сенген нәрсесі аян бермейді; ал, топырақтан жаралған адамзатты топырақ тазартады. Бұл мақал мен Аяттардың Шындығын өмірден оқып келеміз. Оқып келе жатқанымыз, **«Құранның мүлде Шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»**-деген, «Фуссилат» сүресінің 53-аятының дәлелі; алайда, біз пенделер осы оқуға зер салып, бұл Алланың Аяттарын оқытуы екенін білмейміз. Бұл салақтығымыз, **«Көктерде және жерде қаншалаған дәлелдер бар. Адамдар көңіл бөлмей өтеді»**,-деген, «Жүсіп» сүресінің 105-ші және **«Жер жүзінде нақ сенушілерге дәлелдер бар»; «сондай-ақ өздерінде де бар. Көрмейсіңдер ме?»**-деген, «Зәрият» сүресінің 20-21-аяттарының дәлелі.

Енді мақалдың бірінші сөйлеміне келсек, «Хаж» сүресінің 38-аятында айтқандай-ақ, Алла Иманды Құлының қорғаушысы. Сондықтан Ол ретіне қарап кейбір мәселелерде оған аян береді. Бұған Құраннан дәлел айтсақ, ол Жүсіптің (ғ.с.) **«...Әкетайым! Рас мен түсімде он бір жұлдыз және күн мен айды, (және олардың) маған сәжде қылғанын көрдім...»** (4-а),-деген түсінен басталады. Оның түсіндегі он бір жұлдыз – өзінің он бір туысы; күн – әкесі, ай – шешесі. Олардың сәжде қылғаны, біраз оқиғалардан кейін ағалары да, әкесі мен шешесі де Жүсіптің қол астына жиналады.

36-аяттағы түсте Жүсіппен бірге зынданда отырған екі қылмыскердің тағдыры хабарланады. Оның бірі өзінің май құятын қызметіне қайта барса, екіншісі, дарға асылады.

43-аяттағы түс – патшаның: **«Түсімде жеті семіз сиырды, жеті арық сиыр жеп жатқанын және жеті жасыл сабақтар тағы сондай жеті құрағанын көрдім...»**,-деген түсі. 46-48-аяттарда бұл түстің жоруы, яғни, жеті жылдан соң, жеті жыл жұтшылық болатыны.

Ал, өмірде де Аллаға ықыласы бар адамдар Алладан аяны алып тұрады. Бұған дәлелдер көп...

Мақалдың екінші сөйлемі тәйемүм дәретті ишаралаған. Бұл ишара, «Ниса» сүресінің 43-ші, «Мәида» сүресінің 6-аяттарында: **«...Ал, егер ауру немесе сапарда болсаңдар не сендерден біреу түзге отырып келсе яки әйелге жақындассаңдар да су таба алмасаңдар, таза жер жынысына (алақандарыңды соғып) беттеріңді, қолдарыңды сипаңдар. Расында Алла – аса Кешірімді, тым Жарылқаушы»** (43-а),-деп нақты ескертілген (1).

Мен тәйемүмді атеис кезімде өмір Шындығынан оқып мойындағанмын. Енді сол оқиғаны айтайын.

Бала кезімнен, сапарда жүргенде үлкен кісілердің дәретке отырғанда, тіпті, жеңіл дәрет сындырғанның өзінде еңкейіп, жерден бір қысым топырақ алып, алақандарын ысып, қағып жатқанын көретінмін. Бірақ, мәнісіне назар аудармаймын, сұрамаймын.

Мектеп бітіргеннен кейін темір жолда жұмысшы болдым. Сонда Азамат ағалардың біреуі жаңылыс сөйлеп қалса не сүрініп кете қойса, екіншілері: «Сен төсектен тұра сала келгенсің ғой, ана жерге ауна»,-деп әзілдеп жүретін. Мұны да қатар-құрбы адамдардың өзара әзілі ғой деп қоятынмын. (Біздің халқымыз қандай таза әрі мәдениетті болған еді!)

1975 жылы мамырдың басында бір айлық еңбек демалысына шықтым. Көрші тұратын ағам Қонысбек Әбдіқадіров бізден 200 шақырым әрідегі Қызылқұм төсіне орналасқан шаруашылықта шопыр. Өз ортамызда «Газон» аталатын шағын қорапты мәшін айдайды. Біз жасап тұрған темір жол бойындағы үлкен жем-шөп, құрылыс жабдықтары сақталатын қоймадан шаруашылыққа керегін тасиды. Күнара үйде. Мен демалыста жүргесін қасына серік етіп алып кетеді.

Мен ол кезде қып-қызыл атеист едім.

Сапардан қайтарымызда, осы құмда жасайтын Меңдібек Түгелбаев деген шопыр серік болды. Ол өз тілімізбен айтқанда «Газшисаттри» мәшіннің жүргізушісі.

Күн ыссы. Шылығы таусылмайтын шаруашылық орталығынан күн сәскеге көтерілгенде ауданға қарай шығып, тал түсте Теріқұдық деп аталатын ферма орталығына келдік. Тіке Тілеубай есімді рулас, жақсы Азаматтығы бар мұғалім ағамыздың үйіне түстік. Ағамыз жұмыста екен. Жеңгіміз де ағамызға сай жарқылдаған кісі, барын алдымызға қойып, баптап күтті. Өзі Қонысбек ағаммен құрдас. Дастархан басында шай құйып отырып Қонысбек ағаммен оны-мұныны айтысып, әзілдеп, ахахалап-үһүһілеп мәзбіз. Меңдібекті бірінші көріп, Қонысбек ағамның шежірелеп айтуынан жақсы таныған жеңгіміз: «Онда бұл да қайным екен ғой. Бойдақ болса, әбден жақсы...», - деп үш қайнысының ортасында қалған жеңгіміз қолдан «келместі» айтты, тілін безеп-безеп алады. Бәрі күлкімен аяқталды.

Күн райы қайтқанша жатып дем алатын болып, екінші бөлмеге өттік. Үшеуіміз салқын үйде біраз тынықтық. Бір кезде Тілеубай ағам келіп: «Қонысбек, ет пісті тұрындар!»-деп оятты. Ағамызбен апақ-шапақ болып отырып, тамақтанып, екінтінің кезінде жолға шықтық.

Орталықтан біраз жүргесін, бірге қозғалған Меңдібекті Қонысбек ағам айнасынан қарап көп іздеді. Он шақты шақырымдай кетіппіз. Кідіріп, мәшіннің үстіне көтеріліп те көз жүгіртті, бұл жоқ. Лаж болмағасын ізімізден қайттық. Сөйтсек, ауылдан тасжолға түскен жерде-ақ қалған екен. Ағам мәшінін жөндеп, енді аса ұзамай қарайлап келеді. Бірақ, дым жүрісі мандымайды. Қонысбек ағам және шұқылап түзеп берді. Бастапқыда 2-3 шақырым тым жақсы жүреді, біз алыстағаннан, бұл табандайды. Қысқасы, Оразжанға келгенше, яғни 30 шақырымға жуық аралықта бұл жағдай 7-8 мәрте қайталанды. Енді ағам қасынан ұзамай өте жақын жүріп отырды да Оразжанға жеткен жерде тасжолдан түсіп, Оразжанның ортасына тіке кіріп баратын жайдақ жолға салды. Осы келе жатыста Меңдібек тегістіктен пайдаланып, бізден озбақ болды да мәшінін жан ұшыра айдап, бізбен қапталдасты. Біз жолдамыз. Ол қапталдан қалмай ызғып келеді. Озуға біз өткермейміз. Өстіп, қызып келе жатқанымызда алды-

мыздан үлкен сай шықты. Мендібек тежегішін қадады. Құдай сақтап, сайдың жиегіне келіп тоқтады. Аман қалды. Ол жер көктемде сел жүріп, су қазып өткен тік жар екен. Одан түскенде мәшін төңкеріліп қалар еді.

Оған бұл жерде де бір ескерту жасап, Оразжанның бұлағының басында мәшіндерді суытып, өзіміз де кішкене дем алдық. Бірақ, арақ жоқ. Бағана Тілеубай ағамның үйінде де ол кесір қолға ұсталмаған, аты да аталмаған. Бұл нәрсеге той-тоналақта, бір сөзін қимастардың ортасына түспесек ағам да, мен де ықыласты емеспіз. Оразжаннан әрі қарай тағы тасжолдың табын алдық. Мендібектің мәшіні енді түзелген болар деп, шамалы жүріңкіреп едік, бір бұрылыста мұны тағы жоғалттық. Күн де батуға жақындаған. Ізімізден қайтып барсақ, мәшінін шұқып отыр. «Мені тағы Құдай сақтады, мына бұрылыста, жаңа өткен «Уралмен» соғысып қала жаздадым», - деді, еріксіз езу тартқан болғанымен көңілі солғын. «Жалғыз жолдың үстіндегі бізге кездеспеген қайдағы «Урал?!» - деп ағам маған қарады. Біз ондай мәшінді кездестірген жоқпыз. «Осы есеңгіріп тұрған жоқ па?» - деп те ойладық. Ағамның қабағы түйілді: «Сен бәлеге шатыла бердің ғой! Шынынды айт, бағана жеңгенмен ойнап отырып бүлінген жоқсың ба?» - деді түсін суытып. Анау мысы құрып, қуыстанып, жылусыз ернін еріксіз ыржитып: «Иә, ұйқыға жатқан кезде...» - деп еді, ондай настықты жаны сүймейтін ағам, бар даусымен айқайлап: «Сол кезде неге айтпадың? Дастарханның басына қалай отырдың? Солайда адам жолға шыға ма?» - деп алас ұрып: «Біссіміллә деп, жерге үш ауна!» - деді, өзі мәшіннің моторына үңіліп. Мендібек өз мәшінінің артына өтті де солай істеді. Арнайы барып қарамасақ та біз ағам екеуміз оның әрекетін байқап тұрдық.

Міне, осыдан кейін біз 50 шақырымға жуық жол бастық. Мендібек бір метр де бізден қалмады. Ешқандай кедергі, кідіріс болмады. Терікұдықтан Оразжанға дейінгі 30 шақырымға төрт сағат жол жүріппіз, біз ізімізден бірнеше рет қайтып жанармай шығындаппыз. Мендібек екі мәрте қатерге тап болды. Ал, тәйемүмнен кейін, Ишалла жолымыз ашылып, сәтті сапар шектік. Содан кейін интернатта қызылшыл атеист болып өскен мен, Алланың барлығына, құдіретіне сендім. Бірақ, «...маймылдан жаралған» дегенді оқыған, заһири танымды – қолмен ұстап,

көз көргенге ғана сеніп үйреніп қалған, батини көзі жабық басым, кейбір жағдайлардағы күмән-күдікті жеңе алмай, қабырға жағалағандай сермеленеді. Тіпті, осы сапар оқиғалары үстінде де ақылыммен мұқият шұқшиып келіп, жерге аунау мен арамдықтың арасындағы қылтиған кілтипан сырға себеп іздеймін. Басым катады. Ештеңе таппай, дал болып қоямын. Су жуады, бойға жұққан лас сумен кетеді. Май қолыңды таза құммен ыссаң, майдан қол тазарады. Ал, топыраққа аунағаннан арамдықтан арылу қалай? Сөйтсем, бұл ғаламдардың Иесі, мінсіз, мұңсыз жалғыз Алла Тағаланың кереметі, біз Құлдарына жасаған үлкен жеңілдігі екен. Мұны Құраннан оқып біліп, көзім ашылды. Аллаға сенімім бұрынғысынан да күшейді.

Халықтық ем-шарада құмға көмініп, іштен ұшынып ауырғанда күнге талас жер ұшық беріп, тұзға түсіп дерттен айыққаны сияқты, тәйемүммен де бой судан тазарғандай пәктенеді. Көнекөз даналардың, таза жерге отыру хақындағы ескертпелері, кірсу төгілген, моншадан аққан су сіңген атырап пен күл – қоқыс тасталған жерлерді баспау туралы насихаттар да, ылас жерден бір кесел жұғыпты деген сөздер де бекер емес. (Андаған құлға тәйемүмнің өзі адамның маймылдан емес, топырақтан жаралғанына даусыз дәлел).

Күдікшіл көңіл, еркін бергенді түрлі күйге салады. Сол көңіл: «Арамдық яки жүніп болу мен мәшіннің жүруінің бір-біріне және бұл екеуінің Аллаға қандай қатысы бар? Техника деген темір. Темірді адам өңдейді. Одан мәшін жасайды. Алланың техникаға араласы қалай?» – деп, күмәнға итермелейді. Рас, бұған жауап табу үшін де сенім қажет, Иманның кәмілдігі керек. Жүрек көзінің зейінділігі ләзім.

**Құранда: «Жеті көк және жер, сондай-ақ, ондағы болғандар, Алланы пәктейді. Оны пәктеп, мақтамайтын еш нәрсе жоқ. Бірақ, сендер олардың таспихтарын (пәктеулерін) түсіне алмайсындар...» (2), -дейді.**

Біз ауа деп атайтын кеңістік бос емес. Ата-бабаның: «Қайбір нәрсе де иесіз емес», - деп, нені де болса қадірлеу жайында, аяқпен теппей, ерінбей, иіліп қолмен ұстап-тұту жөнінде айтып кеткен өнегелік өсиеттерінде де терең мән бар. Тазалық болмайынша Алла жаратқан біздің тірлігімізге көмекші жаратылыс та, ниет те талапкерден шошып, қашып тұрады. (Бұл кезден шайтан пайдаланады). Тазалықсыз, еңбексіз құр талап – дәрменсіз.

Демек, жүніп болған күйінде рөлге отырған Меңдібектен мәшін де түгелдей жиіркеніп қайта-қайта бұзылды. Жүргісі келмей қиналды. Бұл тосқыннан нәтиже шығара алмаған оны Алла шайтанның еркіне беріп, ол оны екі рет қатерге де итерді. Әлде де Алла оның аман қалу бақытына бізді себепші етіпті.

Өстіп мен осы сапарда, «Ниса» сүресінің 43-аяты мен «Мәида» сүресінің 6-аятында айтылған тәйемүм сырын, өмір Шындығынан оқып, Ұлы Алланың барлығына, Құран – Оның түсірген Тура Жолы екеніне көз жеткергенмін.

Міне, құдайсыздар заманында өскен қып-қызыл атеист пен шайтанға дос арамдық және Алланың Тура Жолы – тәйемүм арасындағы әңгіме осылай.

- - - - -

1. «Ниса» сүресінің 43-аяты: «Әй, Момындар! Сендер мас болып, не айтқандарыңды білгенге шейін намазға жақындамандар. Сондай-ақ, жүніп күйінде шомылмайынша (бой дәретсіз намаз оқымандар). Ал, егер ауру немесе сапарда болсаңдар не сендерден біреу түзге отырып келсе яки **әйелдерге жақындассандар да су таба алмасаңдар, сонда таза жер жынысына (тәйемүм соғып) беттеріңді, қолдарыңды сипаңдар.** Расында, Алла – аса Кешірімді, тым Жарылқаушы».

2. «Ісра» сүресінің 44-аятында: «**Жеті көк және жер, сондай-ақ, ондағы болғандар, Алланы пәктейді. Оны пәктеп, мақтамайтын еш нәрсе жоқ.** Бірақ, сендер олардың таспихтарын (пәктеулерін) түсіне алмайсыңдар. Шынында Алла – өте Жұмсақ, аса Жарылқаушы».

## «Сөздің саны – есепсіз, кені – түпсіз»

«Сөздің» дегені – сөйлемнің дегені. Әр ұлт өздерінің сөздік қорын есептеп, пәлендей сөздік қорымыз бар, дейді. Сол қордағы сөздерді зерттей берсеңіз, олардың қомақты пайызы басқа ұлттардың сөздері болып шығады. Ал, сөзден сөйлем құралады. Міне, осы сөйлемнің саны есепсіз, кені түпсіз. Бұл мақалды халық: «Жер еңсіз, сөз кенсіз», - деп те түрлендіреді.

Алла Тағала «Кеһф» сүресінің 109-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.): «Егер Раббыңның сөздері (жазылу) үшін теңіз сия болса, тағы бір сондайды көмекке әкелсек те әлбетте, Раббыңның



**сөздері таусылудан бұрын теңіз таусылар еді»-де»,-десе, «Лұқман» сүресінің 27-аятында: «Рас егер жер жүзіндегі ағаш атаулы қалам, теңіз (сия болып), одан кейін оған тағы жеті теңіз көмектесіп (жазса да) Алланың сөздері таусылмайды. Күдіксіз Алла – өте Үстем, Хикмет Иесі»,-дейді. Ал, енді есептеп көріңіз, жер жүзінде қанша орман мен мұхит, теңіздер бар.**

Мұны біз өмір Шындығынан жақсы білеміз. Арғы жағын айтпағанда өзіміздің жыл санауымыздан бергі жерде, дүние жүзінде қаншалаған кітаптар жазылды. Бірінің сөзін бірі қайталамайды. Сол кітап жазу әлі жалғасып келеді. Бірақ, сөз таусылған емес.

Мақалда орман, теңіз, қалама, сия айтылмаса да ол өзінің өте жарасымды әрі сауатты құрылысымен бізге осы екі Аятты оқытып отыр. Мұны айтқан автор қолына қалам алып, ойла-нып отырып жазған жоқ, өмір Шындығынан көргенінен Алла жүрегіне салып, сөз арасында айта салды.

Міне, Алланың оқытуы осылай!

### **«Ұлт – ана тілімен ұлт»**

Тіл барлық ұлтта бар. Әрбір ұлт жеке тілімен ұлт. Бірақ, жері болмаса, ол мемлекет құра алмайды. Сонда да тек тілімен ұлт атында қалады.

Бірнеше ру мен аталардан, отбастарынан құралатын ұлтты ұлт қылып біріктіретін тіл. Осы жерден Саналы адамзат тілдің құдыретін түсінеді. Тіл хақындағы мақалдарды оқысақ та тілдің күшін көріп отырамыз. «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Тіл қылыштан өткір», «Тілден бал да тамады, у да тамады», «Оқтың жарасы, сүйегіне жетер – бітер, тілдің жарасы, жүрегіне жетер – өзіңмен кетер», «Тіл Ерді қабырға салады, нарды қазанға салады», «Піл көтермегенді, тіл көтереді», «Қаһарлы сөз – қамал бұзар», деген сияқты, тілдің құдыретін танытқан мақалдар баршылық. Тіл, сөз туралы «Құрандағы Қиямет пен қиялдағы Қиямет» атты зерттеуімізде, Рух тақырыбында кеңірек айттық.

Тіл деген қайдан шықты? Оның Құранға қатысы бар ма?-деген сұрақтарға келсек, тіл – Алланың белгілерінің бірі. Алланың құзырында тілдің маңызы зор. Мұны «Рұм» сүресінің 22-ая-

тынан оқимыз. Онда: «Көктер мен жерді жаратуы; тілдерінің, түстерінің қарама-қарсылығы – әр түрлілігі, Оның белгілерінен. Шәксіз бұларда білгендер үшін белгілер бар», - деген. Ал, «Хұжрат» сүресінің 13-аятында: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. ...бір-бірлерінді танып білулерің үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық...», -десе, әр ұлттың ұлттық тілі бары Ақиқат.

Бір тілде сөйлейтіндер өздеріне жер иеленіп, мемлекет болады. Дәлелімізді қорытсақ, тілі бірдің – ділі бір; ділі бірдің – діні бір, шығатұғын шыңы бір, деп тоқталамыз.

### «Сабыр түбі – сары алтын»

Бірнеше ұлттарда Мұхаммедтің (с.ғ.с.) қызы Фатиманы немере інісі Әзіреті Әлиге ұзатқанын үлгі тұтып, «бегана болмасын», яғни, бөтенге кетпесін, деп қызды өз немере, шөбере ағайындарының ұлдарына ұзату болған. Сонда бір аса сұлу қызды, қап-қара, беті шотыр-шотыр ұлға ұзатып, бұлар тату-тәтті өмір сүре беріпті. Бір жылдары сұлу әйел еріне: «Сіз мендей сұлу әйеліңіз болғаны үшін Аллаға ризасыз, сол үшін Бейішке барасыз; мен сабыр етіп, тағдырыма шүкір етіп, Сіздей ермен жасап жатқаным үшін Бейішке барамын. Екеумізде – Бейіштікіміз», - депті». Бұл – Аллаға ессіз сенген, тамаша Ақылды әйелдің түсінігі.

Алла «Ниса» сүресінің 19-аятында: «Әй, Момындар! Сендер үшін әйелдерге зорлықпен мұрагер болуларың адал емес. Және бергендерінің бір бөлімін алып қалу үшін оларды зорламаңдар. Бірақ, олар ашық арсыздық істесе, басқа. Сондай-ақ олармен жақсы тіл табысыңдар. Егер оларды жек көрсеңдер, сендердің жақтырмаған нәрселерінде Алланың көптеген қайыр жасап қойған болуы мүмкін», -деген. Ал, мына шығыстық Хикметте ері емес, әйелі жалғыз Аллаға сенген – жалғыз Өзінің ризашылығына үмітпен, Тақуалығымен, сабырлылығымен көзге түсіп тұр. Бұл амалы оны барлық мұратына жеткеретініне күмән жоқ.

Расында да, Алла сабырлылармен бірге. Мұны «Әнфал» сүресінің 46-аятында: «Аллаға әрі Елшісіне бойұсыныңдар. Өзара жанжалдаспаңдар. Онда үрейленесіндер де құттарың

кашады. **Сабырлы болындар. Расында Алла сабырлылармен бірге**», -деп ескерткен.

Бізге сабырлы болуда, Алладан келген үлкен сабақтардың бірі һәм бірегейі – Алланың сынағына сабыр еткен, сүйікті пайғамбары Аюбтың (ғ.с.) ғақлиялы өмірі. Жалғыз Алладан үмітті үзбеу мен сабыр, әрбір Құлды Аюбты жеткерген мұраттарға жеткереді.

Сабыр – Алланың 99 есімінің бірі. Сондықтан да Өзіне құлшылық қылу үшін жаратқан Құлдарының ішіндегі әкелі-балалы Ибраһим (ғ.с.), Ысмағұлдардай (ғ.с.) (1) Иманын сабырымен көркейткендермен бірге (2) болатын көркем Алла, Өзіне ғашық Құлдарынан сабырлылықты талап етеді. Күнәларының кешірілуін, мұқтаждарын намазбен, сабырмен тілеуді ескертеді (3). Тағдырын Өзі жазған Құлдарының басына не істер келетінін жақсы білетін Алла, әр қандай жағдайда да: **«... сабыр етсеңдер, өздерің үшін қайырлы...»** (4), -деп, күш береді. **«Заманаға ант етемін. Бүкіл адам баласы зиянда. Бірақ, Иман келтіріп, ізгі істер істегендер мен бір-біріне Ақиқат пен сабырды үгітескендер басқа»** («Асыр» сүресі), -деп, сабырлылар мен Алланың ақ Жолына үгіттеушілердің, өзгелерді сабырға шақырған жақсылардың зиянға ұшырамайтынынан хабар береді.

Қарама-қайшылықтардан тұратын өмір, үміт отын сөндірмей, сабырмен күрескенде мәнді, мазмұнды. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өмірі біз үмбеттеріне үлгі-өнеге. Оған (с.ғ.с.) айтылған әрбір өсиетті өз заманымыздағы жағдайларға қарап, Имандылық тұрғысынан қабылдауымыз Тақуалығымыздан болады. Мәселен, Алла Мұхаммедке (с.ғ.с.) сол кездегі мүшріктер жайын айтады. Мұны біз бүгінгі Исламға қарсы түрлі топтар мен мұнафиқтарға, адасқандарға, құдайсыздар мен дүмшелерге қарсы қолдануымыз ләзім; бұрынғы Елшілерінен, замандардан хабар береді, мұны пікірлеп біз: **«(Әй, адам баласы!) сендерге бұрынғы өткендердің басына келген сияқты ауырлық келмей тұрып, Жәннатқа кірулеріңді ойладыңдар ма? Оларға ашаршылық, ауру-сырқау келді. Сондай-ақ, Пайғамбар және Онымен бірге Иман келтіргендер: «Бізге Алланың жәрдемі қашан болар екен?!»-дегенге дейін қиыншылықта тербетілді**», -деп, «Бақара» сүресінің 214-аятында ескерткендей,

замандардың айналып соғып тұратынын ойға алып, Алланың қаһарына ұшыраудан сақтануымыз керек.

Алла: **«Расында білеміз, күдіксіз олардың айтқандары сені кейтеді. Олар сені өтірікке санап отырған жоқ. Бірақ, залымдар Алланың Аяттарына қарсы келеді». «Расында, сенен бұрынғы Пайғамбарлар да жасынға шығарылған еді. Сонда олар жалғаншы саналғандықтарына және көрген жапаларына жәрдеміміз келгенге дейін сабыр еткен болатын...» («Әнғам» с. 33-34-аят). «(Мұхаммед с.ғ.с.) сабыр ет! Сабыр етуің – Алланың ғана мәрхаметі. Оларға кейіме де олардың мекерліктеріне тарылма! Шынында Алла Тақуалармен, сондай-ақ, жақсылық істеушілермен бірге» («Нахыл» с. 127-128-аяттар),-дейді. Бастан мақтаулы Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) бұдан үлкен күш алып, сабырлылығының арқасында Өзіне жүктелген барлық міндеттерін Алла риза болатын дәрежеде мінсіз атқарды. Біз де мына сынақ әлемінде пендешілігімізден Имандылығымызды жоғары қойып, сабырмен бір Аллаға ғана құлшылық жасап, Құран, хадиспен жүріп өтуіміз – Әл-Мисақта Аллаға берген антымызға әбден лайық болады.**

«Баяғы заманда»,-деп, басталатын, бабалардан қалған аңызда, жаугершіліктен босып бет-бетіне кеткен елден шығып, жас сәбиін арқалап келе жатқан ерлі-зайыптылар, әбден қалжырап, ашқалып, амалсыз қалғанда ері әйеліне: «Баланы жейік!»-деп, ұсыныс айтыпты. Әйел – ана ғой, қалай қисын! «Ана қырдан асқанша шыдайық. Құдай жеткерер. Сабыр ет!»-депті. Қырдан асқан жерде екі арқар сүзісіп, мүйіздері айқасып қалып, ажыраса алмай тұр екен. Солардың бірін ұстап жеп, баласы аман қалыпты.

«Ібраһим» сүресінің 5-аятында: **«Расында Мұсаны: «Еліңді қараңғылықтан жарыққа шығар, Алланың Күндерін ескерт»,-деп жібердік. Шәксіз мұнда, бейнетке сабыр етіп, нығметке шүкір етушілер үшін өнегелер бар»,-дегеніндей, жоғарыдағы аңыз да Сіз бен бізді сабыр мен шүкіршілікке бас ию үшін айтылған бір насихат. Аятта Мұса айтылса, аңызда ашаршылық. «...Алланың Күндері», дегені Қиямет – осы ашаршылық Күндері. Екеуін де Алла жіберіп отыр.**

Дөңгеленген дүние. Алланың Өзі Құранда ескерткендей замандарға ұқсас замандар қайталанып жатады. Тағдыр деп мойындағаннан, нығметке шүкір еткеннен шығарып

Қалмаханұлы Парахат ағам 2007 жылы тамыздың төрті күні, Еңбек Ері Қалабай Әбдірахмановтың (1934-2009) тағдырынан бір әңгіме айтып берді.

– Бұл – шопаннан ешқандай оқусыз, бірден ферма меңгерушісі болған адам. Кеңшар директоры Ақберді Исаев: «Сен Еңбек Ерісің. Бұл жәй беріле салған марапат емес, мал бағудың қырсырын жақсы білгендігіңнен игерген жетістігіңнің жемісі...», - деп, ферма орталығына бір келген сапарында тағайындап кеткен.

1932-жылдардағы ашаршылықта Қызылорда өңірінен көп ел өзбек жеріндегі Бұқара, Жыззақ жақтарға жаяулап-жалпылап ығысады. Талайы аштан жол бойында өліп қалады. Көп қатарлы Қалекеннің әке мен шешесі де жолға шығады. Жасына толмаған жалғыз баласы әйелдің қолында. Аш адамдар ұзақ жүргеннен шаршайды. Әсіресе, бала көтерген әйел. Ол кездегі жағдаймен ешкімді айыптауға болмайды. Әлсіреген анасы ерінің келісімімен баланы жол үстіне отырғызып кетіпті. Аштығынан да, бұнысына іші удай ашыған ол, әрірек барып артына қараса, тағдырынан хабарсыз баласы томпиып, құммен ойнап отыр екен. Бейкүнә сәбиіне еміренген ана шыдамай, қайтадан келіп көтеріп алып, бір елді қонысқа жеткенше үмітіне сабырын серік етіп шыдапты...

Елге қосылып, замандар өтіп, баласының еңбегінің арқасында елге сыйлы болғанына мерейленген анасы, осы оқиғаны ел есіне салып кетіпті. «Сабырлы Құлға келді жаз», - деген осы екен! (Бұл мақал «Өлмеген құлға келді жаз», - деп те айтылады).

Сабыр мен шүкірлігі көп Құлдарын Алла бір азаптан кейін осындай бақытқа бөлейді.

«Фуссилат» сүресінің 30-35-аяттарында: **«Расында: «Раббымыз – Алла»,** деп, сосын (Тура Жолда) мықты тұрғандар; оларға Періштелер түседі де: **«Қорықпаңдар, кейімендер! Сендерге уәде етілген Жәннат арқылы қуанышқа бөленіндер»,**-дейді». **«Біз дүние тіршілігінде де Ақыретте де достарыңбыз. Сендерге ол Жәннатта көңілдегің көкसेген нәрселер бар. Сондай-ақ, сендерге не тілесендер де бар».** «Бұл – аса Жарылқаушы, тым Мейірімді Алла тарапынан бір сыйлық». **«Шын! Мен Мұсылмандарданмын»,**-деп, Аллаға шақыра отырып, ізгі іс істеген кісіден сөз тұрғысынан жақсы кім бола алады?» **«Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем түрде Жолға сал. Сол уақытта сенімен екеуің аранда**

**дұшпандық болған біреу, өте жақын достай болып кетеді». «Бұл қасиет сабыр еткендерге ғана нәсіп болады. Сондай-ақ, бұл сипатқа зор несібелілер ғана ие бола алады»,-дейді. 30-33-аяттарда жалғыз Аллаға ғана сенгендердің жетістігін айтса, 34-аятта татулық жөн сілтеп отыр. Мұны біз тек адам деп емес, ашаршылық пен соғыс кезінде де, ауругершілікте де жалғыз Алладан үміттеніп мықты тұру деп қабылдағанымыз абзал. Сонда жеңіске жетеміз, зор несібелерге ие боламыз.**

\* \* \* \* \*

Сабырлы адамды Алладан қорыққан Ақылды, нәпсісін тізгіндей білген күшті, деп, бағалап жүреміз. Олардың ерлігіне қызығамыз да. Ауданымызда туылып-өскен Әсіліасыл да жігіт жасына жетіп, көзге түсті. Денелі, аққұбадан келген ажарлы еді. Спортты да жақсы меңгерді. Арақ пен темекіден бастан жиіркенетін. Бос уақытында спорт пен кітап оқудан қол үзбейтін. Замандастары қатарлы жоғары білім алды. Көп сөйлемейтін, мінезі жұмсақ, сабырлы екенін айналасы білгенмен, ажарының өзі айбат көрініп, жалынды жанарының арғы жағында мен деген мықтыны састыратын бір сұс жататын. Сонысының өзі де сырқұмар қыздарды қызықтыратын.

Осы жігітке аңсары ауған қыз көп болды. Сырттай қиялдап жүрген кейбір қыздар, көшеде кездейсоқ бетпе-бет келгенде жүрісінен жаңылып, сүрініп өз-өзінен бүлініп жүрді. Бұл олардың мұнысына таңырқап қарағанымен неге сүрінгеніне мән бермейтін. Әрқашанда өзінің ұятын ойлап, бәрінен сақтана жүрді, бәрімен сыйласа жүрді. Жасы жеткенде сыр бермей сүйкеніп жүрген, жоғарғы білімді бір ерке, өр қызға үйленді. Алайда, әкесі мен шешесінің тұңғышы, әжесі мен атасының шолжаны, бұның тәрбиесімен үйлеспеді. Елден ұятты деп, әрі-бері қақпайлап көргенмен, жасынан бетбақтау өскен келіншек көнбеді. Есті жігіт перзент болмай тұрып, сөз бастап, екеуі келісе отырып ажырасты.

Және бір өзіне ынтық қыздың қолынан ұстап, отауына әкелді. Әуелдегісіндей елге той берді. Бұл да ойдан шықпады. Әсіліасылға қиын соқты. «Мешкей деген жақсы ат емес». Сонда да лажсыз ажырасты. Өзін кінәлады: «Атасы мен анасын білмей, көргені мен білгенінің көлеміне жетпей, әйтеуір бір қыз

көрінгенге үйленуім-ата жолды білмегендігімнен»,-деп шешті. Әйелзатына, қыз баласына қолын бір сілтеп, жұмысын істеп жүре берді.

Жөн сұрағандарға: «Жұрттың аузына қақпақ бола алмаймын. Бірақ, Алланың жарылқауынан үміттенемін. Тағдырыма не жазғанын Ол ғана біледі. Мен тағы біреуге үйленіп, тағы ажырасып жатсам, ...одан өлім жақсы!»-деген, ол, ізіне сөз ертпей, сақтана жүріп, ел қатарлы той тойлады. Ретті жерінде жолдастарымен қыдырды.

Інілеріне жол беріп, ата-анасына салмақ салмай, өзі өз алдына үй салып, бөлек жасады. Мәшін алып мінген жоқ. Өзінен, үйін жасандырудан артқан ақшасын жинап әкесі мен шешесін курорт, санаторияларға жіберіп тұрды. Құдай көрік, ажар мен білім берген жігіттің мына парасатына риза болған жұрт, екі рет үйленгендегі өсектерін ұмытты, табалағандары ұялып жүрді. Оны көргенде өз-өзінен қысылып, ибынатынды шығарды.

Әсіліасылдың тағдырына Алланың жазған қызы – Айсәуле екен. Ол да марқұм әкесінің тұңғышы еді. Бес баланың үлкені. Атасы мен әжесінің тәрбиесінде еркелеп өсті. Бірақ, шолжаңдық пен тәлпіштіктен аулақ, ақылды, өнерлі, білімді болып бой жетті.

Әжесі мен шешесі және нағашы әжесі жақсы кісілер-тін. Жоғарғы оқу орнын бітірді. Өзіне сөз айтқан жігіт болмады ма, болса да өзіне тең көрмеді ме? Әйтеуір, Айсәуле сыныптастары қатарлы тұрмысқа шыға алмады. Жылдар өтіп, жиырма беске де келді. Сөйтіп жүріп бір тойда өзінен он жеті жас үлкен Әсіліасылдың жүрегіне орнықты. Соңғы он жеті жыл бойына нашар баласына көз салып, көңіл бөлмегенімен ауданда көп адамдарды жақсы танып, біліп жүрген Әсіліасылдың жүрегіне осы қызбен танысу туралы дем келді. Ол мұны Алладан деп сенді. Орнын тауып, қызға ойын айтты...

Құда түсіп, қазақтың салтымен үлкендердің батасын алып, ата жұртынан шыққан Айсәуле, Әсіліасылдың босағасына құт болып келді. Өзі құрған үйі жылдар бойы арман болған ұл мен қыздың қызығына батып, ақар-шақар жанұяның бағы жанды. Әсіліасылдың елге құрметі бұрынғыдан да артты...

«Сабыр түбі – сары алтын, сарғайған жетер мұратқа», «Сабыр түбі-сары алтын, сабырлылардың бәрі алтын»,-деген осы екен!



«Бақара» сүресінде: **«Әрине, сендерді қауіп-қатер, ашаршылық және малдардан, жандардан, сондай-ақ өнімдерден кеміту арқылы сынаймыз. (Мұхаммед с.ғ.с. сондай жағдайларда) сабыр етушілерді қуандыр!» «Қашан оларға бір қайғы жетсе, олар: «Шын мәнінде біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз»....** , (-деп, Алланы есіне алып сабыр етсін Н.Қ.) **«Міне, соларға Раббылары жақтан жарылқау және мәрхамет бар. Әрі олар Тура Жолдағылар» (155-157-а),**-дейді. Осы сүренің 177-аятының соңында сабырлыларды Тақуалар деп бағалаған. Осы Аяттарда айтылғандай, біздің жоғарыдағы кейіпкерлеріміз – Тақуалар. Тақуалығымен Алланың сыйына жеткендер.

- - - - -

1.«Сафат» сүресінің 102-аяты: **«Ұлы (Ысмағұл) Өзімен бірге жүруге жеткен кезде: «Балақайым! Сені түсімде бауыздағанымды көремін. Назар аудар, көзқарасың не?»**-дейді. Ол: **«Әй, әкетайым! Өзіңе не әмір етілсе, оны орында. Алла қаласа, мені сабырлылардан табарсың»**,-деді».

2. «Бақара» сүресінің 249-250-аяттары: **«Сонда Талұт әскерлерімен айрылған сәтте: «Расында Алла сендерді бір өзенмен сынайды. Кім одан ішсе, менен емес. Және кім одан татпаса, әрине, ол менен. Бірақ, кім қолымен көсіп алып ішсе, ол басқа»**,-деді. Сонда олардың өте азынан басқасы одан ішті. Сонымен Талұт және онымен бірге иман келтіргендер өзеннен өткен шақта: **«Бізде Жалұт және оның ләшкерлеріне төтеп берер күш жоқ»**,-деді. Сондай, олардың анық Аллаға жолығуды ойлағандары: **«Алланың қолдауымен қанша аз топ, көп топты жеңген. Алла сабырлылармен бірге»**,-деді». «Олар Жалұт және жауынгерлерімен қарсыласқан сәтте: **«Раббымыз! Сабыр бер, табанымызды бекітіп, бізге кәпір қауымға қарсы жәрдем бере көр!»**-деді»

3. «Бақара» сүресінің 153-аяты: **«Әй, Момындар! Сабыр және намазбенен жәрдем тілендер, күдіксіз Алла сабыр етушілермен бірге»**. Және «Әнфал» с. 46-а.

4. «Ниса» сүресінің 25-аяты: **«Сендерден біреудің, Момын азат әйел алуға шамасы келмесе, Момын күндерден алсын. Алла Имандарыңды жақсы біледі. Бір-біріңненсіңдер. Ендеше**

күндерді қожайындарының рұхсатмен олардың мәнерлерін дұрыс беріп, абыройлы болулары, зинашы және астыртын көңілде болмаулары шартымен алсын. Егер олар үйленіп алып, арсыздық істесе, онда оларға азат әйелдерге болатын жазаның жартысы орындалады. Бұл (күнді алу) сендерден зинадан қорыққан кісі үшін. **Егер сабыр етсендер, өздерің үшін қайырлы. Алла – аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».**

### **«Кең болсаң, кем болмайсың»**

Сабырдың бір түрі кеңдік – кешірімділік. Алла «Бақара» сүресінің 152-153-аяттарында: **«Енді Мені еске алындар. Мен де сендерді еске аламын және Маған шүкірлік қылындар да қарсы болмаңдар».** «Әй, Момындар! Сабыр және намазбенен жәрдем тілендер. Күдіксіз Алла сабыр етушілермен бірге», - деген. Әрқашан әрбір тағдырға сабыр етіп, Аллаға шүкірлер айтып, Алламен бірге болайық!

Алик деген кісімен көрші тұрдым. Өзі де, әйелі Соня да ақ жарқын, жақсы жандар еді. Алекеңнің өзі сөзге де жүйрік, оның үстіне домбыра, сырнай тартатын, ән айтатын- өнерлі-тін. Ауылдағы барлық үй болмаса да алпыс пайыздайы мерекесін бұл кісісіз өткермейтін. Әйелімен екеуі жұма, сенбі, жексенбі күндері кешкілікте ұйымдасатын мерекелермен жүретін. Той, мерекеден бөлек, кісі келу деген болады, бір жерге шақырылады, құда күту деген бар – ешбірі арақсыз өтпейтін.

Бұған туылған күн деген қосылды. Бұл – бәрінен сорақысы екен. Екі жылда, бұрын арақ татып көрмеген қазақ қызы Соня арақты ішіп үйренді. Бұның туылған күннен үйренген тағы бір өнері – ауылдағы әр отағасы мен отанасының ғана емес, тіпті, олардың балаларының туылған күніне дейін жаңылмай жаттап алды. Бүгін мына үйде туылған күнді тойлап отырып, ертеңгі туылған жанның мойнына құрық салып қоятын. Бұған бірінші кезде біразы көніп жүрді де кейін-кейін аяқ тартты. Бірақ, Соня ері жұмыста жүргенде өзі барып: «Сендерді білемін, бәрімізді күте алмайсыңдар. Бірақ, балаңның туылған күні құр өтпесін. Менің өзіме ғана бір шөлмек қой...», - дегенге дейін барды. Сыйлы адамның әйелі айтып отырғасын, намыстанғандар бір шөлмегін аяй қоймайды.

Имандылық алыстап, заманның кері кеткен кезі. Арақсыз кісі күтілмейтін... Кемпірлер де, үлкендер де ішетін. Мұның ішкенін, қызып отырып айтқан сөздерін қызық көретін. Қой деп, тілдерінің ұшында айтқанмен арақ сұраса, сөзін жықпайтын. Өзінің әке-шешесі де кейісе қатарынан кем болатындай көріп, жұбауратып қоятын...

Алик жұмыстан келеді. Әйелі мас болып ұйықтап жатады не біреулердің үйінде отырады Алик барып ертіп әкеледі. Кешіріп, өтініш жасап жүрді. Кейде іссапарларға кеткенде де үйіне, балаларына алаңдап шаршайтын. Ақылын айтып, кешіріммен қарап жүргенмен бұл үдей берді. Азанда күйеуі жұмысқа кеткеннен бұл да сөзін жықпайтындардың бірінің үйіне, кешегі не бүгінгі туылған күнді есіне салып барады...

Алик жұмыстан келіп тамақты өзі істейтін болды. Кейде сиырын да өзі сауады. Үйдің тірлігіне, балаларға қарау деген қалды. Тіпті, үйдегі әдемі ыдыстарды сатып ішетін дәреже дейін барды. Балалары да аянышты. Бірі жетінші, бірі бесінші сыныпта оқитын екі қызы шешесінің мұнысына намыстанып жылайтын. Бұл Алекеңе Соняның қылмысынан да қатты бататын.

Соня ішетінін ертерек ішіп, сағат 14-15-ке дейін демалып алып, Алекеңе сездірмеудің амалына көшті. Бірақ, онысын көзі, реңі «айтып» қоятын. Үгіттегеннен еш нәтиже шықпағасын, қол көтермеске лаж қалмады, мұны қалай болмасын тәртіпке шақыру керек. Бірақ, балалардың көзінше дауыс көтеріп ұрсуға да, ұруға да әбессінетін. Балаларын сыйлайтын, үрейін қашырудан сақтанатын. Сондықтан жұмыс кестесін өзгертті: жұмысқа бара сала, кейде екі сағаттай істеп қайтып келіп, Соняны тауып алады... Кейде түске дейін істеп келеді... Кейде түсте, кейде екіндіде – жұмыс уақыты бітпей келеді... Бұл амал Соняны «кестесінен» жаңылдырды, енді ештеңе жасыра алмай шарасыз қалды.

Сөйтіп, көп азаптармен жүріп, ақыр ақылына көндірді. Соня туылған күн дегенді ұмытты. Өз қателігін толық мойындады. Көршілер де тынды. Қайтадан баяғы абыройларын тіктеп, дәулетін түгелдеп, адам айтса сенгісіз әдемі жанұя дәрежесіне жетті. Қазір білетін көршілері: «Бір кездері осы отбасы осылай болған еді», -десе, есіткен жан сенбейді. Өйткені, бір сыпыра адамдардың түсінігінде – араққа осыншалықты берілген адам қайтпайды. Жоқ. Қайтады екен. Қайту – адамның ұжданына бай-

ланысты. Ол қашанда шыдам мен сабырға тәуелді. Соня бір Алладан жәрдем тілеп сабыр сақтаған Аликті де, өзінің қателігін де түсінді. Арақтың құмары тұтқанда сабыр етіп, шай ішті, үй тірлігімен алданды, жеңді. Кезінде кеткен бақыт сабырмен қайтып келді. Үміттер мен сабыр жеңістерге жеткерді.

### **«Басы қатты болса, ақыры тәтті болады»**

Құранда, «Ниса» сүресінің 28-аятында: **«Негізінен Алла сендерге жеңілдікті қалайды. Өйткені, адам баласы нашар жаратылған»**,-десе, «Ібраһим» сүресінің 34-аятында: **«...адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз»**,-деп, «Нахыл» сүресінде: **«...ашық жанжалшыл»** (4-а), **«...тым шыдамсыз»** («Ісра» с. 11-а) екеніне назар аударып, «Әнбия» сүресінде: **«...асыққаш болып...»** (37-а) жаратылғанын ескертеді. Бұл – адамзаттың әлсіздігі болса, сол әлсіздіктің бірі – осы дүниенің пайдасы үшін асығып өліну, екіншісі – сабырсыздық. Бұл екеуінің алып баратын жері – дозақ. Сондықтан мына мақал да сабырға шақырады.

Құранның «Бақара» сүресінің 216-аятының бірінші сөйлемінде, Момындарға, олар жек көрсе де соғыс парыз етілгенін; осы жек көрілген парыздың Ақырында бір жақсы қайыр болуы ықтималдығы ескертілген. Ол қайыр қайдан келеді? Әрине, сабыр етіп күресуден.

1941-45 жылғы соғысқа алынғандар арасынан ебін тауып жасырынғандар мен әскерге шақырған хатты алысымен қашқандар болған. Олардың бірсыпырасы қолға түсіп қамалды, біреулері елдің көзіне көріне алмай арманда өлді. Бұлар Алла жазған тағдырға қарсы келгендер. («Ақымақтың ақылы түстен кейін кіредіде» де айттық).

Алла Өзінің сабырлылармен бірге екенін ескерткен. Сабыр етіп, тағдырға көнген пенде әлбетте жақсылыққа жетеді. Мұны Алла «Шарх» сүресінде: **«Негізінде ауырлықпен бірге бір жеңілдік бар. Шын мәнінде қиыншылықпен бірге бір оңайлық бар»** (5-6-а),-деп жеткерген. Сабыр еткен кісі Алламен бірге болғандықтан, тағдыры қиыншылықтан кейін оңайға ойысады. Ал, қасарысып, қырсықса («Хаж» с. 38-а), Алла оны шайтанға тастайды («Зұхрұф» с. 36-а).

Пойызда серік болған Абыз деген кісі өз өмірінен бір естелік айтқан еді. Құранды үйренгеннен кейін байқасам, бұл оқиғаның

өзі «Бақара» сүресінің 216-шы, «Шарх» сүресінің 5-6-аяттарының өмір Шындығындағы тәпсірі екен.

– Мен мектепте екі-ақ сынып оқыдым. Сосын әкеме көмекші болып қой бақтым...

1960 жылы мені әскерге шақырды. Орыс тілі түге қазақ тілінің тек отбасылық қолданысын ғана білетін маған, бұл әскерге шақырылу, дозаққа айдалып бара жатқанмен бірдей. Мен сияқты бірнеше жас қазақ бар.

Ленинградта құрылыс әскерінде қызметке кірістім. Үлкен көп қабатты үй құрдық. Біз барғанда тек іргетасы ғана бар еді. Бір жарым жылда орышаны амалдадым. Биік құрылыс краны бар.

Ауылда қойдың ізінде жүрген күндерімде де мәшін айдауға қызығатынмын. Кейде өзімнен өзім: «Бұл құр қиял ғой. Ондай болу қайда?!»-дейтінмін. Ол кезде мені әскерге қызметке алады, деген түк қаперімде жоқ.

Қызметтің бірінші уақыттарынан-ақ, осы кранның рөліне отыру арман болды. Мұны да кейде: «Әй, құр арман ғой. Я тіл білмесем, я техника басқарып көрмесем, мұны қалай басқармақпын!»-деп, өзімді тойтарамын.

Тілді меңгере бастағаннан осы кранның жүзгізушісі Васиямен амалдап тіл табыстым. Бір күндері, жұмыс арасында, командир жоқта, кранның кабинасына да жеттім. Тамашалап көзімді тойғызып, қызығуымды құнартып қайттым.

Жүргізушімен жақындасқалы ол да менің қасына көтеріліп, әңгімелескенді жақсы көреді. Кейде кешкілік командирден сұрап мені үйіне әкетеді...

Сөйтіп жүріп, кранды басқаруға да қол жеткердім. Қызметке екі жыл толғанда, қалада осындай кранның оқуына әскерилерден жіберетін болып, Васия командирге айтып, оқуға мен кеттім.

Тілді ептегенніммен жазуға жоқпын. Мұғалімнің айтқанын тоты құс сияқты қағып алып, сұраса, мүдірмей айтамын. Бос сағаттарымда жазуды меңгеруге күш саламын...

Алты ай оқыдым. Кранды құлындай бас білдіріп, құлағында ойнайтын болдым. Бөлімге келгесін жаңадан құрыла бастаған екінші құрылыстың кранына отырғызды.

Қызмет бітіп, ауылға қайтамыз, деп жүргенде командир шақырып: «Сені кранға оқытқанбыз. Енді сен бір жыл қызмет

етуің керек», - деп және алты айға алып қалды. Қатты батты. Бірақ, лаж жоқ, қалдым.

Бұл алты айды да өткеріп, ауылға келдім. Үш жыл қызметте өмір жәйлі түсінігім түптен өзгерген. Алайда, әкенің алдын кесіп, бетіне қарап сөйлеп көрмеген мен ішімнен қайта қой бағуға дайын едім. Келгеннен әкем мен ініме көмекке кірісіп кеттім.

Әкем әскери өміріме қызығып, оны-мұныны сұрай береді. Қайта-қайта қызықтап Сұрайды, мен де ерінбей айта беремін. Бір күні ол: «Сен енді қой бақпайсың. Тым жақсы білім алыпсың. Қалаға бар. Шопыр бол», - деді. Сондағы қуанғаным – ұмытылмайтын, ешбір адамның қолы жетпеген қуаныштай болды!...- деді.

\* \* \* \* \*

Бала кезімізде елде арақ ішетін, әйеліне қол көтеретін адамдар барын есітіп өстік. Бір көршілерде болмаса да, арғы көшелердегі үйлерде, осындай оқиғалар болғаны бірге ойнайтын балалар арасында да айтылатын. Бірақ, ерлі-зайыптылардың ажырасқаны туралы әңгімені дым естімеппін. Мұны мен өз ауылымда 1980 жылдарда ғана есіттім. Алғашында таң да қалғам. Кейін білсем бұл, «әйел мен еркектің құқығы тең...», - деген, жерден шыққан бүлдіргі екен. Ал, балалығымда бұдан хабарсыз болғаным, ол кезде елде Имандылықтың биязы, ыстық аясы әлі сақтаулы еді. Ұжданды ел жастары өзінің де, ұшқан ұясының да абыройын ойлап, ажырасуды адамдыққа жат санапты. Құдайдың ризашылығын ойлап тағдырына сабыр етіпті. Шыдап бағыпты. Әйел: «Байдан шыққан!» - деген жақсы ат емес, - деп, еркек: «Қатын жіберген атанамын», - деп, екеуі де елдің өсегіне қалудан сақтаныпты. Екеуі де: «Мені шаранадан таза ұстап тәрбиелеп, осынша кемелге келтірген әкем мен шешемнің атына насақ сөз келеді!» - деп, олардың қадір-құрметін ойлап намыстаныпты. «Біреудің алдында олардың тілі қысық болып, ретті сөзінен қалмасын! Дос-дұшпанының алдында назары төмен болмасын! Көшеде жерге қарап жүрмесін!» - деп, аяйды екен...

Қазір Алладан қорқуды қойғандарға сылтау көп. Әсілінде, Иманды ата-ананың тәрбиесін көрген ұл әйелін, ал, сондай үйден шыққан әйел ерін сыйлап келіпті. Содан түсінбей қалушылық, ажырасу деген болмапты. Ол заманның адамдары Құдайдан

қорыққаннан Құранды ынтамен оқып, жіті түсінген. Сауаты жоқтарының өзі ынтығып, іздеп жүріп, білгендерден есітіп үйренген, керек жерін сұрап ұққан. Олар «Бақара» сүресінің: «... әйелдерің-егіндіктерің... Сондай-ақ, Алладан қорқындар да негізінен Аллаға қауышатындықтарыңды біліңдер» (223-аят), «...Ерлердің әйелдердегі хақтары сияқты, әйелдердің дерлерде белгілі хақтары бар...» «Әйелдерден гөрі ерлердің дәрежесі артық. Алла Тағала – өте Үстем, Хикмет Иесі» (228-аят), «Оларды зиян салып қанау үшін ұстамандар. Кім осыны істесе, рас, өзіне зұлымдық қылған болады. Алланың Аяттарын мазақ қылмандар және Алланың өздеріне берген нығметін әрі сендерді насихаттау үшін түсірген Кітапты, Хикметті (Құранды, сүндетті) түсініңдер. Сондай-ақ, Алладан қорқындар да күдіксіз Алланың әр нәрсені толық білетіндігін біліңдер» (231-аят)». «...Бұл сендерден Аллаға, Ақырет күніне Иман келтіргендерге берілген насихат. Бұл сендер үшін тым таза, өте пәк. Алла біледі, сендер білмейсіңдер» (232-аят). «Ананың тиісті қорегі мен киімі баланың әкесіне міндет. Әркімге шамасы келетін ғана жүктеледі. Ана баласы арқылы әрі әке де баласы үшін зиянға ұшыратылмайды...» (233-аят) және «Ниса» сүресіндегі: «Еркектер әйелдерді билеуші. Өйткені, Алла бірін-бірінен артық қылды. Сондай-ақ, олар малдарынан да пайдаландырады. Ал, енді жақсы әйелдер – бой ұсынушылар...», -деген және «Нұр» сүресінің аяттарын жақсы білген. Алланың ризашылығынан үміттеніп, қаһарынан қорқып, Оның Сөзінің үстем болуы үшін осы аяттармен жүріп, «...Сондай-ақ, олармен жақсы шығысындар. Егер оларды жек көрсеңдер, сендердің жақтырмаған нәрселеріңде Алланың көптеген қайыр жасап қойған болуы мүмкін» («Ниса» 19-аят), -деген аяттарға терең мән беріп, тағдырға сабыр етіп, серттерінде тұрған, жанұяны сақтаған, көркейткен...

– Соғыстан кейінгі жылдарда арақ ішу басталды да, елуінші жылдары тіпті, сәнге айналды, -деп, бір әңгіме бастады, өзімен он жас үлкен, өзі де, әйелі де сырлас досымдай болып кеткен бір танысым. -Онда мен баламын. Үлкендер кейде біздің үйде, кейде басқа көршілерге жиналып, күнде кешке арақ ішеді. Соғыстағысын, ауылдағы өмірді, өткендерін әңгімелеп, түннің бір мезгіліне дейін отырады. Сол атырапта менен естияр ұл бала



жоқ. Мені дүкенге араққа жұмсайды. Кейде қастарында отырып қаламын. Сондай-сондаймен жүріп, сегізінші сыныптарында-ақ, арақпен ауыздандым. Бұл маған ұзақ жыл серік болды. Мұның кесірінен көп нәрсе жоғалттым,-деп, «арғы жағын сен айт»,-дегендей әйеліне қарады. Біліп тұрса да үлкеннен озып сөйлемейтін, әдепті қазақтың баласының тәрбиесін көрген әйелі, бұған дейін тыныш отырған. Сөз кезегі берілгесін, ештеңені жасырмай, басынан өткенді ашық баяндады:

– Мен келіншек болып түскенімде екі қайын сіңілім де бой жетіп отырған. Атам мен енем бар. Екі жылдай бала көтермей жүрдім. Бұлар мені өсек қылып, өзара сыпсың шығаратын. Сезгенмен сыр бермейтінмін. Тиісіп те көрді. «Көргенсіз жердің қызы»,-деп, айтпасын!»-деп, көкем мен жеңешемді аяп, ашу шақырмай ақылмен жол табатынмын. Араға түсетін күйеуім күнде мас. Былай алғанда бұл үйге сыюым да қиынға соқты.

Адамның азары қиын екен. «Ерім!»-деп, осы үйдің Азаматының етегінен ұстағасын бәріне төзуге бекіндім. Шыдамым таусылып не істерімді білмей, талай қамықтым. Ондайда анамның: «Маңдайыңа жазылған тағдыр деген бар, балам. Соған төзсең, Алланың нұры жауады»,-деген өсиеттері ойыма түсіп: «Менің маңдайыма жазылғаны осы екен ғой! Құдай бұдан жаманын көрсетпесін!»-деп тілеп жүремін.

Атам айбатымдай еді. Аналардың маған қыр көрсеткен бір жәйін сезсе, «Бұл не?»-деп, дереу кемпірін, сосын қыздарын қысымға алатын. Сыртта жүріп мен қысылатынмын.

Сөйтіп жүргенде тұңғышымыз дүниеге келді. Енді тынармын деп, едім. Ештеңе өзгере қоймады. Қыздар тұрмысқа шығып кетті. Аңдысу, айқай азайды. Қалған бір енем ғой десем, ол да тым жақсы болып жүріп, қыздары қыдырып келе қойса, тап соларға еріп кететіндей, айнып шыға келеді. Атам қашанғы аңдысады. Бірін білсе, бірін байқамайды. Байқаса да сабыр ететін болар... Алланың әмірі келіп, алдымен атам, жылын бергесін үш айдан кейін енем де бақилыққа көшті. Екеуінің де Құдай Иманын берсін.

Екінші қызым туылған жыл. «Арқа сүйейтін, ақыл айтып, жөнге салып отыратын үлкендер кетті. Бас болып өзіміз қалдық, енді өзі жанұяның бастығы, ойланар, арағын қояр!»-десем, бұл күшейтті.

Атамдардың барында шамалы айбынатын, сыйлайтын бұл, отбасының қожасы өзі болып қалғасын, арақ ішкенінен басқа да көп қылықтар шығарды. Жүрегінің арғы түбіндегісін өзі біледі. Әлі маған айтқан жоқ. Бірақ, үйден кетуге мәжбүр ететін. Салқын қарайтын. Сұрағыма жауап бермейтін. Баратын жерін айтпайтын. Бұларға мән бермедім. «Еркек деген осылай болатын шығар», - деп, жүре бердім. Көкем мен жеңешемді-анамды аяймын: «Солар менің дос-дұшпанның өсегіне ілініп, мұңлықта жүргенімді көрмесін», - деймін. Сыртқа сыр бермеймін. Жәй жүрмеймін, осыны қайтсем сөйлетемін, қалай жандассам жүрегің ашады. Соған жол іздеймін.

Бұнымнан не түсінгенін қайдам? Бұл енді жоқты сылтауратып ұратынды шығарды. Күнде кешке мас халде келеді. Жуынып жатқанда құманның суы жетпей қалса, сол сылтау, аузы-мұрнымды даладай қан қылады. Үйден шықпаймын. Дыбысымды да ешкім естімейді. Балаларыма да сездірмеймін. Тек Құдайдан ғана араша сұраймын. «Соққысы жанымды жараламасын, мертіктірмесін», - деп, Құдайға жалынамын. Бұған арақ ішу шарт, мас халде келіп маған тиісу заңдылықтай болды. Бір жақсы жері кешке келеді. Соған шүкір етемін. Ел көрмесін, - деп, жанұяның абыройы үшін тіленемін...

Талай азапты көрсетті ғой! - деп, еріне қарады. «Айтсын. Күнәм төгілер», - дегендей үнсіз, төмен қарап шынтақтап жатқан, ол:

– Бәрі ақылдың тайыздығынан екен. Енді аяймын. Сонша зұлымдыққа сабыр еткен төзіміне адам түге, тау шыдамай үгітілер!..

– Бұл ұйықтағанша далада жатқан да түндерім болды. Осы оттың басына келгеніме отыз жылдан асты. Соның әуелгі екі жылдайы жылы-жұмсақ өте шыққанымен, одан кейінгі он жылын жанымды намысыма түйіп жүріп өткердім. Балаларым-жұбанышым. Кештен, түннің бір мезгіліне дейін бұдан көрген азарым, күні бойына балаларымнан көрген қызықтарыммен ұмытылып кетеді. Ә демей қыздар өсті, ұлдарым ес білді бұл өзінен өзі осы балаларынан ұялды ма, өзгерді. Арақ ішкенмен маған тиіспейді. Үйреніп қалған әдет емес пе, алғашқы күндері балағатқа, жұдырыққа даяр тұрып күткенмін де, - деп, екеуі күліп те алды.

Сабырым бәрін жеңді. Бүгін Құдайға шүкір, дым болмағандай. Өткендер ұмытылды. Түшкірсем «жәрәкімалла!»-деп, отырады.

Аллаға шүкір, елде осындай сабырлы жақсылар бар. Әйтпесе, ел бұзылып, Алланың қаһарына тап келіп, арада жазықсыз жан-дар да жапа шегіп қалар еді. Аллаһ Тағала Құранда: **«Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем түрде жолға сал. Сол уақытта сенімен екеуіңнің араңда дұшпан болған біреу, өте жақын достай болып кетеді».** «Бұл қасиет сабыр еткендерге ғана нәсіп болады. Сондай-ақ, бұл сипатқа зор несібелілер ғана ие бола алады». «Ал енді сені шайтаннан бір түлен түртсе, онда Аллаға сиын. Өйткені, Ол – әр нәрсені толық Естуші, Білуші», -дейді, «Фұссилат» сүресінің 34-35-36-аяттарында. Сабырлы болайық, зор несібе өмірлік серігіміз, берекеміз болсын.

### **«Асыққан – шайтанның ісі»**

Бұл мақал құлаққа шалынысымен, «Зұхрұф» сүресінің 36-аяты еске түседі де: «Ие, Алланы есіне алмаған ғой! Сосын Алла оған шайтанды ерікті еткен...», -деп, ішімізден: **«Әлде кім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да ол, оның жолдасы болады»**, -деген!» -деп Аятты қайталаймыз.

Біз пенделер шайтанға алданып, Құранды оқымаймыз – осы Аятты және Алланың сабырлылармен, Тақуалармен бірге болатыны жөніндегі Аяттарды білмейміз. Білсек, сабырлы болып, шайтанға алданып, асықпас едік.

Құранның «Фурқан» сүресінде (70-а) жамандықтар мен жақсылықтардың теңестірілетінін айтса, «Зүмәр» сүресінде (53-а) бір тұтас күнәлардың кешірілетіні ескертілген, ал, «Мәриям» сүресінде (84-а) әр күнәкар пенденің күні саналып отырғанынан хабар береді. Біз Құранды оқымағандықтан осы Аяттарды білмейміз. Сөйте тұра асығып, өзімізше күнәлі санаған біреуді назарда ұстап: «Расында да Алла бар болса, осының күнәсін неге көрмейді? Жазасын неге бермейді?» -деп, Алланың барлығына, жазалайтынына күмәнданып көп күнәларға қаламыз.

Қазір біз сабырлы болу хақындағы уағызымызды аяқтадық. Онда сабырлылыққа байланысты бірнеше Аяттарды келтірдік. Ал, мына мақал, осының толықтырушысы.

«Асыққан – шайтанның ісі» болатыны, шайтан оттан жаралған («Ағраф» с. 12-а). Пенденің ашуланатыны, ашуланған кезінде ой өрісі тарылып, көзіне қан толық ештеңені «көрмейтіні» содан. Сондықтан оған ерген пенде түбінде ұждан отына күюмен өмірін өткізеді.

Пендедегі сабырсыздық та – Адам ата мен Һауа анамыздың Бейіштегі шайтанға алданған жерінен жұққан надандық. Егер олар шайтанға алданбай, сабыр етушілермен бірге болушы Алланың тапсырмасын орындап, шыдай тұрғанда, адамзат пен шайтанның арасы алыс болар еді, бәлкім, олар алғашқы перзенттерін Бейіште дүниеге әкеп, адамзат Бейіште мәңгі жасап, кейінгі кезде арасындағы сабырсыздар ғана жерге түсірілер ме еді?!

«Саффат» сүресінің 102-107-аяттарында: «Ұлы Өзімен бірге жүруге жеткен кезде: «Балақайым! Сені түсімде мауыздағанымды көремін; назар аудар, көзқарасың не?»-деді». «Ол: **«Әй, әкетайым! Өзіңе не әмір етілсе, оны орында. Алла қаласа мені сабырлылардан табасың»-деді.** «Сөйтіп екеуі де ұнап, әкесі оны мауыздамаққа жатқызады». «Біз оған: «Әй, Ібраһим!»-деп дауыстадық», «рас түсінді шынға шығардың. Күдіксіз ізгі іс істегендерді осылайша сынаймыз» (деді)». **«Шын мәнінде, бұл бір ашық сынау еді. «Оны ірі бір Құрбандыққа ауыстырдық»**,-дейді. Адам мен Һауа да Смағұл сияқты сәл сабыр еткенде, уақытымен сол ағашқа тиюге не үшін тыйым салынғанын да білер еді әрі Ібраһим мен ұлы сияқты үлкен сыйлыққа қол жеткерер ме еді?

Бірақ, олар шайтанға алданып, сол ағашта не барын білгенше асықты.

Алла «Ібраһим» сүресінде (34-а) адамзаттың ынсапсыздығын, «Кеһф» сүресінде (54-а) жанжалшыл екенін және асығыстыққа жаралғанын айтқан. Неге асығыстыққа? Себебі, шайтан о бастан адам баласына дұшпандық ету сертімен жерге түскен. Сондықтан, ол «Ағраф» сүресінде (16-17-а) ант ішкеніндей, Алланың Тура Жолына отырып алып, пендені сабырлылықтан қайтарып, асықтырады. Алла мен пенденің арасын бұзуға міндетті ол, Алланың сабыр етуші Құлдарын жақсы көретіні және солармен бірге болатынын жақсы біледі және сол бірлікті қызғанады. Екі ортаға жік салуды көздейді.

«Таһа» сүресінің 83-86-аяттарында, Мұсаның (ғ.с.) дәуіріндегі асығыстықтың нәтижесін баяндайды. Аяттарда: «**Әй, Мұса! Сені қауымыңнан не асықтырды?**» «(Мұса:) «Олар артымда, Раббым. Разы болуың үшін Саған асықтым»-деді. «**Рас Біз сенен кейін еліңді сынадық. ...оларды Сәмири Жолдан шығарды**»-деді». «Сонда Мұса ашуланып, кейіген түрде еліне қайтты да: «**Әй, елім! Раббыларың сендерге жақсы уәде қылмап па еді?! Сендерге уәде ұзақ келді ме? Немесе өздеріңе Раббыларыңның қаһары келуін қалап, уәдемнен айныдыңдар ма?**»-деді», -деген. Біз жаңа Адам мен Һауа анамыздың сабыр ете алмай, шайтанға алданғаннан Жәннаттан шыққанын айттық. Мұсаның елі де солай боп тұр; Мұса Алланың шақыруымен тез асығып, Тұр тауына кетті. Ол кеткеннен елі айныды. Демек, Мұса Алла шақырғанмен асықпауы керек екен.

Ал, бүгінгі пенде Мұса емес, олай болса, бұлар да әрқандай жағдайда да асықпай, ақырын және анық басып тіршілік етуі – жақсылыққа жетуінің кепілі.

Бірде біздің алдымызда такси бара жатты. Бағытымыздағы бағдаршам жасыл түсте. Такси жүргізушісі тез өтіп кеткісі келіп, газын басып жүрісін әуелгісінен де жылдамдатты. Сонда да ол өтіп үлгермеді. Онысын білгенмен тоқтап та үлгермеді. Бағдаршамнан өткен жерде, алыстан құйғытып келе жатқан мәшінмен соғысты.

Асықты! Кім не ұтты?

«Сәбә» сүресінде Сәбә елі жәйлі айтады. Бақшасы бар елді айтып, оларға өсиет еткенде, олар бастартты. Олар нашүкірлігі үшін жазаланды. Ал, 18-19-аяттарда: «Оларменен сондай, Біз береке берген кенттер арасында, көрініп тұрған ауылдар бар. Онда кезілетін (серуендейтін) жер белгіледік. «Ол жерде күндіз-түні аман-есен кезіңдер» (дедік)». «Сонда олар: «**Раббымыз! Сапарларымыздың арасын ұзақтастыр!**»-деп, өздеріне кесірлері тиді. ...оларды аңызға айналдырып, быт-шыт қылып мүлде тозғындыққа ұшыраттық. **Сөз жоқ, мұнда әр сабыр етуші, шүкір етушілерге үлгі бар**», -деген.

Өмір Шындығынан тағы бір дерек айтсақ, сөзді халықтың: «**Асыққан қыз байға жалшымас**», -деген мақалынан бастаймыз. Мақалдың көздегені асыққан қыз және қыз ғана емес, ол – сабырсыз, қанағаты мен шүкіршілігі жоқ асыққан әркім.

Шигүлхан алыс облыстан келген, өзіне битаныс, Саббаз деген жігітті көргеннен-ақ, ғашық болған. Мұнысымен де тұрмай, оның сөзін күтпей, өзі қолқа салған. Сонымен «Іздегені алдынан шыққан» Саббаз үйлене салады. Қалада пәтер жалдап тұрады.

Арадан бір ай өтпей-ақ, үйлеріне сот орындаушысы мен бір полиция келіп, Саббазды алып кетеді. Сөйтсе, ол ауылында екі рет, екі қызға үйленіп, біріншісін екі баласымен, екіншісін бір баласымен тастап қашып жүрген алаяқ болып шықты...

Ұнатқанының кім екенін, қайдан жүрген адам екенін зерттемей, соған тұрмысқа шыққанша асыққан Шигүлхан өкінгенде, етегі көз жасына толып, күйіп қалды.

Міне, сабырсыздар мен шүкірсіздер осындай жазаларға ұшырайды.

### **«Андыған жау алмай қоймас»**

Әкесі баласына:

– Балам, өмір қарама қайшылықтардан тұрады. Дұшпаным жоқ, деме, шайтан барда дұшпан болады. Себебі, ол пендені азғырады. Алданған пенделер бірін-бірі күндемей, бірінің тіршілігі бірі қызғанбай тұра алмайды.

– Барлық адам солай ма? Сіз – өзіңіз ше?

– Барлық адам емес. Шынайы Тақуаларға оның күші келмейді. Мұны оу баста Алламен шарттасқан кезде өзі де мойындаған. Мұны «Хыжыр» сүресінің 40-аятынан оқи аламыз. Мен қызғанбаймын. Мен әр қашан «Ағраф» сүресінің 200-201-ші және «Фуссилат» сүресінің 36-аятына сауатты амалдар жасаймын, яғни, шайтан түртіп, жүрегімде қызғаныш қылаң бергеннен, Алланы есіме аламын.

Ал, бұл Аяттарды елемейтіндерді шайтан жақсы біледі. Деген оған сол қызғанышын жақсы көрсетіп, қызғаныш шоғын үрлеп, лапылдаған жалынға айналдырып, оны Алланың Тура Жолынан адастырып, соңында бәлеге ұшыратады.

Сондай-ақ, сен де Алла берген несібе-мерейінді қызғанушылардың ортасындасың. Сондықтан сақ бол. «Андыған жау алмай қоймас», деген. Лағнеттелген шайтан әлсіз біреулерді азғырып, саған қарсы айдап салмасына кепілің жоқ. Тіпті, ол сені де аңдып отырады. Жүрегіңнен бос орын табыла қалса, барып жайғасады да Иманыңның аяғынан шалады.

– Сонда ол Алладан да күшті болғаны ма?!

– Жоқ! «Зұхрұф» сүресінің 36-аятында айтқандай, кім Алла-ны есіне алып, Оның Тура Жолында жүрмесе, Алла ол пендені қоқысқа лақтырған керексіз зат сияқты, шайтанға тастайды. Сол кезде ғана шайтан оның басын айналдырады.

Алла «Сәбә» сүресінің 21-аятында: **«Негізінде ібілістің оларға ешбір ықпалы жоқ еді. Бірақ, Ақыретке сенген кісі мен одан күдікте болғанды ажырату үшін ғана (оған кеңшілік бергенбіз «Ағраф» с. 15-а). Раббың әр нәрсені қорғаушы»**,- дейді.

Өзің өзіңді түзетіп Алланың Тура Жолында болсаң, Алла қорғайды.

– Алланы да, оны да көрмейміз. Бірақ, оның келе жатқанын қалай біліп, қалай сақтанамыз?

– Иә, Исламдағы ең нәзік жер осы. Адам оны көзімен көрмейді. Көрсеніп сақтанар еді. Соны жақсы білетін Алла Тағала «Ағраф» сүресінің 27-аятында: **«Әй, адам баласы! Ата-аналарыңның ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп, Жәннаттан шығарған шайтан, сендерге де сұмдық жасамасын. Өйткені, ол және оның сыбайластары, сендерді, сендер оларды көрмейтін жерден көреді, оны Иман келтірмейтіндерге дос қылдық»**,-деп ескерткен.

Аяттың мына Сөзіне мән бер: **«...ол және оның сыбайластары, сендерді, сендер оларды көрмейтін жерден көреді...»**,- дейді. Міне, осы көрінбейтіні бізге қиын.

Бірақ, ол жаңағы 21-аятта айтқандай, Алла кеңшілік етпей дәрменсіз. Мына 27-аятта: **«...оны Иман келтірмейтіндерге дос қылдық»**,-деп отыр ғой. Имандыларға ол ештеңе қыла алмайды,- деп кеңес береді. Сонда халық, «Аңдыған жау алмай қоймас», деп шайтанды айтып отыр. Бұл мақал басқа жаудан гөрі, осы көрінбейтін, қас қақпай жаза басқаныңды аңдып отыратын шайтан деген жаудан сақтану үшін айтылған.

Ант ұрған ол өміріміздің барлық тіршілігінде араласып жүреді. Бір ұры малшының үйіне келіп, тың тыңдап, олардың алаңсыз ұйқыда екеніне көз жеткеріп, қораға беттепті. Бірақ, отағасы қораның үстінде, бірнеше уақыттардан бері, осы ұрыны аңдып, түнін сонда өткеретінін білмейтін.

Қораға кіріп, қойларды аралап жүріп, бір семізін, көтеріп иығына салады. Сол кезде отағасы да қорадан түсіп, айналып, алдынан шығады. Ұры сасқанынан:



– Сіз қайдан жүрсіз?-депті.

– Сен көрмейтін жерден келдім,-депті...

Аяттағы: «...сендерді, сендер оларды көрмейтін жерден көреді...», -дегеніндей, отағасы да ұрыны, ұры көрмейтін жерден аңдып отырған. Ант ұрған шайтан да солай. Пендеге көрінбейді. Бірақ, қапысын тауып, жүрегі бос пендені масқара қылады.

Бір досым:

– Көрші ауданда жасайтын Кенжебай деген кісіні танитынымын. Құдамның құдасы болатын.

1978 жылы мен жұмыс бабымен шөлге көшіп кеткенмін. Бір күні сол кісі мотоциклмен, мен тұратын ауылға – елден сұрастырып, әдрісімді біліп, тіп-тіке менің үйіме келді. «Қош келдіңіз!»-деп қарсы алдым. Жөн сұрадым, Ұзынкұдыққа кетіп бара жатыр екен. Жол алыс болғасын, бүгін біздің үйде түнеп, ертең жолын жалғастырмақшы екен. Үйімнің де, көңілімнің де төрінен орын беріп күттім.

Кешке Оспан, Сәдірбай есімді екі көршімді шақырып, таныстырдым, бірге тамақтандық. Кейін алты қарта ойнадық. Қонағыммен жақ болғанмын. Бірақ, ұтылып қала бердік. Байқасам, қонағым шайтанмен қалыпты.

Абай бабамыздың: «Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,

Қатыныңда болмасын екі көзі», -дегеніндей, ол, қолындағы қартасына емес, менің әйеліме қарап, сұқтанып отыр екен. Иман-ұятын шайтанға ұрлатқан қонағым, тіпті, өзінің кімнің үйінде отырғанын да ұмытыпты.

Сосын оған:

– Кенжеке, я қарта ойнайық, я қатын тамашалайық!-дедім...,- деп, өмірде сый-құрметті түсіне алмайтын қонақ та кездесетінін әңгімелеген еді.

Пендені аңдып, оңтайына келгенін адастырғаннан басқа тірлігі жоқ шайтан, имансыз қонақты өстіп масқара қылыпты.

### **«Ашуды жеңу – ақылдың ісі, ашуға еру – ғапылдың ісі»**

«Ашу – шайтанның жаны», деген де мақал бар. Пенде ашуланса, Алланы ұмытады, сол кезде шайтанның жаны кіріп қуана

береді. «Әли Ғымран» сүресінің 133-аятында: «Раббыларыңның жарылқауына және Тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі жер мен көктей Жәннатқа асығындар», -деп, 134-аятында: «**Олар** (бұл Жәннатқа жететіндер) **кеңшілікте, таршылықта Алла Жолында мал сарып қылғандар. Сондай-ақ, олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер. Алла жақсылық істеушілерді сүйеді**», -деген. Себебі, ашуын жеңіп, адамдарды кешірушілер – Алланың да, адамзаттың да қас дұшпаны шайтанды жеңген Тақуалар.

Халқымыз: «Битке өкпеліп, тоныңды отқа салма», -дейді. Бұл да осы мақалдың бір түрі.

Мұндағы тон – Иман, бит – шайтан, ашу. Адамзат Алланың барлық жаратылыстан артық жаратқан құбылысы. Және ол – Алланың жердегі Халифасы; оған Періштелер сәжде қылады. Сондықтан ол үшін шайтан деген биттей-ақ нәрсе.

Шура сүренің 35-43-аяттарында: «Аяттарымыз турасында тартысқандар, өздеріне бір қашатын жер жоғын білсін». «...сендерге берілген нәрсе, дүние тіршілігінің ғана пайдасы. Алланың қасындағы нәрселер Иман келтіріп, Раббыларына тәуекел етушілер үшін қайырлы да тұрақты». (Оған:) «**зор күнәлардан, арсыздықтардан сақтанған, сондай-ақ, ашу кернеген кезде (өздерін тоқтатып) кешірім еткендер;**» «...және Аллаға мақұл дегендер, намазды толық орындағандар, сондай-ақ, өзара істерін кеңесіп жүргізгендер және өздеріне берген несібемізден тиісті орындарға жұмсағандар;» «және де егер оларға зұлымдық жетсе, есе қайтаратындар». «Бір жамандықтың жазасы – өзіндей ғана жамандық. **Ал, кім кешірім етіп, жарасса, оның сыйлығы Аллаға тән.** Күдіксіз Ол залымдарды (жараспайтындарды) жақсы көрмейді». «Әлбетте, біреу зұлымдық көргеннен кейін өшін алса, оларға сын жоқ». «Шын сөгіс адамдарға зұлымдық қылып, жер жүзінде орынсыз шектен шыққандарға лайық. Солар үшін жан түршігерлік азап бар». «**Әрине, кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің ең маңыздысы осы**», -деген. Барлық Аяттар ашық түсінікті. Бізге тиесілісі осы Аяттарда ескерткен амалдарды орындау ғана.

Сонда біз ашуды жеңіп, шайтанды мұқалтып, Алланың сыйлықтарына жетеміз.

*«Ғасыр» сүресінің 3-аятын, мына:*  
**«Ақымақ ашу айтқанда, ақылды басу айтады»,–**  
*деген мақал түсіндіріп тұр*

Басу айтатын ақылдылар «Әли Ғымран» сүресінің 110-аятында таныстырылған, игілікті әмір етіп, Имандылыққа қарсылықтан тыятын, қайырлы бір үмбеттер, әрине. Олар кешірімділікті, бірлікті насихаттайды. Отбасындағы, ауылдағы, елдегі, қала берді дүниедегі бейбітшілікті ұстап тұрғандар да осылар.

Мақал ауызбіршілікке шақырған – «Таспен ұрғанды аспен ұр», деген мақалмен мағыналас. Құранның «Хұжрат» сүресінің 10-аятында Мұсылмандардың бір-біріне бауыр екенін ескертіп, араздасқан екі Мұсылманның арасын жарастыруды тапсырса, Ғасыр» сүресінің 3-аятында: **«Заманаға серт. Негізінен адам баласы зиянда. Иман келтіріп, ізгі іс істегендер, бір-біріне Шындықты үгіттесіп, сабырға шақырғандар зиян көрмейді»,**- деген. Ондай адам әр қашанда Алланың қамқорлығында болады. Әрине, халық та татулықты насихаттаушы, Ақиқатты ғана айтатын, Әділ төрелік беретін, біреудің жаманын жасырып, жақсысын жариялайтын Жақсыны жақсы көреді, сыйлайды.

Құранның «Бақара» сүресінің 178-аятында кек алысу туралы айтып, лажы болғанша кешіріммен бітімшілікке келуге кеңес береді. «Мүминұн» сүресінің 96-аятында: **«Жамандықты жақсылықпен кетір...»**, -дейді. Жалғыз Аллаға сеніп берілген пенде осы Аяттарға амал жасап, елді игілікке шақырып, адамгершіліктің әдемі үлгісін көрсетіп өмір сүреді. Өзгелердің күнәдан сақтануына, жәннаттық болуына себін тигізеді.

Алла «Фуссилат» сүресінің 34-35-аяттарында: **«Жақсылықпен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем түрде Жолға сал. Сол уақытта сенімен екеуіңнің аранда дұшпандығы болған біреу, өте жақын достай боп кетеді». «Бұл қасиет сабыр еткендерге ғана нәсіп болады. Сондай-ақ, бұл сипатқа зор несібелелер ғана ие бола алады»,**-дейді.

Пенденің бұл жалғаншыдағы күресінің ең үлкені – осы зор несібелілік үшін. Барлығы мол несібенің қызығында бақытты ғұмыр кешкісі келеді. Бірақ, оған қалай жетерін білмей, түрлі күнәлар жасайды. Егер Құранға құлақ салса, зор несібелілікке терең сабыр мен мінсіз, міндетсіз құлшылық қана жеткереді.

Хадисте күмәнсіз Аллаға шүбәсіз сенген бір Мұсылманның сабырын айтады. Оны көршісі ғаиридін екен. Ол әжетханасы мен мал қорасынан шығатын шығындыларын осы Мұсылманның ауласы жағына ағызады. Ал, Мұсылман «Біз Алладан келдік және Аллаға қайтушымыз. Бұл Алладан. Мені сынау үшін осы ғаиридінмен көрші қылды. Бұған шүкір...», -деп, әлгі шығындыларды тазалап қояды. Көршісі кездесе қалса, оның қарауын, басқасын елемей, сәлемін үзбейді.

Арадан жылдар өте бере Алла ғаиридіннің жүрегін оятып, ол өзінен өзі: «Мына Мұсылман көршіме сонша жамандық жасасам да ол ренжімейді. Керісінше, маған қызмет қылғанына қуанатын сияқты...», -деп райынан қайтып, шығындыларын өз ауласында топтап, өзі тазалап, Мұсылман көршісінің сәлеміне құрметпен жауап беріп, екеуі тату болып кетіпті.

Бұл – оның осы жалғаншыдағы сыйы. Ал, Аятын құрмет еткені үшін Алладан алатын сыйы әлі алдында. Ол бұдан да үлкен.

Міне, Аллаға сеніп, Құранмен жүрген, «Фуссилат» сүресінің осы Аяттарымен тіршілік еткен сабырлы пенденің жететін биігі осындай.

Алла Аяттарға жүректен амал жасаған Құлдарын жақсы көреді. Кімде кім «Фурқан» сүресінің 63-аятында ескерткендей, жылы сөзді, сыпайы, жұмсақ мінезді, сабырлы болса, Алла «Зүмәр» сүресінің 46-аятында ескертілгендей Өзі төрелік етіп, шайтанға еріп қарсы болған біреуді одан арашалап, жүрегін жібітеді. Содан жүректерде түсіністік пен бітімшілік күшке мініп, екі ортада ынтымақ пен достық салтанат құрады.

Кешірім мен сабыр – Алла берген үлкен нығмет. Елімізден бір қызды сүйген жігіті алып кетіпті. Қыздың немере туысатын ағасы Ерен бұған кектеніпті. Хабаршылар келгенде «Елшіге өлім жоқ», -деген, қағиданы білмейтін ол, хабаршыларға қатал қабағымен қарап, суық сөз сөйлеп, ренжітіпті. Әрине, олар мұның ата Жолды білмейтінін біліп, ақ ниетті жастар үшін сабыр етіпті. Араға әкесіз қыздың анасы араласып, қайын інісінің сөздері үшін кешірім сұрап, жиырылып отырған хабаршылар жаздырылып, ортақ тіл табысыпты.

Арадан уақыт өтіп, тойдың хабары келгенде, қыздың төркіні Әділәзім атты Ақсақалдарын ертіп, артынып-таргынып барады. Арасында әлгі Ерен де бар.

Пойыздан күтіп алған құдалар бұларды үлкен үйге бастап келеді. Қызмет етіп жүрген Құрыш, Еренді көріп, іштей ызыланады. Шай әкеп, тамақ тасып жүріп, бұл да дөрекіге арнап, көңілге тіке тиетін бір-екі ауыз сөздер айтады.

Хабаршылар келгенде Әділәзім Ақсақал ауылда болмаған. Сондықтан ол мына мәмлеге таң қалады. «Хұжрат» сүресінің бірінді кемсітпендер, келемеждемендер, 11-аяты және сабыр ету жөніндегі Аяттар ескерілмей жатқанына іштей түңіліп отырады.

Ерен де және құдалар құрамында келген тағы біреулер бұл сөздерге шыдамай: «Бұл не деп отырғаныңыз?!...»-деп дауыс көтереді. Ерен де қызбаланып бірденелер айтты. Сол кезде Құрыш хабаршылардың Еренге ренжіп қайтқанын сөз қылады. Әділәзім енді түсінді. Бірақ, серіктері Құрыштың сөзін мойындамай, орындарынан тұрып, әйелдер қол сөмкесін алып, ерлер тақияларын киіп, кетпекші болып, Әділәзім Ақсақалға: «Аға, кетеміз! Тұрыңыз!...», -деп, жол бастауын айтады.

Ол: «Бұл той сендердікі емес. Шаңырақ көтеріп отырған екі жастікі»-деп, екі тарапқа да сес көрсеткендей, салмақты үнмен сөз бастады.

«Жігіттің туыстары – тойдың қызметшісі ғана, ал, сендер шақырылған тойшы қонақсындар. Өз қызықтарың болмағасын әңгімелеріңнің ажары болмай отыр. Алланың нығыметі мен пенденің бақытының алдында көк тиынға арзымайтын бір-екі ауыз сөз үшін, жастардың шырқын бұзбаңдар. Олар сендерге нала болады, обалына қаласындар.

Қазақта ежелден: «Қызы бардың, назы бар», -деп, қыз берген құда тараптың сөзіне төтеп берген, әр қандай қылығына кешіріммен қараған. Сендер ұлдарыңның қуанышына тілектес болсаңдар, сөзден қалыңдар. Сендер: «Қыз – палақпанның тасы», -деген, Алла несібесін қосып осы шаңырақпен құда болған екенсіздер, сол жазықсыз жанның құрметі үшін ашуларыңызды беріңіздер.

Халқымыз: «Бас жарылса, бөрік ішінде; қол сынса, жең ішінде», -деп, құда-анда мен ағайын-туыстың арасындағы мұндай араздықты кешіріп жіберген. Ортада адам өлген жоқ. Құранда адам өлсе де кешіргендерге жақсылық бары айтылған. Көңілге тиген қате сөздерді ұмытып, ештеңе болмағандай, Алланың осы сыйына шүкірлер айтып, той тойлайық!»-деді де даусын көтеріп:

«Қане, дастарханға қараңдар! Биссимилла...»,-деп, өзі қолына нан алды.

Аллаға шүкір той да жақсы өтті, жастар да тату тәтті, перзенттер сүйіп, үлкен жанұяға айналып келеді.

Құран білгенді Құдай қорғайды, білімсіз қаралай сорлайды,-деп, мақалдатып отыратын Әділәзім Ақсақал, бұл жерде Құранның «Хұжрат» сүресінің 10-аятына және «Әли Ғымран» сүресінің 159-аятына сауатты амал жасады. Айналасына мүләйімдікпен мейірім танытты. «Бақара» сүресінің 42-аятына амал қылып, Әділдік пен аразды шатастырмады, «Ахзап» сүресінің: **«Әй, Момындар! Алладан қорқыңдар да дұрыс сөз сөйлендер»**,-деген 70-аятын құрметтеп, дұрыс сөз сөйледі. Алла Рахымымен басу сөз айтып, ашудың бетін қайтарды. Той тойға ұласып, екі құда талай тойды бірге тойлап келеді.

Алла елімізді ашу аразда басу айтар Ақылман, Тақуа Ақсақалдарымыздан айырмасын!

### **«Алдыңа келсе, әкеңнің құнын кеш»**

Бірлікке, татулыққа – елдікке шақырған бұл мақал, жаңағы «Ашуды жеңу – Ақылдың ісі, ашуға еру – ғапылдың ісі», деген мақалмен мағыналас. Рахман-Рахым Алла Тағаланың Әл-Ғаффару, Әл-Ғафуру, Әл-Ғафу есімдері – кешірімді екенін ескертеді. Барлық тағдыр Алладан. Алла – Кешіруші, тағдырдың Иесі екенін мойындаған Мұсылман жағдайға қарап мүмкіндігінше кешірімді болуы тиіс. Сонда ол сабырлыларды сүйетін Алламен бірге болады («Бақара» с. 153-а).

«Алдыңа келсе, әкеңнің құнын кештің» мағынасы, «Егер айыпты кешірім сұрап алдыңа келсе, оның әр қандай күнәсін кеш, тіпті, кешіруге болмайтын, әкеңді өлтірсе де кеш»,-дегенге саяды. Және де бір ауылдың не рудың, кейде тіпті, бір-біріне жақсы таныс бір ауданның адамдарының арасындағы дау-жанжылда: «Бас жарылса, бөрік ішінде; қол сынса, жең ішінде»,-деген. Дау да, жау да өз-өзіміз ғой...»,-деп кешірімнің, ортақ келісімге келудің жолына көшкен.

«Бақара» сүресінің 178-аятында: «Әй, Момындар! Сендерге қысас (есе қайтару) парыз етілді: азатқа азат, құлға құл, әйелге әйел (өлтіріледі). **Дегенмен, оған** (айыптыға, марқұмның

туысы) туыс жағынан кешірілсе, оның тәртібі – айыпты жақтың оған дұрыс төлеуі. Міне осы Раббы жағынан жеңілдік әрі мәрхамет. Ал, кімде кім бұдан кейін шектен шықса, ол үшін Ақыретте күйзелтуші азап бар», - деген. Кешірім жасау, ортақ тіл табысу жолына түсу – Аллаға ұнайтын амалдар.

«Ниса» сүресінің 92-93-аяттарында Момындарға тиесілі тәртіпті ескертіп, мұнда да: «**...Бірақ, олар кешірім етсе, ол басқа...**», - дейді. Ал, 149-аятында: «Егер бір жақсылықты ашықтасаңдар немесе оны жасырсаңдар не бір жамандықты кешсеңдер, **сонда күдіксіз Алла – аса кешірімді, тым Күшті**», - деп Өзінің кешірімділермен бірге екенін аңдатады.

Құнға байланысты тәртіптерді «Мәида» сүресінің 44-45-аяттарында, «Нахыл» сүресінің 126-128-аяттарында да және бірнеше сүреде кешірім ескертіледі. Солардан бірі – «Шура» сүресінің мына үш Аятын атап өтейік. Бұларда Алланың сыйына жететіндер айтылады. Олар кімдер? Олар: «**Сондай зор күнәлардан, арсыздықтардан сақтанған, сондай-ақ, ашу кернеген кезде өздерін (сабырға шақырып) кешірім еткендер;**» (37-а), «**Бір жамандықтың жазасы өзіндей ғана. Кім кешірім етіп жарасса, онда оның сыйлығы Аллаға тән. Күдіксіз Алла залымдарды жақсы көрмейді;**» (40-а), «**Әрине, кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің ең маңыздысы – осы!**» (43-а), - деген. Енді осы кешірімдер мен сабырдың басын қосып, бір тұжырым жасар болсақ: кешірмей кектенген адам Алладан, Құраннан өзін жоғары ұстаған болып, шайтанның азғыруымен жүріп өзі бәлеге ұшырайды, болмаса айықпас дертке жолдас болады. Азапта қалады. 40-аяттың: «**Күдіксіз Алла залымдарды жақсы көрмейді**», - деп ескерткені осы бәле мен ауру.

Ал, кешіріп, сабыр етсе, бәледен де аман болады, ауру да жоламайды. 40-аятта: «**...Кім кешірім етіп жарасса, онда оның сыйлығы Аллаға тән...**», - дегені осы сыйлықтар.

### **«Іілген басты қылыш кеспейді»**

Бұл мақал бізге «Бақара» сүресінің 34-ші, «Ағраф» сүресінің 11-12-аяттарын оқытады. 34-аятта: «**Солуақытта Періштелерге: «Адамға сәжде қылындар», - дедік. Олар дереу сәжде қылды. Бірақ, ібіліс бастартып, дандайсып, қарсы келушілерден**



**болды»,-десе, кейінгі екі Аятта: «Расында сендерді жаратып, сонан кейін бейнеледік. Сосын Періштелерге: «Адамға сәжде қылындар»,-дедік. Барлығы сәжде етті. Бірақ, ібіліс сәжде етпеді де сәжде етушілерден де болмады». (Алла оған:) «Мен саған әмір еткенде, сені сәжде етуден не тыйды?»-деді. Ол: «Одан мен артықпын. Оны балшықтан жараттың, мен оттан жараттың»,-деді»,-дейді. Аяттардан біз мойындау мен тән алмаудың, менсінбеудің мағынасын көріп отырмыз. Ал, мақалда айтылған қылыш мойындаған басты кеспейді.**

Алла Тағала «Бақара» сүресінің 247-аятында Патшалықты қалаған Құлына беретінін айтқан. Ал, пенденің Патшаны мойындамауы – Адамға сәжде етпеген шайтан сияқты болғаны, яғни, шайтанға ергені. Сәжде етпегені үшін шайтанды Өз жанынан қуған Алла, оған еріп Патшаны менсінбегендерді де уақытымен жазалайды («Бақара» с. 126; «Әли Ғымыран» с. 4-а). Осы сияқты Патшалар да Патшалықтың тәртібіне көнбегендердің басын алған. Ал, заңға бағынып, иілгендерге сый-құрмет көрсетілген.

Жүрегінде Иман Нұры бар Мұсылман Патшаны және барлық лауазымдылар мен өзінен дәрежесі жоғарыларды сыйлап, иіледі, әмірін екі айтқызбайды. Бұл бізде араб және өзбек, тәжік халықтарында қатаң сақталған.

«Мәида» сүресінің 48-аятында барлық адамды бір қауым қылмай, сынау үшін әрқайсысына бөлек-бөлек жол-жоба қоғанын ескерткен. Осы иілуді Алла өздеріне бекіткен Жолдан таймай келе жатқан корейс, жапон, қытай халықтарынан да көреміз...

Мақал жаңағы айтқан мақалмен жатырлас болғанмен қолданылатын орны бөлек.

Қылыш – жауынгердің өткір құралы. Ол басты кеседі. Бірақ, иілген бас – пендешілікпен жіберген не байқаусызда жол қойған кемшілігі үшін кешірім сұрап, аяққа жығылған бас. Мұсылман баласы қылмыстың жөніне қарай, тағдыр Алладан екенін ескеріп, әрбір күнәкарды кешіреді.

Бізге міндеті үлкен Алла да («Хұжрат» с. 17-а) Құлдарының көп күнәларына кеңшілік жасап, жаза бұйырмайды. Құранда Алла пенделерді күнәлары себепті жазалай берсе, жер бетінде адам қалмайтынын ескерткен. Қолданар шарасы мен Құдыреті шексіз Алла кешірім жасағанда, қолынан өлтіру мен қинау ғана келетін адамның кешірмегені неге тұрады?

Тәубеге келген Құлдарының күнәларын кешіретінін ескерткен Алла «Нахыл» сүресінің 106-аятында: **«Жүрегі Иманмен орныққаннан кейін зорлық көрген біреуден басқа біреу; Иман келтіргеннен кейін Аллаға қарсы келсе, көңілін имансыздыққа берсе, оған Алланың ашуы және оларға зор азап бар»**,-деген. Аяттағы: **«Жүрегі Иманмен орныққаннан кейін зорлық көрген...»** біреу – зорлық көргенде тілімен қарсы келіп, бірақ, жүрегі жалғыз Аллада болғандықтан, ол күнәкар есептелмейді. Алланы жоққа шығару, серік қосу – Алла кешірмейтін үлкен күнә. Бірақ, Аллаға, Имандылыққа қарсы азап көргенде тіл ұшында, алдау мақсатымен бастарту мүмкін.

1936-шы және 1952 жылдары дінге қарсы күрес жүрген. Сонда молдалар қуғынға ұшыраған. Солар сақтану үшін намазын түнде жасырып оқыған. Адамдар былапыт сөйлеп, арақ ішсе, бұлар да қосылған. Өйтпесе, Алланың Жолын ұстанған деп, айыптаған.

Алла «Жүніс» сүресінің 44-аятында Өзінің ешкімге зұлымдық етпейтінін ескертсе, «Тәубе» сүресінің 7-аятында сақтанған Құлын жақсы көретінін жариялаған. Демек, зорлық көргенде Алладан бастарту да – Тақуалық және Алла кешіретін амал.

Атақты жырау Алмас Алматовтың уатсаптағы естелігінде, 1936 жылғы қуғында молдаларды қамапты. Бір күні оларды қатар тұрғызып, бір шеттеп «Алла бар ма?»-деп сұрап, кім: «Бар!»-десе, сұраусыз атып тастай беріпті.

Сонда бір жас, өзіне кезек келгенше, ішінен: «Алладан басқа табынатын Тәңір жоқ»,- деп қайталап тұра берген. Өзіне рет таялғанда: «Алладан басқа табынатын Тәңір...»,-деп тұрған да «Алла бар ма?»-деген сұрақ берілгенде: «жоқ»,-деп жауап беріп, тажалдың қолынан құтылған.

Демек, сақтану да – иілу. Бұл басты қылыш кеспейді.

### **«Сұлуды асыл көрме, жүрегі жабық болар, соқырды кәріп деме жүрегі ашық болар»**

«Хаж» сүресінде Пайғамбарларды мойындамағандарды жазалағанын айта келіп, 45-46-аяттарында: «Қаншалаған залым болған кенттерді тып-типыл қылдық. Міне, ол үсті-астына түсіп жатыр. Және иен қалған құдық, ойран болған сарай».

«Олар жер жүзін кезіп жүрмеді ме? Сонда олардың түсінер жүректері және естір құлақтары болса еді. Негізінен көздері соқыр емес, бірақ, көкіректеріндегі жүректері соқыр», - деген. Иә, саяхат деп, басқа деп, әлемді шарлап жүргендер көп, бірақ, солардың арасынан өте аз пайызы болмаса, көпшілігі тек әйтеуір дем алу, қызықтау үшін барады; ал және бір тобы мақтан үшін. Олар сол жүрген жерлеріндегі өздерін таң қалдырған «кереметтер» Алланың құдыретімен, жүректерге салуымен жер бетінде тұрғанын пікірлемейді – тәубеге келмейді.

Мақал осы Аяттарды түсіндіріп тұр.

Халифа Алтай қазақшалаған Құранның «Ғабаса» сүресіне кірісер жерде: «Бір рет Мұхаммед с.ғ.с. Құрайыштың бастықтарын жинап, дінге шақырып отырғанда, соқыр Ғабдолла Мәктүмұлының келгеніне қабақ шытқан екен. Б.Ж.М.К», - деген дәлел жазылған.

Осы сүренің 1-12-аяттарын оқысақ та тақырып болған мақалдың мағынасын көреміз. Аяттарда: «Қабақ шытып бет бұрды», «Оған соқырдың келуімен». «Қайдан білесің, мүмкін ол тазарар?!» «Не үгіт алар, оған үгіт пайда берер». «Ал енді байсынған келсе», «оған көңіл бөлесің». «Ол тазармаса, саған не?» «Ал енді саған жүгіріп келген біреу», «ол (Алладан) қорқады». «Сонда да оған селқос қарайсың». «Жоқ, олай емес. Әлбетте, Құран бір насихат». «Сондықтан кім қаласа, үгіт алады», - деген. Демек, біз үгіт айтып отырған жерге кім келсе де оған құрметпен қарап, үгітімізді әуелгісінен де жақсы жалғастыра беруіміз ләзім. Соқырды – соқыр демеуіміз керек. Ол есіту арқылы әлемді, Алланың кереметтерін жүрегімен көріп, нәпсісін тазалап, Рухын күшейтеді.

Осы тақырыбымыздың жалғасындай болып, өзі сұранып тұрған мақал – «Жақсыда кек болмайды, жаманда бет болмайды», - деген мақал.

### **«Жақсы да кек болмайды, жаманда бет болмайды»**

Бұл – «Фуссилат» сүресінің: «Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем түрде Жолға сал. Сол уақытта сенімен екеуің араңда болған дұшпандық жойылып, ол өте жақын достай болып кетеді», - деген 34-аятының түсіндірмесі.

«Ғабаса» сүресіндегі ескерту сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) үлкен сабақ болды. Ол (с.ғ.с.) және бірде көпшіліктің ортасында уағыз айтып отырғанда, Ғабдолла ибн Мактум тағы келеді. Мұны көре сала Мұхаммед (с.ғ.с.) орнынан ұшып тұрып, шапанын шешіп төсеп: **«Кел! Маған Алладан ескерту бергізген Ғабдолла...»**,-деп, құрметпен қарсы алып, жаюлы шапанының үстіне отырғызыпты.

Мағынасы өте терең мақалдың, тағылымы да терең. Адамды Иманнан қайтаратын шайтандық амалдың бірі – кекшілдік. Мұхаммед (с.ғ.с.) кектенбеді. Бұл – Аллаға, Елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с.) Иман келтірген әрбір Мұсылманға сүндет.

Кектену пендені екі ауыр қасіретке алып барады. Біріншісі, кек алушы өте күшті болса, айыптыны мерткітіріп не өлтіріп, құн төлеуге; әлден кеткен шағында, соны істегеніне ішінен қатты күйінуге – өкінуге; ал, күші келмей ішінен кектеніп жүргенді қанқысымы, сукұмар ауруы, жүрек ауруы сияқты айықпас дерттерге шалдықтырады. Сондықтан сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Жолын ұстану абзал.

Алла Тағала бізге «Ғабаса» сүресінің 1-12-аяттарын осы оқиғамен оқытып және Аяттарды дұрыс қабылдау мен оған сауатты амал жасауды мына хадис арқылы үйретіп отыр. Біз әрбір Аятқа осыншалықты ыждағатты амал жасауымыз керек. Сонда ғана Бейішке лайықты шынайы Мұсылман боламыз, Иншалла.

**«Алтын жүзік қолда кезде, Сүлеймен де –  
Сүлеймен, алтын жүзік қолдан кетсе,  
Сүлеймен де сүмірейген»,**

-деген, бұл мақал, «Нәміл» сүресінің: **«Рас, Дәуіт пен Сүлейменге ғылым бердік те олар: «Барлық мақтау, Бізді Момын Құлдарының көбінен артық қылған Аллаға лайық!»-деді»** (15-а),-деген және «Әнғам» сүресінің: **«Ол сондай Алла, сендерді жердің Халифалары етті. Сендерге берген нәрселерде сынау үшін дәрежелерде бірінді-біріңнен жоғары көтерді. Күдіксіз Раббың – жедел жаза Беруші және шынайы Жарылқаушы, ерекше Мейрімді»** (165-а),-деген, Аяттарының түсіндірмесі.

Аяттардың мағынасы мақалдың мағынасындай нақты – толған айдай түсінікті. Алла біреуге сынау үшін дәреже берсе, бұл – алтын жүзік; ал, ол «... адамдардың арасына билік қылсаңдар Әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді («Ниса» с. 58-59-а),-деген; «Кім Алланың түсіргенімен үкім етпесе, міне, солар қарсы болушылар» («Мәйда» с. 44-а),-деген Аяттарды ескермей, күнәларға жол қойса, Алла одан дәрежені алады, бұл – алтын жүзіктің қолдан кеткені.

Мақал осы Аяттардан тыс Алланың қалаған Құлының несібесін тарылтып, қалағанынікін арттырып беретіні жәйлі Аяттармен қатар «...Алла әкімшілікті қалаған Құлына береді...», -деген «Бақара» сүресінің 247-ші, «...Олардың дүние тіршілігіндегі несібесін араларына Біз үлестірдік. Сондай-ақ бір-біріне бағынсын деп, бірінен-бірін дәрежеде көтердік...», деген «Зұхрұф» сүресінің 32-аяттарын еске салып, Ақылы бар әрбір лауазымды мен Алла ризық-несібесін артық еткен дәулеттіге Тура Жол көрсетеді.

Құлдарының тағдырын мөлшерлеп жазған Алла, «Нахыл» сүресінің 90 және 92-аяттарында: «Негізінде Алла Әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан һәм зорекерліктен тыяды. Сендерге насихат береді. Әрине түсінерсіңдер», -дейді. Бұл – қолына алтын жүзік берген Құлына қойған талабы. Алтын жүзікке жеткен Құл – лауазымды пенде, Дәуіт пен Сүлеймен сияқты Аллаға мақтаулар айта жүріп, Алла үшін халыққа адал қызмет етуі ләзім. Сонда оның алтын жүзігі өзіне қайыр әкеледі.

Осы сүренің 91-аятында: «Бір топты басқа топтан үстем, деген сылтаумен араларыңдағы анттарыңды бұзып, жібін мықтап үйіргеннен кейін тарқатқан қатын сияқты болмандар. Шын мәнінде Алла сендерді осымен сынайдды. Сондай-ақ, дүниеде қайшылыққа түскен нәрселерінді, Қиямет күні сендерге ашықтайды», -дейді. «...сылтаумен арадағы анттарыңды бұзбаңдар...», -дейді. Әрине, мұнысы адамдарды бай, кедей, жоғары топ, төменгі топ, деп бөлме; бай деп бір топты басқалардан артық көріп, ел алдында берген антыңды бұзба, өйтсең мұныңның дұрыс-бұрыстығын басыңа Қиямет келген Күні білесің, дегені.

Кезінде молдалар мен билер байлардың сөзін сөйлеп, кедейлерге теңдік бермеді. Соларының кесірінен өздері де, байлар да 1929 жылдан үлкен қасіреттер шекті...

Алла Өзінің Аяттарына қарсы амал істегендерді жазасыз қалдырмайды. Әмірлерге, өсиеттерге ұқыптылықпен сауатты амал жасау керек.

\* \* \* \* \*

*Құрандағы Әділдікке байланысты Аяттарды  
оқытатын мақал –*

**«Тура биде туған жоқ, туғанды биде Иман жоқ»**, -деген мақал

Тамаша! Дәл айтылған Шындық. Сөздің құдыреті, деген құдырет осы ғой!

Бұл, екі сөйлем, әрқайсысы өз алдына толық мағынасын беріп тұр. Біріншісі, Аллаға адал берілген, Шындық пен жалғанды араластырмай, Құранмен (1) ғана үкім ететін, жүрегі таза, әділ даналарымызды меңзесе, екінші сөйлем, кейбір жүзшіл, рушыл, жікшіл, кекшіл (2) Иманы әлсіз, «Нанға намысын сатқан» (Бауыржан атамыз) билер мен беделділерге нәмәрттігі үшін берілген дәл баға.

Ұжданды, намысшыл бабаларымыз «Имансыз!»-деген сөзді жүректеріне ауыр алған. Бұл сөз олар үшін: ұятсыз, некесіз туған тексіз деген сөзден де тұрпайы кемшілік болып есептелген. Осы сөзден қорғанған тура билер, алдымен өз отбасын, туғандарын, көршілерін Имандылыққа бейімдеп, Имансыздықтан тыюдан жұмыс бастаған.

Куәлік және төрелік айтуда ешкімнің көңіліне қарамай, қара қылды қақ жару – Алладан шынымен қорыққандықтың, кәміл Имандылықтың, қоғамды бүлдіретін әділетсіздікке қаталдықтың дәлелі. «Мұхаммед (с.ғ.с.) жұбайы – хазіреті Зейнептің үйінен бал шәрбатын ішкенін қызғанған хазіреті Айша мен Хафса аналарымыз ақылдасып: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) аузыңнан сасық иіс шығып тұр», -дегендіктен, өзіне балды арам етіп ант ішеді». (Халифа Алтайдан). Бәрін Білуші Алла мұны дер кезінде-ақ, Расулаллаға: **«Әй, Пайғамбар! Жұбайларыңның ризалығын қалап, Алланың өзіне адал еткен нәрсесін неге**

**арам етесің?...»**-деп, хабарлайды («Тахрим» с.1-а). Бұдан алатын сабақ, Аяттарды әйелдің не басқа сыйластардың көңілі үшін бұрмалауға болмайтыны.

«Мүминұн» сүресінің 71-аятында: «Егер Шындық олардың көңілдері тартқан жаққа кетсе, әрине, көктер мен жер және онда болған әркім бұзылып кетер еді...»,-десе, «Нәжім» сүресінің 24-аятында: «Немесе адамзатқа көксегені бола бере ме?!»-дейді.

Төрелікте, куәлікте әділ болуды ескерткен Субханалла: **«Кім Алланың түсіргенімен үкім етпесе, міне, солар қарсы болушылар»** («Мәида» с. 44-а),-деген. Ал, «Ниса» сүресінің 58-59-аяттарында: «Негізінен Алла сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және **адамдардың арасына билік қылсандар Әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді.** Расында Алла сендерге нендей жақсы уағыз береді. Шәксіз Алла – толық Есітуші, тым Қырағы». «Әй, Момындар! Аллаға бойұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бойұсыныңдар. **Сонда егер бір нәрсеге талассандар, оны Аллаға, Пайғамбарға ұсыныңдар.** Егер сендер Аллаға, Ақырет күніне Иман келтірген болсандар, міне, осы қайырлы да нәтижеде жақсы»,-десе, 135-аятында: **«Әй, Момындар! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әке-шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да Алла үшін айғақ болыңдар; бай немесе кедей болса да. Өйткені Алла, екеуіне де тым жақын. Ендеше Әділдік істеуде нәпсіге ермендер. Егер тілдеріңді бұрып, Шындықты бұрмаласандар, шәксіз Алла – не істегендеріңді толық Білуші»**,-деп, ескерткен.

Бабаларымыз Алладан қорқып осы Аяттарға сауатты амал жасаған. Тіпті, олар шиеленісті оқиғалар үстінде «Әли Ғымран» сүресінің 60-61-аяттарын қолданған. Бұл Аяттарда: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Раббыңнан бір Ақиқат. Енді күдіктенушілерден болма». «Ал, Иса жайында кім таласса да оларға: **«Келіңдер! Балаларымызды, балаларыңды; әйелдерімізді, әйелдеріңді; өздерімізді, өздеріңді шақырып алайық. Сосын: «Алланың лағнет өтірікшілерге болсын!»-деп, қарғасайық»**-де»,-деген қарғасуға дейін барған. Сол себепті елде Әділдік салтанат құрып, ұлан-ғайыр жерді иеленіп, тым жақсы жасаған... «Балық басынан шіриді»,-демекші, ықпалды буын бас болып, жүзге бөлінген жерден бәлеге ұшыраған.



Ақыретін ойлаған (3) жақсылар жаңағы айтылған «Мәида» сүресінің 44-ші, «Ниса» сүресінің 58-59-аяттарына қарсы келмей, айласыз, адал амал жасаған. Олардың мұнысы, бір жағынан Алланың ризашылығынан үміттеніп, Иманын таза сақтауы десек, екінші тұстан: **«Негізінен Біз ап-ашық үкімдерді әрі Тура Жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандар, соларға Алла лағнет етеді әрі барлық лағнет етушілер лағнет етеді»** («Бақара» с. 159-а),-деген Аяттың үкімінен – Періштелер мен біртұтас адамдардың лағнет етуінен сақтанғаны.

Бұл – Әділдік үстінде, туғанынан Иманын артық көрген, Турашыл билердің ұстанған қасиетті Жолы.

-----  
1. «Бақара» сүресінің 42-аяты: **«Ақиқатты бұзықтыққа араластырмаңдар да, сондай-ақ, біле тұра Шындықты жасырмаңдар».**

2. «Мәида» сүресінің 8-аяты: **«Әй, Момындар! Алла үшін куәлікте Туралық үстінде мықты тұрыңдар. Бір елдің өшпенділігі сендерді әділетсіздікке тартпасын. Әділдік істендер. Сол Тақуалыққа жақынырақ.** Алладан қорқыңдар. Күдіксіз Алла – не істегендеріңнен толық Хабар Алушы».

3.«Һұд» сүресінің 113-аяты: **«Сондай зұлымдық істегендерге бейім сыңай байқатпаңдар. Онда сендерге дозак кездеседі. Сендерге Алладан басқа дос болмайды, сонан соң көмек те көрмейсіңдер».**

### **«Аққа Құдай жақ»**

Бұл мақал Алланың Имандыларды қорғайтынын ескерткен бірнеше Аяттарының түсіндірмесі. «Ахзап» сүресінің 69-аятында: **«Әй, Момындар! Сендер де Мұсаны ренжіткендер сияқты болмаңдар. Бірақ оны Алла, олардың айтқандарынан ақтады. Ол Алланың қасында беделді еді»**, -деген. Аят өте ашық – түсінікті. Мұсаны ренжіткендер – перғауыншылар. Бірақ, Алла Мұсаның тарапында болып Оны перғауыншылардың жалазынан ақтады. Себебі, Ол Аллаға таза Иман келтірген еді.

Мұның бізге берері – Мұса сияқты Имандыларды Алланың әр қашан жақтайтыны мен ақтайтыны.

Алла «Жүніс» сүресінің 62-аятында: **«Біліңдер! Расында, Алланың достарына қауіп-қатер жоқ әрі олар қай-**

**ғырмайды»**,-десе, «Хаж» сүресінің 38-аятында: **«Күдіксіз Алла Иман келтіргендерді қорғайды. Әрине, Алла бүкіл қиянатшыл қасарысқандарды жақсы көрмейді»**,-деген. Ал, «Зүмәр» сүресінің 61-аятында: **«Алла Тақуаларды табысты болғандықтары себепті құтқарады. Оларға жамандық жоламайды да олар күйзелмейді»**,-деп, барлық жеңіс тек Тақуалықта екенін ұқтырады. Бұл Аяттардан пікір түйген бабаларымыз: **«Аққа Құдай жақ»**,-деп, қолға ұстатқандай етіп мақалдатқан. Бұл олардың Құранды жақсы түсінгендігіне, Алланы жүректен танығандығына дәлел. Алла Тағаланың қасиетті есімдерінің бірі – Әл-Ғадлу – Әділ. Адал. Келесі бір есімі – Әл-Хақку – Шындық Иесі, Хақ. Және бірі – Әл-Мукситу – Әділ. Шешімдерінде өте Әділ. Бұл деген сөз – Алладан ғана үміттенетін, Аллаға ғана тәуекел еткен, Алланың Сөзінің үстемдігі үшін өз нәпсісімен, өз бойындағы-ойындағы кәпірлікпен, адасқандықпен, мұнафиқтықпен күрескен Құлына әр қашанда Алла жақ, Алла қамқоршы, Алла қорғаушы, жеңіске жеткеруші деген сөз.

Бұған адамзат тарихында Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өмірі, күрес Жолы нақты дәлел. Әлемдегі кез келген Мұсылман мен көзі ашық ғалым-оқымыстылар Пайғамбарымыздың өмір Жолын жақсы біледі. Ол қараңғы халықтың ортасында жалғанға келді, Пайғамбарлық келген уақытта да, сол халықтың арасынан Алла Жолында күреске шықты. Ешбір серігі жоқ еді. Уағыздай келе достарын да тапты, дұшпанын да кездестірді. Бірақ, достарынан гөрі дұшпандары көп болды. Әрі олардың басында Меккенің, кейін бүкіл араб жұртының ең әлуетті, бай адамдары тұрды. Оларда Мұхаммедті женуге, өлтіріп жіберуге мүмкіндіктер көп еді. Бірақ, олар қаншалықты опасыздықтарға барғанымен мақсаттарына жете алмады. Керісінше, Алланың Сөзінің үстемдігі үшін табанды күреске бел буған жалғыз, сауатсыз, қарусыз, жаяу Мұхаммед жеңіске жетті.

Тарихта да, өз замандастарымыздың арасында да Алладан ғана үміт етіп таза жүрген талай жақсылардың қарсылықтарды жеңіп мұраттарына жеткенін білеміз. Алла тағала **«Мәида»** сүресінің 105-аятында: **«Әй, Момындар! Сендер өздеріңді түзетулерің керек. Өздерің Тура Жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесір тигізе алмайды. Барлықтарыңның барар жерлерің – Алла жақ. Сонда Алла сендерге не істегендеріңнің**

хабарын береді», - дейді. Демек, Алланың Жолымен жүріп, Алланың ризашылығы үшін игіліктер істеп жүрген Адал, Әділ – Ақ жанға Алла жақ, Алла қамқоршы.

Біз әр түрлі түсініктегі, тәрбиесі қилы-қилы адамдардың ортасындамыз. Парасаты биік қайырымдысынан жақсылықтар көріп, опасыз пасықтарына алданып өмір сүріп келеміз. Бұл өмірдегі заңдылықтар дегенімізбен, жақсылардың көп болғаны бақытты өмір кешуіміздің сенімді тұтқасы екені шындық. Әрқашан да олар көп болсын, Құдай олардың несібесін ұлық, мәртебе-мерейін үстем етсін.

2015 жылы 24-мамыр күні ойда жоқта 32 жасар, жанұялы, екі перзентті ұлым Олжастан мәңгілікке айырылып қалдым. Ол «Қарағандырезинатехника» АҚ-да күзетте істейтін. Орны толмас өкініш өзекті өртеп, өз қайғымызбен бола бердік. Арадан екі апта өткенде су мен электр қызметі үшін ақша төлеу керек болды. Алда ұлымыздың дәстүрге айналған қырқы таяп келеді. Барымызды есептеп отырып, баламыздың соңғы айлық жалақысы мен біражола берілетін толық есебі берілмегені есімізге келді. Қайтыс болғандығы туралы анықтама, жерлеу рәсімі өткеннен кейінгі күні-ақ тапсырылған. Бірақ, жұмыс орнынан есептесу туралы хабар жоқ.

Марқұм баламның әйелі мектепте істейді. Жұмысына барып-келіп, оқушылардың мектеп бітіру шараларымен шаршап жүр. Сондықтан оның келісімімен, бұл ақшаны алуды, сол мекемеде істейтін, ұжымға таныс ұлым Мәдиге тапсырдым. Ол маусымның сегізінен бастап, мекемедегі есепшілер мен мамандар бөліміне жолыққан. Олжастың кезекшілік бастығы 10-маусым күні өзім үйіңізге апарып беремін», - деп сөз беріпті. Күттік. Апта ақырғы күніне келді, бұл жоқ. 12-маусым күні және сұраттым, алдымыздағы аптаның дүйсенбі не сейсенбі күні жеткеріп беруге және бір бастық сөз беріпті. Бұл күндер де бос сөзбен өтті. Бейсенбі күні балам тағы бастықтарына, есепшілеріне жолықса, Қарағандыға сілтепті. Ертеңіне Қарағандыға барса, ондағы біреу алты айдан кейін, тікелей мұрагері нотариус арқылы ақша алатынын тілдей қағазға жазып беріпті. Бұған даң болдық.

Адамгершілік, қайырым, еңбек заңы, ұжымдағы ұйымдас-тырушылық – бірлік дегендердің иісі сезілмейтіні кәдімгідей ойландырды. Сонда да сабыр еттік. Дүйсенбі күні де соңғы рет

аңысын аңдадық. Нәтиже жоқ. Ертеңіне – 23-маусым күні балама: «Сол жерде Ықылас Шәріпбеков атты Иманды, елге аға болуға лайықты, Азамат бар. Қалай болмасын сол Кісіге жолық...»,- дедім.

Мәди алдыңғы барғандарында да Ықыласқа кірмек болғанын, бірақ, күзетшілер, мамандар бөлімі бастығы, есепшілер ол деп, бұл деп, Ықыластың қабылдауына кіруіне жол бермегенін айтты. «Осы сапар соңғы рет әрекет жаса...»,-деп жібердім. Таңертең жұмысқа барған балам, «ол іссапарда, бұл аптада келмейді»,-деген хабарды есітіп келді. Лаж жоқ, әдептен аттап, Аллаға тәуекел деп Ықыластың көкүніне қоңырау жібердім. Жауап берді. Іссапарда емес, жұмысында – кабинетінде отыр екен. Ауызымды ашқаннан жағдайды түсінген Ықылас: «Мәди маған неге айтпаған?»-деді. Мен: «Бірінші барғанында күзеттегілер, Сізді жоқ»,-депті. Келесі барып Сізді сұрағанда, кардрлар бөлімінің меңгерушісі: «Ол кісіге кірмей-ақ қой, өзіміз жөндеп, ертең күзетшілер бастығынан беріп жібереміз»,-депті. Бүгін азанда барғанында Сізді іссапарда. Бұл аптада келмейді»,-депті»,-дедім. Сәл үнсіз тұрды да дауысы өзгеріп: «Түсінікті, аға! Балаңызды маған жіберіңіз»,-деді.

Балам кетті. Арадан бір сағаттар өткенде, сыртқы есік қағылды. Әйелім шықты.

Бейтаныс әйел: «Олжас балаңыздың соңғы зарплатасы мен расчётнойы тек әйеліне ғана беріледі. Барып жүрген ұлыңызға берілмейді»,-депті. Бұған түсінбедік. Мұнан кім сұрапты? Мұны кім жіберіп отыр? Көкүнімді қосып, Ықыласқа қайта хабарластым. «Мәди менің алдымда отыр. Біз есептеп жатырмыз. Қазір ақшаны алып барады»,-деді. Сосын мен ортада біреулер жағаласып жүргенін ескерттім. Ол: «Түсіндім. Түсіндім, аға, алаңдамаңыз ақша балаңызға беріледі»,-деді.

Мәди түске таяу келіп, 87611 теңге – толық есеп ақшаны қолыма берді. Ол осы сәтте де: «Саған ақша берілмейді. Марқұмның әйеліне ғана беріледі»,-деп шатынағандар кездескенін, Ықыластың өзі тіке араласып, сол минөттердің өзінде де үлкен Азаматтық жасағанын айтып, риза болды.

Міне, «Аққа Құдай жақ»,-деген осы. Алла жүрегіне Имандылықтың, Азаматтықтың Нұрын салған Ықыластың адалдығына риза болдық. Өзіне және оны осындай тазалыққа тәрбиелеген ата-анасына алғыстар айттық...

Құранның «Зүмәр» сүресінің 38-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) расында олардан: «Көктерді, жерді кім жаратты?»-деп сұрасаң, әрине, олар: «Алла»,-дейді. «Көрдіндер ме? Егер Алла маған бір зиян беруді қаласа, Алладан өзге шоқынғандарың Оның апатын қайтара ала ма? Немесе Алла маған бір игілік қаласа, олар Оның игілігін тоса ала ма?»-де. «Алла маған жетеді. Тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін»-де»,-дейді. Сондай-ақ, біз де жалғыз Аллаға ғана тәуекел еткендерден едік. Әйелдер бастап, жан сала күрескен он шақты қарсыластарымыз ойлаған арамдығын істей алмады. Аққа жақ, Құлдарының бірін бірі арқылы қорғайтын («Бақара» с. 251; «Хаж» с. 40-а) Әл-Ғадилу-Алла, біздей Имандыға Ықыластай Имандыны кездестіріп, тиесілі үлесімізді алып берді.

«Ағраф» сүресінің 181-аятында: **«Біз жаратқан адамдардан Туралыққа бастап, Шындық арқылы Әділетті атқаратын бір топ бар»**,-деген. Осы Ықылас Шәріпбеков сол топтың белсенді мүшесі. Алла Ықыласқа да, Ықыластай адал жақсыларға да мықты ден саулық, кемел мәртебе-мерей, тегеурінді Тақуалық нәсіп етсін!

Құраннан Тура Жолды дұрыс танып, Алланың ашық-жабықты анық Көруші, жария-жасырын сөзді Есітуші, тілден шықпаған, жүректе жасырынған ой-пейілдерді Білуші екенін жақсы түсініп, Тақуалық мектебінде жақсы оқиық.

## **«Өтірік өрге баспайды»**

**«Егер өтірікті Шындықпен ұрсақ, миын бұрқ еткізер еді де ол жойылып кетер еді. Жасанды сөздерінің салдарынан сендерге нендей өкініш»** («Әнбия» с. 18-а).

Мұны «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам»,-деп те айтады. Құранның ашық Аяттарының түсінігін өмір Шындығы арқылы үйренген бабаларымыз балаларын шыншыл болуға тәрбиелеген. Өтірікшілер – әсілінде Алланың дұшпандары, кейінгі өтірікшілер солардың жолын жалғастырушылар екенін біліп, олардан сақтанған. Өтірік айтқандар кімдер және олар не деді? Соларды атап өтейік. Ислам діні барлық діндерден үстем дін болып келді. Осыны қызғанған дұшпандар Мұсылмандарды кемсіту үшін

Исламға, Құранға, Аяттарға қарсы өтіріктер құрастырып, елді Мұхаммедке ермеуге үгіттеді. «Әли Ғымран» сүресінің 75-аятында Кітап иелерінің арасындағы аманатқа қиянат жасамайтын қасиетті адамдар мен бір тиын берсең де әрең қайтаратын қасиетсіз адамдарды айтып, олардың мұнысы: «...Надандар жайында бізге тергеу жоқ», - дегендіктерінен. **Сондай-ақ, олар Аллаға біле тұра өтірік айтады**», - деп, Имандылыққа қарсылардың көрер көзге өтірік сөйлейтінін ескерткен. Олардың «...Надандар...» деп отырғаны – әуелі, ақыры болмаған; серігі жоқ, тумаған, туылмаған жалғыз Аллаға Иман келтірген Мұсылмандар. «Бақара» сүресінің 116-аятында: **«Олар: «Алла бала иемденді», - деді...»**», - десе, «Әнғам» сүресінде малдардың жаратылысын бұрмалайды. Алла: **«...Білмесе де адамдарды адастыру үшін Аллаға өтірік жала жапқаннан кім залымырақ? Күздіксіз Алла залым елді Тура Жолға салмайды»** (142-144-а), - дейді. Алла өтірік айтқандарды жаман көреді, шартты түрде жазалайды («Нахыл» с. 94-а). Өтірік айтушылар: Құрандағы өсиеттерді жасырып, өз жанынан Аллаға қарсы сөз айтушылар («Әли Ғымран» с. 78; 94-а); Алла үшеу, деп Аллаға жала жабушылар («Бақара» с. 116; «Нахыл» 57-а); адамның жаратылысын маймылдан деп, жорушылар («Бақара» с. 65-а); Аяттарды бұрмалауға әрекет жасаушылар («Әли Ғымран» с. 75-а); Құранды бұрынғылардың ертегісі деп, Оны Мұхаммед Өзі жазған деп («Бақара» с. 23-а), Шындықты жасырушылар мен бұрмалаушылар («Бақара» с. 135-а). Мұхаммедтен (с.ғ.с.) кейінгі және бүгінгі өтірікшілер – Аллаға және бүкіл Пайғамбарларға қарсы болғандардың жолын жалғастырушылар; олар – Алланың адамды Өзіне орынбасар етіп жаратқанын ескерткен «Бақара» сүресінің 30-аятын жалғанға шығарушылар; олар – адам не істесе, адамның қолымен Алла істейтінін айтқан «Әнғал» (17-а), «Тәубе» (14-а) сүрелерінің Аяттарын тән алмай, Аллаға жаманат тағуға ұрынушылар («Әли Ғымран» с. 94-а); олар – «Бақара» сүресінің 168-169-шы және шайтаннан сақтану хақында айтқан Аяттарын менсінбей, шайтанды дос тұтушылар; олар – «Саф» сүресінің өзі істемегенді айтпау жөніндегі 2-3-аяттарын мойындамаушылар; олар – «Әли Ғымран» сүресінің 188-аятында таныстырылған – өздері істеген істерімен және істемеген істерімен де мақталғанын жақсы көрушілер; олар – «Ағраф»

сүресінің 179-аятында, «Зәрият» сүресінің 22-аятында айтылған дозақтықтар. Сондықтан Алла оларды жек көреді. Алла мен олардың арасы алыс. Сол үшін өтірік өрге баспайды.

Алла «Хаж» сүресінің 30-аятында: «...Кім Алланың Ардақтағандарын жоғары бағаласа, оған Раббыларының қасында қайырлы. ... **Сондай-ақ өтірік сөздерден сақтанындар**», -деген. Ардақтағандарының бірі де бірегейі – Шындық қана. Тақуаларға құлшылықтан тыс уәдені орындау, садақа мен зекетке сақи болу, жетім-жесір мен міскіндерге, діні үшін ел ауғандарға, жолда қалғандарға қайырым жасаумен бірге, «Бақара» (42-а), «Ниса» (135-а), «Мәйда» (8-а), «Әнғам» (152-а) сүрелерінде жамандық пен жақсылықты шатастырмауды, кімнің зиянына болса да Шындықты айтуды, куәлікте

Әділ болуды тапсырған. Бұлар ешқашан өтірік айтпайды.

Алла өтірік айтушыларды «Шұғара» сүресінде де жақсы таныстырған. Онда: «**Сендерге шайтандар кімдерге түсетінінен хабар берейін бе?**» «**Олар әрбір өтірікші мен күнәкарға түседі.**» «Олар шайтандарға құлақ салады. **Олардың көбі өтірікші.**» ... «**Олар істемеген істерін айтады**» (221-223; 226-а), -дейді. Демек, өтірік – шайтанның сөзі.

Өтірік айтушылар – Алла жек көріп шайтанға тастағандар («Зұхрұф» с. 36-а). Олай болса олар дозақтық («Ағраф» с. 18-а), олардан аулақ болу керек.

Құранның «Рахман» сүресінде толық және «Уақиға» сүресінің 41-73-ші, «Саффат» сүресінің 149-158-аяттарында қырсықтар мен өтірікшілерге арнайы сұрақтар беріп, ескерту жасайды. Бұларда түсінген қауымға үлкен ғибрат бар. Алладан шынымен қорыққан, түбінде баратын жері – Алланың алды екеніне жүректен сенген әрбір Тақуа өтірік айту мен оны тыңдаудан сақтану керек.

Өтіріктің өрге баспайтынына көп дәлел айта аламыз. Бірінші дәлел – «Ықылас» сүресін түгелдей және «Бақара» сүресінің 116-аятын жалғанға шығарып, Алланы үшеу деген өтірік. Мұны айтушылардың қолында ешбір дәлел жоқ.

Екінші дәлел – Құранды Мұхаммед (с.ғ.с.) қолдан жазды деген өтірік. Жетінші ғасырдан бері неше мыңдаған жазушы өтті, бірде бірі Құрандай Кітап жаза алмады, тіпті, он Аят жазу қолдарынан келмеді.



Үшінші дәлел – адамды маймылдан пайда болды деген өтірік. Осы өтірік жайылғалы талай ғалымдар мұны дәлелдеуге бас қатырды, өтіріктерін шынға шығара алмады.

Төртінші дәлел – Періштелерді Алланың қыздары деген, өтірік. Бұған да дәлел жоқ.

Бесінші дәлел – тауларды булкандардан пайда болған деген өтірік. Құранда таулар көктен тасталған, жердің қазығы екені айтылған. Өтірікшілер бұл өтірігін де дәлелдей алған жоқ.

Және осылар рәуішті Құранды бұрмалағысы келген бірнеше өтіріктер бар. Бірақ, олардың бірде бірі дәлелденген жоқ.

Енді өмірдегі дәлелдерден айтайық.

Бірінші. 1991 жылы құлаған кеңес үкіметі Иләәһи сауаты болмаса да өте арманшыл еді. Олар адамдарды тең құқықты қылғанымен байлар мен кедейлерді теңестіре алған жоқ. Жер бөліп бергенмен, мал үлестіріп, жағдай жасап бергенмен бай етеп, байи берді, кедей кегежіктеп кедей күйінде қала берді.

Олар өйтеміз-бүйтеміз деп, қанша лепіргенімен, Құранда айтылған талаптарды ғана істей алды. Атап айтсақ: олар қатырдық деген, тең құқықтылық, тегін емделу мен тегін білім алу Құранның талабы. Бірақ, олар Құраннан тыс, өздері теңестіреміз деген, бай мен кедейді теңестіре алған жоқ. Құрамыз деген коммунизмін құра алған жоқ. Себебі, қайсы измді алсаңыз да оның Иесі – Алла. Алла қаламай ештеңе болмайды («Інсан» с. 30-а).

– және олар өздері Аллаға қарсы бола тұра коммунизм құрамыз деп ұрандатты. Бұл – адамзат түгелдей Имандылыққа келмей болмаймын арман.

– жеңіске жетіп алғасын, 1935 жылдан кейін 1917 жылдан бері Лениннің қатарында жүріп, патшалықты талқандаған қаһармандарды және олардың ізін жалғастырып келе жатқан қоғам қайраткерлерін қуғындады, нәубетке салды.

– құқықтық мемлекет құрамыз деп отырып, 1936 жылдан дінге қарсы күресті.

– 1945 жылы Рейхстагқа Қазақ Азаматы, жүрек жұтқан Батыр Рахымжан Қошқарбаевтың атын жасырып, Егоров, Контаридзе дегендерді жариялады.

– соңында, 1991 жылы өзара араздасып – ішінен бүлініп, жер бетінен жойылып тынды.

Міне, осы шайтан жөн сілтеген – өтірік пікірлерге құрылған қоғам, қанша миллион адамның қанын төгіп, өмірін қиып сол өтірігімен өрге баспай-ақ кетті.

Себебі, олар Құранның негізгі элементтерінен пайдалана отыр, Алла қаламаған жолмен жүрді – Аллаға қарсы амалдармен тіршілік етті. Алла «Нахыл» сүресінің 94-аятында: **«Анттарыңды араларыңда алдауға сылтау қылмаңдар. Аяқ берік басылғаннан кейін тайып, Алланың Жолынан тосқандықтарың үшін жамандығын татасыңдар. Әрі сендерге зор азап бар»**,- деген. Құқық еркіндігіне сөз бере тұра, елді сенімінен айырды – Алланың Жолынан тосты.

Өтірік айтушылардан және өтірік айтудан қорғанайық – Алламен бірге болайық. Аллаға, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) шын жүректен Иман келтіріп, Құраннан Тура Жолды дұрыс танып, Алланың ашық-жабықтың, жария-жасырынның бәрін Білуші екеніне күмәнсіз сеніп, қысқа өміріміздегі Тақуалық мектебін үздік бітірейік.

### **«Суайтқа ерген суға кетеді»**

Суайт та – өтірікші, зукит, дәйексіз, жалатай, екісөзді адам. Мұндай адамдарды сілтеп: «Сұмырай келсе, су құриды», «Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді» деген сияқты мақал, мәтелдер де бар.

Суайтқа еріп суға кету – алдану. Алданғандардың өкініші, наласы туралы Құранда бірнеше Аяттар түскен. Әңгімені «Бақара» сүресінің 6-7-аяттарынан бастайық. Бұл екі Аятта қарсыларды үгіттегенмен Иман келтірмейтінін, олардың жүректері, құлақтары бітеулі, көздері перделі екенін айтса, 8-14-аяттарында: **«Адамдардың кейбіреулері екіжүзді: «Аллаға, Ақырет күніне сендік»-дейді. Бірақ, олар сенбейді». «Олар өздерінше Алланы және Иман келтіргендерді алдайды. Бірақ, олар өздерін ғана алдағандарын сезбейді». «Олардың жүректерінде дерт бар. Алла олардың дертін арттыра түсті. Сондай-ақ, оларға өтірікшіліктерінің салдарынан күйзелтуші азап бар».** **«Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмаңдар!» - делінсе, олар: «Біздер түзеуші ғанамыз»-дейді». «Сақ болыңдар! Шын мәнінде олардың өздері бұзақы, алайда, олар түсінбейді». «Егер**

оларға: «Адамдар Иман келтіргендей Иман келтіріңдер!» - делінсе, олар: «Ақылсыздарша Иман келтірейік пе?» - дер. Байқандар! Шын мәнінде олардың өздері ақымақ. Бірақ, олар білмейді». «Ал және олар Момындарға кездессе: «Біз де Иман келтірдік» - дер. Әрқашан олар шайтандарымен (бастықтарымен) оңашалана қалса: «Расында, біз сендермен біргеміз, біз оларды тәлкек қылып қана жүрміз»,-деген. Міне, осылар суайттар.

Бұларға алданғандар туралы «Ағраф» сүресінен оқимыз. 37-аятта: «Алланы өтірік қаралаған немесе Оның Аяттарын жалғанға шығарған біреуден өткен кім залымрақ?! Олар Кітаптан тиесілеріне қауышады. Ақыр Елшілеріміз олардың жанын алуға келгенде: «Алладан өзге сиынатындарың қайда?»-дегенде, олар: «Олар бізден ғайып болды»,-деп, өздерінің алданғандарына өздері айғақ болады». «(Алла:) Сендерден бұрынғы өткен, дозақтағы жын және адамдардың ішіне кіріңдер!»-дейді. Әр топ дозаққа кірген сәтте өз туысын қарғайды. Барлығы онда жиналғанда, артқылары алдыңғыларын (көрсетіп): «Раббымыз! Осылар бізді адастырған. Сондықтан оларға дозақ отынан екі есе азап бер!»-дейді. (Алла:) Әркімге екі есе азап бар. Бірақ, сендер білмейсіңдер»,-дейді»,-деген.

Осы тәрізді «Ахзап» сүресінің 63-68-аяттарында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) адамдар сенен Қиямет мерзімін сұрайды. Оларға: «Оның білімі Алланың қасында; қайдан білесің, мүмкін жақын шығар»,-де». «Расында Алла көпірлерді лағнет етті. Және оларға жалындаған дозақты әзірледі». «Олар онда мәңгі қалады. Не дос, не көмекші таба алмайды». «Олардың беттері от ішінде аударылатын Күні, олар: «Әттең! Бізге не болды? Аллаға бойұсынып, Елшісіне көнген болсақ еді!»-дейді». «Раббымыз! Басшыларымызға, үлкендерімізге бойұсындық та бізді солар адастырды!»-дейді». «Раббымыз! Оларға азаптан екі есе бер. Және оларды Рахметіңнен мүлде аулақ қыл» (-дейді),-деген. Алланың бары Ақиқат. Бұл барлық адамға аян. Бірақ, өзіндік пікірі, ойлауы жоқ, оқуы аз пенделер, өтірікші-суайттардың уағыздарына сеніп, Тура Жолдан жаңылады. Аяғы өкінішпен аяқталады. Яғни, басына тағдыр жеткенде, суайт үйреткен жолдан пайда көрмейді – алданғанын біледі.

Міне, «Суайтқа ерген суға кетеді»,-деген мақалдың мағынасы осы. Аяттарда Аллаға серік қосу айтылған. Мұның

екінші мағынасы – Алланың Аяттарын мойындамау. Аяттарды мойындаған пенде, еш уақытта Оған қарсы келмейді, көрген күніне, бұйырған несібесіне шүкір етеді («Ағраф» с. 35-а). Ал, шүкіршілігі жоқ, сабырсыз пенде күнә жасап, шартты түрде жазаға ұшырайды («Ағраф» с. 36-а).

Бұған өмір Шындығынан да көптеген дәлел айта аламыз. Мәселен, екіжүзді біреу, бір пендеге: «Мен саған ақша табудың оңай жолын үйретейін...», -деп, оған елге есірткі сатуды айтады. Айтқанда да оның есін шығарып, сендіріп айтады. Ол сылдараған сұлу сөзге елтіп, Ақылынан жаңылып, есірткі сатуға көнеді. Полицияларға тұтылған Күні – басына Қиямет келген күні, өзінің алданғанын біледі. Полицияларға суайтты таныстырып, оған алданғанын айтады...

### «Сұмырай келсе су құриды»

Су – мол байлық. Ол сұмырайдың кесірінен құрымайды. Мақалдың айтпағы – сұмырай адам басшы болса, Әділдік бұрмаланып, болуы тиіс нәрселер болмайды, елде сенімсіздік, бұзықтық кең етек алатыны.

Мұны Құранның «Әнғам» сүресінің 123-аятында: **«Сөйтіп әр кентте, онда айлакерлік қылулары үшін, оның бұзықтарын бастық қылдық...»** (1), -деп, паракор, жемқор басшыларды да Өзі тағайындайтынын білдірген. Ал, ол бастық осы сүренің 152-153-ші және 165-аяттарын (2) білсе, өз қызметінің өзіне сынаққа берілгенін жақсы түсініп, Ақыретін ойлап, адал Жолмен Әділ жұмыс істейді.

Ал, адалдық Жолынан ауытқып, нәпсісінің айтқанымен жүрсе, әлбетте, Алла белгілеген уақыт келгенде жазасын алады. Алла Аяттарын тыңдамағандардан өш алатынын «Әли Ғымран» сүресінің 4-аятында және басқа Аяттрда ескерткен. Мұны Тақуа Мұсылмандар жақсы біледі.

Құран – мәңгілікке барлық заманның адамдарына түскен Тура Жол Көрсетуші. Бұған дәлелдер көп. Солардың бірі – осы мақал мен осы Аяттар. Себебі, елімізде ауыз сумен қамту, тұрғын үй және жол құрылысы, медицина т.б. салаларда талап дәрежесінде жұмыс істелінбей, бюджеттен бөлінген қаржы ұшықталып, халық наразы болып, тиісті басшылар лағнеттеліп жатады. Бұл ізімізден жетіліп келе жатқан толқынға үлкен сабақ болуға тиіс.

Алла ештеңені бостан-босқа жаратпаған, әрбір істің, амалдың сұрауы бар.

- - - - -

1. «Әнғам» сүресінің 123-аятында: **«Сөйтіп әр кентте, онда айлакерлік қылулары үшін, оның бұзықтарын бастық қылдық. Олар өздеріне ғана айлакерлік жасағандарын аңғармайды».**

2. 152-153-аяттар: **«Жетімнің малына жақындамандар; бірақ, ол есейгенге дейін жақсы басқаруға болады. Өлшеуді, тартуды Туралықпен орындандар. Біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз. Жақындарың болса да Әділдікті айтындар. Және де Алланың уәдесін орындандар. Осыларды Алла нұсқады. Түсінерсіңдер».** **«Күдіксіз Менің Тура Жолым – осы! Енді соған еріндер. Басқа жолдарға түспендер, ол сендерді Алланың Жолынан айырады. Сендерге осыларды Алла нұсқады. Сақтанарсындар».**

165-аят: **«Ол сондай Алла, сендерді жердің Халифалары етті. Сендерге берген нәрселерде сынау үшін дәрежелерде бірінді-біріннен жоғары көтерді. Күдіксіз Раббың – жедел Жаза Беруші және шынайы Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».**

### **«Әр таудың шөбін аңсаған өгіз аштан өледі»**

Мақалдар да Аяттар сияқты астарлы келеді. Өгіз шөп іздеп, таудан тауға сандалмайды. Бұл – тұрағы жоқ адамға айтылған ескерту. Көп діндарлар қарсы келсе де Алланың: **«Ақиқатты бұзықтыққа араластырмандар да біле тұра Шындықты жасырмандар»**,-деген (Бақара» с. 42-а), **«Әй, Момындар! Әділдікте мықты тұрып, ...өздеріңнің, әке-шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да Алла үшін айғақ болындар; бай немесе кедей болса да. Өйткені, Алла екеуіне тым жақын. Ендеше Әділдік істеуде нәпсіге ермеңдер. Егер тілдеріңді бұрып, Шындықты бұрмаласандар, шәксіз Алла – не істегендеріңді толық Білуші»** («Ниса» с. 135-а),-деген ескертулеріне амал жасап, бұл мақалдың Адам ата (ғ.с.) мен Науа анамызға (р.а.) тиесілі екенін ашық айтамыз.

Құраннан Шындықты оқып отырып мұны жасырсақ, Иманымызға қиянат жасап, «Бақара» сүресінің 159; 161-аят-

тарында ескерткендей Алланың, Періштелердің және барлық лағнеттеушілердің лағнетінде қаламыз. Сондықтан өзіміздің қателігімізді түзеуіміз үшін, ұрпаққа сабақ болуы үшін Шындықты сөз етейік.

«Бақара» (30-37-а), «Ағраф» (11-24-а), «Ісра» (60-64-а), «Хыжыр» (28-41-а), «Таһа» (116-123-а), «Сад» (71-85-а) сүрелерінде баяндалғандай, Алла Тағала Адам атамыз бен Һауа анамызды жаратқасын Бейішке орналастырды. Бейіштегі қарғалған ағаштан («Ісра» с. 60-а) басқасының бәрінен жеуіне рұхсат берді. Олар шайтанға алданып, Алланың емес, нәпсісінің сыбырлағанына еріп, сол тиым салынған ағашқа тиіп, Бейіштен шығарылды; жерге түскесін Алладан игі перзент тіледі. Перзентті болғасын оны Аллаға серікке қосты («Ағраф» с. 189-191-а); соңында Алла: **«Рас бұрын Адамға үкім берген едік\*. Алайда, оны ұмытты. Оны төзімді таппадық»** («Таһа» с. 115-а),-дейді. Яғни, Алладан келген Туралыққа ермеді («Бақара» с. 38-а).

Сол сияқты бүгінгі адамдар да қолында Құранның қазақшасы бола тұра оқып, өзінің қатесін түзеп («Мәида» с. 105-а) Бейіштен орын алуға қамданбайды («Жұма» с. 5-а). Керісінше нәпсісінің айтқанымен жүреді.

Ауылда есепші болып істеп жүрген Әбеш қалаға көшіп келді. Мінезі жағымды әрі ажарлы еді. Қаланың мысық мінез бір желаяғы амалдап, өзіне қаратты да, ол жанұясын тастап, осыған үйленді. Өзінің әйелі мен балалары қатты қапа болды. «Елдің бетіне қарай алмайтын болдық қой!...»-деп, Әбешке өкпелерін айтып, ортаны үзді.

Мысық мінез желаяқ, алғашқы жылы құлындай қызметін қылып, Әбештің мойнына еркін отырды. Айтқанын қылдырып, пәтерін де, мәшінін де, тағы басқа керектілерінің барлығын алдырып алды. Енді ол еркін болғысы келді. Әбеш оған көнбеді. Керісті, соттасты. Соңында Әбеш далада қалды.

Мұны балалары есітіп, іздеп тауып, үйіне әкелді. Бірақ, Әбеш басын көтере алмады.

Күн айналмай қан қысымы ауруына, одан жазыла алмай жүргенде сукұмарға шалдығып, азаппен төсекке таңылды...

Қоршаған ортамыздағы әрбір нәрседе бір мән-мағына бар. Халық: «Ағаш бір жерде көгереді»,-дейді. Расында, қайта-қайта көшірілмейді, алғаш қадалған жерінен нәр алып өркен жаяды.

Адам да солай. Мұсылманның отбасында туылғасын, сол Жолды ұстанып, сынау үшін шығарылған «...жердің көркіне...» (1), «...сынау үшін берілген, дүние тіршілігінің сәніне көз сүзбей...» (2), таза Иmandылық бағытында өмір сүру керек. Сонда ол Тақуалық дәрежеге жетіп, келешекте Алланың сүйген Құлына айналады.

- - - - -

1. «Кеһф» сүресінің 7-аяты: **«Біз адам баласының қайсысы жақсы амал істейді, деп, сынау үшін, жер үстіндегі нәрселерді жердің көркі қылдық».**

2. «Таһа» сүресінің 131-аяты: **«Біз олардың кейбіреуіне сынау үшін берген, дүние тіршілігінің ғана сәні түріндегі нәрселерге көзінді сүзбе. Раббыңның несібесі қайырлы да тұрақты».**

\* \* \* \* \*

*«Мұхаммед» сүресінің 33-аятында: «Әй, Иман келтіргендер! Аллаға бойұсыныңдар әрі Пайғамбарға бағыныңдар. Сондай-ақ, амалдарыңды бұзбаңдар», -десе, мұны бабаларымыз: «Бей намаздан, кей намаз жаман», -деп жеткерген*

Әсілінде кей намаз – адамдарға өзін діндар етіп көрсету үшін амал қылатын екі жүзділердің өзінше жасайтын қулығы. Ол қулық – оның алдымен білімсіздігінің, екіншіден, Құдайдан қорықпайтындығының белгісі. «Ниса» сүресінің 142-143-аяттарында: **«Мұнафиқтар Алланы алдамақшы болады. Негізінен Алла оларды алдауға ұшыратады. Қашан олар намазға тұрса, жалқауланып тұрады. Адамдарға көрсету үшін оқып, олар Алланы өте аз еске алады».** «Олар осы екі арада делсалда. Не бұларда жоқ, не оларда жоқ. Алла біреуді адастырса, оған әсте жол таба алмайсын», -дейді. Расында, өзі білмейтін, білгеннің тілін алмайтын пендеге Ақиқатты түсіндіріп, Тура Жолға сала алмайсың. Өйткені, ол адасуға тиісті болғандардан.

Ал, енді ол, өзінің келешегінде дозақ күтіп тұрғанын түсініп, «Мәида» сүресінің 105-аятында ескертілгендей, өзін түзетіп, намазын Алла үшін оқыса, әрине, жақсылықтарға жетеді. Өзіне жетуге тырысқан Құлын Алла жақсы көреді.



## «Немкетіден ел кетті, ұшықталып жер кетті»

Құдай берген жерді қорғайтын да, байлығын игеріп, игілігін көретінде, билігін өз қолына мықты ұстаған: ауызбіршілікті, сауатты, табанды ел. Елдің билігі біреудің қолына кеткесін, ол билік жерді де иеленеді.

1987 жылдан кейін репрессия құрбандары хақында газет, журналдарда жазыла бастады. Құпия болып келген көп деректердің беті ашылды...

1991 жылы Зерафшан қаласына, Жібек әжеме сәлем беріп бардым. Әжем – Пірназарова Жібек (1904-1995) ескінің әңгімесін көп біледі, кейде өз де ұйқастырып, әдемі шумақтар айта салады.

Әжемнің үлкен ұлы – Базарбай ағамның үйіне, сол қалада тұратын бірнеше зиялылар жиналды. Олар Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Әлихан Бөкейхановтар туралы газеттерден оқығандарын әңгімеледі. Кенимех ауданына Алматыдан барып, үлкен қызметтер атқарған, Алматыға демалысқа келгенінде тұтқындалып, 1937 жылы атылған Абат Әлімбаевты да еске алды.

Олар әжемді де әңгімеге тартып, ескіден әңгіме сұрады. Әжем есіткендерінен, өзі куә болған оқиғалардан қысқа-қысқа естеліктер айтып, 1934-36 жылдардағы Республикалардың жерін белгілеп, бекіткен кезеңді есіне алып, кезінде Қазалыға қараған сол Тауелібайдың Бұхараға берілгеніне де реніш білдіріп, соңында: «Немкетіден ел кетті, ұшықталып жер кетті», -деп, елдің алауыздығына налып осы мақалды айтса болар ма?!

Құранды оқып үйреніп жүргенімде, «Ағраф» сүресінің 94-102-аяттарынан әжем айтқан осы немкеттіліктен еліміздің ауыр тағдырлар кешкені көз алдыма келді. Бейне, бұл бүгінгі біздерге тікелей ескертудей. Аяттарда: **«Тағы Біз әр қандай бір кентке Елші жіберсек (біздердің қолымызда Құранның аудармасы бар), оларды жалбарынсын, деп, ол жердің тұрғындарын таршылыққа, қиыншылыққа ұшыраттық (1929-1948 жылдар және құдайсыздар қоғамында болғанымыз)»**. «Сонан соң, **жаманшылықты жақсылықпен ауыстырдық (1948-1991 ж. тоқшылықпен тыныштық). Тіпті, артылып кетті (Тәуелсіздікке қол жеткерген жылдан бергі қуатты да бақытты өмір. Осы күнгі әлуетіміз. Біз кешегі бабаларымызбен салыстырғанда өте бақыттымыз, әсіресе, қолында Құранның қазақша аудар-**

масы бар жастар) де олар (қазіргі біздер): «Аталарымыздың басына да таршылық, кеңшілік келген екен», - десті (Тарихтан оқып, кинолардан көріп, осылай болған екен, деп айтып қана жүрміз – шүкіршілік жоқ)». Сондықтан оларды кенеттен қолға алғанымызда өздері де білмей қалды (Осыдан Құдай сақтасын!)». «Егер ол өлкелердің елі Иман келтіріп, сақсынса еді (өткен тар заманның қайта айналып келуінен қорқып, Алланы көп еске алса, шүкірлер етсе), әрине, оларға көк пен жердің берекеттерін ашып жіберер едік. Бірақ, олар жалғанға шығарды (Біз Алланың сол таршылықты, қиыншылықты заманды қайта әкеле салатынына («Ісра» с. 8-а) күмәнданамыз. Үкіметке сенеміз). Сондықтан қылмыстары себепті қолға алдық (Біздерден бұрынғыларды айтып отыр. Бұдан сабақ алуымыз керек)». «Кенттердің халқы, өздеріне азабымыздың түнделетіп, олар ұйқыда жатқанда келуінен қауіпсіз бе?» «...күн көтеріле бере ойнап жүрген сәтте азабымыздың келуінен қаперсіз бола ала ма?» «Сондай-ақ, Алланың кәрінен аман бола ала ма? Алланың бейнетінен зиянға ұшырайтын ел ғана қобалжымайды» (Біз қобалжыық!!! Мақалдағы немкеттілік осы). «Жердің бұрынғы иелерінен кейінгі мұрагерлер түсінбей ме? (Бабаларымыздың ізінде қалған мұрагерлер біздерміз, Аяттарды күмәнсіз дұрыс түсінейік). Егер қаласақ күнәларына қарай бейнет берер едік (Бұл – Алланың «Әли Ғымран» сүресінің 178-аятында ескерткендей, кеңшілік беріп отырғаны). Сондай-ақ, жүректерін мөрлейміз, сондықтан олар өстеді (Заманның тыныштығы мен тоқшылықтан бас айналып, өткенді ескеріп, қауіптенбейтініміз)». «(Мұхаммед с.ғ.с.) Бұл кенттердің қиссаларын саған баян етеміз (Бұл біздің елдің өткен тарихы: отаршылық, ашаршылық, репрессия, соғыс, кемсітушілік...). Әрине, оларға Елшілеріміз ап-ашық дәлел келтірген еді («...ап-ашық дәлелдер», - дегені: 1728-31 жылдардағы «Ақтабан шұбырынды... 1931 жылдан – 200 жылдан кейін қайта келді»). Сонда да бұрын өтірік деген нәрселеріне сенгілері келмеді (өткен азапты өмірдің қайта келуіне – Қияметтің болатынына күмәндену) ...». «Олардың көбін уәдеде таппадық. Әрі олардың көбін мүлде бұзық көрдік («Аграф» сүресінің 172-аятындағы – Әл-Мисақтағы және өмірдегі өзара уәде, мемлекеттік қызметкерлердің қызметке қабылданған кездегі мемлекетке берген уәдесінде тұрмайтыны)».

Енді тақырыбымызға оралсақ, еліміз тарихында болған азапты өмірдің барлығы, Алла жүректен сенбегендік пен өткен тарихтың қайта айналып келуіне («Ісра» 8; «Әнфал» с. 38-а) күмәннан. Мәселен, «Ақ табан шұбырынды, алқакөл сұламаны» білетін ел, 1929 жылдан таршылыққа ұшырап, 1932 жылдан ашаршылыққа тап болып, қырылатынын, бет-бетіне босып кететінін ойлаған жоқ. Ойлаған біреу-жарым айтса, беделділер байлығына, құзыретіне сеніп: «Ол заман бір келіп, кетті. Енді айналып келмесін!»-деп елді сақтандырмады. Керісінше, өздері бас болып, Аяттарға қайшы амалдар істеп, елдің бұзылуына, Алланың қаһарына ұшырауына алып келді...

Ел өстіп азаптанып жатқанда Республикалардың жерін бөліп, еліміздің біраз жерін үн-түнсіз өздеріне қосып алды, Тауелбайды Өзбекстанға берді.

Әжемнің: «Немкетіден ел кетті, ұшықталып жер кетті»,- деп отырғаны осы. Енді қателеспейік, Алланың осы артылтып берген нығметтеріне шүкірлер айтып, Алланың Тура Жолымен жүріп, ұрпаққа бақытты өмір сүрудің үлкен үлгісін қалдырайық!

## **«Жеті атасын білген Ер, жеті жұрттың қамын жер»**

Бұл мақалды: «Жеті атасын білген Ер, жеті жұрттың қамын жер, өзін ғана білген ер құлағы мен жағын жер»,-деп те айтады. Иә, өзін ғана ойлаған адам, Абай бабамыз айтқандай, өз алдына жайылған мал сияқты.

Мақалды алғаш құлақ шалғанда, сол жеті жұрттың қамын жейтін Ер, ерен күштің, жойқын Ақыл мен білімнің иесі болып ойға келеді. Аллаға серік қосқандай болғаныңды байқап, шошып та қаласың. Сол кезде жүректегі кәміл Иман: «Ол да адамның баласы ғой! Оны да Алла жаратты. Ол Алланың әмірінсіз жеті жұртын жарылқайтындай не істеуші еді?»-деп, сыбырлайды. Сонда барып, ел айтып отырған бұл Ер, Раббы тарапынан түсірілген, ақиқат үзілмейтін тұтқаны берік ұстаған, **«Шынайы меңгеруші, ...эр нәрседен жоғары...»** (1) Алла Тағаланың Жолына ілескен, машақаттар тартпайтын (2) Тақуа Мұсылман екеніне ораласың.

Ойына Ықылас және онымен ой, түсінік, танымы бір жақсылар түседі.

Тарқатыңқырап айтар болсақ, жаратылыстан беріде, бұл жалғанға **белгіленген мерзіммен** талай-талай әулет келіп, кетті (3); олардың тағдыры да Иманына қарай әр басқа болды (4); адамзатқа бейбітшілікті, тоқшылықты, бақытты өмірді нәсіп ететін де Алла, ашаршылықты, азапты өмірді жіберетін де Алла (5). Міне, осыны толық біліп, кәміл сенген ақылды Құл – жеті атасын білген Ер, шартты түрде Оның қасиетті, Хикметті, Нұрлы, даңғыл Жолында жасауға сылтаусыз барын салады және отбасынан бастап, айналасын соған үгіттейді (6). Бұл арқылы ол, өзі ғана бақытты жасап кетпейді, ізбасарларына жақсы өнеге қалдырып, олардың да өзіндей бақытты ғұмыр кешуіне негіз қалап өтеді. Одан үлгі үйреніп қалған Ақылдылар да өздерінен кейінгілерге осы Хикметті қалдыра береді. Ол одан кейінгі толқындарға жалғасады...

Жеті жұрттың қамын жеу деген осы. Осы көзқарас тұсынан біз, сонау жетінші ғасырда жасаған соңғы Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өз жұртының, өз заманының ғана емес, біздің жұрттың да, біздің дәуіріміздің де және Қияметке дейінгі адамзаттың қамын жеп өткеніне шүкірлер айтамыз. Ол үлгіні біз де балаларымыздан бастап кейінімізге қалдыруға міндеттіміз.

Мақалдың өзі айтып тұрғандай-ақ, Алланың ризашылығынан үміттеніп елін, ұрпағын сүйген, Құрандағы тарихты жақсы білетін тақуа Ер, өзіне дейінгі жеті атасының тарихын, тағдырын, тіршілігін (7), өнерін, қонысын (8) білуі керек. Соны жақсы түсініп білгенде ғана ол, өзінен тараған ұрпақтан бастап, олардың замандастарын ойлап, олардан кейінгі жеті ұрпақ қамы үшін, дұрыс жол көрсетеді (9). Мал, ақша жинап бере алмайды, жинап бергенмен ол таусылады. Оны тауыспаймын деген адам оның соңына құнығып Алладан алыстайды. Бір уақыттар келгенде (екінші ұрпақта ма? Одан кейін бе?...) Алланың бұйрығымен жұт не «Ақтабан шұбырындыдай» не 1929 жылғыдай Қаһарлы бір заман келсе, жинаған байлық ешкімді азаптан арашалай алмай, керісінше, қайғы-қасірет болады. Осыны білген жетелі Ер, ұрпағын мақсаттардың бәріне жеткеруші, азаптардың барлығынан сақтаушы және құтқарушы Алланың ғана Жолымен жүріп өтуге тәрбиелейді. Бұл ғана жеті жұрттың қамын жеген Ер болады.

Әңгімеміз мәнді болуы үшін өткен тарихымыздың ащы тұстарына тоқтала кетейік. Одан бұрын бабаларымыздың: «Өткенге кесек атсаң, болашақ саған тас лақтырады», - деген даналығын жақсы түсінетінімізді айта отырып, сол өткендер соқтыққан Қаһарға қайта ұшырамау үшін, өткендердің қателігін жұқалап болса да айту керек деп түйдік. Өйткені, өткенсіз болашақ жоқ. Өткен тағдыр-болашаққа сабақ.

Әлқиссаны, Әбілқайыр ханның Ресейге қосылған жерінен алсақ, өте түсінікті болар. Бұл оқиғаға байланысты дәлелдер көп айтылып келді, бізден кейін де айтушылар табылады. Бірақ, мұсылманшылық Жолындағы елдің ханының, ғайридин империяға баруы, Алланың жүрегіне салуымен болғанына талас жоқ. Алланың үкімінсіз бір шөптің де басы сынбайтынына сенімділер бұған дауласпайды. Енді шартты түрде: «Алла мұсылман қазақты неге ғайридиндерге мәтәл қылып қойды? Айналасында Ислам мемлекеттері де бар еді ғой?» - деген сұрақтар туары заңды. Бірінші сұраққа жауап берсек, әлбетте, бұл қазақтың үш жүзге және ақ, қара сүйекке бөлініп, бірін-бірі кемсітуінен, міндеуінен, менсінбеуінен. Яғни, жалғыз үкімдар Алланың «Хұжрат» сүресіндегі: **«Шын мәнінде Момындар туыс қой... Бір елді бір ел тәлкек қылмасын... әйелдер әйелдерді келемеждемесін... Бірінді бірін міндемендер, жаманат тағыспандар... Күмәннің көбінен сақтаныңдар... күмәннің кейбірі күнә. Сыр тексермендер, біреуді біреу ғайбаттамасын... Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылды...»** (10-13-а), - деген аяттарына тақуалық ете алмауынан. Мына сынақ дүниесінде бірін-бірі сыйлап, сүйеп, сауаптар мен қайырымдылықтар жасап өту туралы аяттарына қарсы амалдарының кесірінен.

Екінші, сұраққа келсек, ол кезде айналадағы мұсылман мемлекеттерінде де Иманы тілдің ұшына шығып, нәпсісі пейілін жайлап, озбырлық бет қаратпай тұрған. Егер оларды алауыз қазаққа үстем етсе, онда Исламның Жолы мүлде бұрмалануы ықтимал болатын. Сондықтан діні мен діні тура келмейтін, оқығаны бар елмен тағдыр байлады. Мұның басты мәнісі тәубеге келтіру болса, кәпірлерден азап көрген ел ішінара тәубеде болды. Бірақ, ол империяға қазақтың алауыздығы керек болғандықтан,

олар да іріткісін шірітіп, сасытып, қазақтың өзін өзіне айдап салып, Кенесары, Махамбет сияқты ерлерді арманда жіберді. Шен шекпенге ұлтын, тегін, бауырын сатқан екіжүзді ұятсыздардан мейлінше пайдаланды...

Міне, бұл, тәуелсіз елінің болашағына алаңдаған, жеті жұртының қамын ойлаған әрбір елжанды, саналы Кісіге сабақ болуға тиіс. Қуана жеткеретін бір дерек, бабаларымыз өз ортасында асқан дана болғандықтан сегізінші ғасырда Ұлы Ислам дінін қабылдады. Не даналықтар болса, сол замандарда айтылды. Және айтайық, бабаларымыздан соншалықты үлгі мен өсиеттер қала тұра, неге бізден екі ғасыр кейін адасқандар дінін қабылдағандарға мүттәһәм болдық?! Жауабы да жоғарыда айтқанымыздай, «Хұжрат» сүресінің 10-13-аяттарына құрметсіздігімізден.

Сондықтан, еліміздің ертеңіне тілектес біздің, ендігі жұмысымыз, қазақтың ғана емес, бүкіл мұсылман жұртының туыс, ағайын екенін, барлық қазақстандықтардың бауыр екенін насихаттап, өзіміз сыйластықтың нақты үлгісі болуға тиіспіз. Сонда ғана Алланың ризашылығына бөленеміз, Иншалла.

Аллада жүз, ру жоқ; Оның сүйікті Елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) барлық адамзатқа келген ортақ, соңғы Елші. Ол (с.ғ.с.) Қияметте ешкімнің руына қарап шапағатшы болмайды, керісінше, Алланың аятына қарсы келгені үшін жікшілдер мен биіксігендерден жүз бұрады; бакилыққа өткеннен соңғы өмірінде Алланың әмірімен әулие атанып, ел шарапат көріп жүрген әулиелер ешкімнің руын, мансабын, жүзі мен дәулетін инабатқа алмайды, бәріне бірдей қарайды. Сонда бұл, нашүкір адамзат неге біреуден өзін артық санайды? Ол кім болса да «б... көтерген, б...-тың қабы» (Абай) емес пе? Құран: **«...Алланың қасында ең Ардақтыларың – Тақуаларың...»**,-деген.

Құран – өзінен бұрынғыларды толықтырған, мәңгілікке күшін жоғалтпайтын Тура Жол, соңғы насихаттар жиналған Кітап; Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) – Қияметте өзінің үмбеттеріне шапағатшы және өзінен бұрынғы елшілерге де, олардың қауымына да куә, соңғы Елші. Ежелден елде: «Не болса, соны айтып, Ақырзаманды үйе бермеші!»,-деген, бір кейіс бар. Осы кейістен күйіс қайтарып біз де Құранның «Жүніс» сүресінің 7-8 және 14-аяттарын қияс талдап көрсек, әлбетте, Ақыретімізге

дайындалған бір жолға түскендей боламыз. 7-аят: **«Расында сондай, Бізге жолығуларын үміт етпегендер және дүние тіршілігіне мәз болып, сонымен көңілдері жай тапқандар, міне, солар Аяттарымыздан хабарсыз»**,-дейді. Бұл кешегі құдайсыздар қоғамынан бұрынғы заманның беделді адамдары дейік. Бұлар қайсы аяттардан хабарсыз еді? Әлбетте, Алланың қаһарынан Алланың Өзінен басқа ешкім, ештеңе құтқара алмайтындығы жөніндегі және бала мен мал-дәулет сынақ, сондай-ақ, жалғаншының әуселесі екені туралы аяттардан хабарсыз болып, Аллаға дәулетін, дәрежесін серік етті; Ақыретін ойлап, Алла өзіне жақсылық еткендей, басқаларға жақсылық істемейтін; керісінше, басқалардың Алла берген несібесін қызғанып, кесірін тигізетін, өсек ететін; аманатқа жауапкершілікпен қарамайтын; жетімнің ақысына қиянат жасайтын және әлсіздер мен қоластындағыларға әділетсіз болып, олардың адал еңбегін сорып өмір сүретін-байлардың көңілі, дүние тіршілігімен жай еді. Өлетінін білгенімен дүмшелердің тірлігіне қарап, Ақырет жәйлі ақпарға күмәнмен қарайтын. Күнәлар жасаудан қорықпайтын.

Жеті жұртының қамын жеген Ер, осылардан ой түйіп, Аллаға жолығудың Жолын қарастырады.

8-аят: **«Осылардың істеген күнәлары себепті орындары дозақ»**,-дейді. Шамамыз келгенше, Құранға сүйеніп отырып, күнәларын санайық:

– қол астындағыларға адам ретінде құрметпен, Алла өзіне мейірім еткендей мейіріммен қарамайтын;

– басшылары, молдалары байлар мен шен-шекпендінің сөзін сөйлеп, әділ үкім айтпайтын;

– діндарлары зекет, пітір, садақадан түскен малды, әкесінен қалған малдай, ұялмай, көріп тұрған Құдайды «алдап», қара басына пайдаланатын; демек, Аллаға да, Құранға да күмәнда болатын;

– әйел халқын мүлік ретінде қарап, Ислами құқығын аяқасты етті;

– немересімен жасты қыздарды зорлап некелеп, үйленіп, обалына қалатын;

– малшылары мен күндерінің адал еңбек ақысына қиянат жасайтын;



– діндары да, оқымағаны да өзіндей біреуді ақ сүйек, екіншісін қара сүйек деп сұрыпқа бөлетін; бай, кедей деп, адам алалайтын;

– жүзге, руға жіктеп, бірі-бірін кемсітіп, бірін өсек етіп, сыр тексеріп, міндеп басы бірікпейтін;

– бірінің бірі Құдай берген беделін, ырыс-несібесін қызғанып, жақсылыққа болыспайтын;

– кедейлерден қызғанып, пітір, зекетін дұрыс бермейтін. Онысын мақтаншақтықпен той не басқа бірдеңелерге орынсыз жұмсап ысырапқорлық ететін;

– қарулылар әлсіздерге күш көрсетіп, аманатқа қиянат ететін;

– ұятсыздары зина жасаудан қаймықпайтын;

– барымта деп, бассыздықпен бір-бірінің өрістегі малына қиянат жасайтын.

Осылар сияқты Құран аяттарына қарсы бірнеше күнәлардың соңында Алла оларды Ресейге кіріптар етті... Мұның соңы қызылшылдардың төңкерісіне ұласты да, бай мен кедейді теңестіреміз деген сауатсыздықпен қолдан ашаршылық ұйымдастырылып, қырылу, босу, соңы репрессия азаптарына ұласып өтті. Оларға жиған байлығы да, малдары да, балалары да арашашы бола алмады.

Әрбір қоғам да, әулет те белгілі мерзіммен келетінін (11) Құраннан білеміз. Бізден бұрынғыларды да, бізден кейінгілерді де Өзі әкелетін және оларды жақсы білетін (12) Алла, бүгінгі бізді сол құдайсыздардың орнына әкелді. 14-аятта: **«Сонан кейін олардың артынан не істейтіндіктеріңді көру үшін жер жүзіне сендерді орындарына қойдық»**, -дейді. Олай болса, өзіміздің алдымызда ғана өткен екі дәуірді өте жақсы білетін (13) біз, өзіміздің ертеңімізді ойлап және ұрпағымыздың келешегін көздеп, өткеннің қателігін қайталамай (14), олардан әлде қайда тақуа (15) болып, Алланың ризашылығына малынып жасауымыз керек. Өйткені, Алла Сіз бен біздің заманымызды өте ілгері дамыған, Алланы адаспай табуға, Кәләмдарын талдап терең түсінуге мүмкіндігі ұшан-теңіз дәуір етіп беріп қойды. Бұған қанағаттанбай Ақыретімізге камсыз жүрсек, ол әлбетте, кешірімсіз күнәға асыққан ақымақтығымыз болады.

- - - - -

1. «Рағыз» сүресінің 1-аяты: «Ұғымын Алла біледі. Бұл Құранның Аяттары – (Мұхаммед с.ғ.с.) саған **Раббың тарапы-**

нан түсірілген Ақиқат. Бірақ, адамдардың көбі сенбейді». «Бақара» сүресінің 256-аяты: «Дінде зорлау жоқ. Расында Туралық, азғындықтан ажыратылды. Енді кім жауыздыққа қарсы тұрып, Аллаға Иман келтірсе, сонда ол рас үзілмейтін (берік) Тұтқаны ұстады. Алла – әр нәрсені Есітуші, Білуші».

«Таһа» сүресінің 114-аяты: «Шынайы Меңгеруші Алла әр нәрседен жоғары. (Мұхаммед с.ғ.с.) саған етілген уахи бітуден бұрын Құранды оқуға асықпа да: «Раббым, білімімді арттыр!»-де.

2. «Таһа» сүресінің 123-аяты: «Бір-біріңе дұшпан болған бойда Жаннаттан түгел түсіндер. Егер екеуің (Менің) тарапымнан бір Тақуалық келіп, кім Тура Жолыма ілессе, сонда ол адаспайды да машақат тартпайды».

3. «Таһа» сүресінің 129-аяты: «Егер Раббыңнан бекітілген сөз; белгіленген бір мерзім болмаса, әрине, істері біткен болар еді». «Бақара» сүресінің 21-аяты «Әй, адам баласы! Сондай сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларыңа құлшылық қылыңдар. Әрине, сақтанған боласыңдар».

4. Нұх (ғ.с.), Ғад, Самұд, Әйке, Рәс, Таббұғ т.б. елдерінің ақыры... Бізге ең соңғы және ұмытылмас үлкен сабақ патшалы Ресейдің және қызыл империяның қассыз қиянаттары. Сол қасіреттерге ұрпағымыз ұрынбауы үшін, бүгіннен жүзшілдіктен, рушылдықтан тиылып, Имандылық жолын берік ұстап, барлық уақытта Алланың құтқаратынына сеніп, айласыз, адал амалдар жасауымыз ләзім.

5.«Бақара» сүресінің 201-202-аяттары: «Және олардан кім: «Раббымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер әрі Ақыретте де жақсылық бер. Және дозақ отының азабынан сақта!»-дейді. Міне, олар үшін амалдарынан үлес бар. Алла – есепті тезінен Көруші».

6. «Таһа» сүресінің 131-132-аяттары: «Біз олардың кейбіреуіне сынау үшін берген, дүние тіршілігінің ғана сәні түріндегі нәрселерге көзінді сүзбе. Раббыңның (берген) несібесі қайырлы да тұрақты». «Үй ішінді намазға бұйыр және өзің де оған көңіл бөл. Біз сенен ризық тілемейміз. Сені біз ризықтандырамыз. Соңғы табыс Тақуаға тән».

7. «Ісра» сүресінің 12-аяты: «Күн мен түнді екі белгі жасадық. Сонда түн белгісін кетіріп, күндізді: Раббыларыңның

**кеңшілігінен несібе іздеулерің және жылдардың санын, заманның есебін білулерің үшін жарық қылдық. Сондай-ақ, әр нәрсені ашық баян еттік».**

8. Қазақ елінің жер көлемін, байлығын, ел тарихын, мемлекеттің рәміздерін, даңқты батырларын және атақты ғалымдапры мен қайраткерлерін, басқасын толық білуі.

9. «Таһа» сүресінің 130-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) сонда олардың айтқандарына сабыр ет. Күн шығудан бұрын да, батудан бұрын да Раббыңды мақтай пәкте. Кеш мезгілдерінде және күндіздің айналасында да пәкте. Мүмкін ризалыққа бөленерсің».**

10. «Хұжрат» сүресінің 10-13-аяттары: **«Шын мәнінде Момындар туыс қой. Сондықтан екі туысыңның арасын жарастырыңдар. Және Алладан қорқыңдар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер». «Әй, Момындар! Бір ел бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ, әйелдер әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Бір-бірінді міндемендер, жаманат тағыспандар. Иман келтіргеннен кейін пасықтық нендей жаман. Ал, кім тәубе қылмаса, міне, солар залымдар».** «Әй, Момындар! Күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені, күмәннің кейбірі күнә. Сыр тексермендер, біреуді біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген туысының етін жегенді жақсы көре ме? Әрине, оны жек көресіңдер. Расында, Алла тәубені тым қабыл Етуші де ерекше Мейірімді». «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең Ардақтыларың Тақуаларың. Шәксіз Алла – толық Білуші, әр нәрседен Хабар Алушы».

11. «Ағраф» сүресінің 34-аяты: **«Әр әулеттің белгілі бір мерзімі бар. Олар, сол мерзімі келген сәтте, бір дем кешікпейді де ілгерілемейді».**

12. «Ібраһим» сүресінің 19-20-аяттары: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Алла көктер мен жерді шындық бойынша жаратқанын көрмедің бе? Егер қаласа, сендерді кетіріп, жаңадан халық келтіреді». «Бұл Аллаға елеулі жұмыс емес». «Хыжыр» сүресінің 24-аяты: «Расында, сендерден бұрын келгендерді де білеміз. Сондай-ақ, кейін келетіндер де бізге мәлім».**

13. «Таһа» сүресінің 128-аяты: «Оларды жұрттарында жүріп жүрген, өздерінен бұрынғы **Біз жоқ еткен нәсілдер** (дін үлгісі) жолға салмады ма? **Рас, мұнда Ақыл иелеріне өнеге бар**».

14. «Ісра» сүресінің 8-аяты: «Мүмкін Раббыларың мәрхамат етер. **Егер қайталасаңдар, Біз де қайта жазалаймыз.** Сондай-ақ, жаһаннамды кәпірлерге зындан қылдық».

15. «Ахқаф» сүресінің 27-аяты: «Расында, маңдарыңдағы кенттерді жоқ еттік. **Райдан** қайтуларың үшін Аяттарды егжей-тегжейлі түсіндірдік».

\* \* \* \* \*

### «Жүзге бөлгеннің жүзі күйсін, руға бөлгеннің Рухы күйсін»

Бұл – Құранның: «**Әй, Момындар! Алладан шынайы қорқумен қорқындар да Мұсылман болған күйде ғана өліндер**». «**Алланың жібіне түп-түгел жабысыңдар да бөлінбендер.** Алланың өздеріңе берген нығметін еске алыңдар. Өйткені, сендер бір-біріңе дұшпан едіңдер. Алла жүректеріңнің арасын жарастырды. Оның игілігімен туысқа айналдыңдар. Отан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, одан сендерді құтқарды. Осылайша Алла сендерге Тура Жолға түсулерің үшін Аяттарын ашық баян етеді», - деген «Әли Ғымран» сүресінің 102-103-аяттарының хабары.

Мақал осы Аяттардан және өмір Шындығынан туған. Бұл жік-жікке бөлініп алып, бір батаға келмейтін елдің басын қоса алмай, «Елім, халқым, Ана-Жерім!»-деп, жүрген бір дара туған Ердің дуалы аузынан шыққан жан айқайы іспетті. Тіпті, бір қазақты алалап жүзге\* бөліп отыратын жікшілдерге қарғысы. Тегі асыл қазақтың ежелден-ақ, бөлінуге қарсы екенінің айғағы.

Құранда жүз, ақсүйек, қара туралы дерек жоқ. Бұл – тұтас елді тұқырту үшін, бірлікті елді бұлдіру үшін, қазақтың жерінің кендігі мен ауыз біршілігінің құдыретінен қорыққан біреулердің, бірнеше жылдар бойы сыр білдірмей жүріп шығарғаны.

---

\* Біз «жүз» мәселесінде «Құрандағы Қиямет пен қиялдағы Қиямет» атты еңбегімізде «Дат, ағайын!» – деген тақырыбымызда кеңірек жаздық.

Алла «Бақара» сүресінің 168-169-аяттарында: «**Әй, адам баласы! ... шайтанның ізіне ермендер. Өйткені, ол сендерге ашық дұшпан**», «...ол сендерге жамандықты, арсыздықты және Аллаға қарсы білмейтіндеріңді айтуды нұсқайды», - деген. Алладан келген бірлік туралы Аяттарды жалғанға шығару үшін шайтан әлсіздердің жүрегіне Имансыздықты сыбырлайды. Жүз дегенді осындай шайтанның достары шығарған.

Көптің арасында Құдайға Иман келтірген кісідей көрініп, жұртты жүзге, руға бөліп – бірін мақтап, бірін кемсітіп отыратын пасықтар, бүгінде сол арам жолды жалғастырып келеді. Шынында Ислам дінін танып, Иманға келген біз, өзімізге осындай **ашық дәлелдер** (1) келсе де жүзге, руға бөлініп, өзіміз сияқты адамды ақ сүйек деп, асырып айтып бұзақылық істеп, тарихымызда көп зиянға ұшырадық. Біз бөлінбеу туралы Аяттарға Иман келтіріп, «**Түп-түгел Алланың жібіне (дініне)...**» жабысып жүз бен руға жіктелмей, Алла жарастырған жүректегі туыстықпен жасағанымызда ешбір дұшпан (2) маңымызға жуи алмаған болар еді. Бүгінде айдарлы да, айбарлы алпауыт елдің алдында жүрер едік.

Бұл өкінішті намысқа тамызық қылайық. Құрандағы Алланың бөлінбеңдер, бір-біріңді кемсітпеңдер деген, Аяттарына және Елшісінің (с.ғ.с.) татулық туралы хадистеріне қарсы болғандар оқиғасын ескерейік; жүзшілдік пен рушылдықтың кесірінен патшалы Ресейдің қоластында болған кезеңдердегі әділетсіздіктерді жадқа алайық; кешегі құдайсыздар ұйымдастырған тәркілеу жылдарындағы, нәубет жылдарындағы бір жүз-бір жүзді жамандаған алауыздықтың азабын ойдан өткерейік те солар сияқты «...**бөлініп, қайшылыққа**» түсіп, зор азаптарға тағы тосылмау үшін ауыз біршілікті болайық.

Біз үшінші мыңжылдыққа аяқ бастық. Бүгінгі дәуір адамдарының білімі, сезімі, түйсігі, тұрмыс жағдайы, бұдан жүз жыл бұрынғыдан әлде қайда артық. Түйе, ат, есектің орнын ұшақ, пойыз, мәшін алмастырды. Құрым үй көрмеде қалып, адамдар тамда өмір сүріп жатыр. Теледидар, көкүн, ғаламтор дегендер тіпті, бұдан 80 жыл бұрын қиял-ғажайып ертегі сияқты болатын. Бүгін үйлерде бөлме сайын теледидар, ғаламтор, адам бас сайын, бала бас сайын кемі біреуден көкүн. Бұл – Құдай бергенді игеріп игілігімізге жаратқан жетістігіміз. Бірақ, осын-

ша дамығанымызбен қазақ, қазаққа сор болған жүзшілдігі мен рушылдығынан әлі арыла алмай келеді. Бұл – Құранмен дәлелдеп айтар болсақ, әлі **надандық** шырмауында арбалып жүргендігіміздің белгісі. Бұл – бізді тарихта жерге қаратқан және алдағы замандарда да андаусызда аяқтан шалып, масқара қылатын қатер.

Құран мәңгілікке үкімі жүретін соңғы Кітап екенін мойындайтын болсақ, онда әңгімеміздің басындағы, «Бақара» сүресінің 27-аяты біздің бүгінімізге де, келешегімізге де тиесілі. Енді бізге өткендер жол қойған қателікті қайталау – өте үлкен кемшілік, бет күйдірген мін. Жаңа дәуірде Алланың қаһарына ұшырамауымыз үшін, **Алладан шынайы қорқумен қорқып**, Оның көрсеткен Жолымен жүріп, таза Имандылықпен жасап, Мұсылман болып өлейік (3).

Әуелі, ақыры болмаған Алла жалғыз ғана! Оның бүкіл адамзатқа жіберген соңғы Елшісі (с.ғ.с.) біреу-ақ, Оның үкімі мәңгі жүретін, соңғы Кітабы – Құран біреу-ақ. Онда Ақыретін ойлаған әрбір Иманды жан, бөлектенбей-бөлінбей, бір-бірін айырмай, кемсітпей бір болуға барымен құлауы керек. Бұл – жалғыз Аллаға таза Иман келтіргендіктің белгісі болады. Еліміздің МДБ-сы еліміз бойынша, ежелден ата-бабамыз жолымен жүрген, бір ғана мазһабты – имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабын ұстауға бәтуа жасады. Демек, бір елдің ауасын жұтып, суын ішіп, Ата заңы аясында тыныш жасап жатқан біздің, бірлікте ғана өмір сүруге қақымыз бар. Және оны қастерлеп, қорғауға міндеттіміз де. Бұдан бұра тарту – Имансыздық пен надандық. Ол – Толық адамдыққа жатпайды...

Иран деген ұлтты да Құдай жаратты. Демек, оларда да нәпсі бар, оларда да жүз болмағанмен ру бар. Қазір де Иракты, Ливанды қасіретке ұшыратқан, Сирия мен Мысыр елдеріне ылаң салып отырған алпауыт елдердің оған тісі батпайды. Неге? Себебі, олар өткен бабаларының Рухын сыйлайды, Отанның қадірін, «Өз елім» деген сөздің, еркіндіктің мағынасын жақсы біледі. Отандарын шынымен сүйеді, өзара ауызбіршілігі мықты. Сондықтан олардың ішінен сатқындар шықпайды. Ешқашан олардың қыздары діні басқа өзге ұлтқа тұрмысқа шықпайды. Ондағы ойлары да елінің ішіне басқаның араласуына жол қоймай. Бізге де еуропашылдықтан қайтып, Имандылық Жолына қарай өзгеру ке-

рек; руды өз орнында – құдаласқанда ғана айтып, жүзшілдік деген настықтан арылып, бір-бірімізді қолдап-қолпаштап жаңаруымыз керек.

Жүзшілдік пен рушылдықтың кесірінен осы уақытқа дейін (1991-2021 ж) я дініміз бірыңғай емес, я тіліміз бірыңғай емес; бір ғана ана тіліміздің өзін алауыздығымыздан әлі өз мәртебесіне ие ете алмай келеміз! Бұл ұлт атымызға ұят та! Бізден басқа бірде бір мемлекет орыс тілін төрінде тайраңдатып қоймаған...

Алауыздықтан аузы күйген бабаларымыз: «Бірің басшы болсаң, бірің қосшы бол», - деген. Бірімізге біріміз тілектес, көмекші, сүйеніш болайық. Және де: «Бірлік болмай – тірлік болмас», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Ырыс алды – ынтымақ», «Екі құзғын таласса, бір қарғаға жем болар», «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді», «Бақ-береке бірлікте», «Күш – бірлікте», «Бөлінгенді бөрі жейді», «Алтау көп болғанмен ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу аз болғанмен тату болса, төбедегі келеді», - деген. Біздер бұлардан дұрыс нәтиже шығарып, ынтымақта болайық.

Пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) берген, Құранды түсірген, бәрімізді бір үммет етуге Күші жететін Алла әр үмметке сынамақ үшін ұлт пен руға бөліп, осындай заман беріп, өз алдына жол-жоба қойған. Сыннан жақсы өту үшін бірліктің жолында болайық.

Қорытып айтар болсақ, Құдай жүзге бөлмеген. Ешкімнің сүйегін ақ қылып жаратпаған. Кәлима келтіргесін Алланың Жолында жоқты қолданбайық. Екіншіден, Құдай бір-бірімізді тануымыз үшін бөлген руды сауатты түсінейік – құдаласқанда ғана пайдаланайық. Және бірнеше Аяттарында Алланың Аяттарына қарсы болушылар қарғалған, оларға азап бар. «Ақ табан шұбырынды...» мен 1929-48 жылдардың арасындағы азапты тарихты басынан өткерген, елінің азаттығы үшін бас көтерген талай арысынан қапыда айырылған, біздің қазақ, бұл Аяттардан, Алланың ризашылығы үшін, «Жерім!»

«Халқым!» деп, кеткен әруақтардың құрметі үшін, елі мен перзенттерінің болашағы үшін дұрыс нәтиже шығаруы тиіс.

Біз жындар мен шайтанның және оларға дос адамдардың арасында сынақта – Тақуалық мектебіндеміз. Алла Өзінің Тура Жолындағыларға қайғы-қасірет болмайтынын айтқан. Тура Жолмен жүрейік. Тақуалық мектебінде өте жақсы оқушы болайық!



-----

1. «Әли Ғыман» сүресінің 105-аяты: «Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін сондай бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне, соларға зор азап бар».

2. «Әнфал» сүресінің 73-аяты: «...кәпірлер бір-біріне дос. Егер бірлеспесендер, елдерінде бүлік және зор бүліншілік болады».

3. «Әли Ғыман» сүресінің 102-103-аяттары: «Әй, Момындар! Алладан шынайы қорқумен қорқындар да Мұсылман болған күйде ғана өліңдер». «Түп-түгел Алланың Жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбедер. Сондай-ақ, өздеріңе Алланың берген нығыметін еске алыңдар. Өйткені: Бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды, Оның игілігімен туысқа айналдыңдар. Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша Алла сендерге Аяттарын Тура Жолға түсулерің үшін баян етеді».

### **«Бірің басшы болсаң, бірің қосшы бол»**

«Мәида» сүресінің 2-аятындағы: «...Жақсылыққа, Тақуалыққа жәрдемдесіндер...», -деген және «Хаж» сүресінің 40-аятындағы: «...Кім Алланың Жолында жәрдем етсе, Алла оған жәрдем етеді...», -деген Аяттарының мәнісін осы мақалдан нақты түсінеміз.

Себебі, Аллаға, Елшісіне, Құранға күмәнсіз Иман келтірген әрбір Мұсылман – Алла несібесін ұлық еткен Мұсылманның ең жақын көмекшісі. Оған Алла үшін жүректен жәрдемдеседі.

Мақал – бірлікке, ауызбіршілікке, татулыққа, өзара түсініктікке, ортақ тіл табысуға үгіттеген, адамзат өмірі үшін аса маңызды мақалдардың бірі де бірегейі. Халықта мұнымен мағыналас мақалдар көп. Ел айбынды ел болуы үшін бірлік керек; көргенді, білімді, Тақуа ұрпақ тәрбиелеу үшін бірлік керек; ұлы мақсаттарға жету үшін бірлік керек; жауды жеңу үшін бірлік керек; бақытты өмір сүру үшін бірлік керек; қарттар қарттық дәуренін тыныш, алаңсыз, ұрпағының болашағы жарқын екеніне сеніп жасауы үшін елге бірлік керек...;

– ерлі-зайыптылар бақытты болуы үшін, әйел «Бақара» сүресінің 228-аятының: «...(Алланың құзырында) Әйелдерден

**гөрі ерлердің дәрежесі артық...»**,-деген, «Ниса» сүресінің 34-аятындағы: **«Еркектер – әйелдерді билеуші...»**,-деген Аяттарына бағынып, бірлікте жасауы керек; отбасы берекелі, балалар тамаша Иманды, тәрбиелі болып өсуі үшін бірлік керек; отбасындағы, туыстар мен ағайындар басындағы ауырлықты жеңілдету үшін бірлік керек...

Тұрмағанбет бабамыз: «Болады бақ, ықпалдың – бірлік кілті»,-десе, бақытты әрі ықпалды ел болу үшін де бірлік керек.

Абай бабам: «Біріңді қазақ, бірің дос, Көрмесен істің бәрі бос»,-деп, бірліксіз өйтеміз-бүйтеміз, дегеннің барлығы құр әурешілік, өзін-өзі әрі қоғамды алдау екенін ұқтырады.

Қысқасы, бірліксіз тірлік жоқ. Бірлікті болу үшін ортадағы Алла несібесін ұлық еткен Тақуа, оқығаны мен көрген үлгі-өнегесі бар жақсыға бағыну керек. Себебі, ол – «Бақара» сүресінің 247-аятындағы Алла қалап әкімшілікке тағдырын қосқан; 269-аятында ескертілген, Құдай қалап Хикмет берген, білім сыйлаған, игілік нәсіп еткен тұлға.

«Әли Ғымран» сүресінің 103-аятында: **«Түп-түгел Алланың жібіне жабысындар да бөлінбедер...»**,-десе, «Ниса» сүресінің 59-аятында: **«Әй, Момындар! Аллаға бойұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бойұсыныңдар. Егер бір нәрсеге талассандар, оны Аллаға, Пайғамбарға ұсыныңдар – егер сендер Аллаға, Ақырет Күніне Иман келтірген болсаңдар. Міне, осы амал қайырлы да нәтижеде жақсы»**,-дейді.

Ал, бұл Аяттарға қарсы болған пенде немесе ел шартты түрде жазаға ұшырайды. Алла «Әли Ғымран» сүресінің 4-аятында және бірнеше Аяттарында Өзінің Аяттарына қарсы амал істегендерді жек көретінін, олардан міндетті түрде өш алатынын, оларға күйзелтуші азап барын ескерткен.

Бұған бірін-бірі сыйламағандықтан – тыңдамағандықтан бұзылып кеткен жанұялар, ойран болған империялар тарихы, бір мекемеде бірге істеп жүріп, бірін-бірі менсінбегендердің соңында масқара болған тағдыры нақты дәлел.

Алауыздықтың кесірі өзіміздің тарихымызда да орны толмас өкінішімен тұр. «Әнфал» сүресінің 73-аятында: **«...кәпірлер де бір-біріне дос. Егер бірлеспесендер жер жүзінде пітнә**

**және зор бүліншілік болады**», - деген. «...жер жүзі» дегені – осы өзіміздің қазақ елі. Қазақтың ішіне кірген бір опасыздар, Құранда не ата жолда дәлелі жоқ, жүз дегенді шығарып алды да елдің басын біріктірмеді. Мұны білген Қоқан хандығы да, қалмақ та, түркімен де қайта-қайта шабуылдап елдің берекесін алды. Соңында ел тыныштығы үшін Әбілқайыр Ресейге паналады. Бұл алдымен жұмсақ, жағымды болып келгенімен жәйлап-жәйлап ұлттың тіліне де, дініне де, ұлттығына да кесірін сіңірді. Енді құтыла алмай отырмыз...

Егер елдің ықпалды буыны Алланың бөлінбегендер, басыларыңа бойұсыныңдар, деген Аяттарына сауатты амал жасағанда, ел Алланың қамқорлығында болып, ешкім ешқандай азап көрмес еді, бүгінде экономикалық өрлеу жағынан да, мәдениеттілік жағынан да әлемнің ең жоғары дәрежеде дамыған мемлекеттерінің алдында тұрар едік...

Оспан империясы деген – адамзат тарихында ең ұзақ жасаған империя еді. «Бақара» сүресінің 228-аяты ескерілмей, әйелдерге ерік берілді. Бұлардың «Хұжрат» сүресінің: **«...әйелдер әйелдерді келемеждемесін... Бірінді бірін міндемендер, жаманат тағыспандар...»** , - деген 11-аятына қарсы амал істеп, әр қайсысы өзін өзгелерден жоғары ұстап, бірін-бірі тыңдамайтын дәрежеге жетті; соңында биліктің бірлігі бұзылды... Сүлейменнің бәйбішесі мен тоқалы келіспеді. Тоқал бәйбішеге де, енесіне де қылық көрсетті... Бұл тоқал өз ұлдарын мұрагер қыламын, деп, гаремнің ішінде алауыздықты жайды және өміршінің сеніміне кіріп алып, оны жолынан тайдырды. Тоқалына алданған Сүлеймен жазықсыз бас уәзір мен ұлы Мұстафаны өз қолымен өлтірді. Сөйтіп, әлемге айбатты империя ішінен бүлініп құлады.

Өтірікші, уәдепаз коммунистер басқарған КСРО да алауыздықтан ішінен іріп, жер бетінен жойылды...

Міне, алауыздықтың нәтижесі. Өмір Шындығынан көпті пікірлеген бабаларымыз, бірліксіз берекелі өмір болмасын зерделеп: «Бірліксіз тірлік болмас», «Бірін басшы болсаң, бірін қосшы бол», - деген осы өсиетті қалдырды.

## **«Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады»**

Құранның Аяттарының үлкен пайызы Аллаға серік қоспауды ескертсе, одан кейінгі көлемді пайызды құрайтын Аяттар тек

бірлікті, ауызбіршілікті айтады: тіке айтады, астарлап айтады, Пайғамбарлар өмірін баяндау арқылы айтады, әйтеуір, тек бірлікті айтады.

Тауларды, Мысырдағы Пирамидаларды көз алдымызға келтірейік. Барлығының ұшы – биік басы бір нүктеде түйіседі. Оған ешкім шыға алмайды. Бір Отанда жасап жатқан адамдар да сондай туылмаған, тумаған бір Алланың Жолына бірігуі керек. Сонда ол мықты мемлекет болады...

«Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман»,-демекші, өсек сөз, араз сөз, ашу сөз, балағат сөз – қай-қайсысы болса да бірліктің жауы.

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді...»,-деп араздықтан сақтандырған бабаларымыз осы мақалды қалдырыпты. Бұл мақал Құранның «Хұжрат» сүресінің 10-12--аяттары және біреу бұзық хабар әкелсе, анықтауды тапсырған, осы сүренің 6-аятының қазақша түсіндірмесі. Аятта: **«Әй, Момындар! Бұзық біреу хабар келтірсе, оны анықтандар. Әйтпесе, білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіңдер»**,-деген. Аяттағы: «...бір елге...»,-дегенді «біреуге» деп те түсінеміз; ал, «әйтпесе, ...істегендеріңе өкінесіңдер»,-дегені: «Менің Аяттарыма қарсылық көрсеткендерден шартты түрде өш алатынымды ұмытпаңдар. Мен «Нахыл» сүресінің 88-аятында: **«...қарсы болғандарға және Алланың Жолынан тосқандарға бұзықтық қылғандары үшін қинау үстіне қинау барын»** ескерткенмін»,-дегені. Яғни, сол өкінішті де Алланың Өзі береді.

\* \* \* \* \*

*Бабаларымыз «Шура» сүресінің: «...Раббына мақұл, дегендер – намазды толық орындағандар және өзара істерін кеңеспен жүргізгендер...»,-деген 38-аятын, «Кеңесіп пішкен тон келте болмас»,-деген мақалмен жеткерген.*

Мұның «Жалғыздың шаңы шықпас», «Есепті дос айрылмас», «Бірлікті жерде тірлік бар», «Күш – бірлікте» деген де баламаларын білеміз. Әлбетте, кеңеспен біткен әрқандай жұмыста Алла ұнататын жақсылықтар бар. Себебі, кеңесті іс – тыныштықтың, берекенің, татулықтың, сапалы өнімділіктің, мәнді тіршіліктің

кепілі. Құранда келісімдерге орайлас Аяттар баршылық. Соның бірі осы «Шура» сүресінің 38-аяты болса және «Ағраф» сүресінің 172-аятындағы Алла мен адамзат нәсілінің арасындағы келісімнен бастап, атақты «Фатх» сүресінің 10-аятындағы тарихи биғат, Хұдайбия келісiмiн, Месжiд Харамдағы келісімді, Мұсаның перғауынмен және оның сиқыршыларымен келісiмiн, Сүлеймен (ғ.с.) мен Билқис патшайымның келісiмiн, сондай-ақ, «Бақара» сүресінің 282-283-аяттарында ескертілген келісім хат пен аманаттасып келісуді (283-а) де айта аламыз.

Бұл келісімдер әрқашанда және бүгінгі өмірде де мемлекеттер арасында, компаниялар мен фирмалар, ұйымдар мен комитеттер және ұжымдар арасында біргелікте жұмыс істеу бойынша және сауда саласында амалда.

Келісім жасау, кеңеспен тіршілік ету – жалғаншыда дұрыс өмір сүрудің үлкен жолы.

Себебі, «Текуир» сүресінің 29-аятында: **«Әлемдердің Рабы – Алла қаламайынша, сендердің тілеулерің жүрмейді»**, -десе, «Әли Ғымран» сүресінің 159-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға Алланың Мейірімі бойынша жұмсақ сынай байқаттың. Егер тұрпайы, қатал жүректі болсаң еді, әрине, олар маңайыңнан тарқап кетер еді. Сондықтан оларды кешірім етіп, олар үшін жарылқау тіле де іс жөнінде олармен кеңес қыл. Сонда қашан қарар берсең, Аллаға тәуекел ет. Негізінен Алла тәуекелшілерді жақсы көреді»**, - деген. Демек, Алланың қалауына жетіп, көңіліміздегідей өмір сүруіміз үшін кеңестермен тіршілік етуіміз керек.

Ерлі-зайыптылардың арасындағы түйткілдерге байланысты шешімді «Бақара» сүресінің 230-аятында былай ескерткен. Аятта: **«Ер әйелін мүлде ажыратса, бұдан кейін оған, ол басқа ерге тимейінше адал болмайды. Егер сол әйелді екінші тиген ері талақ қылса, әуелгі ерімен екеуі де Алланың шегін орындаймыз, деп ойласса, қайта табысуларында күнә жоқ. Бұл – білген елге Алланың баян еткен шектері»**, -деген. Мұндағы: **«...әуелгі ерімен екеуі де Алланың шегін орындаймыз, деп ойласса...»**, -дегені – екеуінің Имандылыққа келу жөніндегі келісімі.

Келісіп түбі – бірлік. «Әли Ғымран» сүресінің 102-аятында: **«Түп-түгел Алланың жібіне жабысыңдар (Алланың Тура Жолында болыңдар) да бөлінбеңдер...»**, -десе, 103-аятында: **«Сен-**

дерден жақсылыққа шақыратын, сондай-ақ, дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосатын бір топ болсын. Міне, солар – **құтылушылар**», -деп, кейінгі Аяттарында бөлінгендерге азап барын, олар қара бет болатынын, ал, бөлінбегендер ақ жүзді болып, сыйлықтарға бөленетіні баяндалған.

Біздің бабаларымыз өз орталарынан билерін сайлап, соған бағынған. Құдаласуда да, той мен қазада да, жер дауы мен жесір дауында да бидің шешіміне тоқтаған. Сөйтіп үлкен мемлекетті құрып, жерінің бүтіндігін, халқының бас амандығын, моралдық бедел-абройын қорғап отырған...

### **«Есепті дос айрылмас»**

Алла қаламай ештеңе болмайды. Жақсылы-жаманды барлық нәрсе Алланың есебінде. Кәсіптестің бір-біріне демеуші, серік болуы да, екі адамның өзара достасуы да Алланың қалауымен ғана реттеледі.

Туыс пен туыстың, ағайын мен ағайынның, дос пен достың татулығын бұзатын қулық-сұмдық, мәртебе-мерейінің үстемдігін немесе байлығын қызғанудан туады. «Жүніс» сүресінің 44-аятында Өзі ескерткендей – Құлдарына зұлымдық жасамайтын Алла, адамзатқа күн көру үшін сауда жасау тіршілігін берді. Алайда, нашүкір, жанжалшыл, әлсіз жаралған олар өзара араздаспасын, деп, «Бақара» сүресінің 282-аятымен оларға сауда да келісім хат жазысуды уәзипа етіп бекітті. Осы Аятты «Есепті дос айрылмас», деп, бабаларымыздың бірі арқылы елге үйретті. Аятта: **«Әй, Момындар! Егер белгілі мерзімге дейін бір-біріңе борыштансаңдар оны жазыңдар. Араларыңда бір хатшы дұрыс жазсын. Сондай-ақ, хатшы Алланың оған үйретуі бойынша жазудан бас тартпасын. Борышты кісі жаздырсын. Раббы болған Алладан қорықсын әрі одан еш нәрсе кемітпесін. Борышты есалаң не нашар (жас бала я кәрі) немесе жаздыра алмайтын (мылқау) болса, оның иесі (қараушысы, күтушісі) тура жаздырсын. Еркектен екі айғақ қойыңдар. Егер еркек болмаса, онда өздерің ұнатқан айғақтардан бір еркек, екі әйел болады. Егер екеуінің бірі жаңылса, екіншісі оның есіне салады. Куәлар шақырылған сәтте бас тартпасын. Аз, көп болса да белгілі мерзімге дейін жазудан ерінбендер. Осыларың**

**Алланың қасында Туралық: куәлік үшін мықтырақ және күдіктенбеуге де жақынырақ.** Бірақ та, өзара қолма-қол алып-беретін әзір сауда болса, жазбауларыңа болады. Саудаласқан кезде қастарыңда айғақ болсын. Хатшы да, айғақ та зиянға ұшыратылмасын. Егер оны істесендер күнәлі боласыңдар. Алладан қорқындар. Алла сендерге үйретеді. Алла – әр нәрсені толық біледі», -деген.

Өмір тәжірибесінен білетініміздей, сауда жайы қағазға жазылып, екі жақ та қол қойып бекіткесін, сатушыда да, алушыда да ешқандай күмән болмайды. Бұл – олардың татулығының сақталуына кепіл.

Ал, сауаты жоқ, көшпелі елдің арасында бұл тәртіп қалай реттелді? Олар екеуара саудасында Алланың куәлігін ортаға салды. Бұл – сатушының да, алушының да Алланың – Көруші, Білуші, Есітуші, Жазып Сақтаушы әрі Әділдік етуші, қатаң Жазалаушы екеніне күмінсіз сенгендіктерінен. Өз кезегінде бұл амал – адамдардың бір-біріне сенуіне, құрметпен қарауына кепілдік болды. Соның нәтижесінде елдің елдігі сақталды.

### **«Жетім көрсен, жебей жүр»**

Мақалдан Мейірім мен Рахымды көреміз. Адам баласын Өзінің жердегі Халифасы етіп жаратқан Алла, оларға Тақуалықтың барлық Жолын түсірумен бірге, «Ниса» сүресінің 5-6-аяттарында, «Ісра» сүресінің 34-аятында айтылған өсиеттерді, осы мақалмен уағыздап отыр.

Аяттарда: **«Және Алланың сендерді басына тұрғызған (Алла сенің қамқорлығыңа қалдырған жетімдерге тиесілі) малдарды ақылсыздарша жемендер. Оларды қоректендіріп, киіндіріңдер де оларға сыпайы сөз сөйлендер». «Жетімдерді үйлену шағы жеткенше сынандар. Егер олардан бір естиярлық көрсендер, дереу олардың малдарын өздеріне беріңдер. Сондай-ақ, олардың ержетуінен қорқып, (малдарын) ысыраптап, тездетіп жемендер. Ал және біреу бай болса – тартынсын, біреу жарлы болса – онда да орнымен жесін. Қашан олардың малдарын өздеріне тапсырсаңдар, оларға айғақ қойыңдар. Алла есеп көруде жеткілікті»**, -десе, келесі сүреде қысқа ғана: **«Жетімнің малына жоламандар. Бірақ,**



ол ержеткенге дейін жақсылап шығысуға болады. Сертті орындандар. Сөз жоқ, уәде сұралады», -деп, өте ұқыпты болуды тапсырады.

Бұл Аяттарды бабаларымыз: «Жетім көрсең, жебей жүр», -деп және өсиетінде: «Біз жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған елміз», -деп жеткерген. Мұның барлығы Алланың ризашылығына жетудің Жолы.

### **«Құдай қаласа, түйе иненің көзінен өтеді»**

Бұл мақалдың мағынасы, адамзат жүз беруі мүмкін емес, деген нәрсенің, Алла қалаған күні бола қалатыны.

Өмір Шындығынан дәлел айтайық. Бұл – соғыстан кейінгі жылдардың әңгімесі. Аудан – орталығы Кенимехтың күн батыс жағындағы ауылда бір жігіт үйлене алмай жүрді. Ал, күн шығыс тараптағы бір қыстақта бір отбасы перзентке зар еді. Жігіт те, бұлар да бір Құдайдан тілейтін.

Алла «Зүмәр» сүресінің 38-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) расында олардан: «Көктерді, жерді кім жаратты?»-деп сұрасаң, әрине, олар: «Алла», -дейді. **«Көрдiңдер ме? Егер Алла маған бiр зиян берудi қаласа, Алладан өзге шоқынғандарың Оның апатын қайтара ала ма? Немесе Алла маған бiр игiлiк қаласа, олар Оның игiлiгiн тоса ала ма?»**-де. «Алла маған жетеді. Тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін»-де», -дейді. Расында, Аллаға «...жердегі, көктегі еш нәрсе жасырын емес» («Әли Ғымран» с. 5-а), «...көктер мен жердегі нәрселер Оныкі. Олар түгел Оған бойұсынады». **«Ол ...бiр iстiң болуын қаласа, оған: «Бол!»-дейдi, ол бола қалады»** («Бақара» с. 116-117-а).

1948 жылы Жалаулыда «Жас жүрек» ұжымшарында жасайтын, шолақ есепші болған. Ұлы Отан соғысына қатысып, бір аяғынан айырылған. Балдақпен жүреді. Жанұялы, екі ұлы бар.

Мектеп бітіргесін, елге қызмет қыламын, деп есепші мамандығына оқыған.

Ұжымшарда есепші қызметіне бекітіліп істеп жүргенде, 1942 жылы желтоқсанда ел Азаматтары қатарлы қан майданға аттанған. Жараланып келгесін сол ұжымшарда, өзінің есепші

қызметіне кіріскен. Бірнеше жыл істеп, әбден сенімге кірген. Ұжымда абройы бар.

Ол оңтайын тауып, ұжымшардан қаракөлтері ұрлап, үйдің қабырғасына жапсырып шегелеп, сыртын лаймен сылаған. Мұны байқаған біреулер милицияға хабарлаған. Милиция келген. Үйінің, қорасының барлық жерін аударыстырып, теріні іздеген. Таппаған.

Жоғарыдағы Аятта айтылғандай, Алладан келіп тұрған сорды, апатты, Алладан өзге кім, нендей шара қайтарады? Ешкім, ештеңе. Халық: «Адамнан жасырғаныңды, Алладан жасыра алмайсың», - деген.

Милиция түк таппағасын кетпек болғанда, есепші: «Сен кінәсіз мені кінәлап, жинаулы жүгімнің бәрін шаштың, кәне тапқан терің!» - деп, аса таяғын алып, ұмтылғанда, милиция бұғып қалады да, иығындағы штықты мылтығының түбі жерге тиіп, ол салмағымен ауып, қабырғаға тіреліп, қабырға сылағы сыдырылып жерге түседі. Тері көрініп қалады. Милиция қайта күшіне мініп, теріні алып, акт түзіп, есепшіні ауданға алып кетеді...

Есепшінің құйтырқылығы әшкереленіп, милиция айдап кеткесін, ең ұзақ жылға қамалды ғой, деп әйелі де, екі баласын қалай асырудың қайғысында жүрген. Ауылдағы үйленбеген сол бойдақ, бұл әйелге қызығып, үйленеді. Бір ұл туылады. Бұның қуанышында шек болмайды. Атасы басқа екі баланы да шет қақпай, үш ұл мен әйелін асырау тірлігіне қызыға кіріскен.

Есепші бас бостандығынан айырылғанмен, сол ауданның ішкі істер бөліміне, милициялардың атын бағатын жұмысқа орналастырылады. Өте ат сейіс адам екен. Бірінші күннен-ақ, қылмысына өкініп, бұған қоса қызметін таза атқарып, милициялардың сенімді адамына айналған. Талай сынақта сыр бермеген. Олар әбден сенген.

Арадан үш жылдай өткен. Есепші келіп-кетіп жүргендерден әйелінің жайын да есіткен. Тиген жігітін, оның үйін жақсы біледі.

Милицияларды сендірген бұл, соңғы уақытта өте жүйрік екі атқа ерекше күтім жасап суытып жүреді.

Мұның ізінен келіп тұратын танысы, әйелінің ерінің шөлге отын шауып келуге кеткенін айтқан. Ол бүгін отын шабатын жеріне жетіп, жатып, ертең кешке дейін шауып, үйіне түннің бір кезінде келеді.

«Киікті қасынуымен аңшының басуы»,-деген. Бұл күндері аттар да әбден жетіліп тұрған. Енді тек күн бату керек.

Түн килігіп, ел толық ұйқыға кеткен кезде, бұл аттың бірін мініп, екіншісін жетелеп, қашады. Тіп-тіке әйелі жасап жатқан үйге келеді. Отыншы келмепті. Әйелге: «Кеттік!» «Мен сен қамалып, ешбір хабарың болмағасын, мына екі баланы асырай алмай, осыған тиіп едім». «Оны сұрап тұрған жоқпын! Бол, екі баланы алып шық. Кетеміз!» «Бесіктегі баланы қайтемін?» «Та-ста! Өз әкесі қарайды!»-дейді.

Сонымен бұлар ұлы қызылды бетке алып, құм ішіне сіңіп кетеді.

Отыншы таңға таяу келіп, өкініп қалады. Бесіктегі баланы асырай алмай, балалар үйіне тапсырады. Мұны ішінен тынып, Алладан перзент тілеп жүрген, күн шығыстағы пақыр есітеді. Ибынып келіп, балалар үйінің қызметкерлерінен сұрайды. Ол құжаттарымен қоса қолына ұстатады. Сонымен Аллаға жүрегі түзу жан, аяқ астынан перзентті бола қалады.

Бұлар адал ата-ана болды, ұл да адал ұл болды. Ержеткен сайын, екеуін қуанта берді. Мақташылық бригадасына жетекшілік лауазымға бекітілді. Үйлендірді. Немерелер сүйді.

Жалғаншыдан армансыз кетті...

Міне, Алланың қалауымен әр қайсысын өз орнына қой бұл оқиғалар, біз дәлелге алып отырған 38-аятың нақты көрінісі. Құдай апат не жамандыққа бұйырса, оны ешкім, ештеңе қайтара алмайды; ал, қуаныш, бақ сыйлауды бұйырса, оған да ешбір тосқауыл жасаушы жоқ.

\* \* \* \* \*

«Құдай қаласа, түйе иненің көзінен өтеді»,-деген мақалға тағы бір тарихи деректі тартайық. Қазақта: «Үмітсіз – шайтан»,-деген де мақал бар. Алла «Зүмәр» сүресінің 53-аятында әрқандай күнәкарға үмітті үзбеді тапсырса, «Бақара» сүресінің 45; 110; 153-аяттарында намазбен, сабырмен, садақамен тілеуге кеңес берген.

Жаңағы «Құдай қаласа, түйе иненің көзінен өтеді»,-деген, мақалға және бір нақты тарихи дәлел айтайық. 1991 жылы тараған, уәдешілдер құрған КСРО-ны коммунистер басқарды. Олардың қалдапы идеологиясы, қалдапы болса да күшті еді.

Сондықтан КСРО-ның бір тұрғыны не шетелдің бір адамы оны тарайды деп ойламайтын, ойлай да алмайтын.

1929 жылғы зорлықтан елдің асылдары, ұлттық тілі мен дәстүрін, дінін, байлығын сақтап қалу үшін Ауғанға, Қытайға, Иранға, Монғолға үдере көшкен. 1933 жылдардан шекараны бекітті де, олардан ешбірі келе алмай жүрді. Мұнда қалған туыстары оларды іздеп бара алмады.

Тақырыбымызға оралайық. Қазақты құртқан алауыздық. Жүз-жүзге бөлініп, ру-руды күндеп басы піспеген бұл қазақ, осы надандығынан өзге ұлттардан көп азап көрген. Алауыздығын білетін: ақжайықтық казактар, қалмақтар, түркмендер, дүнгендер, өзбектер қазақтан қорықпаған. Білген опасыздығын істеген. Талай ананың ері мен ұлын қыршын өлтіріп, қызын тартып алып, жүрегін қан қылып еңіретіп кеткен.

Марқакөл маңында Тұтқышбай деген орта шаруа кісі тірлік ететін. Ол 1892 жылы туылған Айтжан атты қызы, үй тіршілігіне жарап, көзге көріне бастағалы, қызының келешегіне алаңдайтын. Түбі кісі баласы ғой, дегенмен, жаудың қолында кетпей, ел ішінде болғанын, өзінің таныстарының отбасына барғанын армандайды.

1906 жылы дүнгендер кезекті шабуылын жасаған... Айтжан он төртке толған. Әйтеуір, Құдай сақтап, олар бұл ауылға соқпай, аман қалды. Бірақ, қамсыз жүруге болмайды.

Сөйтіп отырғанда ауылға, ұйғыр саудагер Нәмед Жүсіп келе қалады. Бұрыннан келіп жүрген – таныс адам. Тұтқышбай қызына: «Дүнгенге кеткенше осы Жүсіппен кет!»-деп батасын беріп, ұзатады. Бұлар, сол кездегі қазақ жайлаған ел – Тұрпанға келеді. Кейін Қомжаңасқа көшеді. 1944 жылы қыркүйектегі Оспан батырдың көтерілісі кезінде Баян Өлгейге қоныс ауыстырады. 1945 жылы Қобдаға келіп тұрақтайды. Тыныш өмір жалғасады, перзенттер сүйеді...

Бірақ, Айтжанға Марқакөл сағыныш болады да тұрады. Отбасында болған ешбір қуаныш туған жеріне деген сағыныш мауқын баса алмады. Көл жағасынан бала күнінде кеткен еді, енді ақылы толыққан осы күндерде сол көлді бір көруді армандайды. Бірақ, КСРО деген темір қорғаннан өту жай адамға мүмкін емес.

Ұлдарын үйлендіріп, қыздарын ұзатып, ата-аналық міндеттерінен құтылғаннан соңғы арманы, туған жеріне барып өлу болды. Осыны Құдайдан сұрады. Намаз-оразасын қаза қылмай,

құлшылық қылып жүріп сұрады; осы сұрауының нәтижелі болатынына күмәнсіз сеніп отырып сұрады.

Уәдепаз, өтірікші коммунистер елді әрі қарай басқара алмайтын болды да, өзара келіспей, ішінен бүлініп, 1991 жылы тамызда, Мәскеу қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Б. Н. Елциннің қолымен коммунистік партияның өкілеттігі жойылды – КСРО құрамындағы елдер өз алдарына Тәуелсіздік алды.

Қазақ елінің тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы дүниежүзіндегі қандастарын елге шақырды. Сондағы 99 жастағы Айтжанның: «Еліме жететін болдым-ау! Аллаға шүкір!»-деп, қуанғанын айтыңыз, көзіне жас алып. Сөйтіп жүріп, Алла Жолына атаған ақсарбас садақасын берді.

Асыққанмен еларалық келісімдер, құжаттар реттеу 1995 жылға дейін созылды.

Алла сәтін салып, бір жүз үш жасында, пойызбен Алматы облысы Панфилов ауданының Жаркентіне көшіп келді. Марқакөліне барды. Кіндік қаны тамған жерінің топырағын иіскеп мауқын басты. Сөйтіп, Аллаға риза болып бақилыққа көшті.

Мұғжиза деп осыны айтса керек, шекарасынан құс ұшып өте алмайтын, саясаты сұсты

КСРО барда орындалуы мүмкін болмаған арман, Алла қалаған күні, оп-оңай орындалды да қалды. Иненің көзінен түйе өткен дегеннің бір мысалы осы!

## **«Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі ғаламға»**

Мұның: «Бір құмалақ, бір қарын майды шірітеді»,-деген; отбасындағы бірлікке, татулыққа шақырғанда айтылатын: «Бір күнгі ұрыстың, қырық күндік кесірі бар» «Жаманның мекерлігі қырық есекке жүк болады»,-деген де баламалары бар.

Бұл мақал, «Әнфал» сүресінің 25-аятының түсіндірмесі болып, қамтитын ауқымы өте кең. Һауа (р.а.) ананың шайтанның азғыруына еріп, Бейіштен қуылған жері (1) мен соғыстар тарихын, Шыңғыс ханның Отырарды ойрандауын айтпағанның өзінде, Дарвиннің маймылдан адам шығарған жалған жаңалығы қаншалаған адамдарға кесірін тигізді. Алданғандардың қаншасы сол сеніммен бақилық болды...

Аятта: **«Және сендерден жеке залым болғандарға ғана кесірі тиіп қалмайтын пітнеден сақтаныңдар. Сондай-ақ, Алланың – қатты азап Иесі екенін біліңдер»**,-деген. «пітне» алдымен, өсек болса; екіншіден, жалақорлық. Осындайдың кесірінен елде рулар арасында талай қантөгістер болған. Қазақ ондайларды «Кесапат адам!»-деп, жек көреді.

Ал, адамзатқа теріс үгіт жүргізген, Дарвин тұжырымына келсек, ол – тәрбиенің Шындыққа қарсы жүйеленіп: «Сонда олардың тыйым салынған нәрселерде шектен шыққандықтары себепті, оларға: **«Маймыл болып, қор болыңдар!»-дедік**» («Ағраф» с. 166-а),-деген Құран Аятын бекерге шығару мақсатының нәтижесі еді. Мұның лаңы өзіндік пікірлеуі кемшін бір саналарды әлі жаңылдырып жүр... Алла: **«Әй, адам баласы! .... шайтанның ізіне ермендер! Өйткені, ол сендерге ашық дұшпан»**. **«Шынайы түрде ол сендерге жамандықты, арсыздықты және Аллаға қарсы білмейтіндеріңді айтуды нұсқайды»** («Бақара» 168-169 аяты),-дейді. Шайтанға ерген, Аллаға қарсы біреулердің көпке тигізетін кесірі осындай болады. Әлде де Алланың Сөзінің үстемдігін жақтаған Мұса (ғ.с.), Исалардың (ғ.с.) қауымдарынан аз ғана топ та, мұсылмандар да бұған сенбей, жалғыз Алланың Сөзіне сенеді. Соның нәтижесінде Алланың Қаһарынан аман келеміз. Әйтпесе, дарвиншілердің Алланың Аятына қарсы бұл үйретулері бойынша кеткенімізде, біз қашан үлкен жазаға ұшырап, орнымызға басқа орынбасарлар келуі мүмкін еді...

Бұған дәлел, «Ағраф» сүресіндегі Нұх (ғ.с.) қауымынан басталатын пайғамбарлар хиссалары.

1929 жылғы кәмпеске туралы пікір де Құдай теңестірмеген тағдырлы адамды теңестірем деген, ұшқары ойлы бір бәлшебектен шықса, ол да қанша елді бостырды, қанша мыңдаған адамдардың аштан қырылуына, соғыстың тұтануына себеп болды...

1935 жылдарда бір сауаты аздау басшының өзінен білімі басымдарды құрту туралы ойы, бақыл біреулердің құлағына тиді де құлай мақұлдады. Ортадан «үштік» дегенді шығарды да қаншалаған ақыл-ойдың сардарларының көзін жойды....

Кеңес үкіметінің тарқауын сөз етпей-ақ, жер бетінде және тарихта бұл мақалға дәлел болар дәйек көп. Бұның түбіне үңілер болсақ, Әл-Фараби бабамыздың тәрбиесізге берілген ілімнің тек қасырет әкелетінін айтқан тұжырымы еске түседі.

Еліміз тәуелсіздігін алған жылдарда, кейбір пенделер Ислам дінін үйренуге шет елге барып, Әбу Ханифаның атымен сөйлейтін, теріс ағымда тәрбиеленіп келіп, әр қайсысы әр облысқа, ауданға бөлініп, ауылма-ауыл, қалама-қала жүріп, гөдек көңіл жастарды жинап алып, уағыз айтты. Ежелден ұлттық салт-дәстүрімізбен тұтасып келе жатқан Имандылық жолына сызат түсірді...

Бұл бір адамның ісі. Кесірі мың адамға тиюде. Біздей адамның бағасын білген, кеңшілігі үлкен елге бұлар артық жұмыс екені рас. Алласы мен Пайғамбары Мұхаммедті (с.ғ.с.), елін жанынан артық сүйетін, бала-шағасының келешегін ойлайтын, намысы бар, ұлт жанды, Иманы таза әрбір қазақстандықтың, бұлардан жеркене қашуы, ел құтының құтая түсуіне қосқан өлшеусіз үлесі болар еді.

\* \* \* \* \*

Тәліптің бабалары да Ислам Жолын қатты ұстанған кісілер болыпты. Кеңес үкіметінің қысымын сылтауратпай бұл да намазын қалдырмады. Баласы Шәріпке де тілі шыққаннан Кәлимасын үйретті.

1987 жылы КСРО-ның тәртібі босаңсыды. 1970 жылдардан ақ, елге сыйлы молда атанып келген Тәліп, енді дінді ашық уағыздап, айналасын намазға жықты. Баласы да діндарлығын күшейтті. 1992 жылдарда медреселердің бірінде дәріс алды. Ел бірігіп мешіт салып, мұны имамдыққа сайлады.

Аңсаған заманы келіп, баласы ойынан шығып, Тәліп арманына жетіп, баласына кеңестерін айтып, бір күні бақилыққа көз жұмды. Әкесінің жаназасын өзі шығарды. Ел Ақсақалдары мұны өте жоғары бағалады. Қандай бас қосуда болса да, әкесінен үлкен қарттар, мұны төрге отырғызатынды салтқа айналдырды.

Шәріп имам бесінші парызын да өтеп, қажы атанды. Жұртты таң қалдырған кереметі көрініп тұрмаса да, ықыластанғандарға дұға оқып беріп, олар одан шәрәпат көріп, біреулері ауруынан айығып, мұның мәртебесі аса берді. Ел ерекше құрметтеп, алдынан кесе өтпейтін болды. «Имам айтыпты не Шәріп қажы айтыпты», деген бірденені құлақтары шалса, иіле қалатын жағдайға келді.

Бірақ, елге сездірмегенімен өте қызғаншақ, іші тар еді. Адам алалайтын. Елдің беделділеріне бірсөзді көрінгенімен былайғы



жұртқа, көп уәде беретін, орындамайтын. Өтірік айтудан шімірікпейтін. Біреулер: «Құранда осылай деп айтылған», дейді, рас па?»-деп бір нәрсені өтіріктен сұраса да: «Иә, Құранда бар»,-деп айта салатын. Ойдан өтірік хадис тоқитынды да шығарды. Құранның қазақшасын, хадистер топтамасын оқығандар, мұның өтірігіне таң қалып жүрді.

Елде бұл туралы өсек те тарайды. Бұған жаны ашыған бір немере ағасы оңашада ескерту жасап жүрді, бұл ескертулерден қорытынды шығармағасын, ол мешіт қызметкерлерінің алдында кәдімгідей: «Ислам дінінің атын бұлдірме, имам атыңа лайық тірлік жаса!» -деп ашық айтатын жағдайға көшті. Тіпті, бірде: «Сен Алланың ризашылығы үшін емес, нәпсің үшін, садақа мен жаназа үшін имам болып жүрсің!»-деп те күйінген.

Және бірде: «Ауылда діні Мұсылман татар, өзбек, ұйғыр, эзербайжан, шешен бауырлар бар, оларға ұлтымызды; орыс, неміс, украин, чуваш туыстар бар, оларға дінімізді маскара қылма!»-деп кеңесін де айтқанына Алла куә...

Арадан он жыл өтті. «Жігіттер сыйға берді»,-деп, немістің елінен келген қымбат мәшін мінді. Бір бай: «Мына мерседесті тойға, қыдырғанда мінесіз. Ауыл арасына мініңіз»,-деп жигули мәшін сыйлапты. Ылғи сыйлық...

Кеңестері сен ескертулерінен нәтиже шығармаған інісіне налыған ағасы мешітке келуді сирексітті. Тек Айт намаздарға барады. «Бүгін Жұма намазда көрінбедің ғой?! Негізі сен мешітке барғанды азайттың-ау, бұрын барғыш-ақ едің»-дегендерге: «Ден саулығым өзіме керек. Менің міндетім ескерту болатын, айттым. Бір емес, бірнеше мәрте, тіпті, жанына батырып та айттым. Ол қаперіне де ілмейді...

Алла сақтанған Құлын жақсы көреді. Ол сақтанбады. Мен сақтанайын. Оны түзей алмаймын. Қаласа Алла ғана Тура Жолына салады. Алласыз оны түзеймін, деп жүріп өзім ауырып қалармын...»,-деді.

Ал, көлеңкесіне мәз Шәріп, ағамды налыттым-ау, демеді. Ол неге мешітке келмей жүр, деп те бас қатырмады. Керісінше, оның көзіне көрінбегеніне, өзінің еркін болғанына мәз.

Бір күні жигулиімен келе жатқанда, бұрылыста, қарсы келген мәшін мұны соқты. Ол имамның мәшініне зиян келтіргеніне өкініп, өзі ақшасын төлеп жөндеп берді. Бұл бұл оқиғаның өзіне

ескерту екеніне мүлде мән берген жоқ. Өзінің аман қалғанына, мәшінінің тегін оңдалғанына шат.

Арадан жыл өткенде, мерседесімен аударылды. Өзі де, мәшіні де аман...

Ақ шапан мен ақ сәлдесін киініп, иіссудан қайта-қайта үстіне құйып, бет-ауызына жағып, жылтырап жүреді. Көрер көзге сүйкімді. Араласпаған сырт адамға бұл бір әулие, бұл бір керемет дуахан, арамдыққа түк араласпайтын пәк адам сипатында.

Бірақ, немере ағасынан бастап, іштей налитындар көп еді. Олар мұның имамдығына емес, Исламның атын бүлдіріп жүргеніне налитын. Жоғарыға арыздануды да өздеріне әбес көретін. Тек Алладан сұрайтын.

Алла Тағала «Әли Ғыман» сүресінің 178-аятында күнәкарларға күнәсін арттыра түсуі үшін мерзім беретінін, ал, «Мәриям» сүресінде: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) көрмедің бе? Кәпірлерге, оларға түрткі салатын шайтанды жібердік». «Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз»** (83-84-а),-деген. Шәріп бұл Аяттарды оқымаған. Онда Құран арқылы іздену жоқ. Әкесінен, медреседен, елден есіткенімен жүр.

Имам болған жиырма жылында, бірнеше жамандықтарға тап болды. Отбасында да имамға сай келмейтін көңілсіздіктер жүз берді. Бұл оларды маған жасалған ескерту, деп емес, атеистердің үлгісімен, өмірде бола беретін заңдылық деп түсінді. Алласыз ештеңе болмайтыны хақындағы Аяттарды есіне де алмады. Халыққа ештеңе сездірмей, сырт киімі жылтырап, иіссуы бұрқырап жүре берді.

Міне, Алла санап отырған күн де толыпты, имам үйінде құптан намазында, этәхиятқа отырғанда, орнынан тұра алмай, тұруға ұмтылғанда, оң жағына аударылып құлапты. Ізінде ұйып тұрған ұлы мен әйелі, қызы қорқып кетіп, бірден орнынан тұрғызбақ болған.

Бұл тұра алмаған...

Бұл хабар ағасына жеткенде: «Дініміз бен ұлтымызды басқа ұлттардың арасында масқара қылдау!...»-депті, ашуланып.

Құранда Алла ештеңені ескерусіз қалдырмайтынын, тозаңның салмағындай кінә болса да күнәкардың алдына әкелетінін ескерткен.

Иә, Шәріп осылай жазасын алды. Бірақ, бұның мұнысы, ағасы айтқандай, мұны жақсы білмейтін, намазға жығылар жығылмасқа екі ойлы болып жүргендердің Аллаға сеніміне селкеу салды. Олар: «Осы Алла бар, Ол жамандықтардан сақтайды, деген сөздерге мен күмәнданып қалдым. Егер бар болса, күшті болса, мына Шәріп ағамызды неге инсульттан сақтап қалмады? Бұл бір Алланың жолында жүрген, таза иманды имам еді. Қажылыққа да барып келген. Қане, сақтағаны?!...», «О-о-о! Оның қырағатын айтсайшы!...», «Ол уағыз айтқанда шыбынның ызыңы естілмейтін. Бірақ...»-деп, Құдайды кінәлайтындар көбейді.

Расында Құранның «Хаж» сүресінің 38-аятында Алла тағала Иман келтіргендерді Өзі қорғайтынын айтқан. Шәріптің бұл құлауы, Құранның осы Аятын бекерге шығарғандай болып тұр. Құранды, Ислам дінін жақсы білмейтіндер, бұл Аятты бос сөздей көріп қалары сөзсіз. Бұл үшін Шәріп Ақыретінде бұданда ауыр жаза алады («Бақара» с. 85-а).

Міне, «Бірдің кесірі мыңға»,-дегеннің тағы бір мағынасы – ең маңызды мағынасы осы.

\* \* \* \* \*

Әлімхан есімді ағамыз бір әңгіме айтып беріп еді. 1979-80 жылдары Ташкеннен жүк алып, Газлиге келе жатып, жол бойында қол көтерген бір жолаушы жігітке тоқтап, мәшініне мінгізіпті. Таныса келе, алды кеш болғасын, сол жолаушы жігіттің үйіне қоныпты. Жолаушының қарт әжесі бар екен. Сәлемдесіп, төріне шығарған қарт ана: «Мен қазақты мәрт халық, деп, ойлаушы едім!»-деп, өзінің туған қайын ағасының шаңырағына тиесілі, өзі куә болған бір хикаяны әңгімелепті.

1929 жылғы кәмпескенің кесірінен аштыққа ұшыраған бір қазақ, ел қатарлы босып бара жатып, жолда әйелінен айырылып, жерлеп, бес жасар жалғыз қызымен, қазіргі Жыззақтың бір қыстағына жетіпті. Перзенті жоқ, бірақ, еліне сыйлы шал мен кемпірдің үйіне тура келеді. Олар барын дастарханына салып, Құдайы қонағын төбесіне көтеріп, құрмет көрсетіп, бірнеше күн күтеді. Қазақ кетемін деген күні шал, алдағы жоспарларын өзінен сұрап біліп: «Інім, жас жігіт екенсің. Алла басыңа осындай тағдыр салыпты сабыр ет. Алла қаласа, мұраттарыңа жетерсің. Біздің сізден бір өтінішіміз бар. Көріп отырсың, бізде перзент

жоқ. Құдай бермеді. Сен мына қызбен қиналарсың. Қыздың жолы нәзік, оны да азапта қалдырарсың. Өмірі бар екен, аман-есен бізге дейін жетіпті. Мақұл көрсең, осы қызыңды бізге беріп кет. Біз бала қылып алайық, сағынсаң келіп, көріп тұрарсың. Біз баланың тырнағына зар болған мұңлықтар едік», -деп, өтініш жасапты. Бұл келісіпті. Қызы да көніп қалыпты.

Шалдың мықты есегі бар екен. Соны мінгізіп, жол қажетін түгелдеп, екі қап бидай да теңдеп беріпті. Сонымен бұл кете береді.

Бауырына бала бітпегеніне ызалы ана қызды өбектеп бауырына басып, аялайды. Шал да қызым деп, қуанып, барын беріп, қызды өз баласындай етіп өсіре береді.

Ауған аспақ болған қазақ, шекарадан өте алмай тәжіктердің арасында қалады. Тәжіктің бір байы босқан қазақтардан түйелер сатып алған. Бірақ, өмірі түйе ұстап көрмеген ол, бұл жануарларды қалай күтуін, қалай пайдалануын білмейді. Бұл қазақ осы тәжік байға кез келіп, түйе бағарларына бас болады. Адал қызмет етеді. Тәжік байға жағады. Ол бұған киіз үй сатып алып береді. Үйленуіне көмектеседі. Өз-өзіне келген қазақ, тәжік байға, жолда қызы қалғанын айтып, бір түйеге төрт қап бидаймен, баяғы есегінің орнына ат атап, қасына және бір серік ертіп, шалға келеді.

Келгендегі мақсатын айтып, шадыман бақтың құшағында жасап жатқан үш жанның тұнығына ойран салады. Қарттар қанша өтініштер жасағанмен, қыз бармаймын, деп, тартынғанмен, төрт қап бидай мен атты тастап, қызды жылатып алып кетеді. Арадан екі апта өткенде, бишара қарттар шыдамай: «Қызымызды көріп келейік!» -деп, қызына жаңа көйлектер мен базарлықтар алып барса, азаның үстінен түсіпті. Қыз келгеннен ауырыпты. Ел болып білген емдерін жасағанмен жазылмапты. Қарттар келген кезде, бұлар қызды жерлеп келіп отыр екен...

«Ашаршылықтан азап көрсе де менің қайын ағам мен абысынымның қолына аман жетіп еді. Құдай оны соларға бола ажалдан сақтаған болар. Аш кезінде, жағдайының жоғында қайтып алмасқа сөз беріп, кейін уәдесін бұзған осы қазақты көргенімізде, қазақты ерекше ер халық, мәрт халық деп, жүрген біздің отбасымыз, ағайындылар ғана емес, бүкіл ауылымыз, қазақтар туралы басқа ойда қалдық», -деп, әңгімесін қорытындылапты.

«Бірдің кесірі мыңға»,- деген. Шынында, менің байқауымша, әлем халқы қазақты тауларындай биік Рухты, орманның тұнық ауасындай таза, даласындай дархан халық деп, бағалайды. Бірақ, орыстың шаванис тарихшылары мен кеңестіктер қазақты араласып үлгермеген елдерге теріс таныстырды. Соның сипаты ретінде елдегі осындай көргенсіздер абыройымызға нұқсан келтіреді...

Сол қыз жолда өліп қалғанда қайтер еді?! Бабаларымыз: «Қызды жау да алады»,-деген. Ұл емес қой! Құдай осылай кездестірген бұл қарттар ұлты өзбек болғанмен тілі түсінікті, түбі-түрік, Мұсылман еді, бауырымыз еді, көрші еді. Сол қыздың себебімен өкіл бауыр кірісіп, қызды қазақ жігітіне ұзатуға баталасып, Алланың ризашылығынан үміттеніп, қарттарды қуантып өткенде, мақтаулы еліміздің де атына және бір жақсы естелік қалған болар еді! Алла бізге ақылды орнына жұмсап (2), міндетсіз игіліктер мен ізгіліктер (3) істеуді бұйырып, Құраны мен Елшісін (с.ғ.с.) жіберіп ескерткен еді ғой!

- - - - -

1. «Ағраф» сүресінің 19-25 аяттары: «(Алла): «Әй, Адам! Сен және жұбайың жаннатқа орналас. Екеуің қалағандарыңша жеңдер. Алайда, осы ағашқа жоламаңдар. Сонда (егер жоласаңдар Н.Қ.) залымдардан боласыңдар». «Сонда шайтан, ол екеуінің ұятты жерлерінің ашылуы үшін азғырды да: «Раббыларың сендерді осы ағаштан, екеуің періште болып кетеді немесе (осы Бейіште Н.Қ.) мәңгі қалып қояды, деп, қана тыйған»,-деді». Және: «Шынында мен екеуіңді үгіттеушілерденмін»,-деп, ант ішті». «Сөйтіп екеуін алдап түсірді. Сонда екеуі ағаштан татқан сәтте, ұятты жерлері ашылып кетті. Екеуі ұялып жаннат жапырақтарынан үстеріне жапсыра бастады. Раббылары екеуіне: «Екеулеріңді осы ағаштан тыймап пе едім? Расында шайтан сендерге ашық дұшпан демеп пе едім?»-деп, дауыстады». («Адам ата мен Хауа ана): «Раббымыз, біз өзімізге кесір істедік. Егер сен бізді жарылқап, мархәмет етпесең, әлбетте, зиян етушілерден боламыз»,-деді». «(Алла): «**(Жаннаттан) бір-біріңе дұшпан болып түсіңдер.** Сендерге жер жүзінде бір мерзімге дейін тұрақ және пайдалану бар»,-деді». «Ол жерде тіршілік етесіңдер де ол жерде өлесіңдер. Және ол жерден қайта шығарыласыңдар»,-деді».

«Жүніс» сүресінің 100-аяты: «Алладан бұйрықсыз ешкімнің иман келтіруі мүмкін емес. Алла азапты ақылын жұмсайтындырға береді».

3. «Бақара» сүресінің 262-аяты: **«Сондай қайыр істегендер бергендеріне міндетсу, ренжіту араластырмаса (беріп алып бұлданбаса, кейітпесе), оларға Раббыларының хұзырында сыйлық бар. Сондай-ақ, оларға қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды».**

\* \* \* \* \*

Сүлеймен (ғ.с.) той жасайтын болып, Алладан рұхсат сұрапты. Алла рұхсатын беріп тұрып: «Тойыңды Ніл дариясының жағасына жаса!»-депті. Сүлеймен (ғ.с.) солай етіпті. Тойға атап, дарияның бойына шығыстан батысқа қарай тігілген үйлердің мына шеті мен ана шетіне жаяу адам қырық күн жүреді екен. Той басталып, қонақтар келіп, қонық үйлерге жайғастырылып, қызметшілер атпен жүріп тойтамақ тартып жатқан. Сырнай, керней сарнап, бишілер ортаны толтырып, той қызығы есті алып, адамдар дүниені ұмытып тұрғанда, дариядан бір нәһан балық шығыпты. Ол шығысқа қарап бір жұтынып, барлық үйлердегі дастарханда тұрған тойтағамдарды жұтып жіберіпті. Батыс жағына қарағанда бұл жақтағы үйлердегі дастархандардағыларды жұтқан. Бұған түсіне алмаған Сүлеймен (ғ.с.) Аллаға қайта мінажат етіп: «Мен тойды Өзіңнің рұхсатыңмен істеп жатыр едім ғой! Бұл қалай болды?»-депті. Сонда Алла Тағала сүйікті Құлына: «Сен тойға ғана рұхсат сұрадың. Берекесін сұраған жоқсың»,-депті. Сол айтпақшы, біздің әрбіріміз Алладан не тілесек те қайыр-берекесін қоса сұрауға міндеттіміз. Онсыз қателесеміз. Себебі, Иман мен денсаулық, тыныштықтан басқа сұрап алғалы тұрған нәрсеміз біздің тағдырымызға не беретінін білмейміз.

Бірде сот мәжілісінде, сотқа тартылған жігітсымақтың әкесімен танысып қалғам. Аты – Жамал екен. Мамандығы – құрылыс шебері. Бір әке-шешеден сегіз жан өрген жанұядан шығыпты. Бұрын да көшеде талай көріп жүрген, сырттай білетін адамым еді. Осы танысудан кейін, сыры мәлім болып қалғандықтан ба, көзіме өте жасық, мұңлы көрінетін болды. Өзі де өзін сезініп, менің көзіме түспеуге тырысатын сияқты. Бір мерекеде көптің арасынан байқап қалдым да сәлемдесу үшін, лажы болса, жақын сырласып, менен жасырынбуын айтпақ болдым...

Оңаша отырып көп әңгімелестік. «...Сіз сотына қатысқан баламнан»,-деді де бірденеден сезіктенгендей, маған жалт қарап,

жымиып, дауысы дірілдеп: «Балам деймін!... Қайтейін, балам ғой!»-деп, біраз үнсіз отырды. Мен жұбату айттым. Ол бір күрсініп барып: «Сол сіз білетін баладан үлкені одан бір жыл бұрын көрші қалада сотталып кеткен еді...», -деп басын төмен салып, еңкілдеп жылады....

Кесесіне шәйнектегі ыссы шайдан құйып алды. Кесесін ауызына апармақ болып көтергенде, тынышы кеткен жанына бағынбаған қолы қалтырап эзер апарды. Сыр бермеуге тырысып ыссылай бірнеше ұрттады. Бойына бір батылдық жинағандай, кеудесін тіктеп: «Әтәсіне нәлет! Құдай жетесіне бермесе, бәрібір екен ғой! Сіз жазу-сызудың адамысыз. Сізден ештеңе жасырмайын. Жазарсыз. Жазбасаңыз қалар», -деп, дауысы булығып барып: «Бұл жалғанға мен де келдім», -деп, кемсеңдеп, бірнеше минут кідірді.

Жүрегіндегі өзімен мұндас бір шері сыртқа шыққысы келіп, бұлқынып, жігіт жанын езіп баратқандай. Басу айттым. «Өзіме өзім опасыздық қылмаймын. Мен өмірі арақ ішіп, темекі тартып көрмегем. Бұл дүниеге келген жанның кететіні де заңдылық қой! Бірақ, мен ізімде намыссыз бұзекерлерден басқа не қалдырдым!...»-деп, өзін эзер басып отырып өткен өмірін баяндады.

Сонымен, өмірді сүйетін Жамал, жігіт кезінен, өз мойнында әке болу деген міндет барын сезінгеннен жар тандауға көңіл бөлді. Бірақ, ойлаған қызы әкесіз, жанұя жағдайы бұдан төменірек болса да мұны қаламады. Сөйтіп жүріп, орта шаруа, көп балалы отбасында тәрбиеленген Гүлгүлім деген ауылдық жердің қызына үйленді. Құда мен құдағайлардың, құда балалар мен құда балалардың, құдашалар мен құдашалардың сыйластығы тамаша болды. Пәк сезімдер мен ақ жүректердің ұғымындағы ыстық махаббаттың қызығы үстінде келіншегі құрсақты болды. Екеуі де мәз. Жамал Гүлгүлімге құрсағындағы қуаныштарына жан біткеннен жасалуы тиіс тәрбиесі туралы өтінішін айтты. Солай тәрбиеленді. Ай, күні жетіп, тұңғыш перзенті Жамал ойлағандай дені сау, сергек болып туылды. Атын әкесі Жамал мен келінінің келісімін сұрап, Айжамал қойды. Апталар ысырылып, айларға толып, арадан екі жылдан да көп уақыт өтті. Қайын жұрты түгел қатысып, оның үстіне аға-іні, апа-қарындастарының қайын жұрттары мен ағайындары, көршілері жиналып шілдехана



тойын, кейін бір жасқа толғанын, екі жасар болғанын бірге атап өткен апақ-шапақ күндер де артта қалған.

Айжамал екі жасты толтырған жылы, Жамалдың жұмыс жағдайына қарап, үлкендер ақ батасын беріп, бұлар бөлек үй алып алысырақта жасаған. Тұңғышы атасы мен әжесінің қолында қалған...

Өкінішті жері, оңаша отаулы болғасын Гүлгүлім бұл күтпеген жаңа әдет шығарды. Жұмыстан келу алдына біреудің жаңа киген көйлегін не сырға, сақинасын сылтау етіп, бір жанжал дайындап отыратын болды. «Айлығыңнан жырып әке-шешене беріп жүрсің», -деп те негізсіз жала жабады. Әйтеуір, күнәра жоқ жерден бір дау дайындап отыратын. Осы жері Жамалға қиын соқты. Бұл дерттен қайтарамын деп, өзінің күнәсіздігін дәлелдеп жүргенде жанұяда талай айқай да жүз берді. Осы арада бұл дүниеде несібесі бар перзенттер де келді. Елге жанұяның сыры да ашылып, қадыры да селдіреген. Өзінің адал екеніне Гүлгүлімнің көзін жеткергенше, жанұя бұзылмағанмен жаманатты жылдар өтті.

Жігіт болған шағынан елден бөлек ақылды балаларға әке болуды армандаған Жамал, Гүлгүлімге әрқашан жақсы ниетте болуды көп ескертетін. Сонда жұбайы: «Ой, осыныңды қойшы, бала тауып берсем болды!»-дейтін, жұлқынып. Себебі, оның ауылында бір отанасына Құдай бала бермеген, ал, тағы біреуі бала сүйгенімен екі-үш жасқа жетпей қайтыс болады екен. Гүлгүлім бұлардың осы армандарын айтып мұңайғанын талай көрген. Перзентсіздіктен зарланып жылағанынан шошынған. Содан бұл, солардай болып жыламас үшін, қандай бала тапса да әйтеуір, бала табуды ғана мақсат еткен. Ердің беделі, жанұя мен балалардың бақыты туралы тағлымдар мен тәрбиеден хабарсыз.

«Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы» елге тарайды», -демекші, кұнарасын құр өткермейтін жанжалды көршілері, қайын жұрты есітіп, білді. Бірнеше мәрте шешесі келіп, ақылын да берген. Баяғы қалың қол қоғамдастық қалды. Бұлар ажыраспағасын құда-құдағайлар лажсыз қатысады. Бірақ, салқын. Құда балалар мен құдашалар бір-біріне ұзақтан қарайтын болды.

Қайын енесі жиі хабар алатын. Елуінші жылдардың ауылының келіні ғой. Түк көрмеген надандығы мен «еркек пен әйел тең құқықты» деген заңды қосып ұстап, өзін де, қыздарын да бүлдіріп жүр. Гүлгүлімнен үлкен екі қызы күйеулерімен бес

жыл отасып ажырасқан. Шешесі олардың маңдайынан сүйіп қарсы алып, төріне отырғызған... Енді Жамалдың төзімін таусалмай жүр. Ол қандай жағдайда да тіпті, Гүлгүлімнің айыбын толық көріп тұрғанның өзінде Жамалды айыпты ететін. Сондай-да Жамал: «Әкем мен шешемді ұятқа қалдырдым-ау! Жазығы не еді, бейшаралардың?!»-деп, қиналып ажырасуды да ойлаған.

Бірақ, сүйіп үйленген жармен ажырасуды еркек басына ар көріп: «Әйел жұрты әйел ғой. Сөзге еру, өсек айту, жылтырағанға көз сүзу, тіпті, ажырасу оларға болар. Маған болмайды. Бұл мен үшін ең ұятты шешім. Сүйіп алған жарым дегесін, жігіт атыма лайық емес. Мен жігітпін. Жігіт атыммен сүйгенмін. Екіншіден, ең ауыр жері-перзентіміз бар. Үшіншіден, бұл да пенде ғой. Жүріп-жүріп өз кемшілігін түсінер. Ақырына дейін үмітімді үзбей үгітімді айтып күтейін!»-депті.

«Бір күн ауру, бір күн сау»,-демекші, бірде араз, бірде тату болып жүргенде арадан жиырма жыл өтіпті. Айтқанындай-ақ, Гүлгүлім бір күндері өз қатесін түсініпті. Миының ашылғаны соншалықты, жаны жаз, мейірімді де кешірімді, төзімді, мықты Жамалдан кешірім сұрапты.

Алдымененгі азғыруды өзінің бір жеңгелері бастаған екен... Кейінін Гүлгүлімнің жұмсақтығын жақсы білетін, сыныптас бір сырластары жалғастырыпты, байды олай ұстау керек, былай ету керек. «...Ой! Ол бұрын: «Ерің-пірің»,-дейтін. Қазір ер, әйел деу жоқ. Бәріміз тең құқықтымыз. Менің ... иіліп төсек, жайылып жастық болады. Еркексініп: «Мен» дейтін болса, мен оған өйттіріп қоймаймын...»,- деп, ақымақ қылып жүреді екен. Жасы қырыққа келгенде осыған көзі жетіпті. Енді қайтып сөзге ермеске ант су ішіпті. Бірақ, кеш болған еді. Қолда бар екі ұлы мен бір қызы жиі-жиі болып тұратын айқайдан бұларды жат көріп кеткендей. Оның үстіне, онаша отырғанын жақсы көретін, бала тәрбиесіне олақтау Гүлгүлім көбіне бұлардың далада ойнағанын қалайтын. Ойнап-ойнап үйім бар, әке-шешем бар, деп келгенде шешесінің «шаңқытып» жатқанының үстінен түсіп, жетім балалардай мұнайып, бір-біріне паналап, көңілдері құлазитын. Сондайда да бұларды жұбататын Жамал еді... Өстіп өскен балалар, қадыры кеткен әке-шешелеріне мойынсына да бермейді. Анау-мынау тәрбие мен өсиеттерді қабылдай алмайтын...

– Осы күні Гүлгүлім, сөзге еріп мені ренжітіп, жанұяның абыройын төккенімен қоса, бала тәрбиесіне олақтығына өкінеді.

Басына ұрып, жылап, бармағын шайнайды. «Сенен ұяламын!...»,- деп те қиналады. Содан ба, жиі ауырады. Бірақ, амал не?

Мен Айжамалдың тәрбиесін де білмек болып:

– Айжамал сендерді біле ме?

– Оны айта алмаймын. Ол бізді аға, жеңеше ретінде танитын сияқты. Дегенмен ол жақсы өсті. Мектептен кейін мұғалімдікке оқыды. Қазір жанұялы.

Дүниені бүлдіретін осындай азғырушылар екен ғой, аға! Мен тек өзімнің жанұямды білемін. Мұндай бұзғыншыларға алданып басын тасқа ұрғандар қанша ма? Оны білмеймін... Бірақ, менің жанұяма қатты қасірет әкелді...

Екеуміз де үнсіз қалдық. Оны түсініп отырмын. Қасіреті – балалары.

– Өттеген-айым көп! Жанұялы болған өмірімнің біраз бөлігін әйеліме сөз түсіндіруге бөлген болсам, қалған жағы балаларымның күйігімен өтіп барады,-деп және тебіренді.

– «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал»,-дегенді де осы жолымда өте терең түсіндім. Өзі тәрбие көрмеген ана, баласына да тәрбие бере алмайды екен ғой!

Жанұялы болуды, перзенке әке болуды тілепін де сол жанұялы өмірімнің берекелі болуын, балаларымның қайырымды болуын сұрамаппын! Балаларым енді қайтып, қатарға қосылмаса керек! Ізгі буынға көрсететін үлгісі де тек бұзықтық болар... Осымен менің соңым да біткен шығар!...

– Алла Тағала Құранда үміттің жақсы дүние екенін айтқан. Алла қаласа, Гүлгүлім сияқты олар да бір күні жақсы мен жаманды түсініп, беттерінен қайтар.

– Қайтады ғой! Елге кеткен қадірімді айтамын! Оны қайтара алмаймын ғой!

– «Әуелден ақырымды бер»,-деген, күйзеле берсең, ауруға шалдығасың. Ол-бұдан да жаман. Жігіт екенсің. Тау көтере алмас тағдырды кешіп өтіпсің. Енді Аллаға: «Бұл көрсеткеніңе де шүкір!»-деп, денсаулық тіле,-деп, жұбаттым.

«Бірдің кесірі мыңға»,-деген. Жанұяның берекелі бикесі болудың дұрыс үлгісін көрсете алмаған Гүлгүлімнің анасы, қанша жанға, қанша жанұяға кесірін тигізді...

Құдай Жамалдың алдынан жарылқасын! Алдынан!..

Құранның «Әнфал» сүресінің 25-аятында: «**Және ... жеке залым болғандарға ғана кесірі тиіп қалмайтын пітнеден сақтанындар...**», - деген. Осы сүренің 46- аятында: «**Аллаға әрі Елшісіне бой ұсынындар, өзара жанжалдаспаңдар, онда үрейленесіңдер де құттарың қашады және сабырлы болындар. Расында, Алла сабырлылармен бірге**», - деп, ескертеді. Жалғыз Құдайды ойлап, Оның Жолында адал жүрейік, Алланың әмірлеріне жүректен амал жасайық. Құдай мешітке келгенде басына орамал байлап, көшеге шыққаннан шешіп тастайтын, өзін-өзі алдап жүргендер мен көптің көзінше сыпайы көрініп, оңашадағы ойы арам, құлағы мен тілі бұзық екіжүзділермен кездестірмесін. Елімізді де, отбасымызды да олардың кесірінен сақтасын!

\* \* \* \* \*

Алланы алдаймын деген адам – ең әлсіз адам. Әлсіз әркім өзін алдайды. Қаланың айналасында толып жатқан зауыттардың бірінің директоры, Алланың Жолында жүрген болып, ел қатарлы садақа береді. Мешітке көмектеседі: жөндеуге бірдеңе қажет болса бере салады, көмірмен қамтиды, газетке жазылу кезінде елу шақты оқырман үшін жылдық газеттің ақшасын төлейді. Зекет, пітірін Фикһ ережесімен емес, өз есебімен ғана береді.

Сырт көзге осылай көрініп жүрген оны, имамдар да, халық та Иманды адам есептейді.

Бірақ ол, жұмысшыларына әділетсіз. Мешітке және үкімет сұраған жәрдемге кеткен қаржыны зауыттың табысынан емес, жанұя асырап отырған өзіндей әкенің-жұмысшыларының маңдай тер ақысынан қайтарып қалады. Мәселен, қаңтар айында жұмысқа қабылданған адамға наурыз айының аяғында еңбек жалақысын береді. Себебі, зауыт оның меншіктісі. Артық ақша шығындамай, үсті-үстіне күн сайын қосып отыруы керек. Сондықтан, жаңа келген жұмысшының қаңтардағы еңбегінен келген табысты айналымға қосып, зауыттың қорында қалдырып, ақпан айындағысын директордың жеке меншік есебіне салып, наурыз айының табысын айдың соңында жұмысшының қолына береді. Ол да толық емес. Оған дейін оның жұмысшысы немен күн көреді? Жанұясын қалай асырайды? Оған оның басы қатпайды. Себебі ол: «**Адам өзіне тілегенді басқаларға да**

**тілемейінше, шынайы Мұсылман бола алмайды»**,-деген, Расулалланың (с.ғ.с.) хадисін білмейді. Сондықтан онда Ақырет туралы, қиянаттың Қияметтегі сұрауы хақында мүлде түсінік жоқ. Оның ойында, Имандылық-деген, мешітке бергендерімен есеп. Сауап істеу, қайырым жасау, азаматтық ету – оның түсінігінде баяғы заманның кәдесі. Ескілік. Осы дәлдүріш Имандылықтың кесірінен зауытқа жақсы үмітпен келген талай жұмысшы, өкінішпен босап кетіп жатыр. Директорға ол қызық емес. Жұмыс іздеген адам көп. Біреу кетсе, бұл директордың сырын білмейтіні я мәжбүр біреу келеді...

Осындай басшысы бар зауыт, іс бастағанына қанша жылдар өткенімен өзгерген жоқ. Сол баяғы қалпында ғана. Адамдар, әсіресе, кеше ғана атеизмнің құрсауынан шыққан, әлі күмән мен күдіктің ортасында жүрген адамдар, мешіттегілер: «Бұл адам мешітке осынша көмектер беріп келе жатыр, садақа, зекет, пітір беріп, кейде Айт намаздарға қатысады. Сонда да ісі ілгері баспайды. Зауыттың не директордың атын жоғарыдан естімейміз?...»-деп таңырқайды...

«Бірдің кесірі мыңға»,-деген. Егер көптің назарына түсіп жүрген директор, өзін байытып отырған жұмысшыларын өзіндей көріп, олардың адал еңбектеріне әділетті болғанда, міндетсіз құрметтегенде өзі армандаған – адамдар іздеген биіктен көрінер еді! Мұнысы, адамдардың Аллаға деген махаббатын арттыра түсіп, көп сауаптарға кенелер еді.

Ал, қазіргі әрекетімен көпке кесірін тигізіп отыр. Мұнысымен ол, Алланы да, адамдарды да алдай алмайды, тек өзін ғана алдап жүр. Директордың, Құрандағы: **«Алла көздердің қиянатын және көкректердегі құпияны біледі»**,-деген Аяттарды білмейтіні қандай өкінішті.

### **«Нар тәуекел – Ердің ісі»**

Бұл – мақал «Тағабұн» сүресінің 13-аятының хабары. Аятта: **«Алла бар. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ. Сондықтан Момындар Аллаға тәуекел етсін»**,-деген. Ал, «Нахыл» сүресінің 41-42-аяттарында: **«Сондай! Зұлымдыққа ұшырағаннан кейін, Алла Жолында босқандарды, дүниеде жәйлі қонысқа орналастырамыз. Егер олар білетін болса, Ақыреттегі сыйлығы**

**тағы да үлкен». «Олар – сабыр етіп, Раббыларына тәуекел еткендер»,-деп, тағы да қанық түсіндірген. Демек, әрқашан, әр қандай істе Аллаға тәуекел ету – Алланың сыйлығына жетудің кепілі болмақ.**

Құранда Алладан ғана қорқуды және «Әли Ғымран» сүресінің 159-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға Алланың Мейірімі бойынша жұмсақ сыңай байқаттың. Егер тұрпайы қатал жүректі болсаң еді, әрине, олар маңайыңнан тарқап кетер еді. Сондықтан оларды кешірім етіп, олар үшін жарылқау тіле де іс жөнінде олармен кеңес қыл. **...қашан қарар берсең, Аллаға тәуекел ет. Негізінен Алла тәуекелшілерді жақсы көреді»,- деген.**

Неге Алла тәуекелшілерді жақсы көреді? Өйткені, олар – Шындықтың Жолындағы Тақуа жүректілер. Алланың «Момындармен бірге...» («Әнфал» с. 19-а) екеніне, өздеріне көмектесетініне өте сенімді. «Нәміл» сүресінің 78-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **Аллаға тәуекел қыл. Өйткені, сен апашық бір Шындықтың үстіндесің»,-дейді. Мұсылмандардың Пайғамбары – Мұхаммедке (с.ғ.с.) айтылған бұл өсиет барлық Мұсылманға парыз («Ниса» с. 80-а). Бұлар – жүректен құлшылық қылатын таза Имандылар, бұлар – уәдесіне опа қылатын Тақуалар, бұлар – өзінің ризығы мен табысындағы өзгелердің ақысына қиянат қылмай, қызғанбай беретіндер. Сондықтан өздерінің әрқашан да Алланың қамқорлығында екендіктеріне және Алланың өздеріне нүсрет беретініне сеніп («Әли Ғымран» с. 160-а), Аллаға тәуекел етеді.**

«Ниса» сүресінің 80-81-аяттарында: **«Кім Пайғамбарға бағынса, расында Аллаға бағынған болады. Ал, кім бет бұрса, (Мұхаммед) оларға сені андушы етіп жібермедік». «Олар: «Бойұсындық»,-деп, қашан қасыңнан айырылса, олардан бір тобы, түнделетіп сен айтқаннан басқаны кеңеседі. Алла олардың түнгі күңкілдерін жазады. Сондықтан олардан бет бұрда Аллаға тәуекел ет. Алла толық кепіл»,-деп, кеңес берсе, Мұхаммед (с.ғ.с.) айналасындағы торып жүрген кәпірлер мен мұнафиқтардан қорықпай, кеңесті орындады. Ол – нағыз Ер. «Ахзап» сүресінде: «Әй, Нәби! Аллаға Тақуалық істе де кәпірлер мен мұнафиқтарға бағынба...». «Раббыңнан Өзіңе уахи етілгенге ілес...». «Аллаға тәуекел ет. Ол уәкілдікте жеткілікті» (1-3-а),-десе, 23-аятта: «Момындардан Аллаға деген уәделерін**

**Шындыққа шығарған Ерлер бар.** Олардың кейбіреулері жандарын құрбан қылды. Және кейбіреулері күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады», -деп, тәуекелшілердің Аллаға берген сертінде тұратынына – Кәлимасына адалдығына ишара жасайды. 48-аятта және де: **«Кәпірлер мен мұнафиктарға бойұсынба. Олардың жәбір-жапаларын елеме. Аллаға тәуекел ет. Алла кепілдікте жетеді»**, -деп, қарсылардан қорықпай Аллаға тәуекел етуді қайталайды.

Алланың тәуекелшілерді жақсы көретіні – олар: **«Расында бізге Тура Жолдарымызды көрсеткен Аллаға сенім артпай не болды?!...»** («Ібраһим» с.12-а), -деп, Аллаға шүбәсіз сенумен бірге, Құранда айтылған барлық оқиғалардың Шындығын күмәнсіз жүрекпен қабылдайды, сол сенімі себепті әмірлер мен үкімдерді, өсиеттерді мінсіз орындайды. Алла үшін өлімнен де қорықпайды.

Неге нар тәуекел? «Нар» парсы сөзі – үлкен деген мағына береді. Демек, әйтеуір тәуекел емес, барынша ынтыға берілген – Алла үшін өлімге бас тіккен үлкен тәуекел – Ердің ісі болады.

Неге тәуекел Ердің ісі? Себебі, адамзат көзіне көрніп тұрған нәрсеге ғана шүбәсіз қатты сенеді де, көрінбейтін, бірақ, Ақиқат бар Аллаға күмәнда болады. Ал, алаңсыз сенетіндер: **«Алла бар. Одан басқа Тәңір жоқ...** («Табағұн» с. 13-а), **«...Алла маған жетеді. Тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін!»** («Талақ» с. 3-а), -деп, Алланың Өзімен бірге екеніне сеніп: «Я бел кетер, я белбеу кетер!» -деп, жауымен Алла үшін қорықпай күреседі. Бұлар жаңа айтқанымыздай, нағыз Тақуалар, осылар – нағыз Ерлер.

Күмәнданушылар: «Ол бар ма? Бар болса, неге маған көрінбейді не бір белгі бермейді?» -деп, өзінің құлшылық деңгейімен, Иманының дәрежесімен есептеспей, Алланың өзіне байқалмағанына кінә тағады. Шынайы Иман келтіргендер жалғыз, құдыретті Аллаға, шөлмекті тасқа ұрса, быт-шыты шығып ұнталатынына сенгендей сенеді. Сондықтан олар – Ерлер, Ер.

Әрине, әр нәрсенің жөні бар. Аллаға сенімнің жөні – алғаусыз таза Имандылық.

Тұрмағанбет Ізтелеуов бабамыз:

«Отырып от алдында өртенбеніз,

Сабырлы, саспайтұғын кер дегенге», -дейді.



Сондай-ақ, мені Алла сақтайды, деген жалаң ұранмен 50-60 градустық аязда далаға жатуға болмайды. Алла азапты Ақылын жұмсамайтындарға («Жүніс» с. 100-а) береді, ал, Өзі Ақылын орынды жұмсайтын сабырлы Тақуалармен бірге, соларды қорғайды.

Мұны «Нахыл» сүресінің 41-42-аяттарынан оқимыз. Аяттарда: «Сондай! Зұлымдыққа ұшырағаннан кейін Алла Жолында босқандарды, дүниеден жәйлі қонысқа орналастырамыз. Егер олар білетін болса, Ақыреттегі сыйлығы тағы үлкен». **«Олар (Алла Жолында босқандар) сабыр етіп, Раббыларына тәуекел еткендер»**,-деген. Алла Жолында босу деген – Раббымыз жалғыз Алла дегендіктері үшін қысым көргендер, қуғындалғандар. Әйтеуір жанына жәйлі қоныс іздеп көше беретіндер емес.

Және де халық: «Тәуекел түбі – жел қайық, өтесің де кетесің»,- дейді. Бұл да Аллаға шүбәсіз сенгендіктен туған мақал.

Мұны мен алғаш рет, 1968 жылы жазда, 1941-45 жылғы соғыстың ардагер Жұмабек атамнан естігенмін. Ол кісі ротасымен қоршауда қалып, содан бөлініп-бөлініп қашқанда, бір өзенге тура келеді. Егер одан аман өтсе, жаудан қорғанатындарына сенімді болған. Атам: «Өтуге болатын тайыз жерін іздеп жүре алмаймыз, тағы да ылғи өзен көрмеген қазақпыз. Содан «Жаудың қолына тірі тұтқын болғаннан, өзенге тұншығып өлгеніміз артық! Аллаға тәуекел! Осы тұстан түсейік!»,-деп өзенге түстік. Бақытымызға аман-аман жақсы өттік...»,-деп, сонда осы мақалды айтып еді.

### **«Ықылас – қалас»,-деген...**

Ықылас – әлде неге шын жүректен беріліп көңіл қою; ал, қалас – «ғана», «одан басқа ештеңе керек емес», деген тақылетті сөздердің баламасы. Мысалы: «Бар керегі, сенің Аллаға ықыласың **ғана**», «Аллаға ықылас қой, **одан басқа ештеңе керек емес...**»,-деген секілді.

Алла Тағала «Іншишқак» сүресінің 6-аятында: **«Әй, адамзат! Негізінде сен Раббыңа қарай тырыссаң, Оған жолығасың»**,-деген. Тырысу – осы ықылас.

Алла тырысудың басын «Фатиха» сүресімен ұсынған. Сүрені Алланың атымен бастайды, барлық мақтау әлемдердің Раббына лайық екенін айтады, мақтайды, Тура Жолына салуын жалынып сұрайды.... «Әнғам» сүресінің 162-163-аяттарында: **«Намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бүкіл әлемнің Раббы Алла үшін»...**», **«Оның серігі жоқ. Осылай бұйырылдым және мен бойұсынушылардың алғашқысымын»...**», -деп, айт, деп Мұхаммедке тапсырса, бұл – Алладан үміті бар барлық Мұсылманға тән шартты амал.

Ал, «Ісра» сүресінің 107-109-аяттарында: **«Құранға мейлі сеніңдер, мейлі сенбеңдер, бұдан бұрын өздеріне ғылым берілгендер, оларға Құран оқылғанда етпеттерінен сәждеге жығылады».** **«Олар: «Раббымызды пәктейміз. Әрине, Раббымыздың уәдесі орындалады»,-дейді».** **«Олар жылап етпеттерінен түседі. Бұл олардың ықыласын арттырады»,-** деген. Яғни, Аллаға ықыластану – Алланың барына, жалғыздығына және Оның Жәннат хақындағы, дозақ жөніндегі уәделерінің сөзсіз орындалатынына күмәнсіз сену!

Мұны Алла «Саффат» сүресінде анық түсіндірген. Сүреде қарсылардың сөздерін айта келе 40-аятында: **«Бірақ, Алланың ықыласты Құлдары басқа»,-**деп, ізінен дозақтағылардың жағдайын баяндап, 74-аятында ықыластыларды тағы бір айтып, сосын Пайғамбарлардың қауымын таныстырып барып, 128-аятта тағы да **Алланың ықыласты Құлдарына** назар аударып, адасқандардың Аллаға жала жабатынын сөз қылып, 160-аятта: **«Бірақ, Алланың нағыз Құлдары өйтіп сипаттамайды»,-**деп, жалақорлардың азапқа тартылатыныннан хабар береді. Осы келтірілген төрт (40; 74; 128; 160-а) Аяттан да алатын тағлым, Алланың Өзіне ықылас қылған Құлдарын жақсы көретіні.

Құранның «Ағраф» сүресінің 172-аятында, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) **«...сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп: «Мен сендердің Раббыларың емеспін пе?»-(дегенде) олар: «Әрине куәміз»,-**деген. **Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ»,-**демендер»,-деп, адам балаларының белінен ұрпақтарының нәсілін алдына шығарып, Өзін Рәббім деп таныған, мойындаған уәдесін алғанын айтады... Содан бері Елшілерін жіберіп, Кітаптарын түсіріп нәсілнәгі Өзіне уәде берген Құлдары

жаңылып, Қияметте дозақтық болып кетпеуі үшін үгітін үзбей жүргізіп келді, қазір де мұғжизалар келтіріп Өзін еске алдырып келе жатыр. Бірақ, мұны кім қалай қабылдайды? Ол әркімнің біліміне, білуге ынта-ықыласына, сенімі мен сезіміне байланысты. Алла Тағала, кезінде Елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с.) сөзін тыңдамағандарға ренжімеуін ескертіп, Елшісі (с.ғ.с.) айтқан аяттар мен өзін қоршап тұрған әлемді көріп, соның ғажаптығынан пікір түйіп, өзін түзеген бір адамды Өзі де тура Жолына салмайтынын айтқан. Ал, Өзіне әл-Мисақта берген уәдесіне адалдық жасап, шайтан мен адасқандарға алданбай, Өзіне ғана **ықыласты, ниеті түзу** Құлдарымен Ол әрқашан бірге. Оларды ешбір жағдайда жалғыз қалдырмайды, амалдарын зая етпейді, тілектерін демде береді.

Құранда Өзінің сипатын «Ықылас» сүресінде баяндайды. Осы сүренің бірнеше атауы бар екен (1). Бір ой салары – сүрені сол көп аттың бірімен не «Алланың сипаты» деп атамай «Ықылас» дегені. Демек, мұнда үлкен мән бар. Яғни, адам бір нәрсеге ықыласын қоюы үшін оны табуы керек. Табу үшін оны көзіне елестетіп не ойында тұлғалап тануы керек. Оның қалай жәрдемі тиетіндігі жәйлі қиялдап, соған сенімін бекітуі ләзім. Сол кезде ғана ол пайдалы.

Ал, тумаған, туылмаған, жаратылғандардың ешбіріне ұқсамайтын Алла ойға симайды. Көзге елестету мүмкін емес. Бірақ, бар. Оны табуымыз керек, тануымыз керек. Біз бұл сүреден серігі жоқ, шөлдемейтін, ашқалмайтын, әйел іздемейтін, ауырмайтын, қартаймайтын, ештеңені керек етпейтін – мұңсыз, жалғыз Алланы танимыз. Ол – ештеңеге мұқтаж емес, біз мұқтаж болатын барлық нәрсені жаратқан Ұлы Құдырет. Олай болса біз, мұқтажымызды бітіреді, ауруымыздан құтқарады деп, әлде неге көңіл қоюымыздан бұрын, одан да күшті, оны жаратқан – оны бар не жоқ ете алатын Иесін – Алланы жадымызға алып, Оның жүректегіні Білуші екеніне және Оның осы ойлап отырған ойымызды Біліп тұрғанына сенімімізді бекітіп, Оған бар ықыласымызды қойып, шипа көретінімізге сенуіміз керек. Сонда қателеспейміз.

Құдайсыздар заманында бір қу аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болуы үшін, осы қызметте тұрақтап қалуы үшін аудандық, облыстық басшылармен тіл ұшында сыйласа жүріп,

республикалық оқу министрлігіндегі біреумен байланысыпты. Себебі, облыстар мен аудандардағы ғылым-білім саласындағы барлық мекемелер осы министрлікке қарайды. Ондағы басшылардың барлығын осы министрлік бекітеді...

Сол сияқты пенде әулиелерге барса да, тәуіпке қаранса да, дәріден пайдаланса да, емдік суларға түссе де алдымен оның Жаратушысын есінде сақтап, Оған шын ықыластанып, Оның Құдыретіне бас иіп, Алланың адам баласының бірін бірі арқылы қорғайтынына сеніп, «Рәббім, сен жаратқан (немесе) сен бойына емдік қасиет дарытқан суға түспекпін. Бұл су мені ауруларымнан құтқарады», -деп, нық сеніммен суға шомылса, Иншаллаһ ол ем болады.

Сержанов Базарбай есімді ағамыздың әйелі Бибісара, 1970 жылдарда дәрігерлер бас-аяғын таппаған бір аурумен ауырады. Аудандық, облыстық ауруханалар мен тәуіп пен тамыршылардан да ем көре алмайды. «Содан Ташкенге мединститутқа бардық. Бір аптадай зерттеген профессор біздің үмітті үзді: «Организм шаршаған. Бұған ешқандай ем қонбайды. Енді тек үйге апарып соңғы күнді күтесіз», -деді.

Барымнан айырылғандай далда қалдым. Көңіл күйім бұзылып, есіктен зорға шықтым.

Әйелім есіктің алдында: «Профессордың бір ауыз лебізінен үміттеніп тұрған. Мен шыққан бойда: «Не деді?»-деді үрейленіп. Мен өзімді тез жинап, ештеңе сездірмей: «Болды, бала, дым қорықпа! Қазір «Алой базарына» барып алой аламыз. Соны жейсің. Сонымен аттай боласың», -дедім. Мұны менің аузыма Құдай салды. Мен оған не айтатынымды ойлап та үлгірген жоқпын...».

Ауру меңдеп жастықтың қуатынан, жалын-жігерінен, ештенені ойлатпайтын денсаулықтан айырылып, тек Құдаймен қалған Бибісараның бар ынтасы профессорда еді.

Енді Базекеннің ақылымен алойға ауды. Алланы ауызынан тастамайтын ол, Алла осы алой арқылы ауруынан айықтыратынына шын сенді.

Құдай күш беріп базарға келеді. Алой алып, шырынын ішеді. Күн санап ілгерілей береді. Бір аптада тіршілікке кіріседі...

«Ықылас-қалас», -деген! Ол кісі қазір де қуатты, ортамызда. Елде ежелден таңасу, күнталас жер ұшық жасау, балаларға

көп кезігетін көкжөтелге көлденең келген көкаттыдан ем сұрау бар. Көзіне теріскен шыққанда, екінші біреуге: «Көзіме теріскен шықты!»-дейді, екінші кісі бір адал малды, бір арам малды айтып, теріскенді соған жабыстырып, жоқ етеді. Осылардың ем қонбай жүрген ауруды жұлып алғандай етіп, бойдан аластайтын да осы ықыластан.

Қан қысымының бір түріне адыраспаннан бір-екі түйір ішу бар екен. Оны алу үшін, топ адыраспанның шетте тұрған біреуіне келіп: «Ассалаумаағәлейкүм, адыраспан, Саған ем деп жіберді, Омар, Оспан», -деп, адыраспан дәнін алу керек екен. Өлбетте, бұл жерде де ықылас басты себепші.

- - - - -  
1. Мұхитдин Исаұлы. «Мәңгі мұғжиза» 443-бет.

\* \* \* \* \*

1993 жылы ақпанның ішінде, үйге суыт хабар келді. Анам соңғы демінде жатыр екен... Бізден 35 шақырым әріде, Көкшеде, інім Нұржанның қолында тұратын. Тез жиналып жеттік. Бір тәулік күзеттік. Алыстан біраз туыс, ағайын жиналған. Ертеңіне сәскеде анам көзін ашты. Су ұрттады. Тамақты айтсақ, басын шайқайды. Бір кезде: «Бішек жегім келеді», -деді. Айдың сора шықпайтын ай екенін білгенімен, көңілдің қалауы сол болып жатыр ғой. Содан келіндер, қыздар жиналып саяжайға кетті. Саяжайлардың күн шуақ жағына көк енді шығып жатқан. Бішек жасайтын сора сонда екі құлақ болып, жерден бір сәнтіметрдей көтерілген. Соны теріп келіп, екі сағаттарда анама бішек пісіріп берді. Бір бішектің жартысын жеді де қара суға түсіп терледі. Бір жарым тәулік бойы жанын қинап жатқан ауруынан жазылды да кетті.

\* \* \* \* \*

Дәл осы сияқты мұғжизаны, 1980 жылы көктемде Әбдірахманұлы Құлман есімді ағам айтып берген еді. Әкесі шопан, шөлде қой бағады. Ол кісі сегіз жасында, қарашаның аяғында, желтоқсанның басында қатты ауырыпты. Есін білмей сандырақтап жатқан. Ата-анасы Соркөлде тұратын нағашы бабасына хабар жіберген. Ол кісі біраз асқабақ, сәбіз, шалғам, пияз, мейіз, т.б. ала келген. Анасы ет асқан да, қазанға салуға сәбіз аршып отырған. Ортада ошақ, от жанып қазан қайнап жа-

тыр. Атасы төрде. Ессіз жатқан Құлман бір кезде көзін ашыпты. Бұған үйдегілер қуанып кеткен. Анасының қолындағы сәбізге қараған. Анасы: «Жейсің бе?»-деп, сәбізді көрсеткенде, басын қимылдатып жеймін деген ишараны білдіріпті. Анасы аршып отырған сәбізді жылы суға жақсылап жуып, майдалап турап, аузына салғанда, бала асап жей беріпті. Әп-сәтте үлкен бір сәбізді тауысып, малшынып терлеп, ауруынан сол мезетте-ақ, жазылыпты.

Міне, ықыластың кереметі осыншалықты.

\* \* \* \* \*

«Ықылас – қалас» деген мақалдың шын даналықтан туғанын сөз еткен Тілеубай ағам, өз сөзін елден есіткен және өзінің жанұясында болған оқиғалармен дәлелдеді.

– Халықта: «Дикан жауында тынады», -деген шындық бар. Көрші ауылда тұратын Балтабай, қар түскенше диканшылық жұмыстарын бітіріп, сосын бір жолдасын ертіп, шөлге шығыпты. Шопан досына барып қонақ болған. Оның әйелі жиі ауырады екен. Талай жылдар бойы дәрігерлерге қаранып, тәуіптерге барып жүрген. Бірақ, ауруынан құлан таза айығып кете алмаған.

Шопан бір қойын сойып, қазан асқан. Үш еркек әңгіме дүкен құрып, балалық шағын, өткен-кеткенді еске алып, арқа-жарқа. Әйелі қазанның жайлап, қамыр илеп отырған. Сөз реті келгенде шопан әйелінің ауыруы көп қинайтынын айтыпты. Сонда Балтабай: «Оу, оны Кенімехтағы кірәсінші (керосин) Қоқанға апару керек. Ол Кісіге барып емделген жан қайтып ауырмайды...», -депті де, тәуіптігі жоқ, Қоқанды білетін үшеуі де қарқылдап күліп, әңгімелерін жалғай берген. Әйел олардың күлкісіне мән бермеген, осы минөтте-ақ, Қоқанға ықылас қойған. Тамақ пісіп, ет желініп, ертеңіне қонақтар кетуге жиналғанда әйел еріне, Қоқанның әдрісін алып қалуды өтінген. Бұлар тағы күлкі қылған. Балтабай: «Бірақ, «Ықылас – қалас», деген. Шын ықыласымен барса жазылып кетеді», деп, әйелдің сеніміне демеу айтыпты.

Содан Алла сәтін салған күні, ерлі-зайыпты екеуі жолға шығып, Кенімехқа Қоқанның үйіне келген. Ол кісі жұмыста екен. Кемпірі бұларды күтіп алып, бір баласын отағасына жүгіртіп жіберіпті. Қоқан келіп, бұлардың жайын түсінгесін: «Алла шипасын берсе, жазыласың», деп, білген дұғасын оқып,

бірсыпыра амалдар жасапты. Содан сол әйел бүкіл ауруынан жазылып кетіпті.

Қоқан деген Ақсақалды жақсы танимыз. Ол кісінің тәуіпшілігі жоқ еді. Бірақ, аналар ықылас қылып келгесін, көпті білетін үлкен кісі олардың ықыласына жараса амал жасаған. Әйел жазылған.

1979 жылы Фатиманың (әйелі) иегіне ұшы біздей, қып-қызыл бірдеңе шықты. Бірақ ауырмайды. Жұма күні еді. Өзі медбике болып істейтін ауруханада Давыдов деген хирург дәрігермен жақсы сыйласпыз. Ол бұл түртигенді олай көріп, былай көріп отырды да ұшы біздей бірдеңені тығып алды. Қан сорғалып кетті. Енді бұл қақсап ауырды, Фатима шыдар емес. Давыдов састы, білген амалын істеп бақты, ауру қалмайды. Егу мен дәріні органы қабылдамайды – түк әсер етпейді. Қызуы көтеріліп, тіпті, қорқытты.

Бір өзін бір бөлмеге жатқызды да, медбикелерге адам кіргізбеуді тапсырды. Мұның жағдайы ауыр. Бір тәулік өтті. Өзгеріс жоқ – қызу түспейді, дәрілерді қабылдамайды. Жексенбі күні азанда Айдар бабаның үйіне келдім. Ол кісінің бір қызы күйдіргіден қайтыс болған. Елдегілер күйдіргіні білгеннен осы үйге келеді. Кемпір: «Қызымның құнын бер!»-деп тістейді. Содан жазылып кетеді. Фатиманың жарасы сол екенін Құдай жүрегіме салды.

«Кемпір ауырып отырмын»,-деді. Шал: «Тұр! Ауырып отырсаң да бар! Сен өлсең, жасарыңды жасадың. Ал, бұл бала қыршын. Бұл мерт болса, гүлдей шаңырақ, ойран болады. Бар!»-деді. Ол кездің кемпірлері ерінің сөзін екі етпейді ғой, орнынан тұрды. Мәшінге отырғызып, алып келдім. Енді медбикелер: «Давыдов ешкімді кіргізбендер!»-деген. Біз кіргізе алмаймыз»,-деп табан тіреді. Сосын: «Бұл ана, осы Фатиманың мамасы. Немересі ауырды деген хабарды есітіп, шыдамай келіп отыр»,-деп, өтініш жасадым. Кіргізді. Кемпір жараның үстіне дәке жапты да: «Қызымның құнын бер!»-деп, үш рет тістеді. Жарты сағатта дене қызуы түсіп, Фатиман өз-өзін біліп, тілге келді. Ертеңіне-ақ, ауруханадан шықты. Давыдов ештеңе түсінген жоқ. Арадан апта өткесін, оны үйге шақырып алып айтып бердім. Ол басын шайқап таң қалғаннан әріге өте алмады...



1989 жылы Ташкеннен Бегалы мен Ханымкүл келген. Да-стархан жайдык.

Балаларға жегендерінен бірі жақпай, денелерін түймедей қызыл бөртпе қаптап кетті. Қышиды. Бұлар шыдамайды. Со-сын: «Сабыр етіңдер. Қазір бір есек тауып оған жем береміз, жазыласыңдар»,-дедім. Олар сенді – ықыластары соған кетті.

Көкшеде есегі бар бір үйге келіп, балалардың етегіне жем са-лып, әлгі есекке жегіздік.

Үйге келгесін балалар ұйықтап қалды. Ұйқыдан тұрғасын қарасақ, денелерінде ештеңе жоқ. Бәрі төгіліп кетіпті.

Баланың сенімі, күмәнсіз болады ғой!...

1986 жылы Фатима Динараға құрсақты кезінде он ай өткеріп, он бірінші айға аяқ басқан. Дәрігерлерде шара жоқ. Әр барғанда тексеріп: «Бәрі жақсы, күтеміз»,-дейді. Он бірінші айға кетіп бара жатқанына олар да таңырқайды.

Түйенің етін жеген құрсақ, түйенің астынан өтпей боса-майды, дегенді есіткенбіз. Түйе іздедік. Бір қассапқа келіп едік: «Өттең, кеше ғана екі түйе сойып едім! Тағы кімде түйе бар еді?...»-деп тұрды да, ойына түсіп, Сортөбедегі бір үйді сілтеді. Барсақ, бір бозша ойнақтап тұр. Маңына бөгде жанды жолатпай-ды. Үй бикесі ауылдық жерде өскен – мұндай ырымды жақсы білетін әйел екен: «Бұл Сізді жолатпайды. Мен бұйдасына жіп жалғап, ұзартып ұстаймын. Соның астынан өтсеңіз де болады»,-деді. Сол айтқандай еттік.

Үйге келгесін бір сағатқа жетпей-ақ, толғақ басталды. Перзентханаға жеткердік,-деп, әңгімесін қыз сүйген қуанышымен аяқтады.

\* \* \* \* \*

1968 жылдың қысында Базарбек Аяғановтың қызы Нұргүл тұмау-сүзекпен қатты ауырған. Пештің жанында, дене қызуы түспей, бойы жылымай қалтырап, ата-анасына ой салыпты. Ақыры қалай болар екен, деп, мазасызданып жүргенде үш күн бойы көзін ашпаған, аузына нәр салмаған Нұргүл, көзін ашып-ты. Анасы мен әкесі қуанып, қызына күлімсіреп, мейірленіп көз салғанда, ауызы жыбырлап: «Шұжық жеймін»,-депті. Сол мезетте-ақ, Базекең аудан орталығындағы аупартком хатшы-сынан бастап, лауазымды қызметтегі, дастарханы тоқ деген

мықтылардың барлығының үйіне барып, ақшасын ұсынып тұрып, уәжін айтыпты. Бірде-бірінен бір тістем шұжық табылмапты. «Ойбай-ай!

Үш күн дегенде көзін ашып, аңсаған асын айтып еді. Таппадым-ау!»-деп, шаршап үйіне келіп, әйеліне айыпты адамдай мұңайып: «Таппадым! Қазір оянып, тағы сұраса не деймін?!»-деп, төрге созылып, етпетінен жастықты құшақтап жатыпты.

Сол кезде көршісі Нұржаубаев Бердібек ағамның кемпірі келіп, Нұргүлдің халін біліп, жас жанұяға дем беріп, кеңесін айтып отырған. Базекең ұйықтап кетіпті. Түс көрген. Әйелі мен жеңгесі алаңсыз отырғанда Базекең: «Мен таптым! Шұжығы бар үйді таптым!»-деп, орнынан ырғып тұрыпты. Үйдегілер таң қалған. Базекең тағы да: «Мен шұжығы бар үйді таптым. Осы жерде, соған барып келейін», -деп, өзінің үйінен екі-үш үй әрідегі Шәріп Фазылов ақсақалдың үйіне барады. Жағдайды айтады. Үй бикесі дұрыс түсініп, шұжық тауып беріпті. Базекең қуанып, аяғы жерге тимей, тұла бой тұңғышы – Нұргүлінің қуанышын көргісі келіп, үйге жетеді...

Нұргүл аңсарын аударып құмартқан шұжықтан жеп, қара суға түсіп терлеп, өз-өзіне келіпті. Келесі тәулікте ауруынан құлан таза айығып кетіпті.

\* \* \* \* \*

Халықта ежелден, құрсақты болған әйелдерде кездесетін жерік ас деген бар. Мұның жалғанға келгелі тұрған сәбидің дені, жаны сау болып жетілуіне өте маңызды екені өмірде дәлелденген. Бұл кәде хақында аңыздар мен ертегілерде, атақты адамдар жайлы әңгімелерде айтылады.

\* \* \* \* \*

Ақылбайға пысқырып қарайтындар, бір ауылда жасап, бірге өскендер. Олар оны үйіне, тіпті, тойы мен садақасына да шақыра бермейтін. Ақылбай шақырмаса бармайтын. Олардың бірі Ақылбайға не әйелі Ажарға немере, шөбере туыс не нағашы болса, біреулері құда-анда т.б. жақын әрі замандас, сыныптас. Ақылбайдың бар айыбы – кедейлігі.

Бұлардың менсінбейтінін Ақылбай да, әйелі де біледі, сезеді.

Кейде ызаланып екеуі бірін-бірі жұбатып қоятын. Бірақ, бәріне кең пейілімен шыдап, елемегендей сабыр ететін.

Кейде 100 грамм ішкенде ауылдағы жақсы көретін бір сыныптасына айтатын. Ең үлкен сенімі – Алла Тағаладан тілеп алған ұлы – Дамиріне Құдайдың баянды бақ беретіні. Себебі, оны Алладан тілегенде: «Иманды, несібелі ұл бер, бұлардан оздыр», деп тілеген.

Ал, оларды менсінбейтіндер, перзент сүю арманына да бұлардай ықыласты болған жоқ. Олар барлық жағдайда өз беделдері мен байлықтарына сенді.

Ақылбай да, әйелі де өздерін жақсы біледі. Көз сүрінетіндей денелі, жауырынды да емес. Бет ажарылары да өздеріне жараса. Тектері туралы да көп білмейді. Өздерінің көзімен көрген бабалары, әкелері кеңшарда шопан болғаннан әрі өспеген. Есіткен арғы бабалары да байлардың есігінде өткен. Бірақ, Құдай Ақылбай мен Ажарға намыс берген.

Екеуі де ауылдағы темір жолдың бастығы Дамирге қызығатын. Қит етсе, соның қарасын сыртынан болса да бір көріп қалуға, жақындап кетсе дидарына тойып-тойып қарауға, дауысын есітуге ынтығатын. Ол бұларды елемейтіні белгілі, бұлардың өзін жақсы көретінін қаперіне де келтірмейді. Бірақ, бұлар қатты қызығады. Олар жақсы адам дегенде тек Дамирді түсінетін. Жүректерінде перзент сүю түйсігі пайда болған секөнттен бастап, Дамирдей тұлғалы, несібелі, жолы болғыш, ел басқаратын нағыз Азаматқа ата-ана болуды армандады.

Әсіресе, әйелі Ажар. Әуелі Ақылбай да мұндайды білмеген. Ажар бой жеткен кезінен аға Дамирге қызығатын. Осындай күйеуі болуды армандайтын. Бірақ, мұндай жігіттер, мұндай қыздарға сұқтана қоя ма? Тек арман ғой!

Бақытына ел ақсақалдары лайық көрген Ақылбай тура келді. Бұл оған шүкір етті. «Аға Дамирдей күйеуім болмағанмен балам болсыншы!»-деп тұрмысқа шыққаннан, осындай перзенттері болуын айтып, арманына Ақылбайды да қосқан. Екеуі Құдайдан бірігіп сұрайтын болған. Ажар құрсақты болғанда, қуанышына өздерінен басқа ортақтасары жоқ, екеуі ой!.. қуанған. Елді сүйген, ел сүйген жақсының өз отбастарынан шығуына ниет етіп, күні-түні тілекте жүрді. Айтқанындай ұл туылды. Темір жолшылар бастығы Дамирдей болсын деген ниетпен атын Дамир қойды.

Ақылбай үйдің айналасындағы егістікке істесе де, қорадағы малына барса да қасына ертіп жүріп, істің тетігін, көзін көзіне салып, құлағына құйып өсірді. Отбасындағы әңгімесінде де салт-дәстүр мен Имандылықты, үлгі ұстарлық аға Дамирді және өздеріне қайырым жасап жүрген кейбір жақындары мен жолдастарын айтатын. Бірақ, ешкімді жамандамайтын.

Осы Дамир мектепте озат оқушылар қатарынан көрінбеді. Бірақ, әдеппен қоғамдық жұмыстарға белсенділігі жағынан, ұйымдастырушылықтағы ұсынақтылығынан көптің назарында жүрді. Әскери қызметін де өтеп келді. Ал, нағыз өмірге кіріскенде жанұя құру мен бала-шаға бағуда, мына базар саясаты заманының бағытынан ауытқымай табыс табуда, баяғы тұмсығын шүйіріп қарайтындардың дипломды балаларына таптырмайтын үлгі, жанашыр кеңесші, жаңылдырмайтын жол басшы болып, оларды таң қалдырды...

Ақылбай мен Ажар әр баласында Алла несібесін ұлық еткен перзентке жетуді армандайтын, оларды құрсақта да сол ықыласпен сипап, құлағына салатын, өмірге келгесін де тәрбиесін қанықтырып, көздеген адамындай болуына бейімдеп тәрбиелейтін. Абай бабамыздың: «Болмасаң да ұқсап бақ», - дегеніндей, бұлардың Дамирі текті Дамирдің деңгейіне жете алмағанымен, Ақылбай мен Ажардың ата-бабаларынан, өздерінен несібелі, абыройлы Дамир болғаны шын.

Барлық балаларын да осындай ниеттермен өмірге әкелді. Ықыластары алдамады.

Енді баяғы шақырмайтындардың төрі де Ақылбайға бұйырды. Құда-анда болуға ынтыққандары қаншама?..

«Ықылас-қалас», - деген, Алладан шын ниеттеніп сұраған ықыласты Құл құр қол қалмайды.

\* \* \* \* \*

Алладан тек жақсы тілектер тілеп, Құранда әйелдерге арнайы айтылған үлгімен – әжесі мен анасынан көрген үлгімен киініп, ибамен ғана сусындап өскен Зибасұлу, жігіт таңдауда байлығы мен ажарынан гөрі, текті перзентке лайықты әке болатын, ата-анасы таза, мәдениетті тракторшыға тиді.

Тракторшы – Еренбек Кеңесханұлы. Ерденбектің бабасы Смайыл кәмпескеге ұшырап, әкесі Кеңесхан ата-ана, бауыр-

ларынан айырылып жалғыз қалған көрінеді. Соғыстың ауыр жылдарын жылы қабақ танытқан жақсылардың үйлерін паналап өткеріпті. Қайта тіктеу жылдарында ел болып үй салып беріпті, үйлендіріпті. Алғашқы тракторшылардан екен. «Намазхан еді», - дейді, көргендер. Әйелі Ырыстыны да мақтайды, еске алғандар. Екеуі де өте инабатты, әдепті, пәкиза жандар атанып жалғаншыдан жақсы абыроймен өтіпті.

Ізінде қалған Ерденбек пен Зибасұлу да заман мен ата жолын қосып ұстап, беделді жанұя болып жасады. Балалары мен немерелері де ата-бабасын айтып мақтанбай, олардың атақ-абыройын қорғап, «Жақсының тұқымы!» - деген құрметке сай болып жасап келеді.

Зибасұлу Абай бабамызды жақсы көретін. Оның шығармаларын жатқа білетін, «Абай жолы» эпопеясын неше мәрте қайталап оқыған. Сондағысы, жалғаншыда, екі дүниесінде де өзіне, Ерденбекке елден алғыс жинап жаудырып отыратын жақсыларға ана болу болыпты. Ұлдарына да, қыздарына да ылғи қазақша әрі атақтылардың есімін беріпті. Ол бар мақсатына жетті.

«Алладан сұраған, мұратына жетеді, адамнан сұраған, өкінумен өтеді», - деген, Алладан жақсы перзенттер сұраған ол, ана болудағы арманының, тілегі мен **еңбегінің** жемісін көрді. Алла алдынан жарылқасын.

«Ерді – Ер ететін де, жер ететін де әйел», - депті, өмірден түйгені көп зерделі бабаларымыз. Олардың ер жеткен ұлдарына Иmandылығы мықты, берекелі, текті, көргенді, білімді жерден өнерлі қыз іздеп тауып алып беретіні де содан. Өйткені, ізінде атын бүлдіріп, нәлет есітгіретін, әйтеуір біреу емес, атына жақсы сөз келтіріп, Қияметке дейін Рухын шаттандырып отыратын Ақылды, Иmandы ұрпақ қалғанын қалайды.

Еркектің қабырғасынан жаратқан әйел затына Алла Тағала Өз кереметтерінен көп үлес берген. Сондықтан олар ана, отбасының берекесі. Ері мен перзенттерінің бақыттылығы жолындағы барлық жақсылық, олардың жалғыз Аллаға деген махаббаттарында, ықыластары мен Алладан ғана күткен үміттерінде.

## «Жақсы ниет – жарым ырыс»

Өзінің аманатын жүректерге ғана жайғастырған Алла Тағала, жүректердегі ақ ниет пен қара ниетті жақсы біледі. Сол жүрек лүпілімен бірге тербеліп тұрған ниет, армандарға қарап, Құлдарының өз еркіне қалдырған тағдырына жол береді. Бірінші жол – жақсы ниетті Жол – Алланың Сөзін бірінші кезекке қоятын, әрқашан, әрбір іс пен амалда, талапта Алламен бірге болатын Жол. Екіншісі – Алланың Өзінен де, Сөзі мен Әмірлерінен де нәпсі қамын бірінші кезекке қойған нашар ниетті жол.

Ашығырақ айта кетейік. Бар ниетіңіз тек Аллада ғана болса, «Мәида» сүресінің 105-ші, «Рағыз» және «Тағабұн» сүрелерінің 11-ші, «Іншиқак» сүресінің 6-аятында ескертілгендей, өзіңізді түзеп, Аллаға ұмтылсаңыз (1), сіздің арманыңыз «Фикһ-ул-Әкбарда» айтылғандай-ақ, Алланың бұйрығымен, жақсы көруімен, разылығымен, ілімімен, қалауымен... орындалады. Ал, ниетіңіз дүниелік болса (2), Алланың (жақсы көруімен, разылығымен, қалауымен емес) бұйрығымен, ілімімен, қазасымен, тағдырымен жүзеге асады. Бірақ, ол ниетіңіз сізді Алланың сыйлығына жеткермей, басында Алланың кеңшілігімен тәтті қиялдармен шатастырып алып, соңында шайтанның мазағына қалдырады. Себебі, Алланың Сөзін ұмыттырып, нәпсіге қызықтырған шайтан, өзіне алданған Сіздің еркіңізден басқа ештеңеге ие емес («Нахыл» с. 98-100-а). Ол ештеңе жаратпаған. Ол әлсіздерді азғырудан басқа әрқандай күштен, құдыреттерден мақұрым. Оған ере беретін болсаңыз, Сізді баурап алып, Ақылдан жаңылдырып, Құранға қарсы түрлі жолдарға салады («Бақара» с. 168-169-а). Соңы тек өкініштермен, қайғы-қасіреттермен аяқталады. Сондықтан Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кеудедегі бір жапырақ етті таза сақтауды өсиет етті. Негізінен күмәнді ойлар мен жаман ойлардан өзінді тыю Имандылықтың басты шарты.

Жүректі бүлдіретін жаман ойлардың басы: Алланың барлығына, серігі жоқтығына, Құдыретіне, Ілімінің шексіздігіне, түгел барлықты Жаратқанына және бәрін Көретіні мен дыбыс біткенді Есітетініне, Әділдігіне, тағдырлардың Иесі екеніне – жалпы Оның 99 есімі мен Өзіндік сүбути сипаттарына шүбәсіз лайықтылығына күмән келтіру мен беріліп сенбеуден басталады. Міне, осы шала нанымның аясында қалу, күдік пен күмәнді

еселеп, жүректі кірлетеді. Содан келіп, жақсылыққа ниеттену қабілеті әлсіреп (жойылып), түрлі бәлеге шатыла береді.

Асылып өлетіндердің дайындалып жүретінін көріп, біліп алдын алған адамдардың әңгімелерін де тындадық... Рас, олар оңаша қалғанда асылатын жібін, орнын қамдап, көбіне соның жолдарын іздеп, жанына содан бір рахат шақырып, маза алады. Сөйтіп жүріп-жүріп, аңсау шегі толған минөтте асылады. Мұндайларды сол өлімге алып барушы адам сұлбалы бірденелер көрінетіні де айтылады... Бұл да – Аллаға деген сенімін әлсіретіп, жаман ойлармен жүректі кірлетіп алғаннан. Бұл кезде тазалықты ғана сүйетін Алла мен кір жүректің арасындағы байланыс алшақтайды да ешқандай кір-қожалақтан жиіркенбейтін, шайтан амалын жасайды. Сондықтан қандай жағдай болмасын, тазалықты сақтап, ойды бүлдіріп алмай, жақсы ниеттермен жүрген абзал. «Жақсы ниет-жарым ырыс», -деген.

- - - - -

1. «Мәида», «Рағыз», «Тағабұн», «Іншиқак» сүрелерінің Аяттарында ескертілгендей өзіңізді түзеп, Алладан «Және олардан кім: **«Раббымыз! Бұл дүниеде де жақсылық бер әрі Ақыретте де жақсылық бер және дозақ отының азабынан сақта!»** («Бақара» с. 201-а)-деп тілесеніз барлығы ойыңыздағыдай орындалады. Алдымен жүректі тазалау керек.

2. Осы сүренің 200-аяты: «Қашан хаж амалдарыңды өтесеңдер, (Минада) Алланы ата-бабаларыңды зікір еткендей, тіпті, одан да артық зікір етіндер. Сонда адамдардан кім: **«Раббымыз! Бізге дүниеде ғана жақсылық бер!»**»-десе, оларға **Ақыретте несібе жоқ»**.

**«Аллаға жағамын десең, азанды бол;  
халыққа жағамын десең, қазанды бол»**

Бұл мақал намаз бен садақаны, қолы ашықтықты, жомарттықты, қайырымдылықты уағыздап отыр. Азан тек намазда ғана, дауыстап, айналаға жариялы түрде айтылады. Ал, садақа және қайырымдылық әркім қалаған кезде, жағдайына қарай түрліше жасала береді. Алайда, бұлардың екеуі де Алланың Әмірінен әрі Алланың ең жақсы көретін амалы.



Намазға тиесілі бірнеше Аяттарды айтайық: «Бақара» сүресінен: 43; 45-аяттар: **«Намазды толық орындандар, зекет беріндер, сондай-ақ, иілушілермен бірге иіліндер», «Сабыр және намазбен жәрдем тілеңдер. Расында, намаз ынталылардан басқаларға ауыр келеді»**,-дейді. Демек, Аллаға жағамын, деп азанды болған адам, шын ынтасымен оқуы керек.

110-аятында: **«Намазды толық орындандар, зекет беріндер. Өздерің үшін ілгері бір жақсылық жолдасандар, оны Алланың қасында табасындар. Шынында Алла – не істегендерінді толық Көруші»**,-десе, бұл – намазын шын ынтасымен оқитын азандының Алланың қамқорлығында болатынының хабары.

«Ниса», «Мәйда» сүрелерінде сапарға шыққандағы, соғыс жағдайындағы намазды ескерткен. Және «Рұм», «Лұқман», «Сәжде», «Фатх», «Қаф», «Тұр», «Мүзәммил», «Бәйінә» сүрелерінде де намазды оқуды және оның уақыттарын көрсеткен. Намаз пендені жамандықтардан тыйып, Аллаға алып барады.

Намаз, ораза, қайырым жасау – Тақуалықтың, Кәлимадан кейінгі басты шарттары.Қазанды болу – сақилық, жомарттық. Қазақта небір жомарттар өткен. Олар бір ауылды өз байлығымен міндетсіз асырап отырған. Бір қонаққа қой сойып, оны қонағына беріп отырғанда, екінші қонақ келіп қалса, оған да арнайы қой сойған жомарттарды білеміз. Әлбетте, олар ысырапқа жол бермейді, мақтаншақтық қылмайды, салт үшін. Себебі, әр қонақтың халық белгілеген сыбағасы бар. Соның бірі – бас. Екіншісі – жамбас. Үшіншісі – кәрі жілік, төртіншісі – ортан жілік, бесіншісі – тоқпан жілік, алтыншысы – асық жілік... Егер осы сыбағалар қазанда болмаса, екінші қойды сойған.

Бұл – қонаққа құрмет. Міне, қазанды болудың мәнісі осылай.

### **«Ораза, намаз тоқтықта»**

Мақал екі түрлі мағына береді: біріншісі – тірлігіңнен көңілің тыныш болмай, ораза ұстап, намаз оқи алмайсың, дегенге келеді – сондықтан көп пенделер: «Әлі жаспын ғой! Мына жұмыста жүргенде оқи алмаймын, ертең зейнетке шыққасын бірыңғай кірісемін»,-деп енжерлық етеді; зейнетке жете ме, жетпей ме? Алладан уәде алып па?! (1).

– екіншісі – мақалдың өзінің нақты мағынасы – ораза ұстау мен намаз оқу, жастығыңнан: күш-қуатың бар кезінде, тірлігің тыныш, көңілің тоқ, басыңның аман кезінде; басыңа дәрменсіз қарттық, емсіз ауру келгеннен кейінгі ораза, намаздың пайдасы жоқ деген сөз. Немесе «Қылыш үстінде серт жүрмейді», «Садақаны сауда бер, іс біткесін құй бер, құй берме»,-дегеннің құлшылық амалға байланысты жоралғысы.

«Бақара» сүресінің 214-аятында: «(Әй, Мұсылмандар!) сендерге бұрынғылардың басына келген сияқты (жағдай) келмей Жәннатқа кірулеріңді ойладыңдар ма?

**Оларға ашаршылық, ауру-сырқау келді** (келген еді). Сонда Пайғамбар және Онымен бірге Иман келтіргендер: «Бізге Алланың жәрдемі қашан болар екен?!»-дегенге дейін (қиыншылықта) тербетілді. Естерінде болсын, негізінен Алланың жәрдемі жақын», -деген.

Аяттағы: «...сендерге бұрынғылардың басына келген...», -дегенде біз, әрісін айтпағанда 1731-1991 жылдардағы, мұның ішінде 1986 жылдың 16-18-желтоқсаны да бар, Ресейдің отары болған жаман тағдырымызды және 2019-20 жылдардағы корона-вирус ауруын түсінуіміз керек.

Осы жерде өзіміз куәсі болған осы ауруды айтайық: үйден шыға алмай қалдық;

ауырып жатқан бауырымызға көмектесе алмадық; марқұм болғанын өз қолымызбен арулап көмуге мұрса болмады... Сонда: «...**Бізге Алланың жәрдемі қашан болар екен?!...**»-деп, жарылқауға ынтызар болдық. Тасаттық бердік. Бір мүсәпірге садақа беруге бір теңгесін қызғанатындардың өзі, Құдайдан қорыққаннан барын ортаға салды...

Енді бұл күндерді ұмытпайық. Ұмытсақ, «Ісра» сүресінің 8-ші, «Әнфал» сүресінің 38-аятында айтқандай, Алла сол тағдырларды елімізге қайта әкеледі. Ол уәдесіне берік («Хаж» с. 47-а).

«Ниса» сүресінің 14-аятында: «**Ал, кім Аллаға, Елшісіне қарсы келіп, Оның шектерінен шықса, ол, ішінде мүлде қалатын отқа кіргізіледі. Оған қорлаушы азап бар**», -десе, 18-аятында: «...**жамандықты өздеріне өлім келгенге дейін істеп: «Енді шынайы тәубе қылдым**», -деген және қарсы болған күйде өлгендердің тәубесі қабыл емес. Міне, со-

лар үшін күйзелтуші азап әзірледік», -деп, алдыңғы Аятты ашығырақ түсіндірген. Бұлардан алатын тағылым – «Әуелден Ақырымды бер», -демекші, жастықтан, бас аман, қарын тоқ, көңіл шат күннен Алламен бірге болу.

Бір топ пенделер қартайған шағында, бірсыпырасы басына іс түскен күні Алланы есіне алып, Аллаға жалынып, дұғалар оқиды, садақа береді. Мұның дұрыс емес екендігін, Алланы еске алып, әмірлерін орындау қарын тоқ – қайғы жоқ кезден, бас аман – дүние түгел шақтан басталу керектігін ескерткен Алла, сүйген Құлының жүрегіне осы мақалды салып, Құранның «Мұхаммед» сүресінің 18-ші, «Әнғам» сүресінің 158-аяттарын оқытқан.

Ол Аяттардың біріншісінде: **«Олар Қиямет мезгілінің өздеріне кенеттен келуін ғана күте ме? Расында Оның белгілері келді ғой. Қиямет келіп болғанда үгіт алулары (уағызға амал жасаулары) неге жарайды?»**-десе, екіншісінде: «Олар өздеріне Періштелердің келуін немесе Раббыңның келуін не Раббыңның кей белгілерінің келуін күте ме? **Раббыңның белгілерінен кейі келген Күні, бұрыннан Иман келтірмеген немесе сенімі бойынша бір қайыр істемеген біреудің Иман-ны пайда бермейді...**», -дейді. Иә, қамсыздықпен жүре бермей тоқтықта алдағы құпия күндерге дайын жүру керек.

«Мұнафиқұн» сүресінің 10-аятында да пенденің өлім төсегіне құлағанында: **«...Раббым! Мені жақын бір мерзімге дейін кешіктірсең, садақа беріп, ізгілерден болсам...»**, -деп, зарлап жалынатынын ескертіп, содан бұрын садақа беріп сақтануды мұқияттаған.

Алла пенделерді күнәсі себепті жазалай берсе, жер бетінде тірі жан қалмайтынын ескертіп (2), «Әли Ғыман» сүресінің 177-178-аятында және бірнеше сүре Аяттарында кеңшілік жасап, тәубесіне келуіне уақыт беретінін ескерткен. 177-178-аяттарда: **«Негізінен сондай, Иманның орнына қарсылықты айырбастағандар, ...Аллаға ешбір зиян бере алмайды және олар үшін күйзелтуші азап бар». «Ал және сондай қарсы болғандар, ...оларға (өздеріне) мұрса беруімізді, өздеріне қайырлы, деп ойламасын. ...күнәларын арттырсын, деп қана орай береміз. Сондай-ақ, олар үшін қорлаушы қинау бар»**, -деген. Аяттардың мағынасынан көрініп тұрғандай-ақ, біздің

әрбіріміз Алланың Мейрім-Рахымымен берген мұрсасының – орайының ішінде жүрміз. Осыны дұрыс түсініп, шүкірлер айтып, құлшылықта болайық!

Ел ішінде: «Денім сау, заманым тыныш, қарным тоқ, мал-дүнием жеткілікті. Ораза уақытында зекеті мен пітірін, жайшылықта садақасын беріп, Айт, Жұма намаздарына қатысып тұрамын. Әйтеуір, Алланы ұмытпаймын. Күні-түні Аллаға жалына беріп, не қыламын?!»-деген пікірде жүретіндер де жоқ емес. Міне, осылардың барлығы Алланың кеңшілігінің аясында тірлік етіп жүр. Бірақ, тұрақты құлшылық болмағандықтан, пайдаланып жүрген саулық, амандығының баяндылығына кепілдік жоқ.

Алла «Ғанкабуд» сүресінің 45-аятында намаздың тазартатынын, күнәдан сақтайтынын ескерткен. Мына айтқанымыздай түсінікте жүргендер, зекет, пітір, садақа беру текті амалдарды істеп жүргенімен тазара алмайды. Бес мезгіл намазға жібермей, жолын байлап отырған шайтан оған өсек-өтірік айтқызады, соларды тыңдауға ынтықтырады; көзді арам нәрселерге қарауға құмар қылады; біреулердің кемшілігін іздеп, сыр тексеруге қызықтырады; біреулердің Алла сыйлаған жетістігі мен Алла берген несібесін, Алла берген мәртебе-мерейін қызғандырады...

Бұлардың әрбірінің есебі Алланың құзырында жазылып сақталады. Алланың белгілеген Күні, яғни, «Мәриям» сүресінің 84-аятында нақты ескерткен санаулы Күні біткенде жазасы беріледі. Құрандағы қарсылар дегеніміз – тек кәпірлер мен мұнафиқтар ғана емес, Алланың Сөзін сыйлап сауатты амал жасамайтындардың барлығы.

Ал, тоқ, тыныш, аман-аман күнінен Алланың Сөзіне құлақ асқандар, әрқашан және әр қандай жағдайда Алланың қамқорлығында («Бақара» с. 38; 277; «Хаж» с. 38-а), Мұхаммедтің (с.ғ.с.) шапағатында болып, бақилыққа көркем аттанады, Бейішке жетеді.

«Зүмәр» сүресінде қарсылар жәйін баяндай келе, 53-аятта күнәкарларға үмітті үзбеуді тапсырса, 54-58-аяттарында: **«Өздеріңе апат келуден бұрын Раббыларыңа қайтыңдар. Оған бойұсыныңдар. Кейін жәрдем көре алмайсыңдар».** **«Сендерге кенеттен, хабарсыз азап келуден бұрын өздеріңе түсірілген жақсы нәрселерге еріндер (Құрандағы әмірлер, үкімдер, өсиеттер)».** **«Біреудің: «Алла туралы кемшілік**

еткендігіме және мазақтаушылардан болғандығыма маған нендей өкініш!»...»-(деп, зарлайтын күнін естеріңе алып, ертерек сақтаныңдар)». **«Немесе: «Егер Алла, мені Тура Жолға салғанда еді, әрине, мен Тақуалардан болар едім» (дейтұғын)» «не олар азапты көрген сәтте: «Әттеген-ай! Маған ізімнен (қарттар жастығыма, тұтқындағылар: еркіндігіме) қайту болса еді, сонда жақсылық істеушілерден болар едім!»...»,-деп өкінетін күнге жетпей тұрып: «...түсірілген жақсы нәрселерге еру...» - Құранда айтылған құлшылықтарды орындау мен зекет, садақа беріп, қайырымдар жасау және тыйымдардан тыйылу керек. Сонда Сіз осы Аяттар мен «Ораза, намаз тоқтықта»,-деген өсиет мақалдан дұрыс нәтиже шығарған – дұрыс Тақуа боласыз.**

- - - - -

1. «Мәриям» сүресінің 77-78-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Аяттарымызға қарсы келіп: «Әлбетте, маған мал, бала беріледі»,-дегенді көрдің бе?» **«Ол ғайыпты біле ме? Немесе Алладан уәде алды ма?»**

2. «Нахыл» сүресінің 61-аяты: **«Алла адам баласын, олардың кесірлері себепті қолға алатын болса, жер жүзінде тірі жан қалмас еді. Бірақ, оларды белгілі мерзімге дейін кешіктіреді. Ал, қашан олардың мерзімі келсе, олар оны бір сәтке кейіндете де алмайды, ілгерілете де алмайды».**

### **«Сақтықта қорлық жоқ»**

Түп шығысы сақ болсаң, қор болмайсың, деген сөз ғой. Мақал жалпы мемлекеттік мүддеге де, жеке басқа да байланысты. Имансыздықтан қашу, аурудан сақтану, абройсыздықтан қорғану ... – адамның жеке өзі үшін.

Алла Тағала бірнеше сүреде бұл жалғанда жинаған малдүниенің қайырсыздығын және оны қайырлы ету үшін, Алланы көп зікір етіп, Алла бұйыртқан малмен, ақшамен, басқа өнімдермен басқаларға көмектесуді ескерткен («Шура» с. 35-39; 47-а). Ал, енді осы Аяттарға мән бермей, аурудан, тәкаппарлық пен мақтаннан, түрлі бәлекеттерден сақтанбай, өз нәпсісінің – жанының қалауымен жүре берген адам, ақырында орны толмас өкініштерге оранған бір азапқа, үлкен сынаққа тап болары даусыз...

Құранда Алла сақтанушыларды жақсы көретінін, сабырлылармен бірге болатынын ескерткен. Расында Алладан, Ақырет азабынан қорыққан Құл сақтанады, сабыр етеді.

Халық: «Өзіне өзің сақ бол, қоңсыңды ұры тұтпа», «Тек жүрсен, тоқ жүресің»-дейді. Құранның «Тәубе» сүресі мүшріктермен келісім және қалай мәміле жасау жөнін айта келіп, 7-аятында: «...**Алла сақтанушыларды жақсы көреді**», -дейді.

Аятты көктен түсу мерзімімен пікірлесек, мүшріктерге арналған. Ал, «Бұл Құран – адам баласы үшін ашық түсінік, Тура Жол және Тақуалар үшін насихат», -деген «Әли Ғымран» сүресінің 138-ші және «Ниса» және «Хаж» сүрелерінің «**Әй, адам баласы!...**»-деп басталатын 1-ші, 174-ші, «Жүніс» сүресінің: «**Әй, адамдар!...**», -деген 57-ші, «...Бұл Құран бүкіл әлемге тән үгіт», -деген «Жүсіп» сүресінің 104-аяттарының және «Іншиқан» сүресінің: «**Әй, адамзат!...**» , -деген хабарларымен зарделесек, 7-аят біздерге де Тура Кеңес, Тура Жол.

Қазақстан халқы көп ұлтты, көп дінді. Ортақ бір тіл не ортақ бір дін жоқ. Бірақ, ел тату. Себебі, олардың барлығы тыныштықта, бейбітшілікте өмір сүру үшін араздықтан сақтанады. Құранда: «**Әй, Момындар! Момындардан өзге кәпірлерді дос тұтпаңдар...**» («Ниса» с. 144-а), «...Яһудилер мен Христиандарды дос тұтпаңдар...» («Мәида» с. 51-а), «Момындар Момындардан өзге кәпірлерді дос тұтпасын... **Бірақ, олардан сақтану үшін болса басқа...**» («Әли Ғымран» с. 28-а), «**Егер олар бейбітшілікке бейімделсе, сен де оларға бейімдел...**» («Әнфал» с. 61-а), -деген. Қазақстан халқы Алланың осы Аяттарын өткен тарихтан және әлемдегілерін теледидардан көріп түйсіктері арқылы оқуымен, ұлттық және діни алауыздықтардан сақтанып, бейбітшілікте өмір сүруде. Бұл Аяттарды кең ауқымда алғанда Мұсылмандар Яһудилер мен Христиандарға, олар Мұсылмандарға дұшпан. Бірақ, бәрі де Жарылқаушы Алланың барын және дозақ барын біледі, сондықтан өздеріне белгіленген Жолмен амалдар жасап сақтанады.

Егер сақтанбаса, әлбетте, халық ауыр тағдырларды кешіп, не тіршілігінде, не ұйқысында, не дастарханында береке болмай қорлықта жасар еді.

Және де «Әли Ғымран» сүресінің 186-аятында: «Малдарың және жандарың жайында сыналасыңдар; ...сендерден бұрынғы

Кітап берілгендерден және мүшріктерден көптеген реніш естисіңдер. **Егер сабыр етсеңдер әрі сақтансаңдар; шәксіз, бұл маңызды істерден»**,-дейді. Демек, халқымыздың сабыры мен сақтануы – аман-сау, тыныш, бақытты өмір сүру жолындағы ең маңызды амалдардан екен.

«Әнғам» сүресінің 155-аятында: **«Осы Құран – Біз түсірген Кітап. Енді соған еріндер де сақтанарсыңдар. Мәрхаматқа бөленерсіңдер»**,-дейді. Онда: «Алла тарапынан кейін қайтарылмайтын бір Күн келуден бұрын Раббымызға...» мақұл, деп, Өзіне ғана паналап («Фуссилат» с. 47-а), Құранның үкімдерін орындап, Аллаға жағып сақ жүрейік, қорлық көрмейік.

### **«Садақаны сауда бер»**

Әли Ғымран с. 92-аяты: **«Сүйген нәрселеріңді Алла Жолына жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар. Не берсең де, Алла оны толық біледі»**.

Құран мен сахих хадистерде Садақа туралы нақты ескертулер жеткілікті... Медресесі болмаса да Иллаһи ілімді өмір Шындығынан оқып, жүректен меңгерген дана бабаларымыз, Садақаның қасиетіне әбден тәнті болғандықтан: «Аллаға бер де жалын», «Садақа – берік қамал, биік қорған», «Садақа беріп сақтан», «Садақа беріп, басыңды бәледен сатып ал», «Садақа бәлені қайтарады», «Садақаны сауда бер, іс біткесін құй бер, құй берме»,-дегендей бірнеше өсиет қалдырыпты.

Бұлардың барлығын түйіп айтсақ, сақтыққа шақырған бұл мақалдар, бұрыннан Иман келтірмегеннің, басына іс түскен Күні келтірген Иманының пайда бермейтінін айтқан «Әнғам» сүресінің 158-аятының; шайтанға ергендердің өкініштерінің пайдасыздығын ескерткен «Зұхрұф» сүресінің 39-аятының; **«...Қиямет келіп болғанда үгіт алулары неге жарайды?»**-деген, «Мұхаммед» сүресінің 18-аятының және Құрандағы сақтыққа үндеген барлық Аяттардың қазақы жалпақ тілдегі түсінігі.

Пенде жаңылыспай тұра алмайды. Алла **«... адам баласының қайсысы жақсы амал істейді, деп, сынау үшін жер үстіндегі нәрселерді жердің көркі...»** («Кеһф» с. 7-а) қылған, нашүкір пенде оларға көзін сүзбей («Таһа» с. 131-а) өте алмайды – күнәға



жол қояды; екіншіден, әу бастан дұшпан болып жерге бірге түскен («Бақара» с. 36-а) шайтанның және оларға ергендердің ортасында жасап жатқасын, пенде жаңылысады. Осыны жақсы білетін Алла, Құранды түсіріп, Оның «Бақара» сүресінің 48-аятында: **«Біреу үшін біреу күймейтін, шапағат қабыл етілмейтін, ешкімнен бодау алынбайтын және оларға жәрдем де етілмейтін бір Күннен сақтаныңдар»**,-деп, сақтыққа шақырып, 123-аятта мұны және қайталып, 195-аятта: **«Алла Жолында мал сарып қылыңдар. Өздерінді өз қолдарыңмен қауіп-қатерге салмаңдар...»**,-деп, осы 48-аяттың үкімін қалай орындауды үйретеді.

Мұндағы мал сарып қылу – садақа.

Алла Аяттарына қарсы келгендерден өш алу Күшіне Ие («Әли Ғыман» с. 4-а). Сондықтан бабаларымыз Алланың сақтануды айтқан Аяттарына қарсы келмей, сау күнде Алла риза болатын амалдар жасауды мұқияттаған. Ал, қарсы болғандар қандай бай болса да, қорғаныс қуаты күшті болса да Алладан құтыла алмайды.

«Әли Ғыман» сүресінің 10-аятында: **«...қарсы болғандардың балалары, малдары Алладан (келетін) еш нәрсеге төтеп бере алмайды. Міне, солар (қарсылар) дозақтың отындары»**,- дейді. Ал, 91-аятында: **«Негізінен қарсы келіп, кәпір күйінде өлгендер, олардың әрбіреуі жер жүзі толы алтын төлесе де әсте қабыл етілмейді. ...оларға күйзелтуші азап бар. Сондай-ақ, оларға ешбір жәрдемші жоқ»**,-десе, «Мәида» сүресінде: **«...кәпірлер жер жүзіндегі барлық нәрсені және онымен бірге тағы сондай нәрсені Қиямет күнінің азабынан (құтылу үшін) төлеуге салса да олардан қабыл етілмейді...»** (36-а),-дейді. Қарсы болу екі түрлі: бірі – ашық қарсылық көрсету, екіншісі – үнсіз жүріп, тиесілі амалдарды арсынып істемеу, мойындамау. Бұлар әлбетте, жазаға кездеседі, сонда күнәларын жуу үшін жер беті тола алтын төлесе де құтылмайды. Тәубесі қабыл болмайды. Сондықтан Алланың Әмірлерін орындап, садақа беріп сау жүрейік.

Иә, қыс маусымына дайындыққа көктемнен кірісіп, жаз бойы қамданып, күзде сай болатынымыз сияқты, тағдыр жазуларының арасындағы қатерлерден де ерте сақтану үшін алдын ала құлшылықта болып, Садақа беру – ұқыптылық. Ештеңеге мұқтаж

емес, бәрін Білуші, С-с-сомад Алла, мұны біз – әлсіз жаратылған, шайтанға алданғыш, ұмытшақ, қанағатсыз, ынсапсыз, нашүкір, аңғал, алаңғасар, асыққыш, салақ, кежір, кеше, қытымыр, қырсық, енжар, қомағай, жалқау, ашушақ, бақыл, қызғаншақ, сабырсыз Құлдарына Мейірімі түскендіктен, әр түрлі сәтсіздіктер мен кесірлерден, қасіреттерден сақтану үшін, деніміздің сауында, басымыздың аманында, дүниеміздің түгелінде ескертіп отыр. Егер бұған атүсті қарсақ, Алланың санап отырған Күні толған шақта, тиесілі жаза аяқастынан жетіп келеді. Сосын оған ешкім ара түсе алмайды. Сол үшін жоғарыда келтірілген Аяттарға амал жасап Алланың Рахымында тыныш өмір сүрейік.

Ешкім де тағдырында не жазулы тұрғанын білмейді. Сондықтан Аллаға мұқтаж.

Шегірге туралы бір ойында, дұшпанына кездескен шегіртке, оның пейілін (Алланың бұйрығымен, қалауымен, ризашылығымен, жақсы көруімен, білімімен, қазасымен, тағдырымен) біле тұра, дер кезінде қамданып, алысқа қашпай тәкаппарсынғанынан (Алланың қалауымен, білімімен, қазасымен, тағдырымен) тұтқын болып: «Бір ұмтылды, ұштым – құтылдым; екі ұмтылды, ұштым – құтылдым; үшіншісінде қолға түстім – тұтылдым», -деп өкінетіні бар. Тағдыр да осындай. «Күзе күнде сынбайды, күндердің күнінде сынады». Параға құмар адам бірінші алғанында ешкім білмейді. Екіншіде де аман... Бірақ, бұлар Алланың «Әли Ғымран» сүресінің 178-аятында айтылғандай, күнәсін арттыра берсін, деп уақыт беріп отырғанын білмейді. Пара алуды дағдыға айналдырады. Сөйтіп жүргенде Алланың санап отырған Күні толады («Мәриям» с. 84-а), Алланың кеңшілігі шегіне жетеді. Парақор сол бір күні маскара болып тынады. Ұрлық та солай, арақ пен темекінің соңы да шегіне жеткенде қасіретпен аяқталады...

Алланы есіне алып, бұйырған амалдарын орындамаған, тәубеге келмеген, нығметтерге шүкір етпеген адам да бір күні шекараға – тағдырға келіп тіреледі, тиесілі көресісімен кездеседі. Оны Алла: **«Бастарыңа келген бір ауырлық, өз қолдарыңмен істеген күнәларыңның салдарынан болады...»**. **«...Сондай-ақ сендерге Алладан өзге ие де, жәрдемші де жоқ»** («Шура» с. 30-31 а), -деп, ескертеді.

Ол көресісі не? Бұл да Аллаға ғана аян. Сондықтан пәк Алла Құлдарының Өзіне жала жаппауы үшін алдын ала Пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) жіберді, Құранды түсіріп, Өзінің тура Жолын сілтеді. Сол Жолдың басында Иман тұрса, ізінен Намаз бен Ораза жалғасқан, сосынғысы Зекет пен Қажылық. Бұны – Расулалла (с.ғ.с.) Исламның бес тірегі деді. Осындағы жылына бір рет қана келетін Рамазан айындағы Зекет деген жерде Пітір де, Садақа да ескерілуі тиіс. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Малдарыңызды зекетпен қорғаңыздар, сырқаттарыңызды садақа беріп емдеңіздер, бастарыңызға келген пәлекеттерге де жалбарынып дұға етіп, Алладан көмек сұраңыздар», - деген. Әр амалдың өз міндеті бар. Зекет, жыл бойына жеке басыңнан бастап, отбасынды жамандықтардан сақтаса, Пітір мал-дүниенің үшін беріледі. Ал, Садақа қазір келер секөнттегі, келіп тұрған минөттегі, ендігі сағаттағы, сәскеде келетін не түсте болатын т.б. алдағы қас қағымда бола қалайын деп тұрған қасіреттерден, шығындар мен сәтсіздіктерден сақтайды. Бұған кепілдік бар. Садақаны қызғанбай беру керек. **«Кім Аллаға көркем қарыз берсе, сонда Алла көптеген есе арттырып береді...»** («Бақара» с. 245-аят). Бірақ, алдымызда не күтіп тұрғанын білмейтін, байлықты ақша мен мал-дүние деп қана түсінетін біз, бақытты заманымыз бен Әділ патшамызды, ден саулығымыз бен отбасымыздың амандығын Алланың еселеп бергені деп қабылдай алмаймыз. Бұл – әлсіздігімізден.

Бабаларымыз: «Садақа бәлені қайтарады», «Садақа беріп, басынды бәледен сатып ал», - деген. Енді осы мақалдардың Шындығына – садақаның келіп тұрған бақытсыздықтан сақтайтынына нақты дәлелге, өмірде болған мына оқиғаны айтайын.

Осы күнде Қарағанды облысының Шахтинскі қаласында жасайтын құда балам Кеулімжай Қожабайұлы 1993 жылғы өз басынан өткен бір кереметті былай баяндайды.

– Үйде жалғыз отырғам. Біреу кәдімгідей сөйлеп: «Сенің мына ...екі балаң өледі», - деді, балаларымның атын атап. Содан не істерімді білмедім. Біреуге айтуға да есебін таппадым. Екі балам бірдей өлетініне ішіп күйіп барады. Сосын арақ ішем, «Балаларымның өлімін есітсем не көрсем батылдау болайын», - деп. Үш күн іштім. Үшінші күні анам бұл ішудің мәнін сұрады.

Есіткенімді айттым. Шошып кетті! Жұлып алғандай бірден: «Садақа бер!»-деді дауысы қалтырап. Сәл кідіріп, кесесіндегі шайынан бір ұрттап, сабасына келіп: «Бұрынғылар: «Садақа беріп, бәледен басынды сатып ал!»-деген, балам, малсыз емессің, бір қойыңды, аударып ұр да сой! Халықты шақыр, батасын ал!»-деді, батыл дем беріп.

Інім Бақтиярдың жан-жақтан келе беретін жоралары көп. Үшқұдықтан да бір Марат деген, «КамАз» таңбалы мәшін айдайтын жорасы бар. Жиі келіп тұрады. Арақ ішіледі.

Өзім шіркәтта мал бағамын. Әйелім жұрт қатарлы талаптанып, өзіміздің және көршілердің сиырларының сүтін жинап алып, пойызбен екі жүз шақырым алыстағы Үшқұдық, Зерафшан қалаларына апарып сатады.

Анам айтқан күні, әйелім де үйде еді. Алланың ризашылығы жолына бір қойды атап сойып, халықты жинап ақ батасын алдық. Әр кештегідей тапшанға жатып жүргендер тапшанға, екі балам мен өзім тапшанның түбіне жерге жаттық. Таңертең, қараңғы аралас әйелім серіктерімен пойызға шығып кетті. Оларды шығарып салдым да жерде жатқан екі баламды көтеріп тапшанға, босаған орындарға жатқыздым. Өзім де сыйдым.

Көзім ілініп кеткен екен. «КамАз»-дың дыбысын есіттім, іле тарс етіп бірдеңеге соқты, әлде не құлады. Мәшіннің дыбысы сөнді...

Орнымнан тұрсам, Маратымыз. Мас. Мәшінімен келіп есіктің алдындағы пісіп, жер астынан су шығаратын құлба құдықты соғып, сындырып, тапшанға бір қарс жетпей, алдында балаларым жатқан төсекті жаншып тұр»,-деп, садақаның ертерек ескерілгенін, бір мал садақа беріп, екі баласының өмірін сақтап қалғанын әңгімелеп, Аллаға шексіз шүкірлер айтты. Егер, садақа берілмегенде, Кеулімжайдың ақылына шайтан билік жасап, екі баласын тапшанға көтеріп салмай, олардан айырылып қалар еді. Бұл жерде Кеулімжайдың садақасына – Өз Сөзінің үстем болғанына риза болған Алла Тағала, оған шайтанды ерікті қылмай «...бір күннің келуінен бұрын Алла Жолында...» («Бақара» с. 254-аят) жұмсаған бір мал садақасының құрметіне Өзі сақтап қалды.

Алланың алдын ала берілген бір көркем қарызға көптеген есе қайтарғанының бір сипаты, дәлелі осы...

Дәл осы есітіп отырғанымнан пікір түйіп, садақа жайлы да жазбаққа бекіндім. Мақсатым, тағы қайталайын, жаңылып жабыққандарды табалау емес, Тура Жол іздеген, Иманы кәміл, ұжданы бар жақсыларға өмірде естігендерім мен көргендерімді әңгімелеп, Алланың әмірлері (намаз, ораза, пітір, зекет, садақа) туралы танымдарын күшейтіп, Шындыққа шақырып, жамандықтан сақтандырмақ. «Мұнафикун» сүресінің: **«Сендерден біреулеріңе өлім келіп: «Рабым! Мені жақын бір мерзімге дейін кешіктірсең де садақа беріп, ізгілерден болсам», деуден бұрын өздеріңе берген несібемізден тиісті орынға жұмсаңдар»**, -деген 10-аятын және «Әнфал» сүресінің: **«...Ал, Алла Жолында не нәрсе жұмсаңдар, сендерге толық төленеді. Әділетсіздік көрмейсіңдер»** (60-аят), -деген 60-аятын айтып, Алланың ризалығы үшін берілгеннің қайтарымызсыз қалмайтынына сендірмек.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында, Өзбекстанның Наманган облысының Мыңбұлақ деген жерінде, жер бұрғылаушылар кездейсоқ жайға тап болғанын, көзі қарақты елдің бәрі, БАҚ арқылы білгендері естерінде болар. Олардың бұрғылап жатқан жерінен мұнай атылып шығады. Сол мезетте үлкен байлыққа кездескеніне қуанып кеткен бұрғылаушы жігіттердің бірі, жақын жердегі қыстақтан қораз сатып әкеліп, өздерінің жұмыс стансасының (вагонның) түбіне, құблаға қаратып жатқызып: «Бисмиллаһ. Жаның Алланың Жолына», -деп, мауыздайды. Стансаның екінші бөлмесінде жұмысшы жігіттердің киімдері, т.б. заттары болғаны айтпасам да түсінікті.

Мұнай атылып айналаға жайыла бастаған. Бұлар қораздың етін жей алды ма? Жоқ па? Білмеймін, мұнай ауамен реакцияға кіріп өртенеді. Бұл, алапат өрт болды. Жалын қаншалаған аумақты шарпыды. Биіктігі көкпен байласты. Бірақ, бір қызығы, түбіне қораз мауыздалған стансаға, өрт, түбінде-иекпе-иек, жиекпе-жиек лаулап жатып түк зиянын тигізе алмады.

Газеттерде станса жақтан түсірілген суреттер жарияланды. Андап қараған кісі, станса мен өрттің арасында екі қолын айқастырып көкірегіне қойған, адам тұлғалы заңғар бейнені көреді. Бұны өзім және Науайы облыстық телерадиокомпанияда бірге істейтін журналистер көзімізбен көргенбіз. Сонда Алланың кереметіне және бір көз жеткеріп, атеизмнің былшылы-

нан құтылуымызға бұл да бір себепші, дәлел болған. Құранның «Фурқан» сүресінің 53-аятынан оқыған: «(Алла) екі мұхит-теңізді бірін ащы, екіншісін тұщы етіп ағызып қойған және олардың ортасында бөгет және көрінбейтін перде қойған», - деген; «Рахман» сүресінің: «Ол теңіз-өзенді бір-бірімен жанасатын халдерінде ағызып қойды (19 а). Бірақ, арасында бөгет бар, бірі екіншісімен араласпайды» (20 а), - деген Аяттарына сенімімізді бекіттік. Себебі, ол аралықта әлгі бейнеден басқа ешқандай қабырға жоқ. Не өрт сөндірушілер су сеуіп жатқан жоқ. Ашық ауа кеңістігі...

Ол адам тұлғалы алып бейне – әлгінде бұрғылаушы жігіт Алланың Жолына атап, сатып әкеп мауыздаған қораз – Садақа! Садақа екі қолын айқастырып, көкірегіне қойып өрттен стансаны қорғап тұрды. Тіпті, пәлен градустық жалынның қызуы да алып тұлғадан стансаға қарай өте алмауы, жағанды ұстап: «Субханалла! Әлхамдулла! Аллаһу әкбар! Астағфиралла! Астағфиралла!...» - демеске лажынды қалдырмайды.

Лә Илә-ә-һә Иллаллаһ, Мухаммад Расулуллаһ!

\* \* \* \* \*

Керейде Тоймұрат немересі Сейітұлы Асан деген кісі өтті. Иманды болсын. Сол кісі 1941-45 жылдардағы ел басындағы ауыр күндерден әңгіме айтып отырып, 1942 жылы әскерге шақырылған Досымұлы Жетебай есімді ауылдасының садақасын есіне алатын.

Жетебай ағам төрт-бес жасар кезінде, 1932 жылы, Тікей деген жерде, ауылда жатқан басмашыларға қызылдар тұтқиылдан келіп тиісіп, қалай болса солай оқ жаудырған.

Қашпақ болған Жетебай ағамның өкшесін оқ жалап өткен. Сондықтан әуелден ол әскерге жарамсыз есептелген. Бірақ, 1944 жылдан бастап, аудандық әскериком жоғарының әскерге адам жіберу туралы тапсырмасын орындау үшін шақыратын болыпты.

Әскерге шақырылған Жетебай ағама анасы көп күлше пісіріп, теріден илеп жасаған шанашына салып береді екен. Асан ағам: «Біздер жолдың үстінде ойнап жүреміз. Ол келгеннен сәлем беріп, «аман кел, аман кел» деп, үлкендер беретін батаның осы жерін айтып шулаймыз. Ол тұра қалады да шанашын ашып күлшелерін алып, екеуара біреуден бөліп береді. Біздер мәз болып

қаламыз. Ол: «Осы жерде ойнап жүріңдер. Егер әскерге кетпей қалсам, қайтарда мына нанның барлығын сендерге беремін», - дейді шын пейілімен. Біздер оның жанын көзінен, дауысынан сеземіз. Сенеміз. Кетпейміз, ойнап жүріп әр біріміздің іштей тілегіміз: «Жетebайды әскерге алмай қайтарса екен!» Ол түс ауа, кейде күн бата келеді. Уәдесінде тұрып шанашындағысының барлығын біздерге бөліп беріп үйіне кетеді. Бұл әр екі-үш айда ма, әр алты айда ма, дәл есімде жоқ. Бірақ, көп шақырылатын. Осы «дәстүріміз» соғыс аяқталғанша жалғасты. Жетebай ағам соғысқа бармай қалды», - дейді.

Бұл – садақа беріп тұрып, яғни Алланың Тура Жолында көрсетілген амалды істеп тұрып, Оның Өзінен мұқтажын тілеудің нәтижесі. Жүректен берілген міндетсіз садақаның нәтижесі. Кеңес үкіметі кезінде жасырып айтқызбағанымен, тірі куәлер, кейбір дене мүшесінде кемісі барларды майдан артындағы жұмыстарға 1943 жылдың көктемінен ала бастағанын әңгімелеген. Бұл айтқандарын дәлелдеп те отыратын. Кеңес кезінде әскери қызметте мен өзім де тума шолақ әрмиян жігітімен бірге қызмет еттім... Мұны айтып отырғаным, Жетebай ағам өкшесінің кемістігі үшін әскерге жарамсыз есептелген жан. Бірақ, бір ынсапсыз пенделердің қолындағы әділетсіздік оны қайта-қайта шақырып әлек етіп отыр. Жазаласса бір «мықтының» баласының орнына жөнелте салуы да ештеңе емес. Ал, Алладан үміт етіп, жол бойындағы аш балаларды қуантуынан, ашық жүрегінің тілегі қабыл болып Хақ Тағаланың Өзі оны алып қалды.

Менің бұл дәлелдеріммен келіспей, күмән мазаңызды ала берсе, Ырысбике Күнтуарқызы айтқан мына естелікке көңіл қойыңыз.

«Әкем де таза асылдар бағытымен өмір сүрді. Бабам Анияр қажыдан сабақ алған. Қандай қиын күндерге, жұтан жағдайларға кезіксек те намазын оқып жүрді. Көбіне түнгі мезгілдерде ет пісірім уақытқа дейін тапжылмай Құран оқып, тілектер тілеп отыратын. Әкемнің көкем соғысқа кеткеннен кейінгі күндердегі Алладан көмек сұрағандағы амалдарын айтайын.

Әкем тынбайды. Шынайы еңбектің адамы. Көкем әскерге алынған. Бір күні әкем үйме-үй жүріп сиыры бар үйлерден қатық, сүт, сүзбе жинайтынды шығарды. Оны өзі ерінбей, түнімен пісіп, жақсылап араластырады, тап шұбаттай болады. Сосын бөшкеге



құйып, таң ала кеугімнен арбаға атты жегіп, мені ұйқымнан оятып алып, жанына отырғызып, ауылдан 7-8 шақырым қашықтықтағы, Орынбор-Орал бағытындағы темір жол бойындағы Анқаты стансасына келеміз. Бұл стансадан әр күні таңертең, бір мезгіл, Орынборға қарай жаралы әскерлерді алып кететін жедел жәрдем пойызы өтеді. Ерте қимылдап соған жетеміз. Әкем әлгі айранды жаралыларға ыдыстарына құйып таратады. Вагоннан түсе алмайтындары терезеден ыдыстарын жіпке байлап жібереді...

Ол кісі орысша білмегесін мені ертіп жүреді. Айран үшін жауынгерлер ақша ұсынады.

Әкем маған: «Айт, қызым, ақшасын өз кәдесіне жаратсын. Маған «Балаң әскерден аман келсін!»-деп бата-тілегін айтса болды», -дейді. Мен солай айтып түсіндіремін. Бейшара жауынгерлер әкемнің әкелік жүрегін түсініп, көздеріне жас алып, бар ықыластарымен тілектерін ақтарады. Әкемді құшақтап жылайды.

Бұл сиырлар сүттен шыққанша күнде осылай жалғаса берді. Көкемнен алғашқы хат та келді. Аман-түгелдігін жазыпты. «Майданнан дем алысқа шықтық. Уақытым болып осы хатты жазып отырмын», -дейді, хатының соңында. Әкем баласынан хат алған күні қуанып, осы бір ғанибеттерді нәсіп еткен Мейірімді Алла Тағалаға шүкірлер айтып садақа береді. Көптің батасын алады. Міншіл, надан біреулер бұны да кемшілік көріп өсек етіп күліп жүрді. Кейін-кейін: «Құдайға бер де сұра», -дегенді түсініп, қалжыңы бар жиендеріміз, әкемнің құрдастары: «Күнтуардың баласы Кәрімжан тезірек демалысқа шықса екен, жақсы хабарын алып хат келсе екен, Күнтуардың тағы бір қойын жейтін!...»-деп, әзіл-шынын қосып тілекте жүретін болды.

Әкем осындай ниеттермен күткен көкем соғыста төрт жыл жүрді. Тек бір саусағының бірінші буынынан айрылғаны болмаса, дін аман, орден, медальдармен оралды», -дейді.

Бірінші буын садақаға дейінгі аралықта оққа ұшқан. Оны Күнтуар атам түсінде көреді – баласының тырнағы қопарылыпты. Тұра сала баласының сыртынан қорған құрмақ ниетімен садақа беру жолына кіріседі.

Иә, Алла Тағала уәдесіне берік. Кімде кім Оның өзіне бұйыртқан несібесінен («Бақара» 3 а.) басқаларға да бөліп тұрса, Алла Субханалла Тағала тілектерді жерде қалдырмайды. Алай-

да, «Бақара» сүресінің 264-інші және «Ниса» сүресінің 36, 37, 38-аяттарында айтылғандай тар пейілде болатын замандастарымыз барын жасыра алмаймыз. Алланы ескермейтін паңдарымыз бары да Шындық.

Олар да той өткереді не садақа береді, болмаса, үйіне келген қонақтарына сыбаға тартады. Осы мерейді нәсіп еткен Алла тағала екенін ойламайды. «Бәрін өзім таптым...», дейді. Дастарханды жайнатып қойғанына, елдің көзін қарықтырған дүниесі мен мәшініне мәз....

Алла – Әділ. Ешкімнің еңбегін күйдірмейді. Еңбек адал болса, Аллаға ықылас күшті болса, ниет түзу болса оның сыйы бөлек. Себебі, Алла Өзін ескеріп, шүкірлік еткен, Өзіне жақын болғысы келген Құлдарына өте жақын. **«Сондықтан Алла оларға істегендерінің ең көркем сыйлығын, тіпті, Өз қасынан артылтып береді. Алла қалаған Құлын есепсіз несібеге бөлейді»**, -дейді, «Нұр» сүресінің 38-аятында.

Осындай, тіпті, бұдан да артық Аяттардың барын білмейтін, Алланы тек тілінің ұшында ғана айтатын немесе, басына іс түскенде ғана іздейтін кейбіреулер той, садақасын бәсекемен, жинағанының көптігін көрсету мақсатымен істейді. Олардың ойында Алла бола қоймайды, тек бата жасалғанда ғана молданың аузынан есітеді. Сонда да олар: «Бұл нығметтердің бәрі Алланың маған берген бақыты ғой! Шүкір!...» -демейді. Оның орнына: «Қанша жұмсаған едім, қанша түсті? Орнын қаптады ма? Тойым пәленшенің тойынан артық өтті ме?» Ойы, көңілі осыларда болады.

Кейбіреулер қонақты да бір пендешілік есептермен шақырады. Олар қонақ шақыру мен көлденең келген қонақты күтудің өзі тамаша садақа екенін пәмдей алмайды. 2005 жылы, теледидардан бір жас әйел мұнысын да жасырмады. «Ісім түсетін болса шақырамын. Болмаса...». Міне, бұндайлар Иманнан мүлде хабарсыз, өмірді осы жалғаншымен ғана шектеп, тіршілікті дүние-мүлікпен ғана өлшейтін, Рухани әлсіз пақырлар. Қоғамдағы бірлік пен берекенің қадіріне жете алмайтын бұзбакерлер. **«Егер оларға бір тиесілі болатын болса, Оған бой ұсынған түрде келеді»** («Нұр» с. 49-а.), -сәлемін беріп, жарқылдап хал-жағдай сұрай бастайды. Міне, бұлар-екіжүзділер. **«...Олардың өздері залым»** («Нұр» 50-а.) Олар осы жүрісінде жүріп уақыты жеткен-

де тағдырдан азап көріп жатса, серігін, көршісін, әбден болмаса Елбасын не үкіметті айыптай салады. Одан қалса Алла Тағалаға жала жабады. Бірақ, өзінен көрмейді.

Ілім, білім іздемейтін, Құранды оқымайтын, тәрбиесі кем ондайлар ешқандай жағдайда да өзіне кемшілік, білімсіздік жолатпайды. Шартты түрде біреуді айыптайды.

\* \* \* \* \*

Садақа беруге асығуға дәлел болар мына оқиғаны Ақсұлу Құрбанбайқызы айтып берген еді:

– 2010 жылдың 5-наурызының түнінде марқұм Дихан ағам түсіме кіріп: «Ақсұлу, Құдайды көретін болсаң жүр!»-деп, ақ кенепті жайды. Өзбекстандағы баяғы өзіміздің бес бөлмелі үлкен жайда екенмін, деймін. Үйден шығып, сол кенептің үстіне тұрдым. Жүзіміз құбылада. Дихан ағам оң жағымда, сол қолын иығыма қойды. Ақ кенеп ертегілердегі ұшқыш кілем сияқты ұшты. Мен алдыңғы жиегін қайтарып ұстап алғанмын. Ұшып барамыз. Бұлттардан өттік. Бәрін қызық көріп, төменге қараймын. Таулар, өзендер, көлдер, мұхиттар мен теңіздер, орман, ыспа қызылқұм, елдер мен белдер бәрі қалып барады. Биіктеп кеттік. Бұлақтар да астымызда қалды. Бір жазықтықтағы гүлдері жайқалған, биік төбенің басына, қондық.

Алдымызда және бір үлкен төбе бар. Оны түгелдей әр қилы түсті гүлдер көмкерген. Көздің жауын алады. Көңілімді өзіне тартып, ынтықтырады. Бара алмаймын. Гүлдерден қоңыраулы дыбысты жарық сәулелер ытып шығып аспанға ұшып жатыр.

Осы қызықпен ауылға қайттық та көп кідірмей және көтерілдік. Әлгі биік төбеге тоқтадық. Дихан ағам: «Ақсұлу тілегінді тіле. Қайтамыз!»-деді. Қолымды жайдым да балаларымның, немере, шөберелерімнің бақытты болашағын сұрадым. Қайтып келе жатып: «Ағам маған осынша қызмет қылды. Жаңағы батама бұл кісінің балаларын қоспаппын-ау!»-деймін.

Үйге келдік. Бір пияла шай сұрады. Соны дайындамақ болып талаптанып жүргенімде оянып кеттім. Жақсылыққа жорыдым. Арадан үш күн өткесін шалыма (Файзулла Нұрлыбаевқа) айттым. Бір қызғаныш түрткендей түсі бұзылып кетті. Шамалы үнсіз отырып барып: «Жақсы түс! Тұр, батамды берейін»-деп, батасын берді.

Аллаға жолыққандай сезімдемін. Көңілім күллі күнәларымнан тазарғандай сергек.

Асханаға бардым. Иіснан пісіріп, садақа таратпақ едім. Май жоқ екен. Май аламын деп, жүріп арадан он күн өтті. Поштаға барып, зейнетақымды алып, дүкеннен май алмақшы болып келе жатқанымда мұзға тайып құлап, аяғымды сындырып алдым.

«Садақаны сауда бер, іс біткесін құй бер, құй берме», - деген...», - дейді апам.

Иә, Алла Тағала «Бақара» сүресінің 110-аятында: «Намазды толық орындандар, зекет беріңдер. **Өздерің үшін ілгері бір жақсылық жолдасаңдар, оны Алланың қасынан табасыңдар. Шынында, Алла – не істегендеріңді толық Көруші**», - дейді. Расында, ықыластың барлығын садақаға аударып, өзге алаңдаушылықтарды жинап қойып, май болмаса да қолда бар қимас нәрседен садақа таратқанда (бергенде), бұл тағдырдан Алланың Өзі сақтаған болар еді. Өкінішті жері, апамыз әр нәрсенің өлшеммен жаралғанын, әр нәрсенің шегі барын білмегендіктен жәй жүріп қалды.

Біріншіден, түсін жариялауды үш күнге созса, екіншіден, май аламын деп жүргенде он шақты күн өтіпті. Жалпы он үш күн – екі Жұма. Бұл кезде Алланың санап отырған күні толуға таяп, зейнет ақысын алуға поштаға барған жерге уақыт толық толды, мұзға тайып құлады. Жамбасы сынды. Халықтың: «Қиямет қас қағымда», «Бинеттіге қара жер ойылады», «Бәлекет аяқ астында», - деген даналықтары осындайдан туған. Бұл – Құранның «Нахыл» сүресінің: «Көктердегі және жердегі сыр Аллаға тән. **Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті, одан да жақынырақ...**», - деген, 77-ші және «Нәміл» сүресінің: «... **«Асығып тілеген азаптарыңның кейі сендерді өкшелеп тұрған болуы мүмкін»...**», - деген 72-аяттарының өмір Шындығындағы дәлелі.

\* \* \* \* \*

*«Нұр» сүресінің: «Кімде-кім Аллаға, Пайғамбарға бағынса, сондай-ақ, Алладан қорқып сақтанса, міне, солар қолы жеткердер», - деген 52-аятын*

*«Құдай да сақ болсаң сақтайды...», - деген мақалдан оқимыз.*

Аталмыш тақырып, алда жазылған тақырыптардың жалпылама айтқан жалғасы. Мына «Нұр» сүресінің 52-аятында бағыну

мен сақтану – қол жеткендік екенін ескертсе, «Шура» сүресінің 47-аятында: **«Алла тарапынан кейін қайтарылмайтын бір Күн келуден бұрын Раббыларыңа мақұл дендер. Ол Күні сендерге паналар жер жоқ әрі тана алмайсыңдар!»**–деп сақтануды қайта пысықтайды.

Бұл, Алланы жүрекпен танып, батини көзі ашылған, Құран Аяттары мен Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадис, сүндеттерін өте терең түсінген, берік, мұнтаз Иманды, **Иман келтіргендерді Алланың қорғайтынына** (1) сенімдері кәміл дана бабаларымыздың, Құрандағы 114 сүрені түйіндеп, ұрпақтарын сақтандыру үшін айтқаны.

Яғни: «Келтірген Кәлимаңа адал бол! Құран айтқан, Пайғамбарың Мұхаммед (с.ғ.с.) көрсеткен Жолдан жаңылма. Нәпсің мен лағнеттелген шайтанға алданып, Әл-Мисақтағы уәденді («Ағраф» с. 172-а), бүгінгі Иманыңды бұзып алма!»-дегені.

Енді сақтыққа келейік. Өзінің Қаһарына ұшыраудан, дозақтан қорыққан Құлдарына Тура Жолы мен Елшісін (с.ғ.с.) жіберген Рахман-Рахым «Дұхан» сүресінің 2-3-аяттарында: **«Ашық баян етуші Құранға серт». «Шын мәнінде оны құтты бір кеште түсірдік. Расында, Біз ескертушіміз»,**-деп, ескертіп алып, ізінен Елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с.) де сөзін тыңдамағандарға ренжімеуін мұқияттап: **«Сен бір ескертуші ғанасың...»** (2). **«... «Менің Жолым осы...»,**-де (3). Ал, саған да, адамдарға да **«Тура Жолды түсіндіру Аллаға тән...»** (4). Бірақ, **«...бір қауым өзін өзгертпейінше Алла оны өзгертпейді...»** (5),-деп, Өзінің Жолына түсу, Әл-Мисақта уәде берген әркімнің өзіне тікелей қатысты екенін аңлатады. Және: **«Әй, Адам баласы! Сондай, сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларыңа құлшылық қылыңдар. Әрине, сақтанған боласыңдар»** («Бақара» с. 21-аят), **«...Алла сақтанушыларды жақсы көреді»** (Тәубе) с. 7-аяты)-деп, Елшілері көрсеткен Жолдан шыққан, Өзінің қаһарына ұшыраған, Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі: Ғад, Самұд, Мәдиян, Рес, Түббағ, Әйке (т.б.) елдерінің тағдырын меңзеп, сақтықта алды-артыңды кеңірек ойлауға шақырады (6).

Ал, «Құдай да сақ болсаң сақтайды»,-деген мақалды алғаш есіткен күмәншіл құлақтың көңіліне, осалдықты аңдып отыратын шайтан: «Өзіме өзім сақ болатын болсам, Алланың не керегі

бар?!»-деген, ойды салады. Бұған алданған пенде «Бақара» (30-а), «Әли Ғымран» (110-а) сүрелерінің аманаттарын есіне алып: «Алла мені жердегі Халифасы етіп жаратты ғой, мен адамдарды игілікке шақырып, жамандықтан тиятын адаммын», -деп, ойламайды. Тағдырының иесі де Алла екенін ескермейді. Соны жақсы білетін Алла Тағала әу бастан-ақ, Адамға (ғ.с.) ілім-білім үйретіп сақтандырды... Бүйтпесе, адам баласын бұзуға серт берген шайтан («Ағраф» с. 16-17-а) Алланың Құлдарын дозақтық етуі әбден мүмкін еді.

Алла Кітаптарын жіберіп, Өзінің Жалғыздығын насихаттауды, Бейіш пен дозақ жайын хабарлауды, Тура Жолын көрсетуді тапсырды. Ақ пен қараны, адал мен арамды айырып, шайтанның күрмегіне ілініп қалудан қашырттырды.

Елшілері Алланың өсиеттерін айтқанындай етіп қауымына жеткерді, саңлауы барына ұғындырды. Бірақ, Пайғамбарлары – Кітап түскен: Мұса (ғ.с.), Дәуіт (ғ.с.), Иса (ғ.с.) өлгеннен кейін қауымдары Кітаптарды да, көрсетілген Тура Жолдарды да өз ыңғайларына бейімдеп өзгертті (7; 8). Сондықтан Құранда оларды «Кітап түсірілгендер», «Адасқандар» деп атайды.

Жетінші ғасырда қараңғы ғаламға Нұрын шашып келген, Қасиетті Құран – Өзінен бұрынғы Кітаптардың кемісі толықтырылған, түгелденген, шипа үшін түсірілген шын Өсиет, тура Жол. Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) пен Құранның келуі, Алла Тағаланың, Өзінің Жаратқандарының ішіндегі ең аялысы, ардақталғаны, ең еліктегіші, ең алданғышы, әлсіз жаратылған ынсапсызы, жанжалшылы – адамның адаспауы үшін, «Маған айтпадың, ескертпедің!»-деп, Өзіне жала жаппауы үшін, Әділдігімен, Мейірімімен, Рахымымен шайтанның азғыруынан сақтансын деп, жіберген Қамқорлығы. Иә, **«Өзін білмеген ақылсыздан басқа кім Ибраһимнің (ғ.с.) Жолынан бет бұрады?»**-деп, «Бақара» сүресінің 130-аятында ескерткендей, **«...Бұны Ақыл иелері ғана түсіне алады»** («Бақара» с. 269-а.).

Сынақ дүниесінен жақсы өту мен Алланың сүйген Құлына айналу үшін, қабыр азабын көрмей, Қияметте Бейіштен мәңгілікке орын алу үшін азғырушы шайтаннан сақтанып, айтылған әмірлерді орындау («Бақара» с. 186-а) – 130-аятта айтылған Ақыл иесінің амалы. Құран бізге осыны айтады, пәктелу әдісін үйретеді.

Құранда Алла Тағала Өзінің барлығын, Серігі жоғын, ешкімнен Туылмағанын, ешкімді Тумағанын; ештеңеге мұқтаж еместігін, біз көріп жүрген – бізге көрінбейтін бүкіл барлықты Өзі ғана Жаратқанын, өліден тіріні-тіріден өліні шығарып, тіріні өлтіріп, қайта тірілтетінін; аспан мен жердің арасындағылардың барлығының иелігі Өзінде екенін; бұлттар мен жанбыр жайынан дерек беріп, әр нәрсеге Күші толық Жетуші екенін – Өзінің Құдіретімен аспан мен жерді, суды, желді және жан-жануар, жәндіктер мен тау, тас, өзен-көл, мұхиттарды бар еткенін, су астындағы әлемдерді жаратып, сулардың арасына перделер қойғанын, арнайы бал арасын бінә етіп, оған бал жинау қабілетін бергенін; уақытты, мезгілдерді білу үшін күн мен айды, күндіз бен түнді т.б. жаратқанын баяндап, Кереметтерін ескертті. Есеп Күні келетінін айтып, Бейіш пен дозақ жайын терең түсіндірді.

Бұл ескерту қашанда, қайда барсаң да өзіңді бір тамшыдан болдырған, тағдыр-несібеңді жазған Өзінен қашып құла алмайтыныңа («Шура» с. 35-а) бір ишара болса, түбінде келетін жерің де – Өзінің алды екенін білдіруі («Мәида» с. 105-а). Сондықтан айтқан Жолымен ғана жүріп: Өзіне ғана міндетсіз, жалқауланбай, ықыласпен құлшылық қылып, парыздарды орындап, зекет, пітір, садақаға сараңдық етпей, көптеп қайырым мен сауаптар жасап сақтану керек. Сонда Ол Өз әміріне («Бақара» с. 186-а) амал қылғаныңның құрметіне сый ретінде, кез келген бәледен Сақтайды.

Құранның шипа үшін түсірілгенін, оны оқығанда шын ықыласпен оқуды, оқи алмайтын болса, тыңдағанда барымен беріліп отыруды ескертіп, сондай ықылас болғанда (Не тілек тілейсің? Нелерге ниеттендің? Қандай талаптарың бар? Иmandылығың қай дәрежеде?...) Өзі көретінін хабарлайды.

Алла Өзінің Аяттары мен Елшісі (с.ғ.с.) айтқан хадистер және сүндеттер арқылы бізге жеткерген Тура Жолында **ішің**: жүрегің, ниетің, пейілің, ойың; **сыртың**: дәрет пен ғұсыл арқылы бүкіл денең, тілің, құлағың, киімің, ұстап-тұтқаның, отырып-тұрған жерің, үй ішің мен жұмыс орыныңның таза болуын; Момындық парыз, сүндеттер мен уәжіптерді, ел үміт артқан Азаматтық міндеттер мен борыштарды мүлтіксіз-мінсіз адал орындауды меңзейді;

нәпсіні тақуаландыруды тапсырады; несібе үлестіруші Өзі екенін ескертіп, өзгенің жетістігін қызғанудан, бақылдықтан,



іштарлықтан сақтандырады (Бұл кеңестерге қарсы келгендердің татулық пен сыйластықта берекесі кететініне және жүрек ауруы мен қан қысымы, сукұмар сияқты ауруларға шалдығуларына сөз жоқ); ақ пен қараны айырып көрсетеді, зинақорлықтан шошытып, адал мен арамды түсіндіре тұрып, арамдардан бірі өміріңді сақтап қалатын не ауруыңа ем болатын болса, мөлшерінде пайдалануды мұқияттайды; арақтың арты жақсы болмайтынын ескертеді; Өзі арамға шығармағанды арамға шығарушыларға тиым салады;

сәлемің түзу, әлігің одан да артық болсын дейді (дұрыс сәлем, жақсы мәміле-бірліктің кепілі);

төрелік айту мен куәлікте атаң мен ананның не өте жақын қимасыңның зиянына болса да тура болуыңды қалайды;

өз әйеліңнің көңілі үшін Құран Жолын бұрмалаудан тияды (Көп дүмшелер мен ұқыпсыздар әйелінің айтып отырған өсегін немесе біреуді кемсіткен ғайбатын қостап Құран Аятын жасынға шығарып, Ұлы Исламның беделіне нұқсан келтіреді...);

жақсылық істеуді көбірек ескертіп, оларға үлкен сыйлықтары әзір екенін қаперге салып; масылдық пен арамдықтан, парақорлық пен дәмеленуден сақтандырып, адал-шын ықыласпен еңбек етуге үгіттейді;

ата мен ананы сыйлауды, жерікпеуді тапсырады;

кімнің қандай әйелге үйленуінен хабардар етіп, әйелінді, балаларыңды сыйлауды, жетімдердің басынан сипауды, олардың және басқалардың ақысына қиянат жасамауды, егер басқа әйелге үйленетін жағдай бола қалса, әуелгі әйелің мен балаларыңды тамақпен, киім-кеншегімен қамтып отыруды ескертеді;

ерлердің дәрежесін көтергенін және ері басшысы екенін әйелдердің құлағына салады; ерінің тапқанын бежеріп, оның рұхсатынсыз ешкімге ештеңе беруге болмайтынын тапсырады; әйелдің қалай киінуі мен қалай жүріп тұруынан да хабар береді;

талақ пен үгіт және қарсы келушілерге үкім жайын үйретеді;

баланы екі жасқа дейін емізуді тапсырады, атасы риза болса ертерек шығаруға да болатынын айтады;

бір-бірін танулары үшін ұлт пен руға (жүз жоқ-айтылмаған, Алла аяттарына қарсы амал жасағандарға шегіне жеткенде Қаһарын жібереді...) бөлгенін; адамзат бір қауым болғанын, Кітап келгесін бөлінгенін; Өзі қаласа бәрін Өзіне құлшылық еттіре ала-

тынынан; сынау үшін әрқайсысына жол-жоба белгілегенінен дерек береді;

өсек пен ғайбаттан, біреуді міндеу мен кемсітуден, жіктеуден сақтандырып, Өзінің кемсітілгендер жағында екенін ескертеді;

антқа адал болу мен сертке, уәдеге берік тұруды ыждағаттайды;

атаның емес, адамның баласы болуды, көп оқуды, ғылым ізденуді, туыспен, бауырмен, көршімен, таныспен, кәсіптестермен соңғы кездесіп отырғандай сыйласуды санаға салады;

адамның жанжалшыл екенін айтып, сыпайы сөйлеуді, өзіңмен сыйласуға ыңғай бергендерге тез араласуға кеңес береді;

Бейіш пен дозақты таныстырып, Қиямет және оған дейінгі сәтсіз күндер барын айтып, кешірім мен кеңшіліктерді, әр нәрсенің белгілі мерзімдермен жаралғандығын назарға салады;

Бейіштіктер мен дозақтықтарды айыру үшін шайтанға ерік бергенін; шайтанға еріп адасқандар мен Өзінің қарғысына ұшырағандарға тек осы жалғаншының қызығы ғана берілгенін; Бейіштің жайлылығын баяндап, Құлдарын сынау үшін жалтыраған мен жылтырағанның барлығын осы дүниеге де шығарғанын айтады;

ұрлап (жасырынып тұрып) тың тыңдаудың да Алла Тағала үшін дұрыс еместігін хабарлайды;

Өзінің аяттарына қарсыларға Қаһары тездігін; Патшаны, ғалымдарды, өз арамыздан шыққан басшыларды, имамдарды сыйлауды – Пайғамбарды (с.ғ.с.) дауыстап шақырмау хақындағы аяты арқылы – бізді де жетекшілерімізге сондай құрметте болуға тәрбиелеп, Өзіне ғана Иман келтіріп, Өзіне ғана төменшіктеп тұрып құлшық қылуды, Өзінен ғана үміттенуді ұқтырады;

Сабырға, Иmandылыққа бастайды; барлық Кітаптар мен Пайғамбарларды (Оларға Алланың рахымы болсын) құрмет тұтып, Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) мен Құранды, Періштелер мен Қияметті мойындауға, тағдыр тек жалғыз Алладан екенін тән алуға, өлімнен соң сұрақ барына, Қияметте қайта тірілуге шүбә келтірмеуге шақырады;

көлікке (кемеге) мінгенде Алладан не сұрау керектігін үйретеді;

қажылық сапарды жағдайы келгенге ғана жүктейді; ихрамдағы жағдай мен қажылық жолына кеңес береді;

оразада да ауру жандарға кеңшілік береді; дәреттің де оңай жолын көрсетеді;

намаздың да жеңілдерін ұсынады: ауруларға отырып, оған да болмаса жатып оқуға, жолаушыға сапар намазды бұйырды, ишарамен оқуды және құлшылықты әркім өзі үшін істейтінін хабарлап, парыздардың дауысталатын жерінде өз дауысыңды өзің есітетіндей ғана көтеру керектігін, өзгелерге кедергі келтірмеуді, үйретушілерге үйренушілерге ең жеңіл түрін үйретуді айтады; құлшылықты ешкімге міндет етпеуді тапсырады;

садақа да солай, құлшылықтың да, садақаның да жасырын болғанын қалайды;

Өзіне алдын ала көркем қарыз беруді жеткереді;

Исрайыл ұрпақтарын біле тұра бұл дүниеде білімде ықпалды еткенін; олардың арасында да жақсылыққа бастаушылар барын білдіріп; мұнафықтар жайынан хабардар етіп, оларға еруден, сақтандырады;

бұл дүниенің сынақ дүниесі екенін ескертіп, сабыр мен шүкіршілікке, несібеге бұйырған барға қанағат етудің абзалдығын аңдатып, күнәлардың кешірілуі мен нығметтерді намазбен, сабырмен тілегенінді жақсы көретінін жазады;

Отанға, Патшаға адал болу мен адамды сүю, ысырапқа жол бермеу, салақтықтан сақтану, астамшылық, тәкаппарлық пен мақтаншақтықтан, істемегенді, істедім деп айтудан тиып, өсек-аяннан, ғайбат пен фитнадан сақтануға жол сілтейді-(біздегі көп пенделер тәкаппарлық пен мақтаншақтықтан және өсек-аянға ергеннен қасірет шегіп жүргені рас);

жақсылықтарға болысушыларға сыйлық барын, жамандықты қолдаушыларға (әділ үкіметке нақақтан қарсы шығу, жалақорға болысу, парада делдалдық ету, біреудің не қоғамның мүлкіне қиянат жасау, біреудің сөзін біреуге жеткеру...) азап барын ескертеді; Өзінің жаза беруде тез екенін де қаперге салады;

Өзіне ғана Иман келтіріп, Өзінің тура Жолымен адаспай, шатаспай, қатып қалмай, тура жүргендерге Бейіш барын, лағнеттелген шайтанға ергендерді дозақ күтіп тұрғанын хабарлайды;

балалар мен байлықты, лауазымды сынау үшін әрі уақытынша бергенін және жалалар («Мен Құдайға не жаздым?!»-деу де жала) мен күмәндардан Пәк екенін ескертеді;

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) рұхсат еткендерді ғана істеп, тыйғандарынан тыйылуды мұқияттап, Оны (с.ғ.с.) мойындаған Құл ғана Аллаға жететінінен хабар береді;

саудада әділ болу мен таразының жайын қатты ескертеді және сауда жасасуда келісім хат жазу, куәлар тарту жайы түсіндіріліп, әрқашан, әрбір істе әділ болуды абзал көреді;

кек қайтарудың мөлшерін көрсетіп, біреуге уәде бергенде Алланың атымен сөз беруге шақырып, ұмытқан жағдайда не дұға айту керектігіне жөн сілтейді;

өлі деп айтуға болмайтын өлілер мен бетбұрған өлілерді та-ныстырады;

әркімнің төбесінде бақылаушы барын ескертіп, дүниенің Иесіз емес екенін ойға салады.

Және осылар секілді немеркі сұрақ болса, бәріне жауабын беріп, Жол сілтеп, бұл жалғаншыда тақуалықпен жасап, Өзінің сүйікті Құлы дәрежесіне жетудің жөнін көрсеткен. Біз «Бәйінә» сүресінің 7-аятында нұсқалғандай (9), Алланың құзырында қабыл болатын түзу істер істеп, **«жаратылғандардың жақсысы»**, болып, **«Аллаға қайтарылатын, сонсоң әркімнің еңбегі өздеріне кемітілмей, толық берілетін күннен...»** («Бақара» с. 281-аят) үміттеніп жасауға тиіспіз. Ол Күннің келетіні күмәнсіз. Жоғарыдағыдай ақыл көзіне ие біз, өзімізді түзеп сол есеп Күнінен және оған дейінгі қинаулардан («Қиямет әркімнің басында» болатынын, қас-қағымда келе қалатынын ескеріп,) сақтануымыз керек. Сонда Құдай сақтайды.

Құдай бақыт берген біреу, институт бітірді, халық құрметтеп, лауазымды қызметтерге көтерді. Шаруашылықтың директоры да болды. Бірақ, өмірінше әркімді қажап, кекетіп-мұқатып отыратын жаман әдеті бар еді. Тиісті ақсақалдар тарапынан ескертулер жасалғанмен өзгермеді, сақтанбады. Адамдар осы пасық мінезінен оны іштей жек көре бастады. Бұл сезбеді. Біреулер сездірсе, оны менсінбеді, қудалады. Жек көрушілер көбейді ме (Алланың бір аты – Әл-Халику), әлде, Алланың кеңшілік берген кешірім мерзімі бітті ме, мұны алдымен осы мәдениетсіздігі үшін өз ағайындары ұратынды шығарды. Өстіп-өстіп елге қадірі кетті, арты ауругершілікке жалғасты, бақытты дәурені аяқталды...

Міне, сақтанбаған – Алланың Жолына қарсы келгендердің соңғы тағдыры осы және осы секілді, бұдан да ауыр – Алланың Қаһарына ұшыраумен аяқталады. «Алла та сақ болсаң сақтайды!...»-деген бабалар мақалының мағынасы осы.

«Сақтықта, қорлық жоқ», ағайын, Елбасымыз айтқандай ертеңгі күнімізді, ар жақтағы, ана дүниеге баратын күнімізді

ойлап, Тақуалық мектебінде жақсы оқып, күнәлардан сақтанып жүріп өмір сүрейік.

- - - - -

1. «Хаж» сүресінің 38-аяты: «Күдіксіз Алла, Иман келтіргендерді қорғайды. Әрине, Алла бүкіл қиянатшыл, қасарысқандарды жақсы көрмейді».

2. «Фатыр» сүресінің 23-24-аяттары: «**Сен бір ескертуші ғанасың**». «Сөз жоқ, сені шындықпен қуантушы, қорқытушы етіп жібердік. Негізінде бір ескертуші болмаған бір үмбет жоқ».

3. «Жүсіп» сүресінің 108-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.): «**Менің Жолым осы**. Алла жаққа шақырамын. Мен және маған ергендер, ашық дәлел үстінде. Алланы пәктеймін. Сондай-ақ, серік қатушылардан емеспін»-де».

4. «Нахыл» сүресінің 9-аяты: «**Тура Жолды түсіндіру Аллаға тән**. Ол жолдың қисығы да бар. Егер Алла қаласа, барлығыңды тура жолға салар еді.

5. «Рағыз» сүресінің 11-аяты: «Әркімнің алды-артынан Алланың әмірі бойынша өкшелеп, қорғаушы (періштелер) бар. **Расында, бір қауым, өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді**. Сондай-ақ, егер Алла бір қауымға бинет тілесе, сонда оны ешбір қайтарушы жоқ. Әрі олар үшін Алладан өзге бір жәрдемші де жоқ».

6. Мұны («Бақараның» 21-ші, «Тәубенің» 7-аятын) оқып отырып, біз атақты «Ақ табан шұбырынды, алқакөл сұлама» мен патшалы Ресейден, кеңестік кешелерден көрген әділетсіздіктердің себептерін Құраннан іздеуге міндеттіміз. Ол себептердің ең бастылары: бірінші, елді дүмшелер қаптап, аят пен хадис ескерілмегені, бұрмаланғаны, Аллаға құлшылықтың қалдапы болғандығы; екінші себеп, Оның өсек айтпау, ешкімді кемсітпеу, бақылдық етпеу, өсімқорлық пен зинақорлық жасамау, уәдені бұзбау, жетім мен жесірдің ақысын жемеу рәуішті тиымдарына мән бермегендік; үшіншісі Құдай бөлмеген жүз деген кесірдің пайда болуы, ақ сүйек, қара деп тапқа бөлу...

Ол замандар қайтып келмеуі үшін, елдігімізге сын келтірмей Тәуелсіздігімізді, ұлттығымызды сақтап қалуымыз үшін бүгіннен, әрбіріміз, Оның бізді қас қақпай Көріп отырғанын түйсініп, келтірген Кәлимамызға адал болып, жоғарыдағы кемшіліктерімізді түзеп, Өзінің Қаһарынан шынымен қорыққан түрде құлшылық етуге тиіспіз...

7. «Нахыл» сүресінің 63-аяты: «Аллаға серт! (Мұхаммед с.ғ.с.) Расында сенен бұрын да үмбеттерге Елшілер жіберген едік. Сонда да шайтан оларға өз қылықтарын әйбәт көрсетті. Сондықтан бүгін де ол, олардың досы. Оларға күйзелтуші азап бар».

8. «Бақара» сүресінің 79, 101, 104, 146, 174-176-аяттары: «Сондай **Кітапты қолдарымен жазып**, сонан соң аз ақшаға (дүниелікке) сату үшін: «Осы Алланың қасынан келгені», - дегендерге нендей өкініш! Және олардың қол жазғандарына нендей өкініш! Сондай-ақ, олардың табыстарына нендей өкініш!» (79). «**Оларға Алла тарапынан олардың қолындағы Тауратты растаушы Елші келген шақта, Кітап берілгендердің бір бөлімі, тіпті, түк білмегендей Алланың Кітабын (Тауратты) арт жақтарына атты...**» (101). «**Өздеріне кітап бергендеріміз (Мұхаммедті с.ғ.с.) ұлдарын танығандай таниды. Негізінен олардан бір тобы (ғалымдары) шындықты біле тұра жасырады**» (146). «Әй Момындар: «Рағина» деп айтпаңдар. «Ұнзұрна» деңдер. Әрі тыңдаңдар. Кәпірлер үшін күйзелтуші азап бар» (104). «Сондай Алла түсірген Кітаптан (Таураттағы Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сипаттарын) жасырып, оны аз ақшаға (дүниеге), айырбастағандар, солар қарындарына отты ғана жейді (Қарындарын отпен толтырады). Қиямет күні Алла оларға тіл қатпайды да оларды ақтамайды және оларға күйзелтуші азап бар» (174). «Олар адасуды туралықтың орнына, азапты жарылқаудың орнына ауыстырып алғандар. Сонда олар дозаққа қалай шыдайды?» (175). «Осы, Алланың Кітапты туралықпен түсіргендігі үшін. Негізінен Кітап жайында таласқандар ұзақ қайшылықта» (176).

«Ниса» сүресінің 46-аяты: «Сондай **Яһудилердің кейі, сөзді орындарынан өзгертеді де: «Естідік те қарсы келдік», «Естіші, қане естімегір» және дінді кекеп, тілді бұрай: «Рағина» дейді. Егер олар: «Естідік те бағындық, тыңда және бізге қара», -десе, оларға қайырлы және тура болар еді. Бірақ, Алла, олардың қарсылықтары себепті лағнет еткен. Сондықтан олардың азы ғана иман келтіреді.**

«Мәида» сүресінің 13-аяты: «Сонда олардың серттерін бұзулары себепті оларға лағнет етіп, жүректерін қатайттық. Олар (Таураттың) сөздерін орнынан өзгертіп, оларға берілген үгітті

**ұмытты.** Олардың өте азынан басқасының қиянаткерліктерін ұдайы сезіп отырасың. Сонда да оларды кешірім етіп, елеме. Расында, Алла игілік «Фұссилат» сүресінің 43-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған сенен бұрынғы Елшілерге айтылған ғана айтылды. Күдіксіз Раббың – Жарылқаушы әрі күйзелтуші азап Иесі».

9. «Бәййнә» сүресінің 7-аяты: «Күдіксіз, сондай Иман келтіріп, түзу іс істегендер; міне, солар жаратылғандардың жақсысы».

### **«Құдай қаласа өрт ішінде мақтаны сақтайды»**

Алла Тағаланың әрқандай нәрседен Күшті, Құдыретті екеніне шүбәсіз сенген бабаларымыз өрт алдында ең нәзік зат мақтаны мысал етіп, осылай депті. Бұл Шындықты біз өмірде көріп те келе жатырмыз.

**«Көктерде және жерде қаншалаған дәлелдер бар. Адамдар оған көңіл бөлмей өтеді»** («Жүсіп» с. 105-аят),-деп, нашүкір, жаратылыста әлсіз (1), дүние қызығына алаң Құлдарының осалдығын айтса, бұл – Құранды зерттеп оқып, атырабымыздағы мұғжизалар мен Аяттарды салыстырып, Шындықты танымайтынымыз. Құранның «Табағұн» сүресінің 11-аятында: **«Алладан бұйрықсыз ешбір (ешқандай) қайғы-қасірет болмайды...»**,- дейді. Расында біз ұшақтан құлап, тамнан жығылып, мәшіннен аударылып, көп қабатты үйдің терезесінен түсіп кетіп аман қалғандарды жақсы білеміз.

Тағдырларды жазған Алла, қилы жағдайлардағы апаттардан, көп Құлдарын Өзі аман сақтап, олардың жер басып жүргенін, сіз бен біз қазіргі өте қырағы БАҚ-тардан білеміз. Солардан бірекеуін естеріңізге сала кетейін. Оның бізге ең жақын танысы – өзіміздің сүйікті жазушымыз Сәбит Досанов ағамыздың 77 жолаушы мінген ұшақ апатынан бір өзінің аман қалуы. Рахметжанның 46 метр биіктіктен құлап түк зиянсыз аман қалғанын жаздық. Ал, осы сияқты дәлелдер әлемде көп. Мәселен, Кубаның Президенті Фидель Кастроға 638 рет қастандық жасалған; 2010 жылы бүкіл дүние назарын тіккен Чили кеншілерінің 5-тамыздан 13-қазанға дейін жер астында-кенде болғаны; Үнді мұхитында болған алапат цунамиден және бірнеше мемлекеттерде жүз берген жер



қозғалысынан құлаған үйлер үйінділерінің арасынан аман қалып жатқан жандар, жоғарыдағы Аяттарға өмір Шындығынан нақты дәлел.

Алла бұл мұғжизалары арқылы бізді Өзінен басқа Құдырет жоғына (2) және Өзінен үмітімізді үзбеуіміз керектігіне – Кеңшілігі, Мейірімі, Рахымы барына сендіреді (3).

Енді бұрын қағазға түспеген, оқиғаларға кезек берелік.

Қызылқұмдағы ең тайыз құдық қырық метр болды. Терең құдықтар жетпіс, сексен метрге кетеді. Су сорғыштар шықпаған заманда, сол құдықтардан түйе, аттың көмегімен қауғамен су тартып, мал суарған, тірлік еткен. 1960 жылдардың әрі-берісінде Тамды ауданы Жаңашаруа шаруашылығы жеріндегі План деген, үкімет цементпен салған құдықтан Сағындық Шерубаев деген жарымжан кісі су тартып тұрғанда, терең құдыққа құлапты. Тереңдігі – 60-70 метрдей келетін құдықтың түбіне аман түскен. Серіктері «өлдіге» жорып не істерлерін білмей тұрғанда: «Арқан тастандар!»-деп айқайлапты...

\* \* \* \* \*

Менің бұл қаһарманым – Тойлан Бәйімбетов. Оқиға – соғыс жылдарының мұғжизасы.

Атамыз Бұхараның Тамды ауданында туылып, сонда өскен. Фашизмге қарсы соғысқа 1943 жылы қазан айында алыныпты. Дайындықтардан өтіп соғысқа кірген, құрамында атамыз болған бөлім, үнемі алғы шепте, оқ пен оттың жаңбырдай құйылып жататын тұсында жүріпті. Кезекті бір күні танктің шабуылына қарсы келе жатқанда снарядтің жарықшағы шекесінен жанай тиіп, ауыр жарақаттанып, есінен танып құлапты. Өзі: «Шаң бұрк ете қалғанда, сол шаңмен мен де шаң болып ұшып бара жаттым. Қалай жерге түскенімді білмеймін. Бір кезде аяғымнан жоғары қарай жылу жылжып келе жатқанын сездім. Бұл жылу жанымға жағады. Тіземге де жетті. Одан өтіп, ішіме, кеудеме келді. Басыма жеткенде көзімді аштым. «Қайда жатырмын?»-деп, аңысты аңдамақ болсам, екі неміс басымда тұр. Тамағымнан пистолетін қойды да, атты да кетті.

Сол ғана есімде. Қанша уақыт жатқанымды Құдай біледі. Көзімді ашсам, арсыл-гүрсіл атыс алыстан есітіледі. Айналамда домалап жатқан жауынгер көп.

Тәуекел деп орнымнан тұрдым. Жұтына алмаймын. Аузымды ашқаныммен тілім қозғауға келмейді. Сол кезде бағанағы немістер ойыма оралды. Маған өмір, несібе, тағдыр берген Құдай оларды қателестіріпті. Пистолеттің оғы білеу тамырға тимей, мойын омыртқа мен кеңірдектің арасынан, етті жырттып өте шығыпты.

Өзіміздің шепті ойыма алып, солай қарай бар күшіммен жылжыдым. Қалай жүріп келе жатқаным есіме келмейді. Әйтеуір, жандалбаса ілгерілеймін.

Алдымда биік төбе тұр. Амалдап соған шықтым. Арғы бетте өзіміздің әскерлер көрінді. Айқайлай алмаймын. Бар амалым, қолымды сермей бердім. «Көрсек екен, қараса екен», - деп ынтығамын. Біреуінің көзі түсті-ау, маған қарай жүгірді. Дәрігер қыздар екен.

Солармен табыстым да құладым... Грузияда алты ай емделіп, тағы майданға кеттім...», - деген.

Бір шабуылда ізбе-із екі рет ажалмен беттескен. Бірақ, Алладан өлімге бұйрық жоқ, жүрім, несібе бар. Алла оны өрттің ішінен аман сақтап, қайта жер бастырды. Бейбіт заманның қызығын көрсетті. Елімен қауыштырып, жанұялы болуды, перзенттер сүюді нәсіп етті...

- - - - -

1. «Ібраһим» сүресінің 34-аяты: «Әрі сендерге Өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрінен берді. Егер Алланың нығметін санасаңдар, санына жете алмайсыңдар. **Расында адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз**». «Рұм» сүресінің 54-аяты: «Ол сондай Алла, **сендерді әлсіз жаратып**, ... әлсіздіктен кейін күш беріп, ... күштен кейін нашарлатып қартайтты. Ол қалағанын жаратады. Сондай-ақ, Ол – аса Естуші, тым Күшті».

2. «Әнбия» сүресінің 37-аяты: «Адам баласы **асыққыш болып** жаратылған. **Белгілерімді көрсетемін**. Менен тез тілемендер».

«Фусилат» сүресінің 53-аяты: «**Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін, әлемдегі және өздеріңдегі белгілерімізді жедел көрсетеміз**. Расында, Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»

3. «Бақара» сүресінің 64-аяты: «Оның артынан тағы қайталаған едіңдер. Сонда **сендерге Алланың Кеңшілігі, Мейірімі болмаса, әлбетте зиянға ұшыраушылардан болар едіңдер**».

*Түнекте өткен он тәулік.* Бұл оқиға Өзбек елінің Науайы облысындағы Кенимех ауданының сол кезде Тельман деп аталған, қазіргі «Сарыбел» ұжымшары жерінде 1949 жылы маусым айында болған.

Жазға жетіп, жадырап жайлауға қонған шаруақор елдің, бір тобы қыс айлары үшін пішен шауып, екіншілері қора-қопсы жөндеп, алдағы мезгілдердің тіршілігі қамында жүрген. Ал, құдықшылар бригадасы су көзі бітелген құдықтарды тазалауға бүгін-айдың 13-жұлдызы күні ұжымшар басқармасының бұйрығын алып, бригадасын түзіп, ат-түйе, арқан, кетпен, балта, шелектер мен бидай, сойыстық мал тәрізді керегін түгелдеген. Ертең бригада бірінші жұмысты алдын ала дайындаған кестелері бойынша алыстағы құдықтардың бірінен бастамаққа ниеттенген.

Ерте қимылдап жолға түскелі тұрған бұларды ферма меңгерушісі Мырзақұл Қалмұратов шақырып алып, бригада жетекшісі, тәжірибелі құдықшы Астана дәу Нармұратовқа: «Мына Жүсіптің құдығынан су шықпай, жылқылары бірнеше күннен бері сусыз қалып, бұл әр құдыққа бір айдап жүр. Обал болды! Бірінші кезекте осыған барыңдар!»-деп тапсырды. Сонымен бұлар Жүсіп Мырзабеков қонған Әуелбек құдыққа түс ауа бере келді. Ыссы күнде сусыз үйірілген жылқыларды көріп, Құдайдан ұялған бұлар бірден жұмысқа кірісіп кетті. Отыз құлаш-45 метр тереңдіктегі құдыққа Астана дәу түсіп әужайын байқап шықты. Үш құлаш жердің шегені құлапты...

Жүсіп бүгін де жылқыларын басқа құдықтарға айдап кетті.

Бұлар сол атыраптан шегендеуге шыдамды қандым, оны бекітетін шым, жусан дайындады. 15-маусым күні Алла деп тазалап, шегендеуге кірісті. Астана дәу ішке түсті. Алдымен опырылған жерлерге жусан жайлады. Одан берісіне қандымның томарын қалап, шегендеп келеді. Маусым болғанымен құдықтың іші мұздай. Қашанғы шыдасын. Оның үстіне тамақтану да керек.

Астана сыртқа шыққанда күн арқан бойы көтерілген екен. Жылқылардың алды келіпті. Жылқышы Жүсіптің айтуы бойынша бұлар күнарадан келіп тұр. Қарындары үңірейіп тартылып

кетіпті. Қақсып жатқан ақпана мен ақырды алма кезек иіскеп, шұрқырап жүр. Жүсіп те, Астана да судан қалған буаз малдың іш тастайтынын, қысты көтере алмайтынын жақсы біледі. Сондықтан оларды көрші отардың құдығына әкетті.

Астана құдықтан 100 метрдей жерге тігілген құрым үйге барып, жуынып, Жүсіптің әкесі Мырзабек пен шешесі Орынгүлдің қасына дастархан басына отырған. Бұдан кейінгі құдықшы жиырма жасар Тұрсын. Ол су ілінер ме деген ниетпен төменге шелек жіберіп еді, ол әлде неге тиіп, суға батпады. Астанадан рұхсат сұрап, беліне арқанды байлап, құдыққа түсіп көрсе, қандыммен шегенделмеген жерге жайланған жусан құлап, шелек суға жетпеген екен. Жұмысқа кірісіп, жусанды орнына жайлап, жиналған суға бір шелекті толтырып, сыртқа тарт деген бұйрықты бергені сол еді, күмбір-күмбір етіп томарлар құлай бастады. Не болғанын түсінбеген Тұрсын отыра қалды.

Дәу әлі шайын ішіп болмаған. Құдықтың басындағылар бар дауыстарымен айқайлап жіберді. Дыбыстан шошынған Астана, үйден жүгіре шыққанда түйдектелген қою шаң аспанға көтеріліп, құдықтың маңындағы жылқы да, адамдар да жан-жаққа тырқырай қашып барады екен. Кемпір мен шал да шыққан. Жағаларын ұстап: «Астағфираллах...» деп бір-біріне қарайды. Жүсіп те көзінен жасы моншақтап, жүгіріп келіп Астанаға болған жайды баяндады.

Бәрінің де көңілінде, Тұрсынның да жаны сол ытқи көтерілген ақбуланмен көкке кетті деген кесім тұрған. Дегенмен, үмітсіз шайтан. Тірі болса да, өлі болса да бұлай қалдыруға болмайды. Көрші ұжымшардағы атақты құдықшы Тайырбекке ат шаптырып хабар жіберді. Тайырбек: «Оған лаж жоқ. Менің күшім келмейді. Бала өлді ғой! Ол құдықтан, ол тірі қалмайды! Белгі қойыңдар!»-деп тоқ етер шешімін айтыпты. Бұған келіспеген Астана мен Мырзабек алыс қоныстағы Қақпансалдыда жасайтын Нұрымбет деген кәнігі құдықшыға адам жібереді. Ол хабарды есіткеннен: «Адам қалса, асығайық!»-деп суыт жиналып жолға түседі. Түнімен желдіртіп жүріп отырып, ертеңіне жетті. Зерек құдықшы құдықтың қалай опырылғанына қарап тұрып: «Іштегі бала тірі. Мен оны аламын!»-деп, көмекші сұрады. Кеше-ақ орталыққа, айналаға хабар жетіп, біраз адам жиналған. Солардың арасынан Бисен, Үйсінбай, Тілеуқабыл сияқты қарулы жастар қолына кетпен, күрек алып, түйе қайтардан қазуға кірісті.

Бұл төртінші тәулік еді. Тұрсын екі қолымен басын құшақтаған күйі әлі отыр. Неше сағат неше тәулік өткенін қайдан білсін, әйтеуір, бір мезгілде су мұрнына кептеліп келе жатқанын байқады. Ойына «қашпаса» тұншығатыны түсті. Бұл оның түнекте қалғалы бері бүгін ес жиған кезі еді. Тастай қараңғы. Қолын түсіріп, басын тіктеді. Қайда отырғаны есіне түсті. Қорғануға жол іздеп әсте орнынан тұрып аңлады. Төбесі тимес биіктік бар екен. «Құдайға шүкір! Әлі татарым болар! Сырттағылар осыны білсе жақсы?!...»-деп, әлде не көңіліне түсіп, көзіне жас алды. Дыбыс шығарып айқайлап көрді. Жауап жоқ. Тік аяқта тұрып айналасын сипап көрді. Өзі тұрған жерден басқа кеңістік жоқ. Атырабын қандым томары мен иісі бұрқыраған жу-сан қоршап тұр.

Осы кездерден бастап сананы үрей жаулады. Далаға құлақ салады. Дыбыс жоқ. Астана дәу мен Мырзабекті іздеп есіне алды... Бірақ, олар аман ба?... Мен осы күйі тұрып өлемін бе?... Сандаған сұрақтар бірінен кейін бірі көңіл босағасынан сығалап қорқытады. Құдайға жалына бастады. Ата-анасы мен бауырларын, жораларын ойлап: «Олар мені шығарып алуға тырысып жүр ме? Әлде, күдер үзіп қойды ма екен? ...Осылай, осы тұрысымда өлем бе?!...» Ойлаудың өзі қорқынышты!

Тұрсын күн-түнді санай алмайды. Бірақ, су белуардан көтерілді. Екі аяқта жан жоқ секілді. Құдықшылар іске кіріскелі төртінші күн. Тұрсынға сегізінші тәулік. Ашқалмайды. Тағдырынан басқа ештеңе ойына келмейді. Енді қалай болады?... деп тұрғанда сыртқа сақ құлағы бір дыбысты байқағандай болды. Үміт оянды. Талып тыңдайды, анығын білгісі келеді. Ышқына құлақ салады... Әдірә қалғанда дыбыс жоқ болып кетті. Отқа су құйғандай, үмітті көңілге ойран түсті.

Мұздайға көніп кеткен дене судың көтеріліп келе жатқанын сезбейді, тек сипап қана байқап тұр. Дыбыстың жоғалғаны санасына қатты батты. Сегіз тәулікте бой бермей келе жатқан үрейге енді көнуге мәжбүр сияқты мұңаяды. Көзіне жас та келді... Су көкірегіне жеткен.

Түйе қайтатын жерден әр екі қадамда бір құлаш төмен түсіп қазып келе жатқан жұмысшыларға да төменге-қырқыншы метрлерге түскенде қиын болды. Жұмыстың өнбей жатқаны содан. Тұрсын туралы бұлар да ойлайды. Алайда, жамандыққа

кимады. Тайырбек құдықшының басқа салған қорқынышын Нұрымбет жоққа шығарды. Әр жүректе жақсы үміт. Әлде-жәлде күмән келгенде денелері дір етіп, шошынғанымен Нұрымбеттің: «Бала тірі...», -деген сөзі жанға жылу, бойға жігер беріп, Тұрсынға тезірек жетуге ұмтылдырады.

Қараңғы түнекте тағы да дүрсілдеген дыбыс пайда болды. Бірақ, алыста, өте алыс...

Тұрсын барын салып тыңдайды. Тіпті, өз демі өзіне кедергі келтіріп, дем алмай тұрып, талып тыңдайды. Бүгінгі уақытын осы дүрсілді тыңдаумен өткерді. Одан басқа сес жоқ.

Құлақ үйреніп қалғандықтан ба, дыбысты тек бір қалыпты ғана есітеді. Үміт оты жанып, сенімге бекігендей болып тұрғанмен су иықтан асып, мойынды бойлап келеді... Дыбыс жоғалып кеткенде таусыла сарылып іздейді. Ой!.. Таппайды. Қиналады...

Әркүні таң біліне қазуға кірісетін жігіттер, қараңғы түскенше тынбайды. Кеше іңірде, дастархан басында отырғанда Нұрымбет: «Құдай амандық берсе, ертең түске қалмай баланы аламыз. Ол тірі. Көзін байлауды ұмытпайық. Жарыққа бірден шыққаннан соқыр болып қалуы мүмкін. Сосын оның денесін он күннен бері су сорып тастады... Мына отырған үлкендер, не білетін емдерің бар?.. Болмаса, елде, айналада кімдер бар, мұндайға ем жасайтын? Соған қамданыңдар...», -деп ақсақалшылығын айтты.

Қанша сағаттар өткенін қайдан білсін, дүрсіл және басталғанда қуанды. Бүгінгісі кешегісінен жақын секілді. «Кетпен ұрған дүрсіл...». Енді өзін іздеушілер барына қуанып, Аллаға шүкірлер айтып, жер бетіне шығатынына кәміл сенді. Бірақ, тезірек... Тезірек шығу керек. Себебі, аяғының ұшында тұрғанына да бірнеше сағат болған. Су иегінен көтеріліп, ерніне жеткен. Ең соңғы амалын істеп, басын шалқайтып тұр. Адамдардың дыбысын да байқады. Сенімге бекініп, қуанып тұр... Түнекке көмескі жарық түсті. Әуелгіден де қатты қуанышты. Сырттан Астана: «Тұрсын!» -деп айқайлады. Қуанып кетті-дауысы қарлығып, қалтырап, жауап берді. Сырттағылар Аллаға шүкірін айтып жатты... Нұрымбет: «Тұрсын, «Көзіңді жұм, көзіңді жұм! Қазір мен сені шығарып аламын!» -деді. Тұрсын көзін жұмды. Бірақ, одан кейінгісін білмейді. Есінен айрылды...

Нұрымбет Тұрсынға жеткенде орамалмен көзін байлады. Онда сес жоқ. Ақжемденіп кеткен денесіне киімі жабысып

қалған. Дереву шешіндіріп, топыраққа көмді... кейін киізге орады, майлады... Тоқсан күн емдеп әзер дегенде аяққа тұрғызды...

1991 жылы бұл адаммен кездесіп сұхбаттасқанымда ол 62 жаста еді. Сегіз перзенттің әкесі болатын...

Міне, осындай! Алла қалаған Құлына қайта жер бастырады. Мұны бабаларымыз: «Құдай қаласа, өрт ішінде қалған мақтаны да сақтайды», - деген. Тағдырдың иесі Алла. Сондықтан әрқандай мүмкіндігі жоқ жағдайларда да жақсылықтан үміт үзу, Алланың жарылқауын сұрамау надандық болар. Құранда үміттің жақсы екені ескертілген.

Оның айтқанын екі етпей, таза жүрген адаммен Ол әрқашанда бірге.

***Қырқынан бастайтын болыпты.*** Тұрсын ағамның басынан өткен осы әңгімені Қалқаман ұлы Парахат ағамның үйінде, ауызашарда айтып бердім. Сонда ол кісіде Тамды ауданының Жанашаруа кеңшарындағы Сырлыбай құдықты тазалау кезінде болған төмендегі оқиғаны айтып берді.

1940 жылы көпшілік жабылып Сырлыбай құдықты тазалайтын болған. Қызылқұмды жерде кемі қырық құлаштай тереңнен ғана су шығады. Сырлыбай құдықтың түбі де сол шама төменде. Ағайынды Қайыпназар, Қуандық деген жігіттер, белдеріне арқан байлап, құдыққа түсіп, төменгі жағына сексеуіл қалап, қайта шегендеп жатқанда, құдық опырылып, бұлар ішінде қалып кетеді. Тосын жайдан абыржып, не істерін білмеген шарасыз ел, өлдіге шығарып, құлаған құдық басына келіп, екеуінің жаназасын оқып, тіпті, жетісін де өткерген. Жөн-жоралғы бойынша киімдерін де таратып жіберген.

Құдықтың түбінде қалған бұлар қанша күндер өткергенін білмейді. Өз-өздеріне келіп, құдықтың опырылғанын білген мезеттерінен, жердің бетіндегілерге өздерінің тірі екенін білдіру үшін, шегеннен құлаған сексеуіл томарын бір-біріне ұрып, тақылдата берген. (Бір айтушылар: «Беліне байлап, құдыққа түскен арқанды үздіксіз, алма кезек қозғап отырған», - дейді. Және бір кісілер: «Долы байланған арқанды қозғап отырған», - дейді. Анығы, сексеуілді қолданғандары болуы керек).

Опырылған құдықтың басы қараған көзге суық көрінеді. Жан жоламайды. Тек ересек кісілер ғана тірліктің бір себептерімен жанынан көлік пен не жаяу өтетіні болады... Бір күні бір кісі өтіп бара жатып, түнектен тақылдаған дыбыс шыққанын естіген. Іле



ауылдағыларға келіп айтып, адамдар жиналып құдық басына келіп, құдықшылар беліне байлап түскен арқанды тартса, олар да тартыпты. Содан түйе қайтардан бастап қазуға кірісіп, бір аптада шығарып алған.

Аман қалғандарына шүкірін білдірін, садақа берген. Қазақтың қайда да әзіл-қалжыңы қатар жүреді емес пе? Бұларға әзілі бар біреу, садақа үстінде: «Бұлардың жетісін де өткеріп қойып едік», - деп, қағытыпты. Сонда Базаров Әлмен деген Ақсақал: «Оның несі сөз. Ендігіде бірден қырқынан бастай береміз», - деп көпті күлдіріпті.

Иә, күлкі-күлкі жөнімен. Айтпағымыз, Алланың өрт ішінде мақтаны сақтайтыны. Әр қандай жағдайда да жалғыз Жаратушыдан үмітті үзбеудің жақсы амал екендігі.

«Тасында, көңілім, тасынба», деген термеде: «Сынбайын деген пиала, тасқа да түссе сынбайды. Сынатын болса таскүзе, Құмға да түссе қирайды», - дейді. Сондай-ақ күлдіретін де, жылататын да, өлтіретін де, тірілтетін де Алла («Нәжім» с. 43-44-а) қай нәрсені де, адамды да Алла белгілі тағдырмен жаратқан («Мүрсәлат» с. 23-а). Пенде «Бақара» сүресінің 45; 48; 110; 153; 177; 186-аяттарына сауатты амал жасап жүрсе, Алла оны қорғайды («Хаж» с. 38-а), әр қашан жақсылықтардан жақсылықтарға жетеді.

### **«Бидай наның болмаса да, бидай сөзің болсын»**

Мақалдың тіке мағынасы садақаға байланысты көрінгенімен, негізінде жылы сөзділікке, сыпайы сөйлеуге және әр қандай жағдайда да адамдармен ортақ тіл табысуға шақырған мақал. Бұл – «Ісра» сүресінің 28-аяты мен 53-аятының және «Зұхрұф» сүресінің 89-аятының халық тіліндегі қысқа түсіндірмесі. Аяттарда: **«Раббыңның мәрхаматын іздеп, үміт еткен түрде жалтақтасаң (қолыңда болмағандықтан бере алмасаң), онда оларға сыпайы сөйле», «Құлдарыма айт! Ең сыпайы түрде сөйлесін. Өйткені, шайтан араларына бұзақлық салар. Расында шайтан адамдар үшін ашық дұшпан».** («Мұхаммед с.ғ.с.) олармен ортақ тілі табыс, сәлем бер. Олар жедел түсінеді», - деген. Және «Ниса» сүресінің 8-аятының ізінде де: **«... өздеріне сыпайы сөз сөйлендер»,** - дейді.

Алдымен, Аяттар мен мақалдың бір мағынада екенін еске алып, расында да «Әли Ғыман» сүресінің 101-аятының бірінші

Сөйлемінде айтылғандай, арамызда Алланың Аяттары оқылып жатқанын мойындап, Алланың құдыретіне құлдық ұрайық.

Тақырыбымызға көшсек, әңгімені: «Садақа не үшін беріледі?»-деген сұрақтан бастаймыз. Садақа Алланың ризашылығы үшін беріледі. «Алланың ризашылығы неге жеткереді?» Алламен бірге болуға, шайтаннан арашалануға, Алланың сыйлықтарына бөленуге жеткереді. Олай болса, Алла аманаттап тапсырған сыпайы сөз де пендені тап сол биіктермен қауыштырады. Сондықтан бабаларымыз ұрпағымыз Алламен бірге болсын, ризашылығын алсын деп осы мақалды мұра еткен.

Ал енді, бұл Аяттарға қарсы келгендер не елемегендер Алланың қаһарына кезігеді. Бабаларымыз оны жақсы түсінген. Кезінде Алла Израил ұрпақтарына да осы Аяттарды айтқан. Олар тән алмай Өл-Қаһардың қарпуына түскен. Сөзімізге дәлелге «Бақара» сүресінің 83-аятын айта аламыз. Аятта: «Бір заманда, Израил ұрпақтарынан: «Алладан басқаға құлшылық қылмаңдар, әке-шешеге жақсылық істеңдер, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге қамқорлық жасаңдар, **адамдарға көркем сөз сөйлендер**, намазды толық орындандар және зекет беріңдер», -деп, ант алған едік. Содан кейін бет бұрдыңдар. Сендерден аз-ақ адам қалды. Өйткені, сендер ежелден бет бұрушысыңдар», -деген. Алла Тағала «Бидай наның болмаса, бидай сөзің болсын», -деген мақал арқылы, осы 83-ші және жоғарыда айтылған: 28; 53-аяттарды оқытып, бізді, сол израилдіктердің кейпін киіп қалудан сақтандыруда.

Қашанда жақсы сөз – жақсы. Жақсы сөзге жынды да құлақ салады. Халық: «Жақсы сөз – жарым ырыс», -деп те, ретіне қарай «Өзің жақсы болсаң, әлем жақсы», «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады; қатты-қатты сөйлесең, ғапыл\* діннен шығады», -деп те өсиеттер қалдырған.

Біздің ең үлкен қас дұшпанымыз – шайтан. Бізді ол, біз көрмейтін жерден көріп («Ағраф» с. 27-а), аузымыздан шыққан сөзімізді де, қылығымыз бен көзқарасымызды да аңдып отырады. Сәл қателессек, сұхбаттасымызбен екі ортаға от салады. Сондықтан Алла 28 және 53-аяттарды түсірген.

---

\* Ғапыл – аңдамаушылық. «Аңламай қалдым!» «Қапы қалдым!»-дегендей. Кейбір пікірсіз, сабырсыз, ашушақ адамдар да тезаптыкпен имансыздыққа барады. «...ғапыл діннен шығады», -дегені осы.

Туыс пен туыстың, ағайын мен ағайынның, ерлі-зайыптылардың, ру мен рудың, ауыл мен ауылдың, ел мен елдің араздасуының барлығы, қас қағып мезетті аңдып отырған шайтанның («Ағраф» с. 16-17-а) күмән-күдігі бар жүректі азғыруынан туады.

Ал, Аллаға күмән-күдігі жоқ Тақуалар шайтан түрткенде «Ағраф» сүресінің 200-201-ші, «Фуссилат» сүресінің 36-аяттарына бұрылып, Аллаға сыйынады, Алланы есіне алады.

«Бақара» сүресінің 162-аятында: «Сондай! Қайыр істегендер бергендеріне **міндетсу, ренжіту араластырмаса**, оларға Раббыларының құзырында сыйлық бар. Сондай-ақ оларға қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды»-дейді. Бұл жерде де бидай сөзге: жақсы, жылы сөзге – тәтті тілге құрметті рет беріліп отыр.

163-аятта: **«Көркем сөз және кешірімділік, артынан бұлдану, кейіту араласқан садақадан жақсы»**,-деген. Яғни, көркем сөз – әр қандай үлкен-кіші садақадан құнды болып тұр. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Сөзде сиқыр бар»,-деген. Кейде «Сөзде кие бар»,-деп те айтылады. Қайсысын айтсақ та сөз тек емес. Тек қолдана білу керек.

Өзінің қадірін білетін жақсылар бай адамдардың үйіне барғаннан гөрі, орта не кедей адамдардың үйіне барғанды ұнатады. Себебі, Құдайға шүкіршілігі бар олар, мәдениетті сөйлесе біледі.

Сол үйге барғанына риза болып қайтады.

Халықта: «Жоқтық – жомарттың қолын байлайды»,-деген де мақал бар. Елде туысының, бауырының, көршісінің қаржы жағынан қиналып жүргенін білген қайырымды жандар, соларға ақша беріп, ауырын жеңілдеткісі келеді. Бірақ, жоқ – бере алмайды. Міне, осыны білетін, Құлдарына ауырлық жүктемейтін Аса Мейрімді Алла Тағала жоғарыда келтірілген «Ісра» сүресінің 28-аяты үкімімен садақа берілетін малды, ақшаны, дастархан жаюды, сыпайы сөзбен алмастырыпты, яғни, теңестіріпті. Ақылды пенде үшін бұдан үлкен байлық жоқ. Себебі, сыпайы сөз көрген тәрбиесі, үлгісі дұрыс әркімнің жүрегінен шығады. Олай болса, сыпайы сөйлеп Алланың сүйікті Құлына айналып, Жәннаттан мәңгілікке қалатын құтты орын алайық.

## «Қамыр ұшынан пәтір»

Халықта осындай да мәтел бар. Осыған ұқсас: «Бастан құлақ садақа»,-деген мәтелді де білеміз. Бас – піскен бүтін бас. Ол әдетте, Ақсақалға, ретінде қарай арнаулы қонаққа ұсынылады. Сонда бас ұстаған Кісі шартты түрде, бір құлағын кесіп, қызметшілерге асатады. Бастан бір құлағын садақа етеді. «Қамыр ұшынан пәтір», «Бастан құлақ садақа»,-деген – Алла берген несібеден не олжажан өзгелерге кішкене беру.

Ал, Құранның «Әнғам» сүресінің 141-аятында: «Ол сондай Алла, аспалы және аспасыз бақшаларды, құрма ағаштарын, түрлі жемістерді, өсімдіктерді, зейтін және анарды бір-біріне ұқсамаған түрде жаратқан. Әрбірі жеміс берген кезде, жемісінен жеңдер. **Оны жинап алғанда құшырын беріңдер;** ысырап етпеңдер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді»,-деген. Аяттан бізге тиесілісі: «**...құшырын беріңдер...**». Аятты жақсы түсінген дана халық: «Қамыр ұшынан пәтір»,-деп мәтелдеп, жинап алған өнімнен аз ғана болса да садақа беруді айтқан.

Елде шопандар қойлары төлдеп бастағанда, ауылдарда адамдар сиырлары бұзауласа, көршілерін шақырып, дастархан жайып, уыз беріп көптің батасын алады. Диқандар да қауыны, жүзімі піскенде осылай етеді...

Үлес марқұмдардан қалған мирастан да беріледі. «Атанның көзіндей көріп киіп жүр...»,-деп киімінен не басқа естелік боларлық заттарынан береді. «Ниса» сүресінде мирас жәйлі айта келіп, 8-аятта: «**Бөліс кезінде ағайындар, жетімдер мен міскіндер келсе, онда оларды құр тастамай, бір нәрсе беріңдер де өздеріне сыпайы сөз сөйлендер**», -дейді.

Өстіп, өзіміз жиі есітіп, орны келгенде айтып жүрген мақал-мәтелдеріміз бізге Аяттарды оқытып келеді.

### «Алла үшін берсең, алдыңнан шығады!»

Алла үшін берілетін сауап амалдардың бірі – садақа. Оның түрі де, аты да көп. Біреуге сәлем беру де – садақа, жылы сөз де – садақа, жолда жатқан тасты алып тастасаңыз да – садақа, су өтетін арықты тазаласаңыз да – садақа, өз үйіңізден бастап, аулаңызды, есігіңіздің алдын тазаласаңыз да – садақа. Не

жақсылық жасасаңыз өзіңізге жақсылық болып қайтатынын ескерткен Ұлы Алла Тағала, қандай ниет, пейілмен жасаған қайырыңызды, кемітпей өзіңізге қайтарады. Амалыңыз шын ықыласпен, мінсіз, міндетсіз болса, мол сыйлығымен қайтады.

**«(Мұхаммед с.ғ.с.) олар сенен Алла Жолында не беретіндіктерін сұрайды. «Неңдей қайыр сарып қылсаңдар: әке-шеше, жақындар, жетімдер, міскіндер және жолда қалғандар үшін. Қайырдан не істесеңдер, күдіксіз Алла оны біледі»-де»** («Бақара» с. 215-аяты),-деген. Алла – куәлікте Жеткілікті, бәрін Көруші.

«Алла үшін берсең, алдыңнан шығады»,-деген мақал – садақаға тиесілі барлық Аяттардың, солардың ішінде «Табағұн» сүресінің 17-аятының түсіндірмесі. Аятта: **«Егер Аллаға көркем қарыз берсеңдер, оны сендер үшін неше есе арттырады әрі жарылқайды. Алла – шүкірлікті Бағалаушы, өте Жұмсақ»**, -деген. Алла бұл Аяттары мен осы мақалды, мына оқиғамен оқытады әрі Аяттардың Шындығын дәлелдеп береді.

Кешегі 1929-32 жылдардың зобалаңы елді көзбе көре ашаршылыққа ұшыратқаны халыққа тарихтан жақсы таныс. Содан 1948 жылға дейін сол үкімет құрамындағы қайбір елдің де жағдайы мәз бола қойған жоқ. Осы жылдар аралығында Тамды жағында жасайтын Кішкене Бозғұл атанған Дүйсенбай атама әкесі: «Балам, базарға барып іздерсің, елден сұрастырарсың бидай ма, жүгері ме тауып келсей...», -деп батасын беріп, алыс жолға жұмсайды. Қасына екі серік ертіп, екі түйені жетектеп атқа мінген атам, бір апталарда азық алып қайтыпты. Ақшамның кезі болғанда серіктері: «Дүйсеке, жарық кезде осы қатарға қонайық...», -десе, атам: «Қасқарайғанша жүре берейік», -деп және біраз жүріпті. Қараңғы түсе: «Енді тоқтаймыз ба?» -депті серігінің бірі. Атам: «Байқайсыңдар ма? Тіке алдымызда көздің ұшында бір от жылтылдайды. Соған жетейік. Ол не әулие, не өзіміз сияқты жолаушы болар», -депті.

Сол жерге де келіпті. Бір құрым үй тұр. Атам хабарлас деп айқайлағанмен жауап болмаған көрінеді. Сосын неде болса көрейін деп аттан түсіп, қапсырулы есікті ашса, ортадағы жаңа ғана сөнген оттың шоғы күлдене бастапты. Босағада жатқан бұтаны салып, отты жағып, төрде жайылған сыпыраны, оны айнала орта жасар әйел және үш баланы көреді. Сыпыраны жалап

жылтыратқан. Әйелдің де, балалардың да күре тамырын ұстап көрсе, жандары бар екен. Дереу серіктеріне түйелерді шөгертіп, бидай әкелуді бұйырып, отты жағып, жарық қылып, әйелді тұрғызып диірмен сұрайды. Бар екен. Екі серігімен диірмен тартып, ұн шығарып, ошаққа қазан асып, қаттама пісіріп әйел мен балаларға таң атқанша үнемдеп беріп, есін жиғызады. Таң ертең жүрерінде бір тостаған бидай беріп: «Осы бидайдың тоғымен бір қараға жетіп ал. Құдай енді қайтып біз сияқты жолаушыны кездестіре ме, кездестірмей ме? Оны Алланың Өзі біледі», - деп қоштасыпты. Сонда әйел: «Рахмет, қарағым! Атың кім еді, жаным? Кім деп айтып жүрейн?» - депті кемсеңдеп. «Бозғұлдың Дүйсенбайы деп жүрсен жарар», - депті тақуа атам.

Содан бұл әйел балаларымен қалып, өлместің жолын көре берсін, атам ауылға келіп елін қуантсын. Арадан жылдар өтіп соғыс та аяқталады. Қайта тіктеу де бітіп, кемелденуге өткен социализмнің қызыл ұраны жоспардан жоспарға жалғасып, біздің қаракөлшілікпен шұғылданатын аудандар біраз әбігерге түсіп жатады... Жоспар жылдан жылға өсіп отырады. Облыстың бірінші хатшысы Әбділақат Кәримов ауданнан сұрайды, аудан шаруашылықтардан талап етеді. Шаруашылық басшылары фермаларды, олар шопандарды қысады... Сол жылдарда Тамды ауданының қаракөл тері жоспары орындалмай, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Садық Пірманов кеңшарларға жоспарды орындаудың қосымша шараларын көруді тапсырумен бірге, аудандық дайындау мекемесінің бастығына да міндет жүктейді. Мекеме бастығы барлық агенттеріне жайды түсіндіріп, ал, Дүйсенбай атама арнаулы «Зил-157» таңбалы көлік беріп сыртқы облыстар мен республикалардан қаракөл тауып келуді тапсырады. Атам бұрыннан да өзі барып жүрген біраз кеңшар, фермаларды, отарларды аралайды. Жері, өрісі бір болғасын оларда да жағдай өзіміздегідей. Атамды бұрыннан білетін бір ферма меңгерушісі шамалы көмектесіпті. Сол күні мал сойып үйіне қонақ етіп, тамақтан соң, ақшаға қарта ойнауға ұсыныс жасапты. Мұндайға құлқы жоқ атам, тері тауып берген жақсысы қолқалап отырғасын бір-екі қол ойнаған екен. Жолы болмапты. Өзі молжалдаған ақша да қолынан кеткеннен кейін атам, ойыннан бас тартып, екі қолын тарақтап айқастырып, желкесіне қойып: «Бозғұлдың Дүйсенбайы осымен біткен шығарсың!» - деп арқа

тұсындағы жастыққа шалқасынан тастапты. Сонда қарта ойнап отырған бейтаныс жігіт: «Аға, не дедіңіз? Қайталаңызшы!»- депті. Атам қайталаған.

Бұл жігіт те шамалы ойнап, кетіп қалыпты. Қалғандары да тараған. Шопыр елден бұрын жатқан.

Таң да атып, атам құрым үйдің төрінде, буы бұрқыраған сары самаурынның қара шайын рахаттана ішіп, әңгімесін айтып, қалғандары тәтті әңгімеге ұйып отырғанда есіктің алдына бір «Волга» мәшін келіп тоқтайды. Жүргізуші жағынан сүйріктей жігіт ағасы түсіп, қасына түндегі жігіт еріп, екеуі үйге кіреді. Әдеп бойынша сәлемдесіп, амандасып, бір-бір пияла шай ішіп болғанда жігіт ағасы: «Кішкене Бозғұл қайыссыңыз?»-деп сұрайды. Атам өзін таныстырады.

Сонда ол: «Анамның екі көзі батыл болған. Ол кісі бүкіл өмірінде сізбен бір кездесуді армандап келеді. Түнде мына інім айтып барғалы бізді де жайымызға қоймады, мал сойғызды, қазан астырды. Жарық түскенше асығып, күн көтерілгеннен бізді осылай жіберді...», -деп жағдайды түсіндіріп, үйіне алып барады. Анасы айқара құшақтап, бауырын тапқандай қуанып, жылап та алады. Ауыл- аймағын шақырып, жақсылап күтіп қонақ етеді. «Кішкене Бозғұл атыңмен қалдым. Балаларыма да осылай таныстырып: «Қашанда құлақтарыңда жүрсін, осы есімді қайдан есітсендер де тауып, табысыңдар. Сендерді аштық шеңгелінен тірі алып қалған осы ағаларын», - деп, тапсырып отыратынмын. Түнде мына балам айтып келгенде, ақ жарылдым, өзіңнің қолыңнан алып, дауысыңды есіткенше асықтым...»- деп қуанышын бөліседі. Баяғы аштықта-бас қайғыда атын біліп қана қалған ана, ата тегін сұрап әбден егжей-тегжейлі танысады. Сыбағасын жеп, «жоғалтқанымен» табысып, көңілі бірленген атам үкіметтің жұмсауымен жүргенін айтып, елге қайтуға рұхсат сұрайды. Рұхсатын берген ана: «Қане, балаларым, нарларым, ағаларыңа не атадыңдар, ортаға салыңдар, мына халық көрсін!»- депті. Сонда үлкен ұлы-таңертең мәшінмен әкелген кісі: «Аға, бағанадан бері сізге риза көңілден шыққан көп әңгімелер айтылды. Біз сізге қарыздармыз. Оны ештеңемен өтеу қиын. Дегенмен, тиесілі бір сыйдың орны осы болып тұр. Риза болыңыз, мынау иығыңызға жапқаным», -деп алдына сол заманның таптырмайтын қымбат, жағалы пальтонын қойып: «Мәшінге сыбағаңыз



деп бір ту бие артып қойдым», - депті. Органшы ұлы да алдына жағалысын қойып, мәшінге балалы сиыр салғанын айтыпты. Ал, түнде бірге қарта ойнаған кіші ұлы бір жағалыны иығына жауып, алдына кәстөм-шалбарын қойып, оның үстіне: «Мынау мінгізгенім, мынау түнде қартадан ұтып алғаным. Қалғанын аналар ұтып алған», - деп ізін әзілге жалғап, екі бума ақша қойыпты. Бұның ізінен Дүсенбай атамның батасын алған...

Бастығы тапсырғандағыдай мол қаракөл тері таппай әрі қартадан ұтылып мазасы кеткен атам, әйтеуір, Құдай сақтап, кеткен ақшасын түгелдеп, мінісі мен сарпайларын алып ауылға қайтады. Бұл оқиғаларға куә болған шопыр жолда келе жатып атамнан өзіне жарысы жұмбақ болған хикаяның баяғы бастауын сұрайды. Атам бәрін бастан аяқ баяндай келе әңгімесін: «Ішкен-жегенің сасып-жидіп арқаңнан шығады, Алланың Рахымынан үміттеніп кісіге бергенің, керегінде жарқырап алдыңнан шығады», - деп тұжырымдапты.

Алла жақсылық жасаушыларды «Әли Ғымран» сүресінің 134; 136-аяттарында былай сипаттайды: **«Олар кеңшілікте, таршылықта Алла Жолында мал сарып қылғандар. Сондай-ақ олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер. Алла жақсылық істеушілерді сүйеді», «...солардың сыйлықтары Раббылары тарапынан жарылқау және астарынан өзендер ағатын Жұмақтар. Олар Онда мәңгі қалады. Амал істеушілердің сыйлықтары нендей әйбәт!»** - дейді. Сапарынан жеңістермен қайтқан Дүйсенбай атам ашаршылық жылдарында жасаған жақсылығының шәрапатымен өмірінде бақытты, дәулетті жасады және артында: «Кішкене Бозғұл Дүйсенбай айтыпты...», - деген мол мұра қалды. Атамның Ақыретінде де сыйлықтарға бөленеріне күмән жоқ!

\* \* \* \* \*

Парахат (1942-2018) апам биыл – 2015 жылы 73 жаста. Біз қазақтың әр мүшел жаста садақа, той берілетіні хақында әңгіме айта келіп: «1986 жылы қарашадан Темірбай мен Нұржамалдың күйеу сәлемге келгетін хабары жетіп, ертең жолға шығатын болдым. Түнде, түсімде марқұм анам (Қымбат Бердиярқызы), мені алып кетуге келгенін айтты. Шошып ояндым. Шалыма (Елеу Сатыпалдиевке) айттым. Ол: «Қорықпа, сен тойға барып келе бер.

Келгесін бір мал садақа берейік», - деді. Баратын жол алыс. Тойға жеткеніммен көп отырмадым, садақаны бергенше асықтым. Үйге келіссіммен бір қошқар сойып елдің батасын алдық. Содан қайтып анам түсіме кірмейтін болды», - деді.

Дастандардың бірінде Құдайдан перзент сұраған байға Алла бір ұл беріп, өмірінің қысқа болатынын айтқан дейді. Бай баласының мерзімі келгенін шамалап, өлгенін көрмейін, деп жылдап жүретін керуенге қосып жіберіпті. Ол керуендегілерге меспен су тасып беріп, түйесіне қарап, жүгін артып-түсіргеніне көмектесіп көп алғыстар алып, ауылға аман жетіпті. Сонда бұған таңданған бай Алладан мұның себебін сұрағанда, Алла: «Халықтың көп жаса, деген тілегін ескерусіз қалдыра алмадым», депті, дейді.

\* \* \* \* \*

«Егемен Қазақстанның» 2010 жылғы 30-наурыз күнгі санында Ерғали Сағаттың «Бір қап ұн» атты еңбегі жарияланды. Өте тамаша. Баласы әскерге кеткенде анасы бір үлкен қаптағы ақ бидайды баласының аман келуіне атап қояды. Одан хат-хабар келгенде ғана қаптың аузын ашып, бидай алып ұн тартып, нан пісіріліп халыққа садақа таратылады. Оған қосымша, балам әскерден аман келеді. Осы көрпешеді жатып дем алады, деген ниетпен тігілген құрақ көрпеше айтылады. Қызықты! Бірақ, біз мән бермейтін, сене қоймайтын құбылыс – сол қап толы бидай мен құрақ көрпешенің ананың өзі сияқты тілектес болып тұратыны.

Алла жаратқан **«Жеті көк және жер, сондай-ақ ондағы болғандар, Алланы пәктейді. Оны пәктеп мақтамайтын еш нәрсе жоқ...»** («Исра» с. 44-а), - деп, Өзі ескерткендей, барлық нәрсе адамзат үшін болғандықтан олар да жалғаншыда ізгіліктер жасап, Алланың ризашылығын алғанын жақсы көреді. Сондықтан ана атаған бидай мен құрақ көрпеше де бір кәдеге жарағанына қуанып, Азаматтың аман оралуын күні-түні жаратушы жалғыз Иемізден сұрап тұрады. Бұған Тақуалар шүбә келтірмейді.

Осы сияқты ежелден келе жатқан салт – Құрбандыққа шалынатын малдың алдын ала аталатыны. Демек, қадым замандардан ақ, анығы, Ибраһимнің (ғ.с.) заманынан бабаларымыз бүкіл жамандық атаулыдан сақтанып, ерте күннен Құрбан айттан келесі Құрбан айтқа жеткенше тілектес болатын дені сау, қонды,

мүйізі, құлағы, желіні т.б. мүшелері бүтін мал атап қоюы тектен тек емес. Мұны Дана бабаларымыз жақсы білген, бізден көп білген. Ұлы Алланы бізден жақсы таныған. Елде той жасардан бұрын Алланың ризашылығы үшін бір мал садақа беретіні де сол білгендіктен келе жатқан дана Жол.

Алдынала Аллаға міндетсіз берген көркем қарыз – амандық пен саулықтың, береке мен байлықтың кепілі («Бақара» с. 245; «Хаид» с. 11-а).

Қысқа өміріміздегі Тақуалық мектебінде үздік бағалармен оқып, өзіміздің Ислам діні үшін жаралғанымызды біліп және мойындап, Алланың әмірлерін сауатты орындап, жерге қайта оралмайтындай амалдармен күндер өткеріп, Жәннаттан мәңгілікке орын алатын болып жасайық.

### «Береген қолым, алаған»

Бұл мақал – «Берсең, аласың», «Барсаң, келеді»,-дегендей тіршіліктегі берекенің тұтқасы болған өсиеттердің бірі. Ал, бұл өсиеттерге амал қылу – Тақуалықтың байқалмай жүрген бір белгісі. Құрандағы Тақуалыққа байланысты барлық Аяттарда құлшылықпен бірге беру мен қайырымдылық және қамқорлық жасау қоса айтылады.

«Бақара» сүресінің кіріспесінде Тақуаларды: «(Тақуалар) сондай! (Олар) көмеске Иман келтіреді, намазды толық орындайды, **өздеріне берген несібемізден** (Алла үшін өзгелерге) **пайдаландырады** (садақа не көмек ретінде береді)» (3-а),-десе, «Зәрият» сүресінің 19-аятында: «**Олардың малдарында сұрағанға да, сұрамағанға да тиесі бар**»,-деген. Бұл, әрине, Тақуалардың Тақуалығы – берегендігі болса, олардың бұл амалының қарымтасын Алла еселеп қайтарады.

Әлбетте, бұл жерде біз Алланың бір Құлдары арқылы екінші Құлдарын қорғайтыны хақындағы («Бақара» с. 251; «Хаж» с. 40-а) Аяттарын ескереміз. Біреуге бергенің, соның өзінен немесе екінші біреулер арқылы қайтады; кейде, Алла қалап, ойда жоқта көлденеңнен мол олжа келе қалады.

Қалай болғанда да Алланың ризашылығынан үміттеніп берген кез келген садақа, қайырым шартты түрде өзіндей, Алла қаласа бірнеше еселеніп қайта келеді. Алла – Қорғаушы, Құтқарушы,

Тенестіруші («Фурқан» с. 70; «Фатыр» с. 41; «Хашр» с. 23-а). Ол біреудің ақысын екінші біреуге ауыстырмайды.

### **«Құр аяққа бата жүрмейді»**

Мұның «Құрғақ қасық ауыз жыртады», деген де ұқсасы бар. Мақалдағы «құр аяқ» – бос ыдыс. Әдетте, ешкім бос ыдыспен кәде жасамайды. Мақалдың айтпағы, бірдеңе бермесе, алған бата пайдасыз, деген сөз. Халықта ежел-ежелден арнайы мал сойып, тамақ беріп немесе тон не шапан кигізіп, ақша беріп, мал беріп бата алу бар. Ал, онсыз бата алынбайды, алғанмен шапағаты болмайды. Содан шығарып халық осы мақалды айтқан.

Садақа жөнінде түрліше түсінік бар. Соның терісінен құтылу керек. Құранның айтуы бойынша, садақа кімге берілсе де, ол Аллаға берілген болып есептеледі. Мұны «Әнфал» сүресінің 17-аяты бойынша да пайымдауға болады. Одан тыс «Тәубе» сүресінің 103-104-аяттарында анық айтылған.

Енді осы Аяттарға келейік. 103-аятта: «(Мұхаммед с.ғ.с.) олардың малдарынан садақа ал, ол арқылы оларды тазартып, берекелендіресің. Оларға дұға қыл. Өйткені, сенің дұғаң – олар үшін бір тоқтау. Алла – толық Есітуші, аса Білуші», - десе, 104-аятта: «Олар, Құлдарының тәубесін есепке алып, садақасын қабылдайтын Ол – Алла екенін білмей ме? Шынында, Ол – Алла тәубені Қабыл Етуші, ерекше Мейрімді», - деген. Аятта Мұхаммед сөзі жақша ішінде, яғни, бұл Мұхаммед арқылы мұқым Мұсылманға тиесілі деген сөз; екіншіден, біз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандықтан садақа алып, дұға етуді сүндет деп түсінеміз.

Расында, дүние-байлық үшін емес, Алла үшін Кәлима келтіріп, Оған ессіз берілген Тақуа намазхандардың дұғасы талайлағанға шипа болғанына, шапағат тигізгеніне ел куә.

### **«Байдың асын байғұс қызғанады»**

«Болмасын!»-деген оңбасын»,-демекші, ел ішінде біреудің екінші біреуге қылған жақсылығын, берген садақасын қызғанатындар да болады. Мақал содан шығарылып айтылған.

Ал, негізінде барлық байлықтың да, байдың да, байғұстың да несібесін беретін, серігі жоқ – жалғыз Алла ғана теңдессіз бай. Байғұс біреуге Алланың бергенін де, адамның бергенін де қызғанады.

Құранның «Ниса» сүресінің 36-аятында: «Аллаға құлшылық қылындар. Оған ешнәрсені ортақ қоспаңдар. **Және әке-шешеге, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қол астындағыларға жақсылық қылындар.** Негізінен Алла тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді», -деп, келесі Аятта: **«Бұлар (тәкаппарлар мен мақтаншақтар) сондай, (өздері) сарандық қылып, адамдарға да сарандықты бұйырады. Сондай-ақ, олар өздеріне Алланың кеңшілігімен бергенін жасырады...»** (37-а), -десе, «Хадид» сүресінің 24-аятында да: **«Олар сондай, сарандық қылып, кісілерді де сарандыққа бұйырады. Ал, кім жалтарса, Алла – тым Бай, мақтауға Лайық»**, -деген. Яғни, Алла олардың берген садақасына, қайырына мұқтаж емес. Әркім берсе, өз үшін береді. Ал, бұзықтар өздері бермейді, өзгелерге де бергізбейді. «Өзі бола алмайды, болғанды көре алмайды», -деген осы.

Енді бұл мақалды кең көлемде алып, патшалық дәреже жайын сөз етсек, «Бақара» сүресінің 246-аятында Мұсадан кейінгі Израил ұрпақтары Пайғамбарларына патша сайлап беруін өтінгенін айтып, 247-аятында: «Оларға Пайғамбарлары: «Дау жоқ. Алла сендерге Талұтты патша сайлады», -деді. Олар: «Оның бізге патшалығы қалай болады? Одан гөрі патшалыққа біздер лайықпыз. Сондай-ақ, оған малдан да кеңшілік берілмеген еді», -десті. Пайғамбар: **«Негізінен оны сендерге Алла сайлады да өзін білімде әрі тұлғада артық қылды. Алла әкімшілікті (патшалықты) қалағанына береді. Алла – әр нәрсені кеңінен Білуші»**, -деді», -деген. Ал, жаңағы «Ниса» сүресінің 52-54-аяттарында: «Міне, бұлар (тәкаппарлар, мақтаншақтар) Алла лағнет еткендер...». «Олардың әкімшіліктен бір үлесі бар ма? Ондай болса, олар адамдарға түк бермес еді». **«Немесе олар Алланың Өз кеңшілігімен адамдарға бергенін қызғана ма?...»**, -дейді.

Әкімшілік те, байлық пен даңқ-дәреже де Алланың байлығынан. Ол оны қалаған Құлына береді. Аллаға ықыластанбаған, сенбеген байғұс оларды қызғанумен күнәлар арттырып өмір сүріп өтеді.

Ал, Аллаға сенген жүрегі таза жақсылар: «Бұл Алланың қалаған Құлына берген нығметі! Бұйырсын!»-деп, әрбір жақсылық Алладан екеніне сеніп, жарылқанғандарға игілік тілейді.

\* \* \* \* \*

*Келесі – «Фатыр» сүресінің 32-аятын оқытатын мақал – «Бойындай бой табылса да, ойындай ой табылмайды»,- деген мақал*

«Бір қойдан ақ та туат, ала да туат»,-дейтін қазақ, осы мақалмен өрістес: «Он саусақ бірдей емес», «Мен не деймін, домбырам не дейді?!» «Айдың он бесі жарық, он бесі қараңғы», - деген де мақал-мәтелдерді айтқан.

Бейбітшілікті сүйетін адамдар, барлық адамның Тақуа, Шыншыл, тыныш, кішіпейіл, мейірімді, қайырымды болғанын қалайды. Бірақ, олай емес. Тіпті, бір ата мен анадан туылғандардың әр қайсысының мінезі әр басқа, кейде бір отбасынан шыққан жатырластардың бір-бірін көре алмайтынын, бірін-бірі өсек қылып күндеп жүретінін кездестіреміз. Бұл неден?

Бұл хақында біз, «Бұлақ басынан тұнса, аяғы мөлдір болады», деген тақырыбымызда кеңірек тоқталдық. Тақырыбымызға байланысты тағы қайталайық. Алла Тағала пенделерді әр түрлі тағдырмен жаратқан. «Мүрсәлат» сүресі 23-аятында: «Оның тағдырын Біз мөлшерледік. Нендей толық күшке иеміз»,-дейді. Аяттағы: «**Оның...**»,-дегенде біз өзімізге мінезі үйлеспейтін, ой-пікірі ұштаспайтын жандарды түсінеміз.

«Ағраф» сүресінің 30-аятында Алла адамдарды Тура Жолдағылар және «...адасуға тиісті...» болғандар, деп екі топқа бөлгенін ескертсе, 179-аятында екінші топтағыларды былай таныстырады: «Рас, дозақ үшін де көптеген жындар мен адамдар жараттық. **Олардың жүректері бар, алайда, олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. Және олардың құлақтары бар, ол арқылы естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті, одан әрі адасуда. Міне, солар мүлде қаперсіздер**», - дейді. Біз бұндай адамдарды замандастарымыздың арасынан көріп жүрміз. Бұл топтағылардан достық күтіп алаңдамаймыз да керісінше, олардан сақтанамыз. Біздің айтпақ болғанымыз – қандастарымыздың түсінік-танымының әр түрлілігі және

Мұсылман қандастарымыздың ойының ойымызбен бірікпейтіні. Отан бір, тіл бір, ұлттық салт-дәстүр бір, дін бір. Сөйте тұра бұлар бұра тартып жүреді. Біреулері еуропашыл болса, біреулері өзі ештеңені білмейді, жәй дүрмекке еруші; біреулер мемлекетте тұрып, өз алдарына партиялар түзеді; біреулері Құраннан мүлде хабарсыз бір Отанда тұрып, бір Пайғамбардың атын атап, өзі өзі де түсінбейтін бір мәзһабты ұстанады.

Аяттағы: **«...Олардың жүректері бар, алайда, олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. Және олардың құлақтары бар, ол арқылы естімейді...»**,-деген, сипатын талдасақ, біз әлемде алауыздықтың кесірінен болып жатқан соғыстарды теледидардан көріп-біліп отырмыз. Солардың арасында Ауғанстанды жақсы білеміз. Үнемі бір топтар шығып, бүлік, жарылыстар жасап, өздерінің Мұсылман атына да, мемлекетке де сын келтіріп жатады. Міне, жүректің түсінбейтіні, көздің көрмейтіні, құлақтың естімейтіні елді осындай жағдайға әкеледі. Яғни, барлығы ойдың әр басқалығынан.

Бұларды бізге «Фатыр» сүресінің 32-аяты былай таныстырады. Онда: **«Сосын Ол Кітапты Құлдарымыздан таңдағанымызға мұра қылдық. ...олардан әлдекім өзіне кесір тигізеді де кейі ортада болады. Ал, тағы біреулері Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ілгерілеуші болады. Міне, осы – ұлы мәрхамат»**,-деген. Байқасаңыз, Құран берілгендердің өзі: өзіне кесір тигізуші; орта жолды ұстанушы және **«...Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ілгерілеуші...»** болып үшке бөлінеді екен. Демек, біздің бойымызбен бойы бірдей замандас кездескенмен, ойымызбен ойы бір пенде табылмайтыны осыдан – Алланың жаратуынан екен.

Алла Тағала «Фурқан» сүресінің 20-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) сенен бұрында тамақ жейтін, базарларда жүретін ғана Пайғамбарларды жіберген едік. Негізінде біріңді-біріңе сынау қылдық. Сабыр етесіңдер ме? Раббың – әр нәрсені Көруші»**,-деген. Демек, біз өзімізбен ойы бірікпеген адамдармен ортақ тіл табысып, оның әр қандай қылығына сабыр етуіміз керек. Сонда осы Аятқа Иман келтірген есептеліп, Аллаға жағамыз.



## «Құдай әркімді әр түрлі күйге салған»

Бұл жаңағы: **«Оның тағдырын Біз мөлшерледік. Нендей толық күшке иеміз»**,- деген, «Мүрсәлат» сүресінің 23-аяты мен «Ағраф» сүресінің 30-шы және «Фатыр» сүресінің 32-аятының түсіндірмесі.

Мақалға діни тұрғыдан қарасак, бұл қарғысқа ұшырағандар мен адасқандардың және Құран мұра етілгендерден **«...өзіне кесір келтіретіндердің...»** («Фатыр» с. 32-а) тағдырынан, жағдайынан, амалдарынан туған. Ашығырақ айтсақ: өз ортамызда Ақылды адамдар дұрыс тіршілік етіп, мазмұнды өмір сүру үшін күресіп игілікке жетіп жатса, біреулер керісінше, барымтадан, біреулер ұрлықтан, біреулер паракорлықтан, біреулер зинақорлықтан тақсырет тартып, өмірін бүлдіріп алады; мақалдың осы дәлелдерден шығарылып айтылғанына көз жеткереміз.

Бірауыз сөзбен айтсақ, бұл мақал арқылы Алла Тағала әркімнің тағдырының, тіршілігінің әр түрлілігін көрсетіп, пенделерге біз дәлелге келтіріп отырған 23-ші, 30-шы, 32-аяттарды үйретіп келеді.

Алайда, бұл екі Аятты біз «Уақиға» сүресінің 7-11-шы, 27-ші, 41-аяттарынан тереңірек танимыз. 7-11-аяттарда: **«Сол уақытта сендер үш бөлімге бөлінесіндер:» «оңшылдар, нендей жақсы, ол оңшылдар;» «солшылдар, нендей жаман сол солшылдар;» «озаттар алдыңғы қатарда болады».** **«Міне, солар Алла жақын болғандар»**,-деп, 26-аятқа дейін олардың Жәннаттағы жағдайын баяндайды. Ал, 27-аятта: **«Оңшылдар, ол оңшылдар нендей бақытты»**,-деп бұлардың да Жәннаттағы бақытты өмірін айтады. 41- аятта: **«Солшылдар, сол солшылдар неткен сұмырай»**,-деп, олардың тартатын азабын түсіндіреді.

Біз Қиямет және сәтсіз Күндер туралы жақсы түсініп алмай тұрып, Құранды өз деңгейінде меңгере алмаймыз. Қиямет те, сәтсіз Күндер де жер бетінде болып өткен және бүгінде болып жатыр...

Халық арасында сан түрлі тағдырлы пенделер жасайды. Ауыр тағдырлармен жасап жатқандарды көрген екінші біреулер: **«Біреуді көріп шүкір ет, біреуді көріп пікір ет»**,- деген; **«Құдай әркімді әр түрлі күйге салған»** ..., -деп, басқаларды сабырға шақырады.

«Ниса» сүресінің 52-56-аяттарында: **«Міне бұлар Алла лағнет еткендер. Алла кімді лағнет етсе оған ешбір жәрдемші таба алмайсың.** Олардың әкімшіліктен бір үлесі бар ма? Ондай болса, олар адамдарға түк бермес еді». «Немесе олар, Алланың Өз кеңшілігімен адамдарға бергенін қызғана ма? Расында Ибраһимнің жұрағатына Кітап, Хикмет және зор патшалық берген едік». «Олардың кейі («Бұл Алладан», -деп) оған сенді де кейі одан бас тартты. Оларға жалындаған дозақ жетіп асады». **«Негізінен ондай Аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел дозаққа саламыз да олардың терілері жанған сайын, азапты тартулары үшін, оны басқа терілерге ауыстырамыз...»**, -дейді.

Бірде теледидардан Үнді жұртын көрсетіп, Калкутта қаласында өткен Тереза анаға тағзым еткен мерекелік шараларынан репортаж жүргізді. Олар будда дінінде. Алланың өздеріне белгілеген ережесі бойынша құлшылық етеді.

Мүсіншілер сол құдай ананың мүсінін жасап, оны табынушылар сатып алып, тиісті құлшылықтарын жасап болғасын, Ганг өзеніне ағызып жіберді. Өзеннің тағы бір тұсында өзенді таза-лаушылар, ол құдай ананы өзеннен шығарып, қоқысқа жөнелтіп жатыр.

Бір хадисте Әбу Бәкір Сыддықтың (р.а.), надандық дәуірінде торттан құдай жасап алып, оған табынып, жалынып, құлшылық етіп жүріп, ашаршылық келген жылдары сол торт құдайларын жеп қоятындарын айтқаны бар. Калкутталықтардікі де сол тәрізді екен.

Енді өзіміз куә болып жүрген деректерден айтайық. Құмар ойыны – Алла тыйым салған ойын. Ал, шайтан өзінің сөзінен шықпайтын досына оны қызық көрсетіп, үлкен ұтыстардан үміттендіреді. Ол қызығып ойнай береді. Ара-арада ұтса, ара-арада ұтылады. Алла санап отырған Күн толған заманда, ол ойсырай ұтылып, байлық, абырой біткеннің барлығынан айырылады.

Іші күйеді. «Шура» сүресінің 44-аятында айтқандай: **«...Қайтатын бір жол бар ма?...»**-деп, іздегенмен Тура Жолға салатын бір дос таппай, өзін жұбату үшін арақ ішеді. Енді жұмыс істеуге де дәрменсізденеді. Отбасынан, туыс пен ағайыннан айырылады. Әсте-әсте елден шеттетіледі. Бұрынғысынан да бетер күйге түседі. Соңында қаңғыбас болып тынады.

Бұл Аяттарды осы мақал мен өмір Шындығынан оқып келеміз.

## «Жығылған үстіне жұдырық»

Бұл жаңа ғана талдаған мақалымызбен мағыналас болғанмен, ол Алла лағнеттеген пенденің жайын және оған жәрдемші жоғын айтса, бұл бізге 1929 жылдан басталған қасіретті өмірді ескертумен бірге, жайшылықтағы тіршіліктегі жәйтті ойымызға салып, жаңағыны толықтырады.

Мақалдың мағынасы азап үстіне азап көру болса, бұл «Тәубе» сүресінің 125-ші және «Нахыл» сүресінің 88-аятының тәпсірі. Аяттарда: **«Сондай-ақ, ол сүре жүректерінде дерті болғандардың жамандықтарының үстіне жамандық арттырады; олар қарсы болған күйде өледі», «Сондай қарсы болғандарға және Алланың Жолынан тосқандарға бұзықтық қылғандары үшін қинау үстіне қинау арттырамыз»**,-деген.

Бабаларымыз 1929 жылы малы мен байлығынан айырылды, соның кесірінен 1930-33 жылдары қатты ашаршыққа ұшырап босты, қырылды; 1935-38 жылдары нәубетке түсіп, алтын жүректі асылдарынан жоғалтты, бұл ұзаққа созылып, жандарын шүберекке түйіп өмір сүрді; енді ес жиямыз ба, деп үміттеніп отырғанда 1941 жылы аяқ астынан соғыс басталды.

Міне, «Жығылған үстіне жұдырық»,-дегеннің ең сорақысы осы!

Бейбіт өмір Шындығынан дәлел айтайық. Тапқан табысы отбасын толық асырауға жетпей отырған отағасы осы жетіспеушіліктің күйзелісінен ауырады. Жетіспеушілік! Оған ауру қосылады. Нанға ақша таппай жүргенде, дәріге қайдан ақша таппақ?! Міне, жығылған үстіне жұдырық тиюі – қинау үстіне қинаудың артуы осы.

88-аятта: **«...қарсы болғандарға...», «...тосқандарға...»**,-деген. Бұлар – Мұсылман бола тұра Құрандағы Аяттарды ескергенмен елемеушілер мен мұнафиқтар, Құранды ескілік жолы, деп бет бұрушы атеистер және адасқандар мен кәпірлер.

Мақалдар да Аяттар сияқты бірнеше мағына беретінін айттық. 88-аят қарсы болғандар мен тосушылардың жазасын ескертсе, «Әли Ғымран» сүресінің 153-аятында соғыс жағдайын ескертеді. Бұл мақал осы екеуіне де ортақ.

153-аятта Ұхыт соғысында болған жәйтті айта келе: «Сол уақытта Пайғамбар арттарыңнан шақырса да ешкімге қайырылмай ұзап бара жаттыңдар. Алла сендерді қолдарыңнан кеткенге де, бастарыңа келгенге де кейімеулерің үшін қайғы үстіне қайғыға ұшыратты. Алла не істегендеріңді толық біледі», - деген. Және осы Аятқа ұқсас «Ниса» сүресінің 56-аятында, дозаққа салынғандардың терісі жанған сайын басқасына ауыстыратынын ескертсе, «Ісра» сүресінің 97-98-аяттарында: «...Біз Қиямет күні оларды бетімен жер басқан, сақау және саңырау түрде жинаймыз. Орындары дозақ, толастаған сайын оларға жалынын арттыра түсеміз». «Бұл – олардың сазайы. Өйткені, олар Аяттарымызға қарсы келді...», - деген.

Міне, осы Аяттардың нақты мағынасын мақалдар мен өмір Шындығынан осындай жолдармен оқып келеміз. Ендігі біздің міндет, Құранмен, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Аяттармен мағыналас сахих хадистерімен өмір сүру болуға тиіс. Сонда біз Алланың қамқорлығында жасап, жұдырықтардың астында қалмаймыз.

### **«Жақсыға бір сөз кіпия, жаманға мың сөз зая»**

Мақал – «Тәубе» сүресінің 126-аяты: «Әр жылы бір не екі рет сыналғандарын көрмей ме? Сонда да олар тәубе қылмайды, үгіт те алмайды», - деген Аяттың хабары.

Қазақта: «Жақсы атқа бір қамшы, жаман атқа мың», «Санасызға сан айтқанмен қонбайды» немесе «Жетесізге жеті айтқанмен болмайды», «Құдай жетесіне берсін», - деген мақал-мәтелдер баршылық.

Алланы тануға ниеттенген пендеге жер бетінде және өз жаратылысында дәлелдер көп. Мұны кезінде бір данышпан: «Барлық кітап – бір Кітапты таныту үшін жазылады», - деп түсіндірген еді. Негізінде Алла күллі табиғат пен қоршаған ортадағы тіршіліктер және тіршілік иелері арқылы Өзін танытып келеді. Бірақ, «Жүніс» сүресінің 105-аятында айтылғандай, адамзат оларға көңіл бөлмей өте береді. Яғни, Алланы танудан ғапыл қалады.

Ал, бұл мақалды тереңірек түсіну үшін «Рахман» және «Уақиға» сүрелерін толық оқып шығуға кеңес береміз. «Рахман» сүресінде Алла бастан-аяқ Өзінің Құдыретін баяндаса,

жаңа «Құдай әр кімді әр түрлі күйге салған», деген мақаламызда айтқандай, «Уақиға» сүресінде Құлдарының үш топқа бөлінетінін, олардың сыйын айтып, ізінен Өзінің Құдыретін баяндайды. Біз «Қамар» сүресінен бірнеше Аяттарды келтірейік.

Сүре Қияметтің жақындағанын айтып басталады да қарсы болушылардың қылығын, қабырдан шыққандағы сиқын айтып, Нұхтың (ғ.с.) оқиғасына тоқталып, сосын: **«Расында оны ғибрат қылып қалдырдық. Сонда түсінуші бар ма?» «Азабым, ескертуім қалай екен?» «Расында Құранды үгіт үшін оңайластырдық. Ал, сонда түсінуші бар ма?» (15-17-а)-**дейді. Бұл – өзімізде жылда көктемде, әлемде болып жатқан су басу оқиғаларының хабары. Расында жылда су басу бар, бірақ, адамдар содан сақтану қамын жасамай, Алладан қамқорлығына алуын сұрамай, қамсыз жүре береді. Аяттар соны меңзеп отыр. Мұның айтылмай тұрған бір хабары: «Өстіп, тәубеге келмей кете берсеңдер, Нұхтың қауымының басында болғанды сендерге де әкелемін», дегені. **«...Құранды үгіт үшін оңайластырдық. Ал, сонда түсінуші бар ма?»**-дегені – қолымыздағы Құран, Құрандағы оқиғалар.

Бұрын Құранның қазақшасы жоқ еді, бабаларымыз дұрыс пайдалана алмады. Алла біздің түсінуімізге оңайластырып, қалаған Құлдары арқылы қазақшасын жеткеріп отыр. Осы бізге жетпей ме? Мақалда: «Жақсыға бір сөз кіпая...», -деген. Біз жақсы емеспіз бе?...

Сүрені («Қамар») әрі қарай оқиық. 18-22-аяттарда Аллаға, Елшісіне қарсы болған Ғад елін айтып, гуілдеген жел жіберіп, ойрандағанын ескертіп, бүгінгілердің содан түйсік түйіп сақтанбайтындарына ызаланып: **«...Қане, содан түсінуші бар ма?»**-дейді. Мұхиттардың жағалауындағы елдерде алапат тайфундар келіп, жойқын апаттар орын алады, біздерде де оларға қарағанда жеңілдеу құйындар келіп, біраз үйлердің шатырын ұшырып, ағаштарды сындарып кетеді. Біз «Жақсылар...» осылардан сабақ алуымыз керек қой!

Сосын Салихтың (ғ.с.) қауымы – Сәмүд елін, Лұттың (ғ.с.), Мұсаның (ғ.с.) елін жойғанын айтады да: **«Шынында әр нәрсені бір өлшеммен жараттық». «Әміріміз бір-ақ қас қаққандай». «Расында сендер сияқтыларды жоқ еткен едік. Ал, сонда түсінуші бар ма?» «Сендер істеген әр нәрсе дәптерде бекітілген». «Үлкен-кіші әр нәрсе жазулы». «Күдіксіз**

**Тақуалар, Бейіштердегі өзен жағасында». «Ықпалды үкім Иесінің құзырындағы қалаған орнында» (49-55-а),-дейді.**

Халық: «Жақсыға бір сөз кіпая...», -десе, Аят: **«Әр жылы бір не екі рет сыналғандарын көрмей ме? Сонда да олар тәубе қылмайды, үгіт те алмайды»**, -дейді.

Біз мына коронавирусты, жылдағы су басу мен алапатты дауылдарды кім жіберіп тұрғанына, не үшін жіберіп тұрғанына көңіл бөліп, Құраннан және мына «Қамар», «Рахман», «Уақиға» сүрелерінен үгіт алып, тәубеге келейік. Заманымыз осылай тұра береді, деп, педешілікке бармайық!

### **«Әркімдікі – өзіне, ай көрінер көзіне»**

«Бір қойдан ақ та туат, қара да туат,-дейтін қазақ, бұл мақалды негізі ата-ана мен балаға байланысты оқиға үстінде айтқан. Мақалдың мақсаты – біреудің әлде қандай көрген жақсысын, екінші біреулердің кемсітпеуі.

«Қарға сүйер баласын аппағым», -деп», -демекші. Әр ананың туғаны өзіне, әр пенденің ұнатқаны мен қалағаны өзіне қымбат – басқаға жаман көрінгенімен әркімдікі өзіне айдай.

Діни сенімде де солай. Әркімнің ұстанған Жолы өз түсінігінде өзіне айдай жарық («Ағраф» с. 30-а) («Фатыр» с. 32-а). Сондықтан біз олардың дініне тіл тигізбейміз.

«Әнғам» сүресінің 101-аятында жұбайы, баласы жоғын; 102-аятта Одан басқа Тәңір жоғын, Оған ғана құлшылық қылуды және 107-аятта, Алла қаласа қарсылар да ортақ қоспайтынын айта келе, 108-аятында: **«Олардың Алладан өзге сыйынғандарын боқтамаңдар. Олар білмей, шектен шығып Аллаға тіл тигізеді. Осылайша әр топқа өз істерін әдемі көрсеттік...»**, -деген. Демек, кім нені ұнатып жатса, ол Алланың қалауымен, Алланың әдемі көрсетуімен. Оған біздің қарсы келуіміз – Алланың қалауын жоққа шығаруымыз болады.

«Мәида» сүресінің 48-аятында Алла қаласа барлық адамды бір үмбет ететінін, бірақ, сынау үшін әр қайсысына бөлек-бөлек жол-жоба, ереже бекіткенін, әркім өзіне бекітілген Жолда жақсылықтарға жарысуын ескерткен.

Міне, біздің міндетіміз осы – өзімізге бекітілген соңғы дін («Ахзап» с. 40-а), барлық діндерден басым дін («Фатх» с. 28-а) – Исламның мәртебе, мерейін көтеру Жолында табанды болу.

Біз үшінші бастауда: «Діни сенімде де солай. Әркімнің ұстанған Жолы өз түсінігінде өзіне айдай жарық», - дедік. Біреулер: «Әрбір пенде туылғанда Мұсылман болады. Тәрбиесі оны басқа жолға салады», - деген хадиске сүйеніп, бізбен келіспес, сол үшін осыған да түсінік бере кетейік.

Негізінен бұл хадис біз келтірген «Ағраф» сүресінің 30-шы және «Фатыр» сүресінің 32-аятына қайшы. Алла оларды сынау үшін адасқан, өзіне кесір тигізуші, орта жолда болушы етіп жаратты. Неге сынайды? Себебі, Алла Мұхаммедті (с.ғ.с.) жіберіп, Оған Құранды түсірді. Құранның «Мәида» сүресінің 105-аятында өзін өзі түзегенді Алла түземейтінін ескертсе, «Табағұн» сүресінің 11-аятында: «**...кім Аллаға Иман келтірсе, Алла оның жүрегін түзейтінін**», «Іншиқак» сүресінде тырысқан пенденің Аллаға жететінін айтқан.

Кімде кім өзінің жолын басқа жолдармен салыстырып, ақ пен қараның арасын ашық түсініп, Мұхаммед уағыздағы Тура Жолға түссе, ол сыннан аман өтті. Ендігі барар орны – Рахым-Алланың алды, онан әрі мәңгілік Жәннат.

## **«Қанына тартпағанның қары сынсын»**

Жалпы жалғыз Аллаға Иман келтірген таза Мұсылман өзара туыс, бір-біріне жүректен берілген дос. Бұлар әрқашан, әрқандай жағдайда бір-біріне жанашыр көмекші.

Ислам Жолында Ансарлар, Мұхажирлер деген бауырмалдық бар. Мұны қазақ ежелде «анда», десе, кейінгі уақытта «өкіл» дейтін болды. Бірін-бірі ерекше жақсы көріп сыйласқандар ара үзілмесін деп, бір-біріне сүйек ұстасып, «өкіл әке», «өкіл ана», «өкіл аға», «өкіл іні» кіріскен. Екіншіден бұл салт, көбіне соғыста жалғызын жоғалтқандардың істеген жолы... Үшіншіден, жанашыр ешкімі жоқ қарттардың өлген соң көмусіз, ескерусіз қалудан сақтанып жасаған амалдары.

Солай болғанмен де туыстың орны бөлек. Бұған нақты дәлелді «Әнфал» сүресінің 75- аятынан оқимыз. Аятта: «Сондай-ақ, кейін Иман келтіргендер, Отандарынан ауғандар және сендермен бірге соғысқандар, міне, бұлар – сендерден. **Ал, туысқандар Алланың Кітабында бір-біріне тағы жақын.** Расында, Алла барлық нәрсені толық біледі», - деп, жалпы Мұсылмандар мен



туыстардың арасындағы нәзік айырмашылықты да ескерткен. «Ахзап» сүресінің 6-аяты: «Пайғамбар Момындарға өздерінен артық. Оның жұбайлары – олардың аналары. **Алланың Кітабында, туысқандар бір-біріне Момындардан да, Мұхажірлерден де жақын.** Бірақ, достарыңа (Мұсылман – Момындарға) қамқорлық жасауларыңа болады. Осылар Кітапта жазылған», -деп, туыстардың бір-біріне басқалардан жақын екенін қайта ескерткен.

Мұны «Ниса» сүресінің 1-аятында Алладан және **туыстардан ажырасудан сақтануды мұқияттаған.** Өйткені, адамзат – Алланың жердегі Халифасы. Сондықтан олар бір тұтас болуы ләзім.

\* \* \* \* \*

*Және де атам қазақ:*

**«Арқа тамыр айтысып артығын алады, сүйек тамыр сүйесіп күн көреді»,–**

деген. Бұл сүйек тамыр, әрине, туыс. Арқа тамыр – ағайын. Ағайын – жеті атадан арғы жұрағаттан да әрі асқан – қыз алысуға болатын кейінгі рулас. Әрқашан тату, ауызбіршілікті болуды ескерткен Алла, осы мақал арқылы да «Ниса» сүресінің 1-аятынан басталатын, бірнеше Аяттарын оқытып отыр.

«Бақара» сүресінің 177-аятында: «...кім Аллаға, Ақырет күніне, Періштелерге, Кітаптарға, Пайғамбарларға Иман келтірсе және **жақындарына ...** жақсы көре отырып мал сарып қылса...», -деп, 215-аятында: «...Нендей қайыр сауап қылсаңдар әке-шешеге, **жақындарға...**», -деп, «Ниса» сүресінің 36-аятында: «...әке-шешеге, **жақындарға...**», -деп, «Нахыл» сүресінің 90-аятында: «Негізінен Алла Әділетті, игілікті және **ағайынға қарайласуды бұйырды...**», -деп, «Ісра» сүресінің 26-аятында да: «**Туысы жақындарға... міндетті түрде қарайласыңдар**», -деп, ағайынға қарайласуды бұйырады.

Мұсылманшылықта Мұсылманға Алла берген ризық-несібеде, әке мен шешенің, туыстардың, ағайын мен көршілердің ақысы бар...

## «Кел!»-демек бар да, «Кет!»-демек жоқ»

Бұл мақал Ансарлар мен Мұхажірлердің үлгісінен туған. «Әнфал» сүресінің 72-аяттарында: «Шынында Иман келтіргендер, Отандарынан ауғандар және малдарымен, жандарымен Алла Жолында соғысқандар, **сондай-ақ, босқындарды орналастырып, (оларға) көмек еткендер, міне, бұлар – бір-бірінің досы...**» (1),-десе, 74-аятта: «Иман келтіргендер, **отандарынан ауғандар, Алла Жолында соғысқандар, мұхажирлерді орналастырып, (оларға) көмек еткендер, міне, бұлар – нағыз Момындар. Оларға жарылқау мен көркем несібе бар**»,-дейді. Біздің бұл мақал мен қазақтағы қонақжай кең пейілділік осы Аяттардан қалған, дейтініміз осыдан. Яғни, Алла ұлтымыздың аса дарқандығын осы Аяттарды оқытып отыр. Құран Аяттарын толық білмегендіктен біз бұларға мән беріп жүрген жоқпыз, тек: «Қазақтай қонақжай, қазақтай кең пейіл халық жоқ»,-деп әрі мақтанып, әрі қол ашықтығымызды бағалаумен шектеліп жүрміз.

Ислам тарихында 622 жылы маусымда Меккедегі Мұсылмандардың Мәдинаға қоныс аударғаны, мәдиналықтардың оларды қуана, шын жүректерімен қарсы алып, үйлерінің төрінен орын бергені білгілі. Бұл – ұлы адамгершіліктің, өз басын емес, бүкіл елдің қамын ойлаған даналықтың сөнбес үлгісі.

Осы сара Жол Мұсылмандарда бар. Алайда, қазақта тіпті, басқаша. Сондықтан поляк журналисі Янушкевич: «Әлемде тек қазақтар жасайтын болса, мен дүниені тегін шарлап шығар едім»,-деген.

«Кел!»-демек бар да, «Кет!»-демек жоқ»,-деген мақал біздің қазақта ғана бар. Бұл – қазақтың Аяттарды толық меңгеріп, Тақуалыққа жете алмаса да Исламды – Имандылықты жүректен жақсы түсінгендігінің кепілі.

Есігінен қараған кісісіне төрін ұсынатын қазақ, осы салтқа терісінше амал істеген қандасын жек көреді. 1980 жылы шілде айында, бір кісі ауылдың шетіндегі бір үйге келіп: «Хабарлас!»-деп дыбыс береді. Үй иесі шығады. Бұл: «Алыстан жаяу келе жатыр едім. Суым таусылды. Бір күрішке су беріңізші!»-депті. Үй иесі: «Өзіміз суды тасып ішеміз»,- деп, жолаушыға су бермепті.

Жолаушы келесі үйге барған. Ол үй иесі үйіне кіргізіп: «Су емес, даяр шай бар. Шай ішіңіз», - деп шай береді. Дем алдырып, өзі қалаған кезде шығарып салады.

Әрине, жолаушы қарап кетпеген – әлгі су бермеген үйдің иесі жөнінде сыр тартып, оның сөзін айтқан. Мұны есіткен отағасы ауылдастары бас қосқан жерде оған айыбын айтып, Иmandылық Жолын бұзғанын ескертіп: «Құдайдың мол суын қызғандың. Егер жау келсе не жұт болса, сен тіптен елдікке болыса алмайсың!...» - деп кейіген; содан ауылдың үлкен-кішісі оны, әлгі айтқан өз сөзімен өзін мұқатып, көпке дейін көршілік қатынастарын үзген екен. Балалар да балаларын мазақтаған, ойынға қоспаған. Әйелі әдеттегідей көршісімен әңгімелесуге барса, әлде нені сылтау етіп, сөйлесуге уақыты жоғын айтса, біреулері жақтырмай теріс қарап отырған.

Бұдан қиналған ол бір қой сойып, дастархан жайып ауылдастарын шақырып, кешірім сұрап, қайталамасқа сөз беріп, елімен қайта қауышыпты.

Сөйтіп, жолаушыға бір күрішке суын қимаған сорлы, бір қой мен дәмге толы дастарханға шығынданыпты. Міне, Алла Аяттарына қарсы келгендерге осындай да жаза береді.

- - - - -

1. «Әнфал» сүресінің 72-аяты: «Шынында Иман келтіргендер, **Отандарынан ауғандар** және малдарымен, жандарымен Алла Жолында соғысқандар, сондай-ақ, **босқындарды орналастырып, көмек еткендер, міне, бұлар – бір-бірінің досы.** Ал, Иман келтіріп көше алмағандар болса, олар да көшкенге дейін сендерге олардың ешбір ағайындығы жоқ. Онымен қатар, егер олар, сендерден дін жайында бір жәрдем тілесе, сонда сендерге көмек ету міндет болады. Бірақ, олар сендермен араларыңда келісім болған елде болса, оның жөні басқа. Алла – істегендеріңді толық Көруші».

## «Ауру астан, дау қарындастан»

Өмір Шындығынан туған бұл мақал да ел тыныштығы үшін, жан тыныштығы үшін сақтануға шақырады. Қарындастан туатын дау белгілі. Ал, астан туатын ауру – мезгілсіз тамақтанудан, қомағайлықтан, арам-адалды білмей жеуден туады. Сол үшін Алла Тағала оразаны парыз еткен.

«Бақара» сүресінің 183-аятында: **«Әй, Момындар! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылынды. Әрине, сақтанарсындар»**,-десе, келесі Аятта: **«...Білсеңдер сендер үшін ораза ұстауларың тағы жақсы»**,-деп, 186-аятта: (Мұхаммед с.ғ.с.) егер Құлдарым, сенен Мен туралы сұраса: **«Өте жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. Ендеше олар да әмірімді қабыл етсін. Және Маған сенсін. Әрине, Тура Жол тапқан болар еді»**,-дейді. Яғни, біз осы Аятқа сеніп, әмірлерді орындасақ, Тура Жолда боламыз. Сол Тура Жолдардың бірі – ораза ұстау болса, ол бізді аурудан сақтайды.

Барлық ілім-білім Алланикі. Абай бабамыз бен Исаак Ньютон айтқандай-ақ ешкім жанынан ғылым шығара алмайды, тек Алланың ғылымын қайталайды. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан кейін ғылым да оразаның адам ағзасын тынықтырып, оларға орасан пайдалар әкелетінін мойындап, аштықпен емдеу тәсілін қолға алды. Мұны әлемнің көптеген ғалымдарының кітаптарынан оқимыз. Әсіресе, америкалық ғалым Поль Брекстің «Аштық кереметтері» атты кітабынан көп тағылым алуға болады. Егер оның ережесіне көнсе, аштықтан жеңілмейтін ауру жоқтың қасы...

Ауру тудыратын келесі кесел – Алла арам, деп тыйым салғандарды жеуден келеді. Осы «Бақара» сүресінің 172-аятында: **«Әй, Момындар! Ризықтарымыздың жақсысынан жеңдер**. Аллаға ғана құлшылық ететін болсаңдар, Оған шүкірлік етіңдер»,-дейді. **«...жақсысы**, дегені, адал тамақтар. 173-аятта: **«Шынайы түрде сендерге: арам өлген малдың етін, қанды, доңыз етін және Алладан басқаның атымен бауыздалған малдың етін арам қылды**. Егер кім мәжбүрленсе; Алланың осы үкіміне қарсылық қылмай, лажсыз болса; шектен шықпаса оған кінә жоқ. Күдіксіз Алла – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді»,-деген. Жейтін ештеңе таппай қалса, жеуге болады екен. Ал, жейтін азық-түлік бола тұра жесе, онда осы Аятқа қарсы шыққан есептеліп, Алланың қаһарына ұшырайды. Яғни, Алла жазған аурумен ауырады.

Бұдан түйетін қорытынды, аурудың астан болатыны болса, оның себебі: ораза ұстап, ағзаларға дем бермей азаптаудан және арамдарды жеуден, екенін түсінеміз.

## «Жұтқаным – өзімдікі, шайнағаным – күмән»

Бұл – «Көктердегі және жердегі сыр Аллаға тән. Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті, одан да жақынырақ. Сөзсіз Алланың әр нәрсеге күші жетеді», - деген, «Нахыл» сүресінің 77-аятының және «Оларға: «Асығып тілеген азаптарыңның кейі сендерді өкшелеп тұрған болуы мүмкін»-де», - деген «Нәміл» сүресінің 72-аятының және Сүлейменнің (ғ.с.) өлімінің қалай болғанының хабары.

Қияметті біз жақсы түсінбегендіктен оның келуінен аса сақтана бермейміз. Қиямет – соғыс, жер сілкінісі, су басу, өрт, өлім...

Ол келгенде, яғни, келетін уақыты болған шақта, тамақтанып отырған адам, шайнап отырғанын жұта алмай қалатыны рас. Бұған өмір Шындығынан көптеп дәлелдер айта аламыз.

Қоғабай деген кісі үйінде, әйелі мен балаларының алдында тамақтанып отырып, жастыққа шынтақтаған, сосын аузына бір түйір ет салған. Екі рет қана шайнағанда жүрек тоқтап қалған...

2020 жылдың 21-қарашасы күні Нұр-Сұлтан қаласында, бір асханада газ баллон жарылып, тамақтанып отырған, екі адам көз жұмды, жиырма адам жарақат алды. Осылардың бірі осында жарылыс боларын білсе, ол асханада отырар ма еді?!

«Бәлекет аяқ астында», «Ажал айтпай келеді», - дегендей, мұндай нәрселер ойламаған жерден сап ете қалады. Оны пенде білмейді. Себебі, ол неше күнәсінің кешіріліп («Зүмәр» с. 53-а), неше күнәсінің жақсылықтарымен теңестірілгенін («Фурқан» с. 70-а) шамалай алмайды. Сондықтан, Алланың ұмытпай, Оның үкімдерімен жүрген Құл, Оның қамқорлығында аман-аман ғұмыр кешеді.

Және Қызылағаш су қоймасы ағытылғанда, Жаңаөзендегі оқиғада, 2019 жылы Арыста әскери қойма жарылып, 2020 жылы Мақтаралда су қоймасы тасығанда, қауіптен қаперсіз, еркін жасап жатқан, қаншаласаған адамдар аяқ астынан азаптарға тап болды.

Тергіштеп айта берсек, осылар тәрізді дәлелдер жеткілікті.

Ажалдың бірі бәлекеттің келеріне Алла, қалаған Құлына хабар да береді. Бұған дәлелді «Садақаны сауда бер...», «Сақтықта – қорлық жоқ», - деген мақалаларымызда айттық.

Кей жағдайда хабар да бермейді. Мұны: «Алла сүйген Құлына хабар береді, қаламағанына хабар бермейді», -деп сәуегәйлік те ете алмаймыз. Себебі, ол – Алланың Өзі ісі. Егер сүйген Құлына хабар беретін болса, Сүлеймен (ғ.с.) сақтанар еді. Мұны Құранның «Сәбә» сүресінің 14-аятында айтқан. Сүлеймен таяғына сүйеніп, жындарға жұмыс істетіп тұрғанда өлген. Жындар оны білмеген. Сүлеймен бақылап тұр, деп, жұмыстарын істей берген.

Сүлеймен сол тұрыста қанша уақыт тұрғанын бір Алла ғана біледі. Жындар ол құлаған кезде хабар тапқан. Сөйтсе, оның сүйеніп тұрған таяғын құрттар жеп, содан құлаған екен.

Демек, Сүлеймен таяғына құрт түспестен бұрын түрегеп тұрған күйінде өлген. Алла оның Жаны бақилыққа көшкенін жындар мен адамдарға білдіру үшін құрттарды жіберіп, Шындықты жүзеге шығарған.

Тақуалдық мектебінің озат оқушысы болайық!

### **«Жау жоқ деме, жар астында»**

Бұл мақал – «Таһа» сүресінің: «**Әркім істегенінің бодауын алуы үшін Мен мезгілін құпиялаған Қиямет анық болады**», - деген, 15-аяты мен «Мәриям» сүресінің: «**Олар үшін асықпа, шынайы түрде олардың күнін санаудамыз**», - деген 84-аятының хабары.

Жаудың жар астында болатыны – Алланың Аяттарына қарсы болған елдің, күнәлары белгіленген шекке жеткенде, Алладан бұйрық түсіп, жаудың аяқ астынан келе қалатыны.

Алла Тағала бабаларымызға тағдырдың тақсыреттерін тарттырып отырып, осы мақалды көңілдеріне салып, жоғарыдағы Аяттарды оқытып отыр. Және мұнымен мағыналас: «Ажал – аяқ астында», «Бәлекет – аяқ астында», «Бейнеттіге қара жер ойылады», «Апат айтып келмейді», - деген мақалдар да бар. Бұл мақалды кеңірек түсінуге Құранның төмендегі Аяттары да көмектеседі.

«Әнғам» сүресінің 65-аятында: «**Ол сендерге үстеріңнен немесе аяқтарыңның астынан азап жіберуге не сендерді топ-топ қылып ұрыстырып, біріне бірінің кесірінді тарттыруға күші жетеді**»-де». Қара! Олардың түсінулері үшін Аяттарымызды қалай ашық баян етеміз», -деп ескерткен Алла, жоғарыда айтқанымыздай, «Нахыл» сүресінің 77-ші, «Нәміл» сүресінің

72-аятында жаудың табан астынан шыға келетінін байқатады. Ал, «Зүмәр» сүресінің 25-аятында: «Олардан бұрынғылар да теріске шығарған. Сонда **оларға апат күтпеген жерден келген**», -десе, «Ағраф» сүресінің 97-98-аяттарында Қияметтің түнделетіп не күн көтеріле келетінін айтса және бір Аятта таңда, тал түсте келе қалатынын ескерткен.

Тарихқа үңілсек, басқасын айтпағанда атақты 1941 жылғы соғыс, осы мақалға да, Аяттарға да бұлтартпас – күмәнсіз дәлел. Сол жылы 22-маусым күні таңғы сағат төртте – жұрт таң ұйқының ләззаттына бұйығып жатқан кезде, фашистік Германия тұтқиылдан, шекараның ойпан-тойпанын шығарып басып келген.

Бұл соғыстан бұрын келген: 1929 жылғы тәркілеуді де, 1932-33 жылдардағы ашаршылықты да ел күтпеген. Тіпті, солай болады, деп қаперлеріне келтірмеген. Тексіздері қамсыздықпен өсегін айтып, жексұрындары өтірігімен елді алдап, зұлымдары ұрлығы мен барымтасын жасап, арамқорлары парасын алып, жинағанына мәз болып: «Қияметке дейін кім бар, кім жоқ!»-деп лақуаланып жүре берген. Алланың санап отырған күні толған Күні, болады, деп ойламаған Қияметі табан астынан сап ете қалып, өмірлері азаппен өтті.

### **«Қайта шапқан жау жаман»**

Аса Мейрімді, ерекше Рахымды Алла Тағала бізге «Ісра» сүресінің 8-ші, «Әнфал» сүресінің 38-аятын осылай жеңіл ғана тәпсірлеп отыр. Аяттарда: «**...Егер қайталасандар, Біз де қайта жазалаймыз...**» (8-а), «(Мұхаммед с.ғ.с.) сондай қарсы болғандарға: «Егер олар қарсылықтан тиылса, өткен күнәлары жарылқанады. **Ал, егер олар қайталаса, сонда өткендегілердің үкімі орындалады**»-де» (38-а),-деген.

Аяттар өте түсінікті. Мақалмен байланыстырып айтсақ, жау келіп елге ойран салғанда, тәкаппар да, мақтаншақ та, бай мен кедей де жалғыз Аллаға жалынып, тәубесіне келеді. Алланың үкімімен жау кетіп, бұлар естерін жинап өз-өздеріне келгесін, кешегі жаудың ойранын екінші кезекке қойып, Алланы ұмытып, баяғы надандығына қайта барады. Мұны айналасындағы елдерден бірнеше мәрте шапқыншылық көрген қазақ тарихынан жақсы білеміз.



Қазір халық тойынған... Тарихи кітаптардан, теледидардан отызыншы жылдардың зұлматтарын, ашаршылығын біліп отыр, бірақ, Алланың Жолынан ауытқыса, сол заманның ел басына қайта келерінен қаперсіз.

Ел басына келген ойрандардың бірсыпырасын көзімен көрген, талайын есітіп білген бабаларымыз: «Қайта шапқан жау жаман», -десе, Алла: **«...олар қайталаса, өткендегілердің үкімі орындалады»**, -деп отыр. Біз бұдан сақтануымыз керек.

Алла Тағала «Мәида» сүресінің 48-аятында, сынау үшін әрбір дінге бөлек-бөлек жол-жоба белгілегенін ескерткен. Ол осы белгіленген ережелерге қарсыларға шара көреді. Солардан бірі – Өзі белгілеген Жолмен жүрмегендерді, Өзі бекіткен Жолмен келе жатқандар арқылы жазалайтыны. Он сегізінші ғасырдан жиырмамыншы ғасырдың басына дейін бізді ғайридіндер арқылы жазалап, солардың үкімімен ұстап отырды. Мұны Құранның «Әнфал» және «Тәубе» сүрелерінен оқи аламыз.

«Әнфал» сүресінің 17-аятында: **«Сонда оларды сендер өлтірмедіңдер, бірақ, оларды Алла өлтірді. (Әй, Мұхаммед с.ғ.с.) атқан кезде сен атпадың, бірақ, Алла атты...»**, -десе, «Тәубе» сүресінің 14-аятында: **«Олармен соғысыңдар. Алла оларға сендердің қолдарыңмен азап етсін де оларды қорласын. Әрі оларға қарсы сендерге нұсрат берсін. Иман келтірген елдің көңілін ашсын»**, -дейді. Бұл туралы хадис те бар.

Аяттарда астарлы ештеңе жоқ – әрбір сөзі ашық, анық түсінікті. Тек біз: «Бұл Мұхаммедке айтылған. Біздің заман басқа...», -демей, бүгінгімізге тәубелер айтып, Аллаға шүкірлер жолдап, Тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуын тілейік және сол жолда бір ниетте болып, нәпсімізбен, азғырушы шайтанмен күресейік, Алла өткен ащы азапты тарихты алдымызға қайта әкелмесін! Бар тірлігімізден, осы тілек пен жақсылыққа талап қайырлы.

Халық: **«Соқыр аса таяғын бір мәрте жоғалтады»**, -дейді. Алдымыздағы тағдырымызды, келер заманды нақты көріп, біліп отырмағасын біз де көрміз. Сондықтан асамызды бір жоғалтып, талай ғасыр азапты ғұмыр кештік. Енді соны жоғалтпайық. **«Аузы күйген үрлеп ішеді»**, -дегендей, әрбір қадамымызды бис-милламен байқап басайық.

## «Ақ анттасып, арын ақтайды»

Өмір Шындығына зер салсақ, Аяттардың оқылып жатқанына көз жеткереміз. Расында да әрқандай пенде, тіпті, тәкаппар құдайсыздың өзі, Әл-Қаһарға кездесіп шарасыз қалғанда, тумаған, туылмаған жалғыз Аллаға жалынады.

Ата-анасының бауырында өскен бала екі-үш жасынан-ақ, ата-анасынан Алланың атын есітеді. Олардың қиналғанда: «Алла жар болсын! Құдай сақтасын!»-деген жалынуларынан, қуанғанда: «Аллаға шүкір!...»-деген жүректен шыққан жүрек жарды қуаныштарынан Алланың ерен Құдыретін сезіп жүреді.

2020 жылдың 11-наурызы күні Шымкенттің Шаңырақ ауылындағы Ербол мен Ақмаралдың отбасында болдым. Кешкі дастархан басында үштен төртке қараған Мирас пен бір жарым жасар Кәусар ойыншыққа таласты. Ербол қызын аяп, Мирасқа: «Сен ағасың ғой. Қарындасыңды жылатпа...», -деп, сылап-сипады. Ол көңісі келмеді. Ербол әлгі сөзін кеңейтіңкіреп және қайталады да, ойыншықты қолынан алып, Кәусарға берді.

Мирас үнсіз отырып қалды. Өзін жұбатуға бір шара іздегендей шалқасынан жатты. Сөйтті де: «Мен сендерді Құдайға айтып беремін!»-деді. Әкесі: «Біздерге Алла жар болсын!»-деді.

Ішін ыза кеулеген оның әкесі мен қарындасына қарсы шарасы осы болды. Себебі, оның әкесіне күші жетпейді. Әкесіне қарсы оған ешкім көмектеспейді. Осыларды көңілінен өткергенде, оған жәрдемдесетін және әкесінен де, барлық адамнан да күшті Алла есіне келді. Сөйтіп, ол Аллаға паналады, яғни, Алланың атын айтып, әкесін «сескендірді».

Тап осы бала Мирас сияқты шарасыз қалған кез келген пенденің Аллаға жалынатыны рас. Өмірден осы Шындықты көріп зерделеген бабаларымыз: «Қашқан да Құдай, дейді; қуған да Құдай, дейді», -деген.

Әкем Тағаймен бірге өскен, Жақсымұратұлы Әбділлә есімді ағамыз, марқұм әкем хақында маған естеліктер айтып отырып, мынадай бір төрелікке таң қалды.

– 1950 жылдар шамасы. Білетінім – Сталин\* әлі тірі еді! Тағай қоймашы. Пермеден\*\* кейінгі бастық сол. Қалқоздың\*\*\* бір

---

\* Иосиф Сталин – КСРО-ның бас хатшысы.

\*\* Перме – ферма меңгерушісі.

\*\*\* Қалқоз – колхоз – коллективный хозяйство.

қора қойын бағамын. Қалқоз өлшеп берген бидай, тары, жүгері ұнымен, құрт, ірімшік, сүт, қатық, қаймақпен жүреміз. Ет үшін айына бір қой береді. Ол жетпейді. Сосын кейбір озбыр шопандар, далада мал бағып жүріп, басқа шопанның отарынан мал ұрлап, жасырып сойып жейді.

Бізде де бір озбыр бар еді. Бәріміз де содан сақтанатынбыз. Пермеге айтып, біздің қорамыздан алысқа орналастыруын сұрайтынбыз. Бірақ, ұрының – кәсібі ұрлық та! Ол қайда қашсаң да сенен бірдеңе алғысы келсе, жайыңа қоймайды.

Отарымды күнде кешке және таңертең бір санайтыным бар. Бір күнгі санағымда бір қой кем шықты.

Далада жүріп Сталиннен қорқамыз. «Үкіметтің малын жесең, жоғалтсаң атады», -деп қорқытып тастаған.

Отарды інім мен әйеліме тапсырып, кеше отар жайылған өрісті шолып шықтым. Жатып қалған, өлген қой жоқ. Отардан бөлініп кеткен із де кездеспеді. «Бұл қайда кетті екен?!» -деп жанұшыра іздеп жүріп, екінші күні өрісте қойын жайып жүрген, әлгі ұрыға бардым. Ол: «Менің отарыма бөтен қой қосылған жоқ...» -деп, Құдайды ортаға салып, ант ішіп, басын ашықтады. Оған сездірмей, теріс жақпен айналып үйі тарабына жол алдым.

Алыстан қора жағында жүрген әйелін және кішкене екі баласы мен шешесін көрдім. Қораның сыртында 5-6 айлық күшігі бірдеңені жұлмалап жатыр. Қора жақтағыларға жүре сәлем беріп өттім де күшіктің жанына бардым. Оның жұлмалап жатқаны – қойдың терісі. Аттан түсіп, теріні алдым. Бояуынан өзімнің қойым екенін анық біліп, қораның алдындағы тұрған шешесіне көрсетіп, бұл терінің қайдан келгенін сұрадым. Ол: «Күшік бір жақтан сүйреп келген шығар. Біз мал сойған жоқпыз...», -деді.

Теріні алып өріске бардым. Ұры: «Құдай бірақы, алған жоқпын», -деп, бет бақтырмады.

Пермеге барсам, орталыққа кетіп қалыпты, сосын қоймаға – сенің әкеңе барып төрелік сұрамақ болдым. «Қашқан да Құдай, дейді; қуған да Құдай, дейді», -демекші, барсам, ұрым да сол жерде отыр. Сұрасам, ол жала жапты, деп мені айыптап отыр екен.

Тәкең Құдайды есімізге салып, екеумізге де ақылын берді. Мұнымен де ұры мойындамады. Ертеңіне перме келгесін пермеге бардым. «Ұрыда ұят болмайды», -деген ол да келді. Дәлелдерімді тән алмады. Перме:

– Қойындар. Мұның арты кектенуге, үлкен дауға айналайын деп тұр. Жүріңдер қоймаға. Халықты жинайық. Көпшілікпен ойласып шешеміз,– деді.

Ол заманда қойма дегеніміз, әрі кеңсе, әрі қойма болатын.

Орталықтағы үш шал, бес-алты кемпір және жастар келді. Перме болған оқиғаны айтты. Жиналғандар ештеңе дей қоймады. Сосын Тәкең кешегі ескертуін және қайталап, пермеге қарап, Құрандағы қарғасудың жолын ұсынды. Перме ескіше оқыған кісі еді.

– Аллаға тәуекел! Сөйтеміз, бұдан басқа амал жоқ!-деді.

Тәкең біздерге қарап:

– Кешегі кеңестен нәтиже шығармадыңдар ма?-деді де осындай талас болғанда, төрелікті Аллаға, Пайғамбарға салу керектігін ескертіп, екеуімізге Құблаға қарап тұрып қарғасуды айтты. Мен ақпын ғой – қорықпаймын, орнымнан ұшып тұрдым. Анау тұра алмады.

Перме:

– Құранға қарсы болсаң – жазаланасың, мойындасаң – жарылқанасың. Айыбыңды төле де елден көш,-деді. Ол маған бір қой төлеп құтылып, бір аптада елден көшіп кетті...,-деп, әкемнің төрелігіне ризашылығын білдірді.

Бұлар дауды шешу үшін «Ниса» сүресінің 58-59-аяттарының: **«Негізінен Алла сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік қылсаңдар Әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді. Расында Алла сендерге нендей жақсы уағыз береді. Шәксіз Алла – толық Есітуші, тым Қырағы».** «Әй, Момындар! Аллаға бойұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бойұсыныңдар. Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаға, Пайғамбарға ұсыныңдар. Егер сендер Аллаға, Ақырет күніне Иман келтірген болсаңдар, міне, осы қайырлы да нәтижеде жақсы», -деген Кеңесін ескеріп, «Әли Ғымран» сүресінің 61-аятындағы Иса жайындағы қарғасуды өздерінің ортасындағы таласқа сайлап пайдаланып оларға қарғасу шартын қойды. Ұры сыр берді де ақ-қара анықталды. Сосын ферма меңгерушісі оның елден алыстауына кеңес берді. Бұл – «Мәида» сүресінің 33-аяты.

Өмірде бірсыпыра Аяттар Тақуалар арқылы, осындай оқиғалар үстінде оқытылады. Бірақ, біз жақсы оқушы еместігіміз себепті, бұларға көңіл бөлмейміз.

## «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарар»

Міне, бұл да Алланың Өз Аяттарын оқытуы. Алла жүрекке бермесе, жәй пенде соншалықты терең мазмұнды Аяттарды алты сөзден тұратын мақалға сыйдыра ала ма?!

Мақалдың есітілуі әзілге құрылған сияқты. Ал, астары – істегенін міндет еткен пенденің немесе лауазымда жүргенін әлде қандай көрген шенеуніктің, қырық-елу Аят пен жүз шақты хадис білгеніне шайқалған діндардың тағы басқалардың сиқын жеткеріп тұр.

«Бақара» сүресінің 262-263-аяттарында: «Сондай! Қайыр істегендер, **бергендеріне міндетсу, ренжіту араластырмаса**, оларға Раббыларының құзырында сыйлық бар. Сондай-ақ, оларға қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды». **«Көркем сөз және кешірімділік – артынан бұлдану, кейіту араласқан садақадан жақсы.** Алла – Бай, Жұмсақ», -деп, 264-аятта міндет, ренжіту, бұлдану араласқан садақаның пайдасы жоғын ескертеді. Аятта: «Әй, Момындар! Аллаға, Ақырет Күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісідей, **садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймаңдар.** Міне, соның мысалы: **үстінде топырағы бар тас сияқты, оған қатты нөсер жауса, (топырақ шайылып) тас – тас күйінде қалады. Олардың – садақа берушілердің) еңбектері еш болады.** Алла қарсы болған елді Тура Жолға салмайды», -дейді. Тура Жолға салмайтыны – садақа пенденің күнәсін жуып, алдағы апаттан сақтайтын еді, ал, міндетсу араласқасын, Алла оны қабыл етпеді де ол садақа зия кетті. Күнәсына жарса келіп тұрған апат күшіне мінеді. Яғни, Алла осы Аятқа дұрыс амал жасамаған адамға ызаланады, апат пен шайтанға ерік береді.

Елімізде садақаны, тойды бәсекемен және біреулері бергенін қайтару үшін – есеппен береді. Міне, бұлар дұрыс емес. Бәсеке де, бергенін қайтып алу мақсатын көздеу де садақаға жатпайды. Ол қарыз беріп, қайтарып алғандай қажет шығару ғана.

Құранда Аяттарға қарсылық – Алланың ызасын арттырғаннан басқа пайда бермейді, деген мағынада Аят бар. Және бірнеше сүреде Алла Аяттарына қарсы келгендерден өш алатынын да ескерткен.

Сондықтан садақа берсе де, ол ең жоғарғы лауазымды адам болса да, ол ғұлама Тақуа болса да міндеті бар адам болса, Аллаға ешбір жақындығы жоқ. Себебі, Алла ештеңеге мұқтаж емес.

Мақалдың тағы бір ескерер тұсы, ысқырық – шайтанның дыбысынан. Демек, бұл біреуге бір қайыр жасаушы не садақа беруші, бергенін міндет етуімен шайтанға алданып отыр, деген сөз.

### **«Пейіліңді кеңге сал да, егініңді дөңге сал»**

Бұл мақал – жаңағы мақалдың керісіншесі. Алланың міндетсіз құлшылық пен міндетсіз садақаның маңызын ескерткен Аяттарының қысқа ғана қазақша тәпсірі.

Өмірде өзімізбен балалық шақты бірге кешіп, мектепте бірге оқып, белгілі мамандықта бірге істеп жүрген біреулердің күн көрісі өзімізден артып кеткенін көреміз; онымен өзімізді салыстырғанда, ойымызға оның қолының ашықтығы, пейілінің кеңдігі түседі. Алланың кереметін осы пейілділік арқылы да көріп, іштей риза болып, соның жолын ұстануға тамсанатынымыз.

«Бақара» сүресінің 265-аятында: «Сондай! Малдарын Алланың ризалығын тілеп, өз көңілдерін бекіту үшін Алла Жолында сарып қылғандардың мысалы: **көтеріңкі жердегі нөсер жауып екі есе өнім берген бақша тәрізді. Сонда оған жаңбыр тимей, дымқыл тисе де өнім береді. Алла – не істегендеріңді толық Көруші**», -деген.

Халық бір кісілердің тіршілігін бағалап: «Қолының қайыры бар», -деп жатады.

Қолының қайыры бар адамдар – Құран білімі терең болмаса да Аллаға жүректен сенген, Пайғамбар мен Құранды жүректен қабылдаған, Алланың ризашылығын тілеген, Алла үшін бергенін Алла еселеп қайтаратынына күмән жоқ адамдар.

Дөңде егін өнбейді, пейілі кең тарлық көрмейді.

### **«Торғайдан қорыққан тары екпейді»**

Торғайдан қорқатын қандай адам? Адамның алдында торғай дегеннің неге күші жетеді? Бір торғай қанша тары жейді, тарының бір дәнінен қанша тары алынады?

Осы сұрақтардың жауабына сүйенсек, торғайдан қорқып тары екпейтін адам – жалқау, пікірсіз адам. Халықта: «Жалқауға сылтау көп», деген де мақалдар бар. Жалқау жұмыс істеуден қашып сылтау айтса, сараң кедейліктен қорқып садақа бермейді. Екеуін де осы ахуалға әкеп отырған шайтан. «Әли Ғымран» сүресінің 175-аятында: **«Негізінен шайтан өз достарын қорқытады. ...олардан қорықпандар да Менен қорқындар, егер Момын болсандар»**,-деген. Яғни, жалғыз Аллаға Иман келтірген Момын Мұсылман, жалғыз Алладан ғана қорқуға тиесілі.

«Нахыл» сүресінің 99-100-аттарында: **«Шын мәнінде Иман келтіріп, Раббыларына тәуекел еткендерге, шайтанның бір үстемдігі болмайды». «Шынында оның үстемдігі, оны дос тұтып, Аллаға серік қатушыларға ғана жүреді»**,-десе, «Бақара» сүресінің 268-аятында: **«шайтан сендерді кедейлікпен қорқытады да арсыздықты әмір етеді...»** ,-деп ізінен Өзінің Жарылқаушы, Кеңшілік Иесі екенін ескертеді. Демек, тары егуге торғайдан қорқып жүргендер мен намаз оқуға болмасты сылтау етіп, садақа беруге кедейліктен қорқып жүргендердің барлығы шайтандардың досы, деген сөз.

Алладан басқадан қорықпау туралы және ризық-несібені Алла беруші екені, әркімнің еңбегіне қарай дәрежесі бары хақындағы Аяттарды ескергенде, торғайдан қорыққан да Аллаға серік қосқанға жатады. Пендеге қорқыныш салатын соғыс, ашаршылық, кедейлік, ауругершілік, егістікті қаптайтын торғайлар не басқалар Өзіне сенген пендесін сынау үшін Алланың жіберіп тұрғаны. «Сәбә» сүресінің 21-аятында шайтанның ешкімге ықпалы жоғын ескертіп: **«...Бірақ, Ақыретке сенген кісі мен Оған күдікте болған кісіні ажырату үшін ғана...»**,-деп, Өзінің қорғаушы екенін де ескертеді.

Бұл мақал арқылы біз, біріншіден, «...Бірақ, олардан залымдары айта береді. Олардан қорықпандар. Сендерге нығметтерімді толықтауым және Тура Жолда болуларың үшін Менен қорқындар»,-деген, «Бақара» сүресінің 150-аятымен, «...Егер Иман келтірген болсандар, қорқуларыңа Алла тағы лайығырақ»,-деген, «Тәубе» сүресінің 13-аятымен, «Фатыр» сүресінің: «...Шын мәнінде Құлдарынан ғалымдары Алладан қорқады...»,-деген 28-аятымен, пікірлесек, екіншіден, осы тақырыпта келтірілген Аяттардың мағынасын терең түсініп, әрқашан, әрбір талап үстінде, тіршілікте жалғыз Аллаға сеніп, жалғыз Алладан



ғана үміт етіп, жалғыз Аллаға тәуекел етіп кірісуіміз ләзімдігін ұғындық.

### **«Ашта жеген күйқанды тоқта ұмытпа»**

«Ашта жеген...», дегенде негізінен ашаршылық меңзелген, «...тоқта...», дегені – тоқшылыққа жеткенінде ұмытпа, дегені.

Бұл пендені: «Жарты наным – рахаты жаным»,-дегендей, шүкіршілікке шақырған мақал. Біздің аш болған заманымыз – 1920 жылдан бұрынғы заман, отызыншы жылдардың зұлматты кезеңдеріндегі және соғыс жылдарындағы заман. Біз мұны ұмытпауымыз керек.

Және осы мақалдың: «Мың насихаттан, бір машақат»,-деген кереғар түрі бар. Пенделерге қанша қайталап Ақыл айта бергенмен құлақ асып, түзеле қоймайды. Қашан бір азап, қиындық кездесе соны жеңу үшін машақаттар тартса, насихаттың мәнін түсініп, Тура Жолға келеді.

Құранның «Ағраф» сүресінің 94-102-аяттарын оқиық. 94-аятта: **«Тағы Біз әрқандай бір кентке Елші жіберсек, олар жалбарынсын, деп, ол жердің тұрғындарын таршылық пен қиыншылыққа ұшыраттық»**,-деген. Бізге Елші келмейді, уахи да түспейді, бірақ, қолымызда Елшінің мұраға қалдырған Құраны бар. Аяттармен мазмұндас сахих хадистері, сүндеттері бар. Біз осы Құран мен хадистерді ұмытпауымыз үшін, Алла бізге таршылықтар мен қиыншылықтарды жіберіп тұрды.

Өзіміз куә болған тарихпен айтсақ, бұл – 1929 жылғы тәркілеу, 1932-33 жылдардағы ашаршылық, 1941-45 жылдардағы соғыс. Біз бұл замандардың азабын көргендер жәйлі естідік, оқыдық, кинолардан көріп отырмыз. Міне, осыны ұмытпауымыз керек. Мұны ұмытып, Тура Жолдан тайсақ, «Ісра» сүресінің 8-аятында, «Әнфал» сүресінің 38-аятында ескерткендей, Алла қайта жазалайды – 1929-1948 жылдардың зұлматын қайта әкеледі.

Аяттарды әрі қарай оқиық. 95-аят: **«Сонан соң, жаманшылықты жақсылыққа ауыстырдық. Тіпті, артылып кетті де: «Аталарымыздың басына да таршылық, кеңшілік келген екен»**,-десті. Сондықтан оларды кенеттен қолға алғанымызда өздері де білмей қалды». Бұл – бізден бұрынғы заман адамдарының басынан өткен жәйт болғанмен

бізге сақтану үшін ескерту. Біздер де: **«Аталарымыздың басына да таршылық, кеңшілік келген екен»**,-деп, тарихымызды айтып, жазып жүрміз, бірақ сол тағдыр қайта айналып келмеу үшін, Алланы риза ететін амалдар істеп жүрген жоқпыз...

Алланы риза ететін амалымыз бар. Ол Құрандағы әмірлердің 10-15 пайызын ғана құрайды. Бірақ, олар да дәл мәніндегідей сапалы емес. Ал, нашүкірлер мен қамсыздардың, мұнафиктар мен күнәкарлардың саны Құрани амал жасаушылардың санынан өте көп. Таратып айтсақ, бізде қанда бар қазақтардан, санда бар қазақтардың саны көп; таза Иманды Мұсылмандардан, әйтеуір Мұсылмандардың саны басым; бізде Алланың өзіне берген тілі мен дінін («Рұм» с. 22; 30-а) менсінбей, қарғысқа ұшырағандар мен адасқандардың сәнімен сәнденіп, солардың тілінде сөйлеушілер көп («Хыжыр» с. 56-а); бізде «Бақара» сүресінің 247-ші, «Зұхрұф» сүресінің 32-аяттарын мойындамай, Алла несібесін ұлық еткен Президентті, министрлер мен депутаттарды, әкімдерді кінәсін нақты білмей өсек қылатындар көп; бізде лауазымға көтерілгендер арасында, «Әнғам» сүресінің 165-аятына құрметсіздік етіп, мемлекеттің қазынасына қол салушы көп; бізде Құран Аяттары мен ата Жолды ескілікке санып, ерлерден өздерін жоғары қоятын әйелдер көп; жеке фирма, шаруашылық қожалығын ашушыларға тиесілі аманаттарға қиянат жасаушылар («Ниса» с. 58-а) мен паракорлар көп («Бақара» с. 188-а); бізде «Әли Ғымран» сүресінің 76-77-аяттарынан өздерін жоғары ұстап: «Үй құрып беремін!»,-деп, ұрандатып, елден ақша жинап алып, ол құрылысты бастап бітірмей, бітірсе де шала бітіріп халықтың қарғысын арқалап жүре беретінер баршылық; қысқасы, Алладан қорқатындарымыздан қорықпайтындарымыздың саны көп. Міне, осы қорықпайтынымыз – кешегі – отызыншы, қырқыншы жылдардағы азапты өмірді ұмытқанымыз.

96-аятта: **«Егер ол өлкелердің елі Иман келтіріп, сақтанса еді, әрине, оларға көк пен жердің берекеттерін ашып жіберер едік...»**,-деген. Бұл – біздің бүгінгі алтын дәуіріміз. Бұған шүкіршілікті көбейтіп, Құранмен жүрмесек: **«Бірақ, олар (Құранның хабарларын бос сөзге) жалғанға шығарды. Сол үшін оларды қолға алдық»**,-деген. Бұл жамандықтан Құдай сақтасын!

100-аят: **«Жердің бұрынғы иелерінен кейінгі мұрагерлері түсінбей ме?...»**,-десе, бұл – 1950 жылдардан кейінгі біздерміз.

Осы Аяттарды дұрыс түсініп, бұл өткен тарихымыздың хабары екенін мойындап, тек Тура Жолмен тіршілік етуіміз керек.

101-102-аяттарда: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **Бұл кенттердің қиссаларын саған баян етеміз. Әрине, Елшілеріміз оларға ап-ашық дәлел келтірген еді. Сонда да бұрын өтірік деген нәрселеріне сенгілері келмеді...**», -дегені, біздердің әуелгі дүмшелер мен кешегі атеистерден естіген жалғанмен шектеліп қалғанымыз. «**Міне, Алла қарсы болушылардың жүрегін өстіп мөрлейді**». Мөр – Құранды өзіміз оқып, зерттеп, Шындықтарға көз жеткермей, есіткен өтірігімізбен шектеліп қалғанымыз. Біз бұл надандықтан құтылуымыз керек.

102-аят: «**Олардың көбін уәдеде таппадық. Әрі олардың көбін мүлде бұзық көрдік**», -деген. Уәде – «Ағраф» сүресінің 172-аятындағы Әл-Мисақ уәдесі және әрбір Мұсылманның келтірген Кәлимасы мен «Бақара» (177-а), «Әли Ғымран» (76-а), «Ісра» (34-а) сүрелеріндегі уәделер. Бұзықтығымыз – Кәлима келтіре тұра Аяттарға сауатты амал жасамайтынымыз, намазды адамдарға көрсету үшін оқитынымыз, өтірік айтатынымыз, «Алла бәрін көріп тұр, есітіп тұр, біліп отыр», -деп тілімізбен айтқанмен, Одан қорықпайтынымыз...

Алла Тағала «Ібраһим» сүресінің 34-аятында: «**Әрі сендерге Өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрінен берді. Егер Алланың нығметтерін санасандар, санына жете алмайсыңдар. Расында, адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз**», -десе, біз осындай дәуірді – бақытты жасап жатқанымызды бағалап, Аллаға шүкірлер айтып, құлай құлшылық қылмаймыз.

Сегіз Аяттан тұратын «Шарх» сүресінде: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **көңіліңді ашпадық па?» «Жүгіңді түсірмедік пе?» «Сондай белінді майыстырған», «абыройыңды көтермедік пе?» «Негізінде ауырлықпен бірге бір жеңілдік бар». «Шын мәнінде қиыншылықпен бірге бір оңайлық бар». «Ендеше босай қалсаң және тырыс». «Раббыңа ғана бел байла**», -деген. Бұл – Мұхаммедке ғана емес, Оның үмбеті біздерге және күллі адам баласына айтылып отырған өсиет. Соның ішінде бұл сүре – 1991 жылдан атеистерден құтылып, Ислам Жолымен жүруге жолы ашылған біздерге тиесілі сүре. Енді сылтауды қойып, Тәуелсіздігімізді сақтап, Мәңгілік Ел болуымыз үшін, Құранды жақсы меңгеріп, Алланың айтқан Тура Жолымен жүрейік.

Бүгінгі тоқшылығымызға мәз болып, ата-бабамыздың басынан өткен зарзаман зарын ұмытпайық. Ұрпақ келешегі үшін Аллаға, Аяттарға адал болайық!

\* \* \* \* \*

Қазақтың ел болып қалуы мен дініміздің орнығып қалуы туралы ойлағанда жаңағы «Ағраф» сүресінің 94-аятынан басталған Аяттар есіме түседі.

Ібраһимнен (ғ.с.) келе жатқан Жолдың көмескілене бастағанына ашынып жүрген дана бабаларымыз, Ислам дінінің төбесі көрінгеннен, өздерінің жүрегінде ылғалы сақталған Хақ діннің келгенін біліп, қуана күтіп алып, қарсылықсыз қабылдаған. Сол мезеттен бастап, тек Алланың Сөзінің үстемдігі үшін шайтанмен, нәпсісімен табанды күресіп, ауызбіршілікті жасаған. Алла әрбір қимылын Көріп, әрбір ойын Біліп, әрбір сөзін-лебізін Есітетініне шүбәсіз сенген – қарсы келген жанның ізінен өкшелеп қуып келіп тұрған, ертелі-кеш бір соққысын беретін Қаһарынан шынымен қорыққан. Иманын пәк сақтап, келтірген Кәлімаларынан аса сақтықпен ұтымды пайдаланған.

Ризықтандырушы, көздердің қиянаты мен көңілдердегіні Білуші – Аллаға шүбәсіз сенген қазақ: «Мынаны кісіге берсем, таусылып қалады, өзіме жетпейді», -демеді, нық сеніммен: «Таусылғанын Құдай жеткереді!»-деді. Осы пейіліне бола Алла пейіліндей орасан үлкен жер нәсіп етті, жеріне жау жолай алмады. Жолағанын Алланың қосып берген Періште әскерлерімен бас көтертпей жеңіп отырды. Күні, түні Алланың ризалығы үшін еңбек етіп, ризығын іздеген, құлшылығын үзбеген Құлдарына Құдыретті Алла жақсы ықылым сыйлап, мол жаңбыр мен қар беріп, өрістерін шүйгінді, суларын нәрлі етті. Малдары семірді. Егізден төл өрбітті. Сүт, айраны теңіздей шалқыды. Байлары кедейін сүйеді. Ата-анасы мен қарттарын сыйлаған жастары білім, ғылым мен сан қилы өнер түрлерін игеріп өсті.

Аналар Алланың ризашылығы үшін, Құран мен Пайғамбардың (с.ғ.с.) ақылына еріп, сынақ үшін берілген перзенттерін шынайы Имандылыққа баулыды. Өзгені өзіндей көрді, өзгенің туғанын өзінің туғанынан артық сыйлады. Қыздары ерге шығарда байлық пен беделдіге емес, тек Аллаға сенді, Оған тәуекел етті, Одан ғана үміттенді. Нәпсісіне билігін жүргізіп, ибаға оранды. Үлкен-

кішісі Алла үшін бірін-бірі бауырындай сыйлады, тосып сөйлеп – ыждағаттап тыңдады, ру мен ата қуып жіктемеді, өнерлісі мен білімдісі білмегендерге өнер-білім үйретті – кемсітпеді. Ұлы да, қызы да өздерін туып-тәрбиелеген атасы мен анасын Алланың қаһарынан осылай қорғады. Яғни, өздерінің кесірінен олардың Ақыретте, Қияметте азапта қалуынан қорықты. Бұл – тазалық, елімізде Исламның сақталып қалуына темір қазық болды.

751 жылдардан Қазақ даласына орнаған осы бақытты күндер 19-20 ұрпақты Нұрына бөлеп келді. Осы аралықта сырттан еліне сыймай қаңғып келгендер де, саудагерлікпен орнығып қалғандар да елге араласты. Рухы күшті ел бұларды да өз тілінде сөйлетіп, дәстүріне жаттықтырды.

Ынсапсыз адамзат бір қалыпта бола алмайды. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ізін Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) пен Омар ибн Хаттаб (р.а.) таза алып келгенімен кейіні олардай сақтай алмады. Сол сияқты біздің бабаларымыздың да он үшінші ғасырдағы жетекшісі, Құдай беріп отырған байлыққа шыдамай тасқындап, тоқшылықтан кекірігі айнып, оны Иманы әлсіз беделділер мен оларды тәрбиелеуі тиіс молдалары қостап, Алла Сөзінен әйелдерінің жалғанын жақсы көріп, қосылып өсек айтып, біреуді өздерінен кем ұстап, төрелік әділ айтылмайтын болды, молда да, бай мен би де жетім-жесірдің ақысына қол салды, елдегі төрт жүз жылдан бері келе жатқан қасиетті ауызбіршілікті ірітті. Жүз адамнан бір адам шынайы Имандылықта қалды.

Көпшілікке шайтан билікке келді. Надандық белең алды. Барымта деп, іштегілерді езіп, сырттан жау іздеді. Осындай бетіне кеткен 19-ыншы не 20-сыншы ұрпақтың кесірінен Отырар ойран болды. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітті», ұлтымыздың тағдырына қайғы әкеп, тарихына балта шапты...

Шынайы Имандыларды Алланың Өзі қорғады. Бұл ойраннан аман қалғандар тәубесіне келіп, осыларға ерді. Әр-Рахым және жарылқады. Алла бұлардың тобасын сынамаққа және жақсы заманын жіберді.

Тоқшылық пен бейбітшіліктің қадірін пәмдей алмайтын ақылсыз «білімділер» және тасқындай бастады. Дінді табыс көзіне айналдырды-неке мен жаназа намазға, ысқат пен хатым Құранға өздерінше баға қойды. Елде Имандылардан екіжүзділер басым болып араласып өмір сүрді. (Бір жақсы жері, өздері өстіп

жүрсе де елге сырттың қысқа балақты, әулие-әруақсыз, сабалақ сақалы мен мұртсыз сақал өсірген албасты кейіп ағымдарын кіргізбеді).

Ел әділ төрелік күткендер Құран Аяттарын бұрмалады. Алла бөлген руларды жүзге топтап, оған қожа, төре, төлеңгітті қоспай, өздерінше шатты. Алланың алдында Тақуалар ғана ардақты екенін ескерткен Аят пен арабтардың басқалардан артық емес екендігі туралы хадисті мүлде ұмытты. Еуропалық осы дүниесі ғана берілген ғайридіндерге еліктеп өздерін ақ сүйек атады. Бұл надандық елдің тапқа бөлінуіне әкелді, алауыздықты күшейтті – Алланың қаһарын тездетті. Субхана әл-Қаһар «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшыратты. Бұдан да таза Иман-дыларды Құдайдың Өзі сақтап қалды. Және Алла сынақ үшін кеңшілік берілгендер, тәубесіне келіп, тақуалардан үлгі алып, аят-хадиспен өмір сүрді.

Жазадан аман қалған ел, Алланың жарылқауымен және есін жиды. Бірақ, тойына келе аталар мен әжелердің ақылсыз еркелері бұдан алдыңғы жүзшілдік пен рушылдықты қоздырып, тағы Алланың Қаһарын шақырып, елдің бірлігін бүлдірді.

Жоғарыда атағанымыздай, бірнеше ескертулерден нәтиже жасамаған елге Алла, соңында шайтанды ерікті етті. Кішісі үлкенін тыңдамайтын болды. Бақылдық, қызғаныш күшейді. Соңында әр-Рахмансыз қалған алауыз елді Алланың жақсы көруімен, қалауымен емес, тағдырымен ғайридіндер оңай қолға алды...

Біздің ұлтымыздың тарихындағы, тағдыры өзімізден бөлек біреуді күнәлауымыз жалақорлыққа жатады. Егер сегізінші ғасырдағыдай Имандылықты сақтап, ғылыммен шұғылдануды дәйекті жүргізіп, алауыздыққа жол бермей, Аллаға жақын күйінде келе бергенде, Алла ғылымның небір күштілерін игертер еді. Ештеңеден кемдік, ешкімнен қорлық көрмеген болар едік.

Өткен ғасырдың зұлматы ру мен жүзді ұмыттырып еді. 50-жылдарды аяқтамай-ақ қарындары тойған бойда, қайтадан жүзге жабысып, жіктеле бастады. Ғылым-білім осынша дамығанмен тексіз біреулер мұны және қоздырып жүр.

Ендігі міндет – ояну. Көңіл көзін кеңірек ашып, өткен мен айналаны қиығына сыйғызу, бабалардан қалған тілді де, жерді де, елдікті де сақтау. Жаңа мыңжылдыққа, ғасырлар бойы кесірі тиіп

келген жүзшілдік пен әсіл түбі ғайридіндерден жұққан ақ-қара сүйектіліктей надандықтарды тастап, игерген ілім-білімімізді аят-хадиспен қанық суғарып, шындап жаңарып бару.

Қан тазалығын сақтау үшін ру мен жеті атаны білу – көргенділік, білімділік екенін ұға отырып, жүзшіл адам мен мін таққыш рушыларды, Құдайдан қорықпайтын надан адам ретінде әрі Ұлы Алланың және қазақ ұлтының ашық дұшпаны ретінде түсінгеніміз де Тақуалыққа жатады. Адам баласын бір ата мен бір анадан бінә еткенін ескерткен пәк Жаратушының бізден күтетіні де осы Тақуалық.

Елдегі көп ұлтты бір адамның баласындай татулыққа ұйытудың орнына, өзіміздің жүз бен руға жіктеліп жүргеніміз, Алла кешірмейтін, тарих кінәлайтын надандығымыз болар. Бұл надандықтан құтылу – бірлігіміздің, жеріміздің тұтастығының кепілдігі, әрине!

Жалғыз Аллаға құлшылық ету деген сөз – ізгі ниеттілердің бірлігі деген сөз. Жалғыз Алла және тек Өзіне ғана құлшылық ететін, бір ғана ниеттегі бірнеше миллион адамнан құралған бір ғана жамағат! Бұл – әл-Халиқу.

Мұндай елдің ұрпағының санасы кемел, болашағы жарқын болады, Иншаллаһ!

«Ісра» сүресінің 8-ші, «Әнфал» сүресінің 38-аяттарында егер біз бұрынғы надандығымызды қайталасақ, Алла да қайта жазалай салатынын ескерткен. Өйткенде де Алладан ештеңе кемімейді. Азапты тартатын, қасіреттер шегетін біз және біздің ұрпағымыз ғана болады. Сондықтан ашта жеген құйқамызды ұмытпайық.

### **«Өгізге туған күн, бұзауға да туады»**

Әрине, бұл «Ашта жеген құйқанды тоқта ұмытпа», -дегендей, Алланың қаһарынан сақтануға шақырған мақал. «Алланы ұмытпа, сақтан, әйтпесе, бабаң көргенді балаң да көреді», дегендей.

Тіке мағынасында өгізбен жер жыртады, арбаға жегіп, жүк тасиды. Бұзау өсіп жетілгенде, ол да осындай жұмыстарға жегіледі. Әке де «Мәйда» сүресінің 105-аятына сауатты амал жасап өзін түзеп, Алланың Тура Жолымен жүрмесе, әкесінің тартқан азабы-



на ұшырайды және балалары да солар көрген көргілікті көреді, деген сөз.

Мұны Құран және өзіміздің өткен тарихымызбен зерделесек, біз «Нәміл» сүресінің 83-аяты мен «Әли Ғымран» сүресінің 140-аятын оқимыз. 83-аятта: **«Ол Күні әр үмметтен Аяттарымызды жалған дегендерден бір топ жинаймыз. Сонда олар тостырылады»**, -десе, 140-аятта: **«... Осы Күндерді адамдардың араларында айналдырамыз...»** (1), -деген. Бұл, әрине, біз бұрынғылардың қателігін қайталасақ, бағанағы «Қайта шапқан жау жаман» атты мақаламызда келтірілген «Ісра» (8-а); «Әнфал» (38-а) сүрелерінің үкімі орындалады, яғни, 1929-1948 жылдардың арасында өткен азапты жылдарды алдарыңа әкелеміз, деген сөз.

Он сегізінші ғасыр басындағы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама», ортадағы ұсақ-түйегін айтпағанда, 1932-33 жылдары еліміздің басына қайта келген еді. «Хаж» сүресінің 47-аятында Алланың алдындағы бір күн, жердегі мың жылға тең екендігі ескертілген. Соны білген қазақ: «Алланың құрығы ұзын...», -деген. Осы 1721-28 жылдардағы алқакөл сұлама, арадан екі жүз жыл өткесін қайталанған. Бұл уақыты келіп, бізге де соқтықпауы үшін, әрбіріміз Алламен бірге болудың қамқаракетінде болуымыз шарт. «Әркім өзі үшін жауап береді», -деген, бұл қам-қаракетіміз өзіміз үшін.

«Ағраф» сүресінің 30-аятында бір топтың адасуға тиісті болғанын, 179-аятында дозақ үшін де адамдар жаратылғанын және «Фурқан» сүресінің 20-аятыда адамдарды бір-біріне сынау қылғанын ескерткен. Біз адасқандар мен дозақтықтардың арасында жасап жатқанымызды ескеріп, оларға еруден сақтанып («Бақара» с. 120-а), Алланың Тура Жолымен жүруіміз керек.

Екіншіден, жаңағы «Нәміл» сүресінің 83-аятында: **«...олар тостырылады...»**, -деген. Мұның мағынасы, өлген адамдардың арасындағы күнәсіздер Бейішке көтерілсе, күнәсі көптер, күнәлілердің саны толып, соларға арналған заман келгенше бірін бірі күтетіні. Мысалы, 1731 жыл оқиғасынан тәубесіне келгендер Бейішке өтсе, тобасына келмегендер 1932 жылдарға дейін өз әмпәйластарын күтті\*... Сол сияқты біз де бір замандардан ау-

---

\* Аспан есіктерінен өте алмаған күнәлілер, өз тағдырластары түгелденгенше, жүз жыл бойы күтеді. Алла үкімі келген заманда олардың бірі құндақтағы сәби болса, бірі –бала, бірі аға, бірі – әке, бірі – қарт ата болып, барлығы азапты бірге көреді.

ысып келіп тұрмыз. Бәлкім, тағдырластарымызды күтіп жүрген болармыз. Тәубесіне келген Құлын кешіруші аса Мейірімді Алладан жарылқау тілейік. Енді өлсек Алланың азабынан құтыламыз деген, амалсыз құрғақ үміттен аулақ болып, Алланың Жолында дұрыс жүріп, Бейіште мәңгі қалуға, бар Ақыл-білім күшіміз бен Алла берген несібе-байлығымызды сарқып жан салуымыз ләзім. Сонда Алланың қамқорлығында болып, Бейіштен мәңгілікке орын алудай ұлы мұраттарға жетеміз.

Құраннан Тура Жолды дұрыс танып, Алланың ашық-жабықты анық Көруші, жария-жасырын сөзді Есітуші, тілден шықпаған, жүректе жасырынған ой-пейілдерді Білуші екенін жақсы түсініп, Алладан қорқып, ұялып, Тақуалық мектебінде жақсы оқиық.

- - - - -

1. «Әли Ғыман» сүресінің 140-аяты: «Сендер жараланған болсаңдар, әрине, ол ел де сол құсап жараланған болатын. **Осы Күндерді адамдардың араларында айналдырамыз. Өстіп, Аллаға сенушілерді анықтау және сендерден шейіт алу үшін... Алла залымдарды сүймейді**».

### **«Асым ауса – асыма, тасым ауса – тасыма»**

Бұл – «Ниса» сүресінің 141-аятының ашық түсіндірмесі. Онда: «Сондай сендерді андығандар, сендерге Алладан бір жеңіс келсе: «Бізде сендермен бірге емес пе едік?»-деді. Ал, егер кәпірлерге бір олжа түссе, оларға: «Сендерге үстемдік келтіріп, сендерді Момындардан қорғамадық па?»-деді. Енді Алла араларыңа Қиямет күні үкім қылады, сондай-ақ, Алла кәпірлер үшін Момындарға қарсы жол қоймайды», -деген.

Мақал өмір Шындығында әділетсіздік үстінде айтылады. Мысалы: Күлпәш: «Кеше біздің пікірімізге қосылып, бізді жақтап отырған. Бүгін аналарға ауып, солардың сөзін сөйлеп жүр. «Асым ауса – асыма, тасым ауса – тасыма»,-деген, әрдем қиял, шіркін!»-деп, білекті мен беделдінің жағына жығылған әділетсіз төрешіні кінәлайды,-дегендей.

Мұндағы «асым» – ас, несібе, негізінен тамақ; ал, «тасым» – тас, бұл жерде күшті, күштіні меңзейді. Мақалдың кейіпкерлері – сатқын, өсекші, өтірікші, жалатай, екіжүзді- екісөзді, уәдесінде не ісінде дәйегі жоқ жексұрын адамдар. Осы сүренің 142-143-аят-

тарында, бұларды нақты көрсетіп, 144-аятта олардан аулақ болуды ескертеді...

Құранның «Нахыл» сүресінің 90-92-аяттарында: «Негізінен Алла Әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан һәм зорекерліктен тыяды. Сендерге насихат береді. Әрине, түсінерсіңдер». **«Қашан серттессендер, Аллаға берген серттеріңді орындандар. Анттарыңды, Алланы өздеріңе кепіл етіп бекіткеннен кейін бұзбандар.** Күдіксіз Алла не істегендеріңді біледі». **«Бір топты басқа топтан үстем деген сылтаумен араларыңдағы анттарыңды бұзып, жібін мықтап иіргеннен кейін, қайта тарқатқан қатын құсаған болмаңдар. Шын мәнінде Алла сендерді осымен сынайды.** Сондай-ақ, дүниеде қайшылыққа түскен нәрселеріңді Қиямет күні сендерге ашықтайды», -деген.

91-аяттағы: **«Қашан серттессендер, Аллаға берген серттеріңді орындандар...»**, -дегені, «Әнфал» сүресінің 17-аятының хабарымен пікірлегенде біреуге берген сертің – Аллаға берген сертің, дегенге саяды. Сондықтан (91-а) келесі сөйлемде: **«Анттарыңды, Алланы өздеріңе кепіл етіп бекіткеннен кейін бұзбандар»**, -дейді. Демек, серт айтылды ма оған Алла да, өз сертің де куә. Ол қашанда сұралады.

Екіжүзділік – әрдем қиялдылық Алланың барына сенген, Одан қорыққан пендеге лайық мінез емес. Өз бойынан мұндайды сезген пенде басына қара бұлт үйірілмей тұрып («Әнғам» с. 158-а), өзін түзетуі ләзім («Мәида» с. 105-а).

## **«Қайғысыз қара суға семіреді»**

Кейде: «Осындай адамдардікі дұрыс-ау!» -деп те қаламыз. «Үш күндігін ойламаған әйелден без, үш жылдығын ойламаған еркектен без», -дегендей, түбінде Аллаға бір жолығу барын ескеріп, ол ойдан шошына шегінеміз.

Алдағы өмірі үшін қамданып Алланы есіне алмаған адам, шартты түрде опық жейді. Мұны «Жүніс» сүресінің 7-8-аяттарында: **«Расында сондай, Бізге жолығуларын үміт етпегендер және дүние тіршілігіне мәз болып, сонымен көңілдері жәй тапқандар, міне, солар Аяттарымыздан хабарсыз».** **«Осылардың істеген күнәлары себепті орындары – дозақ»**, -

дейді. Аяттағы: «...көңілдері жәй тапқандар...» – «Өмір бір-ақ рет беріледі, жасап қалу керек», -деп шайтанның әдемі көрсеткеніне есін алдырып, байлық үстіне байлық қуып, атақ-даңқ үстіне атақ-даңқ жамап көзсіз жүре беретіндер. Бұлар Алланы жүреппен қабылдай алмайтындар, дозақтың азабын сезінбейтіндер.

«Тур» сүресінде: «Олар сондай орынсыз сүңгіп ойнағандар», «(Мұхаммед) енді оларды жоқ болатын Күндеріне жолыққандарына дейін қойып қой (еркіне қой)» (12; 45-а), -десе, «Дұхан» сүресінде: «Олар бір күдік ішінде ойнауда» (9-а), -дейді. «Зәрият» сүресінде: «Шындықтан бұрылған бұрылады». «Ой жорушылар құрысын!» «Міне, солар білімсіздік ішінде жаңылуда» (10-11-а), -деген. Осындай білімсіздер қайғыға ұшырағанша, ештеңені ойламайды; қартайған шағымда қандай заманмен беттесем, деп қайғырмайды – қара суға семіреді.

### «Нәсіп болса...»

Құранның «Кеһф» сүресінде Алла: «Еш нәрсені: «Осыны ертең істеймін» (23), -деп айтпа. Бірақ: «Алла қаласа (жасаймын)» (де)», -деп, бізге Рахымы келгендіктен ескертеді де «Осыны істеймін», -деп айтып қоятынымызды білгендіктен Мейірімі түсіп, шарасыз қалдырмай: «Ұмытқан заман Раббыңды есіңе ал да: «Раббымның мені бұдан да туралыққа жақынырақ жолға салуынан үміткермін» (де)» (24), -деп мұқияттаған. Бұлай етпеу әрине, тәкаппарлық. Алла Өз аяттарынан бас тартқандарға қаһарланатынын ескерте отырып, Құлдары тақсырет тартқанда: «Біздің бұдан хабарымыз жоқ еді» (Ағраф» с.172-аят), -деп жала жаппаулары үшін тыйымдарын алдын ала осылай хабарлаған.

Құранның «Қалам» сүресінің 16-32-аяттарының нәзіл болуына мына бір оқиға себеп болыпты. Яман дариясы жағасында өте үлкен жеміс бағы бар бір кісі дүниеден өткен. Ол адам әр жылы бағындағы жемістері піскенде жоқ-жітіктер мен жетім-жесірлерге сыбаға береді екен. Ол кісіден кейін баққа ие болған балалары сараңды қылмақ болып: «Алла қаласа...» («Қалам» с. 18-аят), -демей таң ертең баққа барып жемістерін жинап алмақ болады және ешбір міскінді кіргізбеуге баталасады. Алла

Өзін естеріне алмағаны үшін түнде баққа бәле жіберіп, бақтың жемістері күлге айналған болатын. Мұны олар таңертең көріп тобаға келеді.

Дана бабаларымыздың тәрбиесінде өскен аталарымыз, әкеміз бен шешеміз, қашанда біреуге сөз беретін болса: «Иншааллах немесе Құдай қаласа я нәсіп болса», -деуші еді. Бұл Кәләмді өзара талдап: «Неге бұлай деу керек екен?» -дегенде, білетіні: «Баяғыда бір ханның уәзірі, жұмыстан келіп әйеліне: «Ханым, ет асшы. Бүгін бір рахаттанып отырып жейін», -депті. Әйелі: «Иншааллах, Хақ Тағала бұйыртса де!» -деп ет асуға келісіпті. Сонда жөн сөзге шамданған пәмсіз уәзір: «Ет өзіміздікі, қазан өзіміздікі... Алла бұйыртса да, бұйыртпаса да жеймін!» -депті. Ет пісіп уәзір алдына ала бергенде ханның шабармандары келіп: «Сізді хан тез жетсін!» -деп отыр», -деп, алып кетіпті. Буы бұрқырап ет табақта қалыпты. Ханның қазынасынан кемдік шығып, соған бұның жанама болса да, жала болса да бір қатысы болып, мұны да басқа күнәлілер қатарлы зынданға тастаттырыпты. Арадан белгілі жылдар өтіп зынданнан аман-есен шығып, түнделетіп үйіне жеткен уәзір есігін қағады. Іште әйелі: «Бұл кім?» -десе: «Нәсіп болса еріңмін. Есікті аш!» -депті», -деп ақиқатпен астасқан аңызды айтатын.

Иә, атеизм қоршауында өскен біз де бұны аңыз деп мән бермейтінбіз. Кейде үлкен талаптарымыз сәтсіздікке ұшырап жатса да аталмыш Кәламнан көрмей, бір себеп іздеп, біреуді не бір жағдайды күнәлайтынбыз. Негізінен ол осы Кәламға құрметсіздіктен екен.

Осыған дәлел ретінде өзім куә болған және ең сенімді адамдардан естігендерімді айта кетейін. Менен 5-6 жас үлкен Балтаұлы Әбдімұрат есімді кісі жалғаннан өтті. 1996 жылы жаздың күні еді. Күнде көріп, дін аман жүрген Әбекеңмен кеше кешке де кездесіп, нарық заманының соққысын айтып біраз сұхбаттасып бөлінгенбіз. Келесі күні таң ертең автобуста кездестім. Оң қолын қалың қылып байлап мойнына асып алыпты. Ішімнен: «Түнде құлаған-ау!» -деп тұрдым да, қасыма жақын келіп, амандасып болғасын қолына не болғанын сұрадым. «Осы бүгін, таңғы бес-терде орнымнан тұрдым. Егістігіме барып жүгеріме қарасам, жетіліпті. Түнде төсекке жатарда да ойымнан өткергем... Содан орақты алдым да: «Қазір таңғы шайға дейін ширегін шиіріп

тастасам, күн қызғанша тең жарымын орсам, кешкі салқынмен бітіремін», -деп, бисмилла деп жұмысқа кірісуім бар ғой. Бір құшағын орып, енді екіншісіне қол соза бергенімде әлдене ортантеректің жоғарғы буынынан сұғып алды. Сол мезетте-ақ қимылдатпай қолымды зарлатты. Бәрін тастап жүгіріп үйге келіп, әйеліммен екеуміз білген емімізді жасадық, түк пайдасы болмады. Бірақ, әуелгісінен едәуір саябырсыды. Ісік шынтағыма дейін келді. Содан жуынып, киініп дәрігерге бара жатқаным...», - деді. Осы әлекпен Әбекең найдай бір ай жүрді. Жүгеріні балалары сенбі, жексенбі – демалыстарында орды.

Әбекең зейнеткер. Балаларыма сеп болсын, өзім орып тастайын дегендегісі ғой! Бір күні өзінен өзі отырып: «Мен қатемді таптым!» - деді. Өркім өз дәртімен әлек деген. Мен қолын ұмытыппын. «Не қатенізді айтып отырсыз?» - дедім. «Сол күні «Нәсіп болса, - демеппін - да!» - деп өзінің асылық кеткен пендешілігінен ұялғандай мұңайды. Мен кемшілігін мойындау да батырлық, ақылдылық екенін айтып сабырға шақырдым.

\* \* \* \* \*

Осыған ұқсас тағы бір оқиғаны Әлихан деген ағам айтып берген еді. Ол кісі біреуден үй сатып алып, жаңа қонысқа көшкен. Жаңа қонысындағы егістігінде үш-төрт түрлі жеміс ағаштар бар екен. Есігінің алдында-табалдырықтан екі метрдей жерге көлеңкелік ағаш егіліпті. Көпжылдық ағаш үйге қысы-жазы күн көзін бермей, көлеңке түсіріп тұрады. Оның үстіне жараспайды да. Діқаншылықты жақсы білетін ағам, мұны осы үйге келген күні-ақ шабамыз деген. Сәті түспей жүрген. Бір демалыс күні кемпірі: «Мына ағаш та шабылмады. Мұның орнына осы кезден жеміс ағашын егуіміз керек, немесе көкөністер еккен дұрыс болар еді», - деп кеңес салыпты. Алланың барын білгенмен аз ескеретін, нәсіп болса мен Иншааллаһты тіпті, білмейтін Әлекең: «Ой, ханым, ол да сөз болып па?! Қазір балтаны шарлаймын да шауып тастаймын!» - деп балтасын алып, шарға салыпты... Қылыштай балтасын құлаштап бір ұрғанда ағашқа дәл тиген де, екінші қайтарып сілтегенде, балта ағашқа қаға тиіп, тайып Әлекеңнің тізесіне соғылады...

Ағаш та, балта да қалды... Ағам көп уақыт қиналып жүріп емделді, әзер өзіне келді.

Ағуузу биллаһи минаш-шайтонир-раджиим мен Бисмил-лаһир-Рохмәәнир-Рохиим

Кәламдарынан кейін Иншааллаһ айтылғанда бұл бәледен Алланың Өзі сақтаған болар еді.

\* \* \* \* \*

Құранда Алла көктер мен жердегілер және арасындағылардың Өзінің иелігінде екенін айтқан. Бұл екі аралықта ауаның барын білеміз, құстарды, бұлттарды, желді көріп жүрміз, радио және электронды толқындардың барын ғылымнан үйрендік. Сонда да қоршаған ортаға салқын қандылықпен қараймыз.

Инсулыт алған ағамыз, денінің сауында, балаларын ертіп, жүк мәшін жалдап, тауға тасқа барған. «Тасты тиеп қайтып келе жаттық. Бір құдықтың басына келгенде шопыр тоқтап, мәшініне су құйды. Мен әрірек барып, тік тұрып дәрет сындырдым. Басым ауырғандай болды. Мен басымды шай қысты-ау!»-деп ойладым. Дәретім жарылағанда көзім түсті-бетін топырақ көмген тастың үстіне с...п тұр екем. Ісім болған жоқ. Мәшінге келіп орныма отыра бергенімде өзімнен кеттім... Содан бір айлардан кейін өзім жүретін болғанымда бұлай жазалануымның себебін де білдім.

Қу дүние деп жұтынып жүріп айналамызға қарамайтынымыз ғой! Ауруханаға түскенімді есітіп жақын-жуықтың келетіні бар... Халімді сұрап бір кәсіптесім келді (ағамыз мықты құрылысшы). Ол менің әңгімемді тыңдап отырып: «Дәрет сындыруға кірісерде, сол жерді аяқпен бісміллә деп үш мәрте түртуді айтты. Мен мұны бұрын естімеген едім. Сол дәрет сындырарда аяғымның астына қарап сөйтсем, тасты көрер ме едім?!...»-деп қынжылды.

Расында, Ислам дәретке кірісерде не деу керектігін, не амал жасау туралы ескерткен. Бұл да дүние иесіз еместігін білдіргені, әлбетте.

Біз мұндайда өзімізді де, жапа шегушіні де «Тағдыр!...»-деп жұбатамыз. Бірақ, сол тағдырдың өзіміздің еркімізге берілген бөлігіне амал жасамайтын салақтығымызды мойындамаймыз. Тағдырдың өз еркімізге берілген бөлігінің өзі, Алланың: «Осы тірлігі үстінде Мені ескере ме? Әлде шайтанға еріп кете ме?»-деген сынағы. Әңгіменің басындағы уәзір де, Әбдімұрат, Әлихан ағамдар да, бұл құрылысшы ағам да осы бір нәзік, аса маңызды ілімді білгенде бейнеттерден аман болар еді.



Халық даналығы Құраннан алынған. Біз Аяттар мен сахих хадистерді, халық даналығын білгенімізше біліп, әрбіріне мән беріп, Алланың Жолымен жүрсек, өзімізге Алладан пана тапқан болар едік.

\* \* \* \* \*

«Нәсіп болса», «Дүние иесіз емес»,-деген пікірлерден шығарып, Есім деген жолдасым бір өкінішін айтты. Ол өзінің сүйгеніне үйленген еді. Екі перзент те сүйді. Әдемі жанұя болатын. Тіл-сұқ деген де бар... Тіл тиді ме, нәсіпсіз іс бастағаннан ба, қайсысынан екенін жалғыз Алла Тағала ғана біледі. Ол өзі: «Есігімнің алдында 5-6 жылдық өрік ағашым өсіп тұратын. Жылда малынып өріс салатын. Жастық! Күш, қайрат тасып тұр. Бәрі жеткілікті. Жетпей жатқаны елде бар нәрсе болса тез табамын. Ішіп-жеу мен киюден басқа қамым жоқ кез. Бір күні көңіліме: «Осы ағаш қысы-жазы үйге көлеңке түсіреді де тұрады. Шабайын да көктемде әрірекке жасын егейін»,-деген ой келді. Әйеліме айтып едім, өзіме салды. Сосын қараша айындағы бір демалысымда шаптым да тастадым. Өзімше ештеңе болмағандай. Бәрі баяғысынша.

Келесі жылы көктемде әйелім бірден ауырып дүние салды. Осы жерден бастап менің тағдырым өзгерді. Ілгері басу болмады. Биыл сол оқиғаға ширек ғасыр. Әлі өзім ойлағандай ілгері жылжу болмай келеді. Ойлар маза бермейді. Түбіне жете алмаймын.

Бірде түн ортасына дейін ұйықтай алмай оймен жатып, шала ұйқыға кетіппін. Кімге кездесіп не әңгімелескенімді білмеймін: «Сол өрікті бекер шаптым-ау!»-деген өзімнің зарлы дауысымнан оянып кеттім...»,-деп, жастықтың шоқтығында тасып жүріп, күйігі бүкіл өміріне жазылмайтын бір шоқ басып алғанына өкінді.

Оны Алла кешірсін! Қалған өмірінің берекесін берсін.

Тағдырдың Алланың қалауындағы бөлігінен бе, әлде, Алланы еске алып: «Рәббім сен барлық әлемді, бұл ағашты да адамзат үшін жараттың ғой. Мына өрікті бізге бердің. Жемісін балаларым жеп мәзбіз. Бірақ, бұл ағаш уақытында білместікпен орынсыз егілген, мен мұны шабайын, нәсіп болса, көктемде есік алдынан әрірекке жасын отырғызармын»,-деп, ниеттену болмағаннан ба? Ел мақтап жүрген Есімнің осындай жағдайды басынан өткеріп, әлі күнге өкінішінің орны толмай келе жатқаны хақ.

Иә, барлық барлықтың иесі жалғыз Алла. Оның нәсіп етуінсіз ештеңе болмайды,

Оның аты аталмай, Оның рұхсаты мен қалауын сұрамай істелген әрбір істің ізінде жаза күтіп тұратыны да Шындық.

\* \* \* \* \*

Бір шопыр даяр үзбеннің үстінде: «Әкел, ішіп алайық!»-депті. Қасындағы әріптесі:

«Ей, байқап сөйле, Құдай нәсіп етсе де!»-деп сөздің жөнін айтса, анау қырсығып: «Нәсіп етсе де жеймін, етпесе де жеймін!»-деп өрекіпті. Кеселерге толтырылған кеспе әр қайсына жеке тартылады. Бәрі де қасықтарын алып іше бастаған. Сол кезде қалай болғанын Алла біледі, әлгі асылық сөйлеген пақырдың тамағына сүйек тіреліп қалады. Қанша жан салғанмен бұл сүйек не бері шықпайды, не әрі кетпейді. Серіктерінің көмегімен алыстағы үлкен ауруханаға кетеді. Асылық сөйлегені үшін Алла бұйыртпаған тамақ жайында қалады...

\* \* \* \* \*

– Еркеш есімді бір жолдасым, шопан болатын,-деді бір дастархан басындағы сұхбатта бірге отырған бейтаныс, жас жігіт. -Әкесі мен шешесі Қызылорда жағына қыдырып кетіп, Еркеш бір күні, ет таусылғанда, әкесі айтып кеткен қойды сойыпты. «Бисмилламен-ақ сойдым. Әкем жоқ қой, осы қойдың басын өзім мүжіінші!»-деп әйеліме кешке дейін үйітіп, пісіруін тапсырдым. Бас та, сирақтар да қасымда. Қойды қораның баларына байланған жіпке іліп, ішек-қарнын алдық. Әйелім, қарындасым, көрші келіншек келді. Бұлар қарынның жынын жабылып төкті де тез болу үшін жұмысты бөліп алды. Біздің әйел бас пен сирақтарды үйтетін болды. Мен етті жілік-жілікке бөліп тұрғам. Қарасақ, сирақтар бар да бас жоқ. Сөйтсек, қапылыста сапсып жүрген иттердің бірі алып кетіп, қораның артындағы арықтың ішінде, менің орныма мүжіп жатыр... Өкіндім де қалдым.

Нәсіп демеппін, бас қаңғырған итке бұйырды. Алла Тағала сол иттің сол күнгі несібесін мен сорлының сауатсыздығымнан бұйырмаған несібемнен жаратыпты», -деп, өзінің асылық кеткенін әңгіме етті,-деді.

\* \* \* \* \*

Құранның «Жүніс» сүресінде: «Естерінде болсын, расында, көктердегі, жердегі әркім Алланың иелігінде... олар ойларына ғана сенеді. ...олар ойларынша ғана жорамалдайды» (66-а),-дейді. Осы аятта дәл келтірілгендей, кейде өзіміз байқамай кейбір ырымымызбен, біреуге не көлікке сеніп, кешірімді, жалғыз Аллаға серік те қосамыз.

Қызылқұмның ішінде туылып-өскен Бақтияр өз елінің барлық жолын, құдығын жақсы біледі. Бірде әкесі мотоцикл алып берген. Ой, тамаша! Жүйрік көлік желдей ұшып тұр. Ауылдан 17 шақырым жердегі екінші бір отарға барыпты. Біраз болған, тамақтанған. Үй иесі: «Енді кеш болды. Жатып кете қойсай!»-десе: «Жоқ-ә, жатпаймын! Не, мынау тұрған жер ғой, жарым сағатта жетіп барамын!»-деп мотоцикліне отырып тартып кетіпті. Осы кезде қараңғы да түскен. Жары жолға барғанда ада-сады. Енді не ауылының жолын таппайды, не жаңағы аттанған отарына қайтып келе алмайды. Сол әлекшілікпен таң бозарғанша жүреді...

Бұл жолы да Алла ескерілмеді. Оның үстіне Аллаға емес, мотоцикліне сенді. Кешірімді, Мейірімді Алла оған қаһарланбай, жаза ретінде шайтанның еркіне қалдырды. Жын-шайтанның араласып ұруынан, құлап майып болудан Өзі сақтады. Ал, шайтан таң атқанша мазақ қылды.

Жалғыз Бақтияр емес, түрлі мүмкіндіктерге ие біздің әрбіріміз осындаймыз. Егер бәрін білуші Алла қылмысымызға бола дер кезінде жазалай берсе, оған қарсы тұруға біздер әлсізбіз. Тек Алланың Рахымы мен Мейірімінің арқасында ғана тіршілік етіп келеміз. Мұны, сірә ұмытпаған абзал.

\* \* \* \* \*

Дәл осыған ұқсас оқиғалар талайлардың басында болғанын есітіп жүрміз. Мен өзімнің көз алдымда өткен бір хикаяны баяндайын.

1979 жылдың 8-наурызы еді. Мен Ағытпаның сыртындағы 139-разъездте жасаймын. Жанұялымын. Мерекеге екі інім – Нұржан мен Тағайбек келіншектерімен, сәскеде өтетін пойыздан түсіп, қыдырып келді. Сол күні түске таяу, бізден елу шақырымдай алыста жасайтын Қонысбек, Темірхан деген ағаларым да жанар-

май таситын «газон» мәшінмен келіп қалды. Мал сойылған, ет қазанда қайнап жатыр. Сол күні дүкенші ауылда жоқ екен. Жас еттен дайындалған қуырдақпен арақсыз, түскі шайымызды ішіп алдық.

Араққа құмар ешкім жоқ, біздің арамызда. Ол әкелінбесе де ешкім өкпелемейді. Бірақ, заманның сәні. Кешкі дастархан уақытына ет піседі, енді ол арақсыз болмасын, деп, өздері үшін көліктерімен келген ағаларыма Ағытпаға барып арақ әкелуін өтінбесім бар ма?

Оларға сағатын да айттым. «О-о-ой!... Оған дейін келеміз ғой!» ...Кешікпейтін болды.

Мен алаңсыз қала бердім. Қонақтарыма қызметімді қылып жүре бердім... Екінті де килікті, ақшам да болды, бұлар жоқ. Арақ ішпейтін бұл інілерімнен кешірім сұрап дастарханды жайып, етті тартып, тамақтанып та болдық. Ағаларым келмеді. Түн де қымтады. Іңір де ауды бұлар хабар-ошарсыз. Берекем кеткенін сездірмегеніммен, үйдегілердің барлығы да байқап отыр. «Неде болса, екеу ғой. Жолда қала қоймас», -деп қонақтарыммен әңгімелесіп түн жарымына дейін отырдым...

Бұлар ертеңіне таң ата келіп тұр. «Ау, бұл қалай? Аманшылық па?» -десем: «Барарда аман-аман бардық. Дүкеннің алдында біреулер кездесті солармен шүйіркелесіп шамалы отырып қалыппыз... Күн бата жолға шықтық. Содан түнімен жүріп, осы ғой келіп тұрғанымыз», -дейді. Ұйқыдан қалған, шаршау.

Сөйтсем, менің қасымнан аттанарда, бүгін қайта оралуын, Алланың нәсіп етуін тілемеген ағаларым, Ағытпа мен темір жолдың арасында таң атқанша жүріпті. Екеуі де шопыр. Бұлар бұл жолдармен талай жүрген. Бірақ, өткелді таппай сілелеген. Әбден болмағасын, тоқтап біраз көз ілдірген. Наурыздың таңы салқын, бойлары мұздағаннан оянып, келіп тұрғандары осы екен.

Есітіп, білу бар да, соларды амалға асыру бар. Нәсіп болса-ны бәріміз де білеміз. Бірақ, бүгінгі мерекеде қауышқан қуаныш үстінде үшеуміз де Алланы есімізге алмағанбыз. Хақ Тағала бізді шайтанның еркіне қалдырған. Мен үйде тыпырлап ішімді жеумен берекесіз күн өткерсем, бұлар жолда...

Мұның екінші жағы да бар. Пәк Алла, пәк жүректерде. Біздің арамызда сол шайтансуға құмар адам жоқ. Заманға сай, Кәлимань аз ескергенімізбен Аллаға сенімдіміз. Дүние қоқысына, лауазым-

дәрежеге де алаңымыз жоқ. Бәлкім, осы таза жүрегіміздің құрметіне, бәрін Білуші Алла, осы жолы сол су дастарханға келсе, көңілсіз әлде не болатынын біліп, бізді осылай сақтаған болар.

Егер біз Алланы ескергенімізбен екіжүзді, қаракөкрек адамдар болғанымызда Алла мүлде шайтанды ерікті етіп, арақ әкелініп, оны ішуге ынтықтырып отырған ерікті шайтан ақылымызды ұрлап, бір ауыз сөзден ши шығып, өмірлік қайғыға ұшырар ма едік?!...

Әйтпесе, ағаларымның екеуі де тәжірибелі шопырлар. Едәуірден кейін өздерінің сарсаңда жүргендерін аңдайды. «Неге өткелге келмейміз?»-деп, біріне-бірі сұрау салып, әңгімелерін доғарып, жолды ыждағатпен қадағалап, «қадамдарын» бірме-бір санап, өткелге жақындағандарын біліп отырады. Бірақ, таппайды, өтіп кетеді. Алла өзіне ерік берген лағнеттелген шайтан, бұлар бұрылатын жерге жеткенде, көздерін байлайды не бұрылысқа көлденең тұрып алады да жаңылдырады. Осы жағдай шаршағанша, өздерінің Алласыз дәрменсіздігін өздері іштей сезініп тоқтағанша жалғасады...

Құран – Алла Тағаланың Өз Сөзі. Сондықтан Өзі: **«Мені еске алуда селқостық қылмандар»**,-деп ескерткеніндей, Ондағы әрбір аятқа мән беріп, ұғып, оған ыждағатты амалдар жасалып отырса, ешкім, ешбір жағдайда жаңылмайды. Адаспайды. Өкінбейді. Бейнетке, қасіретке тап келмейді. Ең бастысы, Алланың назарынан тыс қалмайды. Екі дүниесінде де бақытты ғұмыр кешеді. Әділ, Ескертуші Алла тағала «Мариям» сүресінің 76-аятында: **«Алла Тура Жол тапқандарға Туралықты арттырады. Тұрақты игілік Раббыңның қасында, сауап тұрғысынан жақсы да нәтиже бойынша қайырлы»**,-деп құлақтандырады.

Алла Құранмен жүріп, **«...сақтанушыларды жақсы көреді»**. («Тәубе» с. 7-а).

**«Болмасын деген, оңбасын!»-дейді, казак**

Түйенің қомында, аттың жалында көшіп-қонып жүріп, жалғыз Алланы жаңылмай танып, бас иген Қазақты, Оның Құрандағы әрбір аятының маңызын терең түсініп, Мейірімі мен

Рахымынан ғана үміттеніп, бес парызына адал амал етіп өткен Қазақты, аятына құлақ аспағандарға қаһары тез Алладан ұрпағын сақтандырып осындай мақал қалдырып өткен бұл Қазақты қалайша Ұлы демессің?!

Жалғаншыны-жалғаншы деп, Алланы ғана мәңгілік Мұрагер деп күмәнсіз мойындап, кең пейілділік пен дархандықта алдына жан салмайтын Қазақтың байырғы бабаларын қалайша Кемеңгер демессің?!

Екі дүниесінің қамын ойлап, ауыл сайын мешіт ашып, балаларын молда жалдап оқытып, Иманды ұл мен ибалы қыз тәрбиелеген бұл Қазақтың бабаларын қалайша Дана демессің?!

Демесе, кешелер демес; демесе, Алланың қаһарына ұшырағандар мен адасқандар, Құдай жүрегін құлыптап қойғандар демес; демесе, қазақтың дүмшелері көбейген замандардағы – бергі тарихын ғана білетіндер демес. Бірақ, жалғыз Алланы, Құранды, Елшісі Мұхаммедті (с.ғ.с.) сонау сегізінші ғасырда-ақ, адасқандардан бұрын таныған Қазақ, расында, Дана халық. Табиғаты дара халық. Бірақ, осыдан үш-төрт ғасыр бұрын, **«Шынында Алланың қасында ең Ардақтыларың Тақуаларың...»** («Хұжрат» с. 13-аяты) деген, санатқа – тапқа бөлуден (!) сақтандырған Аятына қарсы әрекеттерден туған алауыздықтан елдіктің берекесі селдіреп, Дана қазақтың өміріне орыс араласты. Сол кезеңдерден бастап, берекенің іргесі сөгіліп, ұлылыққа нұқсан келді...

Қазақтың даналығы мен осы қарғыс мақалының арасына: «Даналар неге қарғанады?»- деп, өзіңе-өзің ой тастайсың. Ойланып-толғанып келіп: «Ауызы күйген үрлеп ішеді», - демекші, мұсылманшылық келгенше осы өсекшілдік пен міншілдіктен көп азап көріп жүрген болар. Исламды қабылдап, Құран аяттарымен танысқаннан-ақ, Алланың жіктеп, кемсітпеу туралы аяттарына құрмет жасап, ауыздуалы ел ағасы: «Елде өсек айту, біреуді міндеу мен күндеу, кемсіту бүгіннен бастап тоқтатылсын!»-деп, үкім айтып, осы: «Болмасын деген, оңбасын!»-деген, қарғыс батамен бекітіп, бірауыздан бекіткен болар!»-дейсің.

«Хұжрат» сүресіндегі: **«Шын мәнінде Момындар туыс қой. Сондықтан екі туысыңның арасын жарастырындар** (Ортаға сөз салма. Араздасқанда татуластыр. Бір жақының не бір момын адам туралы өсек есітсең де жақсысын айт. Айтушыға

осы аятты ескертіп, өсекпаздық әдетінен қайтар Н.Қ.). ...Алладан қорқындар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер. Әй, Момындар! Бір ел бір елді (бір ру бір руды Н.Қ.) тәлкек қылмасын. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ, әйелдер әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңді міндемендер, жаманат тағыспандар. Иман келтіргеннен кейін пасықтық нендей жаман (Кәлима қайтарып, Алланың осындай аяттары барын біліп тұрып, ескермей: сыр тексеріп, өсек айтқандар, күмәншілдер байқасын. Алла екіжүзділерді сүймейді Н.Қ.). Ал, кім тәубе қылмаса (кемшілігін біліп өзін түземесе Н. Қ.), міне, солар залымдар. Әй, Момындар! Күмәннің көбінен сақтанындар. Өйткені, күмәннің кейбірі күнә. Сыр тексермендер (тергеу қызметі мен жақсы пейілді зерттеу жұмыстарынан бөлек, өсек ету не кемсіту үшін я баскалай арам ниетпен біреуден біреулер туралы сыр білмек болып, шұқылап әңгіме сұрама Н.Қ.), біреуді біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген туысының етін жегенді жақсы көре ме? (Демек, өсек айту – өлген туыстың етін жегендей, деген сөз Н.Қ.) Әрине, оны жек көресіңдер. Расында, Алла – тәубені тым қабыл Етуші де ерекше Мейірімді. Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық (Демек, ру деген де адам баласының шығарғаны емес... Н.Қ.). Шынында, Алланың қасында ең Ардақтыларың Тақуаларың (тақуалар «Бақара» с. 177-аятта). Шексіз Алла – толық Білуші, әр нәрседен Хабар Алушы», -деген, 10-13-аяттарын жіктеп жіті түсініп алып, өздері өсек айту мен жікшілдіктен тіл кесті тиылып, бірігіп, ұлттық мендігін тіктеп, берекелі елдігін түптеп, шаңырағын көтерген болар. Бізге қалдырған мына үлкен жерді де сол бірліктің арқасында игерген шығар. Бір-бірін тындап, жол білген үлкенін сыйлап, ақылын қостап, Рухын көтеріп мақтап, жақсы істерін қолдап бірлікті, тату ел болып, «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заманды» орнатқан болар. Көріп отырған жеңісін қорыта келе, осы қызықты заман баянды болсын, ұрпағымыз сырттан келген-кім көрінгеннің құлы болмасын деген мақсаттармен, өздері ауыр таксыретін тартқан жікшілдік қайталанбасын деп, осы мақалды қалдырған болар. Сөйтіп, «Әркім қылса,-өзіне», -деп, «Саған нендей жақсылық келсе,



**Алладан. Ал, және бір жамандық келсе, өзіңнен...»** («Ниса» 79-аят),- деген, аяттың астарын аңлатқаны, деп, түсінейік.

Елінің, ұрпағының келешегіне алаңдаған бабаларымыз: «Бірі-бірі хақында өсек айтпасын, деген мақсатпен: «Болмасын деген, оңбасын!»-деп кетті. Онда, өсек айту мұсылман баласына арам болса, соның ішінде қазаққа мүлде, мүлде арам. Себебі, қазақ мұндай жағдайда екі жақты жазаланады. Алдымен, Алла Өзінің аяттарына («Хужрат» 10-13 а.) қарсы келгені үшін жазаласа, екіншіден, Алланы жандарынан артық сүйген, Алланың Сөзінің үстемдігін қорғайтын осындай құнды өсиет қалдырған әруақтардың («Бақара» с. 154-аят) наласына ұшырайды.

Расында, өсекті айтқан адам не деп, не мақсатпен айтады? Мұның жауабын жоғарыда «Тәкаппарлық бір Аллаға жарасқанда» айтқан едік. Енді бәрін тұжырымдайтын болсақ, бұл-қаракөкірек шерменде адамның өзіне жақпайтын, бақытты адамды халыққа жаман көрсету үшін жасайтын пасық амалы; ырыс-несібелерді үлестіруші Алланың үкімдеріне қарсы сауатсыз, тәрбиесіз наданның жандалбаса әрекеті. Мұндайда өсек таратқаннан гөрі, сабыр ету, кісіні Аллаға жақындатады. Себебі, Алла – бәрін Білуші. Алла Тағала Өзі несібесін ұлық қылып қойғандарға да: **«...және де қоластыңдағыларға жақсылық қылыңдар...»** («Ниса» 36-аят),-деп, әділ болуды, ешкімнің ақысына қиянат жасамауды ескертіп арнаулы аяттар түсірген. Бұл аятты ескермегендерге де шегіне жеткен мерзімінде, кешіктірмей жазасын береді. Алла – өте Үстем, жазада Тез.

Тәлімсіз әкеден жетесіз балаға өнеге болып ауысып, баладан немереге және одан әрі қарай, тірлікпен жағаласып, жалғасып келе беретін өсекшілдіктің бірлік-берекеге кесірі көбі, болашақтың соры екені екіншісі біріне аян. Өткендерге тіл тигізбейік, жиырма-сыншы ғасырдың соңғы ширегі мен үстіміздегі ғасырдың адамдарына өсекшілдік пен жілшілдік өте ұят! Себебі, бұл дәуір адамдарының мектеп көрмегені жоқтың қасында. Олардың әрбірі **«Алла азапты Ақылын жұмсамайтындарға...»** («Жүніс» с. 100-аят) беретінін жақсы біледі.

Бұл індетке бүкіл ақылды адамдар қарсы болып өтті. Мұқағали ақын «Ертең біз жол жүреміз»,-деген өлеңінде:

Жасың бар, жігіт-желең, шалдарың бар,  
Ертең біз жол жүреміз қамданыңдар.

Жол ұзақ, биік асу, сапар алыс,  
Жаз өтер, күз де кетер, тақалар қыс.  
Қамданыңдар. Болашақ деген елге,  
Қандай біз сый-сияпат апарамыз.

**Қорқауды, өсекшілді** қатарға алма,  
Кеселін тигізеді сапарға алда.  
Не бетімізді айтамыз болашаққа?  
Жат қылықты қалдырмай апарғанда.

Жамандық атаулыны қалдырыңдар,  
Суға батыр, отқа өрте, жандырыңдар.  
Болашақ деп аталған өлмес-өшпес,  
Жақсылықтан жаралған тағдырың бар.

Қыз-қырқын, жігіт-желең, шалдарың бар,  
Ертең біз жол жүреміз қамданыңдар!  
... Тірі жетсең, Болашақ өзі айтады,  
Қайсыңның қанша пұттық салмағың бар.

Иә, біздің бүгінгі бір-бірімізді мақтап-марапаттап жатқанымыздың барлығы тірі күннің сыйластығы... Тірлігіміздің негізгі және әділ таразбаны – Болашақ. Біз Болашаққа жақсы үлгі, өнеге егуге міндеттіміз. Жақсы ел қалдыруға борыштымыз.

Ізгілік пен құрмет – елдіктің алтын бауы, ұрпақтың бағы. Өсек пен ғайбат – бірлік пен татулықтың жауы, ұрпақтың соры.

Кітаптың мақсатының өзі Алланың қаһарына тап келуден сақтандыру болғандықтан, осы жерде өзімнің жүрегімді ауыртқан бір надандықты ескерте кеткім келеді.

Бірде менің қайдан көшіп келгенімді білетін біреу екінші бір бейтанысқа: «Бұл – өзбек. Өзбекстаннан келген»,-деді. Мен: «Неге өзбек дейсіз? Мен – қазақпын. Сізден артық қазақпын. Бала-шағам қазақша сөйлейді, қазақтың әндерін, салт-дәстүрлерін толық біледі. Сіз еліміздің Әнұранын білесіз бе? (Үндемеді). Демек, білмейсіз. Онда қайтіп қазақ боласыз?...»,-деп, Құрандағы жіктемеу туралы Аяттан хабары жоқтығына, мәдениетінің төмендігіне намысым келіп, қызыңқырап барып

басылдым. Сонда жаңа танысым: «Ашуланбаңыз. Менің ата-анам 1964 жылы Қытайдан осында көшіп келген. Жарты ғасырға жуық уақыт өтіпті, бір пәмсіздер бізді әлі «қытай» деп айтады. Талай мәрте құлағым шалды. Кейде сіз сияқты ескертемін...»,- деп, мені жұбатқан жаңа ойына көшті: «Ол жағынан келетін болсақ, бұлар шеткерілеткен, Құдайдан қорқып, Құранның аяттарын сыйлаған біз екеуміз екі жақты туыспыз! Біріншіден, мұсылман болып, Иман-ұятты сыйлағанымыздан туыс болсақ, екіншіден, оралманбыз...»,- деді. «Онда мен үшіншісін айтайын... Өзінікін де, бөтенді де жатсынбай бауырына басқан бабалардың кең пейілі мен намысын, ұлттық мендігін сақтаған Һас қазақ болғандығымыздан, мынандай жікшілдерден жақын туыспыз.

Имандымыз. Сондықтан қандастарымыз бен діндестерімізді, отандастарымызды Алла үшін жақсы көріп, айырмаймыз»,- дедім. Ол: «Рас. Құдай көрсетпесін! Ел басына күн туа қалған жағдайда да қазірден тілі үшін, ұлттың намысы үшін күйіп жүрген, біз-шеттетілгендер алдымен жауға шабатын шығармыз». «Сен Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігін» есіме салдың,- деп, сондағы французша сөйлейтін қалалықтар менсінбеген мұжықтардың ерлігін айтып, күліп, әлгі – біздің бірімізді өзбек, бірімізді қытай деп жіктеп тұрған қандасымызға бірдеңе ұқтырғандай болдық...

Міне, надандық. Біздер Науайы облысы деген облыстың Кенимех, Тамды, Үшкұдық деген аудандарында жасадық. Бәріміз қазақпыз. Руласпыз. Құда-андалымыз. Бірақ, ортамызда Құдайдан қорықпайтын, жаһилият дәуірінің ұстанымымен жүрген антұрғандар бар. Олар әр аудан, тіпті, ауыл аттарын бөліп айтып, өздерінен басқаларды төмен санап отырады. Бірде мешітте арнаулы дәріс алған, Құран сауаты бар, ел молда деп әлде қандай қылып жүрген намазхан кісіміз де біреуден біреуді кемсітіп, кемсіткен адамының елін жамандап әңгіме айтып отыр. Бұл неткен надандық. Оқып, біліп отырып, аятқа қарсы амал қылу – мұнафиқтық қана емес, тіпті, мүртәттік қой!

Адамның бәрі анасынан қам сүт емген пенде. Өлгеннен соң баратын орны-жердің қойны. Сонда Аллаға жүрегін берген тақуалардан басқа кім өзін екінші біреуден артық көре алады? Алланың алдындағы ардақты адам – Оның аяттарына адал амал қылған тақуа адам ғана. Абай бабамыз да, Әуезов атамыз да

(Бұларға Алланың рахымы болсын) білім мен ақыл ғана адамды басқалардан артық не тең ететінін айтқанын көзі ашық жанның бәрі оқыған. Сауаттылар Алладан қорқады. Адам алалап, жүзге, руға жіктеп Оның аяттарына ешбір жағдайда қарсы әрекет қылмайды.

Адамдарды алалау мен кемсіту, кекету, жіктеу, өсек қылу Алланың қаһарын келтіретін амал. Мұндай қылықтан жиіркене отырып сақтану-тақуалықтық бір дәлелі.

- - - - -

**«Бақара» сүресінің 154-аяты: «Алла Жолында өлтірілгендерді олар өлі демендер, олар тірі, бірақ, сендер сезіп біле алмайсыңдар».**

\* \* \* \* \*

Әрігүл әкесінің үш ұлдан кейінгі қыз еді. Ата-анасының бауырында өсті. Бірақ, жаман әдетпен ауызданды. Анасы Мәрігүл күліп сөйлеп, ашық жан көрінгенімен көршілерінің бірде-бірін мақтамайтын. Қалай болмасын сын тағып, мін жамап отыратын.

Тіпті, үйме-үй отырған қайын ағасы мен қайын інісіне, абысыны мен келініне, сірә, жақсы ат жоқ еді. Бір «артықшылығы» – ері Иранның көзінше айтпайтын. Алғашында бір айтып қалып, өмір бойы ұмытпайтын жазасын алған.

«Сынықтан басқаның барлығы жұғады», -демекші, жасы жетіле келе Әрігүл де шешесіне қосылатын болды. Ол үшін бұл бір қызық тақырып көрінді. Бала ғой, бірде әкесінің алдында ағасының үйі туралы айтқанда әкесі қатты ұрысқан. Бұл үшін Мәрігүлді де жазалаған. Содан сабақ алған Әрігүл кемейтті.

Жылдар келіп, тағдыр жетіп Иран дүние салды. Мәрігүл еркін болғанымен әруақтан қорқады. Ішіне сыймай бықсып жататын қаңсығын байқап-байқап айтады. Оның үстіне қайын ағасы мен абысыны да, қайын інісі мен келіні де мұны жақсы біледі. Қашанда сабыр сақтайды.

Дегенмен, Әрігүл екеуі оңаша отырғанда, жаңа танысып жатқандардың алдында көсіліп қалатын. Әрігүл де бой жетті. Көрші қалада жасайтын Бек деген жігітке тұрмысқа шықты. Бұл да анасының үлгісімен өзі мен күйеуінен басқаға жақсы ат бермейтін болды. Бек көп жыл илікпей, ұрмағанмен кейіп тастап жүрді. Оның бауырлары өзара тату жасайтын. Бұның әдетін

білгендіктен алыстан сыйласатын жолмен жүрді. Әрігүл айтып-ты деген әңгімені елемейтін, есітпейтін.

Уақыты келіп, екі ұл, бір қыз туып өсірген Әрігүл де келінді болды. Өне-мінемен жүріп, немере де сүйді. Өсегін де әр кез айтады. Келіні құлақ салмайды, қосылмайды да. Осы жерден келіні жақпай қалған болар, ағайын, көрші-қолаңға күйе жаға беретін Әрігүл, баласына келінін жамандайтынды шығарды. Кіші ұлы мен қызына да жамандайтын. Әуелгі өсекті естігенде бұлар ішектерін тартып шошынған. Бірақ, шешесі айтқанды сипаттарлық нақты ештеңені өздері сезбегесін, анасын әлі жіті біле қоймаған балалар өзара іштей түсінісіп, шыдап жүрген. Кейде келініне баласын да өсек ететін. Келіп-келіп бір күні баласы мен келінінің ортасына салқындық түсті. Баласымен қоймай Бектің де төзімін тауысты. Бек жоқ жерден сөз тауып ұлына тиісті. Ұлы ақталғанда өзінің әйелінің сөзіне еріп қателесіп отырғанын білді, әке...

Бала мен келін бірнеше апта өкпелесіп жүріп барып қайта табысты. Бірақ, Әрігүлден алыста жасады. Бек өзі шыдап баққанымен әйелінің сөзіне еріп, өмірі бетіне келмеген ақылды ұлына тілі тигеніне өкінумен жүріп, ауруға шалдықты. Шешесінің бұл мінезінен жиренген екінші ұлы да уақыты жетіп, орнымен жанұялы болды. Бірақ, әкесінің батасын алып, бөлек жасауға жол тапты. «Үйренген қол жағаға барар да тұрар», - демекші, балаларын жақсы көретін Бек, әйелінің бұған да кесірі тиюінен сақтанып, бұлардың бөлек жасамақ ниеттерімен келісті. Шешесін жақсы білетін қызы да алысқа тұрмысқа шықты...

Бек балалардан бөлек жасаған өміріне қапа болды ма, әлде, әйелінің сөзіне еріп, жазықсыз үлкен ұлына тілі тигеніне жұбана алмады ма, әйтеуір, ең кенжесі-қызын да құтты ұясына қондырып, тойын өткеріп келгесін көп ұзамады. Бақилық болды. Жай кетпепті. Ауруханада, дәрігерлердің көз алдында, Әрігүлмен қоштасуында: «Балаларға да, бауырларыма да араласпа, жағаласпа!»-деп, нала болып кетіпті.

Таза жүрек Аяттарға қарсы амалдың өмірлік жарынан шыққанын көтере алмапты.

Иманды болсын! Құдай алдынан жарылқасын!

\* \* \* \* \*

Бәрін Білуші ұлы Алла Тағала, тағдырын Өзі жазған Құлдарының жалғаншыда қандай жағдайларға кездесетінін

толық біледі. «Хұжрат» сүресінің 6-аятында: «**Әй Момындар! Бұзық біреу хабар келтірсе, оны анықтаңдар. Әйтпесе, білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіндер**», -дейді.

Әкем – Тағай да, шешем – Айсұлу да жан-жақты таза кісілер еді. (Оларға Алланың рахымы болсын). Кісіге қылдай қиянат жа-самайтын. Өсек дегенді білмей өстік.

Әкемнің дүниеден қайтқанына алты жылдай болған. Жаздың бір сенбісі күні, далада, тапшанда анам, бауырларым тым әдемі, дастархан басында отырғанбыз. Ойда жоқта, тісін шұқып, түкірініп жүретін көршіміз Тұртас келді. Жасы үлкен адам болғасын бәріміз жамырап сәлем бердік. Төрге өтсін деп, анамнан басқамыз, орнымыздан тұрдық. Қол алысуға ол ыңғай бермеді, тапшанға жоламай, екі-үш қадам әріде тұрды. «Шай ішуге отырмасаңыз да нан ауыз тисеңізші!»-дегеніме де бір түрлі қарап:

– Мен бір жұмыспен келдім,-деді. Бәріміз аңтарылып қалдық. Анама қарап: -Айсұлу, Тәкеннің қырқы болып жатқан күні, көрші болғасын, біз үйге қонық алдық. Садақа күні де сіздің үйге сыймаған адамдарға біздің үйде дастархан жайылып, көп кісі келді. Бірақ, садақадан кейін сен бізді өсек қылыпсың!» Жаны пәк, өзіне сенімді анам: «Не деп, кімге айтыппын?»-деді. Ол: «Тұртастың үйі кісілерге де жегізбей дастархандағы тәттілердің бәрін жинап алыпты...». Бұл сөз аяқталмай мағынасын түсінген анам, төбесінен мұздай су құйылғандай: «Кімге айтыппын?»-деп ыршып түсті. «Жүсекеңнің әйелі-Райлаға». «Мен сондай ауыр қайғыда отырып, ондай нәрсені қайдан айтамын?!» «Оны білмеймін!»-деп, түсін суытып, айтқаның дегендей үн қатты. Рухы Әл-Мисақтағы («Ағраф» 172-аят) уәдесіне берік, әділдік үшін туған анам: «Сен әңгіменің анығына жетуге келдің ғой. Жүр Райлаға барайық!»-деп аяқ ауруынан қиналса да шындықты арашалау үшін, қисаңдап тапшаннан түсті...

Жарты шақырым жерде тұратын Жүсекеңнің үйіне барыпты екеуі. Жүсекең, Райланы шақырып, Тұртастың әңгімесін сұрапты. «Құдай сақтасын! Бұл жаланы маған жабуға қалай ұзданыңыз барды? Мен сізбен де, сіздің әйеліңізбен де ат шаптырым жерден қашып жүріп сәлемдесемін. Бұндай өсекті айтуға қашан, қалай кездесіп жүрміз?»-депті. Тұртас: «Білмесем, біздің кемпір...» «Неге ертіп келмедіңіз?» Тілі байланып, сөз таппай қалған ол:

«Айсұлу, сен мені кешір...»,-деп, анама жалыныпты. Сонда әділеттілігімен елге сыйлы Жүсекең: «Тұртас, жасың қырыққа келгенде әйел, бала-шағаның ортасында қатынның сөзін айтып жүргенің қалай? Әйелің айтып отырғанда: «Бұл неше жылдық көршіміз еді. Бірде бір мәрте көңіл қалыспаған. Сенің мұның жала болып жүрмесін!»-деп әйелінді қайтармадың ба?

Сен бұл ауылда үш әйелді әңгіме қыла алмайсың. Соның бірі осы – Айсұлу.

Әлде, жесір әйел, жетім балалар. Сөзін сөйлеушісі жоқ,-деп, ойладың ба? Құдай бар. Бұлардың сөзін Әділ, Мейірімді Құдай сөйлейді,-деп, жерге қаратып қайтарып жіберіпті.

Бұдан бұрын да қырындау қылық қылып жүрген көршімізден, осыдан кейін тындық.

\* \* \* \* \*

1984 жылы былай болды. Біз темір жол стансасынан үш шақырым әрідегі бір ауылға, шаруаға жай деп, көшіп бардық. Осы ауылдағы бір әйел, бұдан аттай төрт жыл бұрын, 1980 жылы біздің жанұяға байланысты артық әңгіме айтқан. Соның үстінде үйдегі сыйластыққа салқындық араласып барып, анамның ақылымен, мейірімен қайтадан жылынған.

Көшіп келіп жайғасқасын, бір апталардан кейін, қалада, інімнің қолында жасайтын анам бізге келді. Анам келгесін ауылдастарды шақырып, жаңа қонысқа келгенімізге шүкір деп, Алланың ризашылығы үшін садақа бердік.

Сондағы өсекші әйел де келген. Біз оның өзімізге жасаған опасыздығын ұмытып кеткенбіз. Ол да арқа-жарқа. Бір күні сол әйел тағы келді: «Апама сәлем берейін»,-деп, келдім. Апа қалайсыз?»,-деп, анам екеуі біраз жай-жағдай сұрасып отырды. Тамақ та тартылды. Әңгімелер де жақсы жымдасып кетіп жатыр. Бір қолайлы сәтте анам: «...жан, мен сенен бірдеңе сұраймын. Сен жасырмай шыныңды айт». Анамның ойын түсінбеген ол, төрт жыл бұрынғы өсегі қозғалып ұятқа қаламын, деп ойлаған жоқ: «Сұраңыз, білсем айтайын». «Сен мені бұрын көріп пе едің? Екеуміз сірә бір жерде кездестік пе?» «Жоқ. Сізді бірінші көруім-кешегі...». «Мен де сені бірінші мәрте, кешегі, осы үйдегі садақада көрдім. Бұрын кездеспегенбіз»,-деп, тағы бір анықтап алды. Ол: «Иә, менің де сізді сол құдай жолы күні көргенім...»,-



деп, шынын айтты. Анам: «Онда..», -деп, төрт жыл бұрынғы сырттан жала жапқан әңгімесін баяндады. Ол шайын да іше алмай жерге қарап, күлімсіреп, дастарханның шетін ширатып отыра берді. Анамның: «Бұл өсекті қайдан шығарып айттың? Осылай жүздесу болса, ұялып қалмаймын ба, деп, ойламадың ба?» -деген сұрақтарына жауап та бере алмады. Анам: «Шайыңды іш. Екінші, мұндай әңгіме айтушы болма. Атам қазақ: «Болмасын деген, оңбасын!» -деген». Сен біздің абыройымыз көтерілмесін, маскара болсын, деп, осы өсекті тараттың. Мұның кесірі өзіңе тиеді...», -деп, көп ақылын айтты.

Бірақ, таба емес, бір Шындық – Құран Аяттарына қарсы келіп, бізді жаманатты еткісі келген бұл жанұялардың екеуі де оңбады... Құдай бәрімізді де Өзінің Аяттарын сыйламайтын, адасқандар мен шайтанға құл болғандардың үлгісін алудан сақтасын!

\* \* \* \* \*

Ақсақал:

– Сен көңіліңе алма, осы оңашада саған, өзің байқамай жүрген, өзіңнің мұсылман атыңа лайық емес бір кемшілігіңді айтайын.

– Айтыңыз, айтыңыз!

– Кеше ... үйіндегі отырыста, теледидарда есепті концертті болып жатқан әнші....

«Қаламаймын! Тындағым келмейді!» -деп, көптің көзінше ел сыйлаған адамның атына насақ айттың. Дұрыс емес. Оны ел мақтап, үйдегілерді қояйын, 300 адамдық сахна толып отыр. Сонда сен бір өзің кімсің?

– Байқамаппын, шынында да айтпауым керек еді-ә?!

– Не айтайын деп жатқаныңа ой бөлмей, өзіңнің Имандылығыңның дәрежесін байқатып қойдың. Иманды адам барлық адамды өзіндей көруі керек емес пе?!

– Мен ешкімге қарама деп тыйым салмадым, тек өзімнің пікірімді айттым ғой.

– Исламда да, мәдениеттілікте де ондай емес. Жақтырмасаң, ішінде болсын. Жаман болса да Алла үшін жақсы көр. Тіпті, біреу сыр тартып сұраса да, Алла несібесін ұлық еткен жақсыны халықтық көзқараспен бағала. Біреудің абыройын, бақытын қызғану мұсылманшылыққа жат! Яғни, оны сол дәрежеге көтеріп

койған Алланың ісіне кемшілік айту, сын тағу деген сөз-депті  
Ақсақал.

## Ұлт болып жиіркенейік жікшілден

Біріккендер күшке айналар құт сүйген,  
Жау кездесе, әрбірі айбат түксиген.  
Ру болып күндемейік руды,  
Ұлт болып жиіркенейік жікшілден.

Өтсек қана мұраттарға жетерміз,  
Пасықтыққа бой бермейік бекер біз.  
Келешекті тату, мықты жаңа ұрпаққа тапсырсақ,  
Сонда әжелік парызды шын өтерміз.

Бабалардың рухы да шат болар,  
Ел басына айнымайтын бақ қонар.  
Ынтымақтан ырыс, дәулет тасқындап,  
Бақытты ұрпақ бірлігімен мақтанар.

...Алауыздық: кемсіту мен алалау,  
Тура биді тәкаппарсып, қаралау,  
Тағдыр соққан қандасына сүйеспей,  
«...Пейілінен тапты өзі!»-деп, табалау...

Бұл Құранның сүресінде «Хұжрат»,  
Он мен он үш Аятына түзіп ап,  
Құлдарына ескерткені Алланың,  
Бет-бетіне кетпесін деп быжырап.

Алла қарсы бөлінуге, бірікпей,  
Кеткендерге елдік сәнге кірікпей.  
Жүзшілдер мен өсекшілге қаһарлы Ол,  
«Тек жүр!»-деген, бірлікті елді ірітпей.

Мың тоғыз жүз жиырма тоғыз, отызда,  
Тасталғанда қазақ құны қоқысқа....  
Әркім кетті бет алдына бас алып,  
Ғылым отыр Аятқа атын таса ғып...

Жоғарғы анау Аяттарға қарсы кеп,  
Біз өзіміз,

Өзімізге

опасыздық жасадық.

Ешкім емес, Алла да емес, өзіміз,  
Кімбіз өзі Алла алдында осы біз?!  
Жүзшілдіктен қайтпасақ, Ей, ағайын,  
Шыққан еді, шығар тағы көзіміз!

Ойландырар жүйелі ақыл естіні,  
Таңда ойлайды, ақылдылар кешкіні.  
Ру деген бар ұлтта бары рас,  
Бірақ, біздей жікшіл емес ешбірі.

Жер дөңгелек, дөңгелейді замандар,  
Біледі оны білімі артық адам бар.  
Сақ болындар, замандастар, болашақ,  
Бірлігіңді алауыздық арамдар.

Жөнмен жүрсең, жөн бөлек,  
Тұрағың – жер дөңгелек.  
Нәубет жылдар және де кеп қалар ма, дөңгелеп,  
Ерте бастан түзелмесек, жөнге кеп,  
Алла бізге қандай заман ұсынбақ,  
Қандай тағдыр өңгерет?!...

Байлық, атақ, шен-шекпенге паналап,  
Беделді мен таныс-тамыр сағалап,  
Қаһарынан құтылам деу Алланың,  
Арам ойы ол, надандардың қара бақ...

...Бір бірінді күндеп жүріп күбіне,  
Түсінбессің келген Күннің түгіне.  
Ойлан, Қазақ, тарихыңды есіңе ал,  
Бұл жүзшілдік жеткен, жетет түбіңе!

## «Әркім барымен базар»

«Нахыл» сүресінде: «Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. ..., Ақыретке нанбаушылардың жүректері қарсы. Сондықтан олар менменсушілер (22-аят). Дау жоқ! Алла олардың жасырғандарын және көрнеу істегендерін біледі. Расында, Алла өзін жоғары санағандарды жақсы көрмейді (23-аят). ...Сондықтан істеген кесірлері өздеріне тиіп, сондай-ақ, сайқы-мазақ қылған нәрселері өз бастарына жетті» (34-аят.)-дейді.

КСРО-ның кезінде сегіз сотық жерге үй салып, атырабына қорасын құрып, бір балалы сиыр мен оншақты қой ұстап, қалған жеріне егін салып тірлік ететін Өркен, мал бордақылаумен шұғылданатын кеңшардың жақсы шопаны еді.

Оның өзімен жатырлас, туыс болғандағы жалғыз қарындасы Көркем мектепте бірге оқыған бір жігітке тұрмысқа шықты. Жылға тола бере таяқ тастам жердегі қалаға көшіп кетті. Жігіт қалалық тұтынушылар қоғамында жұмысшы болып жүріп, осы сала мамандарын дайындайтын техникумды оқып бітірді. Дипломын алғаннан жауапты қызметке араласты. Арақты да жаман көрмеді. Несібесі көтеріліп, азық-түлік сақталатын үлкен қойманың кілтін ұстады. Тарыққан күндер артта қалды. Наннан нан, еттен ет таңдап жейтін дәрежеге жетті. Айналаға аты жайылды.

Қайын ағасы Өркеннің үйіне алғашқы жылдары келгіш болғанымен кейін-кейін сирексітті. Тек Көркем келіп кететін. Бірақ, әуелгі жылдардағыдай емес, құшақтасып көріспейтін болды, сүйіскенді қойды. Қабағын түйіп, салмақ салып келеді де келгеннен жеңгесінің тіршілігін ұнатпай жерке сөйлеп, мін тағып, сын айтатынды көбейтті. Асылық сөйлейді. Ағасы: «Ізіме ерген жалғызым ғой!»-деп үндемейді, жеңгесі де: «Туыс дегенде өзі ғана ғой. Не десе, о десін. Құдай, әруақ риза болсын!»-деп бетіне келмейтін.

Бізде Исламмен бірге келе жатқан, қамырдан жасалатын қайыс деген тамақ бар.

Қайыс – аттың, кәдімгі теріден өңдеп жасалған айылы. Мына тағамды да осы сияқты ақ, жалпақ, қоспасыз болғандықтан осылай атаған. (Хадисте бар тағам). Бұл алдымен лаж жоқ күннің

тамағы болса, екіншіден, нан жей алмайтын қарттар үшін тиімді тағам. Бүгінгі заманда мұның түрі көп: сүзбе қайыс, сарымай қатқан қызанақты қайыс, ет қуырып салған қуырма қайыс т.т.

Өркеннің үйі, кеңшар берген айлық жалақы мен шамалы малынан түскен өнімін ұқсатып ұстап, балаларын оқытып отырған, басқаға алаңы жоқ, Алланың бұйыртқанына шүкір еткен, өз-өзіне тоқ жандар. Көркем бір келгенде, жеңгесі, өздеріне бола істеп жатқан сарымай қатқан қайысын, бұрыннан жеп жүрген Көркем ғой деп, бұрынғысындай көріп әкеле салады. Кесе толы сүзбе де ұсынылады. Соңғы бір-екі жылда етсіз дәм татпайтын Көркем: «Менің теңім осы ма еді!?»-деп, отырған жерінде дастарханымен қосып қайыс толы табақты аяғымен тебеді.

Бұл жолы ағасы жоқ еді. Құдай абырой берді. Ағасы бұнысын көтере алмас еді-ау!

**«...Кім өзіне Алланың нығметі келгеннен кейін (пейілін Н.Қ.) өзгертсе, күдіксіз Алла қатты азап иесі»** («Бақара» 211-аят),-деген, Алланың кешірімі шегіне жеткен болар, арадан ай өтпеді Көркемнің күйеуі ауырды. Табыстың берекесі кетті. Көркем де қуырма қайысқа өтті. Балалары көне алмай жүрді. Алайда, амал қанша? Ауруға ем қонбай күйеуі дүниеден қайтты. Үш айға жетпей Көркем де сүзбе қатқан қайысқа қанағат қылатын болды.

**«Өркім барымен базар».** Біреудің тіршілігін, жақсылықтарға ұмтылған талабын басқалардың келемеждеуге, кететіп-мұқатуға, кемсітуге хақы жоқ. «Тәубе» сүресінің 79-аятында Алла: **«Момындардың арасында садақа беруге ынталы болғандарды әрі маңдай терін төгіп, әрең тапқанын бергендерді тәлкек еткендерді Алла мазаққа ұшыратады. Әрі олар үшін жан түршігерлік қинау бар»**,-деп ескертеді.

Оқыған кісі бұлардан тағылым алады. Оқымаған адам күнә үстіне күнә жамап жүре береді. Бір жағдайға ұшырай қалса: «Ешкімге жамандығымыз жоқ еді, Құдайға не жазғанымызды білмедік?!»-деп Субхан Алла Тағалаға жабыса кетеді. Бірақ, осы сөзінің өзі үлкен күнә екенін, осы сөзді айтқызып отырған да, өзін осы өкінішке батырған да Алла еркіне тастаған шайтан екенін, өзінің кітап оқып ілім ізденбейтіндігінен екенін ойламайды. Керісінше, «...Құдайға не жаздым!»-деген, өзінің әлсіз пікірімен жүріп күнәдан күнәға бата береді.

Тағдырды шекке жетуден келетін өмірдегі не тірліктегі өзгеріс деп айтып жүрсек те оның құпияларын алдын ала біліп, тосқауыл қоя алмаймыз. Оның бәрінің сырлы кілттері – Құран аяттары. Одан қалғаны Алланың ғана қолында. Алланың Елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) және Құран арқылы бізге, тағдырға қарсы берген бар амалы, Иманға адалдық пен Алланың намаз оқу, ораза тұту, зекет беру, қолдан келсе қажылық жасау және садақа беру, қайыр жасау хақындағы әмірлерін орындау ғана. Тағдырдан қашып Аллаға паналау. Басқа әрекеттер – босқа алдану.

Себебі, адамзатта пендешілік бар. Нәпсі жағаласып отырады. Мәшһүр Жүсіп (Алла рахым етсін) атамыздың қасқыр да киіктің әлсізін айырып қуып, ұстайтынын ескерткеніндей әрқандай әлсіздік, мықтылықтың құрбаны, яғни, әлсіз ой, күшті ойлардың, әлсіз организм, қуатты организмдердің «қолында» мертігеді. Сол сияқты әлсіз Иман да жау нәпсінің көмейінде кетеді. Күнә солай туады.

Сондықтан, ыждағаттылықпен құлшылықтар жасап пәктеліп, Иманды күшейту ләзім. Иман күмәнсіз болса, ол – күшті Иман болып, ештеңенің де жемтігіне айналмайды. Оның қорғаны, қамқоршысы Алла Тағала. Біз Өзбекстан баратын болып шекарадан декларация толтырып өттік. Ташкентте, Ипподромға барған жерде сол елдің полицейлері бір-екі кісілерді бос тұрған автобустарға алдап кіргізіп тінте бастапты. Сонда бір кісі декларацияға бес мың теңгесін жазбапты. «Әй, осыны біреу іздеп таба қоя ма?»-деп едім», - дейді. Әлсіз ой. Аллаға емес, шайтан алдап көңіліне салған өзінің қулығына сенді.

Өзі кім? Періште емес қой, үнемі Алламен бірге жүретін, тілегі демде қабыл болатын.

Енді полицейлерге ештеңе түсіндіріп, дәлелдей алмайсыз. Жауыз нәпсісі қозып, іздегені алдынан шыққанына қуанып тұрған олар, мұндай жерде Иманды да, Алланы да ескермейді. Көз алдында – бүгін үйіне көңілді қайтатыны.

Құранда Аллаға көркем қарыз беру мен құлшылық жайында көп айтылады. Онысы, Құлына осындай жерде қол ұшын беруге Жол болуын ескерту...

Және бір намазбен, оразамен ісі жоқ, орайы келсе жүз грамнан қашпайтын, жуас, қарапайым кісі шекарадан өткендегі көрген әділетсіздікті әңгімеледі.

– Шекарадан кеден бекетінен аман өтіп, Ташкеннен Науайыға автобус күтіп тұрған жерімде, екі полиция келіп: «Ата-ата-ата!»-деп, жалпылдап тұрып, «дикларацияда көрсетілген», - деп, дикларацияны қолына бергеннен кейін де: «Біздің міндетіміз осы, тексеріп, санап көруіміз керек», -деп, тап мені алдамайтындай, адал адамдай сендірді.

Сөмкемді тексеріп жинап қойдық. Ол дұрыс екен. Енді қалтамдағының бәрін шығарттырды. Үш жүз елу мың сомдай ақша еді. Екеуі екі бөліп санады. Қарап-ақ тұрдым. Олардан құтылғасын автобуска жайғасып алып, ақшамды қайта санасам, жүз мыңы жоқ. Қалай алғанын білмеймін, екеуі елу-елуден алып қалыпты, -деп өкінді.

Құдайға емес, соларға қатты сенгендіктен тағдырға тап болды. Екіншіден, ақшаны қолдарына беріп қойғаны, Мұсылманның ілім іздеу туралы талабына немкеттілігінен, Рухани әлсіздігінен, десек, қарап тұрып алдырып қойғаны қырағылығының төмендігі. Міне, біз өзіміз жол беретін, еркі өзімізге берілген тағдырлардың осындай сан алуан құпиялары да бар. Егер, осы ақшаны әкелген өнімнің (малдың не диқаншылық, қол өнер өнімі) зекеті берілгенде, ол Алланың қамқорлығында болар еді...

### **«Бас кеспек бар да тіл кеспек жоқ»**

Бұл – «Сендер шектен шыққан ел екен, деп, үгіт баян етуден айнып кетейік пе?» («Зұхрұф» с. 5-а)-деген Аяттың түсіндірмесі.

Зұлымдық киліккенде сыр айтылмау үшін тіл де кесіледі. Барлық тағдырдың иесі Алла нені қаласа жасырады, нені қаласа құпия күйінде қалдырады.

Мақалдағы мағынасы – Шындықтың қашанда айтылатыны, айтылмаса да уақытымен жария болатыны. «Айды етегіңмен жаба алмайсың», -дегендей, Шындық шығатын күндей жарыққа шығады. Өйткені, кімнің не істегені Аллаға толған айдай аян.



Аяттың айтып отырғаны – шектен шыққан елге, олардан қорықпайтынын ескертуі. Алла Адам (ғ.с.) ата мен Хауа ана-ны (р.а.) Бейіштен шығарғанда: **«Жәннаттан түсіндер. Менен сендерге Туралық келсе, кім сонда Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ әрі қайғырмайды»**,-деп ескертіп, кейін уәдесін орындап, Тура Жолын түсірді. Бірсыпырасы Тура Жолға ерді, бірпарасы шайтанмен достасып, теріс қарай кетті. Со-сын Алла адамзатты адасқандар, Тура Жолдағылар («Ағраф» с. 30-а) деп, екіге бөлді. Оларға Мейірім қылып, екеуіне ортақ етіп, Құранды түсірді. Мұнда екі мақсат көзделген: біріншісі, Тура Жолдағылардың шайтанға алданып, бөтен жолға түсіп кетпеуі үшін; екіншісі, басқалардың арасындағы Тура Жолды таңдағандарға Жол көрсету үшін.

Сондықтан Пайғамбарлар және Оның Тура Жолын насихат-таушылар, қарсыларды шектен шыққан ел екен деп, уағыз айтуды тоқтатпайды. Аяттарды айтып, екі топтың дұрысының Иманын ширата түседі, қарсыларды Иманға шақырады. Алла, Пайғамбар және Тура Жолдағы Тақуалар ешкімге зұлымдық етпейді.

Тақуалық мектебінің айдынындағы әрбір сәтті зая жібермей, мектептегі әрбір көрініс пен хабардан, Құраннан дұрыс тағылым алып, мектепті Алланың құзырында қабыл болатын жақсы бағалармен бітірейік! Құлдарының амал-әрекеттерін көріп, сөздері мен сыбырына дейін есітіп, жүрегіндегі жақсы-жаман ниеттерін біліп отырған Алладан қорқайық!

### **«Судың да сұрауы бар»**

Негізінен мақалдар – Алланың жүрекке салған даналығы; өмір тәжірибесінің туындысы; саңылаулы жандарға арналған сабақ әрі Алланың Аяттарының қарапайым халық тілдегі түсіндірмесі. Судың қадірін білуге шақырған бұл мақал да солардың бірі.

Бабаларымыз: «Нені қор тұтсаң, соған зар боласың»,-деп салақтықтан, ысыраптан сақтандырса, «Бақ бағалағанға ба-яндайды, қуаныш қадірін білгенге құтаяды»,-деп, бақыт пен қуанышты бағалап, қадірлеуге үгіттеген. Сондықтан тойымыз бен садақамыз көп.

Су біздің көз алдымызда – мол сұйықтық. Жер шарының төрттен үш бөлігін алып жатыр. Сонша ағыл-тегіл болса да,

сұрауы бар депті. Мұның бір мағынасы ысырапқа байланысты Аяттарға қарсылық болса, екінші мағынасы барды бағалай білудің баламасы. Қолындағы еш нәрсе судай мол емес, ысыраптай берсең, соңында зар боласың, дегені.

Су – Алланың адамзатқа берген мол қазынасы. Мұнда қасиет көп. Себебі, Алланың күрсі судың үстінде және де адам мен жануарлар, жәндіктер, бауырмен жорғалаушылар судан жаралған (1), үшіншіден, осы судан жаралғандар да, өсімдіктер де сусыз өмір сүре алмайды. Тіпті, топырақтың өзі сусыз құлазып кетеді.

Сондықтан біз су ішкенімізде, Алланы және өзіміздің судан жаралғанымызды есімізге алып, әрбір жұтқан суымыздың организміміздің қажеті екенін, клеткалар соны аңсап тұрғанын, қазір ол оларға барғанда, олардың құмарын қандырып қуатын арттыратынын ойдан өткереміз. Осы ықыласыздың себебімен су біздің организміміздегі басталғалы тұрған әрбір дерттің бетін қайтарады...

«Зердің қадірін зергер біледі», -демекші, судың қадірін дикандар жақсы біледі. «Су – өмір», «Сусыз өмір жоқ», «Сулы жер – нулы жер», деген мақалдар да солардың жүрегінен шыққан. Олардың бұл даналықтарына қарсы дәлел жоқ.

Осы мақалды келтіргендегі біздің мақсатымыз Алланың ысырап етпеу хақындағы Аяттарына Тақуалықпен амал жасауға шақырмақ. Құдай бере береді екен деп, Алла бұйыртқан, өзіңе сауап әкелуге тиіс, көптің несібесі қосылған табысыңды – дәулетті көзсіз шаша беруден сақтандырмақ.

Мақтаншақтық пен тәкаппарлық – Алла сүймейтін, шайтанды қуантатын амалдар. Сондықтан Алла шайтанға алданудан сақтануға, тәкаппарлық пен мақтаншақтықтан аулақ болуға шақырып бірнеше Аяттар түсірді. Сөйте тұра, «Әли Ғымран» сүресінің 4-аятында Аяттарына қарсы келгендерге қатты азап барын да ескертті.

«Ісра» сүресінің 26-27-аяттарында: «Туысы жақындарға, міскіндерге, жолда қалғандарға міндетті түрде қарайласындар. **Және мүлде ысырап қылмандар», «Шынында ысырапқорлар – шайтанның туыстары. Ал, шайтан Раббыңа өте қарсы»,**-дейді. Расында шайтаннан бізге достық жоқ. Әу бастан адам баласына қарсы болған ол, өзінің Аяттарға қарсы жолын жақсы көрсетіп, Тура Жолдан адастырғаннан басқа ештеңе білмейді.

1965-70 жылдардан кейін адамдар тойынды. Тым епшілдер жолын тауып байыды. Олар отызыншы-қырқыншы жылдардың тақсыретті күндерін ұмытты. Осы ұмытудың салдарынан байлар арасында бәсеке, такаппарлық, мақтаншақтық кең етек алды. Бірінен бірі асып түсу үшін ұятты ойламай шашылды. Тәуелсіздікке жетіп, сын кезеңдерді артқа тастап, ел байығалы ысырап ету одан сайын күшейді.

Бұлардың біреулерінің мақсаты Сағынайдың асы деген сияқты, тарихта ат қалдыру.

Ал, біреулерінікі олардан қалмаймын, деген тыраштанғандық. Былай алғанда екеуінікі де Алланың ысырап етпеңдер, деген Сөзін сыйламай, шайтанға ерген ақымақтық.

Құранда Алла қаламай ештеңе сен ойлағандай болмайтын ескерткен («Инсан» с. 30-31-а). Тарихта ат қалдыру үшін, бабаларымыздың: «Аллаға жағамын десең, азанды бол; халыққа жағамын десең, қазанды бол», - деген өсиетінен тағылым алып, Аллаға жағатын амалдардан жұмыс бастау керек. Бұл – майлы ет пен тәттіге өзіңнің тойғаныңа мәз болмай, сол мол несібені берген Алланы ескеріп, Оның ризашылығы үшін, мал сарып қыл (4), деген сөз.

Тарихта аты қалғандардың қай-қайсысының да өзіне белгіленген дін Жолында («Мәида» с. 48-а) Аллаға жаққан амалы бар (2). Иуда дініндегілер болсын, Христиандар болсын, алдымен олар «Бақара» сүресінің 44-аятына өздерінше амал жасап, ғылым ізденеді; сосын шағын топпен ғана мереке өткереді. Олар Аллаға қарсы жолда болғанымен осы екі амалдары үшін Аллаға жағады. Себебі, ғылым іздеу арқылы басқаларға және ұрпаққа Алланың ілімін насихаттайды; шағын топпен той тойлау амалымен ысыраптан әрі мақтаншақтықтан сақтанады.

Сондықтан олар ғылыми жетістіктерінің құрметіне тарихтан орын алады (3).

Ал, Мұсылмандардікі құр мақтану ғана. Бұл мақтану «Бақара» сүресінде айтылған, тастың үстіндегі, жаңбырмен жуылып кеткен шаң сияқты бір тиындық пайдасы жоқ амал.

Абай бабамыздың: «Ақыл-біліммен басқа нәрсемен біреуден оздым деу – ақымақтық», - дегеніндей, біреуден озу не біреуді мұқату мақсатын көздеу де нәпсінің қалауы, азғын шайтаннан. Сол ойды көңіліңе салып, саған қызық көрсетіп тұрған шайтан.

Бұлар – «Ағраф» сүресінің 18-аятында айтылған дозақты толтыратындар, яғни, дозаққа тасталатындар.

Біз нашүкірміз, ынсапсызбыз әрі қамсызбыз. Сондықтан Алладан келген көп сыйдың қадіріне жетпейміз. Хадисте айтылғандай: жастықтың, денсаулықтың, уақыттың қадірін және Құран мен хадистердің тағылымын білмейміз. Маңдайымыз тасқа соғылған күні «Әттеген-ай!»-деп, бәріне өкінеміз, Алланы қайта-қайта зікір етеміз.

Сол сияқты Алла сыйға берген мол судың да, егістік жердің де бағасына дұрыс түсініп игілігімізге тиімді пайдаланбаймыз. Алла «Ағраф» сүресінің 31-аятында: «Әй, адам баласы! Әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді алыңдар және **жеңдер, ішіндер де ысырап етпендер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді**», -дейді. Міне, бабаларымыз айтқан, Аллаға жағатын амалдың бірі, осы ысыраптан сақтану.

Құран мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Аяттармен мазмұндас сахих хадистеріне, сүндеттеріне сауатты амал жасайық, ағайын. Бұл дүниеде қоғамға, келешекте өзіңізге пайдасы жоқ шашылу-дан аулақ жүріп, Алла берген байлықтан сауап сауайық.

- - - - -

1. «Нұр» сүресінің 45-аяты: **«Алла әр жандықты судан жаратты.** Сонда кейбіреуі бауырмен жүреді, кейбіреулері екі аяғымен жүреді және кейбіреулері төрт аяқтап жүреді. Алла қалағанын жаратады. Рас, Алла – әр нәрсеге толық Күші Жетуші».

«Фурқан» сүресінің 54-аяты: «Ол сондай Алла судан адам жаратып, оны ұрпақ және жекжат қылды. Раббың күшті».

2. «Әли Ғымран» сүресі 132-аяты: **«Әрі Аллаға, Елшісіне бойұсыныңдар, әлбетте, мәрхаматқа бөленесіңдер».**

3. «Ниса» сүресінің 4-аяты: **«Алладан дәрежелер, жарылқау және мәрхамат бар.** Алла – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».

4. «Бақара» сүресінің 3; 177-аяттары: **«Сондай, олар көрмеске Иман келтіреді, намазды толық орындайды, өздеріне берген несібемізден Алла үшін басқаларға да пайдаландырады».** «Жүздеріңді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ, кім Аллаға, Ақырет күніне, Періштелерге, Кітаптарға, Пайғамбарларға Иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға

және құл азат етуге жақсы көре отырып, мал сарып қылса әрі намазды толық орындап зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы болса; таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне, солар Шыншылдар әрі солар Тақуалар.

### «Тарта жесен, тай қалады»

Нашүкір, мақтаншақ не мақтау сүйгіш адамдар Алланың берген несібесін орынсыз ысырап етіп, онысын ескермей, үнемі өміріне, қоғамға наразы болады да жүреді. Мәселен: денсаулыққа көк тиындық пайдасы жоқ темекі, насыбай, арақ, құмар ойыны, сағыз үшін ақша шығындау – орынсыз ысырап, Ақылды адамның ісі емес. Алла Құранда бірнеше Аятта Алланың ешкімге зұлымдық қылмайтынын, адамдар өздеріне өздері зұлымдық ететінін ескерткен. Бұл – біріншіден, Алла бергенді орынсыз ысыраптап, несібесін зиянына жұмсағаны болса, екіншіден, өміріне, қоғамға жала жабатыны, үшіншіден, уақыты келіп денсаулығынан айырылатыны. Сондықтан Алла «Ағраф» сүресінің 31-аятында: «Әй, адам балалары! Әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді алыңдар. Және жеңдер, ішіндер, бірақ, **ысырап етпендер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді**», -дейді. Ал, «Ісра» сүресінің 29-аятында: «Қолыңды мүлде мойныңа байлаулы да қылма, бүтіндей ашпа. Онда сөгіске ұшырап, **таршылықта қаласын**», -десе, «Фурқан» сүресінің 63-66-аяттарында Тақуаларды айтып, 67-аятында: «**Олар мал сарып қылса, ысырап та қылмай, сарандық та істемей осы орталықта тұрады**», -деген. Демек, орташа мөлшерді ұстау керек. «Алла жеткереді», -деп бет алды шашу – ысырап.

Ысырап – мақтаншақ, пәмсіз адамдардың амалы. Олар өзін көрсету үшін, өзі менсінбейтін кішіпейіл, қарапайым жандарды, сабырлы Тақуаларды мұқату үшін істейді.

Қарынбай Әділді әділдігі үшін жақтырмайтын. Оның Тақуалығын мойындамай сөз таластыратын, бірақ, Әділ тартыса қоймайтын, ал, қандай бір тақырыпта тартыса қалса, өз пікірін Аяттармен, өмір Шындығымен дәлелдеп беретін. Сондықтан Қарынбай оны көбіне сыртынан өсек қылатын.

Бірде садақа беріп, көпшілікті жинады. Езуінің бір шетінде Әділді мұқату да бар.

Оның бір белгісі, оны имамдар мен зиялылардың үстеліне емес, шеттегі бір үстелге отырғызды. Имамдардан бірі Әділдің өздерімен бірге отыруын сұрағанда, бұл беті бүлік етпей: «Ол өзі сол үстелді қалады», -деп, әдеттегі өтірігінің бірін айта салды. Екінші белгісі, Әділ айтатын ысыраптың көкесін танытып, үстелдің үстін жайнатты.

Қарынбайдың сұраумен уағыз айтқан имам, өз сөзін Алла әркімнің жүрегіндегі адал ойын да, арам ойын да жақсы біледі, деп бастады. Бұл Қарынбайдың миына кірген жоқ, әдетте айтыла беретін бос сөз сияқты құлағының түбінен өте шықты.

Сол түнде Қарынбайдың қарындасы түс көріпті. Әкесі: «Әттең! Садақа қабыл болмады», -депті. Мұны Қарынбай есітіп: «Енді мен қайтейін?! Аллаға жағамын ба деп бір малынды, тағы тапқанымды бердім ғой!» -деп мүсәпірсіпті. Бұл түс қарындасы мен әйелін ойландырды. Мешітке барды. Имамдар қандай садақа қабыл болмайтыны хақындағы Аяттарды («Бақара» с. 261-264-а) Құраннан оқып беріпті.

Түскі дастархан басында түстің хабары және сөз болып, қарындасы: «Садақа бірнеше себептерге орай беріледі. Бірсыпырасы қуанғанда, қорыққанда берілсе, бір тобы марқұмға арналады. Бұл садақа не садақа еді?» -депті. Осы кезде Қарынбай жерге, әйелі Қарынбайға қарапты. Сонда Ақылды қарындасы: «Сіздердің жүректеріңізде не жатқанын бір Алла біледі ғой! Негізі бұл садақа жақсы ниетпен берілмеген. Имам неге сөзін: «Алла әркімнің жүрегіндегі адал ойын да, арам ойын да жақсы біледі», -деп бастады? Сол адам бірдене сезген!» -депті. Қайтадан үшеуі мешітке барып, садақа салып Құран оқытып, Қарынбай әйеліне де, қарындасына да айтпай имамды ертіп, Әділдікіне барыпты...

Сөйтіп, ол Әділді мұқату үшін садақа беріп, екі есе шығынға ұшырады. «Ісра» сүресінің 26-27-аяттарында: «Туысы жақындарға, міскіндерге, жолда қалғандарға міндетті түрде қарайласындар. Және мүлде **ысырап қылмандар**». **«Шынында ысырапқорлар – шайтанның туысы**. Ал, шайтан Раббына өте қарсы», -деген.

«Әнғам» сүресінің 141-аяты: «Ол сондай Алла, аспалы және аспасыз бақшаларды, құрма ағаштарын, түрлі жемістерді, өсімдіктерді зәйтүн және анарды, бір-біріне ұқсаған, ұқсамаған түрде жаратқан. Әрбірі жеміс берген кезде, жемісінен жеңдер. Оларды жинап алған кезде, құшырын беріңдер. Ысырап етпендер.

**Күдіксіз Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді»,**-дейді. «Кең деп жерді қорлама, мол деп суды қорлама»,-демекші, жемістерді ағашта өсіп тұрған мол жеміс деп, ысырап етпей Ақылмен тиімді пайдалану керек. Өзіңе сауаптар әкелетін жолға жұмсаған абзал.

КСРО құр қиялға, тек қарудың күшімен құрылғандықтан, есебі шала мемлекет еді. Бір жылдары жанар-жағар май дегеннің есебі болмайтын. 1976 жылдардан оны есепке тартты.

1970-1987 жылдары адамдар ұннан ұн тандайтын, жетпіс келілік, елу келілік қаптармен келген төрт-бес тонналаған ұн, дүкеннің қоймасына сыймай, далада үюлі жататын; шөлмекке құйылған мақта майы жәшіктерде, бөшкеде ашық ауада тұратын; тойларда қазан-қазан палау бастырылып, ол таусылмай, малға берілетін; арақ-вино деген су орнына ішілетін; нан, бауырсақ, неше түрлі кәмпиттер аяқ астында жататын.

1987 жылдан мемлекеттің сыны кетіп, қант, май, ұн есеппен берілді. КСРО елді асырай алмайтын болып, ішінен бүлініп тарады. 1993 жылдан елде бір қап ұнның бағасы төрт-бес ұсақ малға шықса, шөлдерде бір қап ұн бір балалы сиырға дейін қымбаттады...

Отбасын асырай алмай, әйелі мен балаларынан ұялып, үндемей үйінен кетіп қалғандар да болды. Біреулер қыстақтарға келіп, шаруасы барларға жалынды. Қыздар, келіншектер малы барларға өз еріктерімен тоқылдыққа келді. Біреу үйінен алақандай нанды итіне апара жатқан. Көршісінің көзі шалып қалып: «Оны қайда апарасың?» «Итке». «Ит тышқан ұстап жесе де өлмейді ғой, маған берші!»-дегендер кездесті...

Осы жылдары бастан есебі түзу – ысырабынан үнемі дұрыс адамдар аса қиналмады.

Міне, осындай тарих бұрын да болған. 1993 жылдары қайталанды. Мұны білетін, ысырапшылдық жаман нәрсе екенін, оны Алла ұнатпайтынын жүрегімен түйсінген атам қазақ: «Тарта жесең, тай қалады»,-деп, «Әуелден ақырыңды ойла»,-деп, «Нені қор қылсаң, соған зар боласың»,-деп, ысыраптан сақтандырған.

## **«Әуелден Ақырымды бер»**

Алланың барлық Құлдары сияқты тағдырында не жазулы тұрғанын білмеген бабаларымыз Құдайдан осындай тілек тілепті. Олар: «...Раббыларына шын жолығатындықтарын ойлап



**әрі оған қайтарылатындықтарын...»** («Бақара» с. 146-а), күмәнсіз білгендіктен, бәрін Білетін, бәріне Күші толық Жететін Алладан қорыққаннан, Ақыретте алдына жарық жүзбен баруды ниет етіп, осылай деген. Бұл: «Әуелден тағдырыма Өзің жазған жамандықтардан Өзің арашала, жалғыз қалдырма, жастығымда шайтанды ерікті қылып, адасқандар мен мұнафиқтарға кезіктіріп жаңылдырма, әлден кеткенше Өзің риза болатын ізгіліктер істеп, сауаптар жинауымды нәсіп ет, қартайғанда қор қылмай сыйлықтарына жеткер», - дегені. Екінші жағынан: «Жастығымда бинет бер, қартайғанда зинет бер», - деген мақалға тура келеді. Қайсысы болса да Құранның: «Әнғам» сүресінің 32-аятында айтылатын: **«Дүние тіршілігі еш нәрсе емес. Ойын-сауық қана. Әрине, Ақырет жұрты Тақуалар үшін жақсы. Соны да түсінбейсіңдер ме?»** - деген, Илләһи Ақылды Тақуа бабаларымыздың терең және толық түсінгенінен шығарған тұжырымы.

Біз мұндайда көбіне денсаулықты ойлаймыз. Әрине, ол бірінші кезекте. Екінші ойлауға, Алладан тілеуге өте қажетті зәрулік – мықты Иман мен жақсылардың ортасында болуды нәсіп етуі.

«Фурқан» сүресінің 20-аятында Алла адамдарды бір-біріне сынау еткенін айтса, халық даналығында, есті адамның күнәлар жасамайтыны, бірақ, біреулердің кесірінен күнәларға бататынын дәлелдеген. Сондықтан біз Алладан: «Уа, Раббым! Жақсылармен жанастыр, жамандардан адастыр», - деп тілек тілеуіміз керек. Жақсы жар, жақсы перзент, жақсы көрші, жақсы құда-анда, жол жүргендегі жақсы жолдас, жақсы кәсіптес – пенденің, Ақыл-кенең бермей-ақ, күнәлардан қорғайтын ең жақсы жанашыры!

1974 жылы темір жолда істеп жүргенімде Нәби есімді ағамыз бір әңгіме айтты. 1930-35 жылдарда кеңес үкіметіне қарсы байлар, өз алдарына әскер жинап, елге тыныштық бермепті. Сонда бір жауыз, базарға барып азық алып келе жатқандардың жолын тосып тонайды екен. Қарсыласқан талайын өлтірген. Бірде ол, бір бишараның құлағын, мұрынын тірілей кесіп алып, азаптаған. Кейін мұны ағайындары біліп, іздегенмен таптырмаған...

Сол адам 1970 жылдары жасы жетпістен асып өліпті. Өлерінен бір жыл бұрын өзі де ауыр азап көріпті. Аурудың алғашқы күндерінде түнде төсегінен айқайлап ұшып тұратын бәлеген ұшыраса, ауру мендей келе, жүйкесі әбден шаршап, күндіз күннің өзінде, бала-шағасының алдында отырып та ойбайлап, ұшып тұрып қашатын болыпты.

Есін жиып өзіне келгенде сұраған туысына, сол құлағы мен мұрнын кесіп алған бейшараның көз алдына бірде жылап, бірде көзін алартып қорқытып келетінін айтады екен.

Әуелгі күндерде көршілері, ағайындары күзетіп көрген, бірақ, бұл өршелене берген. Мұның дауысы мен түрінен қорыққан олар, өздері де шошып ауырған. Сосын ешкім жоламаған.

Дәрігерлердің қолынан ештеңе келмей, олар бір аптада үйіне әкеп тастаған.

Үкіметтің дінге қарсы кезі. Ақсақалдар жиналып, ауыл кеңеске және тиісті басшыларға жолығып, рұхсат алып, мұны жасырын түрде молдаға оқытып көрген. Оның да пайдасы тимеген. Сонымен үй іші бұдан ығыр болып, бір өзін бір тамға қамап тастаған.

Сол тамның ішінде бірнеше ай айқайлап, шыңғырып жатып, азаппен өлген екен. Қабырдағысын Алла біледі. Құранда бұндай азаптың қабырда жалғасатынын да қаперге салған.

Құранның «Ісра» сүресінің 14-аяты: «Әр адамның қылығын мойнына қоямыз. Сондай-ақ, Қиямет күні **оның кітабын шығарамыз. Оған ашылған түрде кездеседі. «Кітабыңды оқы. Бүгін есеп көру тұрғысынан өз-өзіңе жетесің»** (делінеді),»-деген. Міне, осы – оқиға сол кітап. Оған ашылған түрде келді. Ол оқыды...

Бабаларымыз мұндайлардың бірнешеуіне куә болғандықтан, балаларын Имандылыққа тәрбиелей отырып, оларға Ақырында алдарына ашық келетін осы кітапты да түсіндіріп: «Құдайдан: «Әуелден ақырымды бер!»-деп тілеңдер!»-деген осы өсиетті қалдырған.

## **«Өзін түземегенді Алла түземейді»**

«Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда?»-деген мақал да бар. Етік тар болса, аяқты ауыртып, жанды азаптайтын екінің біріне белгілі. Бұл – мақалдың тіке мағынасы.

Ал, астарлы мағынасы: «Елге қайыр жасамасаң, байлығынан не пайда?»-деген, «Өзің Иман-ұяттан жұрдай болсаң, данышпансып елге уағыз айтқаныңнан не пайда?!»-деген сияқты налакейістерге саяды.

Екінші сөйлемді талдасақ, Иман-ұятты жоқ адам – сөзі мен амалы үйлеспейтін, дозақ үшін жаралған екі жүзді адам. «Өзің

диуанасың, сен кімге пір боласың!»-дегендей, өзің жүрегіңде дозақтықтардың амалын қыласың және тілінде елді Тура Жолға шақырасың. Сенің мұның «Саф» сүресінің: **«Әй, Момындар! Істемейтін істерінді неге айтасындар».** **«Істемейтін істерінді сөйлеулерің Алланың қасында зор ашуға себеп болады»,-** деген 2-3-аяттарын білмейтініңнің белгісі...», -деген сөз.

Ата-ана перзенттеріне дұрыс тәрбие беруі үшін, ел ағасы елге билік айтуы үшін, алдымен өзін өзі Тура Жолға салуы керек.

Жалғаншыдан Көжен атты дос ағам өтті. Иманды болсын. Темір жолда лауазымды қызметте болғандықтан зейнетақысы жететін. Бірақ, қанағат қыла алмады. Сабыр етпеді.

Алланың берген өмірінің соңғы ширегенде, жамандықтарды жоятын, жақсылық жолында болмай (1), қу дүниенің сүрлеуінде жүрді.

Артықшылығы – Айт намаздарынан, мәуліттен қалмайтын. Аптада, кейде екі-үш аптада мешітке келіп садақа беретін. Ауырлау түстер көріп, көңілінде жайсыздықты сезінсе, ет асып, имамнан бастап бірнеше кісілерді үйіне садақаға шақыратын. Жылында бір келетін рамазанда шартты түрде ифтар беретін. Зекеттен, пітірден қателік жібермейді. Көктемде бір, күзде бір ата-анасының қабырына зиярат жасап қайтатын.

Бірақ, өскен ортасындағы ғайридіндер мен кеңестік атеистерден жұққан «ауруымен» ағымдағы саясатты, басшыларды көп өсек ететін. Басшылардың ешбір ісіне риза болмай, жаңа бағдарламаларына сын тағып отыратын. Біз жеңе алмайтынбыз. Алланы тілінде айтып жүргенмен оқта-текте бір себебін айтып арағын да ішетін. Күніне бір, кейде бір жарым қорап темекі шегетін.

Түстер көретін. Онысын маған келіп айтатын. Менің қазір жадымда қалмаған, бірақ, мен түстеріне қарап, саясатқа араласпай, тіл мен құлақ нәпсісін тежеп, намазға жығылуға көп үгіттедім. Тыңдап отырған орнынан, келісімін беріп тұрып кетеді де көшеге шыққанын тіршіліктің шылбырына қайта маталып, маған берген сөзін ұмытып, таксистігімен күндерін өткереді. Мені жиі іздеп келеді. Мен салғаннан намаз дұғаларын сұраймын. «Жаттай алмай жүрмін!»-деп, ақталады.

Сөйтіп жүріп асқазаны ауырып ота жасатты. Алланы есіне алып біраз жуасығандай болып еді, алақанына салып отыратын кемпірінің күтімінің арқасында денсаулығы күшейгесін,

темекісін шегіп, тағы баяғыларына басты: зымыратып мәшінімен таксистігін істеді.

Қырсыққанда өзінің әйелінің туған күндері ізбе-із және үшінші күні темір жолшылар мерекесі. Әр жылғыдай, өзінің туған күні сылтау болып, бастаған арағын бір аптада эзер қойды. Түстерінен нәтиже шығармаған дос ағама, мына ота бір ойтүрткі еді-ау, ағам мұны да өзінің атеистік көзқарасымен өмірде бола беретін жағдайлардың бірі санады. Бұл-Алланың ескертүі деп ойламады. Алла Өзінің Сөзін тыңдап, Өзіне жақын жүретін, тағдырына сабыр ететін Құлдарын жақсы көріп, жарылқайтынына көңіл бөлмеді. Кемпірі ауырды. Көп қаражат кетті. Дәрігерлер: «Ем қонбайды», -деп, үйіне қайтарды. Үйге келген кемпіріне өзі қарайды. Үшінші күні кемпірі демі жетпей қысылды. Қала имамын шақыртты. Имам келіп дем салды. Шілиасын оқыды. Кемпірі көзін ашып, едәуір жеңілдеді. Мұны жақсылыққа жорыған ағам да, балалары да имамнан күнде келіп, бір мезгіл оқып кетуін өтінді. Ол сауап үшін күнде келіп оқып тұрды. Кемпірі бір аптада аяғын басып, өзіне өзі қарай алатын жағдайға жетті...

Көжекең бұдан да қорытындыны дұрыс шығара алмады. Шығарды – Құранның шипа үшін түсірілгеніне көзі жетті. Алайда, құлшылықтың амалдарын қиынсынды. «Миым алмайды. Жаттау... дым қонбайды!»-дейді. Мен таксистікті қойып, таң ертеңнен мешітке келіп қозғалмай отырып, шын ықыласпен жаттауға кірісуіне кеңес беремін. Ол енді:

– Мұны қоюға болмай жүр ғой. Кемпірімізбен екеуіміздің зейнетақымыз жетпейді. Оның үстіне кеше екеуіміз де ауырып, көп шығындандық. Үйде бір күнде бес мәрте дастархан жайылады. Соның үшеуінде шартты түрде етті тамақ жейміз. Онсыз болмайды.

Бірде институтта бірге оқыған, оңтүстік жағындағы облыстардың бірінде жасайтын жолдасымдікіне, жеңгенді алып қыдырып бардым. Олардың қазанға салған етіне көңілім толмады...», -деп, шынынан келіп, қонақ қылған жолдасына да сын айтты. Мен мақтануға көшкен сөзін бөліп, мешітке келуді тағы пысықтап өтіндім. Ол: «Көремін! Лажы болса келемін», - деді. «Неге лажы болмайды? Оның лажы өзіңіздің өтіп жатқан күніңізге шүкіршілігіңіз бен қанағатыңызға байланысты. Ал, намаз үйрену ықыласыңыз бен ниетіңізге, дұғаларды жаттау сабырыңызға тәуелді», -деймін.

Сөйтіп жүре берсін. Бір жақсысы – «Әғуузу биллаһи минаш-шайтанир-ражиим мен Бисмилләһир-Рахмәәниир-Рохиимді және Кәлиманы» үйренді. Бұрын бұл да жоқ еді.

Өзінің айтуы бойынша, тіпті, бисмилланы айтуға ұялады екен. Оңашада іштей де айта алмай жүріпті.

Бір күні мәшінін соғып алды. Қайтейін! Айтсам, табалағандай боламын ба?-деп, «Өзіңіз де, жолаушыларыңыз да аман қалыпсыздар, бұл кешірімді Алланың сізге тағы бір Рахымы ғой! Осы таксистігіңізді қойсаңызшы!»-дедім. Бұрыннан паналайтын «Миым алмайды мен жетпейдісін» қосып айтып тағы кетті.

Тұрмыстағы қызы мен күйеуі көмектесті, банктен үш жылдық несие туырлады және бір жақсы мәшін алды. Тағы да таксистігін жалғастырды. Бұл тірлігіне қарап отырып, ол кісі үшін Алланың Өзі де, әмірлері де екінші кезектегі дүние екенін ұқтым. Алланы тілінде ғана айтатына, өзіне ғана мақұл, қайырсыз амалына ашындым. Бірде мұнысын бетіне де бастым.

«Тілім қайтпайды, жаттай алмай жүрмін!»-деген сылтаумен күндер өте берді. Үш айға жетпеді. Бұл мәшінді де соқты. Тағы да тек мәшін сынған. Өзі де, жолаушылары да аман-аман. Маған өзі хабарласты. Кемпірі, балалары немерелерін алып құдасының ауылына қыдырып кетіпті. Бұл кісі мәшінді соққасын күйініп, арақ ішкен. Содан әрі мәшінін соққанынан қысылып бармаған. Үйіне хәлін сұрап бардым. Жетпіске жақын қалған үлкен адам, нәпсісін жеңе алмай, құлшылық Жолына түсе алмай шерменде болып жүргенін, ізбе-із мәшін соғып балаларының алдында ұятқа қалғанын айтып жылады...

Шынында не арттырды? Осы отырысымызда, зейнеткерлікке шыққаннан бергі жүгірісінен, бір тиындық пайда көрмегенін де жасырмады.

– Маңдайыма жазылғаны осы екен! Қанша қансорпа болғаныммен ештеңе арттыра алмадым!-деп, қамықты. Мен:

– Алла сіздің маңдайыңызға жазған бірнеше сынақтарының ізгі жағынан Бейішті жазған болар,-деп жұмсақ жұбату айттым.

– Оны қайдан тауып айтып отырсың?

– Алла сүйген Құлдарын екі дүниесінде де жарылқайтынына сеніңіз. Сізді сүйгендіктен мұсылман жанұясында және діні – Ислам мемлекетте тағдыр-несібе беріп жер бастырды.

– Токта! Осы жерде тоқта. Ислам мемлекетіндегі иудаистер мен христиандар ше?...

– Сіз бір тақырыпты басқасымен шатастырмаңыз. Сонда да сұрадыңыз ғой, айта кетейін. Біріншіден, оларға да Алла сынау үшін жол-жоба белгілеген. Олар сол жолда дұрыс жүріп, іздене келе Аллаға Иман келтіріп өзін түзесе, алар сыйлығы өте көп. Құранда олардың да арасында Аллаға серік қоспайтын, Құран мен Мұхаммедті (с.ғ.с.) мойындап Иман келтірген, уақытылы құлшылығын жасап жүрген аз топтар барын айтқан. Оны өзіміз де көріп жүрміз. Астана мен Алматыға, Солтүстіктегі қалалардың мешіттеріне барыңыз, намаз оқып жүрген славиян тектілермен кездесесіз.

Олар қандай жанұяда туылып, қайсы мемлекетте жүрсе де жүрегін Алла ашып қойған.

Мұсылмандардың арасында туылып, өсу-оларға да сынақ. «Осылардан үлгі алып, Мені ескере ме?-деп, Алла олар мен бізді бір жерге топтастырды. Бұл үшін оларға сыйлықтар беріледі.

– Ал, миына Құран қонбайтын, мен ше?

– Сіз жүректі кірлетіп алғансыз. Сондықтан сіз алдыңызда тұрған екі жолдың ортасында қиындықта жүрсіз.

– Ол қандай екі жол?

– Біреуі-осы алпыс сегіз жасыңызға келгенше, сірә, түгел болмаған дүниенің ісі-қала берді, бүгінгі таксистігіңіз. Екіншісі – Ақыреттің амалы: барға қанағат етіп, сабырмен намаз жаттап, оқып, құлшылық Жолына түсу.

– Е-е-ей, ол болмай жүр ғой! Жарайды, жаңағы сынақтарды айтшы?

– Сынақтардың басы-атеистер үстемдік еткен қоғамында өскендігіңіз. Сіз ол қоғамда Алланы тіліңізге алмағаныңызбен, Құранда айтылған, ең үлкен, кешірілмейтін күнәларды істемедіңіз.

– Ондай күнәларды қалай істеймін? Әкем мен шешем намаз оқымағанмен екі сөзінің бірінде Құдайды аузынан тастамайтын және бізге тазалық пен иба-ұятты үйретіп кетті...

– Одан жақсы өткенсіз деп есептейік. Себебі, сол күнәлардан аулақ болғаныңыздың құрметіне, жақсы білімге ие болдыңыз, бағалы қызмет ету мүмкіндігіне жетіп, үлкен үстелде отырдыңыз. Оның дәлелі осы.

Сынақтың екіншісі және ең маңыздысы, бүгінгі – 1991 жылдан Имандылық қайта орнаған замандағы жағдайыңыз. Осы заманда сіз құдайсыздар мен адасқандардан жұққан кесапаттықты

бойыңыздан қуып, Өзінің Жолына түсесіз бе? Әлде, өскен орта мен өткен уақытты, қарттықты сылтау етіп, шайтанның ізінде кете бересіз бе? Міне, осы екеуі.

Шешімі өзіңізге байланысты.

– Ей, алмаса қайтем?-деп, басына ұрды...

Алдыңғы бір сұхбатымызда мен бұл кісіге өзінен он үш жас үлкен ақсақалдың арабша оқуды игеріп, рамазанда арабша жазылған Құранды толық оқып шыққанын әңгімелеп берген едім. Соны тіліне алып, сондай бола алмағанына өкінішін білдірді. Өкініші де бар, сәждеге жығылуға да ойы жоқ емес. Бірақ, желкесіне орнығып алған шайтанды жеңе алмай жүр. Оны жеңуге Иман қуаты, Иманын қуаттандыруға ақыл қуаты жетпей жаны әуреді. Ақыл қуатты болса, сабырды қару етіп, уақытты Имандылық Жолына тиімді жұмсап, жалғандағы ұпайын түгелдеп жүреді ғой!

Баласы да, кемпірі де таксистігіне қарсы. «Жаяу жүрме!»-деп, баласы өзі мініп жүрген су жаңа мәшінін берді. Мешітке келіп, садақа беріп әруақтарына Құран сауабын бағыштады. Енді таксистікті қоятын болыпты. «Тілім қайтпайды. Миым алмайды. Әйтпесе, дұға оқып, бата жасап, дұғамен адамдарды емдеп, табыс тауып үйде отырсам болады ғой!»-деп, табыс жайлаған жүрегіндегісін тағы ашып тастады.

Қанағатсыз адам үйде отыра ала ма? Дүкенге барып үйге керегін әкеледі. Кейде жаяулап көшені аралап серуендеп қайтады. Сонда да көңіл байыз таппайды. Қаншалықты темекісін шегіп, теледидар көріп көңілін алдарқатуға тырысқанымен болмады. Кітап оқуға екі бастан сабыры жетпейді. Өстіп, нәпсісін жеңе алмай, сабырға көне алмай жүріп, ауруға шалдықты. Екі жыл емделді. Нәтиже болмады...

«Жазмыштан озмыш жоқ»,-деген. Өзіне құлшылық қылу үшін жаратқан Алланың жазуы – құлшылық жолымен жүргенде армансыз өтер еді... Сабырсыздығынан, қанағатсыздығынан, нашүкіршілігінен жеткеруі жазылмаған дүниенің алданышына басы айналып жүріп, өзін өзгерте алмай (2), сәждеге басын бір қоя алмай-ақ кетті! Ал, отбасында баяғы өзі бардағы бір қалыпты тоқ тірлік, сонысын өзгертпей әлі жылжып келеді.

Кешірімді Алла оның күнәларын кешірсін!

Тақуалық мектебінің әрбір сабағанан қалмай, жақсы тағылым алайық!



-----

1. «Һүд» сүресінің 114-116-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) күндіздің екі жағында, (таң мен екінті намазы) түннің күндізге таяу кезінде (ақшам мен жашиық) намазын толық орында. **Шынында жақсылықтар жамандықтарды жояды.** Бұл – түсінушілер үшін бір насихат». «(Мұхаммед с.ғ.с.) **сабыр ет. Расында Алла жақсылық істеушілердің еңбегін жоймайды.** «Сендерден бұрынғы ғасырлардағы Ақыл иелері, жер жүзіндегі бұзықтықтан тыйса еді? Бірақ, олардың азын ғана құтқардық. **Зұлымдық істегендер берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп, күнәкар болды.**».

«Рағыз» сүресінің 11-аяты: «Әркімнің алды-артынан Алланың әмірі бойынша өкшелеп қорғаушы (періштелер) бар. **Расында, бір қауым, өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді.** Сондай-ақ, егер Алла бір қауымға бинет тілесе, сонда оны ешбір қайтарушы жоқ. Әрі олар үшін Алладан өзге бір жәрдемші де жоқ».

### «Тағдырың өз қолыңда»,– дейді...

Бұл – өзіңді өз ерік күшіңмен Аллаға, Оның Нұрлы, Хикметті Жолына бұру, Бейішке лайықты болып жаралған Халифалық дәреженді қорғау, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүндеттерін жүректен орындау. Осылай еткен жағдайда ғана өзің армандаған өмірді сүресің. Ал, заман мынандай деп, бүгінгі заманды айтып, құдайсыздардың қоластында болдық деп, кешегі дәуірді сылтау етіп, Аяттардан бас тартсаң, соңында адасқандардың не қарғысқа ұшырағандардың тобына қосыласың.

Немесе Мұсылман атын жамылып: «Пайғамбарымыз осылай жүрген», деген жалған хадис, сүндетке елтіп, Алланың замандардың қожасы екенін ескермей, Алланың адамды көркем («Тағабұн» с. 3-а) жаратқанын, көркемдікті жақсы көретінін мойындамай, балағынды шелтендетіп, мұртыңды қырып, бетіңді жүн қаптатып жүрсең, келешекте жындар тобынан боласың. Адам неге бейім болса, Алла оны соған жеткереді. Міне: «Тағдырың өз қолыңда», деген осы!

Субханаллатағала, Құранның «Мұрсалат» сүресінің 20-23-аяттарында: «Сендерді болымсыз судан жаратпадық па?» «Оны берік бір жерде (жатырда) етпедік пе?» «Белгілі бір мерзімге (туылғанға дейін)». «Оның **тағдырын мөлшерледік.** Нендей

толық Күшке Иеміз»,-дейді. Тағдырын жаздық, белгіледік деген, **мөлшерледік** деген. Демек, бұл – тағдыр әр пендеде әр басқа деген сөз. Бәлкім, дана қазақтың: «Бойыңдай бой табылғанымен, ойыңдай ой табылмайды»,-деген даналығы да осы Аяттың мәнін терең түсінгендігінен туған болар!

Аяттағы мөлшерлеп жазғанды біз төмендегідей топшыладық. Бәлкім, дұрыс шығар. Назар аударыңыз: *Жер бетіндегі адамдардың барлығының саусақ таңбалары бір-біріне ұқсамайды. Сол сияқты, адамның бойындағы адамды өмір сүруге ынталандыратын, армандар пайда ететін, оған жетуге үміттендіретін, талпындыратын, мүмкіндіктерді ұйымдастыратын қасиеттер мен сезімталдық, сенім, денсаулық, ойлай білу, Азаматтық, қырағылық, табандылық, ыждағаттылық, шалттық, қызғаныш, жігерлілік, сабыр мен шүкіршілдік, қанағатшылдық пен несібелілік, сәттілік, пікірлілік, зеректік, сергектік, ықыластана білу, ынта қоя білу, ұқыптылық, кеңдік пен кішіпейілділік, кешірімділік, бауырмалдық, назарының биіктігі, көрік, тұлға, ашық не тұйық мінезділік, ұяңдық, әр қандай іске бейімділік, өзін тану мен адам танудағы сыншылдық, тағдырына көнбістік, көрегендік қасиеттері мен күш-қуатының және басқа керектілердің барлығы бірдей тең болмайды.* Сондықтан түрлі тағдырларға тап боламыз. Мәселен, қырағылығы жетпеген, өте сенгіш пенде Алланы ескермей, алаяқтарға тез алданады. Бұл – Алладан гөрі дүниені жақсы көріп, сенгіштіктің шегіне жеткеннен кезіккен тағдыр.

Біздің әрбіріміздің мыңжылдықтардағы өмірімізді Білетін Алла, тағдырымызды жазғанда, бұлардың әрқайсысын әркімге Өз қалауымен белгілі мөлшермен берген. Сондықтан олардың әр қайсысының несібесі әр басқа, тағдырлары қилы-қилы. Бұлардың кемісін толтырып, артығының зиянынан сақтайтын кіршіксіз, қылапсыз Иман ғана! Тағдырды мөлшерлеген Алла, Өзінде әр нәрсенің қорлары барын айтқан («Хыжыр» с. 21-а). Олар, өзін түзеп, Өзіне иілген Құлына талап-ықыласына қарай беріледі. «Әли Ғымран» сүресінің 89-аятында: **«Бірақ, Иман келтіріп, сосын тәубе еткендер және амалдарын түзеткендер басқа. Расында Алла – аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді»**,-деген. Өзін түзелтуі қалай? Шындыққа Ақылы жеткен күні, ештеңені сылтау етпей, бірден Тура Жолға түсу. Біреулер шайтанның сыбырына елтіп: «Біз енді осымен кеттік! Түзелмейміз»,-деп,

өзінің ұжданының жоқтығынан, жігерсіздігінен хабар береді. Бұл – қате танымнан. «Іншиқак» сүресінің 6-аятында: **«Әй, адамзат! Негізінде сен Раббыңа қарай өте тырыссаң, Оған жолығасың»**,-деген. Жалқаулықты – шайтанды жеңіп, өте тырысу керек. Сонда өз тағдырыңды өзің өзгертесің.

«Мәида» сүресінің 105-аятында: **«Әй, Момындар! Сендер өздеріңді түзетулерің керек. Өздерің Тура Жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесірін тигізе алмайды. Барлықтарыңның барар жерлерің – Алла жақ. Сонда Алла сендерге не істегендеріңнің хабарын береді»**,-дейді. «...Сен өздеріңді түзетулерің керек»,-деп отыр. Бұл деген сөз – сен Менің Тура Жолыңда болсаң, Өзім қорғаймын, деген сөз («Бақара» с. 38; «Хаж» с. 38-а). Демек, құдайсыздар мен адасқандардың үлгісімен жүрген бүгінгі тірлігіңнен қайтып, Алланың Тура Жолына түссең, Алланың Рахымы мен Мейіріміне кіріп, өз тағдырыңды өзгертесің. **Сабырмен, намазбен** тілей жүре барлық армандарыңа жетесің.

«Рағыз» сүресінің 11-аятында да: **«...Расында бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді...»**,-деп, ізінен: **«Сондай-ақ, егер Алла, бір қауымға бейнет тілесе, оны ешбір қайтарушы жоқ. Әрі олар үшін Алладан өзге бір жәрдемші де жоқ»**,-дейді. Мұның мағынасы не? Қайсы бір пенде өзінің теріс бағытта жүргенін ескеріп, Тура Жолға түсе қоймаса, Алла санап отырған Күні («Мәриям» с. 84-а) толғанда, оған бейнет жібереді. Соны ескерткен. Сол санаудағы Күн толмай, әркім өзін түзету керек.

«Тағабұн» сүресінің 11-аятында: **«Алладан бұйрықсыз ешбір қайғы-қасірет болмайды. Ал және кім Аллаға Иман келтірсе, Алла оның жүрегін түзейді. Алла – барлық нәрсені толық Білуші»**,-деген. Алдыңғы Аятта Алла бейнетті айтып, еді ғой, мұнда сол бейнетті Өзі жіберетінін ишаралап отыр.

Әңгіменің қысқасы, «Ғанкабуд» сүресінің 69-аятында айтқандай, Алла Өзінің Тура Жолында күрескендерді, Өзінің Тура Жолына салады, себебі, **«...Алла жақсылық жасаушылармен бірге»**. Бұл – жақсылық жасау, өзгелерге қайырымдылықпен бірге өзіңізге өзіңіздің жақсылық жасауыңыз.

Міне, «Тағдырың өз қолыңда»,-дегеннің мағынасы осылай.

Құлдарының бірін-бірі арқылы қорғайтынын («Бақара» с. 251-а) айтқан Алланың тағдырларды әр түрлі мөлшерлеуі – Құлдарының арасындағы бауырмалдықты, татулықты, Әділдікті

сақтау үшін, әрине. Әйтпесе, ынсапсыз, жанжалшыл адамзат, о баста Періштелер: «...**бұзықтық істеп, қан төгетін біреуді жаратасың ба?...**»-дегеніндей («Бақара» с. 30-а), өзі мен өзі қырылып жоқ болып кетер еді. Лауазымды, дәрежелі Ақылдылардың адамдарға қайырым жасайтыны, пендешіліктерін кешіретіні, сауаптар алуға ынтығатын содан.

Алланың біреулерге өзгелерден артық Ақыл беруі, қырағылық сыйлауы, күш дарытуы лауазым беруі – үлкен сынақ («Әнғам» с. 165-а). Олар осы артықшылықтарды Алланың өзіне жасаған Рахымы екенін зерделеп, оны өздерінен кем, әлсіз жаратылған адамдарды сыйлауға, сүйеуге, жетелеуге жұмсаса (1), Құдайдың сыйын дұрыс пайдаланған Ақылдылығы болып, екі дүниесінде де Алланың ризашы-лығына жетеді.

Халқымыз: «Патшада 40 адамның ақылы болады», -дейді. Бұл, расында Алланың Патшаның несібесін бірнеше адамнан артық жаратқанын ескертеді. Ал, батырын: «Батырдың желкесінде де көзі болады», -деп дәріптесе, Патшадан кейінгі бір Құлдарына осындай артықшылықтар сыйлайтынын, ал, олағына: «Шығасыға иесі себепші», -деп, кейісе, Алланың мақтаншақтық пен тәкаппарлықты («Хадид» с. 23-а), ысырапты сүймейтінін («Ағраф» с. 31; «Ісра» с. 26-27-а) меңзейді.

Біз Алланың әр нәрсені оң-терісімен, жұбымен жаратқанын білеміз. Құран мен өмір Шындығынан алған дәйектерге сүйенсек, тағдыр да жалғыз жаралмапты. Туылу, ата-ананың бауырында не жанашырдың қолында өсу; дінің мен тілің; дене бітімің, олардың бүтіндігі не амандығы мен түр-тұлғаң; несібен; Ақылдың мөлшері мен дене қуаты, сезімнің дәрежесі, ажалдың мерзімі Аллаға байланысты шартты тағдыр, қалғаны әрбір адамның өзіне байланысты болады деп, екіге бөлу мүмкін.

Аллаға тікелей тәуелді бірінші тағдыр – заңдылық және Алланың белгілерінен. Ал, өзімізге байланысты бөлігі, әл-Мисақтағы Аллаға берген сертімізге адалдығымызды сынау үшін, Алланың шайтанға кеңшілік берген жерінен – біздің арамыздан Шын Имандыны, Бейішке әбден лайықтыны айырып алу үшін (Құранмен жүре ме? Әлде шайтанға ере ме? деп) берілген тағдыр. Яғни, «Өз тағдырың – өз қолыңда», -дегеніміз – осы.

Алайда, екеуінің де негізгі үкім берушісі – жалғыз Алла ғана. Біріншісі екіншісі біріне белгілі жай болғандықтан, оған кідірмей, тіп-тіке екіншісін сөз етейік.

Алла өз Ақылымызбен жасаған тағдырымыздың кейбір жамандығынан Өзі арашалайды; кейбірінен құтқармайды; бірнеше қайталанған жамандық пен кейбір бірінші жамандықтан-ақ, ара түспей жазаға бұйырады; біреулер күнәлар істегенмен жазаланбайды.

Осы төртеуіне жеке-жеке тоқталайық. Әрине, мұны да «Хаж» (47-а), «Сәжде» (5-а), «Мағарыж» (4-а) сүрелерінде ескертілген мыңжылдықтар тұрғысынан қарап талдаймыз. 1880 жылы туылып, 1970 жылы қайтыс болған және сол адам 1990 жылы жалғанға қайта келген деген өлшеммен алайық. Өйткені, әркім санаулы күні («Мәриям» с. 84-а) толған кезінде: біреулер егде тартқан шағында, ал, біреулер орта жасында, біреулер тіпті, жастай және біреулер тума мүгедек болып не басқалай жазаға ұшырайды. Сондықтан осы жылдармен есептеп жазайық.

**1. Алла өз ақылымызбен жасаған тағдырымыздың кейбір жамандығынан Өзі арашалайтыны:** Бәлкім, бұрыннан істеген күнәсі жоқтығынан, болмаса, болған күнәсінен әбден тазарғаннан немесе білмей істегендіктен – жүрегінің пәктігінен, бәлкім сауаптары көп болғандықтан («Фурқан» с. 70-а), бәлкім, бәрін Білуші Алла, келешекте оның сауап істер істейтінін біліп кешіреп (2).

Ежелден патшалар тарихында, өте жақсы қызмет істегендердің бірнеше (саны көрсетіледі) қылмысы кешірілетін болған. Мәселен, Мұхаммед Хайдар Дулатидің арғы бабасы, патшалыққа 90 жыл қызмет қылған Хұдайдаттың он екі қылмысына дейін кешірілетіні жарияланған. Осы сияқты әр Құлының өткені мен бүгінін және келешегін («Хаж» с. 76-а), жүрегіндегісін («Әнфал» с. 24-а) толық Білуші Алла оған кеңшілік етеді, кешірім жасайды;

**2. Бірнеше қайталанған жамандықтан жазаға бұйыратыны:** Әл-Қаһарды сірә ескермей, Алла белгілеген шекке жеткендіктен;

**3. Бірінші жамандықтан-ақ, ара түспей жазаға бұйыратыны:** бұрынғы (1880-1970 жылдар арасындағы) өмірінде жасаған күнәларын жумаған, (1990-жылдан) бергі бірнеше кешірімнен, арадағы жеңіл-желпі ескертуден нәтиже шығармаған, келешекте де қайырым, сауаптар, ізгіліктер істеуге құлықсыз адам (3). Бәлкім, дозықтық адам.

**4. Біреулер күнәлар істегенмен жазаланбайды.** Біз осылай деп ойлаймыз. Негізінен күнәлілер жазасыз қалмайды. Біз

Құранды жақсы білмегендіктен, біреулерді: «Осы қаншалаған күнәлар жасады. Бірақ, Алла бұған жаза бермеді!»-деп пендешілік етеміз. Алла тағала «Әли Ғымран» сүресінің 178-аятында: **«Қарсы болғандарға мұрса береміз, Біздің мұрса беруімізді олар, өздері үшін қайырлы деп ойламасын. Шын мәнінде күнәларын арттырсын, деп қана мұрса береміз (жаза мерзімін ұзартамыз). Сондай-ақ, олар үшін қорлаушы қинау бар»**,-деген. Демек, олар жазасыз қалмайды. Керісінше олар күнәларына дер кезінде жаза берілмегеніне, өзінің қылмысын дұрыс деп, күнәларын арттыра береді. Мұрса уақыты («Мәриям» с. 84-а) біткен бір кездерде, бәлкім, орта жасында; бәлкім, қарттық шағында; бәлкім, қабырда; бәлкім, Алла оны қайта жер бастырып («Иасин» с. 68-а), өмірге қайта әкеп тұрып жазалар. Алла тағала «Фатыр» сүресінің 41-аятында, Өзінің тепе-теңдікті сақтаушы екенін ескерткен. Күнә жасаған әр қандай пенде шартты түрде жазасын алады. Оның мерзімі мен мөлшері де Аллаға ғана аян. Қияметтің мерзімін Алла ғана біледі, дегеніміздің мәнісі де осы.

Ол күн, сол күнәкар пенде үшін, бәлкім, Қиямет болар, бәлкім сәтсіз күн болар. Оны Алла біледі. Қиямет те, сәтсіз күн де тағдырдан туады. Тағдырымыздың өзімізге берілген бөлігі – Алланы және Оның сүйікті әрі сенімді Елшісі Мұхаммедті (с.ғ.с.) мойындаумен жүйеленетін бөлік – туылу мен өлудің арасындағы өмірдің мазмұнды өтуіне өте үлкен ықпал ететін бөлік. Бұл бөлікте жаза баспау үшін Алла, Өзінің Тура Жолын уағыздаушы, көрсетуші Елшісін (с.ғ.с.) жіберді және Құран Кәрімді түсірді. Бұл екеуін түсініп қабылдауға жетік Сана мен білім нәсіп етті. Бұлардан тыс, өскен ортаның оң және сол әсерлері, Алладан келіп тұрған түрлі мұғжизалар («Фуссилат» с. 53-а) Саналы жанның пайдасы.

Ақыл мөлшері жетік адам адал білім қуады, білім Аллаға жеткереді. Бұл қайдан алынатын білім? Бірінші, ата мен анадан не тәрбиелеген шаңырағынан алынатын үлгі-өнеге білімі, екінші өскен ортаның тағылымы, үшінші оқу мен кино көріп түйсіну, түрлі әңгімелер мен өлеңдерді тыңдап пікірлеп, алатын білім. Міне, бұлар тағдырдың өз еркіміздегі бөлігіне, өзімізге өзіміздің билік етуімізге өте-өте үлкен ықпал етеді.

Осы жерде бір нәзіктік бар. Ол – әлде қандай мәселені шешерде бірі мен бірі жарыса келетін екі ой. Олардан бірі өзіңе қиын, бірақ, ақыры қайырлы, бұл – Имандылықтың шарапа-

тымен Алладан келген Тура Жол; екіншісі, өзіңе оңай, соңы белгісіз, өзің ойлаған бос қиялға негізделген осы дүниелік қана мәні бар: байлықты, атақ пен даңқ-дәрежені, мақтануды жақсы көрсеткен шайтанның амалы (4). Бұл – сенімді күмән жеңгеннен, Иманның тілде ғана айтылатынынан келетін ой. Осы екі ой қатар келгенде, шайтанның билігіндегі адамда, дүниенің қызығы мен рахатын, мақтану мен атақ-даңқ шығаруды көздеген ойды жақтап, осы дүниелік нығметпен қалады. Ақыры жамандықпен не мәнсіздікпен аяқталады.

Ал, Имандылығы басым адам, Алланы, Ақыретін ойлап, Алладан сұрап, Оған тәуекел етіп, іске кіріседі. Мұнда жарқырап көзге түсіп тұрған ештеңе байқалмағанымен келешегіне көп, өте көп пайдалар жинайтын Иләһи нығметтермен сыйлықтанады.

Қаласа, барлық Құлын бір-ақ үмбет («Мәида» с. 48-а) етуге құдыреті жететін Алла, дозақ үшін де жындар мен адамдар («Ағраф» с. 179; «Сәжде» с. 13; «Сад» с. 85-а) жараттық деген. Бұлар: Ақылдан дұрыс пайдалануға қызықпайтындар мен берекесіз отбасында, нашар ортада өскендер.

Осы жерде тағдырды өзгертуге болады, деген бір тұжырымды айтып, сезімнің белсенділігіне байланысты оны да тарқата кетейік. Бәлкім, «Мәида» сүресінің 105-аятын, «Рағыз», «Табағұн» сүрелерінің 11-аяттарын, «Ғанкабуд» сүресінің 69-аятын, «Іншиқак» сүресінің 6-аятын ескермегендер: «Бәрі Алланың жазуы!»-деп, Тура кеңестен бет бұрар. Бұл – дұрыс емес, Алла түзелуді бұйырған...

Тағдырды өзгерту ақыл мен сезімге, ұжданға, намысқа, мінезге байланысты. Мұның басы, Абай бабамыз айтпақшы, әркімнің әр кеште өзіне-өзі есеп беруден басталады. Есеп беру, сезімдінің бойыңдағы кемшілігін білуіне көмектеседі. Өзінің мінезіндегі кемшілігін ерте біліп өзгерткен адамдар, бүгінгі заманда Құранға сүйенеді. Оны терең зерттеп оқу арқылы, теріс жолға бұрылып бара жатқан тағдырын түзеп алады. Солардан бір тобы: адасқан ағымдарға алданып не араққа беріліп, кейін олардан бас тартқан Ақылдылар және ұрлықтан, бұзықтықтан, қиянатшылдық пен өсекпаздықтан т.б. тыйылғандар. Бұлар өз мінездерін Имандылық Жолына өз ерік күшімен бағындыру тәсілімен, бұзылғалы тұрған отбастарын да қорғап қалады.

Халық – Құдайдың бір аты. Осы халық айтқан: «Тағдырың өз қолыңда», «Талапты ерге нұр жауар», «Алладан сұраған



мұратына жетеді...», «Құдай деген құр қалмас»-деген сияқта мақалдар, осыларға қарап шығарылған болар.

Әңгімеміздің өзінен түйінделіп тұрғандай-ақ, «Болмайды!»-деп, кегежіктеу – қателік. Белді байлап жақсылықтарға ұмтылу – ұждандылық. Мұқағали ақын: «Боларды да, болмасты да болады, деп арманда»,-деген. Адамдар: «Жақсылармен аралассан, өзің де жақсы боласың, отбасың да жақсы тағылыммен өседі»,-дейді. Болады, деп үміттеніп, жақсылармен – «Фатыр» сүресінің 32-аятында айтылғандай жақсылықтарға тырысып Тақуа Мұсылмандармен сіз-біз дессең, тағдырыңды Оң Жолға бұрғаның.

Оңға бұрыл, бәлкім, Алла тағала саған көздеген биігіңе жетуіңе кең жол ашып қойған болар. «Мәриям» сүресінің 84-аятында: «...**Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз**», -дейді. Бәлкім, сенің де сол Жолға келгеніңше Алла уақыт санап отырған болар. Егер үлгірсең, тағдырыңды түзеп, көздеген жақсылықтарыңа жетесің; ал, кегежіктеп тартына берсең, күннің саны толған секөнттен жаза бұйырылар.

Аллаға жала жабатын, үлкен қателік – өз-өзіне қол салу. Бұл – негізінен пенденің жүрегін күмәнкір басуынан; тағдырына сабыр ете алмауынан; қанағатсыздықтан не қысқа пайымдылықтан қателесуден шекараға жеткен жерден, туа қалатын ауру. Бір сөзбен айтқанда, Құдайды мойындамайтындығынан. Мұсылманшылық – сабыр, қанағат, шүкіршілік, төзім, үміттер мен құлшылықтардан тұрады. Аллаға сенімі күшті адам, осы амалдарға құлап, Имандылығын арттырады – Алланың қамқорлығында болады да ауырмайды, соның ішінде өзіне-өзі қол салмайды.

Өзіне-өзі қол салу деген – Аллаға, Алла жазған тағдырға қарсы болу, наразы болу деген сөз. Іштей күңіреніп, наразы болып жүретін адамға шайтан билік айтып, бұл жалғаннан құтылуға асықтырады. Күмәнді жүректің арғы түкпірінен Иман әсте ғана, өмірден түңілмей, сабыр етуді сыбырлайды. Бірақ, кірлеген жүрекке анық орналасқан шайтан Иманның Сөзін инабатқа алдырмайды. Нәтиже жамандыққа алып барады.

Бір анық жері – өз-өзіне қол салған адам қалай өлген болса, ол бұл жалғанға тез қайтып келеді. Бірақ, сол көңілі толмайтын, сабыры жетпейтін кемшілікпен, мұқтаждықпен жасап және өзіне қол сала береді. Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) асылып өлгеннің жібi, пышақпен өлгеннің пышағы Қияметте мойнында салбырап тұрады, деген мағынадағы хадисінің астары осы.

Сондықтан тағдырға көңіл толмағандай жайсыздық сыр бергеннен, бұл шайтаннан екенін түсініп (5), Алланы еске алып, құлшылыққа жығылу – Ақылдылық болады. «Мен Сенімен біргемін! Лағнеттелген шайтаннан қашып, құтқарушы, құдыретті Өзіңе паналаймын! Сен – Пәксің, аса Мейірімдісің, ерекше Рахымдысың...», -деп басыңдағыны айтып, Аллаға ұзақ-ұзақ жалыну керек. Үйдегі және атыраптағы адамдармен (жаман көрсенде) Алла үшін сыйласып, жылдар бойы қалыптасып қалған: қоғамға көңіл толмау, басшылар мен несібелілерді күндеу сияқты тұрпайы мінездерді сындыру абзал.

Және бір түрі, ондай жағдайдағы пенде Құран Кәрімді оқымақ болса да, құлшылық қылмақ болып, жайнамаздың үстіне тұрса да қиялына жаман нәрселер келе береді. Жаман ойлар мазалайды. Мұның барлығы – пенденің тәубесіне келіп, Алланы есіне алып, Оған жығылғанына іші күйген шайтанның, жаны күйіп, жан далбаса өшігуі. Мұндай жағдайдағы тиімді амал – ешбір ойға алданбай, үрейлерден тайсалмай: «Фатиха», «Аятүл» күрсі, «Ықылас», «Фалах», «Нәәс» сүрелерін қайталай беру керек. Оңашада да Алланы көп мақтау керек. Осылай еткен тағдырда жүрек тазарады, пенде жалғыз Алламен қалады.

Біз «Пайғамбарлар қиссасында» Алла мен шайтанның ортасындағы шарттасуды толық баяндадық. Алланың оны Құлына не себепті ерікті ететінін («Зұхрұф» с. 36-а; «Сәбә» с. 21-а) де айттық. Одан сақтану үшін Құранның айтуымен тірлік етсе жаңағы сүрелерді жатқа біліп, жиі айтып жүрсе, оған еш қандай жамандық, жын-шайтан жолай алмайды. Олар қауіп-қатерден, шайтанның азғыруынан – барлығынан, барлығынан құтылады. Алла Мейірімін салып, өмірі мазмұнды әрі қуаныштар мен жетістіктерге толып жайлы өтеді.

Алланың алдында ұятқа қалмайық, Тақуалық мектебінің жақсы оқушысы болайық!

- - - - -

1. «Қасас» сүресінің 77-аяты: «Алланың саған берген дәулетімен Ақырет жұртын ізде де дүниедегі несібенді де ұмытпа. Алла, саған жақсылық еткендей сен де жақсылық істе, сондай-ақ, жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Алла бұзақыларды сүймейді».

2. «Һұд» сүресінің 114-115-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) күндіздің екі жағында, (таң және екінді намазы) Түннің

күндізге таяу кезінде, (ақшам, жашыйық) намазын толық орында. Шынында жақсылықтар, жамандықтарды жояды. Бұл – түсінушілер үшін бір насихат». «(Мұхаммед с.ғ.с.) сабыр ет. Расында Алла, жақсылық істеушілердің еңбегін жоймайды».

3. «Ісра» сүресінің 83-аяты: «Біз адам баласына нығмет берген кезде, жалтарып, бір жағына қыңырайып алды. Қашан оған бір сәтсіздік жетсе, мүлде күдер үзеді».

«Жүніс» сүресінің 96-аяты: «Расында өздеріне Раббыңның қарғысы лайық болғандар Иман келтірмейді».

4. «Ниса» сүресінің 120-аяты: «шайтан оларға уәде беріп, оларды босқа үміттендіреді. шайтанның оларға уәдесі – алдау ғана».

5. «Ағраф» сүресінің 200-201-аяттары: «Егер шайтаннан саған бір түрткі болса, лезде Аллаға сиын. Өйткені Ол – толық Естуші, өте Білуші». «Тақуаларға шайтан тарапынан бір сыбыс тисе, олар Алланы еске алады да қырағылық істейді».

### «Ештен кеш жақсы»

Мәтелдегі «еш» сөзі – «түк», «мүлде», «жоқ» сөздерінің баламасы. Мәтел – «Түк хабарсыз кеткеніңнен гөрі, кеш болса да келдің ғой!» «Еңбегінің нәтижесінен ештеңе көрмес, деп, қорқып жүр едім, кеш болса да еңбегі бағаланып, сыйлықтанды», - деген сөйлемдердің поэтикалық құрылымы.

Өзім қатарлыларға намаз оқуды айтсам:

– Миым алмайды. Әрі-бері оқып, жаттауға тырысамын, ұмытып қала беремін...»,-деп сылтауратады – өзінің ынтасыздығын, жалқаулығын жасырады. Мен айтамын:

– Мұсылмандар арасында: «Мұсылманшылық әстә-әстә, кәпір болу бір пәстә», - деген мақал бар. Сен асыққаның үшін, ұмытасың. Ал, асықтыратын шайтан. Асықтырғанда ол сені тез жаттасын демейді, керісінше: «Жалықсын, жаттаудан бас тартсын», - дейді. Тіпті, жаттап алғаныңнан кейін де сенің жетістігіңді қызғанып, түрлі ойларға тартады, көзіңе бірденелерді елестетіп, ашуыңды козғайды,- деймін. Сонда біреулері:

– Иә! Қайдағылар есіңе түседі. Көзіңе қоқыстар, әжетхана елестейді,-деп, өзінің осындайлардан шошынып, жаттаудан

тыйылғанын айтты. Мен ол шайтанның амалы екенін түсіндірдім. Және Алла Адамды (ғ.с.) топырақтан жаратып, Рухын салғаннан кейінгі оқиғаны баяндап, ізін «Бақара» сүресінің 34-37-аяттарымен, «Ағраф» сүресінің 11-27-аяттарымен толықтырып (1), сосын: **«(Алла адам баласының) бір тобын Тура Жолға салды және бір тобы адасуға тиісті болды. Өйткені, олар Алладан өзге шайтандарды дос тұтты да олар өздерін тура жолдамыз, деп есептеді»**,-деген 30-аятты айтып, сылтау айтқыш өздерінің шайтанға ергендерден екеніне көздерін жеткердім.

Олардан бірі осы сүредегі 16-аятты назарына алып:

– Әйтеуір, бірденесі бар! Ойымды еш қайда бөлмейінші деп-ақ, тырысамын, болмайды ғой! Сөйтсем, Аллаға осылай сөз берген екен ғой.

– Иә, солай сөз берген. Сөйте отырып ол: **«Бірақ, олардың ішіндегі нағыз Құлдарынды адастыра алмаймын»**,-деп, өзінің нағыз мықтылардың алдында әлсіз екенін де мойындады. Алла да Өзіне Иман келтірген Құлдарына сеніп: **«Менің шынайы Құлдарыма ықпалың жүрмейді...»** («Хыжыр» с. 40; 42-а),-деді. Біз шынайы Құлдарынан болуға міндеттіміз,-деп, сосын оларға асықпай, күніне бір Аяттан емес, бір Сөзден жаттауды үйреттім.

– «Фатиха» сүресінсіз намаз болмайды. Құранның «Хыжыр» сүресінің 87-аятында: **«(Мұхаммед) Біз саған қайталанып оқылатын жеті Аятты және ұлы Құранды бердік»**,-деген. Мұны Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) «Фатиханы» оқымағанның намазы қабыл болмайды»,- деп түсіндірген.

Осы «Фатиха» сүресі жеті Аяттан, жиырма бес сөзден тұрады. Осыдан күніне бір сөзден жатта. Сонда 25 күнде басты сүрені толық үйренесің. «Мәсәд» сүресі бес Аят, 27 сөз; «Ықылас» сүресі төрт Аят, 15 сөз; «Фалақ» сүресі бес Аят, 26 сөз; «Нәс» сүресі алты Аят, 21 сөз. «Фатиха» сүресі мен бұл төрт сүренінің Аяттарын қосқанда, барлығы - 114 сөз болады. Егер күніне әр сүреден бір сөзден жаттап жүрсең, 114-120 күнде бес сүрені де жақсы жаттап аласың. Сосын «Әттәхият» дұғасы мен салауат 70 сөздің атырабында. Бұларды да сөйтіп – бір сөзден жаттасаң, 200 күнде толық намаз оқитын боласың. Осы Аят, дұғалармен таң намазының екі рәкәт сүндеті мен екі рәкәт парызын оқисың. Ізі жалғаса береді.

Ал, егер тілім келмейді, басым алмайды, деп жүре берсен, өміріндегі екі жүз күнің бос өтеді. Сонда кім ұтылады? Сен бе, әлде, желкеңнен тартып тұрған шайтан ба?

Әрине, сен ұтыласың, ол жаңағы «Ағраф» сүресінің 16-аятында айтты ғой: **«Ендеше мені қаңғыртқаның себепті, әлбетте, мен де оларға қарсы Сенің Тура Жолыңның үстінде отырып аламын»**,-деп. Сені жақсы білетін ол, жалықтырып, ойыңа әр нәрсені салып, Тура Жолдан тосып отыр. Сондықтан ол жағаласқан сайын сен оны жеңуге тырысып, оған қарсы қырсығып ұмтылсаң, жеңесің. Сен өзіңе жөн кеңес айтқан адамға қырсық па, күшті болсаң, шайтанмен тірес, оны жең.

– Әй, енді жасымыз өтіп кетті...

– Олай деме. Осы кеңестерді маған саған айтқызып отырған Тура Жолға шақырушы, саған Мейірім қылып отырған, бір Құлдары арқылы екінші Құлдарын қорғаушы (2) – Алла, ал, саған осы сөзді айтқызып, Алланың Жолынан қайтарып отырған опасыз дұшпан – шайтан. Сен оған әбден сыр алдырып болғансың, ол сенің осал жеріңді жақсы біледі. Содан ол саған: «Әй, енді жасымыз өтіп кетті»,-деген сөзді айтқызып отыр.

Алла Тағала бірнеше Аятта қалаған Құлын жарылқайтынын айтқан. «Әли Ғымран» сүресінің 73-74-аяттарында: **«...Шын мәнінде кеңшілік Алланың қолында. Ол кімді қаласа соған береді. Сондай-ақ, Алла – аса Кең, әр нәрсені Білуші»...**», **«Ол қалаған кісісіне мәрхаматын арнайды және Алла зор кеңшілік Иесі»**,-дейді. Алла сенің уақыт өтіп кетті, тілім қайтпайды, миым алмайды, деп, шайтанға алданып жүргеніңді; бүгін міне, менімен сөйлесіп отырғаныңды және осы мен айтқан насихаттарды қаншалықты дұрыс қабылдайтыныңды толық біліп отыр. Ниетің, пейілің Оған ай мен күндей аян.

Сондықтан сылтау айтпа, керісінше, жақсылыққа ұмтыл. Бәлкім, Алла мәрхаматын арнар.

«Мәида» сүресінің 48-аятында әр дінге өз алдына Жолдар белгілегенін айтып, әркімге сол өзіне белгіленген **Жолда жақсылыққа жарысуды** тапсырған. «Әнбия» сүресінің 94-аятында: **«...кім Иман келтіріп жақсылық істесе, оның еңбегі босқа кетпейді. Күдіксіз оған жазамыз»**,-деген. Ал, «Зүмәр» сүресінің 53-аятында: **«Әй, өздеріне зиян қылған Құлдарым!**

**Алланың Рахметінен күдер үзбендер. Алла бір тұтас күнәларды жарылқайды. Өйткені, Ол – тым Жарылқаушы, төтенше Мейірімді»...**», -деген. Осы Аят саған және сен сияқтыларға арналған. Сондықтан кеш қалдым, уақыт өтіп кетті деп, жақсылықтан үміт үзбей, бір сөзден болса да жаттап, намаз оқыған абзал.

Әр дінге бөлек-бөлек Жолдар белгілегенін айттым ғой. «Әли Ғымран» сүресінің 85-аятында, Алланың құзырында Исламнан басқа дін қабылданбайтынын ескертсе, 101-аятында: **«Әй, Момындар! Алладан шынайы қорқумен қорқындар да Мұсылман болған күйде ғана өліңдер»**,-дейді. Сені мен бізді Мұсылманның отбасында жалғанға әкелді ме, демек, екеуіміз де Мұсылманбыз. Бұған қарсы келмеуіміз керек. «Бақара» сүресінің 161-162-аяттарында: **«Расында сондай қарсы келгендер және қарсы болған күйде өлгендер; міне, соларға Алланың лағнеті әрі Періштелердің және біртұтас адамдардың лағнеті болады»**, **«Олар лағнетте мәңгі қалады, олардан азап жеңілтілмейді де оларға мұрса берілмейді»**,-дейді. Қарсылық жақсы емес. Алладан үміт үзбей тырысу жақсы.

– Мен Аллаға қарсы емеспін.

– Сен Алланың барлығына, жалғыздығына қарсы емессің. Бірақ, Оның Әмірлерін орындамағаннан кейін, Оның барлығына куәлігің жоқ қой.

Мұсылманның бес парызы – Аллаға Иман келтіргендігінің куәлігі. Бұл – бір.

Екіншіден, неге Алла шайтанды Жәннаттан қуды? «Адамға сәжде қылыңдар! –деген бір ауыз Сөзін тындамағаны үшін, яғни, қарсы келгендігі үшін. Мән бер «Адамға сәжде қылыңдар»,-деген үкіміне – әміріне қарсы шыққаны үшін.

Сен де: **«Әй, адам баласы! ...сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларына құлшылық қылыңдар. Әрине, сақтанған боласындар»**,-деген «Бақара» сүресінің 21-аятын, намаз оқуды бұйырған 43; 45; 110-аяттарын тындамай жүрсің. Осы қарсылығың емес пе?! (3)

Мәселен, сенің жан досың бар. Сен сенімдісің – ол сенің ең жақын жан досың. Ол сені үйіндегі әрбір қуанышына шақырады. Саған қайғы түссе тез жетіп келіп, қайғыңды бөліседі. Солай болғанмен сен оны сірә, арнайы шақырмайсың. Оған қайғы келе

қойса, не болса соны сылтау етіп, көкүн арқылы көңіл білдіресің де қоясың. Осы достық баянды болатынына кепілдігің бар ма?

– Жоқ.

– Әлбетте, баянды болмайды. Алла да сондай. Саған мықты денсаулық берді ме? Берді. Заманың тыныш әрі ғылым-білім іздеуге мүмкіндік жеткілікті ме? Жеткілікті. Қарының тоқ па? Ток. Осының барлығы Алланың беріп отырған нығметі емес пе? Енді сен осыған жауап ретінде Алланың айтқанын істеп, құлшылықта жүруің керек емес пе?

Өйтпесең, досыңның достығына достық қарымтасын қайтармағаның сияқты, Алланың нығметтерін бағаламаған боласың, яғни, Оған қарсысың. Сол себепті «Мәриям» сүресінің 84-аятында ескертілген мерзім біткен Күні, Алламен сенің ортан үзіледі. Сосын барып кемшілігіңді білесің, Оған жалынасың. Бірақ, кеш болады. Алла Тағала және бір Аятында басына Қиямет келгеннен кейінгі тәубенің қабыл болмайтынын айтқан. Сондықтан ол-бұл деп сылтау айтқанды қою керек. Керісінше, ілгеріге ұмтылған жақсы. «Іншиқак» сүресінің 6-аятында Оның Рахметіне бөленуге ұмтылғандар Оған жететінін хабарлаған. Тырыссаң, намазға жығылып, Аллаға жетесің.

Бабаларымыз: «Ештен кеш жақсы», -деген. Мұның мағынасы – «болмайды, болмады», деп өмірді бос өткергеннен, кеш болса да талаптанып ұмтылғанның жақсы екендігі.

Біз «Бақара» сүресінің 161-162-аяттарын айттық. Енді «Мәида» сүресінің 60-аятын оқиық: **«...Алла біреуді қарғап, оған ашуланса және олардан маймылдар, доңыздар, бұтқа табынатындар қылса, міне солар, орны жаман және Тура Жолдан мүлде адасқандар»**, -дейді. Бабаларымыз айтқан мақалдағы «еш» сөзі, міне, осы Аяттардың үкіміне құрбан қылатын амалдың хабары; ал, «кеш» сөзі бұл азаптардан арашалайтын амалдың дерегі. Сол үшін уақытты, кәрілікті сылтау қылмай, Алланың Тура Жолына түсуге талпыну керек.

Уа, Тақуалық мектебінің түлегі, ойлан! Алла «Жүніс» сүресінің 100-аятында, азапты Ақылын жұмсамайтындарға беретінін ескерткен. Ал, «Бақара» сүресінің 130-аятында: **«Өзін білмейтін ақылсыздан басқа кім Ібраһимнің Жолынан бет бұрады»**, -деген. Енді ойлан, өзінді Ақылды санайтын болсаң, сылтаудан бет бұр, Ібраһимнің Жолына – Мұхаммедтің Жолына жығыл.



**«Өзің білме, білгеннің тілін алма!» – деген –  
қарғыстың жаманы!...»**

Бұл – «Әнфал» сүресінің 24-аяты: **«Әй, Момындар! Сендерді өздеріне тіршілік беретін нәрсеге шақырған кезде, Алланың әрі Елшісінің тілін алыңдар.** Және де Алланың кісі мен жүрегінің арасына дейін килігетінін біліңдер. Шәксіз Алла тарапына жиналасыңдар», -деген Аяттың түсіндірмесі.

«Осы елде боз бала жоқ сөзді ұғарлық», -деп өткен Абай бабамыз, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», -деп басталатын өлеңінде замандастарының жағымсыз қылықтарын айта келіп:

Наданға арам ақылды құлаққа ілмек,  
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.  
Рас сөздің кім білер қасиетін,  
Ақылсыз Шынға сенбей, жоққа сенбек.

Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек,  
Қызықты ертегіге көтерілмек.

**Ақсақалдың, әкенің, білімдінің,**

**Сөзінен сырдаң тартып тез жиренбек,** -деп, жастардың сиқын суреттейді. Бабаларымыз елдегі осындай тез жиренетін балалардан әбден безер болғанда осылай қарғаған. Немесе: «Өзің білме, білгеннің тілін алма», -деген – қарғыстың жаманы, -деген» бар. Байқа бала!...» -деп сес көрсеткен.

Енді «...білгеннің ...» тілін алу керек болған – **білген** кім? Әлбетте, Ол – алдымен, әуел бастан жаратқан, ең жақсы Мұрагер, бәрін Білуші, Қиямет күнінің Иесі – жалғыз Алла. Сосын Оның Сөздері жиналған Құран мен Алланың Өзі көркем тәрбиелеген, сүйікті және ең сенімді әрі ең соңғы Елшісі Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.). Бұлардан кейінгі **білген** – Құран мен Мұхаммед (с.ғ.с.) салып кеткен Жолды жақсы игерген және сол Жолда таза жүріп, Имандылықты міндетсіз меңгерген, ел ілтипатына бөленген, өмірде көргені мен білгені көп Тақуа.

Бұл қарғыс-мақал соларға құлақ салмайтын бетіне кеткендерге: тілі мен жағына сүйенген қырсық кесапаттарға, кегежіктеген кешелерге (1) нала болғаннан айтылған, лағнет сөз.

Алланың Жолында малымен, жанымен саф күрескен балаларымыз, келер ұрпақ арасынан ғайридіндерге еретіндер мен мұнафиқтар шығып, асыл дінімізді бұрмаламасын, ластама-

сын деген сақтықпен осы қарғыс-мақалды қалдырған. Құранда Алла: **«Өзін білмеген ақылсыздан басқа кім Ібраһимнің (ғ.с.) Жолынан бет бұрады? Расында, Оны дүниеде таңдадық әрі күдіксіз Ол, Ақыретте де игілерден болады»** («Бақара» с. 130-а),-деп және Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) пен Оған (с.ғ.с.) ергендердің осы игілерден екенін ескерткен.

Тақуалық мектебінде жақсы оқып, білгендердің тілін алайық! Бейіштік болайық!

- - - - -

1. «Ісра» сүресінің 83-аяты: **«Біз адам баласына нығмет берген кезде, жалтарып, бір жағына қыңырайып алады. Қашан оған бір сәтсіздік жетсе, мүлде күдер үзеді».**

«Әли Ғыман» сүресінің 105-аяты: **«Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін сондай бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне, соларға зор азап бар».**

«Жүніс» сүресінің 8; 96-аяттары: **«Осылардың істеген күнәлары себепті орындары тозақ». «Расында өзіне Раббының қарғысы лайық болғандар Иман келтірмейді.**

\* \* \* \* \*

## **«Жарылқаушы да, жазалаушы да – жалғыз Өзі»**

Байлықты жинады. Қартайған сайын көп мазасызданып: «...мұнша дүниеге балам иелік ете ала ма?! Қызғаншақтар опасыздық ете ме?!...»-деп, түрлі қиялдармен, Аллаға құлшылық қылып, Алладан пана тілеуді ескермей, **«Ойын тәңір жасап...»** (1), төмендегідей бір тоқтамға келген, Байекең, ертеңнен бастап баласына қару сатып алып беріп, баласы мен немерелеріне қара-тә, таэквондо сияқты төбелес түрлерін үйрететін болды. Сөйтті. Мықты жаттықтырушыларды жалдап әбден шыңдады. Баласы мен немерелері өздерін сынап көру үшін үлкен додаларға түсіп, қай бірінде бірінші, кейінде екінші орындарды иеленіп, өздеріне өте сенімді болды.

Арадан уақыт өтіп, шетелге бармай, өзіміздегі университеттерде оқып жүрген немерелері түрлі жарыстарға қатысатын. Бәрі жақсы еді. Бірақ, үйінде бірде бір намаз оқушысы жоқ, дастархан басында Өзіне шүкір етіп, Өзін еске салып отыратын Иманды

біреуі болмаған, байлығы мен күштеріне сенген бұл шаңырақты Алла, шайтанның еркіне қалдырған болатын.

**«Азап оларға, олар сезбеген түрде кенеттен келді».** Бір күні немерелері, жаттығудан шығып келе жатқанда, түн ішінде, есіктің алдында кездескен бұзықтармен төбелесіп, бұлар бұзықтардың біреуін өлтіріп қойды. Ел тыныштығын күзетіп жүрген полицейлер де сап ете қалды. Бұлар мәйітті жасыра алмады. Бұл әшкере болғанда, ағасын кім өлтіргенін білмей жүрген бір дұшпаны да бұларға жабыса кетті. «Ағам да дәл осындай тепкіден бауыры мен басынан жараланып өлген болатын. Бұлар ағаммен қастасқан еді...»-деп, бәле үстіне бәле жамады. Үлкен тергеу басталды. Тексеріс нәтижесінде үйінен заңсыз сақталған қару да табылды. **«...балалары, малдары Алладан (келген) еш нәрсеге төтеп бере...»** (2) алмады.

Бұны көтере алмай, жалғыз ұлының-немерелерінің әкесінің миына қан құйылып, сал болып құлады. Қанша дәлелдеуге ұрынғанмен, байлығын «шашқанымен» екі немересін арашалап қала алмай өзі де қан қысымы ауруынан көз жұмды. Не байлығы, не қаратэ, таэквондосы, қаруы көмектеспеді. Табан астынан тажалдай болып келіп, екі жыл бойы қайғы үстіне қайғы қосқан тағдырға шыдай алмай, кемпірі де кетті...

Баласын қаруландыруы да, баласы мен немерелеріне байлықты қорғайды, бастарын қорғайды деген мақсатта әлгіндей спорт түрлерін үйретуі де – Аллаға серік қосу еді. Алла Байкеңе тілеген байлығын берді, Өзін еске алуын да уақыт беріп күтті. Бірақ, ол Аллаға емес, қаруы мен байлығына сенді. **«... Оларды жылдарша қамтамасыз етсек те»** («Шұғара» с. 205-аят) Алланың Жолымен жүрмеді. Сол надандықтарының кесірінен ойына сенген Байкеңнің ақыры осылай болды.

**«(Мұхаммед с.ғ.с.) ... сені олардың малдары, балалары таңырқатпасын. Шынында Алла олар арқылы оларды дүние тіршілігінде азаптауды және қарсы болған бойда олардың жандарының шығуын қалайды»**,-деп, байлығы мен барын Өзіне серік қосқандардың, тағдыр жеткен күнгі жайының не болатынын ұқтырады. Бізге де ондайларға таңырқаудың, еліктеп, естен танудың пайдасы жоқ. Өзімізді жарылқаушы да, құтқарушы да жалғыз Алланың Өзіне ғана тапсырып (3), қорқынышсыз (4), алаңсыз бақытты жасауды Өзі нәсіп етсін.

-----

1. «Фурқан» сүресінің 43-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **ойын тәңір жасап алғанды көрдің бе? Сонда сен оларға кепіл боласың ба?»**»

2. «Әли Ғымран» сүресінің 10-аяты: «**Расында сондай қарсы болғандардың балалары, малдары Алладан (келетін) еш нәрсеге төтеп бере алмайды. Міне солар тозақтың отындары.**»

3. «Лұқман» сүресінің 22-аяты: «**Кім өзін Аллаға тапсырып, игілік істесе, сонда ол, расында берік Тұтқаны ұстаған болады. Бүкіл істердің соңы Аллаға тән.**»

4. «Бақара» сүресінің 38-аяты: «**Жаннаттан бәрің түсіндер, Менен сендерге бір Туралық келсе, кім сонда Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ әрі қайғырмайды,**»,-деген едік».

### **«Алла – бәрін Білуші»**

Имандылықты, Исламды насихаттаушылар әрбір уағызының соңында: «Байқау керек! Біздің нені істеп, нені істемей жүргенімізді Алла жақсы біледі. Алла – бәрін Білуші!»-дейді. Бұған талас жоқ, Алла – бәрін Білуші. Пенденің өткенін де, алдағысын да, тіпті, пенденің аузынан шығармаған – жүрегіне тиген адал-арам ойын да біледі.

Бұл туралы Құрандағы мүшріктердің қулық қылмақ болғандары, олардан бұрын бәрін Білуші Алланың жазасын бергендері хақындағы Аяттардан білеміз («Әли Ғымран» с. 54; «Хашыр» с. 2-а).

Тақырыбымызға оралсақ та Алланың – бәрін Білуші екеніне көз жеткереміз. Құранда: «**(Әй, Момындар!) Сендерге сүйкімсіз болса да соғыс парыз қылынды. Бір жек көрген нәрселеріңнің сендер үшін қайыры болуы мүмкін. Және жақсы көрген нәрселеріңнің сендерге жаман болуы да мүмкін. Алла (Т) біледі, сендер білмейсіңдер**» («Бақара» с. 216-аят),-деген, Алла Тағала – Пәк, Ол – бәрін Білуші. Сондықтан сол тағдырды берді.

Бірде бір досыммен өмір жәйлі пікір алысып отырдық. Әңгіменің бір ретінде ол: «Әкем ерте қайтыс болды. Біз алты бала анамызбен қалдық. Әкемізді көп еске алып, кейде жылап та жүрдік. Жасым қырықтан асқанда өзімнен өзім: «Әкемнің ерте өлгені дұрыс болыпты»,-дедім. Себебі, біз арақ іштік. Темекі шектік. Төбелестік. Ол кісі тірі болғанда біздің бұл

диуаналықтарымызға шыдамай, бізге үгіт-насихат айтар еді, біз тыңдамай және қайталар едік. Содан бір күндері сөз қайтарып, көңіліне тиер едік. Сосын ол қарғар еді...», - деді.

Міне, осы әңгімені талқыласақ та 216-аяттың өзімізге оқылуын көреміз. Әкесі өлгенге ренжіді, тірі болғанын жақсы көрді. Бірақ, тірі жүре бергенде расында да бұлар оның қарғысына ұшырауы мүмкін еді. Солай болдырмау үшін Алла әкесін ертерек әкетті.

### «Жазмыштан озмыш жоқ»

Қасиетті, дана бабаларымыздан ұрпағын сабырға шақыратын, тағдырға шүкір етуге үндейтін осындай да мақал қалған. Бұл – өлімді жерде, әлдеқандай көңілсіз жағдайлар үстінде қолданылатын жұбату.

Бұл – «Мүрсәлат» сүресінің 23-ші, «Хадид» сүресінің 22-23-аяттарының түсіндірмесі. Аяттарда: **«Оның тағдырын мөлшерледік. Нендей толық күшке иеміз»**, -десе, келесі сүреде: **«Жер жүзіне сондай-ақ, сендерге мүбәдә бір бейнет келсе, ол, жаратуымыздан бұрын Кітапта жазулы. Шәксіз осы Аллаға жеңіл»**. **«Бұл – өткенге өкінбеулерің, өздеріңе берілгенге сүйінбеулерің үшін. Алла бүкіл тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді»**, -деген. Аяттардан түйетініміз, Алла бізді тәкаппар болмасын, мақтанып, шектен шықпасын, деп, о бастан маңдайымызға бейнеттер жазып қойғаны. Бұған сабыр еткендер, әрине, Алланың сыйлығына жетеді.

1871 жылдар шамасында, Әмударияның атырабында жасап жатқан елдің арасында, Аюбайдан тараған Бижан, Наурызбай деген жігіттер өмір сүрген. Жеке меншігімен күн көрген. Бижан ертерек үйленіп, Наурызбай жиырма беске келгенмен үйлене алмай жүрген. Туысының мұнысына ашынған Бижан, елге шығып құда болатын үй таңдап, қыз іздеп, ойындағысы болмай, тама руынан өзіне ұнаған бір кісінің, бесікте жатқан бір жасар қызын атастырып қайтқан. «Алланың жазғаны осы болар! Кеш те болса, ізінде жақсылық бар ғой!» -деп, қуанып қайтқан ол, үйге келгесін інісі Наурызбайға: «Шашымды алып бер», -депті. Бәкісін алып, шашты қыра бастаған інісі: «Қайда бардың? Кімге құда түстің?» -дегенде, бесіктегі, Алтыншаш атты, бір жасар қызды атастырып келгенін

айтады. Бұған ашуланған Наурызбай қолындағы бәкімен басына бір ұрып, қанын ағызып кетіп қалады. Сол кеткеннен қарасын көрсетпей, он жеті жыл жүріп, Алтыншаш он жетіге толғанда, елге оралып, Бижан құдасымен хабарласады. Мұны есіткен Алтыншаш: «Шалға тимеймін!»-деп, өзін Әмударияға тастайды. Бақытына балықшылар жақын манда болып, ұстап, аман қалады. Әкесі Бижан мен Наурызбайды шақырып алып беріп жібереді.

«Жазмыштан озмыш жоқ» екен. Ағасына ашуланған Наурызбай бауырынан безіп, қаңғырғанда не бітірді? «Шалға тимеймін!»-деп, дарияға батып өлмек болған Алтыншаш не тапты? Алланың жазуы ғана болды. Наурызбай 42 жасында 17 жасар Алтыншашқа үйленіп, олардан ұлдар мен қыздар туылған. Олардың немере-шөберелері қазір ортамызда. Осы әңгімені баяндаған да солардың өздері.

\* \* \* \* \*

Алла Тағала Қияметтің қас қаққаннан да тез келетінін («Нахыл» с. 77; «Нәміл» с. 72-а) ескерткен. Даналардың бір өсиетінде адам жорықтағы жауынгердей, әр қандай жағдайға дайын жүруін айтқан. Расында, әлі жеткенше құлшылығын жасап, шаруасын жайлап, әрқайым жүрген жұрт, кеңестер үкіметі келеді, байларды, билер мен білімділерді қуғындайды, қамайды, атады, деп сірә, ойлап па?

Мына оқиға 1929 жылы болған екен. Осы жылы бәлшебектер байлардың малына қол салып, олар келіспей елден тыныштық кетіп, береке көтерілген. Сонда Ахатай деген жігіт, 83 жастағы бай Әлібаймен бірігіп, қол бастап, Құлақанатаның маңына жүз үй тігіп, бәлшебектерге қарсы соғысқан. Бай Әлібайдың төрт әйелінен туылған он үш баласы да өзімен бірге болған. Ахатай да, жанындағы жігіттері де өте сергек жандар екен. Мұны ауылдың аузы сасық аңқаулары бәлшебектерге жеткерген. Содан олар аңдып жүріп, таң алдында қоршап алған.

Әлібайдың желден жүйрік бәйге аты болыпты. Сонда бәлшебектер: «Оның көзі түссе бізден құтылады», -деп, қауіптеніп келіп, алдымен Әлібайды қолдарына алған екен. Онымен тілдесіп тұрғанда, Ахатай қоршауды бұзып, бәйге атпен қашқан. Қызылдардың назары бір сәт оған ауғанда, қалғандары да жан-жаққа қашады...

Ахатай құтыла алмаған. Жабыла атқан бәлшебектердің бірінің оғынан көз жұмған.

Әлібай бәлшебектерге: «Мені апарып қамағанда не пайда таппақсыңдар? Одан да атып кеткендерің жақсы», -деп тілек білдіріпті. Дұшпаны бұған келісіпті. «Екі рәкәт намаз оқып алайын, сосын ат!» -деген сұранысы бойынша, намазын оқып болғаннан атып кетіпті. Көмбепті. Мұны есіткен ауыл адамдары да жақындай алмаған. Бәлшебектердің тәртібі бойынша мұндайға жанасқан адам да халық жауы атанған. Екі-үш күннен кейін күйеу баласы жасырынып келіп, жатқан жеріне көмген.

Айтайын дегенім, Әлібай бай еді ғой. Он үш ұлы болатын. Сонша байлықтан кебін де бұйырмады, он үш баланың бірі де бір уыс топырақ сала алмады. Тек тағдырындағы жазуын көрді. Бәрімізде тағдырымызда не жазылғанын білмейміз. Сондықтан күні-түні құлшылық жасап, Алланың Өзі «Бақара» сүресінің 201-аятында ескерткендей: «... **«Иә, Раббымыз бізге дүниеде де жақсылық бер, Ақыретте де жақсылық бер! Бізді дозақ отының азабынан сақта!»**» -деген тілекте жүрейік. Дұғамызды жүректен оқып жеткере алсақ, бәрі жақсы болады, әрине.

### **«Біреуді көріп шүкір ет, біреуді көріп пікір ет»**

«Бойыңдай бой табылса да ойыңдай ой табылмайды», «Құдай әркімді әр түрлі күйге салған», деген, мақалаларымызда бірнеше Аяттарды келтіріп, Алланың пенделерді әр түрлі тағдырлармен жаратқанын айттық. Біздің шүкір ететініміз – бізді адасқандардан не қарғысқа ұшырағандар тобынан қылмай, Момын-Мұсылман етіп жаратқаны; пікір ететініміз – оларға бекітілген жөн-жобадан, бізге берген Жолдың Туралығы.

Ібраһим Халиулла (ғ.с.) Ажар (р.а.) анамыздан туған ұлы Смағұлдікіне (ғ.с.) келгенде өзі үйде жоқ екен. Үйленіпті. Жас келінінен жағдайларын сұрайды. Сонда ол өтіп жатқан күніне көңілі толмай, нашүкіршіліктің әңгімесін айтады. Ібраһим Халиулла (ғ.с.) кетерінде келініне: «Смағұлға айт, табалдырығын алмастырсын!» -дейді. Кешке Смағұл (ғ.с.) келгенде әйелі болған оқиғаны баяндап, айтылған сәлемдемені жеткереді. Смағұл (ғ.с.): «Түсінікті. Демек, мен сенімен ажырасамын...», -депті. Ажырасыпты. Басқа қызға үйленіпті. Күндер өтіп, Ібраһим Халиулла (ғ.с.) тағы келеді. Баласы тірлік қамымен жүрген. Келінімен сөйлесіп хал-жағдайларын сұрайды. Келін осы күнді берген,



осындай тағдырмен өмір сүргізген Алла Тағалаға сансыз мәртебе мақтау айтып, шүкіршілігін білдіреді. Ібраһим Халиулла (ғ.с.) батасын беріп кетеді.

Міллетіміздің түпкі тегінен қалған осы өсиет, Кәлима білген әрбір Момын мен Мұслимаға үлкен сабақ. Құдайдың бергеніне қанағат қылып, маңдайына жазғанына шүкір етуге ұжданы жетпейтін – дозақ үшін жаралған адам, өзін де, өзгелерді де күнәға бастайды. Бұл ерлерден гөрі шайтанға, жылтыраған мен жалтырағанға бір сүйем жақын жүретін әйелдерге, аналарға тікелей қатысты. Көптеген ер соларды риза етемін, қуантамын, жақсы көрінемін, деп жүріп сүрінеді. Сондықтан осы хикаяны да Алла Ібраһим (ғ.с.) Досының келінін бізге үлгі етіп жеткеріп отыр.

Осы тақырыбымызға тағы бір дәлел, Сәбә (қазіргі Иемен елі) қауымына байланысты «Сәбә» сүресінің 15-19-аяттарының мағынасын әңгімелейік. Сәбә елінде түрлі жеміске бай үлкен екі бақша болыпты. Оның иесі жылда жеміс піскенде атырабындағы жоқ-жұқа, жетім-жесірлерге садақа ретінде несібе беріп тұрады екен («Әнғам» с. 141-а). Сонысының есесіне Алла оның бақшасын түрлі апаттардан сақтап, табысын берекелі ететін. Тақуа бағбан дүниеден өтеді. Бақшасы балаларына қалады. Әр жылғыдай бақшаның жемісі піседі. Балалары бұл бақша да, оның мол өнімі де Алланың беріп тұрған нығметі екенін ойламады. Тіпті, Алланың **нәсіп етуінен** үміттенбей: «Ертең азанда барып жинап алайық. Әкеме құсап әркімге таратпайық. Кедейлер мен жетімдер жеміс қажет болса, өздері егіп алсын!...»-деп, асылық сөйледі. Сол түнде Алла Тағала Өзін естеріне алып: «Нәсіп болса»,-демегені және Алланың: **«...өздеріне берген несібемізден** (Алла Жолында) **пайдаландырады**» «Бақара» с. 3-аят),-деген әміріне қарсы болғандары үшін, яғни, Алланың бергенінен айналасындағыларға беруден бас тартқандары үшін, күшті сел жібереді.

Диқандарда: «Жазда жаңбыр жауғанша, жылан жаусын»,-деген, мақал бар. Себебі, жемістер жетіліп тұрған уақытта жаңбыр жауса, жерде ылғалдылық көбейіп жемістер шырындығын жоғалтып, ащы не кермек болып қалады. Бұл бақшадағы жемістер де ащы болды. Жеміс ағаштары да қурап азайып, орнына жыңғыл шығып, жыңғылды бақшаға айналады. Алланы ескермегені мен

Оның Аяттарына дұрыс амал істемегендігі үшін олар осылай жазланады.

Бұдан басқа, бұлардың айналасындағы кенттердің арасында ауылдар мен араларында сейілдейтін тамаша алаң мен жолдар болыпты. Рахат өмірден көңілі тасқан бұлар, өздері тілеп тұрған тілектерінің соңын ойламай, Алладан сапарларының арасын ұзақтастыруды сұрапты. **Сонда олар: «Раббымыз! Сапарларымыздың арасын ұзақтастыр!»-деп, өздеріне кесірлері тиді. ...оларды аңызға айналдырып, быт-шыт қылып, мүлде тозғындыққа ұшыраттық. Сөз жоқ, бұнда әр сабыр етуші, шүкір етушілерге үлгі бар» («Сәбә» с.19-аят),-дейді.**

Біз де осы екі оқиғадан тағылым алып, бүгінімізге шүкір етейік. Алланы, Алланың әмірлерін ұмытпайық, Ол бізді шайтанға тастамасын («Зұхрұф» с. 36-а).

Рахымды Субханалла Құранда Мұхаммедке (с.ғ.с.) былай деп тапсырады: **«(Мұхаммед с.ғ.с.): «Жер жүзін кезіңдер де күнәкарлардың соңы қалай болғанын көріңдер»,-де»** (Біз теледидар мен ғаламторлар, газеттер арқылы бәрін көріп, оқып отырмыз...Н.Қ.)... **«Күдіксіз Раббың, ... адамдарға кеңшілік иесі. (Кеңшілігі – кешегі Құдайсыздар заманынан кейін және бүгінгідей заман бергені...Н.Қ.) Бірақ, олардың көбі шүкір қылмайды»** («Нәміл» с. 69;73-а),-деп, солардың шүкіріне мұқаж емес, бірақ, **«...бинетке сабыр етіп, нығметке шүкір...»** («Ібраһим» с. 5-аят) қылатын Құлдарына Мейрімді Алла, **«Расында, ... Тақуа Құлдарын жақсы ...»** («Тәубе» 4-аят), көретін Алла, Елшісіне (с.ғ.с.) Мейірлене үн қатып: **«...Осылайша Аяттарымызды шүкірлік қылатын елге айырып баян етеміз»** («Ағраф» с. 58-аят),-дейді.

Бұл, Исламды жатсынбай ерте қабылдаған ұлы Қазақтың бүгінгі ұрпағына да, тағдыры осында тоғысқан Қазақстан халқына да тікелей байланысты. Сондықтан көкірек көзі ашық біздің әрбіріміз сеніміміздің қуатына қарамай, Алланың Өзін тануға сана берген, жіберген Елшісін (с.ғ.с.) түсінуге жете берген, Кітабын оқып зерделеуге білім мен зейін берген («Мүлік» с. 23-аят), Аллаға әр мезет сайын шүкір айтуға міндеттіміз;

бір Құлдарын тума мүтедек, жарымжан немесе ақылдан кем етіп қойған Аллаға, жақсы денсаулықпен жарық дүниені

көрсетіп, ақ пен қараны, арам мен адалды ажырата білсін, деп, сезіммен, ақылмен көркейткені үшін әр мезет сайын мақтау жолдап, шүкір айтуға міндеттіміз;

әлемнің әр түкпіріндегі аш, жалаңаш адамдарды көріп; соғыстан, бұзақылардың жасаған жарылыстарынан берекесі қашқан елдердің адамдарының жағдайын біліп отырып, тағдырымызға дұрыс тәрбие мен Азаматтықтың үлгісін көрсеткен жақсы ата мен ана беріп, Қазақстандай елде туылып, өсуді бұйыртқан Алланы мақтап, мадақтап, сәт сайын, жатсақ-тұрсақ шүкір айтуға міндеттіміз;

әрбір қазақстандық Азамат, осындай заманды, осы күндерді, елдің бірлігінің қызметінде жүрген асыл текті Азаматтарды берген Алла Тағалаға жиі-жиі мақтау айтып, шүкіршілік етуге міндеттіміз;

Президентін, үкіметін түсініп, қолдап, бір атаның баласындай бірігіп жасап жатқан жақсылармен замандас қылған Аллаға қас-қағым сайын мақтау жолдап, сансыз шүкір айтуға әрбіріміз міндеттіміз;

білім алуға, заманнан қалмай бақытты жасауға, бейбіт елдің берекесіне мысқалдай болса да пайдалы үлес қосып, Азаматтық борышымызды абыройлы өтеуге қабілет, мүмкіндіктер берген Аллаға әр сәт сайын ризашылығымызды жүректен ақтарып, шүкір айтуға міндеттіміз;

жанұялы болудай, денсаулық пен саламаттықты, бақытты нәсіп етіп; тәрбиеге көнген, дені сау, ақыл-есі бүтін перзенттер мен ұрпақ бергеніне, оларға мол несібе жазып, нығметтеріне бөлегеніне («Нахыл» с. 72-аят), оларды көрген сайын шексіз шүкір айтуға міндеттіміз;

Азаматтық ары бүтін жақсы бауырлар бергеніне, ағайын мен көршілер, құда-анда, дос-жаран бергеніне шүкір айтып, мақтау мен дәріптеуге әрбіріміз міндеттіміз;

ТМД елдері құрамындағы қариялар 1941 жылдың мамырынан, 1948 жылдың күзіне дейін, ал, шет елге асқан бір шаңырақтар 1930 жылдан 1950 жылдарға дейін той көрмепті, ұл үйленгенмен той жасай алмапты. Соларды ескере отырып бүгінгідей шашылып, еркін ашылып той көруді, той тойлауды, той жасауды нәсіп еткен Аллаға әр сәт сайын мақтау мен шүкір айтуға міндеттіміз;

Ата-бабамыз армандап бірі барса, бірі жете алмай кеткен қасиетті Меккеге қажылыққа баруға, Адамзаттың асыл тәжі,

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) қабырына зиярат жасау мен мешітінде намаз оқудай бақытты бұйыртқан; әлемнің түкпір-түкпіріне қыдырып, жер тану мен ел көруді маңдайымызға жазған Аллаға шын жүректен мың-мыңдаған мақтау айтып, шүкір етуге міндеттіміз;

дәл осы жоғарыда атап өткеніміз сияқты, біз өзіміз білетін, білмейтін, қадіріне бірде жетіп, бірде жетпейтін, бізге төбеден құйылып тұрған сансыз Мейірім мен Рахымның өтеуіне, әрбір нығыметтер мен ғанибеттердің қайтарымына әр дем сайын шүкір айта беруге әрбіріміз міндеттіміз.

Құранда: **«Алланың нығметін санасандар санына жете алмайсындар. Рас, Алла – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді»** («Нахыл» с. 18-аят),-деп, ескерткен. Алла Тағала бізді, жиырма мен жиырма бірінші ғасырдың тұтасқан кезеңінде жалғаншыға әкеп, барлығын білуге денсаулықпен, біліммен қуаттандырып, теледидар мен түрлі сандық-электрондық техникасы жетілген заманға тағдырымызды тоғыстырды. Бұл бізге Алланың Өзін жаңылмай, күмәнсіз тануға берген бағасы жоқ үлкен бақыты. Құран мен хадистерден аз да болса хабары бар біздің, заманымыздың осы ғылыми жетістіктері арқылы өз тағдырымыз бен әлем елдерінің жайын, халқының тағдырын салыстырып, «Бірін көріп шүкір етіп, бірін көріп пікір етіп», Аллаға шүкіршілігіміз көбейіп отыр. Алланы тереңірек танып, Оның ризашылығын алуға мүмкіндіктеріміз еселеп артты. Ендігісі, тек Иман жібiнен мықтап ұстау мен адамды жақсылықтардан жақсылықтар жеткере беретін тәубені тұғыр етіп, шүкіршілік атты байлықтың құшағында құлшылықта болу. Осыны пікірлеуге сана, құлшылық қылуға мүмкіндіктер берген Аллаға сансыз мәртебе шүкір!

Тақуалық мектебі бізге шүкіршіл болуды уағыздайды. Мектептен жақсы сусындап, қуатты Нұр алып, ізіміздегі толқынға жақсы үлгі қалдырайық!

- - - - -

«Нәміл» сүресінің 73-аяты: «Күдіксіз, Раббың әлбетте, адамдарға кеңшілік иесі. Бірақ, олардың **көбі шүкір** қылмайды».

«Ибраһим» сүресінің 5-аяты: «Расында Мұсаны (ғ.с.): «Елiндi қараңғылықтардан жарыққа шығар. Алланың күндерiн ескерт»,-деп, мұғжизалармен жібердік. Шәксіз мұнда, **бейнетке сабыр етіп, нығметке шүкір етушілер үшін өнегелер бар».**

«Тәубе» сүресінің 4-аяты: «Бірақ келісім жасасқан мүшріктерден кейін, сендерге түк кемшілік істемесе, біреуге көмек етпесе, онда олардың келісімдерін мерзіміне дейін тәмамдаңдар. Расында, Алла Тақуаларды жақсы көреді».

«Ағраф» сүресінің 58-аяты: «Жақсы жердің өсімдігі Раббының қалауы бойынша шығады. Сондай құнарсыз жерге аз ғана нәрсе шығады. Осылайша Аяттарымызды шүкірлік қылатын елге айырып баян етеміз».

«Мүлік» сүресінің 23-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға: «Ол сондай Алла сендер үшін есту, көру және сезу жаратқан. Сонда да аз шүкір етесіндер», -де».

«Нахыл» сүресінің 72-аяты: «Алла (Т) өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратты. Жұбайларыңнан сендерге балалар, немерелер пайда қылды. Сондай-ақ, сендерді тап-таза нәрселермен ризықтандырды. Сонда да олар бос нәрселерге сеніп, Алланың нығметіне шүкірсіздік ете ме?»

### **«Өзгенің көзәйнегін кисең, өз көзіңді бұзасың»**

Мақалдың өзі айтып тұрғандай-ақ, тура мағынасында, кісінің көзілдірігі өз көзіне сай келмесе, алыс-жақынды бірдей, тым жақсы көретін көзіңді бұзатыны рас. Ал, астарындағы әңгіме басқа. Құранда: «Әй, Момындар! Егер кәпірлерге бой ұсынсаңдар, сендерді кері қайтарады. Сонда зиян етушілерге айналасыңдар» («Әли Ғымран» с. 149-а), -дейді. Тағдырмен жаратқан Алла сіз бен бізді Мұсылман елінде және Мұсылман отбасында дүниеге келтірді. Ой бөлген жанға мұның өзі – Алланың үлкен сыйы. Бейішті нәсіп еткенінің басы. «... Сендердің әрбіреулерің үшін бір жол-жоба қойдық... Алайда, сендерге берген жол-жобаларыңда сынамақшы...» (1), -деп жер бетіндегі адам баласын бір Пайғамбардың үмбеті етпей, әр қайсысына бөлек-бөлек сенім белгілегенін және осы сенімдерде сынайтынын айтқан. Демек, Мұсылман елінде, Мұсылманның жанұясында дүниеге келген біздің әрбіріміз, Мұсылман болудан еш арсынбай, осы елдің сенім Жолымен жүруге міндеттіміз. Егер басқаның сүрелеуіне түссек, әрине, қателесеміз.

Біздің ата-анамыз тек қана Исламнан Рухтанған Бейіштіктер. Олар біздің бойымызға Ислам шариғаттарын толық сіңіре

алмағанымен, құрметтің құнын ұқтырып, ұят пен адал-арамды білдіріп, Иmandылық жолымен тәрбиеледі. Ал, осылай бола тұра, заманды, ортаны сылтау етіп, адасқан не кәпір біреулердің арбауына еріп (2), дінсізденсек не басқа дін таңдасақ (3) онда Бейішке апаратын таза Жолдан адасып, өз тағдырымызды өзіміз бүлдірген боламыз.

Осы келтіргендеріміз сияқты, бұл мақалдың мәніне жақын бірнеше аяттар мен хадистер барын шынайы момындар мен оқырман халық жақсы біледі. Алла адам баласының көзін қызықтырып (4), жолынан тайдыратын көздің құртын жеген дүниелердің барлығын Құлдарын сынау үшін жердің бетіне шығарған. Аяттар мен хадис, сүндеттерге қарсы жүріп-тұратын, тек осы дүниесі ғана берілген, әлемде білімге ықпалды ғайридіндер (5) мен құдайсыздар осы жылтыраған мен жалтырағандар арқылы өздерін мәдениетті көрсетіп, Иман-ны ілім-біліммен шындалып жетілмегендерді ізіне тартып, енді түскелі тұрған тура Жолынан адастырады.

Біздің айтпағымыз, Ислам – ғылымдардың атасы, Ислам – әлемдегі жалаңаштану мен би-наиялықтың емес, сабалақ сақал мен қысқа балақтың емес, сұлулық пен әдеміліктің, мәдениеттілік пен сыпайылықтың негізі екенін ескертпек. Мәдениет Еуропадан келді дегендер жаңылады. Мұны еуропалық бірнеше ғалымдардың мойындағанын, бағалағанын жоғарыда – «Жын да бейімін ұрады», -деген тақырыпшамызда айттық.

1940-60 жылдарда мұсылман ата мен ананың алақанында гүлдей болып өсіп, өзін-өзі басқаратын күнінен атеистердің азғыруына еріп, бөтен біреудің жетегінде кетіп, бүгінде бармағын шайнап жүргендер көп. 2011 жылы пойызда шашын еркекше қойған, жалаңбас әжелермен қатар отырып қалдым. Солардан өмірінше есепші болып істеген біреуінің өкініші өз көңілі түге, қасында отырған бізді де бей-жай қалдырмады. Бір мекемеде, бірге жұмыс істейтін ғайридін әйелдерге еріп, «Фигурам бұзылады», -деп, бір ұлдан басқа перзентке алаңдамапты. Көп перзентті болуды қалаған күйеуімен де осы мәселенің үстінде ажырасыпты. Ал, өзі қалаған, көп еңбек етіп, «Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шұқытпай» өсірген ұлы есірткіқор, маскүнем бірдеңе болып шығыпты. Жасы қырыққа келсе де үйленбепті. «Жұмыс та істемейді. Жөнін, жағдайын білейінші

десем, сөйлеспейді. Сұрақтарыма жауап бермей, тек: «Не жұмысың бар?»-деп, әкіреді...», -деп, үміттенген ұлы жігерін жасытып, өмірінен түңілдіріп болғанын айтты. Ол кісі маған: «Осы баланы дұғамен емдеу мүмкін бе?»-деп, сұрап отырып сырын айттып қойды.

Ұлдан үміт үзген, алдында қариялар үйі күтіп тұрғанын жүрегі сезген, ғайридіндерге ергеннен әже бола алмай қалған әже, енді өзі Исламның Жолына түскісі келеді. Бірақ, орамал байлағанды қаламайды. «Цивилизованный халықтардан ұят!»-дейді, сол цивилизациядан қасірет шеккен, цивилизацияның не екенін түсіне алмайтын, Бейіштен үміті бар интелегент әжеміз.

Міне, сөз басындағы «Әли Ғымран» сүресінің 149-аяты мен дана бабаларымыздың: «Өзгенің көз әйнегін кисең, өз көзіңді бүлдіресің» деген даналығының бір дәлелі осы.

Өзіңді жаратқан Алладан келген Ұлы Жолдан басқа жол – ақылын жұмсамайтындарға арналған азаптардың ғана жолы...

\* \* \* \* \*

Әскерден келген Ерлік, жер үйде жасаған, рота командирі Иван Федоровичтің қасқыр иттері болғанын, оларды биік диуалды ауласында бос қоятынын айтып, итін де, өзін де мақтайтын. Еңбек демалыстарында барып та жүрді. Арадан екі-үш жылдай өткенде тағы да кездестік. Бұл жолы осы айдың басында орыс жеңгесінен хат алғанын, хатында жеңгесі, қызы мен ұлдары көше адамына айналғанын, соларға ара түсіп жүріп ерінің қамалғанын жазыпты. Жұмыстан екі жетіге жауап сұрап барып та келіпті. Сол баяғы екі қасқыр ит қоритын, биік диуалмен қоршалған, үлкен үйде жеңгесі жалғыз қалыпты. Ерлік барардан екі күн бұрын Иван қамақта өліп, әкеп жерлепті.

Осыны айтып отырып Ерлік: «Сөйтіп, Иван Федоровичтің есігі жабылды. Балалары енді қатарға қосылмасын жеңгеміз біліп отыр...», -деген.

Ол аудандағы жанар-жағармай стансасын басқарды. Жолын тауып мал жинай бастады. Гүмбірлетіп үй салды. Оны биік диуалмен қоршады. Кейін малдарын сатып, мәшін алды, дүкен ашты. Ылғида асығы алшысынан түсе беретін ол, он жылда байыды. Енді, баяғы өзі тамсанып айта беретін Иван Федоровичтің істегенін істеді. Биік диуалдың ішінде екі үлкен арабы ит жүретін



болды. Қақпасына қоңырау да орнатпаған. Келгендер айқайлап-айқайлап, ешкіммен хабарласа алмай қайтатыны елге жайылды. Онымен де тұрмай бұл шақырылған жерлерге таңдап жүріп баратынды шығарды...

Өстіп жүргенде әйелі дүниеден өтті. Оның жылын беріп, басқа әйелге үйленгенмен балаларымен келісе алмай, жанұяның берекесі кетті. Үлкен ұлын үйлендіріп, кіші екі ұлы мен екі қызын қосып бөлек шығарып қойды. Болмады. Балаларына сөз берушілер болды ма, үлеске таласты. Оған әйелі қарсы болды. Әйелмен ажырасса да үлес беруі керек. Екі оттың ортасында қалған Ерлік бір аяқ, бір қолынан, тілінен айырылып ауруға шалдықты...

Еліктеген Иванының тағдырына ұқсас тағдыр бұған да кездесті. Тақуалық мектебінің бұл сабағынан да жақсы тағылым алайық. Өзіміздің Ислам діні үшін жаралғанымызды ұмытпайық. «Бақара» сүресінің 120; 145-аяттарынан және «Әли Ғымран» сүресінің 69-72-ші, «Мұтаффифин» сүресінің 29-32-аяттарын жақсы түсініп оқып, олардың азғыруынан сақтанып, көз қарасынан ықпай, Алланың Тура Жолымен Тура жүрейік!

- - - - -

1. «Мәида» сүресінің 48-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік. Олардың араларына Алланың өзіне түсіргенімен үкім қыл. **Өзіңе келген шындықтан айырылып, олардың ойларына еліктеме! Сендердің әрбіреулерің үшін бір жол-жоба қойдық. Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір-ақ үммет қылар еді. Алайда, сендерге берген жол-жобаларыңда сынамақшы. Ендеше жақсылыққа жарысыңдар. Бір тұтас барар жерлерің Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселеріңді білдіреді».**

2. «Ниса» сүресінің 144-аяты: «**Әй, Момындар! Момындардан өзге кәпірлерді дос тұтпаңдар. Өз зияндарың үшін ашық дәлел қылуды қалайсыңдар ма?**

3. «Әли Ғымран» сүресінің 85-аяты: «**Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де Ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады».**

4. «Кеһф» сүресінің 7-аяты: «**Біз адам баласының қайсысы жақсы амал істейді, деп, сынау үшін, жер үстіндегі нәрселерді жердің көркі қылдық.**

5. «Дұхан» сүресінің 32-аяты: «Расында, Израил ұрпақтарын біле тұра әлемде білімге ықпалды қылдық».

### «Жақсыны айт та, жаманды таяп қой»

Бұл, Такуа бабаларымыздың: «Қандай жағдайда да бүкіл барлықтың басқарушысы, Қожасы ұлы Алланы; тағдырыңның, Қиямет күнінің Иесі ұлы Алланы; жақсылығымен қуантып, бағалай алмасаң ізінен жамандығын жаудыра салатын, ештеңеге мұқтаж емес, қаһары қатты, үкімі тез Құдыретті Алланы ұмытпаңдар!»-дегені.

Бұл: «Жалғаншыда берілген әр қандай жақсылықтар сынақ үшін. Өткінші дүниенің алданышы. Шүкіршіл, қанағатшыл, сабырлы болмасаң, Такуалықпен амалдар жасамасаң, бұл жақсылықтан мың есе ауыр жамандық көрерің бар!»-дегені.

Бұл: «Жақсы жоспарлар түзіп, әдемі армандарға жетуге арындаумен шектелмей, әрбір нәрсенің оң, теріс жақтары болатынын ескеріп, Алладан жамандық атаулыдан сақтауын тілендер!»-дегені.

Бұл: «Әр нәрсенің шегі бары жадында болсын! Хадисте айтылғандай: деніңнің сауында ауругершілік барын, тоқшылығыңда ашаршылық барын, еркіндікте кезінде тұтқындық барын... ойлап қой», -дегені. Құранда: «**Саған нендей бір жақсылық келсе, Алладан. Ал, ... бір жамандық келсе, өзіңнен...**» («Ниса»с. 79-аят),-дейді. Бұл, адам баласына Ақыреттің жақсылығын қалайтын Алланың, жақсылық пен жамандық қатар жүретінін ойламайтын, жақсы күндеріне шүкір етпейтін, күнәдан арашалауды Алладан сұрамайтын, Құдыреттің Иесін ойына алмайтын, өзіне, байлығына сеніп тәкаппарсынатын, шайтанға алданған қамсыз Құлдарына мықты ескертуі, оларды: «**...Сендердің көптіктерің және менмендіктерің пайда бермеді ме?...**» («Ағраф» с. 48-аят)-деп, сұралатын сұрапыл сағаттардан сақтандыруы.

Отбасындағы көңілді күндеріне шүкір еткен, дәулеті мол, табысы жеткілікті Кәрімбек Ақсақал, бүгін кешкі дастархан басында, балаларын қуантқан жаңа ойларын айтты:

– Сендермен мақтанамын. «Қатарларынан кем болмасын!»-деп, қолымнан келгеннің бәрін істеп келемін. Енді ағаларың

Полатқа бір мәшін алып берсем, деймін. Бірақ, «Жақсыны айт та, жаманды таяп қой»,-деген. Полат – менің тұңғышым, еркем. Жүйрік мәшінге отырғасын көңілін желік көтеріп, өзімді тыңдамай қоя ма?»-деп және: «Көкірегі өсіп, туыс пен ағайыннан асып сөйлеп, көршілерді менсінбей, арақ ішіп, одан бір күні аударылып, бақиға кете ме я майыптық тауып, өмірімізше шешен екеуімізге арман бола ма?»-деп те қорқамын,-деді.

Әкесінің бастан сақ, сергек, кеңес бере қойса да жақсы мен жаманды қоса хабарлап отыратынына үйренген, намазхан, болашақ инженер-түлек Полат:

– Алып берсеңіз қуанар едім. Мәшінге Бисмилламен отырып, Имандылықпен жүріп, Аллаға шүкірлер айтып түсер едім. Өзін ұмытып, Аяттарына дұрыс амал істемеген, Елшісін (с.ғ.с.) ескермеген Құлын Алла шайтанға тастайды. Мен содан сақтанар ем. Бұл мәшін көпке қызмет қылып, сауап жинар едім-деп, жанұя мүшелері алдында уәде берді...

Бұл – Кәрімбек ақсақалдың Алланы ойлап сақтанғаны еді. Алла Құранда жақсы күндерде Өзін еске алып сақтануды мұқияттайды. **«Сөйтіп олар берілген үгітті ұмытқан кезде, оларға әр нәрсенің есігін ашып жібердік. Хәттә, берілген нәрсеге мәз-мәйрам болғанға дейін...».** **«Сонда (Құран, хадис бойынша жүрмей, өзіне не өзгеге Н.Қ.) зұлымдық қылған елдің арты кесілді... «Алланың алдына жиналудан қорыққандарға ... ескерт. Олар үшін Алладан өзге бір дос та, қолдаушы да жоқ. Олардың сақсынулары керек». «...Сақ болындар, билік Оған тән. Әрі Ол – есепшілердің ең Жүйрігі» («Әнғам» с. 44; 45; 51;62-аяттар),-дейді.**

Хакім бабамыз Абай: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»,-десе, батыр атамыз Бауыржан Момышұлы: «Әке тұрғанда ұл сөйлегеннен сақта, шеше тұрғанда қыз сөйлегеннен сақта»,-деп, еліне тілек, саңылаулы ұрпаққа өсиет қалдырып өтті. Осы ұлылар айтпақшы, бүгін ғылым дамыды дегенімізбен, қарынымыз тоқ, көйлегіміз көк болып отырғанымызбен, жаһандану деген апат қаптап келе жатқанда ұйқыны қашыратын ой көбейді, басқа сұраныстардан гөрі Аллаға «Ұрпақтың азуынан, елдің тозуынан сақта!»- деп жалынатын тілектердің қабаты қалыңдады.

Және біреуін айтайын. Өткен ғасырдағы қазан төңкерісіне (1917 ж) дейін, елде нәпсісі үшін намазға жығылған дүмшелер

көбейген еді, байлар қол астындағылардың еңбек ақысына қиянат жасайтын... Бүгінгілердің арасында да солардың надандығын қайталаушылар саны артты. Сондайлардың кесірінен елде, Құдай берген мына заманға нала көбеюде. «Осының соңы Алланың қаһарын оятпаса екен!..»-деп, Алладан: «Ұятсыздар мен ынсапсыздарға ынсап бер, қанағат пен шүкірлік бер, Өзіңе жүректерін аш!...»-деген тілектер қосылды.

Бұлай жалынудың басын, дүниеге шарылдап жалғыз келіп, жанашыры көп болғанмен қайғы ызғарын жалғыз көтеретін, бақилыққа да жалғыз кететін әркім: «Тағдырыма Өзің жазған жамандықтардан Өзің арашала, нығметіңе бөленгендеріңнің жолына сал!»-деп, өз басынан бастайтыны рас. Одан соң елі үшін, халқы үшін сұранады:

– елімді алауыздықтан, жаланың бәлесінен, жұттан, ашаршылықтан, індеттерден, соғыстан, су бәлесінен, алапат дауыл мен өрттің қасіреттерінен, зілаладан сақта;

– тағдырына Өзің жазған ана тілі мен ата салтынан жиренген, ұлттық мендігінен айырылып, жалтақ болып қалған кертартпа, намыссыз, жікшіл буынның төрге шығуынан, сатқындығынан, кесір-кесапаттарынан сақта;

– «Ниса» сүресінің 34 және «Бақара» сүресінің 228-аяттарын құрметтемей, ерінен озып сөйлейтін пәмсіз әйелдердің кесір-кесапаттарынан сақта;

– жүзшілдіктей настық пен рушылдықтан, өсекпаздықтан туған алауыздықтың кесірінен, қасыретте өткен арғы ащы тарихымыздың қайталануынан сақта;

– «Ақтабан шұбырынды» жылдарын, кеңестік кешелер заманындағы ашаршылық пен нәубетті, соғысты, ұлттық кемсітушілікті енді қайтып елдің басына салма;

– күні үшін Қәлима келтіргендердің надандығынан ел басына салған күйзелісін мен қасіреттеріңнің қайта келуінен сақта;

– бейбіт әлем мен Имандылық мәдениетіне, ата-салтқа бүлдіргі болатын бойкүйез арам пейілді, жүгенсіз биһая жастардың қаптап кетуінен сақта;

– тәрбиесіз ілім алған, өзінікінен артық ақылды қабылдай алмайтын, атақ-даңқы отбасынан әрі аспаған, елдің өркендегенін, Өзің несібесін ұлық еткен ел Азаматтарының өзінен озғанын көре алмайтын пасықтардың, елді азғырған өсек-кесапаттарынан сақта;

– Ата заңның аясында тыныш, тоқ өмір сүріп отырып, арам пейілде жүретін іштен шыққан жаулардан сақта;

– жеріміздің кеңдігі мен еліміздің байлығын қызғанып жүрген, күліп сөйлеп, күлкі қылмақ ниетке бекінген сыртқы жаудан сақта;

– жастарымызды күні үшін Құран жаттаған, нәпсісі үшін намазға жығылып, ораза тұтқан, аңдығаны садақа болған ел ішінен шыққан дінбұзар-елбұзар мұнафиқтар мен арнаулы тапсырмамен сырттан келген аярлардан сақта;

– Рәббім! Сен бәріне куәсін, Өзіңнің сүйікті Құлың Іскердер Зұлқарнайын бекіткен бітім уақыты өтіп, ХХІ ғасырда яжуж-мәжуж қайта тірілді. Әлем мұны әлі түсіне қойған жоқ. Ол күн өткен сайын күшіне мініп өршіп барады елімді оның кесірінен сақта;

– Уа, күмәнсіз бәрін Білетін, Есітетін, Көретін, Мейірімді, Рахымды Алла Тағала Өзіңнен басқа құтқарушы, жарылқаушы, күш-қуат беріп қолдаушы жоқ. Осынша бақытты заманды берген Өзіңсің. Бұған шексіз шүкір! Әсіресе, 1945-жылдардан кейін туылған ұрпақ Өзіңнің Мейірімің мен Рахымыңның шуағында құлпырып бақытты замандарда ғана жасадық. Оған шексіз шүкір айтамыз! Енді осы бақыттылық ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берсін. Мейірімді, Рахымды Алла, ешқашан, ешқандай жамандығыңды көрсетпе! Санын Өзің ғана білетін бәле-жала, жамандық атаулының барлығынан Патшамды, Елімді, Халқымды Өзің сақта!..

Тақуалық мектебінің үйретері көп, шайтанға еріп немесе шайтанға ергендерге еліктеп, мүмкіндіктерден айырылып қалмайық, Ақыреттің қамы үшін жақсы оқиық!

### **«Артыңда «Дат!» қалмасын, ат қалсын»**

«Дат!» – жәбір көрушінің ұлықтарға, қазыға, ағайынға айтар даты болса, мына мақалдағы мағынасы: «Балаларың ішінен Құдайға айтатын дат қалмасын», -дегені. Таратып атқанда «Әкесі ұры еді», «Әкесі парақорлықтан жексұрын болып, қамалған еді», «Әкесі барымташы еді», «Әкесі зинақор, құмарпаз, маскүнем болатын», -деген сияқты, балалардың, тіпті, ұрпақтың сүйегіне таңба болатын жаман ат қалмасын, дегені. «Ат қалсын», дегені,

әрине, «Әкесі жақсы адам еді!»-деп, ел мақтап еске алатын, ұрпақтың Рухын көтеретін жақсы ат.

Және де: «Жақсының аты өшпейді, ғалымның хаты өшпейді», «Әкеден мал қалғанша, тал қалсын», «Әкеден дақ қалғанша, бак қалсын»,-деген рәуішті бірнеше мақал-мәтелдерді тізу мүмкін.

Тақырыпқа таңдалған мақал – Құранның «Әли Ғымран» сүресінің 110-аятының хабары. Сүренің 101-аятында: **«Сендерге Алланың Аяттары оқылуда...»**,-деп ізінен Алладан ғана қорқу мен бөлінбеуді және Аяттарға қарсы келгендердің Қияметтегі жағдайын ескертіп, 110-аятта: **«Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тиятын, сондай-ақ, Аллаға сенетін бір қайырлы ұрпақ етіп шығарылдыңдар...»** (1),-деген. Бұлар – Мұсылман отбасында туылғандар. Себебі, «Бақара» сүресінің 30-аятына сүйеніп сөз етсек, адамзат – Алланың жер бетіндегі Орынбасары\*. Соның ішінде жалғыз Аллаға Иман келтіріп Құранды, Мұхаммедті мойындағандар.

Бір ескерер маңызды Аят – «Мәида» сүресінің 48-аяты. Онда барлық адамды бір үмбет қылмай, сынау үшін әр қайсысына бөлек-бөлек жол-жоба, ереже қойғандығы. Сондықтан ғайридіндер де өз жолдарының, Алланың құзырында қабыл болмайтынын білсе де, оны дұрыс дін етіп көрсету үшін: заңды сыйлап, қоғамдық тәртіпке бағынып, ғылым мен мәдениетті өркендетуге сүбелі үлес қосып, өзара сыйласып адамдарды ізгілікке шақырады

(2). Алланың Тура Жолын сүйемелдеген олардың мұнысы да үлгі алуға тұрарлық, ынтымақты бақытты өмір үшін құптарлық амал.

Түптеп келгенде біздің бәріміз, Адамның (ғ.с.), сосын кемеде тасылған Нұхтың (ғ.с.), Одан тараған Ибраһимнің (ғ.с.) және Ғымранның ұрпағымыз. Алла: **«Негізінен Алла Адам мен Нұхтың және Ибраһим мен Ғымранның жұрағатын әлемге Ардақты қылды»**. **«Бұлар бір-бірінен тараған ұрпақ. Алла – әр нәрсені Естуші, Білуші»** («Әли Ғымран» с. 33-34-а),-деген. Демек, Мұсылман жұртының түп нәсілі осылардың қанынан.

---

\* «Мәида» сүресінің 48-аятында, адамдардың барлығын бір қауым қылмай, әр қайсысына бөлек-бөлек ереже белгілегенін айтып, сол Жолда жарысуды тапсырған. Исламнан басқа сенімдегілер, Аллаға серік қосқанымен, негізінен адамгершілікті, тынышты сақтау мен Әділдікті жақтауды насихаттайды.

Олай болса, біз Мұсылмандар Құранда көрсетілген Тура Жолда Тура жүруіміз керек. Бұлардың барлығы Алланың сүйікті Елшілері. Ізін Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) және Оның достары мен сахабалары жалғады. Олардан бізге жақсы үлгі қалды. Сондықтан біздің әрбірімізден ұрпаққа ұран болар жақсылықтар қалуы керек.

Енді бұл жақсылық қалдыруға кереғар екінші мәселе, жақсылық қалдырмайтын бұзықтар жәйлі. Олар – өмірден, Құраннан Шындықты көріп, біліп отырса да Оң Жолға түспейтіндер, олар – Алланың Періштелердің және бір тұтас адамдардың қарғысына қалған (3), «Ағраф» сүресінің 179-аятында ескертілгендей дозақ үшін жаралған – шайтанның достары. Біздің үлкен уәзипамыз: шайтанға және соларға ермеуіміз, алданбауымыз; Алланың оларды және бізді сынау үшін оларға берген жалтыраған-жылтырағанына қызықпауымыз – ең қымбат сыйлықтар Алланың жанында екеніне жүректен күмәнсіз сенуіміз.

Ал, сенбей, бұзықтар айтқан: «Өмір бір-ақ рет беріледі, жасап қалу керек!»-деген жалған ұранға алдансақ, ол – Иманымыздың тілде ғана айтылатынының белгісі. Бұл – «Бақара» сүресінің 225-аятын және мал-дүние бұл дүниенің ермегі екендігін ескерткен бірнеше Аяттарды мойындамағанымыздың айғағы (4).

Тақуалық мектебі, бізге Ібраһим (р.а.), Мұхаммед (с.ғ.с.) Ақыретте де игілерден болуды үйретеді. Жақсы оқиық!

- - - - -

1. «Әли Ғымран» сүресінің 110-аяты: **«Сендер адам баласы үшін игілікті өмір етіп, қарсылықтан тыятын, сондай-ақ, Аллаға сенетін бір қайырлы ұрпақ етіп шығарылдыңдар.** Ал, егер Кітап иелері Иман келтірсе еді, олар үшін жақсы болар еді. Олардан Иман келтіргендер де бар. Олардың көбіреті бұзақылар».

2. «Әли Ғымран» сүресінің 85-аятының айту бойынша, Исламнан басқа дін Алланың құзырында қабыл болмайды. Тек атеистер ғана ізгілік Жолдарын Таурат, Забур, Інжіл және Құраннан ұрлап, онысын ашық айтпай, бір «көсемдерге» таңып, елді шалғытады.

3. Тиесілі Аяттар, «Көптің бір атасы – ит»,-деген 297-беттегі тақырыпта жазылған.



4. Аяттарды «Соқыр тауыққа бәрі бидай»,-деген 84-беттегі тақырыпта келтіргенбіз.

### **«Адамнан жасырғаныңды, Алладан жасыра алмайсың»**

«Айды етегіңмен жаба алмайсың», «Ауруын жасырғанмен ысытпасы әшкере қылады», «Аруын жасырған өледі»,-деген де мақалдар бар. Алласыз ешнәрсе болмайды. Сондықтан пенде Алладан еш нәрсе жасыра алмайды. Себебі, «Әли Ғымран» сүресінің 20-аятында Алла: **«...Алла – Құлдарын анық Көруші»**,-деп Өзін таныстырса, осы сүренің 29-аятында: **«...Көңілдерінде бір нәрсені жасырсаңдар да, жарияласаңдар да Алла оны біледі. Алла – барлық нәрсеге толық Күші Жетуші»**,-деген.

Расында «Алла – әр нәрсені Есітуші, Білуші», «...Момындардың Иесі», Ол – әрбір істі **«...толық Біледі»**, **«...көкейдегіні толық Білуші»**, Алла – әркімнің не істегенін **«...толық Көруші»** («Әли Ғымран» с. 34; 68; 119; 154; 163-а), Ол адамзатқа **күре тамырынан** да жақын («Қаф» с. 16-а) Сондықтан, **«...кісі мен жүрегiнiң арасына дейiн килiгетiн...»** («Әнфал» с. 24-а) Ол пенделердің жасырын, жария істеген барлық ісін, жүрегіндегі адал-арам пейілін жақсы біледі. Сол себепті де пенде бір-бірінен жасырғанын, Алладан жасыра алмайды.

«Ниса» сүресінің 108-аятында: **«Олар адамнан жасырса да Алладан жасыра алмайды. Олар түнделетіп, разы болмайтын сөз қылғанда, Алла олармен бірге еді. Алла олардың не істегендерін бұлжытпай біледі»**,-деп, және бір Аятта сыбырласқан екеудің үшіншісі, төртеудің бесіншісі екенін ескертіп, Өзінің әр пендемен бірге екенін білдіреді.

Неше түрлі алаяқ-қулар бар. Олардың ешқайсысы, Алладан қашып не Оны алдап құтыла алмайды. Құранда Алла – «Әли Ғымран» сүресінің 54-аятында: **«...Алла амал тапты. Алла тәсілшілердің жақсысы»**,-десе, «Хашыр» сүресінің 2-аятында: **«...Алайда, Алла оларға күтпеген жақтан келді...»**,-дейді. Себебі, Ол – тағдырлардың Иесі. Пенделердің өткенін және алдағысын жақсы біледі. Сол себепті де Одан ешкім ештеңе жасыра алмайды, қашып құтыларына жол жоқ. Айналып-айналып тек Аллаға ғана барады.

\* \* \* \* \*

**«Аяттарымыз турасында тартысқандар, өздеріне бір қашатын жер жоғын білсін» («Шура» с. 35-а),-деген**

*Аяттың түсіндірмесі, мына:*

**«Құлдан құтылсаң да, Құдайдан құтыла алмайсың» , -деген мақал**

Иә, «Бақара» сүресінің 156-аятында айтылғандай, бәріміз де Аллаға тәнбіз, Оған қайтамыз. Одан қашып құтылу жоқ. Себебі, жаратқан – Ол, ризық-несібемізді және күш-қуатымыз бен Ақыл-Санамызды, дәрежелерді беріп отырған да – Ол. Оларды қайтып алатын да – Өзі. Сондықтан біз Оның берген ғанибет-нығметтеріне шүкір етіп, Өзіне ғана құлшылықта болуымыз ләзім. Сонда бұл дүниенің де, Ақыреттің де рахатына жетеміз. Ал, қарсы келушілер болса, одан Алланың ештеңесі кемімейді. Азапты өмір шегетін қарсы болғандар ғана.

Алла «Зұхрұф» сүресінің 36-аятында: **«Әлдекім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол оның жолдасы болады»**,-деп, 80-аятында: **«Немесе олар сырларын, сыбырларын Біз естімейді, деп ойлай ма?...»**,-дейді. Мұнан түсінетініміз – пендеге шайтан жолдас болған соң, оның ойына түрлі күнәлі амалдарды салатыны. Бірақ, оның соңы не болар пенде ойламайды, ол Алланың бәрін Білуші екенін ескермей, алдап кетемін, дейді. Оның артындағысын және алдында не күтіп тұрғанын білетін («Хаж» с. 76-а) Алла оны құтқармайды.

Жалғанда қашаннан Алланы білмейтін, Ақыретке сенбейтін – күшіне, байлығына сенгендердің әлсіздерге күш көрсететіні бар. Бірақ, зорлар қанша зор болғанымен Әл-Ғадилу-Алладан қашып құтыла алмайды. Күшіне, байлығына сенген олардың осыған ақылдары жетпейді. Сондықтан олар надан есептеледі.

Олар өздеріндей бай болған бұрынғылардың, басына Қиямет келген күні: **«...Әттеген-ай, кітабым берілмесе еді!»...». «Есебімнің не екенін білмесем екен!» «Әттең, іс бітіп кеткен болса еді». «Малым маған еш пайда бермеді». «Күш-қуатым жойылып кетті»**

(«Хаққа» с. 25-29-а),-деп өкінгендерін білмейді. Білсе әр нәрсенің Ақыры барын, Алла тепе-теңдікті ұстаушы екенін ойлап, ешқашан зорлыққа, озбырлыққа бармайды.

Ауданның біраз жастары Ресейдің қалаларында жоғары оқу орнын бітіріп келген еді. Олардан бірінің жекеменшік жеңіл мәшіні болатын.

Жаздың бір жексенбі күнінде, осы жеңіл мәшін иесіне еріккен екі әріптесі келеді.

Бұлар мәшінге мініп, ауданды біраз аралап, асханалардың бірінен арақ та ішкен. Мұнан соң көңілдеріне желік пайда болып, облыс орталығына баратын жолға шыққан. Бұлардың екеуі мұғалім, үшіншісі де мұғалім әрі кеңшар жастар ұйымының хатшысы.

Құдайсыздардың уағызынан басы айналған, қарындары тоқ, көйлектері көк – ойлауы төмен бұлар, біздің пейілімізді Алла біліп тұр; әрбір амал-әрекетімізді көріп тұр;

сөздерімізді есітіп, оларды жазып сақтап отыр, деп, сірә ойламайды. Арақтың қызғынымен өздерінше масайрап келе жатқан.

Жол бойында сәбиін көтеріп, келіншек тұрған. Саналарын арамдық жайлаған бұлар, оған ілтипат көрсеткен болып, мәшінге мінгізіп алған. Келіншекке орысша сөйлеп, оның орыс тілін білмейтінін білгенсін өзара орысша сөйлесіп, арам ойларын жүзеге асырудың жоспарын түзген (1). Жарты жолға барғанда, үлкен жолдан бұрылған. Бұдан бір қауіптің боларын сезген келіншек бұл бұрылысқа қарсы болған. Олар оны алдаған. Алдап келіп-келіп, ел көзі түспейтін онашаға жеткенде тоқтап, келіншекті мәшіннен зорлап түсірген. Айтқандарына көндіре алмай біраз алысқан. Әйел шаршаған...

Бұл ұятсыздар арамдықтарын істеп алып, салондағы сәбиді де түсіріп, сол жерге – үлкен жолдан алысқа, екеуін тастап, ауданға қайтқан. Өздерінше мәз.

«Ғанкабұт» сүресінің 3-4-аяттарында: **«...Алла шыншылдарды да біледі, өтірікшілерді де біледі», «...жамандық істегендер Бізден қашып құтыламыз, деп ойлай ма?...»**,- деген. Жоғары «білімді» бұл ақымақтар Алланың бұл Аятын білмейтін.

Келіншек, екі көзінен жасы моншақтап, Құдайға әйел етіп жаратқанына налып (2), сәбиін көтеріп көп жүріп, қараңғы түсе бере үлкен жолға жеткен. Ешбір көлікке мінбей жаяулап, үйіне де келген. Өзінің үйіне емес, күйеуінен ұялып, әкесінің үйіне барған...

Ертеңіне ата-анасы ішкі істер бөліміне арызданады. Милиция тергеушілері келіншекпен кездесіп, болған оқиғаны егжей-тегжейлі біліп алады. Әйткенмен, опасыздардың кім екендігі туралы тұқ білмейді.

Опасыздар іштей шайтандарымен бірге: «Әйелді жол бойына тастадық. Одан қашып құтылдық», - деп мәшіндерімен ауылға жеткендеріне мәз болған.

Милициялар келіншекпен оқиға болған далаға келеді. Жеңіл мәшіннің ізі, еркектер мен әйелдің іздері, алысқаны – барлығы белгілі болады. Алайда, «Бұзықтардың кімдігін қалай анықтаймыз?» - деп тұрғанда, Алла олардың көзіне, құм арасынан шеті көрініп жатқан, үшке төрт көлеміндегі бір суретті көрсетеді. Қуана иіліп, суретті алса, оның сыртында аты-тегі жазылған екен.

Келіншек мәшінге мінген ауданға келіп, аудандық неке бөлімінен суреттегі адамды іздейді. Сөйтсе, бұл екі жүз шақырымдағы бір шопанның ұлы болып шығады. Отардағы жалғыз үйге барып, сурет иесін тауып, тергейді ғой. Ол туылғалы ауданға бармағанын, оның қайда екенін, қандай жер екенін білмейтінін айтады. Суреттің аудан мен облыс ортасынан табылғанына не жауап айтарын сұрайды. Ол: «Осы кеңшар жастар ұйымының хатшысы, мені ұйымға мүшелікке өткеремін, деп суретімді алған еді», - дейді.

Түйін шешілді. Сол күні-ақ қылмыскерлер анықталды. Жазаға тартылды.

«Жын» сүресінің 12-аятында: **«Шынында жер жүзінде Алланы еш жеңе алмайтындығымызды, қашып құтыла алмайтындығымызды аңғардық»**, - дейді, Аллаға жетуге, Оны тыңдауға ынтыққан жындар. Құдайсыз қоғамда өскен бұзықтар, Алланың барына, Оның құдыретінің күштілігіне сенбейтін. Біздің қылмысымызды ешкім білмейді, деп, ойларына сенген еді. Бірақ, Алла оларды құтқармады...

Енді қолға түскенде бармақтарын шайнап өкінді (3). **«Өйткені, олар есепке тартылуды ойламаған еді»** («Нәбә» с. 27-а).

Міне, Тақуалық мектебінің кезекті екі сабағын оқыдық. Алладан қашу, құтылу мүмкін емес. Сондықтан бұл сабақтардан жақсы тағылым алайық!

-----  
1. «Фурқан» сүресінің 43-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **Ойын тәңір жасап алғанды көрдің бе?** (Олардың ойының дұрыстығына) **Сен оларға кепіл боласың ба?»**»

2. «Ғанкабұт» сүресінің 10-аяты: «Адамдардың кейбірі: «Аллаға Иман келтірдік», -дейді де олар Алла Жолында **жапа тартса, адамдардың кесірін, Алланың азабындай көреді.** Әлбетте, Рабыңнан бір нұсрет келетін болса: «Әрине, біз сендермен бірге едік», - дейді. Алла әлемдегілердің көңілдеріндегіні жақсы біледі емес пе?»

3. «Фурқан» сүресінің 27-28-аяттары: «**Ол Күні әр залым өз қолын шайнап: «Әттеген-ай, Пайғамбармен бірге (Имандылық Жолында) жол тұтқан болсам еді», -дейді. «Неңдей өкініш маған. Әттең! Мен пәленбайды дос тұтпаған болсам еді».**»

\* \* \* \* \*

*«Исра» сүресінің 13-14-аяттарын және Алланың кеңшілігіне байланысты Аяттарды мына «Құдайдың құрығы ұзын, пенденің өрісі тар», -деген мақалдан оқимыз*

13-14-аяттарда: «**Әр адамның қылығын мойнына қоямыз. Қиямет күні оның Кітабын шығарамыз. Оған ашылған түрде кездеседі.**» (Оған: ) «**Кітабыңды оқы. Бүгін есеп көру тұрғысынан өз-өзіңе жетесің**» (делінеді)», -деген. Бұл – Кітап, әрине, біздің жасаған жақсылы-жаманды әрекеттеріміз жазылған Кітап. Ол барда пенде Алладан қашып құтыла алмайды.

Біз пендешілік жасап, күнәкар біреулердің жазаланбай жүргеніне қарап, Алланың барлығына, осы айтылып отырылған Кітапқа, дозаққа күмәнданып қаламыз. Ал, Алла Тағала «Кеһф» сүресінің 58-аятында: «**Раббың – өте Жарылқаушы, мәрхамат Иесі. Егер оларды қылықтарының салдарынан қолға алатын болса, әрине, оларға азапты тездетер еді...**», -десе, «Фатыр» сүресінің 45-аятында: «**Егер Алла адам баласын қылықтары себепті қолға алатын болса, жер бетінде ешбір пенде қалдырмас еді...**», -деп, Өзінің кеңшілігін ескертеді.

Енді Алланың құрығының ұзындығын ескерткен Аяттарға кезек берейік.

«Әли Ғыман» сүресінің 178; 196-197-аяттары: «Ал және ... қарсы болғандар, *(құтылдықы демесін – )* негізінде, оларға *(Біздің)* мұрса беруімізді, өздері үшін қайырлы, деп әсте ойла-масын. Шын мәнінде күнәларын арттырсын, деп қана мұрса береміз. Сондай-ақ, олар үшін қорлаушы азап бар». «(Мұхаммед с.ғ.с.) қарсы болғандардың мемлекеттерде кезіп, айналып жүруі, сені алдамасын», «Аз бір пайдаланудан кейін олардың орны – дозақ. Нендей жаман орын», -дейді. Мұрса берілген уақыттың бір күндерінде Алланы есіне алып, істеген жаман істерін көңілінен өткеріп, Алладан кешірім сұраса, Алла – ерекше Рахымды, аса Мейрімді – кешіреді. Әйтпесе «...қорлаушы азапты» көреді, «...жаман орын» – дозаққа барады.

«Әнғам» сүресінің 67-аяты: «Әр хабардың бір нәтижеленетін уақыты бар, Жақында білесіндер».

«Рағыз» сүресінің 32; 38-аяттары: «Расында, сенен бұрын келген Пайғамбарлар да тәлкек қылынған болатын. Сонда қарсы болғандарға *(тәлкек қылушыларға)* кеңшілік беріп барып, сонан соң *(тәубеге келмеген соң)* оларды қолға алдым». «Расында, сенен бұрын да Пайғамбарлар жібергенбіз. Оларға жұбайлар, ұрпақтар бергенбіз. Ешбір Пайғамбар Алланың рұхсатынсыз бір Аят келтіре алмайды. Әр нәрсенің мезгілі жазулы».

«Ібраһим» сүресінің 42-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Алла залымдардың істегендерінен қаперсіз, деп әсте ойлама! Шынында Алла оларды көздер шарасынан шығатын бір күнге дейін кешеуілдетеді».

«Хыжыр» сүресінің 3-4-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) оларды еркіне қой. Жесін, пайдалансын; дәмелері айналдырсын. Олар жуықта түсінеді». «Ешбір жұртты белгілі бір мерзімсіз әсте жоқ етпедік».

«Нахыл» сүресінің 61-аяты: «Алла адам баласын олардың кесірлері себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жандық қалмас еді. Бірақ, оларды белгілі бір мерзімге дейін кешіктіреді. Ал, қашан олардың мерзімі келсе, олар оны бір сәтке кейіндете де алмайды, ілгерілете де алмайды».

«Кеһф» сүресінің 58-59-аяттары: «Раббың – өте Жарылқаушы, мәрхамат Иесі. Егер оларды қылықтарының салдарынан қолға алатын болса, әрине, оларға азапты тездетер еді. Дегенмен, олар үшін белгілі бір мерзім бар. О заман олар, Алладан өзге пана-

лайтын жер таба алмайды». «Олар зұлымдық еткен заманда, сол кенттерді жоқ еттік. Солардың жоқ етілулері үшін де мерзім белгілеген едік».

«Мәриям» сүресінің 84-аяты: «Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз».

«Таһа» сүресінің 129-аяты: «Егер Раббыңнан бекітілген Сөз, белгіленген мерзім болмаса, әрине, істері біткен болар еді».

«Нұр» сүресінің 14-аяты: «Егер сендерге дүние, Ақыретте Алланың мәрхаматы, кеңшілігі болмаса еді, әрине, өсек тартқандарыңның салдарынан зор азапқа дұшар болар едіңдер». «Әй, Момындар, шайтанның басқан ізін баспаңдар. Кім шайтанның іздеріне ерсе, күдіксіз ол, ұятсыздықты, жамандықты меңзейді. Егер сендерге Алланың игілігі, Мейірімі болмаса еді ешбіреуің әсте ағармайтын едіңдер. Бірақ, Алла қалаған Құлын ағартады. Алла – әр нәрсені Есітуші, Білуші».

«Фатыр» сүресінің 45-аяты: «Егер Алла Тағала, адам баласын қылықтары себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жанды қалдырмас еді. Бірақ, оларды белгілі мерзімге дейін кешіктірді. Қашан олардың мерзімі жетсе, сонда Алла Құлдарын толық көреді (жазалайды)».

«Иасин» сүресінің 43-44-аяттары: «Қаласақ оларды суға батырамыз. Сонда оларға болысушы да жоқ, олар құтқарылмайды да». «Бірақ, Біздің тарапымыздан бір мәрхамат және бір мерзімге дейін пайдалану болады».

«Фуссилат» сүресінің 45-аяты: «Расында, Мұсаға (ғ.с.) Кітап бердік. Ол туралы да талас болды. Раббыңнан алдын ала бір үкім болмаса еді, әрине, араларында іс біткен болар еді. Анығында олар Одан күдіктенуде».

«Шура» сүресінің 14; 21; 34-аяттарында да осы белгіленген мерзім мен кешірімді ескертеді.

«Нұх» сүресінің 4-аяты: «Күнәларыңды жарылқайды және өздеріңді белгілі бір мерзімге дейін кешіктіреді. Егер білген болсаңдар, шын мәнінде Алланың өлшеулі мезгілі жетсе кешіктірілмейді».

Міне, осы Аяттар арқылы біз Алланың құрығының ұзындығы, мұрса беруі екенін білдік; және Оның күнәкарларға аз бір пайдаландыруын, нәтижеленетін уақытты күтетінін, кеңшілігін түсіндік.



Бұдан бұрын «Адамнан жасырғаныңды, Алладан жасыра алмайсың», «Кұлдан құтылсаң да, Құдайдан құтыла алмайсың», деген мақалдарда Алладан құтылу жоғын айтсақ, бұл мақалдан күнәкар жанды Алла қашанда жазалайтынын біліп отырмыз.

Алланың Өзі Құранда ескерткендей, Ол әрқашанда Момындармен, Тақуалармен, Сабырлылармен бірге. Тақуалық мектебінде оқытылып жатқан бұл сабақтардан жақсы тағылым алып, Алланың әмірлерін міндетсіз, шын ыждағатпен орындап, Ақыретімізде Алламен жарқын жүзде кездесетін дәрежеге жетейік!

### **«Әзіл басқа, шын басқа; шайтан басқа, жын басқа»**

Мақал бейне, қалжыңға түзілгендей. Бұл – Алланың ілімінен Алланың Өзінің қалаған Құлының жүрегіне салған Хикметі. Құранның «Бақара» сүресінің 34-аятынан шайтанның адамзаттың түп-тегі Адамға сәжде етпегенін білсек, «Ағраф» сүресінің 16-17-аяттарынан оның адам баласын азғырып Тура Жолдан қайтаруға Алламен шарттасқанын және 20-21-аяттарынан Адам атамыз бен Науа анамызды азғырып Бейіштен шығуына себепші болғанын білеміз. Содан бері ол адамзатпен қас. Алла «Бақара» сүресінің 168-169-аяттарында: **«...шайтанның ізіне ермендер! Өйткені, ол сендерге ашық дұшпан». «Шынайы түрде ол сендерге жамандықты, арсыздықты және Аллаға қарсы білмейтіндеріңді айтуды нұсқайды»**,-деп сақтандырған.

Ал, жынды Алла **«...түтінсіз оттан жаратқан...»** («Хыжыр» с. 27-а). Ол да адамдар сияқты жалғыз Аллаға құлшылық етеді. Мұны «Жын» сүресінен толық білеміз. Сондықтан шайтан жыннан басқа.

Мақалдың басындағы әзіл мен шын – ақ пен қараның арасындай. Әзілдің көпшілік бөлігі шайтаннан. Онда кемсіту, кекету, алдау, табалау, айдап салу сияқты көп түрлі астар жатады. Сондықтан Алла «Ахзап» сүресінің 70-71-аяттарында: **«Әй, Момындар! Алладан қорқындар да, дұрыс сөз сөйлендер»**. «Алла істеріңді оңалтып, күнәларыңды жарылқайды. ...кім Аллаға, Елшісіне бойұсынса, әрине, ол ұлы табысқа ие болады»,-дейді.

Демек, дұрыс сөз сөйлеген адамға Алла Рахым қылады, мұраттарына жеткереді.

Мақалдағы «шын» – өмірдегі Шындық, бұл – Алла, бұл – Құран, бұл – Әділдік. Себебі, Алла көктер мен жерді және оларда бар мен екі арасындағылар жаралмастан бұрыннан бар. «Рұм» сүресінің 8-аятында айтылғандай көктер мен жер және бұлардың арасындағылардың барлығы белгілі мерзім үшін жаратылған. Тек Алла ғана мәңгілік. Сондықтан Алла «Бақара», «Ниса», «Мәида», «Әнғам» сүрелерінде Әділетті болуды ескертіп, Қиямет күнгі таразылау да – Шындық екенінен хабар берген («Ағраф» с. 8-а).

Тақуалық мектебінің бұл сабағындағы мақал әзілге құрылған сияқты түйілгенмен мағынасы осыншалықты терең. Дұрыс тағылым алайық!

*Адасқан пендеге шайтанның құныққан ісін әдемі  
көрсететіні хақындағы  
Аяттарды мына – «Дәніккеннен, құныққан жаман», -  
деген мақалдан оқимыз*

Дәніккен адам, істеп жүрген ісінің теріс екенін білген күні өзін тежер. Ал, құныққан пенде қайта алмайды. Оған шайтан дос болып, сол құныққан – түбі күнәға батыратын ісін әдемі көрсетеді. Алла Тағала «Зұхрұф» сүресінің 36-аятында: **«Әлде кім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол оның жолдасы болады»**, -десе, бұл – Алланы есіне алмайтын («Ағраф» с. 200-201-а) пенденің Алланың қамқорлығынан айырылғаны деген сөз. «Фуссилат» сүресінің 25-аятында: **«Оларға сыбайластар қостық. Сонда ол оларға алды-артындағы нәрселерді әдемі көрсетті. Сондықтан бұлардан бұрын өткен, жың және адам баласынан болған елдерге берілген азап әмірі, бұлардың да басына келді. Өйткені, олар зиянға ұшыраушылар еді»**, -деп, шайтанға еріп құныққандардың азапқа тап болатынын ескертеді.

Өмірдегі қателесіп заңға тартылу, отбасындағы не басқа жердегі ұрыс-жанжал, ортақ келісімге келмеушілік – бәрі-бәрі шайтанның ісі. Алла Адамды (ғ.с.) жердің Халифасы етіп жаратқанынан-ақ, Адамға (ғ.с.) және ұрпағына қарсы болған («Ісра» с. 62-а) ол, Адам мен Науаны Бейіштен шығарды, Адамның үлкен ұлы Қабылды да азғырып, інісі Әбілге өштестірді. Содан бергі замандарда талайды Тура Жолдан бұрып отқа салды.

Осы оқиғаларға куә Рахымды Алла: **«Шәксіз сендерге шайтан дұшпан. Сондықтан сендер де оны дұшпан тұтыңдар. Шын мәнінде шайтан өз тобын дозақтықтардан болуға шақырады»**,-деп, Елшілерін жіберіп, Кітаптарын түсіріп, оған ермеуді ескертумен келеді. **«...Ал, Иман келтіріп, оң іс істегендер...»** үшін жарылқау әрі ірі сыйлық бары («Фатыр» с. 6-7-а) даусыз.

«Ғанкабуд» сүресінің 38-аятында: **«...Оларға шайтан істеп жүрген қылықтарын әдемі көрсетіп, оларды жолдан тосты; олар көріп, біліп тұрса да»**,-дейді. Бұл не? Нашүкір пенденің нашүкірлігі! Қызметі жәйлі, айлығы жеткілікті. Сауаты бар – заңды бұзса, жазаға тартылатынын біледі; қамалғандарды көріп, біліп жүр; бірақ, сонда да пара алады, өтірік құжаттар реттіп, бюджеттің қаржысын ұрлайды. Міне, шайтанның қылықтарын жақсы көрсетіп, Тура Жолдан тосқаны осы...

Аяттарды білмесек те мақалдарды дұрыс түсініп, Тура тағлым алайық, бұл жалғаншыда таза жүріп, ізіміздегі ұрпаққа салауатты қоғам қалдырайық.

## **«Отыз тісті берген Құдай ризығын да жеткереді»**

Бұл мақал **«Отыз тісті берген Құдай, ризығын да берген»**, деп те айтылады. Бұл рас та. Алла «Ғанкабүт» сүресінің 60-аятында: **«Қаншалаған жан-жануар бар; қорегін көтеріп жүрмейді. Алла оларды да, сендерді де қоректендіреді.** Ол – тым Естуші,

Білуші»,-деген. Расында, Алла жаңбыр, қар жаудырып, малымыз жайылатын жасыл өсімдіктерді жайқалтып қоймаса; өзіміз қоректенетін: бидай, арпа, жүгері, тары тәрізді бізге қажетті дәнді-дақылдар мен түрлі жеміс-жидектерді өсіріп шығармаса, адамзат бұларды қайдан алмақ?!

Алланың Мейірімі, Рахымы деген, осы!

Алла бұларды біз үшін жаратты және бізге бұлардан дұрыс пайдалануға Сана, Ақыл, денсаулық, ұждан сыйлады. Бұлар жеке басымызға сыйлаған нығметтері мен ғанибеттері. Бұлар болмаса, адам қор болады.

Ендігі бізге керегі, өз ұжданымызбен еңбек ету. Алла «Ниса» сүресінің 96-аятында: **«Алладан дәрежелер, жарылқау және мәрхамат бар.** Алла – өте Жарылқаушы, ерек-

ше Мейірімді»,-десе, «Әнғам» сүресінің 132-аятында: **«Және әркімнің істегеніне қарай дәрежелер бар. Раббың олардың істегендерінен хабарсыз емес»**,-деген. Демек, еңбек етсек, әркімге еңбегіне қарай дәрежелер беріледі, Алла, еңбекті зия жібермейді.

Алла «Бақара» сүресінің 22-аятында: «Ол сондай Алла, сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты. **Әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әр түрлі өсімдіктен ризық шығарды...**»,-десе, «Әнғам» сүресінің 151-аятында: **«...жарлылықтан балаларыңды өлтірмендер»-де. Сендерді де, оларды да Біз ризықтандырамыз...**»,-деген. Бұл ризықтандыруды «Таһа» сүресінің 53-54-аяттарында: «...Ол су арқылы түрлі өсімдіктердн пар-парымен шығардық». «Жендер де, малдарыңды жайындар...»,-деп анығырақ ескерткен.

Тақуалық мектебінің сабақтарын ескеріп, ризық-несібемізді жеткеріп беріп отырған Аллаға шүкірлер айтайық, шайтанның сыбырын тыңдамайық – ысырапқа жол бермейік, тәкаппарлық пен мақтаннан сақтанаыық. Тақуалық етейік!

### **«Семіздікті қой көтереді»**

Алла Тағала Өзі қалаған бір Құлының жүрегіне салып, бірсыпыра Аяттарын осы мақал арқылы танытып отыр. Солардан бірнешеуін айтайық.

Құранның «Зұхрұф» сүресінде қарсылардың сылтауларын айта келіп: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Раббыңның мәрхаматын олар бөліп бере ме?! Олардың дүние тіршілігіндегі несібесін араларына Біз үлестірдік. Сондай-ақ, бір-біріне бағынсын, деп, бірін-бірінен дәрежеде көтердік. Раббыңның мәрхаматы олардың жиған-тергендерінен артық»,-деп, келесі Аятта: **«Егер бүкіл адам баласы бірыңғай болып, азбайтын болса еді, әрине, Аллаға қарсы болғандардың үйлерінің төбесін әрі жоғары шығатын баспалдақтарын күмістен жасар едік», «үйлерінің есіктерін және сүйеніп отыратын биік төсектерін күмістен жасар едік».** «Сондай-ақ, алтынға бөлер едік. Бұлардың барлығы дүние тіршілігінің ғана пайдасы. Раббыңның қасындағы Ақырет Тақуалар үшін» (32-35-а),-деп, келесі Аятында Рахманды еске алмайтындарға шайтанды ерікті ететінін, ол олардың жолдасы

болатынын, азғыратынын, сорлы пенденің Қияметте оған нали-  
тынын ескерткен.

Мақал адамның семіздікті көтере алмайтынын айтса, ол – тоқшылық, ол – байлық. Ал, қарны тоқтың, қайғысы жоқ. Ол неден? Ол – тоқ пенденің байлығына сеніп, сол байлықты беріп отырған Алланы ұмытып, шайтанға еретінінен. Егер адам баласы осы семіздікті көтеретін болса еді – қанша байы-са да мақтаншақтық пен тәкаппарлықтан сақтанып, Алланың әмірлеріне жүректен беріліп амал жасайтын болса еді, Алла пендеге еселеп байлықтар берер еді.

Мысалы, бұрынғы заман адамдарына баю қиын болған. Мұны Абай бабамыздың өлеңдерінен көреміз. Солардан бірі: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», -деп басталатын өлеңі. Өлең:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,  
Шошимын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман, -деп бастап,  
байдың: «...жетпей тұрған жерінде тек берем», деп; бидің: «Мен казактан кегінді әперем», деп; жарлының: «қызметпен өткерем», деп; елубасы: «...шар салып, леп берем», деп; жалақия, жат мінез жаудың: «Бермей жүрсең, мен сені жек көрем», деп; достың: «... бермесең, бұлт берем» деп, қорқытып алатынын айтып, кейінгі жағында:

Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен,  
Құдайдың Өз бергенін жеп көрем, деп?

Атаны бала андиды, ағаны іні,

Ит қорлық немене екен сүйткен күні?

Арын сатқан мал үшін антұрғанның,

Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні, -деп, кейінгі шумақтарында да елінің заңының сиқынан, замандастарынан түңіледі.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», деген өлеңдерінен де түсінеміз.

Қазір бізде барлығы бар. Әрбір адам және оның құқығы мемлекеттің қамқорлығында. Бірақ, біз адал жолмен емес, жан

қинамай, арам жолмен байығымыз келіп бәлеге ұшырап жатырмыз. Бұл, әрине, ынсапсыздығымыздан.

«Ібраһим» сүресінің 34-аятында: **«Әрі сендерге Өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрін берді. Егер Алланың нығыметін санасандар, санынан жете алмайсыңдар. Расында адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз»**,-десе, «Кеһф» сүресінде: **«... адам баласы көп нәрседе жанжалшыл»** (54-а),-дейді. Расында, Жәннатқа лайық жаралған Тақуалардан басқа адам баласында қанағат, шүкіршілік жоқ қой. Халықтың: «Семіздікті қой көтереді»,-дейтіні сондықтан. Бұған өмірде дәлелдер жеткілікті.

Адамзатты күнәға батыратын Алланың да, адамзаттың да дұшпаны шайтан. Тақуалық етейік, оған алданып, Тура Жолдан ауытқымайық!

### **«Күмән Иманнан айырады»,-**

деген мақал да Аяттардың түсіндірмесі. Мақал тіршіліктегі адамға сену, ойына сену, еңбегіне сену сияқты сенімдерден гөрі, тікелей Мұсылманшылыққа байланысты.

Таратып айтар болсақ мұндағы Иман – Сенім. Ал, күмән – сенбеу, күмәндану. Яғни, Құран – Алладан келген соңғы Кітап, Аяттар – Алланың Кәламы деген хабарларға сенбей, Шындықты мойындамау, жоққа шығару.

Құранның «Хұжрат» сүресінің 12-аятында: **«Әй, Момындар! Күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені, күмәннің кейбірі күнә.** Сыр тексермеңдер, біреуді біреу ғайбаттамасын...»,-дейді. Бірінші сөйлемде мүлде күмәнданбаңдар немесе күмәннің барлығынан сақтаныңдар демей, **«...көбінен сақтаныңдар»**,-деген; екіншісінде: **«...күмәннің кейбірі күнә»**,-деген. Күмәннің «көбі» мен «кейбірі» қайсылар, бұлар – біреудің Құран Аяттарынан жеткерген хабарларына күмәнданушылар.

Тіршілікте пенделер арасындағы алыс-беріс, айтылған-айтылмаған әңгімелер немесе болған деген кейбір оқиғалар тәрізді хабарлар көп болады. Бұларға күмәндану мүмкін, бірақ, Құранның Сөзіне, Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Пайғамбарлығына, сахих хадистеріне күмәндануға болмайды. Бұл Иманнан айырады.

Біз білетін көп күмәнданушылар: құдайсыздар мен ғайридіндер және Мұсылман атын жамылып жүрген дүмшелер мен мұнафиқтар. Дүмшелер – Алла хақында, Құран туралы білмей сөйлейді; мұнафиқтар – бәрін біле тұра қарсы амал жасайды. Бұл төрт тайпа Құранға сенбейді, күмәнданады. Құранның соңғы және Өзінен бұрынғы Кітаптарды толықтырып түскен, ең таза әрі әрекеттегі Кітап екенін тән алмай, Тәурат пен Зәбур, Інжіл сияқты өзгерген Кітаптардай көреді.

Құранда Алла пенделерге күре тамырынан да жақын екенін, жүректердегіні Білуші екенін ескерткен. Ал, «Бақара» сүресінің 225-аятында: **«...Алла жүректерің істегенді есепке алады...»**,- деген. Хадисте Мұхаммед (с.ғ.с.) кеудедегі бір жапырақ етті таза сақтауды ескерткен. Бұл бір жапырақ ет – жүрек. Жүрегі таза Құл Алланың барына күмәнданбайды, Құран Алланың Кітабы екеніне жүректен Сенеді. Сондықтан ол Иманынан айырылмайды.

Тақуалық мектебінің бұл сабағынан қапы қалып, жүректі кірлетіп, күмәннан күнәларды көбейтіп, алдағы өмір өкінішпен өтпесін, Имандылық ілім пәндерін дұрыс оқиық!

### **«Бүлінгеннен бүлдіргі алма»**

Бұл – Алла, Періштелер және барлық лағнет айтушылар лағнет айтатын Аяттарды түсіндірген мақал. «Бақара» сүресінің 161-аятында: **«Расында сондай қарсы келгендер және қарсы болған күйде өлгендер, міне соларға Алланың лағнеті әрі Періштелердің және біртұтас адамдардың лағнеті болады»**,- деген. Лағнеттелгендер – бүлінгендер. Бүліну қалай болады? Алланың Аяттарына қарсы амалдар істеп, шекке жеткенде, Алланың қаһарына кезігуден болады («Әли Ғымран» с. 86-87-а).

Бүлдіргі – елге, адамға, отбасына кесірі бар әлде не. Сол әлде нелердің ең бірі де бірегейі – Аяттарды мойындамау, Аяттарға қарсы амалдар («Бақара» с. 120; 145-а). Осы қарсылықтары себепті қаншалаған мемлекет, ұлтар жер бетінен жойылды. Бүлдіргі – солардың жолы. Біз осыдан сақтануымыз керек.

Біздің қазақты құртқан қасіретті бүлдіргі – алауыздық, уәдепаздық, ұрлық, барымта; сосын шамамен, он бесінші ғасырдан бері келе жатқан ең үлкен бүлдіргі – жүз бен ақсүйекке



бөліну. Алладан қорыққан, Патшасына бағынып, Ақсақалын сыйлап өркендеген қазаққа осы жүз бен ақсүйек, караға бөліну – бүлдіргі болып, ел «Бөлінгенді бөрі жейді», -дегендей, арыстарынан, жәйлап-жәйлап қаншалаған жерінен айырылды.

Құранда «Әли Ғымран» сүресінде (102-103-а), «Шура» сүресінде (13-а) бөлінуге қарсы Аяттар түскен. Осы Аяттарға қарсы амал жасағандықтан бабаларымыз тарихында көп шапқыншылық көрді, азапты ауыр өмір сүрді. Сонда да: «Бұл – бабаларымыздан қалған жол», -деп, өзіне қайғы-қасірет тарттырып келе жатқан жүзшілдігін тастамайды.

«Бақара» сүресінің 170-аятында: **«Алла түсіргенге бойысыныңдар»,-делінсе, олар: «Жоқ, үстінде ата-бабаларымызды тапқан жолға ілесеміз»,-деді, ата-бабалары еш нәрсені түсінбеген әрі Тура Жолда болмаған болса да...»,-**десе, біздегілер де ата-бабаларының Алланың бөлінбеңдер, деген; Алла Аяттарына қарсы келгендерді жек көреді; Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті, одан да жақын, тілеген азаптарың сендерді өкшелеп келіп тұрған болуы мүмкін, деген Аяттарын білмеген еді. Сондықтан қайта-қайта қалмақтың шабуылына ұшырады, Қоқан хандығы мен орыстың қол астында езіліп келді.

Осы Аятты «Мәида» сүресінің 104-аятында: **«Қашан оларға: «Алла түсірген Құранға, Пайғамбарға келіндер»,-делінсе, олар: «Аталарымызды тапқан жол өзімізге жетеді»,-дейді, ата-бабалары еш нәрсе білмеген, Тура Жолда болмаған болсада...»,-**деп ашығырақ жеткеріп, 105-аятта: **«Әй, Момындар! Сендер өздерінді түзетулерің керек. Өздерің Тура Жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесір тигізе алмайды. Барлықтарыңның барар жерлерің – Алла жақ. Сонда Алла не істегендеріңнің хабарын береді»,-**деп, әркімнің, яғни, әр елдің өздерін түзеуі, Алланың сызған Тура Жолы – Құранмен жүруді ескертеді. Соңғы Аяттың соңындағы: **«Барлықтарыңның барар жерлерің – Алла жақ».** «Сонда Алла не істегендеріңнің хабарын береді», -дегені, бір бастықтың алдына барғандай бару емес, ол – осы 105-аяттың, яғни, Құранның айтқанымен жүрмей, азапқа ұшырау; ал, сонда не істегеніміздің хабарын беретіні – сол көрген азап: ауру, ашаршылық, соғыс, біреудің отарына айналу, т.б. Ашығырақ айтқанда, **«...есепке тартылуын ойламаған...»** әркім («Нәбә» с. 27-а), азаптың тақсыреті жанына батқанда,

өзінен өзі Алланы есіне алып\*, осы көріп жатқан азабы, 105-аятқа сауатты амал жасамағандығынан екенін жүрегінен өткеріп, «...бармағын шайнап: «Әттеген-ай!»...» («Фурқан» с. 27-а),- деп өкінеді. Сол Алламен кездесу.

Тақуалық мектебінің бұл сабағы біздің қазақ халқы үшін ең қымбат сабақ! Талай ғасырдан арман болған Тәуелсіздікке жеткен біз, бабаларымыздан қалған осы жүзшілдік, ақсүйекшілдік атты **бүлдіргіден** қашуымыз керек. Елді тұтастыратын, қорғайтын, құтқаратын жалғыз Алла ғана – Оның Тура Жолында болайық!

### **«Ініне сыймай жүріп, құйрығына қалбыр байлапты»**

Дана халықтың, диқандардың тілімен айтқан бұл мақалы, өзі Құранды толық меңгермей тұрып, жұртқа дін үйрететіндерді, шарифат айтып, шежірешіл бола қалатындарды назарға салады. Бұл Құранда «Нахыл» сүресінің 25-аятымен мағыналас. Сүреде Жаратушы мен ештеңе жарата алмайтындардың тең емес екенін айтып және Аллаға қарсыларды таныта келе, 24-25-аяттарда: **«Қашан оларға: «Раббыларың не түсірді?»-делінсе: «Бұрынғылардың ертегілері»-дейді. «Өстіп олар Қиямет күні өз күнәларын тұтас және надандықпен адастырғандарының күнәларының кейбірін көтереді. Байқандар! Үстеріне алған нәрселері нендей жаман»,-дейді.** Елде намазға талаптанған жастарға: «Әлі жассың...»,-деп райынан қайтаратындарды да, Құранды жақсы білмей тұрып Алланың атынан сөз айтатындарды да, Құранды зерттеп үйренгісі келгендерге тиым салған діндарларды да көріп жүрміз. Бұл амалдар осы 25-аят пен осы мақалға нақты дәлел.

«Иасин» сүресінің 47-аятында: **«Қашан оларға: «Алланың сендерге берген несібесінен тиісті орынға жұмсаңдар!»-делінсе, қарсы болғандар: «Алла қаласа тамақтандыратын**

---

\*Алламен кездесу, Алланың алдына жиналу, деген, біздің бастықпен кездескеніміздей емес, осындай тағдырда Алланың бар екенін жүректен сезіп, Оны ықыласпен еске алу, жалыну немесе жетер-жетпесеңе білмесең де бір жақсылыққа ниеттеніп, әрекет етіп жүріп, бір күні жеткенінде Алланың барлығына шынымен көзің жетіп, қуаныш үстінде шүкірлік ету.

**біреулерді біз тамақтандырамыз ба? Сендер мүлде адасқандарсындар»-деді**,-деген. Бір ауыз ашардағы сұхбатта біреу, осы Аятқа тура келетін сөз айтып, жұртты таң қалдырды. Сөзге тартып, білімін байқап едік, бұл тек өзінің түсінігі екен. Құранды оқымапты, садақа жәйлі Аяттарды білмейтін болып шықты. Намазға жығылғанына да екі-үш жыл-ақ болыпты.

Біз садақа беру жөніндегі бірнеше Аяттарды айтып, мағынасын түсіндіріп, бұл намазханның айтып отырғаны «Иасин» сүресінің 47-аятында ескертілген Аллаға, Пайғамбарға, Құранға қарсылардың сөзі екенін ескерттік. Құранда: **«Сондай! Қарсы болып, Алланың Жолынан тосқандардың, Алла амалдарын жояды»** («Мұхаммед» с. 1-а),-деген. Сол үшін Тақуалық мектебінің дәрістерінен қапы қалмай, Құранның қазақшасын қайта-қайта оқып, Аяттарды толық меңгермей уағыз айтпау керек.

Тақуалық мектебінде дұрыс оқып, Ақыретте Алламен жарқын жүзде кездесейік!

### **«Аурулы өле ме, ажалды өле ме?!»**

Өмір Шындығынан көп адамға таныс жағдай – бір отбасындағы ауру адамның аман қалып, күтпеген жерден дені сау туысының не баласының бақилыққа көшетіні.

Алла Құранның «Әли Ғыман» сүресінің 145-аятында: **«Алланың бұйрығы болмайынша ешкім өлмейді, ол – жазулы бір мерзім...»**,-дейді. Бұл сол ауру адамның әлі өлетін мезгілі келмегенінің хабары болса, «Хыжыр» сүресінің 5-аятында: **«Ешбір үммет ажалын ілгерілете де алмайды, кейіндете де алмайды»**,-деп, ажал мерзімі Алланың ғана қолында екенін аңлатып, «Мұнафиқун» сүресінің 11-аятында: **«Қашан біреудің ажалы келсе, Алла оны әсте кешіктірмейді және Алла не істегендеріңді толық біледі»**,-дейді. «Нұх» сүресінде (4-а) өлшеулі мезгіл жеткенде кешіктірілмейтіні айтылған.

Алла және бір Аятта, мүшріктердің соғыста қайтыс болған адамы жайында: **«Соғысқа бармай, бізбен бірге болғанда өлмейтін еді»**,-деп асылық сөйлейтінін ескерткен.

Иә, қай уақытта да ажал Алладан – Алланың әркімге өлшеп берген демі, ризық-несібесі бар. Солар түгесілген күні, ажал келеді.

Содан шығарып халық: «Демі біткен демінде, күні біткен күнінде», -деп, «Талқаны таусылған», -деп те ажалдың Алла белгілеген мерзімде келе қалатынын айтқан.

Өмірімде өміріне көңілі толмаған екі адамның, өлу мақсатында асылып, одан бірінің әйелі, бірінің ағасы хабар тауып, тірі қалғанына куә болдым. Бұл жоғарыдағы Аяттарда айтылғандай Алла белгілеген мерзім жетпегендіктен, Алла олардың біріне әйелін, екіншісіне ағасын кездестірді...

Осы ажалға байланысты «Жұтқаным – өзімдікі, шайнағаным – күмән», -деген де мақал бар. Расында ешкім шайнап отырған нанын жұта алатынына кепілдік бере алмайды.

Алланың бұйрығымен Әзірейіл міндетін өтеуге келгенде, шайнап отырғаныңды жұтуға үлгіресің бе, жоқ па? Оны Құдай біледі. Сондықтан Алла Құранда Алладан әмір келген мезет тағдырдың кешіктірілмейтіні ескерткен. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) намаздың әт-тәхиатында оң жаққа сәлем беріп бетті бұрғанда, кері қайтып оңғарыларын Алла білетінін айтады. Осыларды меңзеп бабаларымыз осы мақалды қалдырған. Бұл – Алла аманатын қайсы күні, қай мезетте, қай жерде, қандай жағдайда алатынын Өзі ғана біледі, сондықтан бақытыңа Құдай берген уақытты бос өткермей, болмасты сылтау етпей, құлшылығыңды жаса дегені; біреумен ренжіскен болсаң тезірек татаулас дегені; қызметке байланысты антты бұлжытпай орындауға шақырғаны; біреу аманат тапсырған болса, дереу құтылып, таза жүр дегені; бұл – біреуден қарыз алған болсаң, уәделі күнінде қайтар дегені; бұл – біреуге берген уәдең болса, жылдам орында дегені; мұраны дұрыс тапсырып, Ақыретіңді де ойлап, сақ жүр дегені.

Тақуалық мектебінің кезекті сабағы осы болды. Жақсы оқып, Ақыретке тыңғылықты дайындалайық!

### «Тумақ барда, өлмек бар»

Және мұнымен мағыналас: «Демі біткен – демінде, күні толған – күнінде», «Келген кетеді», «Ешкім дүниеге тұлға болмайды», «Өлмесе, ата-бабаң қайда кеткен?» -деген сияқты мәтел және нақыл сөздер бар. Бұлардың барлығы «Әли Ғымран» сүресінің: «**Әркім өлімді татады...**», -деген 185-аятының (1), «Әнғам» сүресінің: «**...сонан соң, өлім мезгілін белгіледі...**»-

деген 2-аятының (2), «Ағраф» сүресінің: **«Әр әлеуметтің белгілі бір мерзімі бар. Олар сол мерзім келген сәтте бір дем кешікпейді де ілгерілемейді»**,-деген 34-аятының (3), «Мұнафиқун» сүресінің: **«Қашан біреудің ажалы келсе, Алла оны әсте кешіктірмейді...»**,-деген 11-аятының және осылармен мазмұндас бірнеше Аяттардың түсіндірмесі.

Және егде жасқа келгендер: «Әйтеуір бір өлім бар ғой!»-деп, қорасына бір-екі мал байлап, кебініне ақ мата сатып алып, тіпті, мазараттан орын белгілеп, біреулер сол орынға күмбез тұрғызып, сүйегіне кімдер кіретінін айтып, өзінше Ақыретіне дайындалған болады. «Сақтықта қорлық жоқ»,-дегендей, бұл да аса теріс емес, бірақ, Ақыретке дайындық Алламен бірге болу амалдары ғана.

«Алла қаламай ай тумас»,-деген тақырыбымда келтірген Аяттарда ескертілгендей, «Інсан» сүресінде Алла қаламай, пенденің ойлағаны бола бермейтінін айтқан (30-31-а). «Мүминұн» сүресінде Шындық адамдар тартқан жаққа аумайтынын ескерткен (71-а).

Ақыретке дайындық – Алла айтқан Тура Жолмен жүру!

- - - - -

1. «Әли Ғымран» сүресінің 185-аяты: **«Әркім өлімді татады. Шын мәнінде Қиямет күні ақыларың толық төленеді. Сонда кім оттан құтқарылып, Жұмаққа кіргізілсе, рас құтылды. Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі»**.

2. «Әнғам» сүресінің 2-аяты: **«Ол сондай Алла, сендерді балшықтан жаратып, сонан соң, өлім мезгілін белгіледі және белгілі мерзімі де Оның қасында. Сонда да күдіктенесіңдер ме?»**

3. «Жүніс» сүресінің 49-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Алланың қалауынан басқа өзіме пайда не зиян келтіру күшіне ие емеспін. Әр үмбет үшін бір ажал бар. Қашан олардың белгілі мерзімі келсе, бір сәтке кешіктірілмейді де ілгерілетілмейді»-де»**.

### **«Қамырдан қыл суырғандай»**

Бұл – «Әнғам» сүресінің 61-62-аяттары. Аяттарда: **«Және Ол Құлдарының үстіне өктем. Сендерге қорұшылар жібереді. Біреулеріне өлім келген сәтте, Періштелеріміз жанын алады да еш кемістік етпейді»**, **«Одан кейін Хақ Иесі – Аллаға ұсынылады. Сақ болындар билік Оған тән. Әрі Ол –**

**есепшілердің ең Жүйрігі**», - деген. Аяттар да, мақал да таза Иманды Құлдың Алладан әмір келгенде оңай ғана өлетінін жеткеруде.

Ал, осы сүренің 93-аятында Алланың құдыретін мойындамайтын, Аяттарын менсінбейтіндердің өлімін сөз еткен. Аятта: «Алланы жоққа шығарған немесе өзіне ешбір уахи етілмесе де: «Маған уахи етілді», - деген және: «Алла түсірген сияқтыны мен де түсірем», - дегеннен кім залымырақ? (Мұхаммед с.ғ.с.) егер залымдарды өлім қиналысында, Періштелер қолдарын созып: **«Жандарыңды шығарындар! Бүгін Аллаға қарсы орынсыз сөйлегендерің, Оның Аяттарын менсінбегендерің себепті қорлаушы азаппен жазаланасындар!»** - дегенде бір көрсен», - деген. Аятта жақша арасында Мұхаммедті көрсеткенмен бұл Аят саңылауы бар барлық адамға тиесілі. Біз бір адамдардың ұйқыда оңай ғана өлгенін, біреулерінің қиналып жан бергенін білеміз. Бірінші өлім, 61-62-аяттағы және «Нахыл» сүресіндегі жақсы жағдайдағы (32-а), қамырдан қыл суырғандай тыныш өлім.

93-аятты «Қаф» сүресінде: **«Өлім есірігі оған Шындықты келтірді». «Сүр үрленеді». «Әркіммен айдаушы және куә бірге келеді». (Жан берушіге:) «Расында осыдан қаперсіз едің. Ал енді сенен шымылдықты аштық. Сондықтан бүгін көзің өткірлесті»** (делінеді). **«Жанындағы (Періште:) «Міне, Мендегі дайын», - дейді. «Бүкіл қарсы болған қиқарды дозаққа салындар!»** (делінеді). **«Жақсылыққа тиым салушы, шектен шығушы және күмәнданушы»;** **«Бұлар Алламен бірге тәңір жасап алған. Енді оны қатты азапқа салындар»** (делінеді). **«Оның сыбайласы (шайтан): «Раббым! Оны мен аздырмадым. Дегенмен өзі де ұзақ адасуда еді» - дейді.** (Алла) **«Менің алдымда тартыспандар. Сендерге алдын ала уәдені білдірген едім», ...».** **«Менің алдымда сөз ауыстырылмайды. Сондай-ақ Құлдарыма әділетсіздік істемеймін».** **«Ол Күні дозаққа: «Толдың ба?» - дейміз. Ол: «Тағы бар ма?» - дейді»** (19-30-а), - деп және айдынырақ жеткерген. Демек, тағдырға соқтықпай жүрген күнде, өлім келмей тұрған аман-аман күнде Құранмен және Аяттармен мағыналас сахих хадистермен, сүндеттермен амал жасап жүрейік.

«Тумақ бар да өлмек бар», «Қамырдан қыл суырғандай», деген бұл екі мақалды да осы Тақуалық мектебінің озат оқушылары айтып кеткен. Бұдан дұрыс сабақ алайық!

## «Талапты Ерге Нұр жауар»

Мұндағы Нұр – күннің сәулесі емес, Алланың Нұры. Адам Алласыз ештеңе білмейді, ештеңені өзінше пікірлеп шеше алмайды. Мәселен, жадын жоғалтқан – ештеңені естей алмайтын адамды ойыңызға алыңыз. Ештеңені білмейді. Оқымаған, жұмыс тәжірибесі жоқ адам да тап сол сияқты. «Нахыл» сүресінің 78-аятында Алла: «Алла сендерді аналарыңның қарнынан еш нәрсе білмейтін түрде шығарды да **сендерге есту, көру және ойлау қабілетін берді**», -деп және бір Аятта егер оны алып қойса, адам кәріп болатынын да айтқан.

Демек, Алланың Нұры деген – алдымен Құран, екіншісі, біздің есіту, көру және ойлап-пікірлей білу қабілеттеріміз. Мақалдың меңзеп отырғаны, әрбір игілікті іске талаптанған пендеге Алла Рахым қылады. Оған Иләһи ілім-білім нәсіп ететіні.

Абай бабамыз: «Ондай болмақ қайда?!-деп, айтпа, ғылым сүйсеңіз», -деген. Расында Аллаға талаптанған адам Оған жетеді. Бұл хақында Алла «Мәида» сүресінің 105-аятында: «**Әй, Момындар! Сендер өздерінді түзетулерің керек...**», -десе, «Әнғам» сүресінің 48-аятында: «**...кім Иман келтіріп, өзін түзесе, оған қорқу жоқ әрі қайғырмайды**», -деп пысықтап, «Рағыз» сүресінің 11-аятында: «**...Расында бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді...**», -деп, әркім өзін-өзі түзеуі керектігі анығырақ ескертіп, «Шура» сүресінің 13-аятында, кім өзін Аллаға бейімдесе, Алла оны Тура Жолына салатынын хабарлап, «Ғанкабуд» сүресінің 69-аятында, Жолында күрескендерді Тура Жолына салатыны мен жақсылық жасаушылармен бірге болатынын мұқияттап, «Тағабұн» сүресінде Иман келтіргендердің жүрегін түзейтінін жадқа салып, «Іншиқак» сүресінің 6-аятында: «**Әй, адамзат! Негізінде сен Раббыңа қарай өте тырыссаң, Оған жолығасың**», -деп нақты уәде береді. Міне, талапты Ерге Нұр жауған, деген осы – Аллаға жолыққандық. Бұл жолығу қалай? Оны әркім Аллаға жолыққан күні жүрегі білдіреді. Ол – адамдар сияқты бетпе-бет кездесу емес, көздеген мақсаттарға жету.

Біз Алламен кездесу дегенді тек дін жолындағы оқиға деп түсінеміз. Әсілінде Алламен кездесу «Еңбегіне қарай – өнбегі»,



«Еңбек өрге сүйрейді», «Әрәкатқа – бәрәкат,-деген сияқты еңбекпен де жүзеге асады.

«Ниса» сүресінің 96-аятында: **«Алладан дәрежелер, жарылқау және мәрхамат бар.** Алла – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», -десе, «Әнғам» сүресінің 132-аятында: **«...әркімнің істегеніне қарай дәрежелері бар. Раббың олардың істеген істерінен хабарсыз емес»,**-дейді. Демек, Аллаға құлшылықтар жасап, айтқан Жолымен жүріп, ұмтылу – талаптану керек.

Алла мақтаншақтарды сүймейді. Неге? Біріншіден, мақтаншақ адам ысырапкершілікке көп жол қойса, екіншіден, сол мақтанып тұрған дәрежесіне жеткерген Алла екенін ескеріп, шүкір, демейді. Бірақ, «Әр нәрсенің шегі бар», деген, мақтаншақтар да бір күндері мүсәпір болып қалады.

Бұл – Алланың Жолына түсудің амал-әрекеті. Өмір сүруде ше? Алла **«... есту, көру және ойлау қабілетін берді».** Және айналамыз толы тіршілік. Біз енді Алла берген ойлау қабілетін пайдаланып, бірдің тұлғасына қызығып, сондай болуды армандаймыз; біреудің тек кәсібіне елтіп, кәсіп таңдаймыз; т.т. Және сол арманымызға жету жолында ізденеміз, ойлап-пікірлеп, арманның сырын ұғамыз. Осы да Алладан үміт етіп, талаптану.

Мектеп-интернатта оқып жүргенімде, менің Күзембай есімді сыныптасым болды. Сабақты үлгере алмағасын, мұғалім оны маған тапсырды. Мен оған сабақ үйретемін, үй тапсырмаларын орындап, оқитын тақырыпты үш мәрте оқытамын да: «Енді сен өзің оқи бер...», -деп, мен өзімнің сабағыма кірісемін. Ол шамалы ғана кітапқа қадалып отырады да бір кезде партаның шетін ұстап алып, «ввыыыңңң», -деп, өзінше мәшін айдайды. Мен ескертемін. Тынышталып кітапқа қадалады. Осындай жағдай қайталана береді. Бір күні маған: «Нарбай, сен маған үйреттің. Рахмет! Мен бәрібір оқудан ештеңе болмаймын. Амалдап сегізді бітірсем, сосын сапқозға істеп жүріп, жасым толғанда шопырлықты оқып, мәшін айдасам болды», -дейтін. «...ештеңе болмаймын», дегені – оқымысты болмаймын, дегені; «сапқоз», деген – совхоз – кеңестік шаруашылық.

Сол Күзембай өзі армандағандай шопыр болды. Қалам ұстаған бізден дәулетті жасады.

Оныншы сыныпта оқып жүргенімізде, Ерғали Халмұратов есімді ұстазымыз, оқуы төмен оқушыларды көтермелеп: «Сен-

дер: «Мен сыныпта нашар оқыдым», -деп, өздерінді төменге ұрып тартып бандар. Аттестаттарыңды алғасын, институт па, техникум ба, училище ме, әйтеуір біреуіне оқуға барыңдар. Әркімнің несібесі, Алланың қолында. Алла қаласа оқисыңдар. Кәсіп керек нәрсе», -деп, өзімен бірге оқыған Нарбек деген сыныптасын әңгімеледі. Ол да менің Күзембайым сияқты оқыпты...

Арадан жылдар өтіп, редакцияда істеп жүргенімде сол Нарбекпен кездестім. 1996 жылғы бір ұшырасуда, сырласудың сәті түсті. Ұстазымның атын жасырып, мектепте нашар оқығанын, бірақ, қалай дүкенші болғанын сұрадым. Ол: «Балалық шағымыз ауыр жылдарда өтті. Арманымыз – қу тамақ болатын. Сонда ауылдағы колхоз раисінен кейін, складшы мен дүкеншінің жағдайы тәуір болатын. Мен: «Мен райс бола алмаймын. Білімім жоқ. Ең болмаса, складшы не дүкенші болсам», -деп армандайтынмын...», -деп, жұмысшы болып жүріп, бір күндері дүкенші болғанын әңгімеледі...

Талапты Ерге Нұр жауарына өмір атты Тақуалық мектебінде дәлелдер көп. Алайда, «Жүніс» сүресінің 105-аятында айтылғандай, адамзат бұл дәлелдерге мән бермейді. Сол салғырттығынан күнәларға қалады. Біз – ғылым-білімі мен мәдениеті дамыған ХХІ ғасырдың түлектері мектепті жақсы оқиық! Тақуалықтың биіктерін иелейік!

\* \* \* \* \*

*Бір емес, бес Аяттың мағынасын жеткеріп тұрған келесі мәтел:*

### **«Еңбегіне қарай өнбегі»**

Тақырыпта аталған бес Аят: «Әнбия» сүресінің 94-ші және «Әнғам» сүресінің 132-ші және «Нәжім» сүресінің 39-41-аяттары. Оларда: **«Сонда кім Иман келтіріп, жақсылық істесе, оның еңбегі босқа кетпейді. Күдіксіз оған жазамыз»,** (94-а); **«Және әркімнің еңбегіне қарай дәрежелері бар. Раббың олардың істеген істерінен хабарсыз емес»** (132-а). **«Адамзат еңбегіне қарай табысқа ие болады»** (39-а). **«Сөз жоқ еңбегінің нәтижесін жедел көреді»** (40-а). **«...еңбегінің өтеу толық беріледі»** (41-а), -дейді. Ризық-несібені үлестіруші Алла ешкімнің еңбегін еш қылмайды және біреудің ақысын біреуге жегізбейді.

Соған көзі жеткен бабаларымыз: «Жаяудың сыбағасын аттылы жей алмайды», -деген.

Біз: «Әркім өзінің еңбегіне жараса, табыстарға ие болады», - дейміз. Сол жұмысты істеуге Алла жете, Сана, күш береді және еткен еңбегінің сапасы мен өніміне қарай несібесін жеткереді. Ал, біреу қиянат жасаса – аз еңбек етіп, онысын көп көрсетіп, артық ақы алса, оған белгілі уақытқа кеңшілік береді де сол уақыты толғанда жазалайды («Әли Ғымран» с. 178; «Мәриям» с. 84-а).

«Мүминұн» сүресінің 71-аятында: **«Егер Шындық олардың көңілі тартқан жаққа кетсе, әрине, көктер мен жер және онда болған әркім бұзылып кетер еді...»**,-деп, Шындықты өз өсінде ұстап тұрған Әл-Ғадилу Алла, «Фатыр» сүресінде: **«Рас Алла көктер мен жерді бұлжытпай ұстайды. Мүбәда екеуіне бір зауал болса, Одан кейін оны ешкім ұстап тұра алмайды. Шәксіз Алла – тым Жұмсақ, аса Жарылқаушы»** (41-а),-деген. Аяттардағы **«...көктер мен жер...»** – адамзаттың ризық-несібесінің кеңістігі. «Бақара» сүресінің 28-аятында, өлтіріп-тірілтетінін, Қияметте кездесетінін айтса, 29-аятында: **«...Алла жер жүзіндегі барлық нәрсені сендер үшін жаратты. Сонан кейін аспанға көңіл бөліп, оны жеті қабат көк етіп тәртіптеді. Ол – әр нәрсені толық Білуші»**,-дейді. Міне, осы жаратқандарының барлығы адамзат үшін. Егер адамзат Әділдіктен айныса – нашүкіршілік көбейсе, Аяттарды елемей, кейбіреуіне қарсы келу шектен асса, Алла көктен жаңбыр қар жібермей, жер жүзінде жұт болады; ізін ала бере әділетсіздіктер үшін соғыс өртін үрлейді. Жаңағы «Фатыр» сүресінің 43-аятында: **«Олар жер жүзінде паңсып, жаман тәсіл жасады. Негізінен айкерліктің кесірі иесіне ғана болды. ...»**,-деді. Яғни, Аяттарға қарсы амалдар жасаған, **«...жаман тәсіл...»**, **«...айлакерлік...»** жасаған адамзат қана азап шегеді. Бірақ, сол адамзат Алла қаламай өз жағдайын өзі түзей алмайды. Атап айтқанда: аспаннан жаңбыр, қар жаудыру қолдарынан келмейді; жер үстіндегі соғысты тоқтатуға қауқарсыз. Бұлардың екеуі де Алла қаласа ғана ретке келеді.

«Інсан» сүресінде: **«Сендердің қалауларың болмайды. Алла қаласа ғана болады. Расында, Алла – өте Білуші, Хикмет Иесі»**,-деген. Молшылық та, бейбітшілік те, еңбек те, еңбектің өнімді болу да, еңбекшінің талабы да Алланың қалауымен.

Осы – «Еңбегіне қарай өнбегі», деген мәтел ескерілгенде, алдымен Адам атаның Әбілі мен Қабылы ойға түседі. Құранда Әбілдің Құрбандығы қабыл болып, Қабылдікі жарамағандығы себепті Қабылдың қызғанышы қозып, Әбілді өлтіргені баяндалған.

Ал, адамзаттың тіршілігінде Алладан, Ақырет есебінен қорықпайтын пенделердің бақылдығын көреміз. Бір жылдары көрші ауылда жасайтын агроном, үкіметтің рұқсатымен біздің үйдің желкесіндегі бос жерден егістік ашып, жүгері екті. Егіншілік маманы болғандықтан оның жүгерісі біздердің жүгерімізге қарағанда тым тамаша еді.

Өз басым агрономның іскерлігіне риза болып, тәжірибесінен үйренуге ынтығып жүрдім.

Бір күні көршіммен әңгімелесіп тұрдым. Оның 5-6 жасар баласы жанымызға келді. Өлгі көршім, агрономның жүгерісінің жайқалып тұрғанын қызғанышпен айтып, баласына: «Әй, Екөш! Бар. Орақты ал. Анау жүгеріден орып әкеп сиырдың астауын толтыр», - деді.

Баласы зымырай жөнелді.

Мен шошып кеттім. Неткен надандық! Дереу ара түсіп, оны ынсапқа, шүкірлікке, сабырға шақырдым...

Бұл – жалғаншы дүние. Мұның байлығына қызығып жүріп, жүректі кірлетіп, күнәларға батпайық. Тақуалық мектебінің сындарынан өте үлкен абыроймен өтейік!

### **«Жан қинамай жар қайда?»**

«Жалқаулар жатып ішер арам тамақ, Ондайлар болады ғой, елге салмақ» (Ғ. Құрманғалиев), - деп, жалқау адамдарды жақтырмайтын қазақ, осы «Жан қинамай, жар қайда?» Еңбек ет, мал тап. «Қатын кімнің қатыны? Ала қаптың қатыны, Ала қабың болмаса, әлдекімнің қатыны», - деген...», - деп, әке баласына, аға інісіне кейіп, жөн сілтеген.

Адамзатқа Жәннатта ғана мұқтаждық жоқ. Онда не керектің барлығы бар. Жер бетінде бақытты жасап жатырмын, деген пенденің ешбірі Жәннатағыдай бақытты жасай алмайды. Себебі, жер үстінде бақыты үшін: ізденеді, оны табу үшін арам-адал айла-тәсілмен күреседі. Азаптанады, күнәға батады. Ал, Жәннатта бәрі даяр. Тек жер үстінде жинаған Иман сауабы жеткілікті болса бол-

ды. Сондықтан Тақуалар Аллаға құлшылық үстінде күнәларын жарылқауды сұраумен бірге, бақилыққа көшкесін Бейіштен мәңгілікке қалатын орын беруін және жерге қайта жібермеуін жалынып сұрайды. Құлшылықтан кейін еңбек етеді. Тапқан табысынан Алла үшін тиесілі орындарға жұмсайды...

Алла құлшылықтан кейін таралып, ризық-несібе іздеуді, еңбегіне қарай әркімге дәрежелер беретінін ескерткен. Алланың Жолында соғысу, қан майдан ғана емес, бұл соғысу – Алланың Аяттарына жан қиналса да сауатты амал жасау.

Адамдар намазды қиынсынады, ұйқысын қимайды; біреулер тәкаппарлықтан төмен түскісі келмейді. Міне, осылар – шайтан қызық көрсеткен, надандық. Алла адамзатты осыдан қайтармақ. Сол үшін үлкен күрес – осы қиындықтарды жеңу мақсатындағы күрес.

«Тәубе» сүресінің 19-аятында: «(Әй, мүшріктер!) Сендер қажыларға су беруді, Месжід Харамды жөндеуді (яғни, қажыларға су берген, Месжід Харамды жөндеген адамды); Аллаға, Ақырет күніне Иман келтіріп, Алла Жолында соғысқан кісімен тең көресіндер ме? Бұлар Алланың қасында тең болмайды. Алла залым қауымды Тура Жолға салмайды», - деген. Демек, қолдың ұшымен, яғни, «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүріп, тіршілік етуді қостамайды; керісінше, малымен, жанымен Алла Сөзінің үстемдігі үшін нәпсімен, шайтанмен, жаумен соғысу керек; шөлдеп, шаршап, ашқалып жүрсе де бетінен қайтпай жауды жеңу керек. Мұны осы сүресінің 120-121-аяттарында жақсы түсіндірген. Аят Мәдениліктерге қарата айтылғанмен ол Алладан үміті үлкен барлық Мұсылманға тиесілі Жол.

Сүренің 20-аятында: «Сондай! Иман келтіріп, (Алла үшін) жұрттарынан ауғандар және Алла Жолында малдарымен, жандарымен соғысқандар, Алланың қасында ірі дәрежеге ие. Міне, солар мұратына жетушілер», - деген. Қайталап айтсақ, жалқауланбай жанды қинап, сараңдық қылмай: зекет, пітір, садақа беріп, қайырымдар жасап, Алланың ризашылығына жету үшін тер төгу керек. Сонда еңбегіміз жанып, табысымызға береке дарып, өзімізді де, отбасымызды да кедейліктен, түрлі мұқтаждықтан құтқарып, Алланың берген нығыметтерінен тиімді пайдаланған боламыз.

Тақуалық мектебінің озат оқушысы болып, Алланың ризашылығына жетейік!

## **«Қара орысты көргенде, сары орысты әкем дерсің»**

Қара орыс – өзінің тілін, ұлтын мойындамай, ұлттық ұлылығын бағаламай, дінін менсінбей, қолдан орыс болған, мәмілелі сөзге түсінбейтін өте нашар адам – сатқын адам.

Сары орыс – өзінің тілін, дінін біледі және сөзге түсінетін – нағыз орыс. Ол – «Әли Ғымран» сүресінде (113-114-а) ескертілгендей ізгілікті, қайырымды орыс. Бұл – оның өз дінінің, ұлтының абыройын қорғауы, беделін көтеруі.

Сөзге түсінбейтін қара орыс – қазақ әрине, осыдан азар көрген мүсәпір, сары орысқа датын айтып, Әділдікке жеткен. Содан келіп осы мақал туған.

«Мәида» сүресінің 82-аятында: «Әрине, Момындарға адамдардан ең қатты дұшпан түрінде Яһудилерді, мүшріктерді табасың. Және **Момындарға сүйіспеншілік тұрғысынан олардың жақынырағын: «Біз Христианбіз!»-дегендерден табасың. Бұл олардың Даналары, Тақуаларының болуы және олардың менменсімейтіндіктері себепті**», -деген. Демек, өз ұлтын, тілін, дінін сүйіп, сыйлап, оның аброй-мәртебесін қорғап жүрген сары орыс – Дана, Тақуа орыс. Себебі, ол осы «Мәида» сүресінің 48-аятында айтылған, өзіне белгіленген Жолмен адал амал жасап жүрген орыс – Христиан\*. Сондықтан ол Момындарға басқалардан, әсіресе ұлтын, дінін, тілін сатқан қазақтардан көп жақын.

Тақуалық мектебінде жақсы оқиық. Діні бөлек, тілі басқа топты өзімізден көп деп, күшті деп, Алла тағдырымызға жазған өз Жолымыздан бастартпайық. Бұл Жол бізге сынақ («Мәида» с. 48; «Нахыл» с. 92-а).

## **«Өзіңді Ер білсең, өзгені Шер біл»**

Сен менсінбеген, өзіңнен төмен көрген адамың Алланың алдында Ардақты болуы әбден мүмкін. Мақал ешкімді кемсітпеуді

---

\* Біз тақырыбымызға байланысты орысты ғана Христиан деп отырмыз. Негізі әлемде, ол дінді қабылдаған ұлт көп.

көздеген пікірден туған. Қазақта: «Қарға сүйер баласын аппағым, деп»,-деген тәмсіл бар.

Мұны «Хұжрат» сүресінің 10-13-аяттарында: «Шын мәнінде Момындар туыс қой. Сондықтан екі туысыңның арасын жарастырыңдар. Және Алладан қорқындар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер». «Әй, Момындар! **Бір ел бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар.** Сондай-ақ, **әйелдер әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар.** Бір-бірінді **міндемендер, жаманат тағыспаңдар.** Иман келтіргеннен кейін пасықтық нендей жаман. Ал, кім тәубе қылмаса, міне, солар залымдар». «Әй, Момындар! Күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені, күмәннің кейбірі күнә. **Сыр тексермендер, біреуді біреу ғайбаттамасын.** Біреулерің өлген туысының етін жегенді жақсы көре ме? Әрине, оны жек көресіндер. Расында, Алла тәубені тым қабыл етуші де ерекше мейірімді». «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында **Алланың қасында ең Ардақтыларың Тақуаларың. Шәксіз Алла – толық Білуші, әр нәрседен Хабар Алушы»**,-деп жеткерген. Шынында сенің тәлкек қылып менсінбей жүрген адамың Алланың алдында сенен жақсы шығар. Халық осы Аяттарды жақсы білгендіктен: «Өзіңді Ер білсең, өзгені Шер біл»,-деген.

Енді бұл Аяттарды: «Ескінің сөзі, Мұхаммедке келген Құраннан ғой! Қазір заман басқа. Алла Құранға қарсы келгеннің бәріне шара көретін болса, жүр ғой қанша ұры, парақор, зинақор, алаяқтар ...»,-дегендерге, Алла «Әли Ғымран» сүресінің 176-178-аяттары мен «Мәриям» сүресінің 83-84-аяттарын жеткерді. Бұл Аяттардың біріншісінде: «(Мұхаммед с.ғ.с.) олардың **қарсылықта жарысулары** сені кейітпесін. Өйткені, олар Аллаға әсте зиян келтіре алмайды. Алла оларға Ақыретте бір несібе беруді қаламайды. Сондай-ақ, **олар үшін зор қинау бар**». «...Иманның орнына **қарсылықты айырбастағандар**, олар да Аллаға ешбір зиян келтіре алмайды **...олар үшін де күйзелтуші азап бар**». «...қарсы болғандар, **...мұрса беруімізді өздеріне қайырлы деп әсте ойламасын. Шын мәнінде күнәларын арттырсын деп қана орай береміз. ...олар үшін қорлаушы азап бар**» (176-178-а),-десе, екіншісінде: «...оларға түрткі салатын



**шайтанды жібердік». «Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз» (83-84-а),-деп, «Ағраф» сүресінің 36-аятында: «...Аяттарымызды өтірік дегендер, өздерін одан зор санағандар, солар дозақтық. Олар онда ұдайы қалушылар»,-деген.**

Енді өмір Шындығынан дәлел айтайық. Кезінде күркіреп, айналасындағы кішіпейіл, кем несібе адамдарды менсінбей жүргендер, Алла белгілеген бір уақытта әлде неге ұшырап, төмендеп қалады. Ал, әуелден барлық адамға бірдей қарап, орта сый-құрметте жүрген адамдар төрге шығарылады. Сол кезде күркіреген тәкаппар түсінеді. Ойланады, өкінеді. Бірақ, кеш қалған – еш нәрсе өзгерте алмайды.

Алла «Ағраф» сүресінің 46; 48-аяттарында: **«...Ағраф дейтін жоғары орында екі жақтағыларды да (Бейіштегілер мен дозақтағыларды) әлпетінен танитын біреулер бар. Бұлар: «Сендерге сәлем!»-деп Бейіштегілерге айқайлайды...», дозақтағыларға: «Сендерге көптіктерің және менмендіктерің пайда бермеді ме?»-деп айқайлайды»,-дейді.** Ағраф деген биіктіктегілер өмірдегі ақ пен қараны, жақсы мен жаманды салыстырып, әрбіріне уақытылы баға беріп отыратын Иманына берік, Жәннаттан үміті бар, Алла қалаған жақсылар, әрине.

### **«Өзгені өзіндей көр»**

Сахих хадисте де өзгелерді өзіндей көруді, өзіне тілегенді өзгелерге де тілеу керектігін айтады. «Бақара» сүресінің садақаға байланысты ізбе-із түскен Аяттарының 267-шісінде: **«Әй, Момындар! Табыстарыңның және сендер үшін жерден шығарған нәрселеріміздің жақсыларынан тиесілі орынға жұмсаңдар. ...өздерің көздеріңді жұмып әрең алатын сапасыз нәрсені Алла Жолында беруді ойламаңдар. Біліңдер, Алла – Бай, Мақтаулы»,-десе, «Әли Ғымран» сүресінің 92-аятында: «Сүйген нәрселеріңді Алла Жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар. Не берсеңдер де Алла Тағала оны толық біледі»,-дейді.**

Иә, садақаны алған кісі де берушіден риза болуы – садақаның Алланың құзырында қабыл болуының кепілі. Адамның (ғ.с.) ұлдары: Әбілдің берген құрбандығы – шын пейілімен шалған

семіз тоқтысы, Алланың құзырында қабыл болып, Қабылдың өзі етін жегісі келмейтін арық тоқтысы – құрбандығы қабыл болмады. Содан ол Әбілге кектенді.

Бұл мақалдың мағынасына бірнеше Аяттар сыяды. Солардан бірі – «Хұжрат» сүресінің

11-13-аяттарындағы татулық; бір-бірін кекетіп, келемеждемеу, өсек қылмау, күмәнданбау, жіктемеу, сыйластық – жалпы Тақуалық ету. Тақуа адам ешкімге тілімен, көзқарасымен, қол-аяғымен зиянын тигізбейді.

### «Таспен ұрғанды аспен ұр»

Араздасқан адамдарды табыстыруға шақырған бұл мақалдың мағынасы өте түсінікті.

Біз «Мүминүн» сүресінің: **«Жамандықты жақсылықпен кетір. Олардың баян еткен нәрсесін жақсы білеміз»**, -деген, 96-аятын оқығанда, Алланың осы мақал арқылы осы Аятты оқытып тұрғанын білеміз.

«Жақсыда кек болмайды, жаманда бет болмайды», -деген тақырыбымыздағы «Фуссилат» сүресінің 33-35-аяттарын қай та еске салайық. Ол Аяттарда: «Шын! Мен Мұсылмандарданмын», - деп, Аллаға шақыра отырып, ізгі іс істеген кісіден, сөз тұрғысынан кім жақсы бола алады?» **«Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем түрде Жолға сал. Сол уақытта сенімен екеуің араңда дұшпандық болған біреу, өте жақын достай болып кетеді»**. **«Бұл қасиет сабыр еткендерге ғана нәсіп болады. Сондай-ақ бұл сипатқа зор несібелілер ғана ие бола алады»**, -дейді.

Біз өзіміздің «Әли Ғымран» сүресінің 110-аятында айтылған – жұртты жамандықтан тыйып, жақсылыққа бастау үшін шығарылған қайырлы үмбет екенімізді есімізге алып, тақырыпқа тамызық болған бұл Аятқа сауатты амал жасаймыз. Егер өйтпесек, бұл Аятқа да, 110-аятқа да, Иманымызға да қарсы шыққан есептеліп, Әл-Қаһару Алланың қарпуына ілігеміз. Содан сақтану үшін біз әр қандай **«...жамандықты жақсылықпен кетіреміз...»** («Мүминүн» с. 96-а).

Ақназар Омаров 1961 жылы кеңшар директоры кезінде, аудандық партия комитетінің хатшысымен қызмет үстінде

келіспей қалған екен. Ақыл, біліммен жеңе алмаған хатшы, бұл кісіні үйімен қосып өртеп жіберуге дейін барып, арнаулы топ ұйымдастырыпты. Ол топтың мақсаты әшкереленіп, өрттен аман қалған.

Соңында хатшы қызметтен босатылып, алыс ауданға көшетін болады. Бірақ, бірде бір көлікті ұйымдар мен кеңшарлар мәшін бермеді. Сонда Ахаң бір мәшін мен екі қошқар беріпті. Өзі барып қоштасыпты.

Жеңіс пен жеңілістің үстінде кектену мен өкпелесу-нәмәрттік екеніне екеуі де іштей келісіп, түсінісіпті. Қарсыласы: «Мәшін бергенің-көмегің. Екі қошқарың қалай?»-дегенде, Ахаң: «Біреуі жұмысқа орналасқанша ас қатыққа, екіншісі, елге барғасын ерулік деген болады. Сонда қарулыққа жаратарсың!»-деп, шығарып салыпты.

\* \* \* \* \*

Мұрат деген сыныптасым болды. Маған бөлелігі де бар. Мектепте өте тату өстік. Сабақ оқудан да, спорт жағынан да жақын болдық.

Бұл мектептен кейін институтты бітірді. Инженер, кейін бастық, қайтадан инженер қызметтерінде тірлік кешті.

Көшеде кездессек самарқаулау сәлемдесетінді шығарды. Ретін келтіріп бір-екі ескерту жасағанымда тылтиып қалған. Сосынғы ұшырасуларда, тек сәлемдесемін де қоямын.

Балалар өсіп тойлар жасадық. Ол тойыма шақырғаныммен келмеді. Өзі мені шақырмады. Анам өлгенде де келмеді. Оның бір тойына шақырмаса да бардым. Анасы өлгенде ауылда жоқ едім, сапардан келгесін, бата жасап шықтым.

Оған тілімнің қысықтығы жоқ. Тек жастығымнан бірге өскенім бар және мен өзімнің Алла сыйлаған даңғыл жолымнан ауытқымауым керек.

КСРО тарқап, небір замандар өтті. Бұдан хабар үзілді. Алысқа жұмыс істеп кетіпті. Бір күні туған апасының өлгенін есіттім. Бардым. Бірақ, кездесе алмадық. Арадан қырық күн өткенде жездесі қайтты. Мен тағы бардым. Бұл келмепті, әйелімен кездестім, сәлем айттым.

Содан бір күні көкүніме қоңырау келді. Қоссам – Мұратым екен. Жәй аман-түгел білмекке хабар салыпты. Мен көңіл айттым.

Жиырма жылдан кейінгі тілдесуіміздің алды осы болды. Содан кейін хабарласып тұрдық. Кейде көкүнде, өткендерді еске алып, кей мәселенің үстінде тартысып қалып, сағаттап сөйлесеміз. Тойларға шақырылды, бардық. Біз шақырғанда ол келді.

Соңғы бір сөйлескенімізде ол өзінің кемшілігін есіне алып, кешірім сұрап, маған ризашылығын білдірді...

### «Келбеті келгеннен кеңес сұра»

Және де: «Түсі игіден түңілме», «Жүрегі тазаның, маңдайы жазық келеді», деген де мақалдар бар. Бұлар әрине, тәрбиесі дұрыс, білімді, таза Иманды адамдар.

Құранда Такуа адамдардың жүзінде сәжденің ізі бары айтылса, өмір Шындығында білімді, Такуа адам Нұр жүзді келеді, яғни, жүзінен Нұр шашып тұрады.

Құранның «Фатх» сүресінің 29-аятында: «Мұхаммед – Алланың Елшісі. Онымен бірге болғандар кәпірлерге қатаңырақ, өзара тым мейрімді. **Оларды руқуғда, сәждеде көресің. Олар Алладан мәрхамат және ризалық тілейді. Олардың жүзінде сәжделердің ізінің дерегі бар.** Олардың сипаттары Тауратта да, Інжілде де бар. Бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Алла олардан Иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті», - дейді. Міне, бұл – келбеті келген пенденің бір сипаты. Бұлар Аллаға құлшылық қылып, Алладан мәрхамат пен ризалық тілейді, Алла оларға зор сыйлық уәде еткен. Бұлардың Алладан басқа ешкімге және ештеңеге алаңы жоқ. Сондықтан олардың жүзінде сәжделердің ізінің дерегі бар, олар көзге алыстан және сүйсінерлік болып көрінеді.

Ал, Ақыретін ойламайтын пенде, Алла сынаққа берген дүние байлықтан тасқындап, ұятын кейінге ысырып қояды. Сондықтан оны Алла шайтанға тастайды. Ол байып, әр қандай жылтырақ киім киіп, неше түрлі иіссүмен жуынып жүргенімен, байлық күйігімен күйген жүрегінің қаралығы жүзіне шығып, елге сүйкімсіз көрінеді.

Алла «Бақара» сүресінің 269-аятында: «Алла Хикметті қалаған Құлына береді. Кімге Хикмет – білім берілсе, оған

**көптеген игілік берілген болады. Бұны Ақыл иелері ғана түсінеді,-дейді.** Алланың Хикмет сыйлаған, қалаған Құлы, уәдесіне берік – ешқандай жағдайда да Алланы да, Ақыретін де ұмытпайтын таза Иманды Тақуа.

Мұны «Шура» сүресінің 36-38-аяттарында: **«Ал, енді сендерге берілген нәрсе, дүние тіршілігінің ғана пайдасы. Алланың қасындағы нәрселер, Иман келтіріп, Раббына тәуекел етушілер үшін қайырлы да тұрақты».** (Оларға жететіндер кімдер? Олар:) **«...зор күнәлардан, арсыздықтардан сақтанған, сондай-ақ ашу кернеген кезде, өздері кешірім еткендер»;** **«...Раббына мақұл дегендер, намазды толық орындағандар, өзара істерін кеңеспен жүргізгендер және өздеріне берілген несібемізден тиісті орындарға жұмсағандар»,-**деп кеңірек баяндаған.

Біз «Байлық – қолдың кірі»,-деген, мақаламызда Тақуалардың сипатынан бірнеше Аяттар келтірдік. Кеңес сұрайтын келбеттілер осылар. Бұлар Құранды жақсы білгендіктен – Алланың кеңес сұрап келушіні де, кеңес айтатын өзін де Алла көріп отырғанына сеніп, қате сөйлемейді. Тура кеңес береді. Және бір артықшылығы, бұлар Ақыретін ойлайтын Тақуа болғандықтан, кеңес сұраушының тірлігі түзеліп кеткенше одан байланысын үзбейді, жәрдемін аямайды; одан да үлкен артықшылығы, мұнысын сірә, міндет етпейді. Міндет етіп, еткен жақсылығының зая кетуінен қорқады.

Абай бабамыздың: «Ары бар, ұяты бар мықтыға сен, Өзі зордың болады, ығы да зор»,- дейтін, Ар-ұяты бар – зорлар осы Тақуалар.

### **«Көңіл көңілден су ішеді»**

Бұл мақал – Алла Тағаланың бір Құлдарын екінші бір Құлдарын себепші етіп қорғайтынын хабарлаған: «Бақара» сүресінің 251-ші, «Хаж» сүресінің 40-аятының, Мұсылманның шығарылу себепін айтқан «Әли Ғымран» сүресінің 110-аятының және Тақуалыққа тиесілі барлық Аяттардың түсіндірмесі.

«Көңіл көңілден су ішеді», яғни үлгі алады, қуат алады, жұбанады деген мағынада. Баланың көңілі ағаның көңілінен су ішеді, ағаның көңілі дананың көңілінен су ішеді, десек, өмірге

аяқ басқанына он-он бес жыл болған бала ағасын өзіне қуат, медет көреді; ағасының біліміне, ақылына қайран қалып, өзі де сондай болғысы келеді. Ал, ағасы дананың даналығына тамсанады. Оларды оқып не тыңдап жаны бәһәр алады, Рухы көтеріледі, көңілі рахаттанады.

Сондықтан санасы ояу әркім даналардың даналықтарын, шешендердің тапқырлықтарын, билердің тамаша төреліктерін, ақындардың жырларын, айтыскер ақындардың айтыстарын естігі, өзі де солардай болғысы келіп талпынады.

Сол сияқты ауру адамның көңілі сау адамның көңілінен қуат алады – сау адам көңілін сұрап келгенде, біріншіден, оның хәлін сұрап келгеніне қуанады, екіншіден, бір мезетке болса да ауруын ұмытады;

шаршау адамның көңілі тың адамның көңілінен су ішеді;

қайғылы адамның көңілі қайырымды адамның көңілінен су ішеді...

Жақсы үлгі – басқалардың жақсы адам болуының кепілі. Өнер адамдары, батырлар өздерінің ұстаздарын өздеріне Рухани жол басшы етіп ұстайды. Ислам дінінде де солай.

Адамдардың бірінің біріне медет, қуат, үлгі болуы; бірінің көңілін сұрап, хәлін біліп, сабырға шақырып, игі тілектер білдіруі, барлығы-барлығы – бір Алланың бір Құлдарын екінші бір Құлдары арқылы қорғайтынының дәлелі.

## **«Білекті бірді жығады, білімді мыңды»**

«Бақара» сүресінің 44-ші, «Моминұн» сүресінің 68-аяттарын және «Бақара» сүресінің 269-аятын осы мақалдың мағынасын ашқанда түсінеміз. Білім кімдікі? Түп-тегіміз Адамнан бастап Пайғамбарларға білімді, білуді үйреткен кім?

Әлбетте, білім Алланикі, оны үйретуші де Алланың Өзі. Кім Оған ықылас қылса, Ол оған Хикмет және көптеген игілік береді («Бақара» с. 269-а). Олай болса, білімді адам – Алланың қолдауындағы, қамқорлығындағы адам. Сондықтан ол мыңды жығады.

Бұған біз нақты дәлелге әлемді аузына қаратқан, тұңғыш Президентіміз-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты зор мақтанышпен айтамыз.

Аяттарда: «Елді игілікке бұйырып, өздерінді ұмытасындар ма? Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма?» («Бақара» с. 44-а), «Олар сөзді (Құранды) зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?» («Моминұн» с. 68-а),-деген. Аяттарға амал қылып, Құранды зерттеп, өткен тарихымызбен салыстырып бақсақ, аталарымыз Кәлима білгенмен Аяттарға қарсы көп амалдар істеген. Бірнешеуін атар болсақ: Құранды зерттеуге тыйым салған, төрелік Әділ айтылмаған, жүзге бен ақсүйекке бөлінген, бір-бірін кемсіткен, өсек пен өтірікке еріп бірікпеген, мақтаншақтық еткен, тақаппарлыққа салынған, әйел құқығын аяқ асты еткен, молдалар зекет пен пітір, садақадан және байлар Алла берген мол ризық-несібесінен тиесілі орындарға жұмсамаған...

Міне, осы кемшіліктерінің кесірінен олар, Алланың қаһарына ұшырап 1929 жылдан көп азап көрді.

Тақырыпқа бұрылсақ, Алла бір Құлдары арқылы екінші бір Құлдарын қорғайтынын айтқан және Өзінің Тура Жолындағылар қолдайтынын ескерткен, сосын әр қауымға бөлек-бөлек ережелер бекіткенін хабарлаған Аяттарды еске алайық. Діндарлар мен ел билеушілердің арасындағы бұл әділетсіздікті біліп жүрген, Алла білім берген, жүрегіндегісі Аллаға айқын Ленин, езілген халыққа жәйлап үндеу салды. Біраз мехнаттар шегіп, Иләһи білімсіз, бірақ, әскері қуатты – білекті империяны құлатты.

Әлем елдері тарихында мұндай дәлелдер көп. Ал, жеке адамды айтсақ та білімді адамдардың талайларды бағындырғанына куәміз. Солардан ең соңғысы әнші Димаш Құдайбергенов. Алдына әнші боламын, деп мақсат қойған ол, күні-түні ізденді, машықтанды. Нәтижеде әлемді тәнті етті.

Тақуалық мектебінің бұл сабағы – жалғаншыда еліне, халқына адал қызмет етуді мақсат еткен әркімге Тура Жол. «Әнғам» сүресінің 132-аятында ескертілгендей, Алла ешкімнің еңбегін зая етпейді, талапты Ердің еңбегінің сапасына сай белгіленген дәрежесіне жеткереді.

Тақуалық мектебінің озат оқушысы болу жолында табанды күресе білейік!



## «Құдай берем десе, желдеткіштен де береді»

деген мақалды әзілге теліп түсінеміз. Негізінде Алла «Хыжыр» сүресінің 21-аятында: «...**Біздің қасымызда әр нәрсенің қорлары бар.** Бірақ, белгілі мөлшерде ғана түсіреміз», -десе, «Талақ» сүресінің 3-аятында: «**Оған Алла ойламаған жерден ризық береді.** Ал, кім Аллаға тәуекел қылса, сонда Ол оған жетіп асады. Сөзсіз Ол Өз бұйрығын атқарады (міндетін орындайды). Расында Алла әр нәрсеге бір өлшеу қойған», -дейді. Расында, қазынасы мол Алла, кейде Өзіне адалдығымызға Мейірі түсіп, күтпеген жерден олжаға кенелтетіні бар.

Қояндыда жасайтын Жәнібек Нұр-Сұлтанға автобуспен қатынап істейтін. Бір күні жұмыстан шығып, бір танысына бармақ болған. Автобусқа отырған. Майда ақшасы болмай, кондукторға бес мыңдық ұсынса, ол қайтымына 100 және 50 теңгеліктерді топтап, ылғи темір ақша беріпті. «Ірі қағаз ақшам жоқ еді!» - деп кешірім сұрапты. Жәнібек мұны қалталарына бөліп салып, амалдап жайғастырған. Бірақ, ауыр әрі түсіріп аламын ба? - деп те сақтанады. Тиісті аялдмасына жетіп, көппен бірге түскен. Көшенің бұл жүретін жағына ешкім жүре қоймапты. Тек алдында бір бойы ұзын, кеуделі, жан-жағына алақтаған біреу кетіп бара жатыпты. Жәнібек жолығатын адамынан гөрі, темір ақшаларына алаң. Бұл барған үйінде де жайсыз.

Бір қарағанында, алдындағы ұзын бір әмиянды лақтырып тастап, кете беріпті.

Жәнібек теңгелерін салуға осыны алады. Бос. Сыртқы қабатымен бірге тігілген бөлігінің сырмағы бар екен. Теңгелерін осыған салғанды жөн көріп ашса, ішінде екі екі мыңдық тұр. «Ана бейшара, мұны ұмытқан ғой. Айтайын-берейін!» - деп, әмиянды жоғары көтеріп айқайласа, анау, артына бір жалт қарапты да зытыпты. Сөйтсе, ол мұны автобустардың бірінде біреуден қаққан болып шықты. Сонымен не шара? Жәнібек ертеңіне жұмысқа келгенде қасындағыларға бұл қызықты баяндап беріп, түсте осы ақшаға барлығына тамақ алып беріп, алғыс есітіп, сауапқа қалыпты.

## «Патшаның бағы – халықтың бағы»

Бұл – «Жүніс» сүресінің 98-аятының хабарын берген мақал. Ердiң де, елдiң де келешегiн ойлаған, бабаларымыз Құранды оқи алмаса да жыраулардан дастандар тыңдап, адамзат тарихында небiр оқиғалар болғанын, не замандар өткенiн бiлiп, елiнiң бейбiтшiлiкте, тоқшылықта жасағанын армандағанда, Алла жүректерiне осы мақалды салған. Содан олар мұны ұрпағына өсиет еткен.

98-аятта: **«Жүнiстiң (ғ.с.) ғана елiнен басқа Иман келтiрген әрi Имандары пайда берген бiр кент болмаған. Олар Иман келтiрген заманда, өздерiнен дүние тiршiлiгiндегi қорлықты айықтырдық та оларды бiр мерзiмге дейiн пайдаландырдық»**,-деген. Неге: **«...бiр мерзiмге дейiн пайдаландырдық?»**-деген. Себебi, түп ата-анасы – Адам (ғ.с.) мен Хауа (р.а.) алданған шайтанға пенде қашанда алданады. Тура Жолдан таяды. «Ибраһим» сүресiнiң 34-аятында адамзат Алланың берген нығметтерiнiң санына жете алмайтынын, сөйте тұра нашүкiрлiк ететiнiн ескерген. Сондықтан Алла «Ағраф» сүресiнiң 94-95-аяттарында айтқандай пенделерге таршылық, қиыншылық жiбередi; олар тәубесiне келiп, Алланы естерiне алып, қайта-қайта жалына бергесiн, жаманшылықты жақсылыққа ауыстырады, тiптi, жақсылықты еселеп бередi. Бұлар кеше көрген азапты күндерiн ұмытады. Осы бақытымыз баянды, деп, қамсыздыққа салынып, Алланы аз ескередi және Оның берген нығметтерiне шүкiршiлiк етпейдi. Сосын Алла қайтадан таршылық, азап, қиыншылық жiбередi. Тоқшылық пен бейбiтшiлiкте масайрап жүрген олар, жаман Күн келерiн тiлiнде айтқанымен аса қамдана қоймайды. Азап олар күтпеген бiр мезетте, ойламаған жақтан келгенде өздерi де бiлмей қалады.

Бұған кешегi кеңес үкiметi нақты мысал. Екiншi жағынан бұл, арып-талып Тәуелсiздiкке жеткен бiзге сабақ болуға тиiс.

Ал, «Патшаның бағы – елдiң бағы» болатыны, Алла «Бақара» сүресiнiң 247-аятында айтқандай, Патшылықты Өзiнiң қалаған Құлына бередi. Осы сүренiң 269-аятында ескерткендей, Өзi қалап Патшалық берген Құлына көптеген игiлiк те бередi. Бұл игiлiк – Патшаның да, халықтың да бағы болады.

«Әнғам» сүресiнiң 123-аятында: **«Сөйтiп, әр кентте айлакерлiк қылулары үшiн, оның бұзықтарын бастық**

**кылдың. Олар өздеріне ғана айлакерлік жасағандарын білмейді»**,-деп, бұзықтарды да бастық ететінін ескерткен. Алла бізді осындай бұзықтардан сақтасын. Өткенімізді ұмытпайық – Аллаға шүкір айтайық; заманымыз өстіп өркендеп кете береді, деп қамсыз болмайық – құлшылықтар жасап, Алладан: «Күнәларымызды кешіріп, Мейірімің мен Рахымыңнан айырма!»-деп тілектер тілейік.

### **«Ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді»**

Бұл мақалмен мағыналас: «Жау кеткен соң, қылышыңды б...ққа шап!» «Ойына сенген опық жейді»-деген мақалдар да бар.

Ойға сенуден, Аллаға тәуекел ету абзал.

Егер адам нәпсісін жүрегіне бағындырса, жүрек жақсылыққа бастайды. «Бақара» сүресінің 216-аятында: «(Әй, Момындар!) **сендерге сүйкімсіз болса да соғыс парыз қылынды. Бір жек көрген нәрселеріңнің сендер үшін қайыры болуы мүмкін; және жақсы көрген нәрселерің сендерге жамандық әкелуі де мүмкін.** Алла біледі, сендер білмейсіңдер»,-деген. Біз пенделікке салынып, Алланың да, үкіметтің де бұйрығына бағынбай, үнемі жанымыздың тынышын ойлап, қыңырлық жасаймыз. Бұнымыздан біріміз дер кезінде-ақ, біріміз белгілі уақыттардан кейін, әлбетте, жамандық көреміз.

1941 жылы соғыс басталып, 1942 жылдың желтоқсанынан ел Азаматтары жүздеп, екі жүздеп әскерге алынып жатты. Аяр Әдіреге де кезек келді. Ойына сенген ол, бұл Алладан келіп тұрған тағдырым ғой, деп тәуекел етпеді, керісінше, әскерге бармау жолын ойлады. Алла оның пейілін білді де оған шайтанды жолдас қылды («Зұхрұф» с. 36-а). Ол оған мықты кеңес берді де Әдіре, оң қолын шынжыр табан тракторға бастырды. Содан әскерден қалды.

Бірақ, соғысқа кеткендердің ата-аналары да, бауырлары да, жалпы аудан халқы оған жиіркенішпен қарады. Оны сатқын адам ретінде жаман көрді. Ешкім сәлемдеспейтін, кездесе қалса, теріс қарап өтетін.

Бұл оған қолының қақсап ауырғанынан да қатты батты. Өйткені ол, халық көзқарасында мұндай жиіркенішті есепке тар-

тылуды ойламаған еді («Нәбә» с. 27-а). Қайда тығыларын білмей, іштей азап шекті. Енді баратын жер жоқ: соғысқа сұрануға, қолына бола әскерге алмайды, ауылда жүре беруге жұрттың сұсты көзінен құтыла алмайды. Екі жанның әуресі, деген осы болды.

Соғысқа кеткендердің бірсыпырасы жараланып 1943 жылдан-ақ келе бастады. Ел үлкен құрметпен күтіп алды. Көрген жерде ілтипат көрсетті.

Арасында қолының басынан жараланғандар болды. Бірінің шынтағынан, бірінің иығынан қолы кесіліп келді. Бірнешеуі бір аяғын, біреулері екі аяғын оққа беріп, бірақ, елге азаттық қан төккен, жау жеңген деген абыройлармен келді.

Қияметке байланысты Аяттарда: **«Ал, енді кімнің дәптері оң жағынан берілсе»**. **«Ол жеңіл есеппен еспетеледі»**. **«Ол үйіне қуанып қайтады»** («Іншиқак» с. 7-9-а). **«Ол Күні кейбір жүздер шаттықта»**. **«Амалдарынан риза»** («Ғашия» с. 7-8-а),- деген. Әскерден қайтқандар, бір мүшесін жоғалтса да Отан үшін, халық амандығы үшін жоғалтты.

Сондықтан олар қуанып қайтты.

«Ғабаса» сүресінің 40-аятында: **«Ол Күні кейбір жүздің үстін шаң басқан болады»**, - дейді. Әдіре тап осындай болды, жүзі күйіп, үйінен шыға алмай қалды. Қатты азардан жүрегі ауырды.

1945 жылдың мамырында Кеңес жауынгерлері Жеңіске жетіп, Азаматтар елге топ-топ болып келді. Олардың сауын да, жаралысын да ел қуана қарсы алды, оларға қаһарман ретінде қарап, әрқашан құрмет көрсетті. Кейінгі кезде соғыста жараланғандарға ерекше жеңілдіктер мен өзгеше құрметтер көрсетілді.

Әдіре өз қылмысына бүкіл өмірінде өкінумен өтті. «Егер 1941-45 жылдардың арасында өлетін болсам, ауылда жүрсем де өлер едім. Өлмедім. Осынша жыл өмірім бар екен, неге ел қатарлы әскерге кетпедім? Өмір бойы жердің астымен жүргенше, сол кезде әскерге барып, бір қолымды оққа беріп келгенімде, жердің үстімен басымды көтеріп жүретін едім. Әй! Негізі тексіз адам екенмін-да!»-деумен өтті.

«Жүніс» сүресінің 100-аятында: **«Алла азапты Ақылын жұмсамайтындарға береді»**, - деген. Қысқа өмірімізде Алладан басқадан қорықпай, әр қандай сын сағаттарда тек Аллаға

ғана тәуекел етіп, Тақуалық мектебінің әр сәтінен дұрыс сабақ алып, мектепті озат бітіріп, Алланың Мейірімі мен Рахымына кенелейік!

### **«Жалғыздың жары – Құдай»**

Мәтел біреудің жалғыз баласы алыс сапарға шығып кетсе, не әскерге алынса немесе жаза басып, қылмыстық істе тергеліп жатса, Алланың қамқорлығында болуын, отбасына аман-аман оралуын тілеп айтылады.

Бұл мәтел – жалғыз Алланың бар екендігіне және Оның Әділ екендігіне, күнәсіз жанға қиянат жасамайтынына күмәнсіз сенгенінің дәлелі. Басына іс түскенде, шарасыздығынан Алланы естеріне алып, Өзіне ғана үміт артып отырғандарын көріп тұрған Алла, бұл пікірлерді олардың жүрегіне Өзі салып отыр. Алла соншалықты дәрежеде Мейірімді.

«Әли Ғымран» сүресінің 20-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) олармен сөз таластыруға кіріссең: **«Өзімді Аллаға тапсырдым әрі маған ергендерді де»-де...»**,- дейді. Бұл Аллаға, Мұхаммедке Иман келтірген әрбір Имандыға өсиет. Аллаға тәуекел етіп, өзін Аллаға тапсырған Құлына Алла қамқоршы. Мұны «Хаж» сүресінің 38-аятынан да білеміз.

Ал, «Іншиқак» сүресінің 7-9-аяттарында Ол: **«Ал, енді кімнің дәптері оң жағынан берілсе», «сонда ол дереу жеңіл есеппен есептеледі». «Ол үйіне қуанып қайтады»**,- дейді. Демек, **«Жалғыздың жары – Құдай»**,-деп **жазықсыз жалғызын** Аллаға тапсырып қойып отырғандар, қателеспейді.

Тақуалық мектебінде дұрыс оқиық!

### **«Атадан алтау тусан да, бір басында жалғыздық»**

Құранның бірнеше сүресінде, әрбір пенденің сәтсіз күндерде де, Қияметте де Аллаға жалғыз келетінін айтқан. Жалғыз келу көп мағыналы. Пенде елулеген, жүздеген адаммен топтасып келе жатса да жаза үстінде әркімнің өз жаны қиналады. Мәселен, ауру адам неше ағайынды болғанымен, ол ауруының құрсауында жалғыз. Сондықтан атадан алтау болғанмен, басқа тағдыр келгенде әркім жалғыздық көреді.

«Мәриям» сүресінің 77-аятында асылық сөйлеген біреуді айтып, 80-аятында: **«Сондай-ақ, оның айтқанына Біз ие боламыз да, ол Бізге жалғыз келеді»**,-дейді. Ал, 95-аятта: **«... олардың барлығы жеке-жеке келеді»**,-дейді. «...олардың барлығы...», дегені күнәкарлар.

Алла жалғыз, адам да әрқашан жалғыз. «Нахыл» сүресінің 111-аятында: **«Қиямет күні әркім өзін құтқаруға тырысады»**,-десе, бұл да – Аллаға жалғыз бару; «Лұқман» сүресінің 33-аятында: **«Әй, адам баласы! Раббыларыңнан қорқындар және ешбір әке баласы үшін бодау төлемейтін, сондай-ақ, ешбір бала да әкесі үшін түк бермейтін Күннен қорқындар...»**,-десе, бұл да – жалғыздықты айтып отыр.

Талайлаған бай немесе күшті әкелердің қылмыскер баласын заңнан арашалап ала алмағанына куәміз. Бұл да сол Қияметтегі жалғыз келу – бір бастағы жалғыздық.

Алла пенденің Өзінің алдына жеке-жеке баратынын ескерткен Аяттарын осы мақал арқылы оқытып отыр. Алланың алдына бару деген – ауруға шалдыққанда немесе шешуі жоқ қиындықтарға ұшырағандағы қиналғаннан Аллаға жалыну.

## **«Құдай деген қор болмайды, Құдайсыз ешкім зор болмайды»**

Иә, бақыттыны – бақытты етіп отырған да, қорды – қор қылып қойған да, әлсізді – әлсіз, зорды – зор қылып қойған да Құдыреті күшті, бәрін Көруші, бәрін Білуші, бәрін Есітіп жазып сақтаушы жалғыз Алла ғана. «Бақара» сүресінің 38-аятында: **«Жәннаттан бәрің түсіңдер! Менен сендерге бір Туралық келсе, сонда кім Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ әрі олар қайғырмайды...»**,-деген.

Міне осы ескертуі – зор ескерту! Қолымызда Алланың Тура Жолын көрсеткен Құранның қазақшасы бар. Осы Кітапты оқып, жақсы меңгерсек, бізді Алла қорғайды («Хаж» с. 38-а). Біз ештеңеден қорықпаймыз, ештеңеге соқтығамыз деп қайғырмаймыз.

Бір досым: «Бірде інім ауруханаға түсіп, біраз емделіп, соңында ота жасатып дертінен айығып шықты. Садақа беруді

кешіктірген болар, менің түсіме кірді. Оны алыстан, мүгедек күйінде көрдім... Ертеңіне телефон соғып: «Сен отбасыңа аман оралғаныңа шүкір етіп, садақа бердің бе?»-деп сұрадым. Ол: «Алдымыздағы аптаға жоспарлап отырмыз...», -деді. Мен оның кеш болатынын айтып: «Жоқ. Қазір, телефон құлағын орнына қойғаннан тез мешітке барып, жиырма теңге болса да садақа сал! Тез!...», -деп, кеңес бердім. Ол соңыра телефон соғып хабарласты, солай етіпті.

Егер мен түсімді түсінбей қалғанымда не мән бермегенімде, я ұмыттырылғанымда ініме өте қиын болатын еді. Оның тартқан қиындығы, бір өмірге маған да азап болар еді. Бауырым ғой! Бізді негізінен Алланың Өзі қорғады.

Екіншіден, мен бұл түсім арқылы Алла – бәрін Білуші екеніне, бәрін Көруші екеніне, бәрін Естуші екеніне өлім барына сенгендей сендім!

Ол інімнің садақа беремін, дегенін қайдан білді?!... Сөйттім де Тура Жолға түстім...»-деді.

Мен оның осы көрген түсінен оң нәтиже шығарғанына риза болып, қуандым. Өзіне және Елшісіне Иман келтіргендерге зор сыйлық барын айтқан Алла Тағала: **«...Аллаға және Елшісіне бойұсыныңдар, әлбетте, мәрхаматқа бөленесіңдер»** («Әли Ғымран» с. 132-а),-деген. Менің кейіпкерімнің жеткен зор сыйлығы да, мәрхаматы да Алланың сол садақа арқылы інісін жамандықтан сақтағаны.

Алла Құранда Өзін еске алғандарды есіркейтiнiн, ал, ұмытқандарды ұмытатынын ескерткен. «Мәида» сүресінің 35-аятында: **«Әй, Иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар, Оған жақындасуды іздеңдер. ...екі дүниеде де мұратқа жетулерің үшін Оның Жолында күресіңдер»**, -деген. Алла Жолындағы ең үлкен күрес – шайтанмен күрес – Кітап оқуға еріндіріп отырған шайтанмен күрес!

Міне, осы Аятқа амал жасап, шайтанды жеңген пенде Алланың ризашылығына жетіп, зор болады. Алла жаңағы түстегідей, келе жатқан бәленің алдынан хабар беріп сақтандырады. Мұны «Ғанкабұт» сүресінің 69-аяты: **«Сондай! Жолымызда күрескендерді, әлбетте, Тура Жолдарымызға саламыз. Рас, Алла жақсылық жасаушылармен бірге»**, -деп тастықтайды.



## **«Еңкейгенге еңкей, басың жерге жеткенше, қайқайғанға қайқай төбең көкке жеткенше»**

Ислам – тыныштықтың, сабырлылықтың, кішіпейілділік пен кешірімпаздықтың, қайырымдылық пен түсіністіктің, қарапайымдылықтың діні.

Тіпті, сопылық жолдағылар: «Оны Құдай менен артық жаратқан!»-деп, барлық адамнан өздерін кем ұстайды. Олар бастық біткеннің алдында қолын көкірегіне қойып иіліп тұрады. Мұнысы – «...Алла әкімшілікті қалағанын береді...», -деген, «Бақара» сүресінің 247-ші, «...әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бойұсынындар...», -деген «Ниса» сүресінің 59-аятына – «...Алланың Өз кеңшілігімен адамдарға бергенін қызғанбайтынына» Имань; «Нахыл» сүресінің 71-ші, «Зұхрұф» сүресінің 32-аятына жасаған Тақуалығы – сауатты амалы.

Көшедегі атпен не мәшінмен кетіп бара жатқан адамға иіліп тұрып жол береді. Онысы:

«Құдай мұның несібесін менен артық жаратып, ат беріпті (не мәшін). Бұл – Алланың қалауы. Оған мен қарсы келмеймін – Оның Мейірімділігі мен Жомарттығын және Оның Құдыреттерінің шексіздігін мойындаймын!»-деген құлшылық.

Алайда, осылай бола тұра Исламда кәпірлер мен надандарға аяқ асты болу жоқ. Алла «Тәубе» сүресінің 7-аятында олар келісімге, бейбітшілікке ыңғай білдерсе, сол жолға өтіп, сақтанушыларды жақсы көретінін ескерте отырып, «Ниса» сүресінің 144-ші, «Мәида» сүресінің бірнеше Аяттарында кәпірлерді дос тұтпауды нақтылап ескерткен.

Бірнеше Аяттарға тоқталайық. «Бақара» сүресінің 109-аятында: **«Кітап иелерінің көбі, оларға Шындық айқын болғаннан кейін, өз күншілдіктері себепті сендерді Иманнан кейін қарсылыққа қайтаруды қалайды...»**, яғни, өздерінің жолына салуды қалайды,-десе, келесі Аяттарда олардың Жұмаққа Яһуди не Христиан ғана барады (111-а), дейтінін және олардың бірін бірі кемсітетінін (113-а) сөз етіп, 120-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) олардың діндеріне ермейінше, Яһуди де, Христиан да сірә, сенен риза болмайды. Оларға: «Әрине, Алланың Жолы ғана – Тура Жол»-де...»**,-десе, 135-аятында оларға қарсы Тура Жолды айтуды тапсырып, 145-аятта оларға ермеуді ескерт-

кен. Бұл Аяттарды «Әли Ғымран» сүресінің 69-72-аяттарында пысықтап, 186-аятында Мұсылмандардың қарсылардан көптеген реніштер еститінін айтып олардың қылықтарына сабыр етуге кеңес береді.

«Фуссилат» сүресінің 26-аятында: **«...қарсы келушілер: Құранды тыңдамаңдар, оқылғанда шуылдандар. Бәлкім, жеңіске ие боласыңдар»**,-дейтінін қаперге салса, «Қасас» сүресінде: **«Иман келтіргендер қашан бос сөз есітсе, одан бет бұрып: «Біздің ісіміз өзімізге, сендердің істерің өздеріңе тән. Сендерге сәлем. Надандарды қаламаймыз»-дейді»** (55-а),-деп ашық ескерту жасаған. Бұлардан тыс және бірнеше Аяттары арқылы қарсыластармен соғысуға да шақырған.

Ислам – бейбітшіліктің, бітімшіліктің, тыныштықтың діні. Құранда «Ағраф» сүресінің 32-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Алланың Құлдарына көркем етіп шығарған нәрсесін және берген жақсы несібелерін кім арам етті?»**-де. **«Бұл несібе дүние тіршілігінде Иман келтіргендер үшін. Қиямет күні Момындарға ғана»**-де. Білген елге Аяттарымызды өстіп түсіндіреміз», -деген. **«...Қиямет күні Момындарға ғана...»**, деген. Мұның мағынасы былай: Мұсылмандар жалғанға осы күнгі келісінде соңғы сынаққа келіп тұр; Алла жүректерін Өзіне ашып, олар Иман келтірді; енді осы серттерінде берік тұрып, Алланың әмірлерін міндетсіз орындап бақилыққа көшсе, Бейішке баратыны. Сондықтан Мұсылман Құранды өзіне бағдар шам қылып, еңкейетін жерінде еңкейіп, қайқаятын жерінде ибамен, сақтықпен қайқайып, Алла риза болатын амалдар үстінде жасауы талап етіледі.

### **«Ешкіні «апа», деп, текені «жезде», деп...»**

– «Ешкіні «апа», деп, текені «жезде», деп...», дегеніміз қалай?

– Ортаңмен ортақ тіл табыс, деген сөз. Алла «Әли Ғымран» сүресінде Мұхаммедке (с.ғ.с.) қарсы болғандардың жайы мен Кеңесін айта келіп, 28-аятында: **«Момындар Момындардан өзге кәпірлерді дос тұтпасын. Әлдекім осыны істесе, Аллаға ешбір байланысы жоқ. Бірақ, олардан сақтану үшін болса басқа. Алла сендерді Өзі қорқытады. Және барар орын – Алла жақ»**,-десе, «Тәубе» сүресінің 7-аятында: **«...Олар сендерге түзу сыңай байқатса, сендер де оларға түзу ыңғай көрсетіндер.**

**Алла сақтанушыларды жақсы көреді**», - деген. Бұл мақал осы Аяттардың түсіндірмесі. Біз бұларды Мұхаммедке айтылған десек, бұл – күллі адамзатқа насихат, деген Аяттарға қарсы барған болып, жазаға ұшыраймыз. Сондықтан Аяттардың барлығын өзімізге айтылған деп қабылдап, әрбірінен тағлым алуымыз керек.

– Біз бұл дүниеде қалай өмір сүруіміз керек?

– Құран – Тура Жол. Құранмен, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің Аяттармен мағыналас сахих хадистерімен, сүндеттерімен жасауымыз керек.

«Бақара» сүресінің 30-аятынан басталған тарихымызды ескеріп, 38-аятқа келейік. Адам ата мен Хауа ана шайтанға алданып, Бейіштен шығарылғанда олар Алладан сөз үйреніп, Өзінен кешірім сұрады. Сонда Алла: **«Жәннаттан бәрің түсіндер»**,- деді. Бәрің деп отырғаны: Адам ата мен Хауа ана, жазушы Періштелер және Адамды, адам ұрпағын азғыруға шарттасқан шайтан. Сосын айтады: **«Менен сендерге бір Туралық келсе, кім сонда Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ әрі олар қайғырмайды...»**,- деді. Бұл Тура Жол – қолымыздағы Құран. Демек, Құранмен жүріп, Құран үйреткендей тіршілік етуіміз ләзім. Сөйткенде Алланың қамқорлығында боламыз.

Тұңғыш Президентіміз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев егер барлық адам Құранмен жүрсе, ешкімнің басында қасірет болмайтынын айтты. Расында да солай, Алла «Хаж» сүресінің 38-аятында Иман келтіргендерді қорғайтынын ескертсе, «Зүмәр» сүресінің 61-аятында: **«Алла Тақуаларды табысты болғандығы себепті құтқарады, оларға жамандық тиіспейді де олар күйзелмейді»**,- деген.

– Барлық адам Иманға келмейді ғой?!

– Барлық адаммен – басқалармен ісің болмасын. «Мәида» сүресінің 79-аятында: **«Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тыймайтын болған. Расында олардың істегендері нендей жаман»**, яғни, жамандықтан тимағандарды сынаған. Осы Аяттың үкімі бойынша ескерт, тындаса, өзіне жақсы; тындамаса, сен міндетіңнен құтылдың.

Міне, басқамен ісің болатын жерің осы ғана. Алла «Әли Ғыман» сүресінің 110-аятында: **«Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тыятын, сондай-ақ, Аллаға**

**сенетін қайырлы бір үбет етіп шығарылдыңдар...»,-**деген. Алла бізді Мұсылманның отының басында дүниеге әкеліп, Өзіне жүрегімізді ашқан екен, ендігі біздің міндетіміз «Бақара» сүресінің 27-аятына сай, басқаларға Имандылықты уағыздау, ескерту, жамандықтан тыю.

Тыйу дегенді де дұрыс түсіну керек. Тыйу деген – қару алып аттан салу емес, керісінше, «Һұд» сүресінің: **«Сендерден бұрынғы ғасырлардағы Ақыл иелері жер жүзіндегі бұзықтықты тыйса еді...»,-**деген, 116-аятын еске алып, уағызбен, ескертумен ғана тоқталу керек. «Ниса» сүресінің 88-аятында ескерткендей, Алла адастырған біреуге біз жол таба алмаймыз – Алла тәубесіне келтірмей, біз ешкімді тыя алмаймыз.

Алла Тағала «Кеһф» сүресінің 6-аятында сүйікті әрі сенімді Елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«...олар бұл Құранға сенбесе, арттарынан кейіп, өзінді жоя жаздайсын»,-**десе, «Шұғара» сүресінің 3-4-аяттарында: **«...олар Иман келтірмеді, деп өзінді жоя жаздадың».** **«Егер қаласақ, оларға аспаннан бір мұғжиза түсірер едік те олар бойұсынушыларға айналар еді».-**деген. Бірақ, Алла аспаннан мұғжиза түсірмей отыр. Неге? Себебі, Алла мұғжизалар түсіріп көрген, олар айнып кеткен. Сол айнып кеткендер дозақ үшін жаралғандар.

«Ағраф» сүресінің 179-аятында: **«Рас, дозақ үшін де көптеген жын, адамдар жараттық. Олардың жүректері бар, алайда олар онымен түсінбейді; олардың көздері бар, алайда олар онымен көрмейді; олардың құлақтары бар, алайда, олар онымен естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті, одан да әрі адасуда»,-**деген. Оларға біздің күшіміз жетпейді. Бірақ Мұхаммедтің үмбеті болғандығымыз себепті, ескертуге міндеттіміз.

Екінші тараптан, біз үшін, сол дозақ үшін жаралған топ қауіпті.

Халықта: **«Аттың қасында есек тұрса, есектің тәпсі атқа ұрып, ат байқамай аңырап қояды»,-**деген, өмір Шындығынан алынған пәлсапа бар. Бұл жалғаншы дүние – шайтан мен жынның мекені. Адамдар келгенмен мың жылда, елу мың жылда тазарып, әзелдегі мекені Бейішке кетеді. Ал, шайтан мен жын қала береді. Халық есекті де шайтанға жориды. Құранда «Лұқман» сүресінің 19-аятында, ең жаман дауыс есектің дауысы, деп, оны жақтамаған.

Бұдан шығарып айтпағым – бізге қауіпті дозақтық топтың ортасында жүріп, есектің тәпсі тиген ат сияқты Тура Жолдан ауытқымауымыз.

Жаңа басқаларды айттың. Мен басқалармен ісің болмасын дедім. Өйткені, Алла «Ісра» сүресінің 15-аятында: **«Кім Тура Жолда жүрсе, өзі үшін жүреді; ал, кім адасса, ол өз зиянына ғана адасады. Ешкім басқаның күнәсін көтермейді...»**,-десе, «Зүмәр» сүресінің 7-аятында: **«...Ешбір күнәкар басқаның күнәсін көтермейді...»**,-деген. Демек, әркім өзі үшін жауап береді. Сондықтан олармен жұмысың болмасын.

– Түсінбейтін нәрсеміз көп: бір имам инсульт алды, біреулер ұры, бірақ бай. Біреулер күні-түні намаз оқып, бір Құдайға жалынады, садақа береді, қажылыққа барып келді.

Бірақ, жаяу. Дастарханы да шамалы ғана...

– Айтпағыңды түсіндім. Бағана «Бойындай бой табылса да, ойыңдай ой табылмайды», деген мақаламызда, «Фатыр» сүресінің 32-аятын айттық. Онда: **«...олардан әлдекім өзіне кесір тигізеді...»** ,-деген. Кесір тигізгендер – шайтанға алданғандар.

«Ағраф» сүресінің 30-аятында: **«...Және бір тобы адасуға тиісті болды. Өйткені, олар Алладан өзге шайтанды дос тұтты да, өздерін Тура Жолдамыз деп ойлады»**,-десе, шайтан оларға өзінің бұзық жолын және осы дүние байлығын жақсы көрсетеді. «Кеһф» сүресінің 7-аятында: **«Біз адам баласының қайсысы жақсы амал істейді деп, сынау үшін жер үстіндегі нәрселерді жердің көркі қылдық»**,-десе, «Әли Ғымран» сүресінің 14-аятында: **«Адам баласына қатындарды, балалар мен алтын-күмістен жиналған қазыналарды, сәнделген аттар мен малдарды және егіндерді сүю әдемі көрсетілді. Бірақ, олар дүние тіршілігінің сәні ғана. Негізінде орынның жақсысы Алланың қасында»**,-деп, «Таһа» сүресінің 131-аятында: **«Біз олардың кейбіреуіне сынау үшін берген дүние тіршілігінің сәні түріндегі нәрселерге көзінді сүзбе. Раббыңның несібесі қайырлы да тұрақты»**,-дейді. Сөз басында айтқан, «Фатыр» сүресіндегі **«...жақсылыққа ілгерілеушілер»** осы Аяттарды жақсы біліп, бұл дүниенің байлығынан емес, Алланың қасындағы Ақыреттің байлығынан үміт етушілер.

Кесір келтіретіндер мен адасушылар, әрине, Аллаға серік қосушылар, Құрандағы осы Аяттарды және Мұхаммедті мойындамайтындар...

Ал, орта жолда болатындар: намаз да оқиды, ораза тұтады, садақа да береді, қажылық парызды да орындайды: бірақ, өзінің сөйлеген сөзін, тіпті, сыбырлағанын Алла Есітіп отырғанын; қимылын Алланың Көріп тұрғанын; жүрегіндегі ойын, пейілін Алланың біліп отырғанын тілінде айтып, Одан өзі қорықпайтындар – Аяттарға қарсы амалдар істейтіндер. Олар қандай амалдар: Иманынан байлық пен атақ-даңқты артық көретіндер, сол жолда жүретіндер, өзін көрсетуге құштарлар; Құранда айтылған деп, Құранда жоқты айта беретіндер мен ойдан жалған хадис айтушылар; уәдесінде тұрмайтындар; ұрлық жасаушылар, яғни, садақа мен зекеттен түскен ашқаны, малды халықтан жасырушылар – тиесілі орындарға таратпай өздері пайдаланатындар; Тақуалыққа болыспай, өзінен озғанның мәртебемерейін қызғанатындар.

Міне, бұлар – Ислам үшін өте қауіпті адамдар. Бұлар халықтың алдында сыпайысып, өздерін Тақуа Мұсылман етіп көрсетеді. Халық Ислам дегеніміз осы екен ғой, деп солардың үлгісін ұстанады. Дін өстіп бұзылады. «Бірдің кесірі мыңға...», - дегеннің бір мағынасы осы.

Шынайы Мұсылман атақ-даңқ пен байлықтан қашады; Құраннан Тақуа мен мұнафиқтың парқын анық біліп, Тура Жолда жүреді; жер бетіне неге келгенін, не үшін жүргенін саналы түрде түсініп, Жәннатқа лайықты Мұсылман болып өмір сүріп, Алладан жерге қайта жібермеуін – Жәннатта мәңгілікке қалуын тілеп жасайды.

«Ешкіні «апа», текені «жезде», - дейтіні, ешкі мен теке, адасқандар мен мұнафиқтар және орта жолдағылар. Алла Тағала «Тәубе» сүресінің 7-аятында сақтанған Құлдарын жақсы көретінін ескерткен. Айналаңдағы адамдардың үлкен пайызы **«...жақсылықтарға ілгерлеуші»** болмағаннан соң, олардың ортасында ғұмыр кешу үшін бірін апа, бірін жезде, деп, өзіңнің Иман Жолыңнан танбай жасауың керек.

Тақуалық мектебінің үйретер ғылымының ең бастыларынан бірі – қандай топтың ортасында жүрсең де ебін тауып, өз дініңді, тілің мен ата Жолыңды ұстап қалу.

## **«Көп асқанға бір тосқан»**

Бұл мақал Қиямет күнінің мезгілін, яғни, «Мәриям» сүресінің: **«Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз»**, - деген 84-аятын оқытатын оқытып отыр.

Мақалдың өзі аңлатып тұрғандай-ақ, Алланың кешірімі кең. Сол кеңдікті түсіне алмағандар, Құдайдың барын, алдын ала жазылған тағдыр барын ескермей алшаңдап кетеді. Бірінші, екінші, үшінші күнелары кешіріліп келіп, шегіне жеткенде тосқынға кезігеді. Бұған куә болған халық ұрпақты сақтандырып, осы мақалды қалдырған.

Алла: «...**Алладан қорқындар, күдіксіз Алла есепте өте тез**» («Мәида» сүресінің 4-аяты), «**Әр адамның қылығын мойнына қоямыз...**», -дейді. («Исра» 13 а.) Мамам – әкемнің шешесі Қымбат Бердиярқызы намазхан еді. Бабам 1947 жылы дүние салып, алты баламен қалған мамам оларды Имандылық пен еңбекшілдікке тәрбиелеген. Ақшамнан кейін, кешкі дастархан басында Алланы жиі еске салып, ұлдары мен келіндеріне үнемі жамандықтардан сақтауын, Алланың Өзінен тілеп жүру керектігін айтып отыратын. Сонда біздің тақырыбымызға байланысты мына бір оқиғаны айтқаны есіме түсіп отыр.

1962 жылы Балақаракқа сіңілісі Қатира апамдікіне қыдырып барады. Апам іздеп келген апасына мал сойып, қасына ауылдың үлкендерін шақырыпты. Сонда үйде отырған бірнеше адамдардың арасынан бір үлкен кісі, көкірегіне нан піскен, құдайсыздардың алдауынан басы айналып қалған бір тәкаппарға: «...Балаларың кірпіш тасып жүріп, сынықтарын жолдың үстіне лақтырып тастапты... Жолдан мәшін өтеді, адамдар жүреді. Жолға ештеңе тастамау керек...», -деп достығын айтыпты. Жөн сөзге шамданған анау: «Кім өтсе де көзі бар ғой! Көзіне қарап жүрсін!...» -деп қартты қайтарып тастапты.

Қарт кішіпейіл кісі екен, үндемепті. Бірақ, басқалар қарттың сөзін мақұлдап анаған кемшілігін айтқанмен бұл қайтпаған. Өзінікін мақұлдап, қасарысқан күйі қалған. Арасында бір сынықшы да бар екен.

Сол күні кешке әлгі тәкаппар өзінің үйіне келе жатып, жолға жиналған шалшық суды айналып өте бере тайып құлап, сол жерде жатқан жұдырықтай тас тізесінің буынына тура келіп, орнынан тұрғанымен аяғын баса алмай зарлайды. Айналадағылар зарлаған дауысын есітіп келіп үйіне сүйеп апарыпты. Ол кезде дәрігерлер кем. Содан сынықшыға хабар келіпті. Сынықшы әлде қандай жағдай болады деп, қасына бағанағы үйде бірге болған кісілерден қуаттылау екеуін ерте барған. Ұстап байқаса, тізесі



шығып кетіпті. Содан жұмыртқа алдырып, аяқты сипап отырған сынықшы, бағанағы өзінің сөзін есіне салып: «Көзің бар еді ғой, көзіңе қарап жүрмейсің бе?»-депті. Ол әуелі әңгіменің астарын байқамай: «Қарап келе жатып-ақ...», -деп жауап беріп отырған. Сынықшы әлгі сөзін және бірнеше қайталап барып: «Ол суды жолға кім төкті екен-ә? Жұдырықтай тасты кім тастаған? Көзіңе қарап...»-деген кезде ғана: «Аға, қойшы енді. Денің сауда айта береді екенсің ғой! Қайдан білейін мұндай болатынын?!»-деп жалыныпты...

Ол «Расында, Алла адамдарға зұлымдық қылмайды. Бірақ, адамдар өздеріне өздері зұлымдық қылады» («Жүніс» с. 14 а.),-деп, Алланың Өзі ескерткеніндей: **«...берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп, күнәкар...»** («Һүд» 116 а.) болған еді. Күн айналмай жазасын алған оған, бұл, бүкіл өміріне сабақ болғаны хақ.

Бұндайлар жайлы Құранның бірнеше сүресінде айтылған. «Исра» сүресінде: **«Жер жүзінде дандайсып жүрме. Өйткені, сен жерді әсте жара алмайсың да бой жағынан да тауларға жете алмайсың. Осы барлық жаман нәрселер, Раббыңның қасында жек көрілген».** (37-38-аяттар.),-деген. Кішіпейілдік пен жақсы мінез қашанда жақсы.

Тақуалық мектебінің озат оқушысы болып, тәкаппарлық пен өсекпаздықтан, пасықтықтан сақтанайық.

## «Үмітсіз – шайтан»

Бұл – «Ағраф» сүресінің 11-18-аяттарынан туған мақал. Осы Аяттарды жақсы түсінген бабаларымыз ұрпағы да шайтанға ермеуі үшін осы мақалды айтқан. Тақуалықтың ең үлкен күресі – шайтанға алданбау.

Алла Тағала Адамды (ғ.с.) жаратқаннан кейін Періштелерге Адамға сәжде қылыңдар,- деген. Олардың барлығы үкімді орындаған. Бірақ, шайтан бас тартқан. Алла одан бас тарту себебін сұрағанда: **«...мен Одан артықпын, мені оттан жаратып, Оны балшықтан жараттың»,-**деді. Алла: **«Онда Ол жерден түс. Онда сенің менменсуіңе болмайды. Дереву шық, қор болушылардансың»,-**деді. ібіліс: **«Қайта тірілегін Күнге дейін мұрса бер»,-**деді. Алла: **«Шынында мұрса берілгендерденсің»,-**

деді».ібіліс: «Ендеше мені қаңғыртқаның себепті, әлбетте мен де оларға қарсы Сенің Тура Жолыңда отырып аламын»...». «Сонан соң оларға алды-артынан, оң-солынан келемін де олардың көбін шүкір етушілерден таппайсың»,-деді». Алла: «Қорланып қуылған түрде Ол жерден шық.Әрине, олардан кім саған ерсе, сендердің барлықтарыңмен дозақты толтырамын»,-деді»,-деген. Аяттардан көрініп тұрғандай-ақ, шайтан Жәннаттан қуылған және Аллаға қасарысқаны, қарсы келгені үшін оның Алланың кешірімінен, жарылқауынан үміті жоқ.

Тақуалық мектебінің озат оқушысы болып, әрқашан Тақуалық жасап, Алланың да, адамазаттың да дұшпаны шайтанға алданбайық!

\* \* \* \* \*

*«Қаф» сүресінің: Расында адамзатты жараттық. Оған нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз. Өйткені, оған күре тамырынан да жақынбыз,-деген 16-аятын*  
*«Көңіл – дұшпан»,-деген...»,-деген мәтелден оқимыз*

Пендешілікте өз жақыныңнан, тіпті, туысыңнан, балаңнан күмәнданатын жағдайлар да тура келеді. Сондай да Шындыққа көзі жетіп, тәубесіне келгендер: «Ой, тәйір-ай! Көңіл – дұшпан»,-деген!» Мен сенен қауіптеніп едім. Мені кешір!...»,-деп, кешірім сұрап жататын да оқиғалар жүз береді.

Бірде ауыл Ақсақалына бір келін жылап келді. Күйеуі ұрыпты. Неге? Екінші туылған баласының өзіне ұқсамайтынын айтыпты...

Күйеудің дәлелі жоқ тек, көңілінің айтқанына сенген. Медицина екінші баласы да өзінің нәсілінен болған бала екенін дәлелдеп берді. Отбасы сақталып қалды. Бірақ, пәк жүрегіне найзадай қадалған жала өше ме?! Ол өшпеді, дертке айналды. Емделіп жүрді...

Арадан жылдар өтті. Балалар ер жетті. Барлығын құтты орындарына қондырып, бір күні күйеуіне: «Мен сені кешірдім! Ол жала, жала күйі осы дүниеде қалсын»,-депті. Күйеуі мұның неге айтылып отырғанына мән бере қоймаған. Жұмысына барған кезде ізінен баласы жетіп барып, анасының бақилыққа көз жұмғанын айтқан...

Міне, лағнет алған шайтан осындай!

Өзгеден қауіптену емес, кейде өзіңнің көңіліңе небір жаман ойлар түсіп шошытады.

Мәселен, әлде қандай жеңіске жеткеніңде; я Алла себеп қылған біреудің жәрдемімен арманың орындалғанда, қуанышыңнан, Аллаға шүкірлер айтып тұрсаң, шайтан әсте ғана: «Өзің амалын тауып едің ғой!»-деп сыбырлайды. Тақуа жүректілер бірден Кәлимасын қайтарып, Аллаға зікірлер айтады.

Мұның барлығы – Алланың да, адамзаттың да қас дұшпаны, шайтанның амалы. Алланың лағынетін алған ол, жоғарыда айтқанымыздай, Аллаға серт берді. Мына мәтел – осы шарттасудың хабары.

Ал, одан құтылудың, қорғанудың жолы, осы «Ағраф» сүресінің 200-201-ші, және «Фуссилат» сүресінің 36-аяттарында айтылған. 36-аятты келтірейік. Онда: **«Ал енді сені шайтаннан бір түлен түртсе, бірден Аллаға сиын. Өйткені, Ол – әр нәрсені толық Естуші, Білуші»**,-деген.

Біз қанша Кәлима қайтарып, сақ жүргенімізбен ол жағаласа береді. Әр жағаласқан сайын, осы амалды істеуіміз керек.

Осы шайтан сияқты адамдардан да азғырушылар кездеседі. «Оның көмегінсіз-ақ, өзің бітірдің ғой!...»,-деп, Алланың бір Құлдары арқылы екінші Құлдарын қорғайтыны хақындағы Аяттарын («Бақара» с. 247; «Хаж» с. 40-а) көзбе-көре жалғанға шығарып, сіз-біз дескен кісіңнен суытуға ұрынады. Бұларға да ермеу керек. Керісінше, оған да осы Аяттарды түсіндіріп, көмектескен адамның мәртебесін көтерген жөн. Бұл амал – келешекте де әрбір ісіңнің сәтті біте беруіне кепіл.

Тақуалық мектебі үйреткен Тақуалық – шайтанның азғыруынан қорғайды. Алланың Тура Жолында нәпсімізбен табанды күреспіп, Тақуалық мектебінің озат оқушысы болайық!

### **«Асылық сөйлеме, Алла деп, сөйле»**

Және бір оқиға үстінде осылай депті, аузы дуалы, көпті көрген ел даналары.

Құлдарының өткен өмірі мен алдағы өмірін және пейіліндегісін жақсы білетін жалғыз Алла «Әли-Ғымран» сүресінің 145 және 156-аяттарын оқыту үшін осы мақал мен төмендегі оқиғаны болдырды.

Алдымен Аяттарды оқиық. Оларда: **«Алланың бұйрығы болмайынша ешкім өлмейді, ол жазулы бір мерзім. Кім дүниенің пайдасын тілесе, оған одан береміз. Ал, кім Ақырет пайдасын қаласа, оған одан береміз. Сондай-ақ, шүкірлік етушілерді сыйлаймыз».** «Әй, Момындар! Кәпірлер сияқты болмаңдар! Олар жер жүзінде кезіп жүрген немесе соғыста болған туыстары үшін: **«Егер олар жанымызда болса еді, өлмес те, өлтірілместе еді»-деді.** Алла бұны олардың жүректеріне қасірет қылу үшін өстіді. Алла тірілтеді де өлтіреді. **Сондай-ақ, Алла – не істегендерінді толық Көруші»**,-деген.

Ауылда тұратын Қайырақын Алматыға көшіп келген. Бірақ, оның осынысын елдегілер аса жақтыра қоймаған. Дегенмен, ол қалада жаман жасамады. Ауылмен де байланысын үзбеді. Тойға да, басқа мерекелер мен қазаға да хабар жете қойса, жұмысын қойып, уақытылы келіп араласып, қызметін қылатын.

Сөйтіп жүріп, қалада адам көп болғанмен жалғызсыраса керек, сыныптастарына да, туыстары мен қайын жұртына да қалаға көшуді көп айтатын. Кейде тартысып та қалатын.

Ойда жоқта ауылда жасайтын, туған балдызы қайтыс болды. Қанқысымынан кетіпті.

Дәрігерлер қанша күш салғанмен араша бола алмапты. Балдызының азасына барып отырып, бір күйініші арасында: **«Егер Алматыда болғанда өлмейтін еді. Ол жердегі дәрігерлер күшті...»**,-депті.

Бұл неткен асылық сөйлеу?!

«Мәриям» сүресінің 77-78-аяттарында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Аяттарымызға қарсы келіп: «Әлбетте, маған мал, бала беріледі»,-дегенді көрдің бе?» «Ол ғайыпты біле ме? Немесе Алладан уәде алды ма?»**»-деген. Сондай-ақ, Қайырақын да ғайыпты білуші ме еді? Я Алладан уәде алған ба еді?! Екеуі де жоқ: не ғайыпты білмейді, не уәде алмаған. Сонда бұл неге сүйеніп, осылай асылық сөйледі? Әрине, Алланың Тура Жолының үстінде отырған («Ағраф» с. 16-17-а) азғырушы шайтан түртіп, ойына сеніп айтты. Ойын тәңір жасап айтты («Фурқан» с. 43-а).

Және де сол «Мәриям» сүресінде: **«Әсте олай емес (уәде алған жоқ). Оның айтқанын жазамыз да оған азапты тарттырған сайын тарттырамыз».** **«...оның айтқанына Біз ие боламыз да ол бізге жалғыз келеді»** (79-80-а),-деген. Айтқанындай-ақ, арадан үш ай өткенде, Алматыда өзінің үйінде, өзінің әйелі де

қанқысымынан құлап, жедел жәрдем ауруханаға алып кетті. Бірақ, дәрігерлердің қолынан ештеңе келмеді. Алланың үкімі болды. Көзбе көре отырып, әйелінен айырылып, түс көргендей болған Қайырақын, оның табытына сүйеніп, балдызының жаназасына барғанда айтқан сөзін есіне алды. «Әттең, бекер асылық сөйлеппін! Бәрі Алланың үкімі екен ғой. Алматының дәрігерлері мен айтқандай күшті болса, мен сенен айырылар ма едім?»-деп, қамықты.

Міне, Тақуалық мектебінің тағы бір тағылымы. Алланы ұмытпайық, шайтан түрткенде Оны ғана еске алайық, қамқорлығы мен Мейірімінде болайық!

### «Тәкаппарлық бір Аллаға жарасқан»

Иә, тәкаппарлық бір Аллаға жарасқан. Ол – бәріне Күші Жетуші! «Ісра» сүресінің 37-38-аяттарында: **«Жер жүзінде дандайсып жүрме. Өйткені, сен жерді әсте жара алмайсың да, бой жағынан да тауларға жете алмайсың».** **«Осы – барлық жаман нәрселер, Раббыңның қасында жек көрілген»**,-дейді. Алла Тағала – Өзі жаратқан жерді жаруға Құдыретті, биіктігін Өзі бір өлшеммен жаратқан таулардан Биік. Ал, пенденің тәкаппарлық етуі – нағыз надандығы!

«Хадид» сүресінің 23-аятын келтіріп, Алланың тәкаппар мен мақтаншақты жек көретінін айттық. Себебі, олар Алласыз ешқандай жеңіске, байлыққа ие емес. Сөйте тұра, Алла сынауға берген байлыққа шүкірлік етіп, сол арқылы сауап жинаудың орнына тәкаппарлық жасайды. Сондықтан Алла оларды жек көреді.

Құран: **«...Кім Иманға қарсы шықса, сонда оның амалы жойылады және ол, Ақыретте де зиян шегушілерден болады»** («Майда» с. 5-аят),-деген. «...Иманға қарсы шығу...»,-деген Алланың Кітаптары мен Елшілерін, үкімдерін бекерге шығару, яғни, Иман келтірген кез келген Мұсылман, Алланың Сөзінің үстемдігі үшін өз нәпсісімен табанды күреседі, Ислам тиым салған: Аллаға серік қосу, адам өлтіру, өсек айту, зинақорлық, пара алу, өсімқорлық, құмар ойнау, мақтан үшін ысырапкершілік жасау, жетімдер мен қол астындағылардың еңбек ақысына қиянат қылу, кісі ақысына қол созу, ұрлық, барымта және осылар тәрізді күнә-қылмыстарға біле тұра жол қоймайды. Ең күшті азғырушы шайтанға алданбайды. Аяттар мен хадистерге қарсы шықпайды.

Ал, шайтанға, адасқандар мен мұнафиқтарға елтіп, еріп Алланы ұмытса не тілінде ғана айтып, амалда аярлық қылса, олар Иманна қарсы шыққандар болады. Бұлардың ішкі есептерімен қоғам көрсінге («Ниса» с. 142-а) жасап жүрген амалдары жойылды – зая кетеді. Иманға қарсы шыққан мұнафиқтар мен мүртәдтер пейілдерінің кесірінен Алланың қаһарына ұшырап,

Ақыретінде зиян шегеді.

Біз Алланың ештеңеге мұқтаж емес екенін жақсы түсінеміз. Сондықтан садақа берсек не әлдеқандай қайыр жасасақ өз мұқтаждығымыз үшін, Алланың өзімізге берген несібесінен, Алланың Сөзі үстем болуы үшін Алланың ризашылығынан, Мейірімінен, Рахымынан, Кешірімінен үміттеніп істейміз. Балаларымыз: «Тәкәппарлық бір Аллаға жарасқан», -деп айтып кеткен. Расында, адам баласын, қанша мың түрлі жәндіктер мен жануарларды «...**жер жүзінде орналастырып, ... онда күн көрістер...**» («Ағраф» с. 10-аят) үшін тиісті қолайлылықтарын жасаған, баламасы жоқ, серігі жоқ Құдыреттілікте де, Күштілікте де теңі жоқ Алланың күші, ілім-білімі бәріне – адамның Ақылына сыймайтын әр қандай кереметтерді болдыруға жетеді... Сондықтан Ол ғана тәкәппарлана алады.

Ал, Алладан қорықпайтын, Құдайдың барын біле тұра, Оның атын тілінде ғана айтып, шайтанның ізінде жүретін, білімсіз тәкәппар адамда Алла бергеннен басқа не бар? Тұтынар күші, «биік» көкірегіне тіреуіші – Алла сынау үшін берген – өзі жинаған дүниесі, байлығы, малы. Ондайлардың қолынан келетін бар «кереметі» – мақтаншақтығы және надандығымен біреулерден өзін жоғары ұстауы; өсек таратуы; біреуге біреуді айдап салуы; әлсіз біреулерді налытуы.

Бұзықтық жасау – арам пейілімен көп кінәлар жинап, өзіне-өзі опасыздық қылу. Бұлар Құдайдан қорқып кінәларының кешірілуі мен өзінің Имандылыққа қайту ниетімен садақа бермейді, керісінше, жақсылардан көргеніне еліктеп, мақтан үшін садақа береді. Бірақ, берген садақалары екіжүзділіктерінің кесірінен, Алланың жақсылыққа еселеп беретін сыйлығына жеткермей зая кетеді.

Екінші, Ислам тыйған кесірлі әдеттердің бір тобы: өсекшілдік, кемсіту, алалау, шағыстыру... Бұл амалдарды қолданатындар қандай адамдар? Бұлар – бір жақсының жетістігін, ел тілге алған жақсы атын көре алмаушылар; бұлар – жақсылардың татулығын

кызғанып жортаға жала жабыстырушылар; бұлар – Құдайдан қорықпайтын, Оны тілінде ғана айтып, ділінде қабылдай алмайтын екіжүзділер; бұлар – ұяты кем, қысқа ойлы жалатайлар, алаяқтар; сосынғысы – өзінің айтып отырған әңгімесі, өсегі күнә екенін ойламайтын надандар мен ата-анасынан көрген күншілдік үлгісімен жүрген санда бар пақырлар. Мұндайлар берген садақа да зая садақа.

Осылар сияқты ұрылар мен барымташылардың, зинақорлар мен жеңілдің үстімен жүретін өсімқорлардың, паракорлар мен алаяқтардың, өтірікшілер мен жалақорлардың, пейілі тар қаракөкіректер мен бақылдардың, сараңдар мен санасып тірлік қылатын ызбайлардың, озбыр зұлымдар мен өз антына, уәдесіне, кісі ақысына қиянат ететіндердің; ата-анасын, көршісін, бауырларын ренжіткендер мен саудада қулық жасағандардың; мақтаншақтар мен еріншек-енжарлардың; ысырапқорлар мен парықсыздардың берген садақалары да көп күнәсінің белгілі пайызына теңеліп, келер кесірден қорғай алмайды.

Ал, Алланың кешірімі мол екенінен үміттеніп отырып, Құран мен хадисте айтылған, сүндеттерде көрсетілген Нұрлы жолдармен жүрген, тиымдардан тиылған Тақуалар берген садақа, Алланың Сөзін бар тірліктен үстем қойғаны үшін Алла Тағаланың құзырында қатесіз қабыл болып, иесін нақпа-нақ қуантарына Алла Құранда уәде еткен. Ол уәдесіне берік. Бұған жоғарыда әңгімеленген оқиғалар нақты дәлел.

Дүкендер өртеніп, көлік аударылып жатады. Осының барлығы тәкаппарлық пен Алланы еске алып, садақа беріп сақтанбаудан. Садақа – Алланы және Оның сүйікті Құлы әрі Елшісі Мұхаммедті (с.ғ.с.) жанынан артық сүйгендерге үлкен қамқоршы, жақсы қайыр кепілі. **«...Алла сақтанушыларды жақсы көреді»** («Тәубе» с. 7-аят).

Жалғанға құр келіп, құр кетпей, Тақуалық мектебін жақсы оқып, надандықтардан сақатанып, Алланың алдына ұялмастай болып барайық!

### **«Қолдағысын алса да, маңдайдағысын алмасын!»**

Бұл – бейнетке сабыр ету мен Алладан үміт үзбеге шақырған мақал. Және де халықта: «Пенденің басы – Алланың добы», деген де мақал бар. Расында пенденің несібесінің мөлшерін, барар жері



мен тұрағын, жететін дәрежесі мен алатын сыйын, өмірінің ұзақ-қысқалағын, тағдырында көретін жақсылығы мен жамандығын – бәрі-бәрін тағдырды мөлшерлеп жазған («Мүрсәлат» с. 23-а) жалғыз Алла ғана біледі. Ал, өзінің Алладан келіп және Аллаға ғана қайтатынын білетін Тақуа Құлы, Алла басына не күн салса да сабырмен көнеді және Алладан үмітін үзбейді.

Енді осы айтқанымыз бен тақырыпқа таңдаған мақалмен мазмұндас Аяттарға кезек берейік.

Алла Тағала «Бақара» сүресінің 155-157-аяттарында: **«Әрине, сендерді қауіп-қатер, ашаршылық және малдардан, жандардан, сондай-ақ, өнімдерден кеміту арқылы сынаймыз. (Мұхаммед с.ғ.с.) сондайда сабыр етушілерді қуандыр!»** **«Қашан оларға бір қайғы жетсе, олар: «Шын мәнінде біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз»-деді. «Міне, соларға Раббылары жақтан жарылқау және мәрхамат бар. Әрі олар Тура Жолдағылар»**,-деп, бірнеше сүреде сабыр етушілерге сыйлықтар барын ескерткен.

Алла 155-аятында сынау үшін осындай ауырлықтар салатынын айтса, кейде ысырап еткеніміз үшін («Ағраф» 31-а), әмірлерін орындамағанымыз үшін («Бақара» с. 186-а) т.б. күнәларымыз үшін («Шура» с.30-а) өш алады («Әли Ғымран» с. 4-а) алады. Сонда Тақуалар 155-аятқа қоса, өзінің күнәлары барын ескеріп, **«Зүмәр» сүресінің: «...Әй, өздеріне зиян қылған Құлдарым! Алланың Рахметінен күдер үзбендер. Алла бір тұтас күнәларды жарылқайды. Өйткені, Ол – тым Жарылқаушы, төтенше Мейірімді»**,-деген 53-аятын ойына алып, Алладан үмітін үзбейді.

«...маңдайдағысын алмасын!»-дегені – көру, есіту, сезу қабілеттерімді және Иманымды, сабырым мен шүкіршілігімді алмасын, дегені. Егер қолдағы байлығы кеткенімен Иманы, сабыры, шүкіршілігі, денсаулығы өзінде қалса, қолдан кеткенді еңбек етіп жүріп, Алладан намазбен, сабырмен тілеп қайтадан жинап ала алатынына, тілегенін Алланың беретініне сенімі.

Әділәзім досым: «Тәуелсіздікке жеттік. 1993 жылдан аласапыран уақыт басталды.

Қарызданып қалдым. Одан жедел құтылу үшін қорамдағы малдарымды, үстімдегі үйімді де сатып жібердім.

Сонда аластағы туысым келіп, күйіме күйзелді. Мен: «Байлық – қолдың кірі»,-деген. Бұл жоғалтқаным ештеңе емес, талап

кылып, Алладан сұрасам, қайта келеді. Ең бастысы – Иманым мен денсаулығымнан айырмасын. Қолдағыны алса да маңдайдағыны алмасын», - дедім. Ол: «Рахмет!...» - деп, өзіне келіп, сосын екеуміз кеңес құрдық...», - деген еді.

Міне, ғаламат! Тақуалық дегеннің бір белгісі осы! «Бақара» сүресінің: «**...біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз**», - деген 156-аятын ескеріп, өзінің Алланың қалауындағы мүлік екенін ойлап: «Алла қолыма бергенін алса да, маңдайыма бергенін алмасын», деп, келесі: «**Міне, соларға Раббылары жақтан жарылқау және мәрхамат бар...**», - деген 157-аятқа сүйеніп отыр. Яғни, сонша дүниесін жоғалтса да, Алладан үмітін үзбейді. Тамаша Тақуалық! Осындай озат оқушы болайық!

### «Түрің жаман сіңір едің, түйілтеріңді біліп едім»

«Бақара» сүресінің 204-205-аяттарының мағынасын беріп тұрған бұл мақалдың «Адам аласы ішінде», - деген де баламасы бар.

Есітуімше, бұл мақал келінінен түңілген ененің айтқаны екен. Келінін бала кезінен байқап, өзіне келіндікке лайық емес екенін біліп жүрсе де, баласы қалап үйленгесін, баласы үшін кеңшілік етіп, бірге жасай берген. Бірақ, отбасынан дұрыс тәрбие көрмеген келін, бір жылдан кейін жәйлап-жәйлап қылық шығарады, ененің көңіліне тиеді. Сонда ене келінінің сиқын осылай сипаттап, оған тек баласы үшін ғана құрмет көрсетіп жүргенін айтып, кейіпті. Бұл сипат кейін мақалға айналып кетіпті.

Сіңір – кәдімгі асық жілікте болатын сіңір. Мақалда ол – жаман адамға телініп тұр.

Расында, елде Құдай несібе берген біреудің байығанын, жақсының аты шыққанын көре алмайтын арам ниетті адамдар болады. Олар байларға да, жақсыларға да сыр бермей, жанашыр дос сияқты танылып жүреді де, қапылыста, күтпеген жерден опасыздық жасап опындырып кетеді. Содан шығарып халық осы мақалды айтқан. Мұндайлар – шайтанның достары. Бұлар Әл-Мисақтан адамзатпен бірге келеді.

Құранның «Бақара» сүресінің 204-205-аяттарында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) адамдардан кейбіреуінің дүние тіршілігіндегі сөзі сені таңырқатады да Алланы жүрегіндегісіне айғақ қылады. Ол – өте сотқар қаскүнем». «Қашан бет бұрылса, жер жүзінде

**сотқарлық істеуге, сондай-ақ, егінді, малдарды жоқ етуге тырысады. Алла жауыздықты жақсы көрмейді»,-**дейді.

Осы Аят пен мақалдың нақты дәлелдері өз ортамызда болып жатыр. Алаяқтар: «Мен саған үй алып беремін...»,-деп, ақшаны қолына алғанша, тыңдаушысын таң қалдырып сөйлейді, сендіреді. Тіпті, ең жанашыр адамындай көкүнінің нөмірлерін, үйінің әдірісін беріп, әбден сенімге кіреді. Ал, ақшаға ие болғасын қарасын көрсетпейді.

Екінші тараптан мақал мен Аят – адамзаттың мінезінің және оны түзеу үшін түскен Құранның мәңгілік екенін ұқтырып оқытады.

## **Сыртын сөзінен білесің, ішін көзінен көресің**

Және де ел аузында: «Адам аласы ішінде», «Бес саусақ бірдей емес», «Бір койдан қара да туат, ала да туат», деген де нұсқалары айтылады.

«Әли Ғымран» сүресінің 118-120-аяттары: «Әй, Момындар! Өздеріңнен өзгелерді сырлас тұтпаңдар. Олар сендерге қастандықтан тайынбайды. ...олар күйзелулеріңді қалайды. **Олардың кектері аузынан-ақ көрініп тұрады. Әрі олардың жүректерінде жасырғандары тағы үлкен.** Егер түсінетін болсаңдар, әрине, сендерге Аяттарымызды баян еттік». «Я сендер оларды жақсы көрсеңдер де олар сендерді жақсы көрмейді. Сендер Кітаптың бәріне сенесіңдер (Алладан түскеніне). Қашан олар сендерге кездесе: «Иман келтірдік»,-деп, ал, оңашалана қалса, сендерге деген ызаларының салдарынан саусақтарын шайнар. (Мұхаммед:) «Ызаланған бойда өліп кетіңдер!»-де. Шәксіз Алла көкректегілерді толық біледі». «Егер сендерге бір игілік жетсе, оларға жаман көрінеді. Ал, бір жамандық жетсе, оған олар хош болады. Егер сабыр етсеңдер, сақтық істесеңдер, олардың қулықтары сендерге ешбір зиян қылмайды. Күдіксіз Алла олардың не істегендерін толық біледі»,-деп, Аллаға Иман келтіргендерге дұшпандарының пейілі мен қылығын анық бейнелеген. «Мәида» сүресінің 13-аятында қысқа ғана: **«Олардың өте азынан басқасының қиянаткерліктерін ұдайы сезіп отырасың»,-**десе, «Мұхаммед» сүресінде: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Егер қаласақ, мұнафиқтарды саған көрсетер едік те оларды

бет-бейнелерінен таныр едің. Әрине, оларды сөз аңғарынан танысың...», - дейді.

Иә, өмір тәжрибесінде де әрбір пенде өзімен бақталас пендені әрбір сөзінен, көзінен, қылықтарынан байқап жүреді. Сақтанады. Сөйтіп пенде бұл Аяттарды, өзі Құраннан оқымаса да өмір Шындығынан оқиды.

### «Құдай тілеуінді берсін»

«Сәжде» сүресінің 21-аяты: **«Әрине, оларға зор азаптан бері дүниенің азабын тарттырамыз. Мүмкін райынан қайтар».**

Нәзір есімді кісі отыз жасында әкесі Ысмағұл пен шешесі Құрметтен айрылады. Оған он бес жастарынан бастап шайтан билік қылып, ата-анасына салқын қарап, тіпті, талай мәрте ренжіткен (1) де кездері болыпты. Ұлының осындай азарына он бес жыл көнген Ысмағұл пен Құрмет, арасына үш ай салып бір жылда, бірінен кейін бірі дүние салады.

Мұны әкесінің құрдасы, ілгергі замандардан көршісі болып келе жатқан молда Құрбанбай білетін, білгенде жақсы білетін. Көршісі – Нәзірдің әкесі мен шешесі талай рет жылап отырып, баласының көрсеткен азарын айтқан.

Құрбанбай да орны келгенде, баласы Жанұзақты шайтанның азғыруынан сақтандыру үшін, Нәзірдің әке-шешесіне көрсеткен азарын – Ысмағұл пен Құрметтен естігенін айтатын.

Құранның аятын оқып беріп, баласы – Жанұзақты Нәзірмен тек ұзақтан сыйласуға үгіттейтін.

Ата-анасын әлінің келгенінше ел дәстүріне сай жерлеген Нәзір де өз білгенінше тірлік қамымен жылдарды өткеріп, қартайды.

Әкесі мен шешесінен жақсы тәрбие-тағлым алған, заман оқуымен қатар Ислам ілімін әкесінен жете үйренген Жанұзақ та қартайды. Зейнетке шыққалы ауылға молдашылық етеді...

Бұлардың екеуі де жанұялы, көп перзентті.

Нәзір ауырды. Көп қаранды. Ем қонбағасын дәрігерлер үйіне қайтарды. Хәлі ауыр.

Ауруханада түн жарымда «Әке! Әке!»-деп айқайлап оянатынды шығарған. Тек егумен ұйықтайды. Кейін-кейін ол да пайдасыз болды... Енді үйінде де сол айқай. Әйелі де, балалары да үрейленіп жүрді. Отбасынан береке қашты. Мұны сезген ол

әйеліне, балаларына өзінің күнәларын айтып өкінетін. Бәрінен кешірім өтінетін.

Жанұзақ алғашқы күндерден-ақ, ауруханада және үйіне келгесін де жиі-жиі хабар алып жүретін. Бүгін Нәзірдің шақыруымен келді.

Нәзір: «Жанұзақ, менен көп күнәлар өтті. Мені Құдай кешірсін, дұға жасап, осыны Алладан тілеші. Мен соңғы күндері ұйықтай алмаймын, жалғыз қалуға да қорқамын. Көзімді жұмсам маған бар даусымен айқайлап, балағаттап, қарғап тұрған әкем мен егіліп жылап отырған анамды көремін. Кейде жұдырықтай-жұдырықтай, қап-қара шаяндар қуады», - деп, жылап жағдайын айтты. Жанұзақ келгеннен жаны жай тапқандай, тіпті, сөйлеп жатып ұйықтап кетті. Бұған қуанған әйелі Жанұзақты жібермеді. Ол оқып отырды. Бір тәулік дегенде «Уф!»-деп көзін ашқан Нәзір Жанұзаққа оқи беруін өтінеді. Осы оқу бір аптаға жеткенде Нәзір орнынан тұратын болды.

Бұдан кейін намазға жығылып, ораза тұтып, нәпіл амалдарды өтеп, Жанұзақтан, көп кеңестер алып, күні-түні Алладан күнәсінің кешірілуін, қабір және дозақ азабынан арашалауын сұрайтын. Әйелі мен балаларына ерекше құрметпен қарап, бәріне Кәлима жаттатты. Үй ішімен құлшылыққа жығылды.

Күн сайын садақа – әр нәрседен садақа беретін. Күнін тек қайырымдылық жасаумен өткеріп, қарттардан, жетім-жесірлерден, ауырып жатқандардан мол алғыс алатын.

«Құдай тілеуінді берсін!»-деген тілекті көп есітетін.

Осылай жеті жыл жүрді. Жетінші жылы күзде оразаның ортасында, дым ауырмай үйінде ұйықтап жатып мәңгілікке аттанды. Қасарысқанды жек көретін Құдай, жазадан соң, тәубесіне келген Құлына осындай сыйын ұсыныпты.

- - - - -

1. «Ісра» сүресінің 23-25-аяттары: «Раббың Өзіне ғана ғибадат етулерінді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал, егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе: «Түһ!» деме (Кейіс білдірме). Сондай-ақ, ол екеуін зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле». «Ол екеуіне кішірейіп мәрхамәт құшағын жай да: «Раббым! Ол екеуі мені кішкентайда тәрбиелегендей Сен де оларды мәрхамәтіңе бөлей көр!»-де». «Раббыларың іштеріңдегі нәрсені жақсы біледі.

Егер игілерден болсаңдар, негізінде Алла, бойұсынушыларды жарылқайды».

\* \* \* \* \*

Пәрекенді біреулер: «Пысық адам!»-дейтін. Тынбайтын. Бір жұмысты қолына алса, бітіргенше өзін-өзі жеп қоятын. Сабырсыз, қанағатсыз да еді. Кейде қолынан келмейтінге де ұрынып, «мандайы тасқа соғылғанда» ғана шаршап басылатын. Онымен арттырған аса байлығы да жоқ. Орта дәулетті болып жасады.

Тынымсыздығы үлкейген сайын тіпті, үдей түсті. Зейнетке шыққасын тоқтар деген үміт те бекер болып шықты. Өмірге, замандастарына ақысы кетіп бара жатқандай тынышсыздана беретінді шығарды. Бірақ, мұның арты не боларын ойламады. Әйелі ептеп айтқанмен тыңдамады.

Әлден тайып күші кетті. Қолынан ештеңе келмегенмен тынбайды. Азанда үйден шығып, қара кештің кезінде шаршап келеді. Сөйтіп жүріп ауруға шалдықты. Бұрынғыдан да ауыр қиындыққа тосылды: бір жаққа шығайын десе, ауру-өзінше жүре алмайды, шықпайын десе шыққысы келеді де отырады. Бейне, бір ел көшіп келіп қоныстанып, екінші біреулер көшіп бара жатқандай, бұл хабарсыз қалғандай болады да тұрады. Бұны ол қиялдаған алыстарға жетелеп жүруге тірі жанның дәрмені жетпейді. Ойы үнемі дала кезіп жүреді. Теледидар, кемпірі мен немерелерінің әңгімесі не басқасы қызықтырмайды. Мұнысымен тұрмай: «Далаға алып шық. Ананікіне барайық, мынаныкіне апар!»-деп, айқайлап мазалайды. Бастан тойымсыз, далаға тарта беретін көңілі ақыр есін ауыстырды. Жаңылыстырып сөйлеген былай тұрсын не айтып отырғанын айырып алу қиын болды. Үйдегілердің безері шықты. Іштеріндегі жаман сырды сырттарына шығармағанымен бәрі де құтылуға асық...

Әуелден ақырын сұраудың бір себебі осы болса керек. Егер осы адам көңілін дала, дүние тартып бара жатқанына дер шағында ой бөліп, өзін тоқтатып, ертерек ақырын ойлап, намазға жығылғанда, намаз сабасына шақырып, жанын тыныштандырап еді.

Қарттық шағында аброймен жасап, абройлы қаза көрер еді!

## «Жын да бейімін ұрады»

Исламды, Ислам мәдениетін жақсы білген бабаларымыз, айтқанға келіспей, бұрынғы жолда жоқты істеп, елден бөлек киініп, өзіне жараспайтын сөз сөйлеп, қылық қылған жаманына налып, осылай бір мазмұнды мақал қалдырған. Расында, жынды адам ұзынды-қысқалы киінеді. Сақал-мұртын күтпей, немесе сабалақ сақал өсіріп, мұртын алып, сақал қойып ешкі кейпінде жүреді. Қазір тізесі, сатандығы, бөксесі, шынтағы жыртық киімді сән деп киіп жүр. Әйтеуір, өздерін сүйкімсіз, жабайы адам сияқты жарасымсыз ұстайды. Осындай болып жүрген адамды қашанда жын қағады.

Алла «Тағабұн» сүресінің 2-5-аяттарында: «Ол сондай, сендерді жаратқан Алла. Кейбіреулерің қарсы келесіңдер де кейбіреулерің Иман келтіресіңдер. Алла – істеген істеріңді толық Көруші». «Көктер мен жерді Ақиқат бойынша жаратты. **Ол сендерді бейнелегенде көркем бейнелеген. Әрі қайтар жерлерің Алла жақ».** «Ол көктер мен жерде болған нәрселерді біледі. Сондай-ақ жасырғандарыңды да, әшкерелегендеріңді де біледі. Әрі көкректегілерді толық біледі». «**Сендерге бұрынғы қарсы болғандардың әңгімесі келмеді ме? Олар істегендерінің жазасын тартты. Олар үшін тағы күйзелтуші азап бар**», - деген. Аяттардың төртеуі де ашық түсінікті. Тақырыбымызға сай айырып айтатынымыз, Алланың адамзатты көркем жаратқаны және түбінде Өзінің алдына баратынымыз бен соңғы Аяттың хабары. Осы Ақырғы Аяттағы: «...қарсы болғандардың әңгімесі...», Өзі айтып отырғандай, Аллаға қарсы келгендердің жазасыз қалмайтыны, яғни, көркем бейнесін көріксіз қылып жүргендерді жындардың бірінің иеленіп алатыны. Ал: «...қайтар жерлерің Алла жақ», - дегені, сол жынды болатыны.

Тыныштық пен бейбітшіліктің діні болған Ұлы Ислам – адам жанын өзіне еріксіз тартатын сұлулық пен жарасымдылықтың, тазалықтың, мәдениеттіліктің, сыпайылықтың, сүйкімділіктің діні. Өзі пәк, әдемі Алла Елшісі Мұхаммедті (с.ғ.с.) де әдемі етіп, өте көркем мінезбен, сыпайылықпен тәрбиеледі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) киіміне де, сақалы мен мұртына да үлкен мән беріп, жарастырып тарап, қырып жүрді. Бетін қаптатып не иегінде шошайтып қойған жоқ. Хадисте сақал-мұртты басу айтылған. Еш уақытта



сабалақтатып сақал қоймаған. Бұл, кәпірлердің екі аяғының арасындағы күтімсіз жүні сияқты, деп, олай жүруден жиіркенген, ұзын көйлек, келте көкірекше кимеген. Өйтсе ол, әлемдерді көз тоймайтындай әсем жаратқан, әдемі Алланың дініне қайшы келген болады. Алла адамды сұлу жаратты. Сондықтан саналы адам өзінің ажарын ашатындай, көзге сүйкімді көрсететіндей киініп жүруі керек. Бұлай жүру, Алла берген көрік пен шырайды ашып, Имандылыққа сай болады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Ислам әр заманға, әр жағдайға бейімделген», - деген. Демек, Исламда қатып қалу жоқ. Исламда Құран арабша оқылады, бірақ барлық Момынға арабша сөйлендер деген Аят-хадис жоқ! Сондықтан, әркімнің өзі жасаған ортасына сай, бүгінгідей әдемі киінуі, бұл – шынайы, адал ниетті Мұсылманшылық. Бұл – Ұлы, сұлу діннің сұлулығын насихаттау деген сөз. Бұл – Құран үгіттеген: сөзде де, мінезде де, жүрутұру мен киінуде де әлемге әсемдіктің үлгісін көрсету деген сөз. Құранда сыпайылық, көркем мінез, жақсы сөз сөйлеу, тазалық тәрізді кез келген ортаны өзіне тартып, сіңе кететін, үйлесе қалатын артықшылықтар айтылған. Бұл – Аллаға шын берілген Момындарды, ортаны шошындыратын ала бөтен қылықтар мен киінуден сақтандыруға және ондай ұсқынсыздықтан аулақ болуға шақыру деген сөз.

Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен бір риуаятта, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Жүрегінде зеренің мысқалындай тәкаппарлығы бар адам жәннатқа кірмейді», - дегенінде бір адам: «Кей кісі киімінің жақсы болғанын, аяқ киімінің жақсы болғанын қалайды ғой», - дейді, сұраулы жүзбен. Сонда Расулалла (с.ғ.с.): «Шындығында, Алла көркем әрі көркемдікті жақсы көреді. Ал, тәкаппарлық – Ақиқатты мойындамау, адамдарды менсінбеу», - деп жауап береді. Бұл хадис – шелтендеген балақты, жер сыпырған етеккі киім киюшілердің түсінігін бекерге шығарған, сахих хадис.

Енді Нұртай Ерназар топтастырған «Ұлы тұлғалар Ислам жөнінде» деген кітабынан ұлылардың пікіріне жүгініп көрейік.

Гёте: «Біздер, Еуропа халықтары, мәдениетіміз айрықша дамығанымен, хазіреті Мұхаммедтің ұлылығының ең бірінші сатысында ғана тұрмыз. Оған ешқандай шүбә келтіруге болмайды. Және бұдан кейін де одан ешкімнің аса алуы мүмкін емес», - деген.

Неткен Әділ бағалау! Ал, Еуропалықтардың Исламға дейінгі киінуін қараңызшы? Сабалақ сақал мен шелтендеген балақты сонда көресіз!

«Исламдағы жыныстық қатынас теңдігі» кітабын жазған, Солтүстік Американың құрметті ғалымдарының бірі, доктор Жамал Бадаун: «Ислам әйелдерге мүлік иелену құқығын, балалары үшін ақша алу құқығын, заң алдында тең болу құқығын, саясатқа араласуға, жұмыс істеуге, оқуға, күйеуге шығуға еріктілік құқығын, сондай-ақ, күйеулері тарапынан болатын қорлықтардан қорғану құқығын береді», -деп, бүгінгі дамыған заманмен ілгерілей түсуге құқығын бергенін сүйініп, құрметпен тілге алуда. Саналы жан мұның өзінен тағлым алып, Мұсылманның барлық заман адамдарымен бірдей киініп, берген қолайлылықтарынан ортамен бірдей пайдаланып жасауы керектігін аңлатады, қымтанып алмай, сақалын сабалақтатпай, балағын шелтендетпей.

Профессор Либри: «Егер арабтар тарих сахнасына шықпағанда, Еуропа өзінің алға басуы мен даму деңгейі жөнінен бірнеше ғасырға кейін қалған болар еді. Бұған менің Иманым кәміл», -дейді. Егер арабтар қысқа балағы мен сабалақ сақалын, қаралы қымтануымен келгенде Еуропа осынша бас иер ме еді?

Бруифульд: «Ғылым – бұл бүгінгі әлемге Ислам өркениеті әкелген ғажайып сыйлық. Бүгінгі Еуропа жетістіктерінен Ислам мәдениеті әсер етпеген бірде-бір саласын таба алмауымыз бекер емес», -деп, Шындықты айтыпты.

Мән беретін сөйлем – «...Ислам мәдениеті...», деген сөйлем. Мұсылмандар ұзынды-қысқалы киімді, сабалақ сақалды құбыжық болса, Еуропа осынша мақтар ма еді? Тәнті болар ма еді?

Біздің бірсыпыра қандастарымыз шет елдерге барып, «мұсылманша оқыды» да осындай, бұрын елде болмаған, нашар сәндерді алып келді. Бұл олардың өздерінше: «Бұрынғы қазақтар білмеген, біз біліп келдік», -дегені. Өзін халыққа ерекше көрсеткісі келгені. Яғни, бұл да Алланың адамды көркем жаратқаны мен Оның Алла: «... **жасырғандарынды да, әшкерелегендеріңді де біледі. Әрі көкіректегілерді толық біледі**», -деген Аятын мойындамай, нәпсісі үшін жасалған амал.

Бұрынғы қазақтар да, молдалар да пакистандықтарды, арабтарды көрген, жақсы білген. Оларды көріп келгендердің арасын-

да соларша жүруге бейімделгендеріне, Айбасұлы Қанарбай атам айтпақшы: **«Соңғы Пайғамбар арабтаншыққанменен арабтың бәрі Пайғамбар емес!»**-деп елге жаюға тыйым салған. Яғни, әдеміліктің үлгісі болған Мұсылманшылыққа тура келмегесін елге кіргізбеген. Әдеміліктен тұратын Мұсылманшылықты әдемі қалпында сақтап, бізге жеткерген. Негізінде тыныштықтың қорғаны болған Ислам жарасымдылықтан, сұлулықтан тұрады.

Құранның «Ағраф» сүресінің 179-аятында: **«Рас дозақ үшін де көптеген жын және адамдар жараттық. Олардың жүректері бар, алайда, олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. ...құлақтары бар ол арқылы естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті, одан да әрі адасуда. Міне, солар мүлде қаперсіздер»**,-дейді. Біздің жүрекпен түсінетін, көзбен көретін, құлақпен есітетін нәрселеріміз, алдымен Аяттар болса, екіншісі, жынды адамдардың ортамызда барын білетініміз және олардың бұрынғы істегендерінің жазасымен жүргенін және оларға бұдан әрі тағы күйзелтуші азап барын түсіну («Табағұн» с. 5-а). Сөйтіп, дозақ үшін жаратылғандардың ізіне еруден сақтануымыз керек.

«Мәида» сүресінің 105-аятында: **«...Өздерің Тура Жолда болсандар, адасқан біреу сендерге кесірін тигізе алмайды...»**,-десе, бұл – алдымен, Тура Жолмен жүру болса, екіншіден, Алланың адамды көркем бейнеде жаратқанына Иман келтіріп, көркем киініп, сақал-мұртты басып, көркем сөйлеп, дұрыс жүру. Сонда ол пендеге жын да, жын иеленген адам да, адасқан ағымдағылар да кесірін тигізе алмайды.

Осы Аятты жоғарыдағы «Табағұн» сүресінің 11-аяты да тастықтап және толықтырады: **«Алладан бұйрықсыз ешбір қайғы-қасірет болмайды. Ал, кім Аллаға Иман келтірсе, Алла оның жүрегін түзейді. Алла – барлық нәрсені толық Білуші»**,-дейді. Қайғы-қасіреттің бірі – жынды ауруымен ауыру болса, ол да тек Алланың бұйрығымен болады екен. Ал, **«...Ол сендерді бейнелегенде көркем бейнелеген...»** (3-а),-деген Аятына Иман келтірсе, Алла оның жүрегін түзейді екен. Олай болса, Алланың қаһарына ұшыраудан қорыққан, Оның Рахымы мен Мейірімінен, Бейіштен үміті бар әркім, көркем бейнесінде жүруі керек. Сонда **«...әркімнің істегеніне қарай дәрежелері бар...»** («Әнғам» с. 132-а),-деп Алланың Өзі айтқандай, ол сап-сау тамаша Тақуа Мұсылман дәрежесіне жетіп, Жәннаттан орын алады.

Тақуалық мектебінде жалықпай жақсы оқиық.

## «Айтылған сөз – атылған оқ»

Сөзді оққа тенеп айтқан бұл мақал – «Мәриям» сүресінің 79-80-ші, «Зұхрұф» сүресінің 80-ші, «Қаф» сүресінің 16-18-ші, «Ынфитар» сүресінің 10-13-аяттарының және осылармен мағыналас бірнеше Аяттардың қазақы қысқа түсіндірмесі.

Уәдеге байланысты айтылған Аяттар мен мақалдар да осы мақалмен жатырлас.

Алайда, атылған оқ: Аллаға серік қосу, өтірік куәлік беру, өтірік уағыз бен өтірік хадис айту, біреуді дәлелсіз жамандау, балағат сөздер, жала, кемсітушілік, асылық сөйлеу сияқты – Аллаға жазықты ететін, екінші біреудің көңілін қалдыратын сөздер. Мақалдың жеткерері осы.

Ал, Аяттарда: **«Әсте олай емес. Оның айтқанын жазамыз да оған азапты арттырған сайын арттырамыз». «...оның айтқанына Біз ие боламыз да ол Бізге жалғыз келеді»** (79-80-а); **«Немесе олар сырларын, сыбырларын Біз естімейді, деп ойлай ма? Әрине, Періштелеріміз алдарында жазуда»** («Зұхрұф» с. 80-а); **«Расында адамзатты жараттық. Оған нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз. Өйткені, Біз оған күре тамырынан да жақынбыз». «Оның оңынан да, солынан да екі байқаушы отырады». «Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында андушы дайын»** («Қаф» с. 16-18-а); **«Негізінен сендерге, әлбетте, бақылаушылар бар». «Ардақты жазушылар»** («Ынфитар» с. 10-11-а),-деген. Демек, Алла осы бақылаушылар – жазушылар арқылы айтылған сөзді біліп, айтушыға айтқанына қарай тиесілісін береді.

Бірінші Аяттағы: **«Бізге жалғыз келеді...»**, дегені, айтушының өзінің ғана айтқанына жараса сыбағасын алатыны. Үшінші Аяттағы: **«...Оған нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз...»**,-дегені, айтқаны Имандылықтан па? Тәкаппарлықтан ба? Соны білетіні.

Ол сөз Алланың құзырында жазылып қалатын болғандықтан және соған жараса үкім берілетін болғандықтан ол – атылған оқ.

\* \* \* \* \*

«Бақара» сүресінің 201-аятын атам қазақ:

**«Уа, Алла! Дос-дұшпанға таба қылма!»**-деп,  
қазақшалаған

Мұны біз Алладан ғана үміттенетін кезкелген Имандының аузынан күнде, күнара есітеміз. «Бақара» сүресінің 200-аятында: «...Сонда адамдардан кім: «Раббымыз! Бізге дүниеде ғана жақсылық бер», -десе, оларға Ақыретте несібе жоқ», -деп, 201-202-аяттарында: «Және олардан кім: «Раббымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер әрі Ақыретте де жақсылық бер. **Және дозақ отының азабынан сақта!»**-десе», «**Міне, солар үшін амалдарынан үлес бар. Алла – есепті тезінен Көруші**», -дейді.

Пенденің дос-дұшпаны кім? Бұл екі түрлі мағына береді. Бірі – дос боп жаныңда жүріп, ішінен жамандық ойлайтын опасыз болса; екіншісі, дұшпаның мен досың. Басыңа іс түсе қалса, дұшпаныңа қосымша болып, досың да: «Мен осының осылай боларын біліп, саған айтып едім!...»-деп бастап, ұялып жүрген ұжданыңа уытты соққы береді. Көзіңше айта алмаса, сыртыңнан айтады, болмаса, әр қандай қылығымен байқатады.

### **«Тынбасаң – тынасың»**

Бұл мақал екі түрлі мағына береді. Жақсы жері екі мағынасы да Алланы еске салады. Ал, «Тынбасаң – тынасыңның» өзі Алладан үміттенуге, сабырға шақырады. Пендеге күре тамырынан да жақын («Қаф» с. 16-а), жүректегілерді толық Білуші («Шура» с. 24-а), тілектерді Есітуші («Әли Ғымран» с. 34-а) Алла бір күні тілегіңді береді, мақсатыңа жетесің – тынасың,-дегенді ұқтырады.

Ал, екінші мағынасы – бұзықтыққа бағытталған. «Әр нәрсенің шегі бар», «Көп асқанға бір тосқан»-деген сияқты, бір күні Аланың қаһарына тап келесің – тынасың,-деген сөз. Пенделерді күнәлары себепті жазалай берсе, жер жүзінде адам қалмайтынын ескерткен Алла, оларға кеңшілік беретінін, кейбір күнәларды кешіріп, кейбірін жақсылықпен теңестіріп отыратынын да айтқан.

«Әли Ғымран» сүресінің 178-аятында: **«Ал және сондай қарсы болғандар** (ұрылар, парақорлар, зинақорлар, уәдепаздар,

құмарпаздар) ...оларға мұрса беруімізді (қолға түспей кеңшілікте жүргендерін) өздеріне қайырлы деп әсте ойлама-сын. Шын мәнінде күнәларын арттырсын деп қана орай береміз. Сондай-ақ олар үшін қорлаушы қинау бар», - деген. Мұны біз өмір Шындығынан көріп те жүрміз. Бұларға кеңшілік беріп отырған Алла оларға уақыт белгілеп күнін санап отыр. Сол күндердің ішінде қайырымы мен сауабы көбейсе, жақсылыққа шешіледі; ал, керісінше, күнә үстіне күнә жамала берсе,

Алла санап отырған күн толғанда жаза беріледі – тынбай жүрген бұзық тынады.

«Мәриям» сүресінің 83-84-аяттарында: «...оларға түрткі са-латын шайтандарды жібердік». «Олар үшін асықпа. Шынайы түрде күнін санаудамыз», - деген.

Енді осы үш мақалға да ортақ, өмір Шындығынан бір дәлел айтайық. Біздерден гөрі, біздей мектеп көрмеген, біздей ғылым оқымаған бабаларымыз, бізден әлде қайда Ақылды, Дана болғанына осы мақалдар да бір дәлел.

Талдап өтейік. Бабаларымыздың данышпандығы: олардың басым бөлігінің дініміз бен Иmandылыққа адалдығы; әйел жұртының, жастардың намысшылдығы мен ибалылығы; зина жа-саудан шошынғандығы және зина жасағандардан жиіркенгендігі; Ресейге араласа жүріп, арақ пен махорканы білгенімен елге жолатпағаны; өз-өзіне зұлымдық етуден сақтанып, Шу жеріндегі қара сораны тек емге ғана пайдаланған ақылдылығы; «Мәида» сүресінің 79-аятына амал жасап: «Қызға қырық үйден тыйым», - деген тәрбиеге бағынғаны; Құдайдың бергеніне қанағат етуі; тағдырына сабыр етуі; ерінің намысын елі, елінің намысын ері қорғағаны... және осылар сияқты Иmandылыққа суарылған сандаған дәлелдерді келтіре аламыз. Бұған кітаптарға түскен, ел ауызында жүрген бірнеше мыңдаған мақалдары мен мәтелдері дәлел. Оның бірнешеуімен танысып та отырсыздар. Ендігісі осы – «Қанағат – қарын тойғызады, қанағатсыз жалғыз атын сойғызады», - деген, мағынасы терең түйім. Бұны ой таразысы-на салып талдар болсақ, Құрандағы өсиеттер мен әмірлердің төрттен бір бөлігінің мағынасын өзінде қамтып тұр.

Енді өзіміздің кемшілігімізге келейік. Мұны өзімізге мына-дай сұрақтар беріп зерделегеніміз жақсы сияқты. Осынша бай мұра қалдырған бабаларымыз жасаған 8-19 ғасырлар, бізбен салыстырғанда қандай ғасырлар еді? Өскен ортасы қандай еді?

Олардың сауат ашу мүмкіндігі біздердегідей болды ма? Оларға Алланың барлығын, Одан басқа құлшылыққа лайық Тәңір жоғын сипаттаған анықтықтар не шақты еді?

Ал, ғарышқа құлаш ұрған біздің заман, қандай заман? Бір микросхема арқылы әлемді тамашалап отырғанымызды ойлап, бір флешканың өзін Құрандағы Лаухул махфуздың мысалы деп түсіне аламыз ба?..

Әлбетте, жоқ. Біз оқуды мақтан үшін, баға үшін, лауазым үшін оқитынымыздан көріп, есітіп, ұстап, сезіп танып жүргенімізден басқа ештеңені бар деп, өз мәнінде түсіне алмаймыз. Алланың барлығына, Құранның шындығына, Пайғамбардың (с.ғ.с.) хақтығына күмән келтіреміз. Сондықтан жарық дүниеде қараңғы санамызбен қылмыстардан қылмыстарға барамыз. Опасыз дүние дегенде, Иман түге ата-анамыздың, бала-шаға, бауырларымыздың жүзін жерге қаратып, етбетімізден тастаймыз.

Енді қанағатсыз замандастың тағдырын тыңдап көріңіз.

Ағалы-інілі, төрт ағайынды жігіттер спортқа жақын, шымыр болып өсті. Мектепте де, одан кейін де оларға ешкім беттемейтін. Бірақ олар да жөнсіз ешкімді ашық налытпады. Әділдікке мойынсынды. Халықты да, заңды да сыйлады. Шырын тіл, жақсы әдептерімен көпке жақты.

Бұлар жасайтын жердегі кеңшар мал бордақылаумен және жартылай дәнді дақылдар егумен айналысатын. Төртеуі де осында істеді. Ең үлкені мен ең кішісі механизаторлық етті. Еңбекші ел алдында жүрді. Ал, ортаншы екеуі: Артық пен Берік үлкен жүк мәшіндерін жүргізіп, көрші аудан, кейде көрші облыс жерлерінен шаруашылыққа жем, шұлха тасыды. Таң сәріде кетіп, қара кешке келетін. Мұның есесіне ақшасы төленеді, дем алыс та беріледі.

Бірге істейтін ортаға үйрене келе әкелген жемнен, шұлхадан, шөп тасыса, шөптен, алдымен 50-100 келілеп, кейін-кейін жарты тонналап үйіне түсіріп қалатын болды. Мал көбейтіп, ұрлаған жем-шөбімен мал бақты. Мереке күндері өздерінің әріптестері мен бастықтарға: «Бірге істесіп келеміз. «Жолдастың сыбағасы» деген болады. Ертең біздің үйден дәм татыңыздар», -деп, отбасына да шақырды. Бұл адамгершіліктері шынында көпті сендірді, әрі өздеріне тартты.

Мәшіндеріне ұқыпты қарады. Басшылардың барлығына жылы сөзді, тіл алғыш болды. Әбден сенімге кірді. Құрметтері де артты. Бұлардың мерейімен екі тракторшы бауырлары да сый-



лы. Өстіп жүріп бастықтармен ымы-жымы бірікті де бастықтар бұларға жаңа мәшін берді.

Енді ұрлықты бұрынғыданда күшейтті әрі қорықпай істеді. Себебі, жаңа мәшін өз-өзінен келмейді. Ортада пара жүреді. Бастықтар бұлар әкелген жем-шөпті өлшеп алатын қоймашыны да азғырып көндірген...

Жем-шұлханың өздеріне жеткілікті болғаны соншалықты басқаларға сататынды шығарды. Айналада аларман көп. Бірақ, бәріне бірдей сатуға болмайды. Сыр ашылып қалады. Сондықтан сенімділерден тұрақты аларман ұстады.

Сөйтіп жүріп ақша көптіктен, жанұясы бола тұра жеңіл жүрістілермен бұзық жесірлерге уақыт бөліп, «күш» жұмсайтыны елге тарады. Сүйсініп жүрген сырт көз түңілді. Басын шайқады. Бірақ, жария ештеңе шықпағасын үнсіз басылды. Әйтпесе, ол ел зинақорлық жасаған ерді де, әйелді де шеткері етеді, зинашылар үйлеріне шақырғанмен: «ұстап-тұтқаны арам» деп бармайды, олардың дидарын көргісі келмегендіктен, пәлекеті жұғады, деп, өз үйлеріне шақырмайды да. Жазаласса көшіп кетуге мәжбүр ететін.

Сондықтан бұлар мұндайын алыстан істеді.

Әке-шешесінен енші алып өз алдарына үй салды. Балалары киінуден де, басқа жағынан да өз қатарларынан озықтау болды. Әкесі мен шешесін тыңдап, санаспай, қорадағы малдарына жақсы қарады. Олар алдымен үйде жем, шұлха, шөп үдіксіз болатынын көріп жүргенімен қайдан келетініне ой бөлмейтін. Әкесінің жем-шұлха таситынын білгенімен ұрлайды деп ойламайтын, тіпті, ондай жаманатқа жан әкесін қимайтын да!

Артықтың үлкен ұлы, оған ілесіп екіншісі де қолқанат болды. Енді әкесін қимайтын жаманат жолына әке-шешесінің үйретуімен өздері түсті. Мәшіннің қорабынан әкесі түсірген олжаны шешесімен бірге ішке кіргізетін. Өсе келе өздері, қорапан адам бойы биік жүктелген шұлха мен қорап үстінде жотадай болып жататын жемнен «басып» қалатын жұмысқа машықты. Тіпті, мал қорасын кеңейтіп, ішінен үлкен жем-шөп «қоймасын» ашты. Өгіздерді тізіп байлап бағатын дәрежеге жетті. Бәрі мәз.

Беріктің балаларының тірлігі де осы. Екі шаңырақтың балалары да мектепке атына келіп-кететін болды. Бейне, көзқарастарынан: «Бізде не керектің бәрі бар. Мектептен алаты-

нымыз осы болса, осы білгеніміз жетеді. Тезірек кәмелет жасына толсақ...»,-деп, асығатын.

Көлденең келетін, сұрауы жоқ бұл олжаға екі жанұя да дәнiктi. Ұрлығы бiр болғандықтан абысынды, келiндер де, балалар да тату. Бiрi-бiрiне қамқоршы. Кеңесшi. Бәрi де көңiлдi. Бiрақ, екi тракторшының отбасымен алшақтау, олармен тiл ұшында ғана сыйласады.

Бар тiлектерi: «Мәшiндер жүрiп тұрса, шопырлар аман болса...». Жылдар өтiп бiреуi

«Вольга», екiншiсi «Жигули» алды. Осы кезде бейнекамера деген шықты. Бұлар қыстақта бiрiншi қол жеткердi.

Балалары қатайып, белденгелi Артық та, Берiк те мәшiндi жүгiмен әкеп, қояды да қайтып iсi болмайды. Балалары өздерi үйренген мөлшерде жем болса, жемдi, шұлха болса шұлханы түсiрiп алады. Орнын тегiстейдi. Су да себедi, таразы бассын деп. Бәрiн өздерi жайлайды. Бiрақ, ешбiрi балаларын қылмысқа, арамдық жолына тәрбиелеп жатқандарын ойламайды, түк қаперлерiне алмайды. Олар үшiн бұл-дұрыс өмiр сүру жолы.

Сый-құрметтерi өздерiнiң адам алдар жақсы мiнездерiнiң арқасында арта келе, бұлар шаруашылықтан өтiп, ауданның мықтыларымен де, көршi аудандардың прокурор, сот, iшкi iстер бөлiмдерiнiң бастықтарымен әмпәй бола бастады. Бәрiне де ет керек. Бәрiнде де мал бар, жем-шөп қажет... Құда балаларынан бiреулерi қылмысты болып, бұлар ара түсiп соны құтқарып та жiбергенiн ел естiдi. Кейiн де жүргiзушiлiк куәлiгiн МАИ қызметкерлерiне алдырып қойған бiрнеше таныстарына «сауаптар» iстептi...

Ендi бұлар әуелгiден өзгердi. Көршiлердi көзге iле бермейтiндi шығарды. Бұрын бiрлi-жарымы жол бойында тұрса, мәшiнiне мiнгiзiп ала кететiн... Адамдарды саралап сыйлайтын пейiлге өттi.

Балалар да мектептi бiтiрдi. Бiлiм, iлiм iздену осымен тоқтады. Бойындағысын да, ойындағысын да тек баю жолына жұмылдырылды. «Сырттай» оқып жүргiзушiлiк куәлiгiн алды, бәрi де. Әскери қызметтер ағайынгершiлiкпен ауылда өттi.

Өкiнiш болғанда, балалар кемелiне жетiп, жойқын күшке толығып, байлыққа ес алдырып құныққан шақта заман өзгердi. Шаруашылық тарап кеттi. Мәшiндердi кiм-кiмдер жеке меншiкке сатып алды. Ұрлайтын жем-шұлха болмағасын бұлар да сатып жiбердi.

Жанұя табысы құлдырады. Дастарханда сүт, нан, шай ғана қалды. Наннан нан, еттен ет, майдан май таңдап жейтін, бес бармақ пен мәнтіден басқа тамақты олқысынатын, отандық киімдерге пысқырып қарайтын балаларға да, өздеріне де шынында бір Қиямет заман келді. Балаларға әке-шешесінің сөзі жақпайтын болды. Бұрын ұрлығы мен әкесінің айлық жалақысынан тыс, тойларды бейнекамераға түсіріп табыс табатын. Қазір екі үйдің бірінде бейнекамера. Он, он бестеп өгіздер байланған қазықтар бос қалды. Бұл тірлік, шүкіршілік пен қанағаттан мақұрым өскен балаларға тіпті, ауыр соқты. Жатса, тұрса күн сайын майы тамған көлденең олжа табуға жол іздейтін дертке шалдықты.

Бір күні, Беріктің үлкен ұлы, ауылдың алдынан өтетін пойыз жолға қарап тұрған.

Стансадан тасырлап, жүйіткіп өткен пойыз, алдындағы асуға жеткенде тәй-тәйлап тырмысып бара жатты. Ұлға ой келді.

Ұрлықты ұят деп білмейтін, күнә деп ойламайтын, қылмыс екен демейтін олар, енді ұрлықтың сорақы жолына түсті. Сағатына 20-30 шақырым жылдамдықпен қабаққа асылып бара жатқан жүк пойызына жүгіріп мініп, халыққа өтімді ағаш, бөрене, құлба, балон сияқты заттарды жол бойы тастап кете береді де 20 шақырымнан кейін кездесетін құмды жерге жеткенде өздері де секіріп түсіп қалатын болды.

Інілері алыста жеңіл мәшінмен күтіп тұрады. Түсірген олжаларын түнде таныстарының жүк мәшінмен тасиды. Жұмыстары «жүрісті»-дүниеге құныққан нәпсіні күйзелткен тығырықтан шыға бастады.

Сол жүк пойызының уақытын да біліп алған, жаңылмайды. Мәшинистердің көзіне түспеу үшін, бұтаның түбіне, су жуған жыраға тығылып отырады.

Әке-шешелері де мұны дұрыс көрді. «Ешкім білмейді. Істей берсін!»-деді, бірде Артық әйелінің қауіп ойлаған сөзіне. «Қойсын! Осы жағына қанағат етейік. Бізден жағдайы төмен адамдар да жасап жатыр ғой. Солар қатарлы тірлік етерміз де!»-деуге, Құдайды тілінде айтатын Артықтың Иман қуаты, ұят күші жетпеді. Тек вагонға мініп, түсіп жүргенде байқау керектігін ескертті. Балаларының «табысының» арқасында кері кеткен тірліктері түзеліп, баяғы беделді мықтыларымен ассалаумағаәлейкүмін қайта жалғады. Үш жыл өтті. Бәрі жақсы еді.

Жүк вагондарын қабылдаушылар жүктің кем келе бастағанын, кейбір жабық вагондардың есіктеріндегі кепілтүйменің үзік не жоқ болатынын айтып, тиесілі орындарға арыздана бастайды.

Бұл шағымдардан кейін барлық темір жолшыларға ұрлыққа жол бермеу туралы талаптар қойылады. Бірде бір машинистің көмекшісі өздері басқарып келе жатқан пойыз қабаққа асыла бергенде, тепловоздың терезесін ашып, сүйреп келе жатқан вагондарына көз салады. Сонда вагонға біреулердің секіріп мінгенін көреді. Содан байқатпай қарап келе берсін, бес-он минөттер өте бергенде ұрылар жол бойына ағаштарды ата бастайды. Машинист кабинасындағы телефоны арқылы стансаға хабарлайды...

Біреуге нақақтан жабыса кетуге Иман жол қоймайды. Олай етуге заң да қарсы. Сондықтан, хабар жеткен «Темір жол қылмысқа қарсы күрес ұйымы», білмеген болып, уақыт беріп, бұларды өздері тепловоздан, тікұшақпен олай, бұлай өткен болып байқатпай жүріп бейнетаспаларға түсіріп, әбден көз жеткізіп алады. Жүкті тиеген мәшін мен апарылған үйлер де түсіріледі. Айыптауға жетерлік дәйектер түгел болған күні, бұлар тапқан арамының «рахатын» көріп, әрқайым отырғанда, полицейлер көктен түскендей кіріп келіп, қамаққа алу туралы соттың санкциясын көрсетіп, құрыш білектеріне кісен салады. Бір адым аттап, бір жаққа қашатын мүмкіндік болмады. Жинағандары тізімге алынды.

Артық пен Берік сандығындағылары мен әйелдерінің, келіндерінің, қыздарының құлағындағы, саусақтарындағы, мойындағыларын алып баяғы тамыр байласқан заңгерлері мен беделділеріне жүгірді. Туған-туыс пен ағайындарынан, құда-андаларынан жәрдем сұрады. Қанша әркет істегенімен түк нәтиже шықпады. Бәрі де: «Құдай жар болсын!»- дегеннен артық демеу болар ештеңе бере алмады.

Аптаға жетпей абысынды-келін әр қайсысы өз балаларын арашалап күңкүлдей бастады. Ерлерінің басуын тыңдамады. Күн өтпей бұл күңкүл қызып-қызып ашық айқайға ұласты. Бұған шыдамаған Артық та, Берік те құлады – екеуінің де оң аяқ пен оң қолдары жансыз қалды. Артық шамалыдан соң тілі оңғарылғанда бірінші рет Алланы есіне алып жылады. Шарасыздығына күйініп жылады. Құдайдан басқа сеніп жүргендері өзі сияқты нанқор пенде екеніне көзі жетіп, өкініп жылады. Алланың берген

денсаулығы мен бақытын өзімдікі деп, несібесі мен байлығын өзімнің еңбегім деп өрекігеніне қамығып жылады.

Бірақ, онымен күнә жуыла ма? Өткен күн орнына келе ме?! Алла олардың Қиямет күні Алланы есіне алып, тәубеге келгені түк пайда бермейтінін ескерткен («Мұхаммед» с. 18-а). Алланы аман-аман күндерден мақтап, ескеріп, шүкірлік айтып, садақа мен құлшылықта болу – ақылдың ісі.

### **«Қанағат – қарын тойғызады...»**

Мақал кейде: «Қанағат – қарын тойғызады, қанағатсыз жалғыз атын сойғызады», -деп те айтылып жүр. Бірінші сөйлем, қанағаттың, қанағатшылдықтың құнын түсіндіріп тұр, ал, екіншісі, адамның пейілін меңзейді. Соған қарағанда екіншісі, «Сабыр түбі – сары алтынға» «Сабырлының бәрі алтынды» қосқандай, кейін ұйқастыра салған болар.

Әсілінде қанағат – жақсы пейіл, Тақуалықтың бір белгісі. Ал, қанағатсыздық – дүниеқоңыздықтың көрінісі, шайтани амалы. Бұл амал сонына түскен адамды көп күнәларға батырады, түрмеге де түсіруі кәдік емес, айықпас ауруларға шалдықтырары да даусыз. Бұған өмір тәжірибесінен дәлелдер көп.

Алланың жақсы көретін Құлдарының бірі – барға қанағат, жоққа сабыр ететін Құл.

Қанағатсыздық Адам мен Һауаның Бейіштегі ағашқа тиген жерінен басталған. Егер оларда қанағат болғанда сол ағашқа тимес еді. Сосын олар Алладан кешірім сұрады. Алла кешіріп, бір-біріне қас болып жерге түсіндер, деп бұйрық берді де: **«...Менен сендерге Туралық келсе, кім Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ, олар қайғырмайды...», «Қарсы келіп, Аяттарымызды өтірік дегендер, дозақтық болып, олар онда мәңгі қалады»** («Бақара» с. 38-39-а), -деді. Бұлар жерде жүріп бала тіледі, балалы болғасын оны Аллаға серікке қосты. Бұл – екінші рет Аллаға қарсы шыққаны еді. Міне осы екі себептің салдарынан адам баласының үлкен пайызы Құранға құлақ салмай азапты тағдырлармен өмір сүріп келеді. Құранға күмәнсіз Иман келтіріп, құтқарылғандар аз ғана.

Егер солар сол ағашқа тимегенде – адамзатта қанағатсыздық болмас еді. Екіншіден, солар Алланың Сөзін екі етпегенде –

шайтанның уәсуәсасын тыңдамағанда, кейінгі адамзат та, бүгінгі біздер де Құранмен ғана жасар ек.

Алла тағала қанағатсыздықты және оның кесірін Мұсаның (ғ.с.) қауымы арқылы қанық жеткерген. Олардың Иманға келмеуі, Алланы көрмей сенбейміз деуі; 58-59-аяттардағы «хытта» сөзінің орнына «хынта» сөзін айтып, сол үшін оларға аспаннан бәле жаууы; 61-аяттағы, Алланың берген сапалы ризығына қанағат қылмай, жерде өсетін көкөніс, қияр, бидай, бұршақ, сарымсақ тілеулері; Мұса мен Һарун нақты дәлелдер әкеліп отырғанның өзінде, бұзау жасап алғандары; 118-аяттағы: «..Алла бізге ауызекі айтса немесе бір белгі келтірсе...», -дегендері сөзімізге дәлел. Солардағы қанағатсыздық сірә жоғалған емес, сол үшін Пайғамбарлар жіберіліп, Кітаптар түскен. Бізге Алла Мұхаммедті (с.ғ.с.) жіберіп, Құранды түсірді. Енді біз Құраннан сахих хадистерден сауатты пайдаланып, нәпсімізді пәктеп, Бейішке лайықты болып жасауымыз керек.

Енді Аяттардан, өмір Шындығынан дәлелдер келтіріп, пікірімізді толықтырайық.

Қанағат, шүкірлік сөздері – бір-бірімен егіз ұғымды сөздер. Құранда шүкірлік көп айтылған. «Бақара» сүресі 152-аятында: «Енді Мені еске алыңдар. Мен де сендерді еске аламын және **Маған шүкірлік қылыңдар да қарсы болмаңдар**», -десе, 172-аятында: «...**Ризықтандырғанымыздың** жақсысынан жеңдер. Әрі **Аллаға шүкірлік етіндер**, егер Оған ғана құлшылық ететін болсаңдар», -деген. Біріншісінде, Өзін есіне алып, қарсы болмай, шүкірлік қылған Құлын Алла да есіне алатынын айтса; екіншісінде, бірген ризық-несібесіне риза болуды, қанағат етуді ескерткен. Жалғыз Аллаға бойұсыну да, шүкірлік те Алланың адамзаттай Халифасынан бірінші талабы. Бұларды мойындағандар әрқашанда Алламен бірге.

Осы түсінігімізді Алла «Әли Ғымран» сүресінде: «...**Алладан қорқыңдар, әлбетте, шүкір еткен боласыңдар**» (123-а)..., «...**Алла шүкір етушілерді сыйлайды**», «...Кім дүниенің пайдасын тілесе, оған одан береміз. Ал, кім Ақырет пайдасын қаласа оған одан береміз. Сондай-ақ, **шүкір етушілерді сыйлаймыз**» (144-145-а), -деп және айқындай түскен. Демек, шүкір ету – қорқу. Расында, қорықпаған адам шүкір ете алмайды, оны шайтанның

уәсуәсасы кірлеткен тәкаппар жүрегі жібермейді – керісінше, қырсықтырады.

Алладан қорықпайтын, қанағаты жоқ, біреу фермер еді. Еңбек етті, шаруасы алға басты. «...**әркімнің істеген ісіне қарай дәрежелері барын...**» («Әнғам» с. 132-а) ескерткен Алла, Өзіне шүкірлік айтпаса да, оған «...күнәсін арттыра берсін...» («Әли Ғымран» с. 178-а),-деп, кеңшілік беріп қойды. Ол әбден байыды. Қолын созған жеріне жеткізе білді. Енді фермер қожалығын емес, ауданды басқарғанды армандады. Бұл лауазымға келу жолдарын ойлады, жанашыр әмпайластарымен сырласты. Амалдап жоғарыда танысы барлармен танысты. Оларды өзіне жақындата түсу үшін барын салды. Бұлар да мұның пейілін жақтырмаса да, пайдаланғысы келді де, әбден лақылдатты. Миллиондарды сұрады. «Ауданға әкім болсаң, екі жылда қайтадан жинап аласың...», -деді, жанашырлары. Сонымен барын салды. Мініп жүрген көлігіне дейін сатты.

Осы кездерде Алланың санап отырған Күні толған-ау («Мәриям» с. 84-а), бұл әкім бола алмады. Білімі мен қызметтік өсу жолдары тура келмеді. Кешегі жымыңдасып жүрген таныстар да, сырластар да теріс айналды...

Әкім бола алмағаны ештеңе емес, бұған батқаны – кешегі дастархандас, сырлас армандастарының араны үзгені. Мұны көтере алмай, ауруға шалдықты. Оншақты ірі қара мен елу бастай қоймен қалған шаруашылығына бірінде барымташылар, екіншісінде, қасқыр шабуылдап, малсыз қалды.

Міне, байлығына сенетін – Алланы есіне алмайтын, Одан қорықпайтын, қанағатсыз сорлы әкімдікті армандап, отқа түсіп, шалқытып отырған шаруашылығынан да айырылды.

Қазақ мұндайды: «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын, деп, құлағынан айырылған екен», -дейді», -деп, нақалдатады.

«Ниса» сүресінің 147-аяты: «Егер **шүкірлік етіп Иман келтірсеңдер**, Алла сендерді неге азап қылсын? Өйткені, **Алла – шүкірлікті Бағалаушы, толық Білуші**», -деген. Бұл пақыр әкімдікке қызықпай барына қанағат қылғанда Алла бұлай азаптамас еді! Енді не ұйқысында береке жоқ, не тамақ жеп береке таппайды.

«Мәида» сүресінің 6-аятында, дәрет жайын түсіндіріп келіп: «...Алла сендерге ауыршылық қаламайды, сендерді тазартуды



сондай-ақ, **шүкіршілік етулерің үшін нығметін тәмамдауды қалайды**», -деп, 7-8-аяттарда берген сертті – келтірген Кәлимань ескеруді, куәлікте мықты тұруды, Әділдік істеуді айтып, 9-аятта: **«Алла ... Иман келтіріп ізгі іс істегендерге жарылқау уәде етті**», -дейді. Алла ешкімге ауырлық қаламайды, сол үшін осы Құранды түсірді. Егер фермер барына қанағат қылып, әділдік пен қайырымдылық жолын ұстанып, ізгіліктер істегенде, әлбетте, Алла үлкен сыйлықтармен қуантар еді.

«Ағраф» сүресі 10-аят: «Расында сендерді жер жүзіне орналастырып, өздеріңе онда күн көрістер жасадық. **Неге мұнша аз шүкір етесіңдер**», -десе, 16-17-аяттарда адамзатты Алла Жолынан адастыруға уәде берген шайтанның, адамдардың жолына отырып алып, оңынан, солынан келіп, азғыруға сөз бергеніне келтіреді. Сол шайтанға алданған осы фермер шүкір ете алмады, шайтанға ерді – дозаққа түсті («Ағраф» с. 18-а).

Ал, 58-аятта: **«...Осылайша шүкірлік қылатын елге Аяттарымызды айырып баян етеміз**», -деп, 144-аятта, Мұсаға (ғ.с.): **«...бергендерімді ал да шүкірлік етушілерден бол...»**, -деп ескертіп, 189-аятта, Хауа ананың: **«... «Егер бізге игі бала берсең, әрине, шүкір етушілерден болар едік»...**», -деп жалынғанын айтып, 190-аятта, сол баланы Аллаға серікке қосқанына ренжиді. Содан әрі Аллаға серік қосқан заттарын сипаттап, 199-201-аяттарда: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Кешірім жолын ұста және оларға Туралықты әмір ет. Сондай-ақ білместерден бет бұр». «Егер шайтаннан саған бір түрткі болса, дереу Аллаға сиын. Өйткені, Ол – толық Естуші, өте Білуші». «Тақуаларға шайтан тарапынан бір сыбыс тисе, олар Алланы еске алады да қырағылық істейді**», -дейді.

Мұндағы Мұсаға айтқаны да, Мұхаммедке ескерткені де біздерге, бүгінгі адамдарға тиесілі. Бұл шайтаннан сақтану тәсілдері – Алланың Өзінің Тура Жолы.

«Әнфал» сүресінің 26-аяты жоғарыда айтқан **«Құдай қаласа, түйе иненің көзінен өтеді**», -деген тақырыптағы Марқакөл маңында жасаған Тұтқышбайлардың өмірі (104-бетте) мен 1935-1938 жылдардағы репрессияны еске салады. Құдай бізді сол замандардан құтқарды. Тыныш, Әділетті заман мен биік Саналы замандастар берді. Біз бүгінгі дәуірімізге, әрбір күнімізге шүкір етуге, қолда барға қанағат қылуға міндеттіміз.

Біз Алланың нығметтеріне шүкір ете алмағандардың тағдыры қалай болғанын Құранның бірнеше сүрелерінен жақсы білеміз. Әсіресе, «Бақара» сүресінің бас жағында нашүкір, қанағатсыз қауымды жақсы таныстырған. Біз солар сияқты Алланың Жолын насихаттауды үзіп зиянға ұшырамайық (27-а); Аллаға серік қосып залым болмайық (51-а); «...Алланы ашық көрмейінше сенбейміз...»,-деп Алланың ашуына ұшырамайық (55-а); берген ризығына қанағат етпей, кешірім сұрамай, бәлеге жолықпайық; жоқшылық пен қорлықта азаптанбайық (57-61-а); маймылдар сияқты қарғыс алмайық (65-а); олардай Шындықтан бет бұрмайық (83-а), Құранға қарсы болмайық – Алла қарғамасын (88-а). Құранның Аяттарын әр қашан еске алып, әмірлері мен өсиеттерді сылтаусыз орындап, тиғандарынан сақтанып, барға қанағат етіп, жоққа сабыр етумен дұрыс жасайық. Бұл – Алла жақсы көретін амал, бұл – Тақуалық.

### «Алла қаламай ай тумас»

«Инсан» сүресінің 30-шы, «Текуир» сүресінің 29-аяттарында: **«Сендердің қалауларың болмайды. Алла қаласа ғана болады. Расында Алла – өте Білуші, Хикмет Иесі»**,-деп, келесі Аятта: **«Әлемдердің Раббы Алла қаламайынша тілеулерің жүрмейді»**,-деген\*. Мұндағы меңзеп отырғаны ешкімнің Алланың қалауынсыз, **Алланың құзырында қабыл болатын**, өзіне, қоғамға пайдалы баянды ештеңе істей алмайтыны.

Және халықта осы екі Аятты түсіндіретін: «Жүгірген алмайды, бұйырған алады»,-деген мақал бар. Бұйыртатын Алла ғой!...

Құсбегілерден қалған деген мына бір аңыздан да ой түйсе болатындай. Олардан бірі:

«Қырғи таң ертең ерте оянады. Қанатын қағып, бір керіліп алып: «Бүгін торғай, тышқан, кесіртке, жылан біткеннің барлығын ұстап жеп, бір тояйыншы!»-деп, армандап ұшады.

Сол ұшумен кешке дейін тынбайды. Бірақ, ештеңе шеңгеліне ілінбейді. Кешке, күн батар алдында Алланың бұйыртуымен бір

---

\* Алла төрт Кітап түсіріп, төрт дін белгіледі. Алайда, Исламнан басқа дін Алланың құзырында қабыл болмайды. Бөгде діндерден Құранға сәйкескен амалдар ғана баянды болып, Алланың ризашылығына жеткереді.

торғай не тышқан ұстап жеп жатады. Ертеңіне де солай. Сонымен өмірі өте береді», - деген еді.

Бұл – аңыз, әрине. Таңертеңгі қырғидың қасында ешкім оның не айтқанын тыңдап тұрған жоқ. Күні бойы оның жылдамдығына ерісіп ізінде де андып жүрген жан болмағаны Шындық. Алайда, ой салатын бір тетік, Алла қаламай ештеңе болмайтыны.

Қырғиға байлап айтылған бұл аңыз өмірде көпшілігіміздің басымызда бар. Оған дәлел де жеткілікті. Солардан жалпақ жаһанға кең жайылған ең мәшһүрі Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» атты кітабындағы, ең соңында ұстап, қайыққа сала алмай жамбасына байлаған, алып жайынын да акулалар жұлып жеп, балықтың қаңқасымен қалған шалды айтсақ, дәлелдің кемі қалмас.

Мұндайда өзіміздің кемшілігімізді ескермейміз де: «Несібедегіден артық болмайды», - деп, шарасыздықта айтылатын мақалға сүйене саламыз. Алла Тағала қалаған Құлына ойламаған жерден мол несібе беретінін және беретіндерінің қорлары барын ескертеді («Хыжыр» с. 21-а). Ал, Оның қалауына жету үшін, әлбетте, Өзінің қасиетті, Хикметті, Нұрлы Жолымен жүру керек («Бақара» с. 186-а). Бұны білмеуіміз – біздің енжарлығымыз, кемшілігіміз...

Тақырыпқа қарай ойыссақ біз: «Айдың он бесі жарық, он бесі қараңғы», - деген, өмірде көріп жүргенімізден туған мақалды айтамыз. Бірақ, сол он бес жарық пен он бес қараңғының тек Алланың әуелгі жаратуынан белгіленген жолмен жүзеге асып жатқанын ойламаймыз.

Ал, мына мақалдың мағынасы, адам баласы болуы мүмкін емес, деп жүрген нәрсенің Алла қалаған кезде бола қалатыны. Мысалы, адамзат ғасырлар бойы ұшар кілемді ертегілерінде айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткерді. Керуенмен сауда жасап жүретін олар, сол кілеммен ұшуды армандады да. Сол армандарға адамзат Алла қалаған жиырмасыншы ғасырда жетті – ұшаққа, пойызға мінді.

Сол сияқты электроника деген нәрсені ғалымдар он тоғызыншы ғасырдан қолға алды. Бірақ, Алла қалаған жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жарты жылдығынан толық игерілді; астраномия ғылымы, жерден тым алыстағы, өзінен дыбыс әрі жарық шығаратын белгісіз нысан барын біліп, соны анықтауға көп ізденді. Алла қалаған ХХІ ғасырда тапты.

КСРО атты империя Алланың қалауымен түзілді, 74 жылдан кейін Алланың қалауымен жер бетінен жоғалды. Ол империя күшінде тұрған кезінде, оны жойылады деп ешкім ойламайтын. Алла қалады, ол жойылды. Ешбір коммунист оны құлатуға келе жатқан «апаттың» бетін қайтарып, оны сақтап қала алмады.

Тәуелсіздікке жетіп, капиталистік елдердің жолымен экономикалық дамуға түсеміз деп ойламағанбыз. Адамзаттың өткенін және алдағысын жақсы білетін («Хаж» с. 76-а) Алла қалады – 1991 жылдан сол жолмен материалдық дамуға көштік.

Алла қаламайынша ештеңе болмайды. Әлемдердің тепе-теңдігін ұстап («Фатыр» с. 41-а), бірде кеңшілігін, сосын таршылығын («Ағраф» с. 94-а) беріп отыратын Алла, «Моминұн» сүресінің 71-аятында: **«Егер Шындық олардың көңілдері тартқан жаққа кетсе, әрине, көктер мен жер және онда болған әркім бұзылып кетер еді...»**,-деп, әрбір іс Алланың қалауымен ғана болатынын аңлатады.

Қарттардың балалы болуы мүмкін емес, бірақ, Алла қаласа болады. Бұған «Һұд» сүресінің 69-73-аяттарында баяндалған Ибраһимнің, «Әли Ғымран» сүресінің 38-40-аяттарымен жеткерілген Зәкарияның перзентті болуы нақты дәлел. Тіпті, адам кейпінде үйіне келген Періштелер Ибраһимге перзентті болатын хабарды айтқанда әйелі Сара: **«Мен қартайып, Ерім шал болғанда мен туамын ба?!»** («Һұд» с. 72-а)-деп сенбейді. Бірақ, Алла қалап, Алланың құдыретімен Смағұл, Ысқақ атты перзенттерін сүйеді;

«Сад» сүресінен Сүлейменге (ғ.с.) сәйгүліктер (31-а) сыйлағанын, сынау үшін тағының үстіне бір дене қойғанын (34-а), желді бағындырғанын, әр түрлі құрылыс салатын және сүңгігіш шайтандарды мойынсындырғанын (36-37-а), 41-43-аяттардан Аюб Пайғамбарды есіркеп, ауруынан жазып және бала-шаға, мал-дүниесін арттырып бергенін оқып, Алланың қалауының, құдыретінің күштілігіне сәжде етеміз.

Енді Ислам дініне қарсылардың жайына келейік. Біз «Ағраф» сүресінің 30-шы, 179-шы, «Фатыр» сүресінің 32-аяттарын, «Бойындай бой табылса да, ойындай ой табылмайды», деген мақаламызда талдап өттік. Яғни, Алла Тағала адам-

затты Тура Жолдағылар және адасқандар етіп екіге бөлді; қолдарына Құран беріліп Тура Жолға тиісті болғандар да: өзіне кесір тигізетіндер, орта жолды ұстанатындар және Алланың бұйрығымен жақсылықтарға ұмтылушылар атанды. Бұлар да Алланың қалауымен осы жолдарды таңдады. Алла қаласа «Мәида» сүресінің 48-аятында ескерткендей барлығы бір үмбет болып, бір Жолда жүрер еді. Мұны «Әнғам» сүресінің мына Аяттарынан анық білеміз. Мұхаммедті тыңдамағандарды айта келе 107-аятта Мұхаммедке: **«Егер Алла қаласа еді, олар ортақ қоспас еді. Сені оларға күзетші қылмадық. Сондай-ақ, сен оларға кепіл де емессің»**,-деп кеңестер беріп, 111-112-аяттарда: «Егер оларға Періштелерді түсірсек те және оларға өліктер сөйлесе де, сондай-ақ, олардың алдына әр нәрсе жинасақ та олар нанушы емес. **Әрине, Алла қаласа басқа.** Бірақ, олардың көбі білмейді»; «Осылайша әр Пайғамбарға адамдардың және жынның шайтандарынан дұшпан қылдық. Олар алдап бір-біріне жалтыраған сөздерді сыбырлайды. **Раббың қаласа еді, олар оны жасамас еді.** Оларды жасанды сөздерімен қойып қой»,-десе, 125; 128; 137; 149-аяттарында да әр нәрсе тек Алланың қалауымен ғана болатынын айтады. Бәрін Білуші Алла қалағанын жарылқайды, қалағанын жазалайды.

Халқымыздан: «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсейші!»-деген де мақал туған. Бұл – алдына үлкен мақсаттар қойып, талпынып, бірақ, сол мақсаттарына жете алмай жүргендерге қарата айтылған мақал.

Ол мақсат қойғанмен, оның сол мақсаттарға жеткеннен кейінгі өмірін біз білмейміз. Пендешілікпен осындай жанашырлықтың сөзін айтамыз. Ал, Құлдарының алдындағысын, артындағысын және жүрегіндегісін Білуші Алла олардан қалағанының тілегін орындайды, қаламағанын есіркемейді. Себебі, Ол кімнің не мақсатпен неге тырысып жүргенін өте жақсы біледі.

Таратып айтсақ, ниеті игілікті істерге ғана түзілгендерге Рахым қылады, мақсатына жеткереді. Ал, ойы-ниеті жамандарды жарылқамайды, себебі, ол мақсатына жеткесін күнәлар жасайды. Біреулерін сынау үшін тілектеріне жеткереді де күтеді: Иmandылық Жолына келсе, сыйлықтайды, ал, надандықта қалса, соңында жазалайды.

Сондықтан кім мақсатына жете алмай жүрсе, ренжімесін, керсінше: «Біз Аллаға тәнбіз, Алладан келдік, Аллаға қайту-

шымыз» («Бақара» с. 156-а). Алла мені Бейіш үшін жаратқан екен. Сондықтан Ол мені бұл дүниенің мақтанынан, тақаппарлығынан сақтады», -деп сабыр етсін.

Тақуалармен, сабырлылармен бірге болатын Алла қаласа, адамзаттың Ақылына сыймайтын ғаламаттар бола береді.

«Әнфал» сүресінің 63-66-аяттарында адам сенгісіз кереметті баяндайды. «...**Ол Момындардың жүректерін қосты. Егер сен жер жүзіндегі нәрселерді тұтас сарып қылсаң да олардың жүректерін қоса алмас едің. Бірақ, Алла олардың араларын біріктірді.** Расында Ол – өте Үстем, аса Дана». «Әй, Пайғамбар! Алла саған және Момындардан саған ергендерге жетіп асады». «Әй, Пайғамбар! Момындарды соғысқа қызықтыр. **Егер сендерден сабырлы жиырма кісі болса, екі жүзді жеңеді. Ал, егер сендерден жүз кісі болса, мың кәсірді жеңеді.** Өйткені, олар – түсінбейтін халық». «Әзір Алла сендерден (жүкті) жеңілдетті. Расында сендерде осалдық барын білетін еді. **Сондықтан егер сендерден сабырлы жүз кісі болса, екі жүзді жеңеді. Ал егер, сендерден мың кісі болса, Алланың рұхсатымен екі мыңды жеңеді.** Өйткені, Алла сабырлылармен бірге», -дейді.

«Әнфал» сүресінің 19-аятында: «...**Топтарың қанша көп болса да сендерге әсте пайда бермейді. Өйткені, Алла Момындармен бірге**», -деп, аз адаммен көп адамды ойсырататын, мұндай жеңістердің Өзіне шын жүректен сенген таза Имандыларға ғана бұйыратынын қаперге салады.

Халықта: «Екі адам бір адамның мәрігі», -деген де мақал бар. Екі адам – екі есе үлкен күш. Ол бір адамды жеңеді. Ал, Алла қаласа, керісінше де болады.

Осы жерде Алла неге қалайды? Неге қаламайды?-деген заңды сұрақтар туады. Қалайтыны – әлде неге талаптанған Құлы таза Иманды. Ол сол мұраттарына жеткенімен Иманына нұқсан келтірмейді. Алланы, Елшісін ұмытпай, Тура Жолмен жүреді. Сол болатынына сенім болғандықтан оны мақсатына жеткереді. Ал, қаламайтыны – арманшыл Құлының уәдепаз, дәйексіз. Ол мақсаттарына жеткен жағдайда көп күнәлар істейді. Соны білгендіктен оның мақсатының орындалуын қаламайды.

Бір танысымның әңгімесін айтайын. Оның көршісі фермер қожалығын ашып, үкіметтен жеңілдігі бар несие беріліп, қой, сиыр сатып алыпты. Бірақ, тіршілігі алға баспапты.

Үш жыл ұрынып, оңды нәтижеге жете алмағансын, жинап қойыпты. Ол сонда: «Тек әйеліміз екеуміз ғана болғасын, күшіміз жетпеді. Балаларым оқушы еді. Мектептен бос кездерінде ғана көмектеседі...», -деп, сол кезде балаларының жас болғанына өкінген екен.

Қолда бар екі сиырын сауып ішіп, басқа тіршіліктер істеп күн көре берген.

Арадан жылдар өтіп, балалары мектеп бітірген, әскерге барған.

Бұл балаларыма жұмыс табылады, деген арманмен қалаға көшіп барған. Айтқанындай балаларына жұмыс табылып, әрқайсысы әртүрлі салаларда еңбек еткен. Бірақ, ілгерілеу жоқ. «Сол фермерлік ашқан кезімде, мыңдап болмаса да жүздеп мал жинаймын, деп көп күш салдым. Өкінішке орай малдың басы құралмады. Байи алмадым. Неге бұлай болды?-десем, соның себебін енді байқап жүрмін. Егер мен бай болғанымда балаларым, құмарпаз, араққор болып кетеді екен. Мен өмірі құмар ойнап көрмегенмін, араққа салынбағанмын. Бірақ, балаларым солай болды. Айтқанды тыңдамайды.

Менің алдағы өмірімді Білуші Алла, соны біліп малымның басын құрамапты. Қазір сол құрамағаны үшін Аллаға шүкірлер айтамын...», -депті.

Міне, осы оқиға арқылы және «Алла қаламай ай тумас», -деген мақалдың аясында біз бірнеше Аятты үйрендік. Құранда бұлардан да басқа – бұл жерде айтылмаған да Аяттар бар. Барлығын келтіре беру мүмкін емес. Дегенмен осы айтылғандардан тағлым алып, біз: «Әрбіріміз Алланың Тура Жолында жүріп, Алланың қалаулысы болайық, Сүлеймен, Аюб Пайғамбарлар жеткен сыйлықтарға жетейік, демекпіз.

### **«Құдайдан бұйрықсыз құрай сынбайды»**

«Әнғам» сүресінің 59-аятында: «Көместің кілттері Оның жанында. Оны Ол Өзі ғана біледі. Және құрлықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. **Бір жапырақ түссе де Алла оны біледі. Және жердің қараңғылықтарындағы құрғақ және жас ұрыққа дейін ашық Кітапта бар**», -деп, ашық-жабықтың бәрін білетінін жариялаған Алла – күллі жаратылыстың Жаратушысы,



Басқарушысы, қаласа бар қылып, қаламаса жойып жіберетін Иесі. Соны жақсы білген бабаларымыз осы: «Құдайдан бұйрықсыз қурай сынбайды», - деген мақалды айтыпты.

Құранның «Нахыл» сүресінің 79-аятында: **«Олар аспан бостығындағы бағынышты құсты көрмей ме? Оларды Алладан басқа ешкім ұстап тұра алмайды. Негізінен сонда Иман келтірген қауым үшін әлбетте, белгілер бар»**,- деген. **«...аспан бостығындағы бағынышты құс...»** – аспанда ұшып жүрген құс. Біз осыны көріп жүргенімізбен сол құс хақында жете ойлап, Алланың құдыретін есімізге ала қоймаймыз. Алла соны біліп: **«Негізінен сонда Иман келтірген қауым үшін әлбетте, белгілер бар»**,- деп, Құлдарын ойлануға, пікірлеуге шақырады.

\* \* \* \* \*

Және бұл екі мақалға жанама «Атың шықпаса, жер өрте», «Ішін күйсе, тұз жала», «Аспан – биік, жер – қатты», «Аспанға ұша алмайсың, жерге кіре алмайсың»-деген де мақалдар-мәтелдер бар. Бұларды Алла «Әнғам» сүресінің 35-аятында: **«Егер олардың жүз бұрулары саған ауыр келсе, қане! Қолыңнан келсе, жерде бір тесік немесе көкте бір саты іздеп тауып бір мүжза келтір. Егер Алла қаласа еді, оларды Туралыққа жинар еді. Ендеше сен надандардан болма»**,- деп жеткерген...

## **«Байлық, опа қылмағанға опа бермейді»**

Мұны «Қайырсызға біткен байлық та қайырсыз», - деп те айтады. Бұл да өмір тәжірибесінен туған дүние. Тарихи дерек – 1929 жылға дейінгі байларды еске алайық.

Оларды еске алғанда Абай бабамның бірнеше өлеңдері де ойға орала кетеді. Солардан бірі: «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай», деп басталатын өлеңі.

...Кедейдің өзі жүрер малды бағып,  
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.  
Тоңған иінін жылытып, тонын илеп,  
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.  
...Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,  
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?  
Қара қидан орта қап ұрспай берсе,  
Ол да қылған кедейге үлкен сыйы.

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,  
Үйі жылы, киіз тұтқан айналасы.  
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,  
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы...

Егер байлар опа қылса, кедей шопан және оның балалары солай азапты өмір сүрер ме еді? Байлар Алладан қорықса, Алла өзіне жақсылық қылып, осындай байлық бергеніне шүкірлік айттып, олар да адамдарға жақсылық жасамай ма? Ақылын дұрыс жұмсап, сондай етіп байлығының пайдасын, қайырын көрмей ме? Ақылдарының кемдігінен оны істей алмады, 1929 жылғы кәмпескеде Алладан, кедейлерден қызғанған байлығы көкке ұшты: бірсыпырасы малын айдап, Ауған асып азап көрсе, көшіп үлгермегенінің байлығын қызылдар – бәлшебектер тартып алды. «Қызғанғаның қызыл итке жем болсын», - деген осы екен.

Алла Құранның «Қасас» сүресінің 76-81-аяттарында жақсы дәлелмен баяндаған.

Аяттарда: **«Рас, Қарұн Мұсаның (ғ.с.) елінен еді де бірақ, оларға қарсы келді. ...оған кілттерін күшті бір топ әрең көтеретін қазыналар берген едік. Сонда оған халқы: «Елірме! Расында Алла еліргендерді жақсы көрмейді»...».** «Алланың саған берген дәулетімен Ақырет жұртін ізде де дүниедегі несібенді де ұмытпа. Алла саған жақсылық жасағандай, сен де жақсылық істе, сондай-ақ, жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Алла бұзақыларды сүймейді»-(деді). **«Қарұн: «Шын мәнінде, бұл маған мендегі біліммен келді»-деді. Негізінде Алла бұдан бұрын да, бұдан да күшті, тобы көп нәсілдерді жоқ еткенін білмеді ме? Күнәкарлар күнәларынан сұралмайды».** **«Ол қауымына сән-салтанат ішінде шықты...».** ... **«Ақыр оны да, үйін де жерге жұтқыздық. Алладан өзге оған жәрдем етер бір топ болмады әрі (Алла тарапынан) оған көмек берілмеді»,-** деген.

Халық байлықтың қайырымсыз адамға қайыры болмайтынын айтса, Алла оны жетінші ғасырда-ақ, Мұсаның заманындағы қайырсыз адамның пейілімен дәлелдеп берген.

Алла сездіріп, бір жұтшылықтың келерін білген патша, халықты жинап: «Халайық, жұт жылы келе жатыр. Құранның «Жүсіп» сүресінде үйретілгендей, сол жылға бүгіннен дайындық көруіміз ләзім. Бидай мен арпа, тары, жүгері сияқты дәнді

дақылдардан орталық қамбаға беріңдер. Жинала берсін. Жұт келгенде, өзім бақылауға алып, барлығыңа теңдей үлес беріп, аштықтан құтқарамын», - деп, шаралар белгілепті. Халық келісіпті... Айтқанындай үшінші жылы жұт келіпті. Патша ауырып, үлестің қалай бөлініп жатқанын бақылай алмапты. Со-сын әр елді мекен халқының сауабы мен обалын билер мен қоймашылардың мойнына жүктепті.

Қалтарыста, сол патшалыққа қарасты бір ауыл болыпты. Сол ауылдың қоймашысы әділетсіздік жасайды. Халық білгенін биге жеткергенмен шара көрілмейді. Қоймашы бетінен қайтпайды. Шарасыз ел үндемей, іштерінен қоймашыны Алланың қаһарына тапсырып, өздері күніне бір рет қана тамақтанып, тартып жеп, амалдап ашыршылықты да аман-аман өткеріпті...

Қоймашы байыпты.

Бір күндері тал түсте, Алланың үкімімен, ел шекарасын бұзып, осы ауылға сырттан жау келіп, ойранды салыпты. Өзге жұрттың үйінен тонарға ештеңе таппаған олар, әлгі қоймашының үйіне лап қойып, бар байлығын алып, қоймашыны да, бала-шағасын да өлімші қып сабап, далаға тастап кетіпті. Ел ара түсе алмаған.

Сонда қоймашы, байлығынан айырылғанына емес, елге маскара болғанына ішқұса болып ауырып, азаппен өліпті.

## «Пейілі жаманның – кейіні жаман»

Бұл сөз «пейғал, пиғал, пиғыл», деп те айтылады. Халықта: «Пейілі басын жеді», «Пейілі түбіне жетті»-деген, табалау мен «Пейілің басыңды жесін!»-деген, қарғыс мақалдар бар. Бұл мақалдар «он қолын ауызына тыққан», қанағатсыз пенделерге бағышталған. Пейілден табу Құранда айшықтап айтылған. «Әли Ғымран» сүресінің 165-аятында: «Сендер оларды екі есесіне ұшыратқан бір қайғыға өздерің ұшырағандықтан: «Бұл қайдан келді?»-дедіңдер. (Мұхаммед с.ғ.с.) оларға айт: «Ол **өз пейғалдарыңнан!**»-деп, айт. **Шәксіз Алланың әр нәрсеге күші жетуші**». (Ухүд соғысында 70 мұсылман шейіт болған болса, Бәдір соғысында кәпірлердің 70-і өліп, 70-і тұтқындалған еді. Х. Алтай). Бұл шектен шығу (1) және құн (2) туралы Алла белгілегеннен екі есе көп. Демек, пейіл жамандыққа кеткен. Алланың кек алу тәртібі туралы Сөзін ұмытқан. «Бақара»

сүресінің 284-аятында: **«Көктердегі және жердегі нәрселер Алланикі. Іштеріңдегіні жарияласаңдар да, жасырсандар да Алла сендерден оның есебін алады...»**,-дейді. Осы Аятты әліміз келгенше талдайық. Бірінші сөйлемде: «Көктердегі... нәрселер...» келесісінде: «Іштеріңдегіні ... жасырсандар да Алла.. есебін алады...»,-дейді. Осы жерде «Көк пен іштеріміздегіні неге бір Аятқа әкелген, екеуінің арасы алыс қой?»-деген сұрақ туары сөзсіз. Бұны оңай түсіну үшін түстің қалай келетініне ой жіберсек жетіп жатыр. Түс көктен келеді. Онда неше мыңдаған шақырым алыстағыны да, бақилықтарды да, битаныстарды да көреміз. Демек, жүректе Алланың Рухы (3) тұрғанда, біздің көкпен байланысымыз жалғаса береді. Алла ішіміздегіні толық біледі (4).

Өзім куә болған бір жайды айта кетейін. 2011 жылы, түнде көкүніммен Ташкенге хат жібердім. Шамалыдан соң: «Хатыңыз жөнелтілді»,-деген жазу шықты. Мен іс бітті, деп жауап күттім. Ертеңіне таңда: «Хатыңыз қабылданбады»,-деп, сәлемім қайтып келіп тұр... Біз көк әлеміндегі толқындарды білеміз. Менің хатым сол толқынның бойымен Қарағандыдан шығып кеткен, тіпті Шымкенттен де өткен. Ташкенге барғанмен жіберген адамымның көкүні жабық болған ба? Әйтеуір, сол барған толқынымен өзіме келген.

Расулалла (с.ғ.с.) ғылым дамыған сайын Құранның сыры ашыла беретінін айтқан. Біздің қолымыздағы теледидар арналарын ауыстыратын пульттің өзінде үлкен сыр жатыр. Мұны атеист ғалымдар электронды толқындар дейді. Ал, негізінде бұл тірі біз білмейтін дүниелер. Дәл осы сияқты жақсы-жаман ойлар да, түстер де жағдайға қарай Рәббани, шайтани болып көктен жетеді. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) бір хадисінде жазықсыз біреуге арнап жіберілген балағат, айналып, сол балағатты айтқанның өзін табатынын айтқан. Аяттағы: **«Көктердегі... нәрселер Алланикі»**,-дегенді осы толқындардай түсінуіміз керек. Сол кезде жүректің ішіне дейін кіретін Алланы танимыз, табамыз. Ештеңе жасыра алмайтынымызды білеміз. Қорқамыз.

Біз осы бір сырларды білмегендігімізден ішкі ойымызды құпиялап, ұтырлы бір жерде біреуді алдасақ, қатырдық деп қаламыз. Бірақ, ондайлардың бірі Алланың білімімен «жасырылғанмен», екіншісі жалпақ жұртқа жарияланып, Алланың есеп алуымен масқара болып жатамыз. Осы пейіліміз

көбіне көп, пара алу мен арамдықтар, халықтың ырысына қол салған надандықтар үстінде әшкере болып жатады.

Біздің тағы бір осалдығымыз – Алланың осы аятының соңғы жағындағы ескертуіне де көңіл бөлмейтініміз. Онда: **«Сонда кімді қаласа жарылқайды да, кімді қаласа азап қылады. Сондай-ақ, Алланың (Т) барлық нәрсеге толық күші жетеді»**,- деген.

Алланың біз өзімізше: «Күнә істеп жүр!»-деп, есептеген кімді жарылқайтыны, қандай амалы, не қызметі үшін жарылқайтыны бізге жұмбақ. Себебі, Ол – бәрін Басқарушы және бәрін Білуші. Біз осы – Алланың жарылқауындағы жұмбақ пенденің біз үшін сынақ (5) екенін ойласақ қателікке ұрынбас едік. Осыны ескермей: «Сол да ұрлап жатыр ғой! Үкіметтен кім жемей жатыр?...»-деп, ақымақтыққа барамыз. Ал, біздің несібемізде бұл ұрлық жоқ болатын. Жүрек соны сездіреді. Бірақ, нәпсі қызықтырады, тәтті қиялдарға алып барып: «Ешкім білмейді!»-деген ойды (6) Аллаға серік еттіріп, күнәларға батырады. Содан келіп бәлеге ұшыраймыз. Алланың жарылқауында болатын Құлдан қалмаймыз деген бақталастық пейіл сорға жығады. Көбіне біздің көңіліміздегіні Білуші Алланың Өзі сақтандырады (7). Әйтпесе, Рахымсыз қалып тек қасірет кешіп өмір сүрген болар едік.

Рахымсыз қалып дегеннен шығады, байлықтың соңы ешқашан жақсылыққа апарған емес. Алдымен ол жиналғанша жанынды жейді. Жиналады, жұмсалады, ақыр таусылады. Ол таусылмай, азая бастағаннан-ақ, мазанды алады. Ал, соғыс не табиғи апаттардың бірі кезіге қалса, ол және азаптайды.

1887 жылдары туылған екі қартты білемін. Бірі саудагер болған. Қартайған шағында намаз оқып жүргенін көргем. Ол 1957 жылдары алжыды. Көршісі Кәпжасар ағам: «Біздің үйге келеді. Атама: «Сәділлә, мынаны Шүкір құртады. Саған сенемін»,-деп, шағын қалташаға салған бұхары теңгелерін беретін. Қайта-қайта келе беретін. Біздің есікке де тыным бермейтін. Біз келініне беретін едік...»,- дейді.

Екінші қарт медресе бітірген еді. Біздің әкеміз дүние салғанда осы қарт жаназасын оқыған. Садақалардың барлығына қатысты. Айт мерекелері кезінде келетін...

Жалғыз бізге емес, өзі жаназасын шығарған марқұмдардың барлығының үйіне жылы өткенше хабарласып тұратын.

Сондықтан да адамдар ол кісіні сыйлайтын. Құран оқыған, неке қиған тағы басқа қызметтеріне пәлен бересің, деп сұрамайтын, бергеніне қанағат ететін. Кем сөйлейтін.

Мен де Алланың Жолына ықыластанып жиі барып тұратынмын...

Ол заманда мешіт жоқ. Халық ораза кезінде зекетті, пітірді, басқа уақыттардағы атаған садақаларын молда мен қожаға беретін. Бұл қарт та зейнетақысы мен халықтан түскен садақа, зекет, пітірді жинай берген. КСРО-ның кезінде, 1980 жылдары бір зейнеткерге жиырма мың сом деген – үлкен ақша. Бұл қарт та өлім келген күндерінде тынышсызданды. Үйі біз жұмысқа баратын жолдың үстінде еді. Сәлем беремін. Соңғы уақыттарда таң ертең де, түсте де, кеште де арықтан шықпайтын болды. Қазуға жүрген болар десек, қолында құрал болмайды, жадағайының ішінен, қолтығында бірдеңе болатын. Кейін-кейін сол арықта көреміз, сәлем берсек, жауап қатпайтын болды. Күн айналмай хабар келді: «Молда арықта құлапты, сол жатысында жаны шығып кетіпті. Адамдар барып көтергенде, қолтығында орамалға түйген көп ақшасы бар екен...», -деп.

Мұны жаназасы алдынан әйелі марқұмға жеңіл болсын, деп Ақсақалдарға айтыпты.

«Менімен де, балаларымен де сөйлеспейтін болды. Ұрсып, тынышсызданып берекемізді кетіріп болды. Сосын үндемей еркіне қойдық. Көзіне түспейміз. Көрсен ұрсады...», -депті.

Міне, ақша, жалпы байлық осындай, көп күнәға батырады, азаптайды. Болмаса, өмірдің соңғы демдерінде, Кәлима айттыруды ұмыттырып, шерменде етеді. Біз дәлелге тартқан қарт та соңғы демдерінде Имандарын айта алмай кетті. бұлардың екеуіне де ақшалары рахым қылмады.

Иманға келейік, ағайын! Бұл жалғаннан ешкім ештеңе алып кетпеген. Сондықтан барға қанағат етіп, пейілді таза сақтап, жинаған байлығымызды сауаптар үшін жұмсап, біреулерді қуантайық – Алланың ризашылығына бөленіп өтейік.

- - - - -

1. «Бақара» сүресінің 190-аяты: «Өздеріңмен соғысқандармен Алла Жолында соғысындар да **шектен шықпандар. Негізінен Алла шектен шығушыларды жақсы көрмейді**».

2. «Бақара» сүресінің 178-179-аяттары: «Әй, Момындар! Сендерге қысас (есе қайтару) парыз етілді: азатқа азат; құлға құл; әйелге әйел (өлтіріледі). Дегенмен оған туыс жағынан кешірілсе, оның ережеге үйлесуі екінші жақтың да оған дұрыс төлеуі қажет. (Егер, қысас кешіріліп, құнға тоқтаса, алушының орынсыз егеске қысас істемеуі, берушінің де дұрыс орындауы керек). Міне осы, Раббылары жағынан жеңілдік және мәрхамет. **Ал, кімде кім бұдан кейін шектен шықса (кек сақтаса), ол үшін Ақыретте күйзелтуші азап бар**». «Әй, Ақыл иелері! Сендер үшін қысаста (кісі өлтіргенді өлтіруде) тіршілік бар. Әрине, сақсынарсындар».

3. «Сәжде» сүресінің 9-аяты: «Сосын оны бейнелеп, **ішіне Өз Рухын үрледі**. Сондай-ақ, сендерге есту, көру және түсіну қабілетін берді. Аз шүкір етесіндер».

«Әнфал» сүресінің 24-аяты: «Әй, Момындар! Сендерді өздеріңе тіршілік беретін нәрсеге (дінге) шақырған кезде, Алланың әрі Елшісінің тілін алыңдар. Және де **Алланың кісі мен жүрегінің арасына дейін килігетінін біліңдер**. Шәксіз Алла тарапына жиналасындар».

4. «Шура» сүресінің 24-аяты: («Мұхаммед с.ғ.с. олар сені) «Аллаға өтірік жала қойды», -дей ме? Алла қаласа, сенің жүрегінді де бітер еді. Алла өтірікті жойып, Өз сөздерімен Шындықты шынға шығарады. Өйткені, **Ол жүректердегіні толық біледі**».

5. «Фурқан» сүресінің 20-аяты: («(Мұхаммед с.ғ.с.) сенен бұрын да тамақ жейтін, базарларда жүретін ғана Пайғамбарларды жіберген едік. **Негізінде бірінді-біріңе сынау қылдық. Сабыр етесіндер ме? Раббың – әр нәрсені Көруші**».

6. «Фурқан» сүресінің 43-аяты: («(Мұхаммед с.ғ.с.) **ойын тәңір жасап алғанды көрдің бе? Сонда сен оларға кепіл боласың ба?**»)

7. «Әли Ғымран» сүресінің 30-аяты: «Сол күні әркім істеген игілігін әзір табады да істеген жамандығының арасымен өз арасының ұзақ қашықтықта болуын қалайды. Алла сендерді **Өзі сақтандырады**. Алла – Құлдарына тым Жұмсақ».

## «Кемшіліксіз жалғыз Алла»

«Ендеше өтірікшілерге бой ұсынба», ..., «Әрбір көп ант ішкіш ынжықтарға бой ұсынба», «өте айыптағыш, өсек



**тасығышқа да», «жақсылыққа тиым салушы, шектен шығушы күнәкарға да», «сотқар, сондай-ақ тексізге де» («Қалам» с. 8-13-а).**

Бұл мақалды: «Мінсіз жалғыз Алла», -деп те айтады. Қалада тұратын құда балам Шерханға көп қабатты үйден пәтер бұйырып, ол соған көшіп өтті. Үлкендердің батасын алуға бірнеше кісіні шақырыпты. Солардың бірі – мен, екіншісі – бізге таныс емес, жаңа көршісі – Ұртпай деген кісі. Бұл адам әңгімесінің арасында өзінің есімінің ырымға қойылғанын, алпыс бес жылдық өмірінде осы есімімен жұрт қатарлы жасап келе жатқанын айтып, бір шалқыған. Жиналғандар он екі адам болдық.

Шерхан: «Мына екі көршімді де шақырып едім, келмеді. Тағы бала жіберіп едім, балалары: «Бір жаққа кетті», -депті», -деп, олардың келмегеніне ренжігендей болды. Ұртпай әйелімен жарыса сөйлеп, оларды мінеп тастады. Бұл көшемен жаңа танысып жатқан біз: «Солай болса, солай шығар», -деп, қойғанбыз. Шай әкелінгенде құда балам бізді көршілеріне, жолдастарына, сосын оларды бізге таныстырды.

Ұртпай өзінің қызмет жолын әңгімелейді. Мектептен кейін бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын институтты бітіріпті. Бес жылдай мектепте бала оқытып, кейін бір шаруашылықта бес жыл партия комитетінің хатшысы қызметін атқарыпты. «Ол кезде институт бітіргендер кем. Бізді қолдан қолға көтеріп жүретін. Бірақ, барған жерімізде барымызды салып қатырып істейтінбіз. Жұмысымыздан ешкім кемшілік таппайтын», -деп, ол жағынан хабарсыз бізді бір таңырқатты. Арасында кемпірі де: «Мұның домбыра тартып өлең айтатыны бар ғой!» -деп, қостап отырды. Сөйтіп жүріп аудандық банкке есепшілікке өтіп, содан зейнетке шыққанша сол қызметте жүріпті. Арасында бірнеше мемлекеттерге қыдырғанын және бірнеше үлкен кісілермен дастархандас болғанын айтып: «Мені ешкім таң қалдыра алмайды!...» -деп те бір ыңыранған. Осынша «дәрежелі» Ұртпаймен тілдесіп, жақынырақ танысқысы келген, Әкім: «Ананы танысыз ба? Мынаны танысыз ба?» -деп, біреулерді сұрап отырды. Ол танымайтынын танымайтын болды да танитынын ағаш атқа мінгізді. Өзінен басқа ешкім іскер емес, бұл бәріне жол көрсетіп, ақыл беріп жөнге салып жүрген. Өсекке жақын әңгімелер болса да арасындағы күлкілі жеріне лажсыз күлдік.

Бұл жағы да бізге жұмбақ, мұны да: «Солай болса, солай болған шығар. Үлкен адам айтып отыр ғой...», -деп, қойдық. Ұртпай екі-үш кесе шай ішті де доғарды. Шерханның мұражатына: «О, көршім, рахмет! Осы шаймен тұрмайтын шығармыз. Тамақ келер!...» «Иә, тамақ пісіп қалды, шай...». «Тамақ жейміз. Сосын асықпай отырып тағы шай ішеміз. Кешке дейін қайда әлі! Үйге барғанмен қамалып жатамыз...».

Теледидарда көкпары болып жатты. Ортадан: «Келіссеніңдер осыны көрейік!»-деген, өтініш айтылды. Осы кезде екеуі де біз қатарлы тыныш отырып тамашалады. Көкпар біткесін бір кісілер аттың қасиеттері туралы әңгіме бастады. Ұртпай мұны іліп алды да бабасының өз заманында мінген тұлпарын айтты. Ол баламасы жоқ жорға әрі жел ілеспейтін жүйрік болыпты. «Жаңағы көкпары шауып жүрген аттар оның қасында ат емес қой!...»-деп, бұл әңгімені де бітірді.

Әйтеуір, саясаттан сөз қозғалған жоқ. Соған шүкір...

Дастарханның екінші жағында отырған кейуаналардан Дүрия жеңгей мен Дәмегүл тәтем өзара бірдеңені айтып отырған. Олар біреудің атын ұмытып, менің қасымда отырған Әкімнен сұрады. Сөйтсек, Дүрия қажылыққа барып келген бір кісіге зиярат қабыл болсынға барып келіпті. Соны Дәмегүл сұрап, бұл кісі жауап беріп отыр екен. Ұртпай: «Ой, қазіргі заманда қажылыққа бару деген ойыншық болып қалды ғой! Өне қажылық деп, ат-түйемен, жаяулап барған, баяғы заманның адамдарының қажылығын айтса, айтатындай...», -деді. Бұл жерге келгенде көпшіліктің арасынан заман мен заманды салыстырып, қарсылық білдіргендер болды. Бірақ, ол өз сөзінен қайтпады...

Тамақ жеп болған кезімізде екі жігіт кіріп келді. Сәлем беріп дастарханның басына жайғасты. Оларға да тамақ әкелінді. Сол кезде Ұртпай балалардың әйнек киіп, шашын өсірген кейпіне сын айтты. Балалар жақтыра қоймады. Бұның оларға қатысты әңгімесі біте қоймағасын, олар табактан қолдарын тартып, сүртіп, бата сұрады...

Осы кезде, ілешекті, салихалы әже – Дәмегүл:

– Үлкен кісі мен еркек адамның бетіне келмейтін едім. Сіз мені сөйлеуге мәжбүр еттіңіз. Мына отырған ер жігіттер бізден жас болғасын әдеп сақтап отырған болар...

Бағанадан бергі әңгімеңізді тыңдап отырмыз. Өзіңізден

басқа бір адамды мақтаған жоқсыз. Жұрттың бәріне мін тағып болдыңыз. Соңында заманына қарап сәндетіп жүрген, жазықсыз балаларға да тиісіп отырсыз. Бұлар менің немерелерім.

Сіз есіктен кіргенде: «Ақылын тоқтатқан кісі екен. Жақсы әңгіме тыңдайтын шығармыз», -деп ойлағам. Бірақ, күндеу, міндеуден басқа біліміңіз жоқ екен. Есіңізде болсын. «Мінсіз бір Алла», -деген ата-бабамыз. Институтта оқыған адамсыз, жасыңыз алпыстан асыпты. Енді мен сіздің мініңізді айтайын. Бұрын есітпеген боларсыз. Енді есітіп, ұғып алыңыз.

Біріншіден, жасыңыз бен дипломыңызға сай келмейтін ең үлкен мініңіз – өзіңіздің мініңізді білмейтініңіз. Бағанадан бері не сөйлеп отырғаныңызды да өзіңіз білмейсіз. Біз біліп отырмыз.

– Неге білмеймін? Білемін! -деп, ыршып түсті.

– Білсеңіз, ойлауыңыз керек еді: «Осы мен ылғи жұртты күнәлаумен, қаралаумен отырмын, осыным болмас. Мына жаңа таныстарымның арасында мен күндеп отырғандардың туысы не жақыны болар... Бұлардың ішінде менен де білімділері бар шығар», -деп... Ұртпай үндемеді. Дәмегүлдің сұсы басқандай.

– Екінші мініңіз – өмірден ештеңе үйренбей, өзіңізді түземей, осынша жасты бекер жасапсыз.

Үшінші мініңіз – мақтаншақ екенсіз.

Төртіншісі – жоғарғы білімді болсаңыз да Ислам ілімі мен мәдениетінен мүлде хабарсыз қалыпсыз – көптің арасында кісі болып отыру мәдениетін білмейді екенсіз.

Бесінші мініңіз – бірлік пен берекенің, айналаңызда жүрген жақсылардың қадіріне жетпейтіңіз болып отыр. Халқымыз: «Өзінің қадірін білмеген кісінің де қадіріне жетпейді», -деген. Жаңағы балаларға не деп тиістіңіз. Солар бетіңізге қарап: «Бізбен сіздің не жұмысыңыз бар?» -деп, бірауыз сөз айтқанда абройыңыз не болар еді?

Алтыншы мініңізді де өзіңіз айтып отырсыз, Алладан қашып қайда барасыз? Бұл жас сіздің намазға жығылып, басқаларға жақсы үлгі қалдыратын кезіңіз емес пе?

Жетінші мініңіз – «Мені ешкім таң қалдыра алмайды», -дедіңіз. Жұрттан артық білетіндей не бітірдіңіз? Егер таң қалмайтындай көргеніңіз көп болса, айналаңызға мін таға бермес едіңіз. Себебі, адамдарды бір-біріне үлгі қылып әр түрлі мінезде жаратқан.

Сегізінші мініңіз – дастарханға бата бере алмай отырсыз. «Жаксы. Рахмет, көршім.

Шақырдыңдар. Көшіп келіп жатырсың, бәрі құтты болсын!»- деген де үлкеннің үлгісін көргеннің батасы ма? Мұндай жерде: «Қонысың жайлы болсын, Қазаның майлы болсын. Дастархан ырысты болсын, Көршілер білісті болсын. Үйіңнен той кетпесін, Қораңнан қой кетпесін. Барыс-келіс жиі болсын, Үйіміз балаларымыздың ортақ үйі болсын», -деп, бата бермеуші ме еді аталарымыз...»-деді. Бұл жөн әңгіме еді. Ұртпай басқа кемшілігіне ара түсе алмады да намаз бен батаға келгенде өткен заманды сылтауратты. Бағанадан бері сынап болған көпшілік, Дәмегүл тәтемді мақұлдап, мұның сөзін тыңдамады...

Бағана әлі тамақ жейміз, кешке дейін шай іше береміз,-деп, отырған Ұртпай кемпіріне қарап: «Тұрайықта! Үйге де біреулер іздеп келіп қалар!»-деді. Ешкім жақ ашпады. Тек жаңа көрші болып, енді танысып отырған Шерхан ғана: «Отырғандарыңызда болатын еді.

Үй арасы алыс емес қой!»-деп, тіл ұшында ілтипат жасады.

Бұл, Алланың бір-біріңді мінемендер деген Аятына қарсы келгендігіне Алланың, біз куә болып отырған алғашқы есертуі болар. Ол бұдан нәтиже шығарып, ешкімге зұлымдық қылмайтын Алланы, Елшісін (с.ғ.с.) есіне алып өзін түземесе және нелерге кезігерін шектен шығушыларға Қаһары қатты бір Алланың Өзі ғана біледі.

### **«Алдаушы әркім өзін алдайды»**

Құраннан жақсы білеміз: Алла бәрін Көруші – қараңғыдағыны да, жарықтығыны да, жасырынғанды да, топырақтың астындағына да, қабырдағыны да; бәрін Есітуші – сыбырлап айтылғанды да, ымдап түсіндірілгенді де және бәрін Білуші – пейілді де, ойды да. Сонда кім кімнен нені жасыра алады? Кім кімді алдайды? «Әркім қылса – өзіне», -дегендей-ақ, біреуге қиянат жасаушылар, опасыздық етушілер, еткенінің азабын өзі көреді. Себебі, Алла Құранда Әділдік етуді, қайырымды болуды ғана айтқан. Ал, кім әділетсіздік етсе, қайырсыз болса, ол Алланың Аяттарына қарсы амал жасаушы адам есептеліп, шатты түрде жазасын алады.

Алла «Мүминүн» сүресінің 71-ші, «Фатыр» сүресінің 41-аяттарында Өзі ескерткендей, Ол – көктер мен жерді және

Шындықты бұлжытпай Ұстаушы. Аяттарда: «Егер Шындық олардың көңілі тартқан жаққа кетсе, әрине, көктер мен жер және онда болған әркім бұзылып кетер еді...» (71-а), «Алла көктер мен жерді бұлжытпай ұстайды. Мүбәда екеуіне бір зауал жетсе, Одан кейін оны ешкім ұстап тұра алмайды...» (41),-дейді. Егер алдаушылар еш қандай жаза алмайтын болса, онда олар дүниені бүлдіреді. Соларға жол бермеу үшін Алла әрбір күнә-қылмысқа жаза белгілеген. Адамға, қоғамға опасыздық қылушыларға уақыт белгілеп еркіне қойып, күнәлары шекке жеткенде жазасын береді («Әли Ғыман» с. 178-а).

Әрине, алдаушылар Құранға сенбейтіндер – өзінің алдында Алланың жазушы Періштелерінің жазып отырғанына Ақылы жетпейтіндер. Олар қулығын, өзімен басқа ешкім білмейді, деп істейді. Санаулы Күні келіп жазаға ұшырағанда: «Бір Алла, деп жүр едім...», «Ешкімге жамандық істеген жоқ едім...», деп ақталады. Ол ақталғанының кімге керегі бар? Өзіне не пайда береді? Ол мұнысымен және өтірік айтып, күнәсі үстіне күнә жамап отырған жоқ па?

Жазаны бәрін көріп, біліп және оларды жазып, сақтап отырған Алла беріп тұр. Бұл сонда да жұртты алдағанын қоймай, өзін жазықсыз көрсетіп отыр. Міне, өтірікші, мұнафиқтар осындай болады.

«Әли Ғыман» сүресінде, Алланың Исаны (ғ.с.) Өзіне көтеріп алған тұсында, 54-аятында: **«Олар айлакерлік істеді. Бірақ, Алла да амалын тапты. Алла – тәсілшілердің Жақсысы»**,-деген. Біз Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Жәбрейілдің (ғ.с.) көрінгенінен, Алланың Ібраһимге (ғ.с.) Смағұлдың орнына Құрбандық мал түсіргенінен, Ібраһимнің сенімін бекіту үшін, сойылған құстарды тірілтуінен, Ібраһимге Періштелердің адам болып келуінен, Мәриям анамызға (р.а.) Рухтың адам болып көрінгенінен және соғыстарда Момындарды көрінбейтін әскерлермен («Тәубе» с. 26; 40-а) қолдап отырғанынан, Алланың Күшінің, Құдыретінің теңдесі жоғын жақсы білеміз. Осыларды ойдан өткере отырып, біз, Алла Исаны Өзіне көтеріп алып, оны өлтіруге бекінген жауыздарға, Исаға ұқсатып, бір бейне түсіргеніне сенімдіміз. (Себебі, олар сол аша ағашқа асылғанға табынады ғой). Алла Өзінің тәсілімен жауыздарды алдап, Исаны аман алып қалды. Өне, халықтың: «Алдаушы әркім өзін алдайды»,-дегенінің мағынасы осы.

Алланың тәсілшілердің жақсысы екеніне, Мұсаның (ғ.с.) тағдыры да нақты дәлел. Кезінде перғауын елінде жаңа туылған сәбилердің еркегін өлтірттіріп отырған. Мұса (ғ.с.) туылғанда Алла Оның анасының көңіліне: «... **«Оны еміз де оған бір нәрсе болады, деп қорықсан, онда оны дарияға салып жібер. Қорықпа да күйінбе! Расында оны саған қайтарамыз да оны Пайғамбарлардан қыламыз»**,-деп, көкейіне салдық». «Сонда перғауынның жанұясы өздеріне қастас әрі қайғы болатын баланы тауып алды. Расында перғауын мен һаман қателесті». «Перғауынның әйелі: **«Менің де, сенің де көзқарашығымыз, оны өлтірмеңдер! Бәлкім, бізге пайдасы тиер, бала қылып асырап аламыз»**,-деді. Өйткені, перғауындықтар сезбеді». «Мұсаның анасы бос ойларға батып, таң атырды. Егер жүрегін сенушілерден болуға бекемдемесек, оны білдіріп ала жаздады». «Анасы қызына – Мұсаның апасына: **«Оның соңына түс!»**»-деді. Ол перғауындықтан сезбеген жақтан Мұсаны көздеді». «Басқа емізушілерді оған арам еттік. Сонда апасы перғауындықтарға: **«Сендерге оны сендер үшін бағатын, оған қамқор бір үйді көрсетейін бе?»**»-деді. «Сөйтіп оны анасына көзайым болып, күйінбеуі, сондай-ақ, Алланың уәдесінің хақ екенін білуі үшін қайтардық...»,-деген. Сөйтіп Мұса Алланың тәсілімен Өзінің туған анасының бауырында өседі («Қасас» с. 7-13-а. «Таһа» с. 38-40-а).

Мән беретін жағдай – көктер мен жердегілердің және осы екеуінің арасындағылардың барлығының Иесі жалғыз Алланың, Өз қалауының бірсыпырасын Періштелер арқылы орындаса, бір тобын адамдардың араласуымен бітіретіні\*. Бұл – «Әнфал» сүресінің 17-аятының Шындығы.

«Хашыр» сүресінің 2-аятында, соғыстағы жағдайдан сөз бастап: **«...Сендер оларды шығады, деп ойламаған едіңдер. Олар да бекіністері өздерін Алладан қорғайды, деп ойлаған еді. Алайда, Алла оларға, олар күтпеген жақтан келді...»**,-деп, Алланың айлакерлердің барлығынан өткен айла табушы Құдырет екенін жеткерген. Алладан ешкім қашып құтыла алмайды («Шура» с. 35-а).

Әкем Тағай біздерге Адал, Әділ болуды көп ескертіп: «Өзі ақымақ адам, өзгелерді ақымақ қылуға өте құштар болады»,-дейтін. Баламыз, бұл пәлсапаның мәнін сұраймыз.

---

\* Сайлауларда да Алланың қалауы осылай жүзеге асады.

Сонда ақымақ адамның өтірік айтатынын, сөйтіп біреуді біреуге айдап салатынын; ел сыйлаған жақсыларды жамандап, білмейтіндерді жаңылдыратынын әңгімелейтін. Соңында, Алла Тағаланың Адал, Әділ адамдарды әр қашан Өзі қорғайтынын, өсек-аяңнан арашалайтынын айтатын.

### «Дүмше молда – дін бұзар»

Халқымыздың қазынасында осындай да мақал бар. Міне, осы дүмше де – алдаушы. Егер олар Алланың Тура Жолында болса, халық былай деп айыптамас еді. Дүмшенің ең үлкен белгісі – дүниеқоңыздығы. Құранда Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) бұл дүниенің байлығының ізіне түскеннен бет бұруды тапсырған. Себебі, дінді жамылып баюға кіріскен пенде – ең ұятсыз адам. Ол өзі: «Алла – бәрін Көруші, бұл дүние байлығынан, Ақырет байлығы мыңдаған есе артық», -деп уағыз айтып отырып, өз айтқанын өзі, өз амалымен жоққа шығарады. Сонда ол Алланы да жоққа шығарып отырған жоқ па? Сондықтан Мұхаммедке ондайлардан бет бұруға кеңес берген.

Алладан қорқып, Ақыретіне қамданған адам – Алла Жолындағы сөзі мен амалы бірдей адам. «Тәубе» сүресінің 23-аятында, Иманға қарсы шыққан әкені де, туысты да дос тұтпауды ескертіп, 24-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с. оларға:) **Егер әкелерің, балаларың, туыстарың, әйелдерің, ағайындарың, тапқан малдарың, тоқтап қалуынан қорыққан саудаларың, жақсы көрген үйлерің сендерге Алладан, Пайғамбардан әрі Оның Жолында соғысудан артық көрінсе, Алланың Әмірі келгенге дейін күтіндер**»...,-деп, ізінен: **Алла бұзық қауымды Тура Жолға салмайды**», -деген. «...**бұзық қауым**...» кім? Әрине, Алла мен Пайғамбарынан гөрі, имансыз туыстарын, дүние байлығын артық көргендер. Демек, дүмшелерді де дос тұтпауымыз керек. Халық осы Аятты оқымаса да Алла жүрегіне салып, дүмшелерге сын айтқызып, дүйім елді оларға алданудан сақтандырып отыр.

### «Аңқау елге арамза молда»

Бұл мақалдағы аңқау ел – Құранды, Ислам Жолын жақсы білмейтіндер, ал, арамза молда – Құдайдан қорықпай Құранда



айтылған, деп, өтірік Аят, хадис айта беретіндер. Соның үшін олар – арамза. Ал, дүмше осыларға ерушілер.

Бірде бір үлкен жанұяда садақада отырдық. Он бес шақты адам бармыз. Тәрді қажылыққа барып келген имамға сыйлағанбыз. Үлкендер: «Ел тыңдамаған жерде шарифат айтпа! Діннің де, өзіңнің де қадіріңді кетіресің»-деуші еді. Ешкім сұрамаса да сөз тізгінін имам алған. Жанына жақын отырған төрт-бес адам ғана үнсіз отырмыз. Бізден кейінгілер, әсіресе, әйелдер базарда отырғандай. Имаммен ісі жоқ.

Әр кезде біздер ғана: «Ау, ағайындар! Уағыз тыңдасандаршы!»-деп басу айтамыз. Шамалы тынышталып, шай суымай, қайта өздерінің білгендеріне кетеді.

Расында уағыз айтыла-айтыла жауыр болған тақалдар еді. Тартымды, тұщы бірдеңе болса, ел ұйыйды ғой!..

Имамға біз қоя қой дей алмадық, ол өзінше біліп қоя қоймады. Содан әйелдерден бірі, оған: «Қарағым, осы күнгі адамдардың барлығында он кластық білім бар. Сен айтып отырғандарды да, одан жақсысын да кітаптардан оқыған. Мешітке Жұма намазға қатысып жүрген біздер де біраз нәрсе тыңдағанбыз. Адамдар осындай жерде бір-бірімен кездесіп, сұрасады. Мұндайда сен қоя қойсаң болады ғой...»,-деп кеңес айтты. Имам не десін, кешірім сұрады да үнсіз қалды.

Мұнысына риза болдық. Әлгі әйел үшін үй иесі де кешірім сұрады.

Алдымызға ет келді. Имамға басты ұзаттық. Ол орнынан тұрып, бастың құйқасынан кесіп алып, қолына ұстаған күйі тағы ағытылды: «Біреу дүниеден өтіпті. О дүниеге барғасын Алла Періштелерге: «Амал дәптерін көріндерші, не амалы бар екен?»-депті. Періштелер парактап қараса, дәптерінде не намаз, не ораза, не садақа, не қайыр-сауап, қажылық... ештеңе жоқ екен. Сонда да Мейірімді Алла: «Анықтап қараңдар, мүмкін бір қажының қолынан сарқыт жеген шығар!»-депті. Періштелер қайта қарап отырғанда әлгі пақырдың бір қажының қолынан сарқыт жегені жазылған екен. Алла: «Онда Жәннаттан орын беріңдер!»-депті. Мына құйқадан Сіздерге асатайын жеңіздер»,-деді. Біз ішімізден тынып қалдық. Сұрақ көп, бірақ, Алла үшін лажсыз отырмыз. Көп ойларға батып кеттік.

Ойымызға: «Құранда мұндай Аят жоқ еді ғой! Мұхаммед (с.ғ.с.) «Жүніс» сүресінің 15-аятында: «...Оны өз тарапымнан

өзгертуіме болмайды. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін. Расында мен Раббыма қарсы келсем, ұлы Күннің азабынан қорқамын...», - деген; «Хаққа» 44-46-аятында Алла: «Егер Елші кей сөзді өзі айтып Бізге таңса», «әрине, оның оң жағынан қолға алар едік», «күре тамырын кесер едік», - деген; «Фуссилат» сүресінің 41-42-аяттарында: «...Құран Ардақты бір Кітап», «Оның алдынан да, артынан да бос сөз келмейді. Ол аса Дана, өте мақтаулы Алла тарапынан түсірілген», - деген; «Әнғам» сүресінің 115-аятында: «Раббыңның Сөзі Шындықпен әрі Туралықпен тәмамдалған. Оның Сөзін өзгертуші жоқ (34-а). Ол – толық Есітуші, аса Білуші», - деген; «Рағыт» сүресінің 37-аятында: «...Құранды арабша үкім түрінде түсірдік. Саған ғылым келгеннен кейін, олардың көңілдері ауған тарапқа ілессең, сені Алладан арашалайтын бір дос не қорғаушы болмайды», - деп, 38-аятта: «...Ешбір Пайғамбар Алланың рұхсатынсыз бір Аят келтіре алмайды...», - деген; «Кеһф» сүресінде: «Раббыңның Кітабынан саған уахи етілгенді оқы. Оның Сөзін ешбір ауыстырушы жоқ...», - деген; «Нәжім» сүресінің 3-4-аяттарында: «Ол өз ойынан сөйлемейді», «сөйлегені көкейге алынған уахи ғана», - деген. Сонда бұл Құранда жоқты қайдан айтып отыр? Мұхаммед өз тарапынан өзгерте алмаса, демек, Ол айтқан хадистер де Аяттарға мағыналас; Мұхаммед айта алмағанды бұл қалай айтып отыр. Мұхаммед қорыққан ұлы Күннің азабынан бұл қорықпай ма? Мұхаммед ешкімнің көңілі үшін («Рағыд» с. 37-а) ойынан ештеңе айтпаса, бұл қалай айта салады?» - деген сұрақтар мен Аяттар тізіліп келіп, «Ақсақтың ақырын бақ», - деген ғой, сабыр ете тұрайықшы. «Бақара» сүресінде: «...Алла бір әмірін келтіргенге дейін оларды кешіріңдер, елемендер...», - деген, бәлкім, Алла қалап бұл түйіткілге бір шешім келер, деп отырдық.

Тамақ желініп болғасын, бағанағы әйел: «Имам бала, мен мына ер кісілердің алдында Сізге сөйлей бердім-ау! Құдай кешірсін. Сіздер де кешіріңіздер! Мына имамнан жаңағының анығын сұрайын деп едім. Осы намаз оқу қиындау болып жүр. Сіз имамсыз әрі қажылыққа барып келдіңіз, өтірік айтпайсыз ғой! Жаңағы айтуыңыз бойынша, Алла қажының қолынан сарқыт жегенді Жәннатқа жіберіпті ғой. Демек, намаз оқымай-ақ қойсақ бола ма? Сіздің қолыңыздан сарқыт жедік қой» - деді, жүректегісін

ақтарып. Имам өзінің қателігін білді. Ішінен өзіне кейігендей, қабағын түйіп: «Апа, ол бір айтылған хадис қой...», -деп, хадисті кемсітіп, тағы бір шатасып, ізінен сөзін тауып сөйледі. Дінге тиым салған, кешегі кеңес үкіметін дәлелге тартып: «Ал, қазір Аллаға шүкір Тәуелсіз елміз. Мешіт, медреселеріміз бар. Негізі Кәлима келтіру, намаз, ораза, зекет, лажы болса қажылық өту, бұлар – Иман келтірген Мұсылманға парыз...», -деп, қажының қолынан сарқыт жегенді былай қалдырып, жұрттың танымын орнына түсірді.

Егер әлгі әйел сұрамаса, имамды сыйлаған жұрт үндемей қала бергенде, «Қажының қолынан сарқыт жеген Бейішке барады», - деген жалған сөз елді қайда апарар еді?!

\* \* \* \* \*

Біздің ауыл бір бөлімге қарасты, үш бөлекке бөлінген. Әр бөлектің арасы бір-бір жарым шақырымнан. Бір молдамыз бар. Қомағай. Бірақ, біздер үшін ол өте «білгіш».

Әңгімелесе қалсаңыз шарифатты да, Құранды да төгіліп айтады. Дүние ғылымынан да хабардар. Ол отырған жерде ол әңгімеге тартқан кісіден басқа, ешкім сөйлемейді.

Ортада жалғыз молда болғасын сыйлаймыз. Бір қиындыққа тосылсақ осыған барамыз.

Оразада ауыз ашар, арада берілетін садақа, той не басқа жиын бұл кісісіз өтпейтін.

Бір күні молда есегінен құлап аяғы сыныпты, дегенді есіттік. Барып көңілін сұрадық.

Бұл оразаның іші болатын. Молдекең жылда оразада шақырылған үйлердің біріне барып, ауыз ашып, бір-екі кесе шай ішіп, тамақ әкелінсе, тез-тез жеп, келесі үйге кететін. Ол жерден де тез жиналып, үшіншісіне кететін. Жәй кетпейді. Үй иесіне: «Мен келдім ғой. Дәм таттым. Рахмет. Тағы да шақырған үйлер бар. Бармасам өкпелейді. Ал, сен атағаның болса, бер. Мен бір дұға қылайын», -деп ашық айтатын. Ел ол кісі садақа, жаназа, оразаға орайлас не айтса, екі етпейтін. Одан емес, «Аллаға жазықты болып қаламыз ба?» -деп, Алладан қорқатын. Алла үшін молдекеңнің айтқанын істейтін.

Біздің де Алланың Жолына бұрылып, намаз оқып, ораза тұтқан кезіміз. Бірінші жылы бір үйге ауыз ашарға бардық. Молдекең

де келді. Азан айтылды, ауыз аштық. Біз ақшамға ықыластанып, молдекеңнен хабар күтіп отырмыз. Ол кісі асығар емес. Екі-үш кесе шай ішті де, үй иесіне кететінін айтып, атағанын сұрады. Бәлкім, дұғадан кейін оқитын шығар, деп ойладық. Жоқ, өйтпеді, дұға жасап алатынын алды да, шыға жөнелді...

Осы аяғы сынарда да бірінші, екінші шақырған үйлерге барып, үшіншісіне кетіп бара жатқанда, есегі үркіп кетіп құлатыпты...

Кейін-кейін бізден басқа да намазхан біреулер бұл кісінің оразада өстіп жүріп, ақшамды оқымайтынын байқағандарын әңгіме етті.

Сөйтсек, молдекең өзін Көруші, сөзін Есітуші, көңіліндегісін Білуші («Әнғам» с. 20; 29; 34-а) Алладан ұялмайтын, қорықпайтын, яғни, Аллаға сенімі тайыз адам екен. Сол үшін Алла мұны шайтанға тастапты («Зұхрұф» с. 36-а). Әйтеуір дәйексіз еді. Содан Алла санап отырған күні толғанда («Мәриям» с. 84-а) жазасын алыпты. Әйтпесе, біз ойлағанбыз, Алланың Жолындағы пендесін Алла неге қорғамады?-деп. Сөйтсек, бұл адам Такуа емес екен.

Бірақ, бұның есектен құлағаны адамдардың Алланың Жолына түсуіне кедергі болды. Адамдар ойлайды ғой: «Біз Өзінің Жолымен жүргендерді Алла қорғайды, деп сенуші едік. Молдекең Алланың Жолында еді. Неге қорғамады?»-деп, бұл сұрағына жауап таппағасын, Исламға атүсті қарайды.

Елде көп жыл мұғалім болған, намазхан бар еді. Ол кісі де молдекеңе қарсы келе қоймайтын. Көпшілік мақұлдап осы кісі молда сайланды. Апта, ай өтіп, ел Имандылық Жолын түсіне бастады. Бұл кісі не сөз айтса, Құранның қазақшасынан не сахих хадистер жинағынан көрсетіп береді. Садақа, жаназадан түскен ашқаны жетім-жесірлерге, кейде алыс шөлден келген кісілерге сыйлап жатқанын талай көрдік.

### **«Ойдың түбі – шыңырау, түсіп кетпе, абайла!»**

Күйзелісті ой, уайым – нашүкіршіліктен. Бұлар Санаға Алланың жазғанына сабыр ете алмағандықтан және бұл дүниенің сынақ майданы, өткінші жалған екенін өз мәнінде қабылдай алмағандықтан келеді. Қабылдай алмауға не себеп? Ол Алланы жүректен танымағандықтан.

Алла Өзінің сабырлылармен бірге екенінен хабар берген. Ал, «Табағұн» сүресінің 11-аятында, «Алладан бұйрықсыз ешбір қайғы-қасірет ...» болмайтынын ескерткен. Егер пенде сабыр етсе, ол Алланың Мейірімі мен Рахымына бөленіп, барлық жамандықтан, қайғы-қасіреттен аман болады.

Ал, Алланың тағдырына сабыр етпегендер, әрине, олар Алламен бірге емес. Алла оларға шайтанды жолдас қылады («Зұхрұф» с. 36-а). Бұған қуанған ол, пендені өзін-өзі немесе басқа біреуді не Алланы кінәлауға азғырады. «Мүрсәлат» сүресінің 23-аятында Алла тағдырды Өзі мөлшерлеп жазғанын айтқан. Себебі, ол жер басып жүрген пенденің өткені мен алдағысын жақсы біледі («Хаж» с. 76-а). Тағдырын соларға қарап мөлшерлеген. Сондықтан «Хадид» с. 22-23-аяттарында: «Жер жүзіне, сондай-ақ, сендерге мүбәда бір бейнет келетін болса, ол жаратуымыздан бұрын Кітапта жазулы. Шәксіз осы Аллаға жеңіл», - деген. Бұл Аяттардың үкімдеріне көнбегендер ауруға шалдығады. Мақалдағы шыңырау – сол ауру. «Бақара» сүресінің 152-153; 155-157-аяттарында: **«Енді Мені еске алындар. Мен де сендерді есіме аламын және Маған шүкірлік қылындар да қарсы болмаңдар».** **«Әй, Момындар! Сабыр және намазбен жәрдем тілендер. Күдіксіз Алла сабыр етушілермен бірге».** **«Әрине, сендерді қауіп-қатер, ашаршылық және малдардан, жандардан, сондай-ақ, өнімдерден кеміту арқылы сынаймыз, (Мұхаммед) сабыр етушілерді қуандыр».** **«Қашан оларға (сабыр еткендерге) бір қайғы жетсе, олар: «Шын мәнінде біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз»-деді».** **«Міне, соларға Раббылары жақтан жарылқау және мәрхамат бар. Әрі олар Тура Жолдағылар»**,- дейді. Біздің өзіміз де, көктердегі және жердегі барлықтың барлығының иелігі Алланың қолында. Пенде ештеңеге ие емес және Алланың иелігіндегі ештеңені өзгерте алмайды. Демек, пенде әр қандай тағдырға тек сабыр етуі керек.

### **«Өле жегенше, бөле же»,-деген...»**

Бұл – «Зәрият» сүресінің 19-аятының түсіндірмесі. Аятта: **«Олардың малдарында, сұрағанға да, сұрамағанға да тиесі бар»**,-деген.

Мақалды: **«Жақсы бөле жейді, жаман өле жейді»**,-деп те айтады.

Алла Тағала Құранда, малдарды, Алланың ризалығына жету үшін бергенін ескерткен. Құрбандық шалу, азық, садақаға беру, жолда қалғандар мен міскіндерге азық ретінде тірілей не сойып таратуға дегендей. «Нахыл» (5; 66; 80-а), «Иасин» (71-74-а) сүрелерінде малдарды Құдыретімен жаратып, адамзаттың игіліне бергенін айтқан. Солардан бірі «Хаж» сүресінің 35-аятында: **«Қашан Алла зікір етілсе, олардың жүректері дүпілдейді. Өздеріне келген ауыршылыққа шыдап, намазды толық орындай отырып, берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды», «Түйе, сиырды сендер үшін Алланың белгілері қылдық. Бұларда сендер үшін қайыр бар. Оларды тұрғызып қойып, Алланың атын айтыңдар. Қашан олардың жамбастары жерге тисе, жеңдер, мұқтаж жандарға да, мұқтаж еместерге де жегізіңдер. Өстіп шүкір етулерің үшін малды еріктеріңе бердік»**,-деген. «Бақара» сүресінің 177-аятында Тақуалықты сипаттап, міскіндер үшін мал сарып қылуды айтқан. Және 261-аяттан 274-аятқа дейін садақа жәйін кең түсіндірсе, 48-аятында: **«Біреу үшін ешкім күймейтін, шапағат қабыл етілмейтін, ешкімнен бодау алынбайтын және оларға жәрдем де етілмейтін бір Күннен сақтануыңдар»**,-деген. Бұл сақтанудың Жолы жалғыз Аллаға құлшылық болса, соның ең маңыздысының бірі – садақа. Әсіресе, міскіндерге, жетім-жесірлерге міндетсіз жәрдемдесу, жақсылықтар жасау. 195-аятта: **«Алла Жолында мал сарып қылыңдар, өздеріңді өз қолдарыңмен қауіпкәтерге салмаңдар. Жақсылық істендер. Шын мәнінде Алла игілік істеушілерді жақсы көреді»**,-деген. Аллаға жақсы көріну үшін айтқанын орындап, міндетсіз жақсылық істеу керек.

Тағдыр, тарығу әңгіме болып отырғанда Ұлдан өз басынан өткен бір оқиғаны айтып, көзімізге жас келтірді. Ұлдан да, күйеуі де кезінде ауылдың ең дәулетті адамдырының бал жеп өскен гүлдері еді. Жұрттың балдары конфетке жете алмай жүргенде, олар шоколад пен бал жейтін.

Қарттар дүниеден өтті. Отбасы тірлігі өздеріне қалғанда, заман да өзгерді. Бұлар ата-аналарынан қалған малдарды қажетіне жарата-жарата тауысты...

Бір күні өздерінен үш үй әріде тұратын көршісі мал сойыпты. Бұларға хабар берілмеген. Сонда да Ұлдан елден есітіп, көп қатарлы қарызға ет алуға барған. Мал сойылып, ет бөлініп жатқан, адамдар жиналған. Сойыс иесі жесір, татар әйел, Ұлданға:

– Сен неге келдің?!-депті жақтырмай.  
– Қарызға берсеңіз, ет алуға келдім.  
– Саған ет жоқ! Үйінде ешкім табыскер емес, қазығында мал да жоқ. Қарызға ет алып, оны қалай төлеймін, деп келіп тұрсың. Кете бер үйіңе, саған ет берілмейді,- деді.

Көптің ортасында айтылған бұл сөз – жанымды тіліп кетті. Кеудем өксікке толып үйге эзер жеттім. Үйге кіре сала оңаша бөлмеге кіріп, егіліп жыладым. Өткен күндерімді есіме алдым. Өзімді сабырға шақырып, орнымнан тұрып, балаларымның амандығын тілеп, беті-қолымды жуып тұрғанымда, сырттан біреу атымды атап айқайлады.

Шықсам, сыныптасым – Роман екен.

– Сойыстық иесі, пендешілік қылды. Қапа болма! Атам қазақ: «Өле жегенше, бөле же!»-деген. Мен сенің хәліңді көребіле отырып, бұл етті қалай жеймін?!

Ыдыс әкел мына еттен екі келісін саған бола әкелдім. Ақшаңның керегі жоқ. Тек Алла риза болсын!- деді. Өзімді білмей қалдым, әйтеуір аяғымда жүрмін...,-деп, Романның қайырымын сөз етті.

Тақуалық деген осы. Роман Құранның қазақшасын оқымаған, ол намазхан да емес, оның жүрегіне бұл қайырымды Алла салып тұр. Бұл – Алланың: **«Сендердің араларында Алланың Аяттары оқылуда...»** («Әли Ғымран» с. 101-а),-деген Аятына және бір дәлел.

Алла малды, байлықты Құлдарына мақтану үшін, сараңдық етіп күнә жинау үшін бермейді, солар арқылы тірлік қылсын және сауаптар жинасын, деп сынаққа береді. Алланың Жолында малымен, жанымен соғысады, дегеннің бір мағынасы - жетім-жесірлер мен міскіндерге садақа беру, жәрдем беру. Мұны Тақуалар мен Ақылдылар ғана түсінеді, әрине.

Пенденің Тақуалық мектебінен алары есепсіз. Бірақ, барлығы бірдей жақсы оқушы емес. Оларға аландамай, біздер жақсы оқушы болайық!

### **«Жаяудың несібесін аттылы жей алмайды»**

Мақалдағы жаяу адам мен аттылы адамның жайы түсінікті. Тіршілікке орайлас мағынасы, дипломды адам мен дипломсыз адамды, тіпті, оқымаған адамды да қамтиды.



Мәселен, Мәскеуде Темириязов атындағы академияны бітірген маман кеңшар директоры, ауатком төрағасы лауазымынан әрі аса алмады. Ал, шопан Еңбек Ері, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты дәрежелеріне дейін көтерілді.

Зейнеткерлік жасына келгенде де шопанның зейнетақысы, академия бітірген маманның зейнетақысынан жоғары болды.

Себебі, бәрін үлестіруші, реттеуші Алла ғана.

Ризық-несібені бөлуші Алла Тағала «Зұхрұф» 32-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Раббыңның мәрхаматын олар бөліп бере ме? **Олардың дүние тіршілігіндегі несібесін араларына Біз үлестірдік.** Сондай-ақ бір-біріне бағынсын деп, бірінен-бірің дәрежеде көтердік. Раббыңның мәрхаматы олардың жиған-тергенінен артық», -десе, «Зүмәр» сүресінің 38-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) расында олардан: «Көктерді, жерді кім жаратты», -деп сұрасаң, әлбетте олар: «Алла», -дейді. (Сен:) «Көрдіндер ме? Егер Алла маған бір зиян беруді қаласа, Алладан өзге шоқынғандарың (сенгендерің) Оның апатын қайтара ала ма? Немесе **Алла маған бір игілік қаласа, олар Оның игілігін тоса ала ма?**»-де», -дейді.

Ие, Алланың қалаған Құлы үшін бөлген игілігін ешкім тоса алмайды. Солардың бірі ризық-несібені де Алла бөледі және Алла қалап тұрса, Оның қалауына ешкім және ештеңе тосқауыл бола алмайды.

Тақырыпқа алынған мақал мен Аяттардың мағынасы осы.

Бұған жоғарыда келтіргеніміздей, өмір Шындығынан көптеген нақты дәйектерді айта аламыз. Солардан айтсақ, композитор Шәмші Қалдаяқов алдымыздан шығады. Оның өмірі естеліктер мен ол хақында түсірілген көркем фильмнен өте жақсы таныс. Ол музыка саласында арнаулы мамандыққа ие емес. Бірақ, музыка бағытында оқыған көптеген мамандар армандаған биікті бағындырды.

Оған қарсылықтар да болды. Бірақ, ешкім Алланың **«...игілігін тоса...»** алмады. Мұқағали ақын да солай.

Міне, Алланың Құдыреті. Тақуалық мектебінен Тақуа болып шығайық! Алланың сыйлықтарына жетейік!

## **«Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ»**

Мақал негізі құдайсыздар мен кәпірлерді, адасқандарды меңзеп айтылған. Қыңыр адам өзі жақсы білмейтін, жетік білетін білімділерді мойындамайтын қырсық адам. Ол шайтанға әбден

бой алдырған адам. Тура сөзді, Шындықты есітіп, естігенінің дұрыс екенін пікірлеп тұрса да бойындағы шайтаны: «Келіп-келіп осының сөзін тыңдайсың ба? Өзінде де бас бар емес пе?»-деп, желкесінен тартып тұрады. Мұндайлар Құранның бірнеше Аятында сипатталған – Тура Жолға шақырған Пайғамбарларға қарсы шыққан және түрлі бүліктер ұйымдастырғандар, өсектер таратқан бұзықтар.

Қыңыр адам «Ағраф» (32; 179-а) және «Фатыр» (30-а) сүрелерінде айтылған өзіне кесір тигізу үшін және дозаққа арнап жаралған адамдар. Қырық кісі мұндай адамдары жеңе алмайды. Себебі, «**Алла олардың жүректерін, құлақтарын бітеген әрі көздерінде перде бар...**» («Бақара» с. 7-а). «Фуссилат» сүресінде: «**Оларға сыбайластар қостық. Сонда ол оларға алды-артындағы нәрселерді әдемі көрсетті. Сондықтан бұлардан бұрын өткен, жын мен адам баласынан болған елдерге берілген азап әмірі бұлардың басына да келді. Өйткені, олар зиянға ұшыраушылардан еді**» (25-а),-деген.

Біздің өмірімізде бұл мақалдан алатын екі сабақ бар: біріншісі – өзімізде қыңырлық мінез болса, ол мінез шайтаннан екенін, түбінде дозаққа апаратынын түсініп, бойды жеңіп, Тура Жолға түсу, имам ағзам мәзһабындағы Иманды топқа қосылу; екіншісі – олардың қылығына ашуланбау және оларға ермеу.

### **«Жер қатты болса, өгіз өгізден көреді»**

Мақал диқаншылық өмірін алға тартқанмен, астарындағы Ақиқаты – адамзат тіршілігінің, тағдырының сыры. Жердің қаттылығы – Алланың жақтырмаған Құлына жазған тағдыры.

Тақуа адамдар әрбір сәтсіздіктің, азапты шақтардың үстінде алдымен сабыр етеді және өзін айыптап, Алладан жарылқау тілейді. Ал, көпшілік пенделер осы қиыншылықтың тууына себепші болған адамды не жағдайды есіне алады. Шартты түрде біреуді айыптайды. Қиыншылықты, азапты дозақ, деп түсінсек, бұл жағдай «Бақара» сүресінің 166-167-аяттарында және «Ағраф» сүресінің 39-аятында былай сипатталады: «**Сол уақытта ерткендер өздеріне ергендерден безеді. ...азапты көргенде қарым-қатынастары үзіледі.**» «Ерушілер: «**Әттен! Бізге қайтар күн болса ( – сол қайтып келсе), олар бізден без-**

гендей, біз де олардан безер едік...» («Бақара» с. 166-167-а), (Алла күнәкарларға:) «Сендерден бұрын өткен, дозақтағы жын және адамдар тобының ішіне кіріңдер», - дейді. Әр топ дозаққа кірген сәтте өз туысын (ерткендерді) қарғайды. Барлығы онда жиналғанда, артқылары алдыңғыларын (айыптап): «Раббымыз! Осылар бізді адастырған. Сондықтан оларға дозақ отынан екі есе азап бер», - дейді. (Алла:) «Әркімге екі есе азап бар. Бірақ, сендер білмейсіңдер», - дейді», - деген. Бірінші Сөйлем дозақтың есігінен кіруді еске салады. Негізінде: «...бұрын өткен...», дегені – сендерден алдын азапқа ұшырап, осы жер бетінде жүргендер дегені; «...тобының ішіне кіріңдер...», - дегені – сендер де солар сияқты азапта жүресіңдер дегені.

Бұл мақал мен Аят бір тұстан адамзатты Алланың қаһарына ұшыраудан сақтандырса, екіншіден, Құранның мәңгілік екенін: кешегілерге, бүгінгі біздерге және алдағыларға арнап түсірілгенін дәлелдейді.

### **«Жаманын жасырып, жақсысын асырып...»**

Ақсақалдар қауымына, ата мен ана перзенттеріне ақыл айтқанда және ерлі-зайыптыларды, араздасқан ағайындыларды татуластырғанда осы мақал жиі қолданылады. Алайда, бұл да Алла жүрекке салған Аяттарының түсіндірмесі.

Құраннан мақалға мағыналас Аяттарды іздесек: «Сонда олардың Раббылары тілектерін қабыл етті. «Шын мәнінде Мен сендерден еркек, әйел амал істеушілердің амалын зая қылмаймын. Бір-біріңненсіңдер. Және босқандардың, жұрттарынан шығарылғандардың және Менің Жолымда жапа шектірілгендердің, соғысқандардың, өлтірілгендердің жамандықтарын жасырамын...» («Әли Ғымран» с. 195-а), «Егер сендер тыйым салынған нәрселердің үлкенінен сақтансаңдар, сендердің жамандықтарыңды жасырып, өздеріңді құрметті орынға кіргіземін» («Ниса» с. 31-а), «Әй, Момындар! Егер Алладан қорықсаңдар, Ол сендерге жақсы-жаманды айыратын қабілет береді әрі жамандықтарыңды жойып жарылқайды...» («Әнфал» с. 29-а), «...Иман келтіріп ізгі іс істесе, Алла олардың жамандықтарын жақсылықтарға ауыстырады...» («Фурқан» с. 70-а), «...Алла біртұтас күнәларды

**жарылқайды...»** («Зүмәр» с. 53-а), «...Кім Алладан қорықса, оның жамандығын жояды да сауабын зорайтады» («Талақ» с. 5-а), «Әй, Момындар! Аллаға шынайы тәубе қылындар. Раббыларың жамандықтарыңды жойып, астарынан өзендер ағатын Жұмаққа кіргізуі үміт етіледі...» («Тахрим» с. 8-а),- деген Аяттарды кездестіріп, мақалдың Алладан келгеніне және осы Аяттардың өмір Шындығындағы түсіндірмесі екеніне көз жеткіземіз.

Адамзат – Алланың жердегі орынбасары («Бақара» с. 30; «Әнғам» с. 165-а). Алла Иман келтіргендердің жамандықтарын жасырып, жақсысын асырып отырғанда, біз де өз арамыздағы жамандықтарды кешіріп, бір-біріміздің жақсылықтарымызды жариялап, көтермелеп, сүйемелдеп жүруіміз керек.

«Хұжрат» сүресінің 10-аятында: **«Шын мәнінде Момындар туыс қой. Сондықтан екі туыстарыңның арасын жарастырындар. Және Алладан қорқындар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер»**,-дейді. 11-12-аяттарда бірін-бірі кемсітпеу, өсек қылмау, келемеждемеу ескертілген. Алладан қорқып, Аяттарға шын жүректен амал жасайық.

### **«Жалатайды жақтап, жаманатты болма»**

Жалатай – екі жүзді, екі сөзді адам. Құран тілімен айтқанда мұнафиқ. Мұндайларды қазақ: «Су жұқпас»,-деп те атайды. Ол – уәдеге, куәлікке қаралық қылушы, жазықсызға жала жабушы. Бұлар: «Лақтырып кеттім»,-деп мақтанатын, сөзінде тұрмайтындар; Имандылыққа тиесілі Аяттардан өзін жоғары ұстайтын, Мұсылмандардың арасында арсыздықтың жайылуын жақтайтын ұятсыздар.

«Әнфал» сүресінің 22-23-аяттарында: **«Расында Алланың қасындағы тірі жанның ең жаманы – Шындықты түсінбейтін саңыраулар, сақаулар».** «Егер Алла оларда қайыр барын байқаса еді (өздерін түзеуге ниеттері барын), әрине, оларға естіртер еді...»,-дейді. Сүренің 55-56-аяттарында да олардың келісімді бұзатын дәйексіз екенін ескерткен. Бұлар бастан қайырсыз болғандықтан Алла оларды осы күйге салған. Сондықтан олар үшін дұға оқып, ара түсуге болмайды.

«Тәубе» сүресінің бірнеше Аяттарында, әсіресе 75-80-ші, 92-98-аяттарда қарсылардың құйтырқылықтарын қадап ай-

тып, 113-аятта: **«Пайғамбарға және Момындарға, дозақтық екендіктері өздеріне білінгеннен кейін, егер жақындары болса да мүшріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды»**,-деп кесіп айтады.

«Нұр» сүресінің 19-аятында: **«Расында сондай, Момындардың арасында арсыздықтың жайылуын жақсы көргендерге, дүние, Ақыретте күйзелтуші азап бар. Алла біледі, сендер білмейсіңдер»**,-десе, «Ниса» сүресінің 105; 107-аяттарында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) шын мәнінде саған Құранды, Алланың өзіне көрсетуі бойынша адамдардың арасына үкім қылуың үшін Шындықпен түсірдік. Сондықтан қаралықшыларға болысушы болма»**, **«Өздеріне кесір істегендер үшін сөз таластырма. Өйткені, Алла қаралықшыл күнәкарды жақсы көрмейді»**,-деген. Бұл Аяттардан алатын тағлым, Алла жаман көрген адамдарға жанашырлық етіп, жағын алуға, сөзін сөйлеуге болмайтыны. Себебі, ешкім Алладай күшті емес.

### **«Көшке көш жетер-ау, қарамай кеткен шешейдің жүзіне қара!»**

Естіген құлаққа баяғы киіз үйлі, көшпелі елдің жайын естетеді. Ал, шын мәніне келгенде, бұл қайынағасы мен абысынынан ешбір көмек көре алмай қиналған келінінің жүрегінен шыққан сөз екенін түсінеміз. Бұлардың жағдайын, хал-ахуалын біліп жүрген ел ішіндегі Ақылдылар, сынай жүре соңғы нәтижені: қайынаға мен абысынның құлдыраған; олар менсінбеген іні мен келіннің гүрілдеген жетістігін көреді.

Бұл көрініс Құранның «Ағраф» сүресінің 45-49-аяттыңда былай баяндалған. 45-аятта: **«...Және олар Ақыретке қарсы болушылар»**,-десе, бұлар – Алла несібесін арттырып, інісі мен келінінің өздерінен озып кететінін ойламаған қайынаға мен абысын. Ал, 46-49-аяттардан Ақыретті – Соңғы қорытындыны оқимыз: **«(Жұмақтағылар мен дозақтағылардың) арасында далда бар. Және «Ағраф» делінген жоғары орында екі жақтағылар да әлпеттерінен танитын, әлі Жұмаққа кірмеген – Одан үміті үлкен біреулер бар. Бұлар: «Сендерге сәлем!»**-деп, Жұмақтағыларға айқайлайды». **«Қашан олардың көздері дозақтықтар жаққа бұрылса: «Раббымыз! Бізді залым ел-**

**мен бірге қыла көрме!»-дейді. «Ағрафтағылар дозақтағы әлпеттерінен танығандарға: «Сендерге көптіктерің және менмендіктерің пайда бермеді ме?»-деп айқайлайды». «(Оларға Жұмақтағыларды көрсетіп:) «Бұларға Алланың Рахметі тимейді, деп ант ішкен адамдарың емес пе?...» (дейді).**

Мұны адамзат өмір Шындығынан көріп келе жатыр. Сәмеке жеті жасынан әкеден де, шешеден де айырылып, ағасы Полат пен жеңгесі Жаңагүлдің қолында өсті. Олар шопан еді. Бұл олардың жақсы көмекшісі. Ағасы бес балалы болды. Мал жинады. Уақыты келіп, Сәмекені үйлендеріп, бір жылдан соң, әйелдер арасында абысыннан дау шығып, бұларды үйсіз қуып салды...

Сәмеке ферма орталығына келіп, өзіне жанашыр үлкендерге мұңын шақты, ферма меңгерушісіне жолықты. Орталықтағылар жиналып, кереге, уық, киіз беріп, бұлар үйлі болды. Ферма меңгерушісі Сәмекені бір озат шопанға жәрдемші шопан етіп бекітті де, келесі жылы қозы айырымда, бір отар қозыны иелігін сеніп тапсырды.

Келіншегімен екеуі анасынан жаңа айырылған: өз алдына жүріп үйренбеген, зарлап анасын іздеумен шаршайтын қозыларды біреу-біреу жетелеп өріске үйретті. Жылдар өте бере перзентті болды. Әрі мал жинады. Және бірнеше жылды артқа тастап, ферманың ғана емес, кеңшердың озат шопаны болып, атағы аудан мен облыс шаруагерлеріне жетті.

Полат пен Жаңагүл баяғы бір сырқылмен, әйтеуір көптің қатарында келе жатыр. Бірақ, Ақылды жастар оларға тырысқан жоқ, олардың пендешілігіне кешіріммен қарап, сіз-біздік байланысын үзбеді. Бұлар өсткенмен, шайтанға бой алдырған аналар қырсыққан жолынан қайта алмай, қыңырайып жүрді.

Кейбіреулер бұларды: «Қадіріңді білмеген аға-жаңгеге жалпақтай берудің не керегі бар!...»-деп азғырып та көрді. Ақылды жастар бөтен сөзге ермеді, керісінше, әр қашан жамандықты жақсылықпен жоюдың жолын қарастырды.

Екі отбасы да перзенттер сүйіп, талай тойлар жасады. Балаларын оқытты, үйлендірді. Екеуі де зейнетке шықты. Ағалы-інілі екі шаңырақтың тіршілігі мен талабын таразылап, пейілі мен ниетін біліп отырған ел, Полатты көптің бір көретін де Сәмекеге үлкен құрмет көрсететін...

Берік:

– Мектепте үш-төрт деген бағалардың ортасында оқыдым. Менен төмен оқитын оқушылар да бар еді.

Асан деген сыныптасымыз керемет жақсы оқыды. Мұғалімдердің бәрі оны мақтайтын. Сыныпта ғана емес, мектептегі үлкен аброй оныкі еді.

Аттестатты алғасын мен жүргізушілік курсына оқуға кеттім. Асан Ташкенге оқуға барып, емтиханнан өте алмай ауылға келді.

Әр жексенбіде темір жол бойындағы базаларға барып, вагоннан жүк түсіреміз, кейде мәшіндерге жүк артамыз. Ара-арада Асан да келіп, бізбен бірге істейді. Сыныпта ешкімді менсінбейтін Асан бұл майданда да сыр бермейді.

Бірде сыныбымыздағы әйтеуір оқушы атына жүрген, өзі бұзықбастау Есен мен Асан және мен серік болып бір вагоннан арпа түсірдік. Кезектегі мәшіндерді жүктеп жөнелтіп, қайта келгенше үзіліс жасап отырмыз. Қарап отырмай ананы-мынаны әңгіме етеміз. Асан аса қосыла бермейді. Мұнысы жақтырмаған Есен:

– Асан, бұл тағдыр, дегенді қойсай, бүгінде мектепте беске оқыған сен де, екіге оқыған мен де бір вагонда жұмыс істеп жатырмыз!-деді. Асан оған оқты көзімен, тесірейіп қарап тұрды да дым үндемей вагоннан секіріп түсіп кетіп қалды,-деп, пендешіліктің әңгімесін айтты.

Алла Тағала «Әнғам» сүресінің 67-аятында, әр хабардың нәтижеленетін уақыты барын ескерткен. Тақуалық мектебінің бұл сабағы, пендені болашығын, яғни, Ақыретін ойлауға, Ақыретінің немен бітеріне алаңдап, тәкаппарлық пен мақтаншақтықтан, ысырап пен есепсіздіктен сақтандырады.

### **«Туған ай – туралған еттей»**

Қу тіршілікпен жүріп, айдың бірінші онкүндігіне не жартысына келгенін ескерген еңбекші жұрт: «Түһ! «Туған ай – туралған еттей»,-деген...»,-деп, жыл жарыдан ауған шақты байқағанда: «Ай – ат басын бұрғанша, жыл – жылқы аунап тұрғанша»,-деген»,-деп, өткен уақытқа бір ашынып қояды. Мақал да сол уақыттың тездігіне ескерту ретінде шыққан. «Бір тұтам күн», «Қамшының



сабындай қысқа өмір», -деп мақалдатқан бабаларымыз, балаларына: «Туған ай – туралған еттей», -деген. Тез қимылдамасаң, ә, демей күз де жетіп келеді. Сосын ештеңеге үлгермейсің...», -дегендей кеңестер айтатын.

Алла Тағала Құранда күн мен айды уақытты, жылдардың есебін білуші үшін жаратқанын айтқан. Бір-екі Аятқа тоқталсақ, «Бақара» сүресінің 189-аятында: «(Мұхаммед) олар сенен жаңа туған айдың жағдайын сұрайды. **«Ол адамдарға және қажылық үшін уақыт белгілеу»-де...»**,-десе, «Әнғам» сүресінің 96-аятында: **«Танды сөгуші, түнді тынығу және күн мен айды есеп үшін жаратқан. Осылар – аса Үстем, толық Білуші Алланың өлшеуі»**,-дейді. Барлық тіршілік Алла белгілеген бір өлшемнің ішінде. Ол өлшемді біз күннің шығыстан баяулап, түнді сөгіп әлемге жарығын шашып келе жатқан шағынан бір белгілеп – таң бозарды, деп; тұсау бойы көтерілгенде – кіші сәске, деп; арқан бойы көтерілгенде – ұлы сәске, деп; тас төбеге келгенде – тал түс, деп; еңкейіп, көлеңке ұзарғанда – екінті, деп; батқанда – шам шағы, деп, бөлеміз. Мұны ғылым секунд, минут, сағатпен белгілеген. Бірнеше ғасырлардан бері сағатпен тіршілігімізді реттейміз. Айды, аптаға, аптаны күнге, күнді сағатқа бөліп, тіршілік етіп отырғасын, «Туған ай – туралған еттей» болады.

«Жүніс» сүресінің 5-аятында: **«...күнді жарық, айды Нұр етіп жаратты да жылдардың сандарын, есептерін білулерің үшін олардың орындарын белгіледі...»**,- деп және анығырақ дерек берген. «Тәубе» сүресінің 36-аятында он екі айды ескертіп: «Бұлардан төртеуі құрметті айлар...», -деген. Тәпсірші ғалымдар бұл төрт айды: зылқағда, зілхажжа, мұхарам және ре-жеп, деп көрсеткен\*.

Айға байланысты айтылған Аяттардан «Ясин» сүресінің 39-аятына тоқталайық. Аятта: **«Тағы айдың орындарын да өлшеп қойдық, ескі құрманың құраған бұтағындай болғанға дейін»**,-дейді. Біздер айдың жіп-жіңішке болып шыққанын көріп: «Ай туыпты. Айдың бірінші жаңасы», -деп: «Ескі айда есіркей көр, жаңа айда жарылқай гөр», -деп Аллаға дұға қыламыз. Алланың

---

\*Біз ұсынған Аяттарға қосымша, өзіңіз білгіңіз келген мәліметтерді: «Рағыз» (2-3-а), «Ісра» (12-а), «Әнбия» (33-а), «Лұқман» (29-а), «Ясин» (38-а), «Зүмәр» (5-а), «Рахман» (5-а) сүрелерінен кездестіресіздер.

әмірі бойынша, Рамазан айының бірінші жаңасын көрісімізбен ауыз бекітеміз.

Ол уақытымен толып, түн жарық болып, біз: «Ай сүттей жарық», -деп, суреттейміз. Алла белгілеген мерзіммен жүретін ол, әр түрлі мезгілде шығып, кейін күндіз ғана жүрет те түн қараңғы болады. Содан біз айдың он бесі жарық, он бесі қараңғы екенін білеміз.

Бұл ел аузында мақалға айналған. Мұны «Өмір тегіс жол емес», -деген кеңес сияқты, сәтсіздікке ұшыраған көңіл жетерімізді жұбатқанда: «Айдың он бесі жарық, он бесі қараңғы», -деген, сабыр ет, бәрі жақсы болады...», -дейміз.

### «Ауылдастың аузы сасық»

Мақал екі түрлі мағына береді. Біріншісі: «Атқа егердің батқанын, иесі білмес, ат білер; Ер жігіттің қадірін, ағайын білмес, жат білер» дегендей, Ел үшін жүрген Азаматты кінәлаушылар мен өсек етушілерден арашалағанда айтылса; екінші мағынасы, күрескер Азаматтың өзін емес, оның уағызын, насихатын теріске шығарушыларды меңзейді. Талутты Патша сайлағанда дұшпандары: «... **Оның бізге патшалығы қалайша болады? Одан көрі патшалыққа біздер лайықпыз. ...оған малдан да кеңшілік берілмеген еді...**»-десті» («Бақара» с. 247-а), -дейді.

Міне, ауылдас! Тілектес болудың орнына кемсітеді.

Ал, Мұхаммедке (с.ғ.с.) Пайғамбалық беріліп, Ол тумаған-туылмаған, серігі жоқ – жалғыз Алланы насихаттап бастағанда, мүшріктер Оны тәлкекке алып: «Олай емес. Бұл шым-шытырық түстер. Жоқ, өзінің жасандысы. Жоқ, ол – ақын. Әйтпесе, бізге бұрынғы Елшілерше бір белгі келтірсін...» («Әнбия» с. 5-а), «... «Алланың жіберген Елшісі осы ма?»...». «Егер Оған шыдамасақ тәңірімізден адастыра жаздады...» («Фурқан» с. 41-42-), «Арамыздан үгіт оған түсірілді ме? Жоқ, ол мүлде өтірікші, өзімшіл» («Қамар» с. 25-а), -деп, өсектер таратқаны белгілі.

Тақырыпқа алған мақалымыз, Құран Кәрімдегі мұқым Пайғамбарларға тиесілі Аяттардың мағынасын береді.

«Бақара» сүресінің 246-аятында елі Мұсаға (ғ.с.) өздеріне Патша сайлап беруін өтінеді. 247-аятта: «**Оларға Пайғамбарлары: «Дау жоқ. Алла сендерге Талутты Патша сайлады»**», -деді.

**Олар: «Оның бізге Патшалығы қалай болады? Одан гөрі Патшалыққа біздер лайықпыз. Сондай-ақ, оған малдан да кеңшілік берілмеген еді»-десті. Пайғамбар: «Негізінен сендерге оны Алла сайлады да өзін білімде әрі тұлғада артық қылды. Алла әкімшілікті қалағанына береді. Алла – әр нәрсені кеңінен Білуші»,-деді»,-деген.**

Міне ауылдас деген осы. Өз орталарынан Алла қалаған жақсыны тән алмай, оны кемсітіп, өздерін одан ерекше бағалап отыр. Тіпті, Алланың қалауын есепке алмай, Алладан өздерін жоғары санауда.

Бұлар Алладан үкім келіп, Мұхаммед (с.ғ.с.) Құбыланы өзгерткенде де сасыған. Құранда: **«Адамдардың кейбір ақымақтары: «Оларды қарап тұрған құбласынан не нәрсе бұрды?»-дейді. (Мұхаммед с.ғ.с.) оларға: «Шығыс та, батыс та Аллаға тән. Ол қалағанын Тура Жолға салады»-де»** («Бақара» с. 142-а),-деген.

Құранда бірнеше сүреде мүшріктердің қылықтарын, айтқан сөздерін келтірген. Олардың барлығын жазсақ, Құранды көшіргендей боламыз. Сондықтан бірнешеуіне жалпылама шолып өтейік. Солардан бірі «Ісра» сүресінің 47-аятында: **«Біз, олар сені тыңдағанда қайтіп тыңдағандарын және өзара сыбырласқан залымдардың: «Сендер жадыланған біреуге ғана ілесесіңдер ме?»-дегендіктерін жақсы білеміз»,-деп, ізінен олардың қалай адасқанын, қайта тірілуге сенбегендерін айтады.**

89-93-аяттарында мүшріктердің, анық Аяттармен түскен Құранға қарсы келетінін, Мұхаммедке, Ол бір бастау ағызса да; жүзімнен, құрмадан бақшасы болып, арасынан өзен ағызса да; аспаннан кесек түсіріп, Періштелермен бетпе-бет кездестірсе де; алтыннан үйі болса да, тіпті, олар: **«Яки аспанға шығарсын. Сонда да бізге оқитын бір Кітап түсірмейінше, көкке шыққаныңа әсте сенбейміз»,-деді...»,-деген. Иманнан алыс, дозақ үшін жаралған ауылдас деген осы.**

«Қамар» сүресінде Мұхаммед (с.ғ.с.) бір дәлел көрсеткенде, мүшріктер: **«Бұл да әдеттегі сиқыр!»** (2-а)-деп сенбегенін, кезінде Нұхты да **«жынды»** деп қарсы болғанын, Ғад, Самуд елдерінің қарсылығы мен жойылғанын айтып, 24-25-аяттарында: **«Өзіміздің арамыздан шыққан бір адамға ерейік пе? Әрине,**

**онда біз адасамыз...»**, «**Үгіт соған ғана түсірілді ме? Жоқ, ол шектен шыққан өтірікші**», -деп сенбегенін, Салихтың, Лұдтың қауымдарын, перғауындарды айтады. 24-аятта, өз арамыздан шыққан, деп, өз ауылдасын менсінбей отыр.

Абай бабамыздың қазақтың өз ауылындағы жақсыны сыйламай, бағаламай, даладан келген біреуді әлдеқандай көре қалатынын сынағанындай, бұл мінез Пайғамбарлар заманында да болған. «Қауын тұқым – бір тұқым», -демекші, бұл менсінбеу, ауылдасын мойындамай сасу бүгінгі заман адамдарында да бар. Отандастарымыз, тіпті, қандастарымыздың өзі өз ұлтымыздан шыққан көзі тірі даналарымызды кемсітумен, кекетумен өзін-өзі күнәға батырып жүреді.

Және: «Сөзде – қаңқу жаман, ауруда – шаншу жаман», -деген де мақал бар. Бұл – мақал «Тәубе» сүресінің 7-аяты мен «Хұжрат» сүресінің 6-аятын еске салады.

«Қаңқу» – негізі жоқ, өсекші біреулер ойдан тоқыған ғайбат; «шаншу» – терлеп шамалдаудан пайда болатын ауру.

Өсексіз ел болмайды. Себебі, Алланың дозақ үшін жаратқан адамдары бар. Олар ештеңеге шүкір қылмайды. Сондықтан тек өсек таратады. Әрбір жақсының байқамаған бір кемшілігін, тіпті, кейде оның жақсы ісінің өзін теріске бұрып өсек қылады. Оған пікірсіз біреулер ереді. Қолдайды. Сондықтан елде өсек жатпайды.

2020 жылғы коронавирус келіп, карантин жарияланатынын ескертіп, ЖОО-дағы студенттерді үйлеріне қайтарғанда, бір өсекшілер: «Бұл – Президенттердің халық көтерілмесін, деп қолдан жасап отырған қулығы...», -деп; карантин тәртібіне көнбегендерге айыппұл салынғанда: «Кешегі берген 42500 теңгесін өндіріп алуы керек қой!...» -деген сияқты неше түрлі өсектерді таратты. Міне, осы өсектерді тоқығандар – аузы сасық ауылдастар, дозақ үшін жаралғандар.

Алла Тағала басқа Момындар осыларға еріп, күнәға батпасын – солардай дозақтық болмасын деп сақтандырып, жоғарыда атаған: сақтану туралы және есіткенін анықтау жөніндегі Аяттарды түсірсе, оны бабаларымыздың тілінде: «Сөзде – қаңқу жаман...», -деген өсиетпен, ал, ыссылы-суықтан күтінбеген сорлыға келетін апатты: «...ауруда – шаншу жаман», -деп оқытып отыр.

*Мұның ізін «Қауын тұқым – бір тұқым», -деген мақалмен жалғастырып, Алланың жалғыздығына, Құранға, Елшілерге Иман келтірмейтіндерді алға тартамыз.*

Мақал диқаншылықтың сөзі есептелгенмен адамзаттың тегін аңғартады. Бірде екі бажа кездесіп сөйлесіп отырғанда, бірінің әйелі келіп, күйеуіне тиісті. Күйеуі дәлел айтып, басын ашықтап алғанда, бажасы: «Ой, бажа! Қауын тұқым – бір тұқым», -деген. Біздің үйдегі балдызыңыз да бір нәрсенің анық-қанығына жетпей, мені айыптайтыны бар», -деген еді.

Сол айтпақшы, Алла Тағала адамдардың бір тобын Бейішке апаратын жақсы мінезбен, екінші тобын дозаққа бастайтын мінезбен жаратқан. Сол мінездер атам заманнан келе жатыр, бүгінгілерде де бар, алдағыларда да болады. «Рұм» сүресінің 30-аятында ескертілгендей, барлық адам тек Ислам үшін жаралғанын түсініп, Құранмен жүргенге дейін дау туғызатын, күнәға бастайтын мінездер жойылмайды. Құран сол үшін түскен, Құран сол үшін мәңгілік.

Біздің бұл мақалды алып отырғанымыз, Аллаға қарсылар да, қадым-қадымнан бір қауынның тұқымындай бір пікірлілер екенін айтпақ. «Бақара» сүресінің 118-аятында: «Сондай! Білмегендер: «Алла бізге ауызекі айтса немесе бізге бір белгі келтірсе еді», -деді. **Бұлардан бұрынғылар да бұлардың айтқаны тәрізді айтқан болатын. Олардың жүректері ұқсас.** Расында нақ иланатын елге Аяттарды ашық баян еттік», -десе, «Әли Ғымран» сүресінің 11-аятында: **«Әдеттері Перғауынның сыбайластарынікі және олардан бұрынғылардікі тәрізді. Олар Аяттарымызды жалғанға шығарған.** Сонда Алла оларды күнәлары себепті азаптаған. Алланың азабы қатты», -деп, адамдар ықылым замандардан Алланың тумаған, туылмаған, серігі жоқ, жаратылыстардың еш қайсысына ұқсамайтын жалғыз екендігін тән алмағанын, олардың барлығы Аяттарды мойындамай жалғанға шығарғанын, соңында Алланың азабын тартқанын ескерткен. Мұндайлар кешегі замандарда да жасады, бүгінде арамызда өмір сүруде. Әрине, бұлар «Фатыр» сүресіндегі (32-а) өздеріне кесір тигізушілер, «Ағраф» сүресінің 179-аятындағы дозақ үшін жаралғандар.

## «Ойына сенген опық жейді»

Мұның: «Ойына сенген – опынады», «Ойдың түбі – өй!»-деген де баламалары бар.

Бір кейуана түрмеге кеткен інісінің істеріне наразы болып отырып: «Өзінің ақылы жетпейді. Құр ананың-мынаның айтқанына елендеп, **құлықсыз құр ойға сеніп, құрыды**», - деді. «...құлықсыз құр ой», - деген – ілім-білімсіз, тәрбиесіз, дегенге тура келеді. Шынайы ілім-білім де, тәрбие де Алладан, Құраннан. Одан басқа ілім-білім де, тәрбие де осы дүниелік пайдасы бар, Ақыры қайырсыз амалдар. «Құр» сөзі – бос – Құранға не хадис-сүндетке негізделмеген деген сөз. «Құр», «Құрғақ» деген сөздер ылғалсыз, сөлсіз жерді ойға салады. Ондай жерде ештеңе өспейді. Сондай-ақ, Құранға негізделмеген әрбір ой мен амалдардың да Ақыреттік қайыр болмайды\*.

Бұл мақал – «Фурқан» сүресінің 43-ші, «Нәжім» сүресінің 27-28-аяттарының түсінігі.

«Фурқан» сүресінде Аллаға, Пайғамбарларға қарсы болған Мұсаның (ғ.с.), Нұхтың (ғ.с.) қауымдарын, Ғад, Самұд, Рас елдерін жойғанынан хабар беріп, 41-43-аяттарда Мұхаммедті тәлкек еткенін, «...Егер Оған шыдас бермесек, тәңірімізден **адастыра** жаздады»-дегендерін баяндап: «Олар азапты көрген сәтте, кімнің Жолдан **адасқанын біледі**», - дейді де ізінен: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **ойын Тәңір жасап алғандарды көрдің бе? Сонда Сен оларға кепіл боласың ба?**»-деп, келесі Аяттарда олардың адасқан екенін, ізінен пікірлі жандарға сабақ үшін ұсынған: көлеңке, жаңбыр жәйін айтады.

Бұдан түйетініміз – Алланың атын айтпай, тек ойға сену де Аллаға серік қосқанмен бірдей екендігі. Әр нәрсені жұбынан жаратқан («Ясин» с. 36-а) Алла ойды да адал, арам етіп бөлген. Адал ойдың барлығы Имандылыққа құрылып, Алладан, шайтан мен жыннан тазартылған көк арқылы келеді; арам ой – адалдыққа

---

\* Біз тек Құранды айттық. Амалдағы ілім-білімнің барлығы Алланың төрт Кітабынан. Адамзат өз жанынан жақсылыққа апаратын ештеңе шығара алмайды. Құран – сол төрт Кітаптың барлығының жиынтығы, толық топтастырылған нұсқасы. Мұны «Ниса» сүресінің 162-164-аяттарының мағынасынан түсінеміз және Мұхаммед саған бұрынғы Пайғамбарларға берілген нәрселер ғана берілді, деген де Аят бар.

кереғар ой. Ол – жер бетінен: «...**Расында шайтандар сендермен тартысу үшін, өз сыбайластарына сыбырлайды. Егер оларға бойұсынсаңдар серік қосушылардан боласыңдар**» («Әнғам» с. 121-а),-деп Алланың Өзі тастықтаған, Имандылыққа негізделмеген ой – шайтанның сыбыры ғана.

Осы екі ойдың арасында қателікке ұрынбау үшін Алла «Кеһф» сүресінің 23-24-аяттарын түсірді. Оларда: **«Еш нәрсені: «Осыны ертең істеймін»,-деп айтпа». «Бірақ: «Алла қаласа (істеймін де)». Ұмытқан заман Раббыңды есіңе ал да: «Раббымның мені бұдан да Туралыққа жақынырақ Жолға салуынан үміткермін»-де»,**-деп, Өзінің құзырында қабыл болатын амалды үйреткен.

27-28-аяттарда: **«Шынында Ақыретке Иман келтірмегендер, Періштелерді әйел атымен атайды». «Негізінде оған байланысты бір мәліметтері жоқ. Ойға ғана ереді. Шын мәнінде, құр ой, Шындық жағынан ешнәрсеге тұрмайды»,**-дейді. Бұдан алатынымыз – дәлелсіз нәрсені айтпау мен ойға сеніп, шайтанға алданбау.

Сонымен тірек-дәйегі жоқ ойға сенуге болмайды екен. Ол – Шындықтың алдында құр ой екен.

«Алла қаламай, ай тумас», деген тақырыбымызда «Інсан» (30-а), «Текуир» (29-а) сүрелерін дәлелге тартып, Алланың қалауынсыз ештеңе болмайтыны хақында айттық. Сол болмайтын, тек бізді алдап опындыратын жаман амал – осы ой екен.

## **«Ит үреді, керуен көшеді»**

Бір есіткенде, ит үргеннен соң, керуеншілер қорқып, түйелер үркіп, көшіп кеткендей түйіледі. Негізгі мағынасы – ит үрір-үріп, қолынан ештеңе келмей, қала береді; ал, керуен оның үргенін қаперіне де алмай, өз жолынан қалмай жүрісін жалғастыра береді, деген сөз.

Бұл мақал Пайғамбарлар өмірінен туғандай. Себебі, Алладан уахи келіп, Пайғамбарлар уағызын айта береді. Ал, дұшпандары Оларға қарсы түрлі өсек таратады. Өлтіреді. Сонда да барлық тірі мен тіршіліктің Иесі Алланың Сөзі жалғаса береді.

Мұхаммедке (с.ғ.с.) Пайғамбарлық қонғаннан кейін алдымен ағасы Әбу Ләһәб және басқалар қарсы болды. Елден де кумақ



болды, өлтіру шарасын да көрді, уағызға қарсы өсектер шығарып жайды, жала да жапты; бірақ, ештеңе қыла алмады. Алланың қамқорлығындағы Ол жеңіске жетті.

Алла Тағала Құранда Мұхаммедке: «Алланың қасында шынайы дін – Ислам. Кітап берілгендер өздеріне мәлімет келгеннен кейін араларындағы күншілдіктен ғана талас-тартысқа түсті...», «...Ал, егер олар мойындамаса, саған жалғастыру ғана міндет» («Әли Ғымран» с. 19-20-а), «...олар сені жалғаншыға шығарса, расында сенен бұрынғы Елшілер де жалғаншыға шығарылған еді. Бірақ, іс Аллаға қайтады» («Фатыр» с. 4-а),-деп, Мұхаммедке демеу беріп, кейін істің Аллаға қайтатынын айтады. Ол – күнәкарлардың жазаланып, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ізіне ергендердің сыйлықтанатыны.

Міне, осылай – «Әділ сөз ағын судың арнасындай, Әділ іс алмас-қылыш балтасындай» (Шораяқ Омар),-демекші, Алла Жолында Тура келе жатқандар әрқашанда Алланың қамқорлығында болып, үрген ит пен аяққа оралған шөп-шаламды кешіп өтіп жеңістерге жете береді.

Өмірде де осылай, нашүкір пенде («Ібраһим» с. 34-а) көріп отырған ғанибеттеріне шүкір етпей, ел ағаларына кінә тағып, айыптап, жалалар жауып бүлдіріп жатады. Ал, Аллаға адал Құлын Алла қолдап, ол Алланың алдындағы, халқының алдындағы өз уәзипасын адал атқара береді.

### «Көптің бір атасы – ит», деген...»

Тақырыпқа кіріспей тұрып ескеретін жәйт, көп пен халықтың екі басқалығы. Көп – бірнеше он не жүз адамнан құралған көп. Халық – мемлекетті құрайтын бірнеше мыңдаған көптен құралған адамдар. Сондықтан Алланың бір есімі – Әл-Халику.

Мұхаммед (с.ғ.с.) алғашқы уақытта – ең қиын кезде жалғыз еді. Сонда Оған көпті Өзіне қарату оңай болған жоқ. Қарсылар көп болды. Бірақ, бір Құлдары арқылы, екінші бір Құлдарын қорғайтын Алла, жүрегінде Имандылық ылғалы бар жақсылардың жүрегіне уағыз сәулесін түсіріп, оларды Мұхаммедке қоса берді. Сөйтіп, Оның сахабаларының санын көбейтті, Ұлы Жеңіске жеткерді.

Бүгінде әлем елдерінде Президент сайлауы өтеді. Байқас-тасаңыз қарсылар көп. Нәтижеге келгенде Президент қарсылас-

тарынан басым дауыс алады. Бұл – көптің емес, бәрін Білуші Әл-Халиқу Алланың қалауы. Президентті көпшілік сайламайды, Әл-Халиқу Алла – халық сайлайды.

Халқымызда: «Көпке топырақ шашпа», «Көпті б...таған көмусіз қалады», «Көп түкірсе – көл», «Көп – қорқытады, терең – батырады», -деген сияқты, көптің сипатын жеткерген мақалдар баршылық.

Алайда, халық «Көптің бір атасы – ит», -депті. Неге?

Мұның жауабын Құраннан іздесек, Аяттарға Иман келтіріп, Алланың Жолына түскендерден гөрі, адасушылардың көптігін аңлаймыз.

Дәлел айтайық. «Бақара» сүресінің 83-аятында: «...Содан кейін бетбұрдыңдар да **сендерден аз-ақ адам қалды**. Өйткені, сендер ежелден бетбұрушысындар», -дейді. Байқалып тұрғанындай уағыз көпке айтылған, олардан азғантай ғана адам, уағызға көніп, Алланың айтқанын қылған. 88-аятта бетбұрушылар қарғалып, **азы ғана Иман** келтіргенін айтқан. Екі Аятта да Алланың көпке ризашылығы сөз етілмеген. «Һуд» сүресінің 116-аятында да: «Бірақ, **олардан азын ғана құтқардық...**», -деген. Көбін құтқардық демеген.

Байқалып тұрғандай, адасқандар көп, Имандылардың көптігін көрмейміз.

Абай бабамыз: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – **көп**, ендеше **көпте Ақыл жоқ**. Ебін тап та жөнге сал», -дейді. Өлеңдерінде де: «Наданның сүйенгені **көп пен дүрмек**», «Өзі ермей, ерік бермей **жұрт** қор етті», «Төңкеріліп құбылған **жұрт** – бір сағым... **Көптің** аузын күзетсең, күн көрмейсің...», -деп, көптің мін таққыш екенін айтады\*.

Құранның «Ағраф» сүресінде қарсылар хақында баяндай келе 175-176-аяттарында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға берген Аяттарымыздан сиырылып, шайтандарға ерген **адасушылардан біреудің** жағдайын түсіндір». «Егер қаласақ, Аяттарымыз арқылы, әрине, оны (адасушылардан біреуді айтып отыр) жоғарылатар едік. Бірақ, ол, жерге еңкейіп, нәпсісіне ерді. Сонда оның мысалы,

---

\*17-қарасөздің 8-шісі, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Өлсем орным – қара жер, сыз болмай ма?»-деген өлеңдерінен.

егер оған тап берсеңде тілін салақтатып не еркіне қойсаң да тілін салақтататын ит тәрізді. Аяттарымызды жалғанға шығарған **елдің** мысалы осы. Оқиғаны оларға айтып бер, бәлкім, олар түсінер», - дейді. «...Аяттарымызды жалғанға шығарған **елдің** мысалы...», - деген. «елдің», ел ғой! Демек, көп, көпшілік. Мұнда да біреуді мысал ете отырып, көнбей жүрген көпшілікті айтып отыр. Онда халықтың: «Көптің бір атасы – ит», - дегені де осы Аяттар мен өмір Шындығынан туған. Яғни, бұл мақал арқылы біз, «Бақара» сүресінің 83; 88-ші. «Һұд» сүресінің 116-аятын оқимыз.

Негізінен бұл мақал – Тақуалыққа, атап айтқанда, көпке өкпелемей, сабыр етуге шақырған, Тақуалық мектебінің озаттары шығарған даналық!

### **«Пенде туылғанда, өлетін жерінің топырағы бүрк етеді, екен», - деген...»**

Мұны ел аузынан естігенімізде: «Астағфиралла! Бұл сөзді қайдан алып айтты екен?!» - деп күмәнданарымыз рас. Ал, өмір Шындығына келсек, бір адамдардың қыдырып барған жерінде өліп, сонда жерленгендерін көріп жүрміз. Соны ойлағанда ел ауызындағы бұл сөздің де негізі барына сенеміз.

«Фуссилат» сүресінің, Құран Сөзі Шындыққа шыққанға дейін әлемдегі және өзіміздегі кереметтерді көрсете беретінін айтқан 53-аяты еске түсіп, «Әли Ғымран» сүресінің 154-аятының Шындығына көз жеткереміз. Аятта: «...Және бір топтың жандары қайғы болып, олар Аллаға орынсыз надандық ой ойлады. Олар: «Бұл істе бізде не ерік бар?» - десті. (Мұхаммед с.ғ.с.) оларға: «Барлық іс Алланың еркінде», - деп айт. Ал, олар іштерінде жасырған нәрселерін саған әшкерелемейді. Тағы олар: **«Іс біздің еркімізде болса еді, осы жерде өлтірілмес едік»**, - дейді. (Мұхаммед с.ғ.с.) оларға: **«Егер үйлерінде болсаңдар да өлтірілуі жазылғандар, әрине, өлтірілетін жерлерінде болар еді»**, - деп айт». Алла көкіректеріндегіні сынау үшін және жүректеріндегіні тазарту үшін өстті. Алла – көкейлеріндегіні толық Білуші» - деген.

Адамзат өзінің Аллаға тән («Бақара» с. 156-а) екенін ескермей, пенделікпен ойына келгенін істей береді. Бір ерлі-зайыптылар қартайған шағында: «Екеуіміз тірлікте бірге жасадық, өлгенде

де қабырымыз қатар болсын», деп, мазараттан өздері үшін жер белгілеп қояды. Бірақ, барлығы бірдей сол жерге жерлене алмайды. Себебі, кімнің топырағы қайда екенін Алла біледі. Алла сол жерге апарады.

Бұл Аяттарды оқып, өмір Шындығынан көріп жүргендерімізден түйіп, «Фуссилат» сүресінің 53-аятын түсіндірген мына мақалдың Алладан келгеніне тәнті боламыз.

Тақуалық мектебінің бізге оқытары көп. Тек біз қамсыз пенделер, көріп, есітіп, оқып жүрген дүниелеріміздің Алладан келіп тұрған Аяттар екеніне және Аяттардың өз өмірімізде ауа мен судай араласып тұрғанына мән бермейміз. Сөйтіп жаза басамыз. Бұдан сабақ алып, Тақуалық мектебінде жақсы оқиық!

### **«Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты»**

Бұл мақал ертегілерде кездеседі. «Жік» дегені – тосыннан келе қалған әлдеқандай апат. Оның қайдан келгені, қалай келгені жұмбақ болғандықтан, ол – жік. Екіншіден, бұл аяқ астынан кездескен кесірлерге байланысты өмір Шындығында да айтылады.

Бірде Бек пен Қалыштың баласы аяқ астынан ауырып, абыржып жатқанда, құрдасы Темір мас болып келіп, әдеттегідей әзілімен Қалышқа тиісіп, бұлар жағдай айтқанмен тыңдамай, соңында Бек ашуланып, екеуі төбелеседі...

Ақсақалдардың талқысында Қалыш: «Өзіміз сөйтіп, баламыздың хәлімен күйзеліп отырғанымызда, «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты», -демекші, мына бәле келе қалды. Удай мас, сөзге түсінбейді...», -деген еді.

Ал, Алланың белгілеген уақытымен келетін түрлі табиғи апаттар, соғыс, ауругершілік, жұт, тағы басқалар да осы жер астынан шыққан жік.

Құрандағы сипаты «Нәміл» сүресінің 82-аятынан көрінеді. Аятта: **«Оларға айтылған бастарына келген кезде, олар үшін жерден бір хайуан шығарамыз да ол, оларға адамдардың Аяттарымызға мүлде сенбегендіктерін айтады»**, -деген.

Әлбетте, қайсы елде Алла ескерілмесе, Аяттарға сауатты амалдар жасалмаса, Алла белгілеген Күн толғанда ол елге бір апаттың келері хақ. Сол апат, халық тілінде – жік.

Осындай жіктен ел бір-біріне араласа алмай да қалады. Оны бабаларымыз: «Заман Ақыры келгенде алыстағыңа бара алмайсың, ағайыныңды көме алмайсың», -деп жеткерген.

XXI ғасырдың адамдары 2019 жылдың аяғынан байқап, 2020 жылдың наурызынан маусымына дейінгі аралықта нақты көрді. Алыстағы ағайыны былай тұрсын, бір ауылда бірге жасап жатқан туысынан хабар ала алмады, ағасы інісінің, баласы әкесінің жан азасына қатысуға, ауру жұқтырып аламын ба, деп қорықты, екіншіден, үкімет тарапынан тыйым салынды. Бұл Құранның Алланың ауру жіберіп сынайтыны және Қиямет келгенде әке балаға, бала әкеге көмектесе алмайтыны хақындағы Аяттарының ашық дәлелі.

«Жүсіп» сүресінің 111-аятында, Пайғамбарлар қиссаларында Ақыл иелері үшін өнеге барын, «**Құран бір жасама сөз емес**», екенін ескертсе, Тақуалық мектебінің бағдарламасында да бос сабақ жоқ. Жақсы оқып, жақсылықтарға жетейік!

### **«Соқыр тауыққа бәрі бидай»**

Халқымыздағы осы бір мақалдың да өзіндік пәлсапасы өте терең. Бұл – мата тани білмейтін әйелге, жылтырақ матаның барлығы жібек деген, тәмсілден шыққан мақал. Алайда, мақал қара халық пен діндардың арасындағы байланысқа да көп жақын. Яғни, Құранды білмейтіндер, жылтыраған матаның бәрін жібектей көретін әйелдер сияқты, сәлде байлап, сақал өсірген, шапан мен мәсі киіп, таспих ұстағанның барлығын Тақуа санайды.

Бұл мақал арқылы біз еліміздегі екі топ «соқыр тауықты» атап көрсетпекпіз. Біріншісі, Исламды, әйтеуір сенім санап, ғылым ізденбей, бес парызды ғана орындап, киіну мен сақал қоюда бөлекшеленіп жүргендер; екіншісі, өздері Құранды оқып, Ақиқат пен бұзықтықтың («Бақара» с. 42-а) арасын ашып алмай, соларды әулиедей көріп, алдын кесіп өтпейтін, бір сөзін екі қылмайтын «соқыр тауықтар».

Мақал «Бақара» сүресінің: **«Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. Олар тек қана үйретіндіні (айтады) және тек қана бос ойларды ғана ойлайды»**, -деген 78-аятының және осы сүренің: **«...Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма?!»**-деген 44-аятының түсіндірмесі. Құранды ашып оқымаған

намазхан мешіттен және өзгелерден есіткенімен, ал, имам өз ұстазынан есіткенімен амалдар жасайды және сол білгенімен ғана шектеледі, яғни, намазхандар да, имамдар да тек үйретіндімен жүреді, 44-аятқа амал қылмайды. Себебі, олардың танымындағы Ислам – оу бастан ереже-тәртібі бекітілген, қатып қалған бір қағиданың діні; Құран – бұрынғылар туралы естеліктер және Ол тек қана Мұхаммедке түскен Кітап. Сондықтан олар өздерінің елді игілікке шақыратын қайырлы үмбет етіп шығарылғанын («Әли Ғымран» с. 110-а), елге ескертулер жасау («Мәида» с. 79-а) керектігін білмейді; бұл уәзипаның барлығы Мұхаммедке тиесілі, деп түсінеді; Мұхаммед сол кездегілерге және ол заманда болмағандарға да Пайғамбар екенін («Жұма» с. 2-3-а), Құранның күллі адамзатқа Тура Жол екенін зерделей алмайды («Бақара» с. 138; 174-а). Ұстаздар айтқанды ғана қайталап жүре береді.

Сонда көптің бірі болып жүре беретін бұлар да «соқыр тауық» болмай ма?

Осыны ойлағанда бұл мақал «Жұма» сүресінің 5-аятын да ұқтырып тұрғандай. Яғни, имам – имам атанып, ұстаз – ұстаз атанып, Құранды өзі оқып зерттемей, үйретіндіні қайталаумен қала берсе, «...Кітап артылған есек тәрізді...» болмай ма?!

«Фатыр» сүресінің 31-аятында Алла Құранның – Хақ екенін, алдыңғы Кітаптарды растаушы екенін айтып, Өзінің Құлдарынан анық Хабар Алушы екенін ескертіп, 32-аятында: **«Сосын ол Кітапты (Құранды) Құлдарымыздан таңдағанымызға (Мұсылмандарға) мұра қылдық. Олардан әлдекім өзіне кесір тигізеді де кейі ортада болады. Ал, тағы біреулері Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ілгерілеуші болады. Міне, осы – ұлы Мұрат»**,-дейді.

Бір жиында, осы Аятты келтіріп, Исламды үйренуде кімнен дәріс алып, кімнен қашу керектігін, кімнен үлгі үйрену ләзімдігін айтқанымызда, бір жас намазхан: «Олар да Кәлима келтірген Мұсылмандар ғой, олар қалай, өздеріне кесір тигізеді?»-деп сұрақ қойды.

Рас бұл сұрақ қарапайым халықтың да жүрегінде жүр. Бәрі де оның анық жауабын білуге ынтызар.

Бұхарадағы Көкәлташ медресесінде білім алған әулие Қанарбай Айбасұлы (1836-1899): **«Соңғы Пайғамбар арабтан шыққанмен арабтың бәрі пайғамбар емес»**,-деген. Осы

Кісілердің кезінде де қазақтың қожаны төбесіне көтеріп сыйлайтынын есітіп, араб елінен еліне симай жүрген арабтар, араб атын жамылған қаңғыбастар келген. Ел олардың қырағатына қызығып, әулие көріп ерекше сый көрсеткен. Бірақ, ел ішіндегі Қанарбай атам сияқты ғұламалар, олармен сыйласа-сырласа жүріп, еш жерде оқымаған – Құранды жақсы білмейтін, бас сауғалап жүргендер екенін біліп, бір-екеуін қуып жіберген, жәрдемге мұқтаж, Ақылы бүтіндерін қайта тәрбиелеген.

Дәл осы сияқты, бізге де әуелгі кезде (1992-2007) сондайлар қара көрсетсе, кейін жастарымыз солардың еліне барып оқып, елге Исламда жоқ амалдарды, 12-13 ғасырдан бері бір ғана Әбу Ханифа мәзһабында келе жатқан қазаққа бірнеше ағымдардың жолын әкелді. Бабаларының Имандылық үлгісін көріп өскендер бұлардың мұнысынан шошынды; бір үйдегілердің бірі Әбу Ханифа, екіншісі Ханбали, үшіншісі Ахмади жолын ұстанып үшке бөлінді...

2007 жылы Үкімет шара көріп, көпшілігі таза Жолға түсті. Бірақ, **«Біз адам баласына нығмет берген кезде жалтарып, бір жағына қыңрайып алды...»** («Ісра» с. 83-а),-дегендей, «Ниса» сүресінің: **«...өздеріңнен болған әмір иелеріне бойұсыныңдар...»**,-деген 59-аятына, «Әли Ғымран» сүресінің (104-а) нұсқауымен құрылған ҚМДБ-сына бойұсынбай жүргендер бар. Бұлар аталмыш екі Аятқа қарсы жүріп, өздеріне **«...кесір тигізумен...»** бірге («Фатыр» с. 32-а), бөлінбеу туралы Аяттарды («Әли Ғымран» с. 103; «Шура» с. 13-а) да мойындамай жүр. Өйткені, бұлар және бұлар тәлім алған орта Құранды толық білмейтіндер. Білсе, жаңағы біз атаған Аяттарды құрметтеп, үй ішінен үй тікпес еді. Аяттарға сауатты амал жасап, Алланың ризашылығына жету қамында жүрер еді.

Тақырыбымыз тілімен айтқанда, Құранды жақсы білмейтін бұлар, Исламды тек діни – сенім деген тар аяда ғана ұғынып, әйтеуір құлшылықпен жүрген «соқыр тауықтар».

Атап өткен кемшіліктеріміз, олардың жеке бастарына әкелетін зияны. Ең жаман жері, осылардың кесірінен көп жастарымыз, тіпті, ересектердің өзі Ислам бағытында кімге сенерін білмей, Исламға кіріп тиісті амалдарды жасай алмай, тек Аллаға жалынып жүр. Бұдан да жаманы – Билікті, оқымысты ортаны Шындыққа тартуға кедергі болып отырғаны. Олар осы «соқыр тауықтарды» көріп, елде мұсылманшылық Жолын қуаттаудан қорқып отыр.



Егер бұл «тауықтар» болмаса, ел де, билік те Алланың барын, Құран Алладан келген Тура Жол екенін, Алланың құдырет күшін көріп-біліп отыр. Олар ел Ислам Жолымен жүрсе, қылмыс, сыбайлас жемқорлық сияқтылар өз-өзінен жойылып, ел бүгінгісінен де үлкен жетістіктерге жететініне сенімді.

Сондықтан Құранның қазақшасын көп оқиық. «Соқыр тауық болмайық», Тура Жол мен жасанды жолдың ара-жігін ажыратып, өзімізге де, елге де пайдамызды тигізейік. Алланың құзырында қабыл болатын амал осы ғана – бейбіт қоғамға пайда келтіру.

«Дүмше молда – дін бұзар», «Аңқау елге арамза молда», деген мақалдар да Тақуалық мектебінің озаттарының халықты сондайлардан сақтандыру үшін айтқаны. Мына мақал да солардан бірі. Тақуалық мектебінің сабақтарынан татымды тағлым алайық, нәпсісі үшін жүрген дүмше, арамза молдалардан аулақ болайық!

### **«Қызғанғаның қызыл итке жем болсын»**

Қарғыс мақал. «Қызғанба! Өйтсең, қызғанғаның қызыл итке жем болады!»-десе, біз бұл кеңес мақал, деп қабылдар едік.

Қызғану – Тақуаларға жат, надандарға салт, шайтанның амалы. Мақал «Ниса» сүресінің: **«Немесе олар Алланың Өз кеңшілігімен адамдарға бергенін қызғана ма?...»**-деген 54-аятының түсіндірмесі. 52-аятта лағнеттелгендерді айтып, 53-аятта: «Олардың әкімшіліктен бір үлесі бар ма?...»-деп, сосын Өз кеңшілігіне келіп, осы Аятты түсірген.

Біз «Инсан» (30-а), «Текуир» (29-а) сүрелерінен Алла қаламай, пенденің қалағаны болмайтынын білеміз. Сонда неге қызғанамыз?! Әрине, Құранды жақсы білмейтін пенделігімізден.

«Хикметтер қазынасы» деген кітапта, алтын ұрлаған екі ұрыны айтады. Алтынды олжалап екеуі тауға жасырынады. Екеуі кеңесе келе, біреуі қалаға – базарға барып тамақ әкелетін болады. Ол кете берсін.

Тауда қалған, алтынды қалай қылса, өзі түгел иемденетінін ойлап отырып, жолдасы келген бойда, оны таспен ұрып өлтіруді жоспарластырып, дайындалады.

Ал, базардан қайтқан серігі де осындай арам ойға беріліп, тамаққа у салып әкеледі.

Тауға жолдасына келіп, заттарды жерге қоймаққа еңкейгенде, дайын тұрған жолдасы басына таспен бір ұрып өлтіреді. Сөйтеді де тамаққа тойып алмақ ниетімен алдына алып, жеп уланып бұл да өледі. Алтын иесіз тауда қалады.

Міне, Алланың: **«Сендердің қалауларың болмайды. Алла қаласа ғана болады. Рас**

Алла – өте Білуші, Хикмет Иесі» («Инсан» с. 30-а),-дегені осы. Алланың қалауынан өз қалауын биік қойған пенделер пейілдерінен тауып өліп кетті...

«Қызғанғаны қызыл итке жем болады». Көрдіңіз бе, Тақуалық мектебінде қандай сабақтар бар! Бұл мектепте көрген, есіткен, оқығанымыздан жалықпай жақсы сабақ алып, оқытып отырған Алланың алдына ұялмастай болып барайық!

### **«Әркімді Құдай есіркесін!»**

Расында әркімді Құдай ғана есіркей алады. Бір ауру адамды біреу емдепті немесе біреуге жала жабылып, ол пәленшенің араласуымен ақталыпты, десе, ол тек Алладан. Одан басқа ешкім ешкімге шапағат ете алмайды. Біз материалистік Санадан шыға алмай жүргендіктен Аяттарға шын сене алмаймыз. Егер сенсек, айтып отырған Шындығымызға дым күмән қалмайды.

Бұл мақал – «Жүніс» сүресінің 3-ші, «Нәжім» сүресінің 26-аятының түсіндірмесі.

Аяттарда: «Раббыларың сондай Алла, Ол көктер мен жерді алты күнде жаратты. Сонан соң, ғарышты меңгеріп, істі басқарды. **Оның рұхсатынсыз ешбір шапағатшы жоқ.**

Міне, осы Алла – Раббыларың. Ендеше Оған құлшылық қылыңдар. Сонда да түсінбейсіңдер ме?!». «Көктерде қаншалаған Періште бар. Алла қалар риза болған кісісіне рұхсат бермейінше, олардың шапағаты ештеңеге жарамайды», -дейді.

Бірінші Аяттың бірінші сөйлемінен Раббымыздың Алла екенін, көктер мен жерді алты күнде жаратқанынан Оның аса Құдыреттілігін, күллі жаратылысқа күші жететінін түсіндік. Екінші сөйлемнен – ғарышты меңгеріп, істі басқаруынан, екінші жұмысын білдік. Ал, үшінші сөйлемнің көктер мен жерге, ғарышқа не қатысы бар? Неге Аят бұлай түскен? Мұның жауабын «Бақара» сүресінің 115-118-аяттарынан оқимыз.

Аяттарда: **«Шығыс, батыс әр тарап Аллаға тән.** Сондықтан қай жаққа бет қаратсаңдар да Алланың жүзі (ризалығы) сол жақта...». «Олар: «Алла, бала иемденді»-деді. Ол, баладан пәк. Дегенмен, көктер мен жердегі нәрселер Оныкі. Олар түгел

**Оған бой ұсынады». «... Егер бір істің болуын қаласа, оған тек қана: «Бол!» дейді. Ол, бола қалады». «... Расында, нақ иланатын елге Аяттарды ашық баян еттік», -дейді.**

Бірінші Аят өте түсінікті. Екінші – 116-117-аяттардан «Жүніс» сүресінің 3-аяты үстінде туған сұрағымызға нақты жауап аламыз. Яғни, көктердегілер мен жердегілердің барлығы Оған бағынышты. Ол: «Бол!»-деп әмір бергенде, арман-тілек біткеннің барлығы орындала қалады. Алланың рұхсатынсыз ешкім ешкімге шапағат ете алмайтынының мағынасы осы. Біз тағы да «ешкім ешкімге» дегеннен тек адамды ғана түсініп қаламыз, сол үшін «Нәжім» сүресінің 26-аятын да келтірдік. Яғни, Алла риза болып рұхсат бермесе, бізге көрінбейтін, бірақ, бар Періштелер де ешкімге шапағат ете алмайды.

Сондықтан біз біреудің басындағы тағдырға жанымыз ашығанда, Алла рұхсат бермейінше қолымыздан ештеңе келмейтініне сеніп: «Әркімді Құдай есіркесін!»-деп, оны Алланың Рахымы мен Мейіріміне тапсырамыз.

1970 жылдарда Шәрипа ауырады. Ауданның, облыстық, тіпті Ташкеннің дәрігерлері емдей алмай, бұл ауылына қайтады. Төсек тартып, соңғы демін күтіп жатады.

Өзі де, өзінен қатты күйеуі алдағы келгелі тұрған тағдырдан қатты қорқады. Әсіресе, күйеуі: «Мен бұрын өлуім керек еді. Бұл кеткесін менің тағдырым не болады?!»-деп, бірге туған жанашырларына кеңес салып жылап жүреді. Мұны ауру әйелі де сезіп, төсегінде жатып мұңаяды. Сол күні түнде түсінде әйелдің әкесі түсіне кіріп: «Сен қатты қиналдың ғой, балам! Мына әулиенің құдығынан су алып, іш, шомыл!»-деп әулиені айтады.

Мұны азанда, ояна сала күйеуі мен баласына айтады. Содан әулиеге барып, екі пләк су әкеліп, ауру Шәрипа ішіп, шомылып, ауруынан құлантаза айығады...

Шәрипадан бұрын және кейін осы аурумен талай адам ауырып, емделе алмай бақилыққа көшті. Себебі, оларға ешбір аяқ берілмеді. Яғни, Алла есіркемеді, ешкімнің шапағаты болмады.

### **«Ойыннан от шығады»**

«Тағабұн» сүресінің 11-аятында: **«Алладан бұйрықсыз ешбір қайғы-қасірет болмайды. Ал және кім Аллаға Иман келтірсе, оның жүрегін түзейді. Алла – барлық нәрсені толық Білуші»,**-деген.

Ойын деген нәрсенің өзі – алмағайып нәрсе. Өмірде ойнап отырып, бірін-бірі өлтіріп қойғандарды білеміз. Қаршадайынан бір ауылда өскен, түйдес құрдас екеудің күші де, дәулеті де, олардың ауылдағы абройлары да тең еді. Екеуі кейде ауызекі, кейде жұлысып жарасымды әзілдесетін. Мұны ел жақсы білетін. Олар бір-біріне көмектесіп те жүретін. Әйткенмен, бұлардың бірінің іші арам екен. Бірде әдеттегідей әзілдесіп отырып, құрдасына пышақ тығып алады...

Опасызы тергеушіге келгенде: «Әзілдеп едім», -деп құтыламын», -деп ойласа керек, бірақ, өзге куәлер, бұның дүлей ашуға мініп, шын екпінімен ұмтылғанын, одан зұлымдық күтпеген «досының» шегінуге мүмкіндігі болмағанын айтады. Бұл алдымен бұлтарғанмен кейін мойындап, жазаға тартылады.

Бұларға бұл тағдырды Алла белгілеген («Мүрсәлат» с. 23-а). Бірақ, бұлар **өлшеумен жаралған** әр нәрсенің бір шегі болатынын («Қамар» с. 49-а), **«Әр хабардың нәтижеленетін уақыты барын...»** («Әнғам» с. 67-а) білмеді. Білсе де ескеріп, өздерін түземеді («Мәида» с. 105-а).

### «Бейнеттіге қара жер ойылады»

Әрине, мақалдың айтып отырғаны тосаттан келетін сәтсіздік, қиындық. Бірақ, бейнетті кім, оған бұлар не себепті келеді? Ол – Алланы ескермеуден. Алла «Әнғам» сүресінде Алланың сипаттары мен қарсыларды айта келіп, 65-аятында: **«Ол сендерге үстеріңнен немесе аяқтарыңның астынан азап жіберуге не сендерді топтар түрінде ұрыстырып, біріңе біріңнің кесіріңді тарттыруға Күші жетеді»...**», -десе, «Әнбия» сүресінің 40-аятында: **«Олай емес! Бейнет оларға кенеттен келіп, өздерін абыржытады. Сонда олар оны тойтара алмайды да өздеріне мұрса берілмейді»**, -дейді.

Мақал мен Аяттардан алатын сабақ, біріншіден, Алланың бұйрығынсыз қайғы-қасірет болмайтыны болса, екіншісі, әрқашан Алламен бірге болу.

Алламен бірге болу – Оның әмірлерін орындау, Алланың сабырлылармен, Тақуалармен бірге жүретінін ескеру. Тақуалық мектебінде жақсы оқып, Тақуа болайық!

*Бабаларымыздан:*  
**«Райынан бұрын қайтқанға Алланың Нұры жауады», -**  
*деген де өсиет қалған*

Бұл – Құранның «Әнғам» сүресінің 54-аятын еске салады. Аятта: «Қашан саған Аяттарымызға сенгендер келсе: «Сәламүн Ғалейкүм», де. Раббыларың мәрхамет етуді Өз үстіне алған. **Шәксіз Алла, сендерден біреу, білмей бір жамандық істеп, сонан кейін тәубе қылып, өзін түзелтсе, сөз жоқ, Алла – аса Жарылқаушы, ерекше – Мейірімді**», - деген. Мұның мәнісі – сәлем бермеген адам, осы кемшілігін кейін біліп, дереу сәлем берсе, Алланың кешіретіні. Демек, осындай жағдай кездессе, біз де кешіруіміз керек.

Біз сәлемді ғана айттық. Бұл – Аяттың бірнеше мағыналарының бірі ғана. Ал, райынан қайтқан дегенге, ашу үстінде қате жасаған адамның, тезірек Алланы есіне алып, сабырға келіп, ашу бұғандағы артық сөзі үшін, қылығы үшін кешірім сұрауы да; біреудің өзін-өзі байқап: «Әй, жаңағы менің қылығым, тәкаппарлыққа сай келді-ау!» - деп, онысын түзеп, кішіпейілділікке келуі де, осы райдан қайтқанға жатады.

Тарихта қалған үлгілерден келтірейік.

Ілгеріде, Тауелібай жерінде, елдегі тойлардың бірінде, көкпарының салымының үстінде тартысып, теріс қарасып кеткен Пішәннің Төребайы мен жұлма Көшекбай бабаларымыз келесі тойға шақырылыпты. Тоғашылар екеуін бір үйге түсірген. Төребайдың осында екенін білген Көшекбай, үйдің табалдырығынан аттай сала: «Мен сағындым! Сен нағылдың?» - депті. Сонда бұл да орнынан ұшып тұрып: «Мен де сағындым!» - деп. Құшағын айқара ашып ұмтылыпты.

Жалған дүниені жалған, деп түсінген, Рахым-Алланың сыйлығынан үміттенген Ақылдылар осылай бітіседі екен. «Жақсының ашуы жібек орамал кепкенше», - деген. Жақсылар көп болсын. Жақсылықты бағалай алатын ақылдылар көп болсын. «Пасық – жікшіл, күншіл болады; жаман – кекшіл болады», - деген, Құдай осындайлардан сақтасын.

Осы оқиғаға ұқсас мына әңгіменің табиғат тағы басқаша.

Қалдан, Бозан аталарымыз Ағытпа өңіріндегі ауылдас кісілер. 1956 жылы Қызылқұдықтағы бір тойда, көкпары салымының

үстінде бұлар келіспей қалады. Бозан атам тойды тастап ауылына қайтады. Бір күні Бозан атам ауырып, төсек тартып жатып қалады. Соны есіткен Қалдан атам, Ислам ілімінен хабары жоқ біреулерді таң қалдырып, арнайы көлікпен келіп, хәлін сұрап, бір тәулік қасында болып, сыбағасын жеп аттаныпты. Бұған риза болған Бозан атам, көңілі жадырап: «Алланың Нұрын көргілерің келсе, Қалданның артынан қараңдар! Оған Алланың Нұры жауып тұр», -депті.

Сабыр мен кешірімде үлкен хикмет бар, дегеніміз осы болар.

\* \* \* \* \*

Әйгілі Төлеген Айбергенов пен Тауелібайдың Ақтауынан шыққан Өмірзақ Қожамұратов Алматыда жүрген күндерінде әлденеге тартысып, бітісе алмай кетіпті. Ертеңіне ғалым Зейнолла Серікқалиев пен Өмірзақ ағамыз ресторанға келсе, Төлеген ағамыз да осында тамақтанып отыр екен. Ол бұларды көре сала орнынан тұрып:

Оу, Ақтаудан асып келген мұраттасым,  
Бұл достық алға тағы бір аттасын.  
Жақындық Қаратаудай ескі болсын,  
Ақындық Алатауда тұрақтасын,-деп, құшағын ашып, ілгері жүріп келіп қапсыра құшақтапты. Өмірзақ ағам да құшақтап:

Оу, менің Әму-Сырдай егіз досым,  
Байқадым, кеп тұр екен, көңіл қошың.  
Жүректің жырын оқып сырласайық,  
Шабыттар шалқып тассын – теңіз болсын,-депті.

Білімі, тәрбиесі жақсылар мен ақылдылар қашанда осындай. Мен жеңдім, сен жеңілдің демейді. Замандастарының басындағы кез келген пенделікті кешіре алады, жүрегінде кір сақтамайды. Таза жүректегі Алланың ғазиз аманатына қиянат жасамайды. Сондықтан олар ауырмайды және ондай таза жүрекпен Алла да бірге...

Міне, Тақуалық мектебінен жақсы үлгі-өнеге іздеп жүрген жақсыларға тағы бір Тақуалық үлгісі. Мектепте жақсы оқып, бұлардан татымды тағлым алып, Алланың сүйген Құлына айналайық!

## «Құдай деген, құр қалмайды»

Мәтелдің көздегені – Имандылыққа үгіттеу. Расында «Адамнан тілесен, көзің шығады; Құдайдан тілесен, бүйірің шығады», - дегендей, жалғыз Аллаға Иман келтіріп Алладан ғана сұраған пенде мұратына жетеді.

Ашықтайтын мәселе – бірлеулердің екінші бір адамдардың көмегімен мақсатына жететіні. Ал, сол біреудің жәрдемімен мақсатына жеткен адам, Алланың бір Құлдары арқылы, екінші Құлдарын қорғайтыны жөніндегі Аяттарынан хабарсыз болса: «Маған Алла қалай көмек берді? Маған адам жәрдемдесті ғой!» - деп, Аллаға күмәнданады. Бұл – үлкен қателік. Пенде осындай күмәні арқылы да күнә жинайды.

Алласыз ештеңе болмайды. Тілеушінің Иман қуатына қарай Алла біреуді себепші етіп, тілегенін береді. Бірдеңеге мұқтаж болған адамға жомарт адамды ұшырастырса, жолдан адасқанға қайырымды жақсыны кездестіреді; ауруға дәрігер не тәуіпті себепші қылады; жала жабылған жазықсызға, ақтаушы заңгерді себепші етеді т.б.

«Іншиқак» сүресінде: **«...Иман келтіріп, түзу амал істеушілерге таусылмайтын сыйлық бар»** (25-а), -десе, «Бақара» сүресінің 186-аятында Өзінің Құлдарына жақын екенін: **«...Өте жақынмын. Қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. Ендеше, олар да әмірімді қабыл етсін. Және Маған сенсін. Әрине, Тура Жол тапқан болады»**, - деген. Аллаға сеніп, Оның әмірін орындап жүрген дұрыс адам – Тура Жол тапқан адам. Оның тілеген игі тілегі қате кетпейді. Бұдан дәлел ретінде Алладан перзент тілеп ұл, қыз сүйгендерді және басқа жақсылықтарға жеткендерді айта аламыз.

Біз келтіріп отырған «Әнфал» сүресінің 45-аяты соғыс жайын айтқанымен, Аяттардың бірнеше мағына беретінін ескеріп, ережеге сай пайдалансақ, бұл біздің барлық мақсатымызға жетуімізге көмектеседі. Аятта: **«Әй, Момындар! Қашан бір топпен қарсылассандар, мықты болындар да Алланы көп еске алындар, әрине, құтыласындар»**, - деген. Аятты жеке тұлғаға сайып талдасақ: «топ» – жау, шайтандар, жындар, тіршіліктегі қарсыластарымыз; «мықты болындар», дегені – Аллаға шүбәсіз сеніңдер, дегені; «құтыласындар», дегені – өзіңді мазалап жүрген



азаптан, тәшпiштен, машақаттан, дерттен құтылатынымыз. «Жүсіп» сүресінде: «...Шын мәнінде кім Алладан сақтанса (қарсы келмесе), сабыр етсе, күдіксіз Алла жақсылық істеушілердің еңбегін зая қылмайды»-...» (90-а),-дейді. Аятта айтылғандай жақсылық істейік, яғни, Құранмен жүрейік Алла тілектерімізді берсін.

### **«Жаманның да бір жақсысы бар»**

Өмір Шындығынан туған бұл мақал, «Ағраф» сүресінің 159-аятының түсіндірмесі.

Аятта: «**Мұсаның (ғ.с.) қауымынан да Тура Жолға салатын және онымен Әділдік істейтін бір топ бар**», -дейді. Біз мұны өмірде көріп отырмыз. Мұсаның қауымы бүгінгі израилдіктер болса, олардың арасынан өзімізге достық еткен небір жақсыларды білеміз.

Олар дін де айырмайды, адам да алаламайды – адамзатқа адал қызмет қылады.

Жалпы оларды Аллаға серік қосқаны және өздеріне түскен Алланың Кітабын өзгертіп, Алла бекіткен Жолдан жүрмегендігі үшін ғайридін, деп, жаманға қосамыз. Бірақ, Аят пен мақал айтып отырғандай, олардың арасында екі жүзді Имандылардан артық жақсылар бар.

Бұл мақалды елде сабырға шақырғанда қолданады. Бірде көкегіншілік жұмысшыларының жетекшісі, бір жұмысшысына кеңес беріп: «Егесін сыйласаң, итіне сүйек таста», -деген. Деменнің өзі жаман болғанымен, оның інісі Асқарды сыйламадың ба? Ол – ел сыйлаған Азамат қой!...»-деп, оны Асқарға кешірім сұрауға жіберді.

Міне, ел – осындай Әділдігімен ел!

### **«Ауру қалса да, әдет қалмайды»**

Бұл мақал – өмір Шындығынан туған мақал. Бұл өзімізше айтқанда, көңілшек, салақ, ұқыпсыз адамдарға тура келеді. Ең қарапайым мысал, арақ ішіп мас болған адамның бір ұйықтап тұрғасын басы ауырады, орнынан тұрып жүруге дәрмені келмейді, тамаққа тәбеті болмайды...

Қиналады. Қиналғаннан екінші арақ ішпейтін болады. Бірнеше күн өзін сақтап, ішпей жүреді. Ауруы қалды.

Бірақ, әлі көңілшек әдеті бар. Бір күндері, бір қимас жолдастарымен кездескенде, әлгі көңілшек әдеті үндеп, ішіп қояды. Және ауырады...

Міне, ауру қалса да, әдет қалмайтыны осылай. Тағы айтайық, бұл – ең қысқа, ең нақты дәлел. Ал, толықтырып айтатын болсақ, әңгімені адамзат тарихынан бастаймыз.

Бірінші, көңілшектік деген не? Ол адамзатта қашан, қалай пайда болған?

Бұл сұрақтарға қысқа жауап берсек, көңілшектік, деген – қысқа ойлап, тез алдану. Ол адамзатта, Адам (ғ.с.) мен Науаның Бейіште шайтанға алданған жерінен пайда болды («Бақар с. 35-36-а»). Қалай? Олар Бейішке орналастырылды («Бақара» с. 34-а), Алла оларға шайтаннан сақтануды тапсырды («Таһа» с. 114-117-а). Бірақ, олар қысқа ойлылығынан, пікірсіздігінен шайтанға алданды («Ағраф» с. 20-22; «Таһа» с. 20-21-а). Сол алдану, Адамның дүниеден өткеніне, триллиондаған жылдар болса да, одан беріде қанша Пайғамбарлар келіп (шайтаннан сақтануды) ескертсе де, Құран түскеніне қанша ғасыр өтсе де әлі жоғалмай келе жатыр.

Екінші, осы алданудан адамзат зиян шегіп, өлгенінен кейін аспан есіктерінен өте алмай, қайта жер басып жүр. Бұған бір дәлел, «тұқым қуалайтын ауру» болса; екіншісі, кезкелген адамның мінезінің бабаларының не нағашыларының бірінің мінезіне ұқсайтыны мен бір пақырлардың кемістекпен туылуы.

Яғни, қызғаншақтық, ішітарлық әдетінен ауру тапқан адам, сол аурудан өледі, аурудан құтылады; бірақ, сол әдетін түземей, содан ауру әрі күнә арттырғандығы себепті көктің есіктерінен өте алмай, сол әдетімен қайта туылады.

Өлімімен ауруынан құтылды, бірақ, қызғаншақтығы мен іштарлығы Рухында қалды.

Көрініп тұрғандай денедегі аурудан адам құтылады, ал, Рухтағы аурудан пенде Құран арқылы өзін тәрбиелемей, құтыла алмайды. Құран соны түсіндіру үшін, Рухты тазарту үшін түсірілген.

Біз «Тақуалыққа бастар жол...» және «Исламдағы Рухани жаңғыру...» атты кітаптарымызда Құранның мәңгілікке түскен, ғасырлармен, адамзатпен бірге жасай беретін Жаңа Кітап екенін айтып, әдеттің қалмайтына бірнеше дәлелдер айтқанбыз.

«Нәміл» сүресінің 83-аятында: «Ол Күні әр үмметтен Аяттарымызды жасынға айналдырғандардан бір топ жинаймыз. Сонда олар тостырылады», - деген. Аяттарды өтірікке шығарған «...**әр үмбет...**», қайсы үмбет? Олар – Һүдтің Пайғамбарлығын мойындамаған, (Һүдтің (ғ.с.), қос жыныстылықты қолдаған (Лұттың (ғ.с.), Шындыққа қасарысқан (Салихтың (ғ.с.), таразыда өлшеу мен тартудан жыратын (Шұғайыптың (ғ.с.), байлығына, дәрежесіне сеніп, өзін құдай санаған (Мұсаның (ғ.с.), уәдесінде тұрамаған (Исаның (ғ.с.) үмбеттер. Қысқасы, барлық Пайғамбарлардың қарсыластары, дұшпандары.

Қазір жер бетіндегі замандастарымыздың бойынан солардың әдеттерін көретініміз, бұл тақырыбызға нақты дәлел...

Ал, әдеттен құтылу үшін, шайтанға алданбау керек. Алданбау үшін Құран Аяттарын жақсы – өте жақсы білу керек. Адам мен Һауаны Алланың өсиетінен («Таһа» с. 114-117-а) азғырған шайтан, бүгінгі пендені Құранның қазақшасын оқып, Аяттарды зерттеуден («Бақара» с. 44; «Мүминұн» с. 68-а) тосады. Бұған алданбау керек...

Құранның қазақшасын көп оқу, Аяттарды бір-бірімен, өмір Шындығымен, Ғылыммен салыстырып терең түсіну – Жәннатқа жетудің кепілі.

## **«Шығасыға егесі себепші»**

Мұны біз көбіне мал-дүние шығыны үстінде қолданамыз.

Неге шығасыға егесі себепші болады? Әлбетте, ол шығын, егесінің Алланың қалауын сұрамай («Кеһф» с. 23-а), ойына сенгенінен («Фурқан» с. 43-а) болады. Ойын Тәңір жасап алғандарды ұнатпайтын – Аяттарына қарсы келгендерден өш алатын Алла («Әли Ғымран» с. 4-а), «Табағұн» сүресінің 11-аятында Өзі айтқандай, оның шығынға ұшырап, қайғы шегуіне бұйрық береді.

«Бақара» сүресінің 16-аятында: **«Олар қисық жолды Туралықпен айырбастап алды. Сонда оларға саудалары пайда бермеді. Әм олар Тура Жолды таппады»**, - дейді. Егер олар жалғыз Аллаға, Мұхаммед (с.ғ.с.) пен Құранға Иман келтіргенде Тура Жолға түсер еді. Жақсылықтан жақсылықтарға жетер еді. Аяттағы: **«...саудалары...»**, - дегені – таңдауы, таңдаған

жолдары өздеріне пайда бермегені. Мұны 102-аятта Алланың Тура Жолының орнына сиқырды таңдағандарын, 175-аятта, адасқандардың жолына түскенін, бірақ, олары өздеріне еш пайда бермейтінін ескерткен.

Мұндай теріс жол таңдағандарды «Ниса» сүресінің 44-аятында да, басқа сүрелерде де ескертіп, «Жасия» сүресінің 7-10-аяттарында: **«Барлық өтірікші күнәкар құрысын!»** **«Олар оқылған Алланың Аяттарын тындайды да сосын қасарысып, тәкаппарланған бойда естімегендей болады. Енді оны күйзелтуші азаппен қуандыр»**,-деген, бұл – сиқыр мен адасқандар жолын Тура Жолға айырбастап алғандардың сыбағасы.

Ал, Аллаға, Елшісіне Иман келтіргендер шығынға ұшырамайды. «Тәубе» сүресінің 111-аятында: **«Күдіксіз Алла Момындардың жандарын, малдарын Жәннатпен айырбастап алды. Олар Алла Жолында соғысады, өледі және өлтіреді. Бұған байланысты хақ уәде Тәуратта, Інжілде және Құанда бар. Алладан артық уәдесін кім орындайды? Ендеше бұл саудаласқан саудаларыңа қуаныңдар! Міне, осы – ірі қол жетушілік!»**,-деп шығынға ұшырамайтын Жолды ескертеді. «Саф» сүресінің 8-11-аяттарында: **«Олар (кәпірлер) Алланың Нұрын өшіруді қалайды. (Олар) кәпірлер жек көрсе де Алла Нұрын тәмамдайды». «Ол сондай Алла, мүшріктер жек көрсе де дінін бүкіл діндерге үстем қылу үшін Елшісін Туралықпен хақ дінмен жіберді». «Әй, Момындар! Сендерге жан түршігерлік азаптан құтқаратын бір сауда көрсетейін бе?» «Аллаға, Елшісіне Иман келтіріңдер; малдарыңмен, жандарыңмен Алла Жолында күресіңдер. Егер білетін болсаңдар, сендер үшін осы қайырлы!»**-деп ізінен күнәларды кешіріп, Ғадын Жәннатына кіргізетінін, жеңістер жеткеретінін сүйіншілеген.

«Байлық – қолдың кірі»,-деген тақырыбымызда байлық, малдүниеге байланысты Аяттармен таныстырдық. Жоғарыдағы Аяттардан Алла берген байлықтың баяндамауына Алланың Жолын білмегендік себеп екенін жеткердік. Расында Алланың Тура Жолын білмеген әркім, өз жанынан шыққан шығынға өз себепші.

Құранның «Қасас» сүресінде Алла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.) Мұсаның (ғ.с.) заманында болған оқиғаны баяндайды.

«Рас Қарұн Мұсаның (ғ.с.) елінен еді де оларға қарсы келді. ...оған (Қарұнға Н.Қ.) кілттерін күшті бір топ әрең көтеретін қазыналар берген едік. Сонда оған халқы: «Елірме! Расында Алла еліргендерді жақсы көрмейді», - деді» (76-аят). Бірақ, Қарұн Алланың: «Алланың саған берген дәулетімен Ақырет жұртын ізде де дүниедегі несібенді де ұмытпа. Алла саған жақсылық еткендей, сен де жақсылық істе. Сондай-ақ, жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Алла бұзақыларды сүймейді» (77-аят), - деген Аятын ескермей, елірме дегендерге: «... «Шын мәнінде бұл маған мендегі білімге берілді. (Баюдың жолын білуші едім)», - деді...» (78-аят), адамға балалар мен мал-дүние сынақ үшін берілетіне пәм-парасаты жетпей, күпініп...

Қам сүт емген пенде осындай. «Шура» сүресінің 27-аяты: «Егер Алла Құлдарының несібесін кеңітіп жіберсе, әлбетте, жер жүзінде бүліншілік шығарады. Бірақ, қалаған мөлшерде несібе береді. Өйткені Ол – құлдарынан толық Хабар Алушы, Көруші», - деген.

Сәнімбек облыстық жол құрылысы деп аталатын бір дәу мекеменің бастығы еді. Іскерлігінен елге жағып жүрген, маңғыздау адам болатын. Қосалқа шаруашылық та ашып алған. Мекемеде үш жүзге жуық адам істейді.

Жасынан аудандық комсомол, партия комитеттерінде, сосын шаруашылықтарда партия комитетінің хатшысы болып, елге сыйы асқан Сәкең, бұл мекемені оншақты жыл сыр бермей басқарып, әбден орнықты. Айлық жеткілікті. Қосалқа шаруашылық өз жеке меншігі сияқты... Қол астындағыларға әділеттілігімен, сыпайылығымен өте сыйлы.

Осындай сипатқа ие Сәнімбек зерікті ме? Толып тасты ма? Ақшаға қарта ойнаумен ауызданып, кейін бұл тұрақты машыққа айналды. Қартаны өзінің кеңсесінде бірге істейтін әрі жақын көрші отыратын, ауыздарынан сөз шықпайтын жігіттермен ойнайды. Сыртқа сыр бермейді. Бұл ойын ұзақ жыл жалғасты. Қасындағы жігіттер бастық келіндер деп отырғасын, соның айтқаны болсын, деп, күнде ойында. Кей-кейде, көбіне той-мерекеде шөлдегі, айналадағы шаруашылықтардың директорлары, солар сияқты ауданның қоңдылары мен қуаттылары жасырын келіп ойнайтын...

Осылай уақыт сырғып өте берді. Құдайды айтса шаншулап қалатын кеңес үкіметінің тарағанына да он шақты жыл болды. Сәкең осынша абырой мен несібені, бақытты берген Алланы бір есіне алмады. Әр нәрсенің де шегі барына ой бөлмеді. Айналасына қарап, облыс, аудан көлеміндегі біреу-жарымнан кейіндеу болғанымен көпшілігімен иықтас, ал, ауылдағылардың алды екенін таразылап шүкір етпеді. Жылында бір, кейде екі мәрте атаулы күндерде ел қатарлы садақа істеп, халықтық мерекелерді өткергені болмаса, бір жетім-жесірге артықша қол беріп сүйеген жері жоқ. Қарыз сұрап келгендердің де мықтылауы болмаса, орта шаруа, одан төмендерге түк тамызбайтын. Қиямет туралы, тағдыр жайлы есітіп, оқығаны болғанымен, сауап хақында, садақаның, қайырдың алдағы жайсыз күннің азабынан құтқаратын зор қасиеті барын мүлде білмейтін.

Қосалқы шаруашылықты да 1995 жылдардан кейін жапты. Мекеменің де ахуалы құлдырады. Прокурордың кезекті тексеруі өтіп, шикілік табылды. Ылғи қошеметтің ортасында жүрген бастыққа прокуратураға бару қиындау соқты. Алдымен бас есепшісін, бас инженерін жіберіп көріп еді. Болмады. Тек өзі келуі керек екен. Оншақты күннің ішінде өзі де келді. Шайтан желкесінен тартып қиналып келді. Бұл жолы, одан кейінгі күні нелер сөйлескенін өздері білсін, үшінші күні прокурорға: «Қолыңнан келгенін аяма!»-деп, қатты сөйлепті. Кіміне сенді екен? Пана болатын Алланы есіне де алмайтын. Оның үстіне Құран тиым салған құмар ойынына құныққан?!

Бұрынғы атеист, коммунист саптастарының мықтыларын ортаға салып көрді. Кеш болыпты. Ана сөз айтылмастан бұрын болғанда прокурор шегініс жасауы мүмкін екен.

Сонымен жұмыс сотқа өтті де қамалып кетті.

**«Бастарыңа келген бір ауыршылық, қолекі істегендеріңнің салдарынан болады. Және де Алла көбін кешіп жібереді»** («Шура» с. 30-аяты),-деген. Біз нашүкір пенделер осыны ескере бермейміз ғой!..

Тақуалық мектебінің бұл сабағынан алар тағлым көп. Немқұрайлылық пен жалқаулықтан қашып, қырағылық етейік, Алланың бұйыртқанынан ұтымды пайдаланайық.

-----

1. «Зұхрұф» сүресінің 33-аяты: «Егер бүкіл адам баласы бірыңғай болып, азбайтын болса еді, әрине, Аллаға қарсы болғандардың үйлерінің төбесін әрі жоғары шығатын баспалдақтарын күмістен жасар едік».

### **«Әкенің малы балаға мал болмайды»**

Әрине, бұл – «Бақара» сүресінің 134-аятының түсіндірмесі. Онда: **«Міне, солар бір үмбет еді. Өтіп кетті. Олардың еңбектері өздеріне, сендердің еңбектерің өздеріне; сендер олардың істегендерінен сұралмайсындар»**,-деген.

Пендешілікте күмән да, келіспеушілік те кездесе береді. «Бұл 134-аят сенімге байланысты айтылған»,-деп, қарсы шығушылардың бой көрсететіні рас. Бірақ, бәрін Білуші Алланың бұйрығынсыз ештеңе болмайтынына және Аяттардың бірнеше мағына беретініне сенгендер: **«...Олардың еңбектері өздеріне, сендердің еңбектерің өздеріне...»** ,-деген ескертудің мағынасынан түсінік алып, бізді құлай қостайды.

Себебі, ешкім алдағысын Алладай анық білмейді және Әл-Ъадилу Алла біреудің маңдай терімен келген ризықты, екінші біреуге жегізбейді.

Өмір Шындығына келсек, өткен тарихта да, өзіміз басымыздан кешкен өмірде де талай байлар жасады. Дегенмен сол байлардың көпшілігінің жинағаны балаларының қолымен көкке суырылып, ұрпағына бұйырмады.

Тақуалық мектебінің әкеге де, балаға да ескерткен бұл Аяттары мен мақалы, баласының келешегін көздеген әкеге де, өзінің болашағын ойлаған балаға да аса маңызды.

Тақуалық мектебінің үйретері көп!

### **«Алма! Піс, аузыма түс!»**

Бұл – жалқаулықты сынаған мақал. Әрбір жалқау ойы тайыз, іс жақпас адам болғанымен, олардың арманы үлкен болады. Соны меңзеп қазақ: «Ойың жеткеннің бәріне қолың жетпейді», «Көрпеңе қарап аяқ соз», «Көрпеңе қарап көсіл», «Қолың көтере



алмайтын шоқпарды беліңе байлама», «Аяз, әліңді біл; құмырсқа, жолыңды біл», «Қожаның көңілі құрт тілейді, көжесінің қатығы жоқ», - деген сияқты мақалдарды шығарған.

Бұлардың барлығының мағынасы, күш-қуатыңа, қарым-қабілетің мен білімің мен амалыңа қарап арманда, талаптан дегенге саяды. Өзің жалқау болсаң, бір іс бітіруге өмірде тәжірибе, үлгі өнеге көрмеген болсаң, онда көздеген арманыңа қалай жетпексің?

Құранның «Тәубе» сүресінде мұнафиқтарды баяндай келе 71-72-аяттарында Тақуаларды айтып, 73-74-аяттарында: «Әй, Пайғамбар! Кәпірлер және мұнафиқтармен күрес. Оларға қатаң бол. Олардың орны дозақ. Қайтып барар орын қандай жаман?!» «Олар: «Айтпадық!»-деп, Алланың атымен ант ішеді. Расында олар қарсылық сөз айтқан болатын. ...олар Мұсылман болғаннан кейін кәпір болды. **Тағы олар бойлары жетпейтін нәрседен ой қылады**», - дейді.

Мұндағы бойлары жетпейтін нәрсе – Жәннат. Мұнафиқтар өздерінің білімі мен амалдарының жарамды-жарамсыздығын білмей Оған жетуді армандайды. Алла Өзіне қарсы келгендерді арманына жеткермейді.

Бұл Аят Алладан үміті бар әрбір пендеге құнды насихат. Аяттағы: «Әй, Пайғамбар!...»-дегенді, әркім: «Әй, өз нәпсісінің Пайғамбары!»-деп маған айтылды, деп, кәпір нәпсісімен табанды күресуі ләзім. Сонда ол, Алла қаласа, барлық арман-мақсатына жетеді.

### «Жұт – жеті ағайынды»

«Хыжыр» сүресінің 26-аятынан 38-аятқа дейін, Адамның (ғ.с.) жаратылуы, шайтанның Алланың Мейірім, Рахымынан қуылғаны және оның шарты айтылып, оның: «Раббым, мені қаңғыртқаның үшін, әлбетте, адам баласына жер жүзіндегі нәрселерді әдемі көрсетіп, олардың барлығын адастырамын»...»; **«Бірақ, олардың ішіндегі нағыз Құлдарыңды адастыра алмаймын»** (39-40-а) дегенін ескертіп, Алланың: **«Менің шынайы Құлдарыма ықпалың жүрмейді. Бірақ, саған кім ерсе, адасқандардан болады. Сөз жоқ, олардың барлығының уәделі жері – жәннам болады»** (42-43-а),-дегенінен хабар

беріп, 44-аятында: «**Дозақтың жеті қақпасы бар. Әр қақпаға олардан бір бөлігі айрылады**», - дейді\*.

Міне, осы: «**...айрылады**» сөзінің мағынасын бізге, «Жұт – жеті ағайынды», - деген, мақал оқытып отыр. Жұт сөзін есіткенде біз ылғи да қар-жаңбыр жаумаған құрғақшылық жылдарын, оның ізі ашаршылыққа апаратынын түсінеміз. Ал, оның санының жету екеніне ой бөлгенімізде, олар: алауыздық, соғыс, ашаршылық, ауругершілік, жер сілкінісі, өрт, су басу. Бұл апаттардан біреулер аман өткенімен біреулер өледі, біреулердің тағдыры өзгереді.

Жеке-жеке таратып айтсақ, алдымен алауыздықтан бастаймыз. «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең, істің бәрі бос» (Абай), демекші, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді...». Он бесінші ғасырға дейін біртұтас болып келген еліміз, жүз бен ақсүйекке, қараға бөлінгендігінен алауыздыққа жол берді. Соңында Ресейге өз аяғымызбен барып қосылдық – мыңдаған гектар жерден де, арыстарымыздан да, ұлттық намыстан да айрылды. Соғыс пен ашаршылықты, репрессияны, ұлттық кемсітушілікті көріп жасып қалдық...

Екінші – соғыс. Соғыс – адам өлімінің кепілі. Ондай жағдайда майданға тек 18-40 арасындағы жастар аттанады. Олардың өздері де, отбасында қалған ата-анасы мен әйелі, балалары, туыстары мен ағайындары күндіз түні бір-біріне амандық тілеп, тік аяқта тұрады.

Үшінші – ашаршылық. Көктен өз мезгілінде қар, жаңбыр жаумаған жылдарда жерге шөп шықпайды. Ол болмағасын, мал аштан қырылады, олардан айрылған адамдар да өледі.

Төртінші – ауругершілік. Ең соңғы ескертуі – 2019-2020 жылдары әлемде салтанат құрған коронавирус. Ал, адамзат тарихында оба, шума, халера т.б. атаулармен жұқпалы аурулар тарап, талай өмір қиылған.

Ал, қалған: жер сілкінісін, өрт пен су басу қасіретін бүгінгі адамзат БАҚ-тар арқылы біліп отыр.

Бұлардың қай-қайсысы келсе, азаптартын, қайғы-қасірет

---

\* Осы: «**...Әр қақпаға олардан бір бөлігі айрылады**», - дегенді оқығанда, ойымызға «Нәміл» сүресінің: «**...Сонда олар тостырылады**», - деген 83-аяты мен соғыс кезінде де, өртте де, жер қозғалғанда да әр түрлі жастағы пенделердің болатыны еске түседі.

құшатын тек, адамзат. Мұны дана халқымыз: «Біреудің ажалы – оттан, біреудің ажалы – судан»,-деп те түсіндірген.

### «Әркім қылса – өзіне»

Бұл – «Ниса» сүресінің 79-аятының түсіндірмесі. Аятта: **«Саған нендей бір жақсылық келсе, Алладан; ал, жамандық келсе, өзіңнен.** (Мұхаммед) сені адамдарға Елші етіп жібердік. Қуәлікте Алла жетіп асады»,-деген. Бұрыннан ескертіп келе жатқанымыздай, Пайғамбарымызға айтылған әрбір Аят Аллаға, Пайғамбарға, Құранға Иман келтірген әрбір Момынға тиесілі. Сондай-ақ, бізге де бір жамандық келсе, ол – өзіміздің Алланы ескермейтін білімсіздігімізден. Яғни, біз Рахманды ескермедік, Ол бізді шайтанға тастады. Қуана қабылдаған ол бізге қате түсінігімізді әдемі көрсетіп, жамандықтарға ұшыратты («Зұхрұф» с. 36; «Нахыл» с. 63; «Ганкабуд» с. 38-а).

Халықта қылмысқа қаратып: «Қолымен істегенін мойнымен көтереді», сеніміне қарай: «Аллаға сенгеннің бүйірі шығады, өзіне сенгеннің екі көзі шығады», «Құдайға сенсең, құстай ұшасың; пендеге сенсең, мұрттай ұшасың»,-деген де мақалдар бар.

«Әнғам» сүресі 50-аяты: **«...Олардың есебінен саған еш нәрсе жоқ және сенің есебіңнен оларға да ештеңе жоқ...»**,-деген. Бұл – әркім өзі үшін: кім жақсылық істесе, сол жақсылығын алады; кім жамандық қылса, сол жамандығының жазасын тартады, деген сөз. 164-аятта: **«...Әрбіреудің істегені өзіне тән. Біреудің күнәсін біреу көтермейді. ...қайтар жерлерің – Раббыларың. Ол қайшылыққа түскен нәрселеріңді білдіреді»**,-деген. «... қайтар жерлерің – Раббыларың...»,-дегеннің мағынасы – қуану мен қайғыру. Кім тілегеніне сай я еңбегінің қарымтасы ретінде бір жақсылыққа жетсе, шаттана қуанып: «Аллаға шүкір!...»-дейді, өміріне, жасаған жақсылықтарына риза болады; ал, кім жамандыққа жолықса: ауырса, жол апатына ұшырап мерткісе, қамалса, алданса – ол өкінеді, күйзеледі, тіпті, өліп кеткісі келеді, міне, осы Раббына жолығу, Раббысының айтуы.

«Ісра» сүресінің 13-15-аяттарында: **«Әр адамның қылығын мойнына қоямыз. Сондай-ақ Қиямет күні оның Кітабын шығарамыз. Оған ашылған түрде кездеседі»**.

**«Кітабыңды оқы. Бүгін есеп көру тұрғысынан өз-өзіңе жетесің» (делінеді)». «Кім Тура Жолда жүрсе, шын мәнінде өзі үшін Тура Жолда жүреді. Ал, кім адасса, ...өз зиянына ғана адасады. Ешкім басқаның күнәсін көтермейді. Біз бір Пайғамбар жібермейінше, ешкімге азап қылмаймыз»,**-деген. Аяттағы: «...Қиямет күні... шығаратын Кітап – әркімнің өз жады; «Кітабыңды оқы...», -дегені – өткенді еске алу; «...бір Пайғамбар жібермейінше, ешкімге азап қылмайтыны» – қолымыздағы Құран және мағынасы Аяттарға тура келетін сахих хадистер мен сүндеттер. Онда сылтау іздемей – өз-өзімізге зұлымдық қылмай, шайтанды жеңіп, Алланың Тура Жолына түсейік!

Біз бұл жалғаншыда Тақуалық мектебіндеміз. Ұмытылмай еске алатын сабақтың үлкені – қасірет пен қайғыға толы өткен тарихымыз. Бұл тарихымыздан Қияметтің белгілерін оқимыз: Қияметте әкеге баланың, балаға әкенің, досқа достың қарайласа алмайтыны; жердің созылатыны; күннің батыстан шығып, батысқа бататынын; таудың жоқ болатынын, жұлдыздардың сөнетіні; аспанның қақ айырылатыны және басқа белгілері. Міне, осы тағдыр ел басына қайта келмеу үшін («Әнфал» с. 38; «Ісра» с. 8-а) Аяттарды жақсы біліп, үкімдеріне сауатты амалдар жасап, мектептің озат оқушысы болып ғұмыр кешейік. Ұрпақтың сауабын алып, Алланың ризашылығына жетейік; жердегі Халифалық уәзипамызды адал атқарайық!

Әркім өзі үшін жауап беретінін ескеріп, Халифалық міндетімізді намазбен, оразамен, әділдікпен, тазалықпен, ұлылықтың үлгісін себумен Аллаға жететіндей етіп орындайық. Надандық жолын ұстанып бір-біріміздің аяғымыздан шалмайық, бір-бірімізге салмақ салмайық, бір-бірімізге күнә артпайық, қоғамға да, адамзатқа да қиянат жасамайық...

«Фатыр» сүресінің 18-аятында: **«Ешбір күнәкар басқаның күнәсін көтермейді. Күнәсі ауыр болған біреу көтеруге шақырса, егер жақыны болса да оған ешнәрсе жүктелмейді. (Мұхаммед с.ғ.с.) шын мәнінде Раббыларын көрмей-ақ қорыққандарды, намазды орындағандарды ғана үгіттей аласың. Ал, кім күнәдан тазарса, өзі үшін тазарады. Және барар жері – Алла жақ»,**-деп және толығырақ түсіндіреді. Аяттағы аса ерекше мән беретін жері: **«Ешкім басқаның күнәсін көтермейді. Күнәсі ауыр болған біреу көтеруге шақырса, егер**

**жақыны болса да оған ешнәрсе жүктелмейді...»,**-деген жері. Демек, біз: «Пәленшелерде намаз оқымай жүр ғой! Маңдайға жазылғанын солар қатарлы көрерміз-да!»-демеуіміз керек. Керісінше, «Бір жамандық келсе, өзіңнен», «Әркім қылса – өзіне», «Әркім өзі үшін жауап береді», -деген Аяттар мен мақалдардан тағлым алып, Алланың Тура Жолына түсуіміз ләзім.

«Ісра» сүресінде: **«Егер игілік істесеңдер өздерің үшін, жамандық істесеңдер тағы да өздеріңе тән»** (7-а), **«...Ешкім басқаның күнәсін көтермейді»** (15-а), -деп тағы қайталаса, «Зүмәр» сүресінің 7-аятында, Алла Аяттарына қарсы келгендерді ұнатпайтынын, шүкірлік еткендерге ризы болатынын, Алла іштегі – пейіл-ниеттегі ойларды білетіні ескертіп, біреудің күнәсін екінші біреу көтермейтінін айтады.

Бұлайтқандарымыз, әркімнің өзінің қолымен істегенінің хабары болса, Құранда жақсылыққа не қылмысқа көмектескендердің жәйі да ескертілген. Олар жөнінде «Ниса» сүресінің 85-аятында: **«Кім жақсылықты қолдаса, оған одан несібе бар. Ал, кім жамандыққа болысса, одан да оған тиесілі бар...»,**-деген. Демек, болысқан адам да

Алланың бақылауында. Сондықтан, тек жақсылық жасау керек және жақсылық істеушілерге ғана көмектесу керек.

**«Алла азапты ақылын жұмсамайтындарға береді»,**-дейді, «Жүніс» сүресінің 100-аятында. Расында, ақылды адам Алланың берген аманатын, нығыметтерін бағалап, пендешілікке бармай, нәпсісінен Рухының талабын жоғары ұстап, бақытты ғұмыр кешеді – Имандылыққа құлап, Алланың ғана Жолында жүріп, бұл дүниесінде және Ақыретінде өзі күткендегіден көп жақсылықтарға, сыйлықтарға кенеледі.

Алла – тепе-теңдікті Сақтаушы («Фатыр» с. 41-а). Алла – жүректердегіні Білуші, Ол – сөйленген сөзді, сыбырларды Есітуші, жаратқандарының барлығын және әркімнің қимыл-әрекетін Көруші. Кезінде дария басындағы бір бай, халықты патшаға қарсы шығару үшін, өзімен сыбайлас бірнеше адаммен бірігіп, дарияға бөгет жасап, табанда жылтырап ағып жатқан судың жолын байлапты. Шілденің кезі екен. Егінге су керек. Бұдан хабар тапқан диқандар, мал баққан шаруагерлер патшаға бармай, Алладан су сұрапты. Сол күні түнде алапат үлкен бұлт келіп, бірнеше сағат бойы нөсерлеп жаңбыр жауып, дария тасып,

су бай жасатқан тоғаннан өте алмай, сыртқа бет алып, байдың үйін шайып кетіпті.

«Әркім қылса – өзіне», -деген. Патшаның несі кетті...

**«Алланың несібесінен ішіп-жендер де жер жүзінде бұзақылық қылып жүрмендер». «(Мұхаммед (с.ғ.с.) расында саған ап-ашық Аяттарды түсірдік. Оған бұзақылар ғана қарсы келеді» («Бақара» с. 60; 99-а),-дейді. Міне, осы Аятты дұрыс түсініп, Алланың берген ризық-несібесін шүкірлік етіп жүргендер, Алланың сүйген Құлдары дәрежесіне жетіп бақытты жасайды. Ал, қарсы келгендер Алланың ызасын ғана келтіріп, жазасын алады. Айтқанды қылғандар мен қарсы келгендер – әр қайсысы өз амалының жемісін көреді.**

Елге ежелден белгілі, Хакім Лұқман туралы аңызға ұқсас бір аңызда, бір бай баласымен аңға шығып кетеді. Әйелі есігіне жылында бір-екі келетін тіленшелерден құтылу үшін, нанға зәһәр қосып пісіріп, бір тіленші келгенде қолына ұстата салады. Ол тіленші келесі бір елге бара жатып жолда дем алады... Сол кезде аңда жүріп адасып, бірнеше күн жол таппай сандалып, ашығып, сілелеп келе жатқан бай мен баласы осы тіленшіге тап болып, аштыққа шыдамай, нанынан сұрайды ғой. Тіленші қоржынында қалған, байдың әйелі берген нанды ұсынады. Нанды бөліп жеген әкелі-балалы бай сол жерде тілге келмей жан тәсілім етеді. Әділетті тіленші елдің ақсақалына, қазыға, байдың балашағасына болған оқиғаны ашық баяндап, бай мен баласының өлімін хабарлайды...

Негізінен осы «Әркім қылса – өзіне», -деген мақал мен оқиғалар Алла Тағаланың Өз Кәләмін тастықтау үшін Өзінің жіберген мұғжизасы болар.

Ұлы Алла Елшісін (с.ғ.с.) жіберіп, Құранды түсіріп, арам мен адалды, ақ пен қараны түсіндірді, бұл жалған дүниеде қалай жүріп-тұруды үйретті (1). Енді кім Құран мен хадистерде айтылғандарды ескеріп дұрыс жүрсе, рахатын өзі көреді. Ал, күмәнді болып Аят пен хадиске кереғар амалдармен өмірін өткерсе азабын да өзі тартады. Не Алланың, не Пайғамбардың (с.ғ.с.), не Патшаның, имамдар мен ұстаздардың, болмаса тәрбиелеген ата мен ананың, туыс пен ағайынның, басқалардың ештеңесі кетпейді әркім өз қолымен істегенінің жазасын өзі көтереді.

Алла «Жүніс» сүресінің 44-аятында: **«Расында, Алла адамдарға еш зұлымдық қылмайды. Бірақ, адамдар өздеріне-өздері зұлымдық қылады»**,-деген.

Өзіне өзі жамандық ететіндер кімдер? Әрине, өзінің де, өзгенің де қадірін түсінбейтін, ата-анасы мен жанұясын, өмірді сыйламайтын жетесінде кемдігі бар адамдар.

Ойсыздық – өзіне-өзі есеп бермеу, қай қылығының дұрыс, қайсысының бұрыс екенін таразылай білмеу; өмір сүріп жатқан ортасындағы Иманы қуатты жақсылардан өнеге алмай, тәкаппарсу мен өзіндей парасаты кем жұқсыздардың елсүймес бірдеңесін іліп алу...

1993-94 жылдары Балақараққа, бір қаланың қызы келін болып түседі. Тойға қыздың ата-анасына қосылып туыстары мен нағашылары, ағайындары келген. Сыныптастары да қалмапты. Бәрін де күтіп, дем алуы үшін қонық үйлер дайындапты... Әдеттегідей қараңғы түсе бере ойын-сауық басталады. Ауылдың үлкен-кішісі, қонақтар мен жаңа құдалар барлығы шатырға жайғастырылады. Дастарханда татар дәм, тәтті, тіске басар мол. Арақ екібастан... Ансамбль ойнап, ән шырқалып, той қызып жатқан. Арасында сөз беріледі. Той ортасында сөз берілгендердің арасынан бір жеңілтек біреу: «Ансамбль «Джими-джими» деген үнді музыкасын ойнасын мен билеймін»,-деп, жоқ жерден шатақ шығарады. Ансамбль оны ойнай алмайды екен. Тоғашылар да, өзімен бірге келген үлкендер де айтады. Бұл тыңдамайды. Тоғашыларды да, ансамбльдің жігіттерін де, ауылдың ақсақалдарын да балағаттапты. Бұған да кешірім болған. Бұл кешірімге: «Бәрін қорқыттым-ау!»-деген болар, «батыр» сыртқа шығыпты. «Той иесі құда балаға ешкім тимесін...»,-деп, қызғыштай қорып жүргенде, бұл өзі барып, темекі шегіп тұрған жігіттерге тиіседі ғой...

Олардан бірі: «Сен қонақсың. Өз орныңды біл. Мұның дұрыс емес, біз бағанадан бері сені құдаларымыз үшін сыйлап отырмыз...»,-дейді. Орысшалап жаман сөз айтыпты. Бұлар алдап алысқа апарып, есін жидырыпты. Таяқ батқан мықты, абыройынан айрылып, кеш болып жатқан шатырға соқпай, тіке қонық үйіне қашып келіпті.

Міне, өзінің де, өзгелердің де, бақытты ортаның да қадірін



білмеген жан, бірнеше кешірімдерден кейін тағдырына тап болып, осылай жазаланады.

\* \* \* \* \*

Осы қалаға көшіп келгелі араласқан жақсы танысым бар еді. Білімді-ақ кісі. Тау-кен өндірісінің маманы. Үлкен үстелде отырып он-он бес адамға басшылық етіп, өмірінше қаламның ұшымен напақасын тауып келген, көрер көзге инабатты-ақ адам. Араққа аса құштар емес, бірақ, табылса тартынбайды. Өткен ғасырдың 90-ныншы жылдарынан кейін-ақ ақылдылар арақ атаулыдан бас тартқаны белгілі. Бұл соны істемепті.

Жасы елуге келгенде, дүкен біткеннің қай-қайсысында да арақтың түр-түрі тізіліп тұратын болды. Бұл бұған қолай келді. Бір жақсысы, салынып ішпейді. «Келінді болдың, немере сүйдің. Бұл жүрісің енді саған лайық емес...», -деген кеңестерге құлақ салғанмен, бұрынғы сыбайластары кездесе: «Әй, не қылады дейсің? Түбі бір өлім ғой!...», -деп, бір күліп қойып, бойға сіңген пәмсіздігіне баратын.

Бір күні көше бойындағы «Стелла» атты дүкеннің түбінде біреумен тұрғанын көрдім. Бұрылып сәлем бердім. Қасындағы туған інісі екен. Қыдырып келіпті. Сөйтсем, екеуінің үйде ішкені жетпегендей көшеге шығып ішіп тұр екен. Менен қысылды ма өзінен өзі:

«Әй, мына інім келгесін серік болайын, зерікпесін деп, ермек қылып жүргенім ғой!» -деді.

Осындай-осындай сылтаулары да таусылмады, арағын да қоймады. Үш-төрт ай кездеспей кеттік. Құрбан айт мерекесі күні бір үйде отырғанымызда, адамдар менің осы танысымды әңгіме қылып: «Ауруханадан келіп пе? Көрдің бе? Жақсы ма?» -деп бірі бірінен сұрап жатты. Сонда барып ауырғанын естідім. Мерекеден кейінгі дүйсенбі күні емхананың алдында кездестім. Бұрынғы пат та, пәт те жоқ. Солғын. Шаршау. «Дұқтырлар 99 аурудың атын айтты. Білмесем, мұның қайсысымен емделетінімді? Басым да қатып кетті. Сол «Әй, ештеңе қылмайды. Әй, бір стақан, екі стақан не қыла қояды дейсің...», -деген, салғырттықтарым түбіме жетті ғой!...» -деп, мұңайды.

Білген достығымды айтып, босамауына, ауруға бой алдырмауына дем бердім.

Қолымнан басқа не келмек? Ия, «...біреу күнә істесе, сонда негізінен ол өзіне істеген болады...»-дейді, Алла Құранның «Ниса» сүресінің 111-аятында. Мұны қазақ: «Біреуге ор қазсаң, өзің түсесің», -деп мақалдатқан.

Бұл – «Әркім қылса – өзіне», деген сабақ – Тақуалық мектебінің аса маңызды сабақтарының бірі де бірегейі. Біреудің тартқан тақсыретінен екінші біреудің ештеңесі кетпейді. Алладан да Құраннан да, Мұхаммедтен де ештеңе кемімейді. Әркім өз қылмысының азабын өзі көреді.

Алла «Жүніс» сүресінің 100-аятында: «**Алла азапты ақылын жұмсамайтындарға береді**», -деген. Біз бұл сабақ маңызын дұрыс меңгеріп, тура тағылым алайық, Тақуалық мектебін жоғары бағалармен бітіріп, Ақыретте Алланың алдына ұялмайтындай болып барайық!

- - - - -

1. «Әли Ғымран» сүресінің 31-32-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға: «**Егер Алланы сүйсендер, онда маған ілесіндер.** Алла сендерді жақсы көріп күнәларыңды жарылқайды. Өйткені, Алла – аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді»-де». «Және оларға: «**Аллаға және Пайғамбарға бой ұсынындар**»-де. Егер олар бет бұрса, сонда Алла қарсы болушыларды сүймейді».

«Ниса» сүресінің 1-аяты: «Әй адам баласы! **Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқындар. Сол арқылы өзара сұрасқан Алладан және туыстардан (безуден) сақтанындар.** Шәксіз Алла – сендерді Бақылаушы».

«Фурқан» сүресінің 6-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) «**Құранды көктер мен жердің сырын білетін Алла түсірді. Рас, Алла – өте Жарылқаушы, тым Мейірімді**»-де».

«Жасия» сүресінің 11-аяты: «**Бұл Құран бір – жетекші.** Сондай Раббыларының Аяттарына қарсы болғандар үшін күйзелтуші азаптың ең қоры бар».

«Ісра» сүресінің 15-аяты: «**Кім Тура Жолда жүрсе, шын мәнінде өзі үшін Тура Жолда жүреді. Ал, кім адасса, сонда ол**

**өз зиянына ғана адасады.** Ешкім басқаның күнәсін көтермейді. Біз бір Пайғамбар жібермейінше, ешкімге азап қылмаймыз».

«Хаж» сүресінің 38-аяты: **«Күдіксіз, Алла Иман келтіргендерді қорғайды.** Әрине, Алла, бүкіл қиянатшыл, қасарысқандарды жақсы көрмейді».

«Фурқан» сүресінің 63-аяты: **«Рахманның Құлдары жерде сыпайы түрде жүріп, оларға білместер тіл тигізсе де: «Сәлеметшілік»,-деп дұрыс жауап береді.**

## Сөз соңы

Міне осылай! Біз Құранды жақсы меңгерсек, мәтелдер мен мақалдар Аяттардың халық тіліндегі түсіндірмесі екенін және сол түсіндірме болған мақалдар мен мәтелдерді де Алланың Өзі беретінін түсінеміз. Бұл зерттеуді де денсаулығымызға байланысты осы жерден тоқтаттық. Әйтпесе, айтарға – табылар көп. Мәселен, халықта: «Қабырыңда тек жатпағыр!» «Гөріңде өкірсін!»-деген сияқты қарғыстар мен әкесі баласына әлденені өсиет етеді де: «Егер осы өсиеттерімді орындап, дұрыс жүрмейтін болсаң, мен гөрімде тек жатпаймын!...» деген қорқытулар бар. Бұлардың екеуі де өлімнен кейін де өмір барын байқатады. Екіншіден, қолында Құранның қазақшасы болмаған (қазақшасы болғанда қазақ орысқа қосылмас еді) қазақ өлімнен кейінгі өмірді қалай айтып өтті?

Әлбетте, мұның барлығын осы мақал-мәтелдерді берген Алланың Өзі, Өзі ерекше қабілет сыйлаған Құлдарының жүрегіне салып айтқызып, қарғыс арқылы «Иасин» сүресінің 51-ші, «Мағарыж» сүресінің 43-аяттарының астарын; қорқыту өсиетімен «Бақара» сүресінің 154-аятының мағынасын түсіндіріп отыр.

Қасым Аманжолов атамыз: «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ!»-деген еді. Ол өз бұл сөзін заманының ауырлығын ескеріп, соғыстан кейінгі бейбіт өмірді назарда ұстап айтқан еді.

Ол бейбіт өмір – біздер жасаған тоталитарлы, құдайсыздар билеген заман. Оның жақсы жақтары көп болғанымен адам баласын қамсыздыққа жетеледі, Мұсылман тектілердің барлығын Иmandылықтан бұрып, адасқандардың, құдайсыздардың жолына салды...

Ал, нағыз бақытты ұрпақ бүгінгі – 1991 жылдан кейін туылған балалар. Олардың әке-шешелері алдымен некесін қидырып, сосын төсегін салды; олар көз ашқан күннен отбасында биссимилланы, азанды есітіп өсті және ең бастысы қолдарында Құранның қазақшасы бар. Міне, бұлар бақытты ұрпақ, Аллаға баратын Жолдары ашық ұрпақ.

Біздер тоқ жасадық, тегін оқыдық, ақысыз емделдік, курорт, санаторияларда да солай; шопандар мен диқандардан басқаларда сегіз сағаттық жұмыс күні\* тағы осылар тәрізді бірсыпыра жеңілдіктер берілді. Бірақ, Ақырет туралы мүлде айтылмайтын, айтқызбайтын. Сондықтан арақ ішу, темекі шегу, зинақорлық, өсекшілдік, өтірік айту\*\*, құмарпаздық дегендер өркениетті адамдардың ұстанымы болды...

Сөйтіп, ол мемлекеттің өз өтірігі мен Имандылыққа қарсы жолы өзінің басын жеді.

Ал, бүгін Тәуелсіз елміз. Қайда барып оқимын, қайсы елге қыдырамын, өнер үйренемін, байимын деген адамдарға әр тараптама жол ашық\*\*\*. Бүгінгі ұрпақтың Алламен бірге жүріп, өзін-өзі

---

\* Шопан мен диқан 16-18 сағаттап еңбек ететін, бірақ, еңбек ақы, кеңседе отырғандардан екі-үш есе аз төленетін.

\*\* Тіпті, коммунист басшы үкіметке бітпеген істі бітті, деп; жоқ нәрсені бар, деп өтірік есеп беріп сендіретін. Ақымақ басшылар оны анықтамай, оған мемлекеттік жоғары сыйлықтарды беретін. Сөйтіп олар, өздерін өздері алдап, тарихқа масқара болып тынды.

\*\*\* Шетелге шығу мүмкін емес еді; тек үкімет саясат үшін апаратын, ол үшін алдымен кімдерді апаратынын іріктейтін, түп-тұқиянын тексеретін, бір ай арнаулы дайындықтан өткеретін...

Қазіргі қарттардың бірсыпырасы сол заманды мақтайды. Ол ел аралап шенеуніктер мен еңбекші халық арасындағы әлеуметтік айырмашылықтарды білмегендігінен. Екіншіден, олардың ашаршылық пен соғыстан аман қалған аз халыққа ғана есептелген экономикалық реформасы, 1985 жылдардан кейінгі халықты асырай алмай қалды. Социалистік дамудың өздерінің санасы жеткен биігіне көтеріліп болғасын қайда барарын білмей, коммунизм құрамыз деген, өтірікшілер шаруашылық есеп дегенді шығарды. Оны да қалай жүргізуін білмей, соңында ішінен бүлініп, тарап тынды.

Олар бас-аяғы 74 жыл-ақ өмір сүрді. Тарихтың алдында 74 жыл деген жеті минутке де татымайтын уақыт. Бірақ, олар 1941-45 жылғы соғыстан кейін, адамзатты үкіметке масылдыққа үйретіп кетті. Имандылыққа теріс тәрбиеледі. Адам факторы дегенді желеу ете отырып, адамдарды Ақырет азабына итермеледі. Жалпы тындырғанынан бүлдіргені көп болды.

бақытты қылуына барлық кеңшілік жасалған. Тек талап керек, жақсылықтан үмітті үзбей ұмтылу керек.

Енді біз осы ұрпаққа сенеміз. Осылар Құранды бізден де терең зерттеп, көп Шындықты игереді. Аяттар мен өмір Шындығын, Аяттар мен мақал-мәтелдерді, халық шешендіктерін, жырларын, афоризмдерді салыстырып, Аяттарды елге жақсы түсіндіреді. Аяттарды өз мағынасымен толық түсінген халықта Иmandылықты жіті меңгеріп, еліміздің Алланың Мейірімі мен Рахымында болуына кепіл тұрады; ізінен келе жатқан толқынға нағыз Иmandылықтың үлгісін көрсетеді; олар өздерінен кейінгілерге сөйтеді, сөйтіп-сөйтіп бұл – «Бақара» сүресінің 27-аятының және Аяттарды насихаттауды жалғастыруды бұйырған басқа Аяттарға сауатты амал болып, нағыз Иmandылық Мәңгілікке жалғасып еліміздің Тәуелсіздігі Мәңгілікке сақталады.

Құдай соған жеткізсін!

Құранды жақсы меңгеріп, айналамыздағы жаратылыстар арқылы, болып жатқан әр түрлі оқиғалар мен даналықтар, мақал-мәтелдер шарапатымен білімімізді шыңдап, өмірімізде Тақуалық мектебінің озат оқушысы болып, бақилыққа үлкен олжамен аттанайық, Жәннаттан мәңгілікке орын алайық!

**Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі**

**Біз Тақуалық мектебіндеміз,  
бірақ, жақсы оқушы емеспіз**

**Төртінші кітап**

Редакторы *Нұргиса Тұрдымұратұлы Төремұратов*

Корректор *Айгүл Жалғасова*

Компьютерде беттеген *Анархан Чагимкулова*

Басуға 14.07.2023 қол қойылды. Пішімі 60×90<sup>1/16</sup>.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 37.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №7453.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41

Бұл тапсырыстың мазмұнына баспахана жауап бермейді.

ISBN 978-601-211-631-1



9 786012 116311



